

МУХТАР ӘҮЕЗОВ

8





ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МҰХТАР ӘУЕЗОВ


ЖИЫРМА ТОМДЫҚ
ШЫГАРМАЛАР ЖИНАҒЫ



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ
1981

ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ



МҰХТАР ӘҮЕЗОВ

СЕГІЗІНШІ ТОМ



134.371-3-

090

Очерктер және кино-әңгіме.

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ
1981

Редакциялық коллегия:
АХМЕТОВ В., ЭҮЕЗОВА Л., БЕРДІБАЕВ Р.,
КАРАТАЕВ М., МУСРЕПОВ Р.,
НУРПЕЙІСОВ Ә., ТӘЖІБАЕВ Ә., ШӘРІПОВ Ә.

Фылыми түсініктеді жазып, томды
баспаға әзірлегендер:
МЫРЗАХМЕТОВ М., САХАРИЕВ Б., ДОСЫМБЕКОВА Р.

Э 82 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алматы: Жазушы, 1981.— Т. 8. Очерктер және кино-әңгіме — 456 бет.— ҚазССР Фылым академиясы. М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты.

Бұл томга М. Әуезовтің әр жылдары жазылған очерктері енін отыр. Очерктердің біразы будан бүрын ешбір кітапқа енбекен. Сонымен кейде тар бул томға жазушының әз көлімнен редакцияның откес «Әйел жолы» атты кино-әңгімесінің соңғы нұсқасы беріліп отыр.

Каз 2

A 70 700—087 2—81 4702230200
403(05) 81

БИБЛ. ТЕКА
Р. им. А. С. Пушкина
Инв. № 59393

ЖОЛДАН

«ЖУАЛЫ» КОЛХОЗШЫСЫ

Күн бұлыңғыр болса да жауынсыз.

Алатаудан жаңада асып, бөктерге жайылған түн тұманы, күн тұмансыз. «Шұқырбұлақ» колхозының үстіне күн сәулесін түсірмей, жабыншылап тұр. Коңыр күздің желсіз, тынық таңертені.

Колхоздан аудан кіндігі Ванновкаға баратын көлікпен мен де кеттім. Пар ат жегілген кішілеу кек арбада менен басқа үш колхозшы. Бұлар Ванновка жаңындағы көпірді түзесуге барады.

— «Шұқырбұлақ» келмеді ме деп отыр ма екен? Кешігіңкіреп қалдық,— деп, ат басын ұстаған Мәмет парлап жегілген торы дөнен мен кек дөненді ығыстыра айдал қойды. Еттері күйлі, тың түяқ қос дөнен жеңіл басып, ентелей жөнелді.

— Трактор шықкан ба?— деп, сол жақтағы бір беті қап-қара боп айырылып қалған Сарыжотаға бір колхозшы қарағанда, Мәмет:

— Айналдырып жүр!— деді.

— Бағана шыққаны қайда!— деп, қасындағы жігіт те солай қарады.

Трактордың айырып жүргені рас. Сарыжотаның жарма жалаңаш бозғыл бөксесінің тұсында жіңішке кек туғтін көрінеді. Құз аспанының кірбеніне ол егінші жабыркамайды. Өз әніне басып, бөгеттерді бытырлатып, темекі тұтінінің кек шумағындаған шұбалтады, Айдал жүргені «Шұқырбұлақ» жері. Ол сүдігер.

Трактор көлік Мәметке қолдағы байырғы көліктің әлдебір денесін ескертті ме дейім. Жоталы дөңгелек деңесін артына бұрынқырап, астымызда жатқан шөпті көрсетіп:

— Ірі шөп болғанмен сояу екен, уақ жағынан ыңғайы майдасын теріп алды. Жер тұрсын,— дейді.

Мәметпен қатар отырған Үұрысбек торы дөненге иегін нұскап:

— Мынау тартады! Мынау,— деп көрсетіп,— тек заты әлсіз бе дейім, әрдайым тартпайт жүдә! Ия, а, а, х!— деп нығызы дауыспен көкті тықсырынқырап қойды.

Үұрысбек — қызыл күрен, еңбекке піскен, ірі денелі, сом етті. Өзі де көңілді. Даусы қатан. Әрбір қозғалыс қимылында иелік, өз-өзіне сенімділік екпіні бар. Әнгімелде ақ тістерін ақсита жиі-жіі керіп қояды. «Шұқырбұлақ» колхозындағы екпіндінің бірі. Жақында бір бұзаулатын сиыр алыпты.

Ушінші Қалдыбай. Ұзын бойлы, ол да ажарлы, дөнелі.

— Екпінді болмасам да, мен тегі бір-бір жұмыста біреуге «олай істе» дегізбеймін. Қызық... Істеуін де, бастаудын да білемін. Істей алмаса, жалқаулар істей алмайды. Біз өзіміз, жүдә әм, ешқандай орыс-қазағынан кем істемейміз. Екі жолдасы Қалдыбай сөзін қостап күліп қояды. Мәмет көселеу сары жүзін артта отырғаи бізге бұрып қарап, колхоз жайын айтады.

— Еңбектен біз қорықпаймыз. Біздің «Шұқырбұлақ» Жуалыдағы қазақ колхозының алды. 750 гектар астық ектік. Үкіметке жаңада 17 мың пүттан аса бидай бердік. Астық жинауда өзіміздікін бітіріп тастанап, жанымыздары «Азаттық» колхозы — өзбек колхозының да 100 гектар бидайын орып бердік.

Содан көктемде егіс науқанының үстіндегі қүйлерді еске ала кеп:

— Көктемді айтпағын. Қыны-ақ болған ет. Өзіміз адам боламыз демеп ек! Масадай сенделіп қалмадық па?

Қалдыбай ырғала түсіп:

— Қызық... Сонда да егіс жоспарын толық бітіріп шықтық.

Мәмет көктем мен былтырғы қыстың қүйінен үзіле алмай:

— Сонда қатынының еңбегі жүдә зор болды. Тегі қатын деген берік жан болады екен. Еркек порт кететін

көрінеді.— Сонау таудан,— деп Мәмет бет алдымызды 6-7 шақырым жердегі Жыланды тауын көрсетіп,— рауаш, алғы әкеп, өзіміз колхоз ісінде жүргенде ас қып беріп жүреді, қатын.

— Осы күні, міне,— деп Қалдыбай сары сенсенін өңірлерін қаусыра түсіп,— тамағымыз тоқ бол, күліп ойнап жүріп істейміз істі.

— Қазір, шүкір, күйіміз тегіс! Қам қылып, күндізгі істен босағанда, өзді өз огородымызды айдал, асқабақ, картоп бәрін де қамдап алдык,— дейді Мәмет.

Бұрысбек жақында алған авансты еске алып:

— Еңбек күніне екі килодан астық алдык. Мал басы кеміп қалған еді.

— Саған неге мал тимеді?— дегенге Қалдыбай:

— Мені орташаның баласысын десті. Экем жеті жасында өлген еді. Жетім босай-әм қызын... өз бетіммен жан бағып кеткен ем...

— Катыным, балам бар. 12—13 жаста. Қыс окуын оқиды. Қектемдегі егісте асқабақ, ләпләме, картоп, маркоттарының бәрін өзі зыр айналдырады.

Мәмет қатындардың енбегін ұмытар емес:

— Катындарымыз орыс катыны істегениң бәрін істейді. Білмейім деп түрмайды. Жүдә өнерлі бол алды.

— Астарыңың іәрлісі не?

Бұндай сұрапқа Жұалы колхозшысының көбі наннан бұрын асқабақ, жүгеріні айтады. Бұл ертеден осылай.

— Малымызды азайтып алған колхоз ек. Енді алып та, алғалы да жатырмыз,— деп Қалдыбай,— сонда да біреуде сиыр, біреуде ешкі бар. Менің өзімде ешкі бар.

— Уа, тамақтың асылы ғой бұл асқабақ, жүгеріге қосып быламық қылсақ, жүдә, уыз бол тұрат,— дейді.

Ертеден отырықшылыққа бейім, бұрыннан егінші. Өздерінің әйелі мен балалары шыгарған асқабақтар жуандығы бір-бір құшақ бол тұрса да:

— Е, бұл орта ғой. Бұл шыққанда біреуін жүдә, әм, бір кісі көтере алмай қалады,— деседі.

Бүтінгі қалдарына ырзалақтың, тоқшылықтың жауабы мініки:

— Біздің жігіттер еңбектен қорықпайт түге. Қайда салсақ, орып шығат. Біздің колхоз енбекке қазақ колхозының алды деседі.

Бұл сонғы сөзді Жұалы ауданындағы көп-көп колхозың-ақ мүшелері айта түрекеледі: «Қалыспаймыз, беріс-

пейміз, кіммен де болса тең түспесек, кем түспейміз» дескендей. Ұшқындал тұрған екпін, бұл үшеуімен қатар өзге колхоздың да, өзге осылар сияқты қатардағы колхозшысынан да көп есітіледі.

Ванновканың қалың, биік ағаштары жақындал қалды. Бір кезеңнен аса бердік. Үлдіда ескі көпір бар екен. Соның қатарынан жаңа үлкен көпірдің сыйбайы қағылып жатыр. Бір топ жас жігіттер биіктеген тақтайларға шығып ап, коралай тұрып, үлкен жуан түймешпен сыйбайды үрүп жатыр.

— Мыналар жетіпті. Бізді кінәлап тұр-ау,— дейді Мәмет. Біз жақындаі бергенде, арбамыздың салдырынан екі-үш жігіт бұрылып қарады:

— Е, «жамбас арық», «қара ағашты» түй келінді, түй,— деп, аксия күліп Ырысбек арбадан алдымен секіріп түсті.

«Шұқырбұлақтың» астық салығын 90 проценттен асыра бітіргені рас. Бірақ аудандағы колхоздың әлдісі де, алды да бұл емес. Қатардағы колхоз. Соның қатардағы мүшелері — Мәмет, Қалдыбайлар.

Бірақ қазір де аудан кіндігінде біраз болып, аудандағы мал өсіруші екпінділерінің съезінде болып шықканнан кейін, маған аудан шетіне кіре бергенде кездескен үш колхозшы қайтадан еске түседі. Бұғінде көйлегі көк, тамағы ток, қабағын түймейді. Сенімді түспен ашық қарайды. Құле карайды. Еңбегіне сүйене, күшіне сене сөйлейді. Асбабына құтімді.

Аргы келешегі — тізе қосқан ынтымағы. Жоспарлы, мағиналы жолға салынған колхоз бірлігі. Былтырғы қыс сияқты, көктем сияқты қындау кезендерден өткізіп, енді бел асырып келе жатқан жаңа өмірі. Алдында сәулелі күнгей. Мектеп есігін ашып, білімге басып, түлеп өсіп келе жатқан жас бұны.

Осы үшеуі жалғыз өз күйлерін көрсетіп қоймайды. Бұғінгі аудан Жуалының күйінен елес береді. Аудандағы қалың колхозшы қатардағы колхозшы тыныс алған әуеге сені де жетелеп енгізгендей болады...

Жоталы, ірі тұтас денелі — еңбектен біз корықпаймыз,— деп нық сөйлеп отырган Мәмет сол Мәметтің өзіғана емес. Ол Оңтүстік облыс беретін астықтың 40 процентке жақынын беріп отырган Жуалы ауданының колхозшылары. Соның тұтасқан мүсіні.

Сом етті, қызыл күрен түсті Ырысбек — үй басы бір

сиыр, 5-6 қой алды. 40—50 бүттән астық алып отырған «Правда», «Путь Ленина», «Калининдеңі» талай мың еңбегі жаңған қалың колхозшының көптен бірі.

Баласы оқып, жаңаның жаңа үлгідегі азаматы бол жетіліп келе жатқан, әкеде жалғыз, санда бір Қалдыбай емес. Жуалының ағарту ісі алдына ұсынатын цифрлар: 130 колхозда 126 мектеп бар. 80 проценті қазактікі. Онда 210 мұғалім бар. Аудан оның үстіне 950 панасыз баланы тәрбиелеп отыр. Киім, ас, шаймен бәрі де қамтамасызданған.

«Шұқырбұлак» сүдігерін айдал жүрген тракторда бір-екі МТС бар: Тұлкібас пен Бурный. Бұл екеуінде қазір 80 трактор жұмыс істейді. Жақында үшінші МТС те ашылмақ.

Міне егінді мал өсірушілер съезіне жиналған аудан колхозшыларының жобасы осындай жоба.

Съезде ара-тура «Мал басын азайтып алдық» деген, «Көшіп келушілерге жәрдем ете алмай отырмыз», «Сүдігерді, құздікті бітірмедік» деген 11, 13, 26 сияқты ауылдарга казактан «Мирзоян», «Калинин», «Қызыл шығыс» колхоздары, орыстан «Путь Ленина», «Правда» тағы тағы кеп колхоздар өз ісімен жауап береді.

— Көшіп келушілерден 15 үй алдық. Отыратын жәй, киім, азық беріп жатырмыз, енбекті дұрыс қылғандарына мал береміз,— деуші колхоз өкілдерінің саны ұзак тізім бол кетеді.

Бірақ осылар сияқты бүгінгіге табанын нық басқышып «Облыстағы ауданның алдымыз» дегізерлік колхозшыларын, аудан басқармаларын еліртпейді, масайтпайды.

Қайта аудан аткомының бастығы Тасболатұлының баяндамасынан бастап, барлық өзге баяндамашы да, жеке сөйлеушілер де: «бұл аз, әлі кемшілік кеп, әлі істерімізді істеп, айтарымызды айтып болғанымыз жок. Қайта, тіпті, әлі бастағанымыз жок» деген сарынмең шырады.

Ол сыйдар қатаң, ашық кінәлар есебінде ун берді.

— Әлі мал сою көп. Мал үрліғы бар. «Қызыл шығыс», «Жамбас арық» сияқты колхоздарға бал-құлақ ықпалы бар. Үй басы сиыры, қойы болып отырса да, өздерінде кой фермасы, жылқы фермасы, сиыр фермасы бол отырса да май, ет салығын және басқа ферма сектерінде толық орынданап отырса да, екінші жағынан, сол

«Қызыл шығыс» малдан қысқы азырын жақсылап әзірлемеген. Малының санына мәз болып, сапасын арттырмадан. Қазақ колхоздары қоян өсіру, құс асырау, огород салу сиякты қосымша азық қорына толық көніл бөлменген. Панасыз балаларды орналастыруда аудан 200 мыңнан аса сома шығарды. Үй-жәй, ағаш сайман, жұмыскер күшін беріп отырғанда, қазақ колхоздарының бірнешеуі шама келетін жәрдемнен бас тартқысы келген. Тағы тағы көп міндер бар. Малда індеп бар. Баяғы ескі жамандату, котыр, маңқаны әлі де жеңіп болғамыз жок. Күтінбегендіктен және сондай малдың етіне араласқандықтан, қазір де күйдіргі боп бес кісі ауырып жатыр, төрт өгіз, екі ат жамандат боп қалды,— дейді аудандық мал дәрігері.

Съезде сөйлеуші политотдел өкілі ж. Рамазанұлы, аудандық партия комитетінің хатшысы ж. Голиков те осындай міндерді айтады.

— Қектемдегі егісті бітірдік, астық жинау науқанын атқардық, 90 процент асыра астық салығын ада қылдық дегенмен біз күзгі егісте кем қалып отырмыз. Судігер әлі, тіпті, шабан жатыр. Біздің ауданда мал басын есіру егін ісімен нық байланысты. Оны ұмытпау керек. Егін жұмысының мезгілі бітіп, ас қоры егінді мезгілімен қамдап алсақ, малың сонда аман турады. Малың сонда күйлі болады. Мал жөнінде біз әлі, тіпті, арттамыз. Партия, үкімет тастаған ұран малды, әлді колхозшы босын деген болса, толық іспен соған жауап беретін біз емей кім? Ал, біз әлі шабан шардақпыш. Қошіп жүрушілік осы 34-жылда бітсін дейді ж. Мирзоян. Ендеше соларды орналастыратын біздің колхозшы жәй-күй беретін, жағдай жасайтын біздің ауылдар, қалалар болуы керек. Біз әлі оны да барапына барғызып, тындырып қойғамыз жок деседі.

Съезде сөздер қысқа. Іс жәйі.

— Әлі судігер, судігер жатыр, тез бітіріп, іске қайту керек. Асығу керек,— деседі, әсіресе.

— Колхозымыз берік, жақсы, жоспарды орындағы. Малымыз бар, күйлі деген жеке колхозшының, ауыл кеңесінің, колхоз бастықтарының сөзіне аудан адамдары тұжыра, қара жауап береді.

— Жақсы босаң қектемдегі егістегі егісте жақсы едің, немесе астық жинауда тәуір ең, қазір қалып қойдың. Малың болса да, қысқы қамың жеткіліксіз. Мал

сойып қойғандарың көп... мектебін күтімсіз... қаржы жұмысы нашар. Жақсы колхоз бір гәнә белгімен жақсы болып қалмайды. Төрт түлігі сай болғаның қайда? Қайсының?— деп әр колхоз, әр ауылдың жәй күйін өте жақсы білгендей, бастырмалатып омыраулап кетеді.

— Мал басы түгел,— дегендерге:

— Түгел болғанда, б-ауыл бір түйені сойып, төрт борбайын төрт кісі алып отырсын.

— Бұл түйенің орны төрт тана болды.

— Төрт борбайдың орнына сатып салғандарың. Мал сактау, мал өсірудің сендер тапқан жолы сол ма?

— Катын алған колхоз мүшесі болса, соған «колхоздың қосқаны» деп бір-бір тана беріп, 14 тананы құртып отырындар,— деді жәй әңгімеде бір колхоз мүшесіне тағы бір аудан азаматы.

Міне, аудандық съезд осындай өзара қатты сынмен, мінеумен олқылықты сынау үстінде өтті. Өткеннің кемдігін толық, анық түсініп алып, алға қарай есіліп, ширап, екпіндей тұсу ұранымен өтеді.

Ауданға кіре бергенде кездескен үш колхозшы әлі көз алдыма. Енді осылардың аудандық тұтасқан образын съездегі Сапар толықтырады. Бұның әңгімесі — тыңдайтын әңгіме.

— «Мен «Қызыл жұлдыз» колхозынан жұз үй мүше бар. 25 үйі қазақ. Былтыр бір сиыр алған едік. Сиырымыз бұзаулады. Үкімет салығын орындаудан басқа өзімізге қосымша қып 10 бүт жүгері, 16 бүт картошке алды. Алты қазақ шаруасы болып сиырдан басқа шошқада асыраймыз. Торайын да сатып, мал қыламын. Сиырымыздың аман қалуына, сүтінің орнымен жұмсалуына да осы себеп болды. Кейде киім алып, кейде қарын тоғайып қалады. Енбек күніне — 378, катыншымдықі — 135. Эзірге аванс ретінде күніге бір килодан астық алдық. Ақшадай жиыны 280 сом алды.

Бұрын орыс байына малай болып едім. Экем де орыс арасында істеген. Бірак 1911—1912 жылдарда нағашыма ыластөбеле әкетіп еді. Аздан соң ол жердің елі «тентіреген Тэттібай» дей берген соң, шешем: «кісі елінде сұltан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деп қайта әкелді.

Тағы батырақ болып жүрдім, бейиет ауыр. Енбек өнімсіз. Күн ашпа-жалан. Содан барып «бекет» айдаады. Поштабай деуші еді ғой. Масат пен осы Қекірек арасында қысы-жазы күн-түн ат айдаушы едім. Аяғында

Тұлкібасқа пойыз келген соң, ол токтады. Содан қайта батырактық істедім. Сол кезде «Шорай ислам» деген шықты.

— Ол не?

— Молдалар «Ақтаяқ келеді, актаяқ келеді»— десіп жүрмеді ме?

Сұрастырсам бұл кәдімгі 23-жылы болыпты. Мұсылман баласының дінін тексереді. Назың білмегенді дарға асады деген лақап тарап, кемпір, шал жас, кәрінін бәріне намаз оқытып, «тілі келмегеннің тілін кеседі» десіп, үлкен-кішінің бәрін «сәждеге» иген бір заман болыпты.

Сапар:

— Сонда,— деп өткенін еске ала келіп, күліп қойып,— молдалар сенің «кәлимеге» тілін оралмайды. Тура кете бересің, кәкірейген орыс жаққа ауып кеткен,— деп тіксінтіп еді. Шамасы келмейтін болса керек... 28-жылы қазақ колхозына кірдім. Бірақ өнбеді. Содан орыс арасынан колхозға келдім. Міні, енді үш жыл болды.

— Шошқа ешкімді жемейді екен. Қойда топалан, ешкіде кебенек, түйеде ала күйек, сиырда мәлік неше дерт бар. Бұл бишара ас бермесен өледі. Болмаса ешкімге өзінің зарары жок. Өзі таза... Енді қоян асырамақпын. Осы жылы бір еркек, үргашысын алған ем. Колхозда ат бағушымын. Егіс біткенде бір премие, қырманда тағы примие алдым.

— Катыным неге ырза болмасын? Бұрын қолы жетпегеніне жетті. Балам бар, он жасар. Екіншіде оқиды.

— Зайымды әкеп оқытсам: мынау бес, мынау он деген болат. Шын айта ма, жок па, тани ма, танымай ма, оны мен біліп жатқаным жок,— деп құледі.

— Өзін хат танымайсың ба?

— Мен жанағыдай жұмыс істеп жүргенде кім оқытын? Әзірше қол тимей келеді. Колхозмызыда орыс, қазақ ете тату, бірге туғандаймыз. Бұл Сапар тарихының сезі.

Осы айтылған жалғыз Сапардың ғана тарихы емес. Осы аудандағы кешегі қалын бұқара, бүгінгі қалын колхозшының да тарихы. «Итке мініп, ирекпен қамшылаған» кешегіден шықкан Сапар нені айтады?

Оның арты: руышылдық, «тентіреген Тәттібай», оның арты —«Шорай ислам, актаяқ... Дін қараңғылығы, үлт

Киян кескілігі. Құнсыз малай... Алатау бектерінің ызырық аязы қуған жүдеу поштабай...

Бүгін әлгі өзі баян еткен. Оған түсіндіргіш керек емес. Ол ой тұтқынынан да және құлдық, жоқшылық тұсауынан да құтылған.

Бұл аудан колхозшысының қалың жуан ортасынан шығып отырған толық денелі кейіпкері. Оның ендігі алды құншуақ, жүзі жарқын. Үйткені ол бір өзінің өмірінде ғасырлар көшулерін кешіп кеп, енді мағыналы тарих бетін ашып отыр. Ойлансак, ой сананды өсіріп, сенімінді нығайтатын тарих.

КӨКТЕМНЕҢ БЕРІ

Алатау басына көктен шөккен қарлы қыс кешеден бері бектерге де сырғып түсті. Кең төскей, сары бектердегі көп колхоздың егін далаларын жаңада айдалған сүдігерлерін қазірде бір қабат қар басты. Кешелер қара жатқан бергі беттегі балапан Алатаулар бүгін ала-құла бол қырауытқан шал тау болты.

Құн ұзын бектер ойымен аргы төмен ойқыл далаларда қалың сүр тұман қалықтап жүр. Шумақталып, үйлығып, жәй жылжитын ауыр тұман. Баяу тұман. Алыс шеттері тұғыз, аксүр бұлт болып қат-қат түсіпті.

Алатаудың ет бектерінде бікте тұрған бізге осы қалың бұлт — тұманның үстінен аспанға асылғандай бол, Құландының қарлы басы, Қарататудың жотасы, Құйіктің де төбесі көрінеді.

Әншайіндегі аласа адырларды төмендеп орнаған қалың бұлттар арқаларына міндіріп, аспандатып әкеткен сияқты.

Колхоздың шеткі бір үйінен шығып, орталығындағы үйлеріне таман келе жатқанымызда, ауыл кенесі Анарбай:

— Апырай, мына тұман жудә қою болты да. Ырымы жақсы, жақсы ғой бұ тұманнын.

— Қандай ырым болушы еді?

— Айтат кой шаруа. Мал бакқан ел шыли есептөп айтпайтын бет,— деп, Анарбай дәл шешуін айта алмағанда, қасымызда келе жатқан егделеу бір колхозшы:

— Тұман, су ғой. Жерге дым тусе береді. Егіндікке

наяты пайдалы ғой бұ. Ұрмы со да қазақтың түге... деді.

Бұлт үстіндегі қарлы, сұық жотасына көп қөленке үйездеген Қаратай көз тартады. Соған қарай-қарай жүре отырып, біз топ үйлерге жеттік.

— Мынау біздің кәпіретіп,— деп Анаrbай шеткі бөлек үйді көрсетті. Басына мейрам күні ілінген қызыл ту әлі түр. Қеш мезгіл жабық екен. Одан өте бергенімізде, екінші үйді көрсетті. Алдындағы айуаны да, өзі де үлкен.

— Бұ мешіт ет. Тұқымын құртып, биыл жұдә қамба қылдық,— дейді. Бұрын мектеп болған екен.

Анаrbай қатардағы бір есікті көрсетті:

— Мынау біздің колхоздың избачительнесі — кітапхана,— дейді.

Тап-таза, орташа бөлме. Қабыргаларында айнала жapsырылған көсемдер суреттері, плакаттар. Бірақ аудан қазақ тілімен жазылған плакатқа жарлы ма, әлде не?

Бір плакаттан басқанын бәрі орысша. Ортада қызыл жабылған биік үстел. Айнала ұзын орындық. Үстел үстінде қазақ әдебиеті.

Зор жетіспегендік: бізде бір газет жоқ. Кімнін кінәсі екенін біліп болмайды. Әйтеір Бурный айналасында қазақ газетін мезгілімен көру былай тұрсын, тіпті, ныспымен көрмейтін жерің толып жатыр. Мынау кітапхана жаңадан ашылған.

Жалғыз кітапхана емес, бұл колхоздың бүгінгі бар дүниесі де осындағы жана, жас. Себебі бұл колхоздың тарихының өзі де жас. Әр бір жәйін: «көктем», «көктемде», «көктемнен бері» деп бастайды мүшелері.

Үйткени, бұлар көктемге дейін басқа бір колхоздың ішінде болған. Ол көп үйлі, көп жерге шашылған ыңғайы, икемі аз колхоз болған. Содан бөлініп шыккан 75 үй осы колхоз. Соңғы кезде 75 үйге бұрын көшіп кеткен елден тағы 35 үй келіп қосылыпты.

Осындағы тарихын көктемнен бастайтын колхоздың аты «Мирзоян».

«Бурный» политотделінің қарамағындағы 19 колхоздың бірі әзірше қатардан озып кетпесе де, бұл колхоз бірнеше күрделі істің жобасын көрсетеді.

Бұрынғы мешіт бүгінгі қамба мен кітапханадан өткен соң келесі бір үйге тақалдық Төбесі қалың жабылған, сырты ұқыпты бол жақсы сыланған. Бұл — мектеп.

— Бұны был салғыздық. Бұл биылша оқылатын орын. Келесі жазда аиау жазыктан ұзын қып түріп клубын, кітапханасын бәрін қосып бір-ақ саламыз да, мына-ны колхозға береміз деседі жолдастар.

Мектепте екі класс бар екен. Соларға арналған екі бөлме. Іштері жарық, көңілді. Колхоз өз күшімен өз іс-мерлеріне кәдімгі парта жасатып қойыпты.

— Ағаш табу, әйнек табу қын. Осы бізді қинайды. Мектеп үлгілері салынулы. Бірақ терезесіз,— деп аудандық оку бөлімі нық күйзеліп отырғанын көріп ем. «Мир-зоя» колхозы барды сатып, жан-жактың бәрінен ізденіп жүріп, әзіргі мектебінің аспабын түгендер апты.

— Был гәнә іс бастаған. Осыдан басқа не істей қойды дейсің?— деп, мен енді көрмелеріміз осымен тамамданған шығар деп ем. Жоқ Анаrbай мен мұғалім Өмірәлі тағы ілгері ерте бастады. Екінші сондай үйге келдік. Жаңында мектеп жасына жаңада ілінген 20 шакты бала күн шуақ жаққа топтанып, қайнап жүр екен. Бұрыштан шыққан бізді көрісімен, қалт етіп тұра қалысты.

— Бұл балалардың ынтырнаты...

— Қай баланың? Қанша баланың?

— Бізде мына «Игілік» колхозының балалары да оқит. Ауылдары қашаң. Және киімдері нашар... Қыс сүкіта оқи алмай қалатта. Сосын осында ынтырнат ашып отырмыз...

— Азығын кім береді?

— Со колхоздан алдық. Үйлері байғустар наразы болмастан таяр қылды. Балалар оку жылына азыққа қамтамасызданған,— дейді мұғалім.

Жиырма баланың үйлері кең бөлме. Жалғыз-ақ нары жоқ. Оны жақында әзірлемек. Қазір пеш салып жатыр колхоздың бір үстасы. Астарында киіз көрпелері.

Карсы бөлме мұғалімдікі.

— Пеш салынып біткенше, киімі жұқа балалар жаурап қамасын деп, өз үйіме жатқызып жүрім. Бұрын бірталайы аткөшніктің балалары,— дейді осы араның тілімен сөйлейтін осы жерлік мұғалім.

Бұл үйге қарсы тағы бір осындаі үй тұр. Оған келгенде:

— Бұл ысталабай,— деседі.

Ауызы ас үй. Төргі бөлмеде үстел, ұзын орындықтар. Элі іші сыланып болмаған.

— Пешінің бабын таба алмай тұрмыз да енді осы-

ның. Қыш (кірпіш) қинайт жүдә. Арбамен кісі жіберіп соны промхоздан сұратып ап жатырмыз осы пештерге. Онда да аз, жетпей жатыр. Темір пеш қоюға болмайт деп жатыр Районо.

— Оныңда бабы табылат, табамыз,— дейді Анарбай.

Осы салынған жаңалықтың барлығына басшы болған соның езі. Омыраумен, екпінмен жүріп майдан бері ағарту жөнінде көп іс істеген көрінеді.

— Қореміз, енді осымен біткен шығар,— деп ойлай бергенімде, алдымызда төбесіне қызыл ту орнатылған тағы бір үйге көзім түсті. Солай беттедік.

— Бұл — жаңада салынып біткен моншамыз.

— Қашан бітті?

— Осы мына Октябрь мейрамына қарсы бітіріп, так мейрам алдында бар колхоз мүшесін түсіріп шығардық. Қатарымызда келе жатқан бір колхозшы:

— Жүргінің ыстығы бар адамдар көтере алмай да қалды... Жүдә ыстық.

— Анарбай монша салғызып, колхоз мүшесін өлтіріп апты,— деп жүрмесін біреу деп нашатырный спирт алғызып қойып ем. Басы зеніп, елти бастағандарына соны ніскетіп адам қыла бердім,— деп, Анарбай бізben бірге күліп қояды.

Бұрын бұл орындардың ешбірі болмаған жана жасай бастаған жас талапты колхоздың бір биылғы жазда тапқан жаңалықтары осы.

Енді төрт-бес күнде мектепке радио орнайды. Ол → шешілген мәселе. Ақшалары әзір. Барлық колхоз мүшелері ауданға жүргелі отырған Анарбайға:

— Эпкел, осы жолы тастамай ала ке,— десіп кезек-кезек тапсырысады.

— О, болат, әкемей қоймайым жүдә. Эне күні тайын-дап кеткем фой. Таляр о,— деп алып Анарбай бір арманын айтады: эттең осы балалардың киім жағы, өсіресе, аяқ киім! Со жүдетең түр да қызың... аптан.

Алматыларда екі жердің бірінде кездесіп, кәдірі нық бағаланбайтын радионың бұл арада қаншалықты қымбат қонақ болатынын түсінесін.

Қыс келеді. Ұзақ кештер бос. Колхоз газетті де рет-теп ұдайы ала алмай жатыр. Көпшілік, ересектер сауатсыз. Әзі Алатаудың дәл түбінде қойын өрде жатқан аз үйлі колхоз. Жолдан қиғаш. Қыс кіре бұл бектердің «табаны күректей» мыкты поездарды жүргізбей, шабала-

нып, қамап тұрып алатын ақ бораны басталады. Ұмтыларман боп колхоз мүшелері қалады. Сонда әндөтіп, күйлөтіп, сауаттандырып, дүниеден тіл, хат әперіп тұратын радиоға кім жетеді. Колхозшылармен бірге мен де:

— Радио, радио,— дедім. Ұлкен қалаларда кәдірін үқпай жүргендерім бұл жерде жуылып, шайылып кетіңті.

— Радиоға шақырмасаң әм келетін болат. Сонда кітапханада қәзет, кітап оқып, сауатсыздарға мектебін ашып адам бомаймыз ба сүйте-сүйте.

Осы әңгімемен тобымыз бірінші бригадтың ат корасына тақадық. Құн батқан еді. Аттар су ішіп кеп, корасына кіріп жаңыр екен.

— Эй, екіншінің атшысы! Ертең ана жегінге шығатын аттарына шөпті дұрыстап салғыз,— деп, колхоз бастығы Тоқан (мұны бар колхоз мүшесі солай атайды) дауыстап тұр екен.

Өзі біріншінің атшысына ілесіп, оттық-оттыққа шөпти дәлдеп салғызып жүр.

Бұл колхоздың ұлкен ойы —«мал-мал».

— Мал басымыз аз. Сыр елу үйімізде бар. Жартысында жоқ. Бөлінгенде ағанымыз сотұғын. Жылымыз 73. Уак мал жоқ. Ертеде ада болған. Енді кей жерден жиятынымызды кім білсін?— деп Тоқан мал жәйін айта кеп:

— Кредит деген сөз бар ет. Пұл тисе жиып-ак алар ек,— деген кезде, жайланаң болған аттардың қасына кетіп, тобымызбен жақындары үйдің ығына келдік. Тоқан:

— Мал тисе, тісті тіске қойып, баласындаі күтуді бұл колхозшының бәрі үғып болды.

— Үқпағанда кәйтет... Малды бауыздағаны өзін бауыздағаны емес пе колхозшының.

— Эке, көріп отырсың ғой «Игілікті», тіпті, әкімет тауыскан жоқ соның малын. Немен ада болды?..

— Енді ме, лешенеге бермесе амал жоқ, әйтпесе... ешкі де болса беріп көрші... десіп колхозшылар бірінен бірі іле жөнелісті. Колхоз бастығы соңғының сөзіне күлімсіреп:

— Ешкі болса да дейсің.

— Жәй айтам-ау, ешкі-сиыр, сиыр ғой жүдә... деп әлгі жігіт тағы үн берді.

— Ешкіні мен саған айтайын,— деп Тоқан тәжірибелі, есті жүзбен бір әңгіме бастады. Жиырма екінші жылы бір көк шолақтан басқа ешнемем жок. Бір күні ыстансаға екі жарым бүт арпа апардым. Сатып көне әкелмекпін. Қарасам сол пұлымға бір ешкі түр екен, соны әкелдім. Келесі жылы егіз лақ тапты... Оның келесінде өзі екеу, ана екі лақ бір-бірден тапты... Содан қойышы жүре бастады. Аяғы кеп осы мына сиырым болды. Бір жақсы ат та болды. Сойғаным, киім киген, сүтін ішкенім төбесінде. Ақыры со ешкіден жиылған малды колхозға әкеп қостық. Кредит тисе, жудә, мен ешкі алар ем, осы колхозға түге,— дейді. Отырган колхозшының бәрі шұлғып макұлдайды.

— Енді мә, сірә енді,— дескендей бәрі де. Бұлардың алдыңғы істері, үйымшылдығы, көз қырағылығы, жаңа егіс науқаны мен астық жинау ісін де кеуделеп алға шыққандықтары — барлығы да жас колхоздың жас талап, жас екпіні сенімді, өнімді екеніне сендіргендей болады.

1933

СӨЗ АЛҒАН — ТАУ САҒЫЗ БЕН ҚӨК САҒЫЗ

Ашық, тынық, ерекше бір мөлдір танертен. Мөлдір дейтінін: алыстағы Алатау биіктегі де, айналадағы да-лалар, адырлар да, алыс жақын селдір тогайлар, посел-келер де түп-тынық мөлдір судың түбіндегі боп, буалдыры-сыз ап-айқын көрінеді.

— Мынау далаларда біздің құрғаққа еккен тау сағызымыз,— деп, ж. Сариев оң жақтағы адырларды нұсқады. Жанадан шығып, аз гана көтерілген күннің қиғаш сәулесі ол адырдың бетіне кеп көленке түсіріп, қатпа-рын, бүктесінің көбейтіп түр. Биік тұрғылары жок, кеп үсак тәбелі жазан адыр қазірде жыбырлаған үсак тол-қынға толған әлдекандай көл бетіндегі боп көрінеді. Бір көленке, бір сәуле кезек-кезек шұбартады.

Сол жақта, бір шақырымдай жерде «Бурный» посел-кесінің куқыл тартқан жаңалаш теректері, қызғылт сел-дір ағаштары көрінеді. Біз, 15—20-дай кішкене таза ак үйлердің жанында тұрмыз.

— Анау қызыл үй біздің монша, мынау баяғы трак-тор паркы...

Мұржелерінің түтіндері басылған көп трактор дем алыста тұр. Қастарында айқыш-ұйқыш бол жылған пұлықтар, сепкіштер... Бұлар да енді тыным алған.

— Кешегі, алтыншы ноябрь күні, біз егіс жоспарымызды 100 процент орындан бітіріп шықтық. 50 гектар тау сағыз, 150 гектар кек сағыз ектік.

— Бізді екінші нөмір промхоз дейді. Бұнда осы жылдың ісі айтарлық іс. Жәйін өскен тау сағыздан жиятын тұқым жоспары 1500 кило еді. Біз 2226 кило жидық. 188 процент орынадық.

— Кек сағыздан 94,4 кило тұқым жинағы, бұл сағыз, күтпеген жерден тамаша өнер көрсетті...

Ол жәйін, егістерді аралап жүргенімізде маман Бабасов жолдас баян етеді.

— Біз 94 килоны жабайы санын алғанымыз жоқ. Былтыр өзіміз еккен жерден алдық. Бұның жәйі тау сағыздан да мәлімсіз болатын. Откен жыл ғана басталған өте жас тәжірибе еді. Қызығы көтемде көп көрген үлкен мамандар үш жылдық па екен, болмаса бес жылдық бола ма әйтеуір тәжірибе ғой, күтесіндер ғой деп сабыр мен шыдам жәйін көп үгіттеп кеткен еді.

Бір кезде, жаз ортасы ауа бергенде, байқасақ өзіміз еккен кек сағыз жоғарғы болжаудың барлығына дау айтып: олай емес, былай деп гүл шашты. Белгілі: гүл шашса ұрық та береді. Тау сағыздың бір киындығы З жылсыз нәтиже бермейді. Мынаны да соның інісі ғой деуші едік. Бұл сонымен екі жылда ұрып беріп, бүтіл одакта өзінің туысын паш етті. Сол былтыргы егілген саннын 10 гектардың тамырын алып каучук шығаруға да жібердік. Лаборатор ретімен зерттегендеге 12 процент каучук берілді. Тау сағыздікі 18—20 процент, оның сапасы да артық екені рас. Қенес каучугінің алды тау сағыз ғой: ол сыннан откен. Жаңадан болған Мәскеу — Каракүм — Мәскеу жарысында, тау сағыздан істелген дөңгелек тағы бәйгеден кеп отыр.

Кек сағыз дәл ондай емес. Бірақ бұның ұзак күттірмейтін, екі жылдық болуы ерекше қасиетті.

— Және бұл табыс бірінші рет осы біздін промхозда ғана істелді. Бүтіл одакқа екпелі кек сағыздың ұрығын беріп отырған біз ғана.

Бұл промхоз адамдары «Одактағы біріншіміз», «алдыңғы орын бердік» деген сөздерді нық сеніммен айтады:

— Бұрын үлкен орын Түркістандікі болған еді. Немесе Өзбекстандағы «Жон» елеулі еді. Біз құр тәжірибе үшін ғана тіршілікке право алушы ек.

Енді, міне, екінші нөмір промхоз ылғи ғана:

— Одақта, Қенес одағында деп қана сөйлейді. Бұларға биылғы жыл берген масштаб солай. Әлде қалай толғағын «келер, келер жылдар» дегізіп жүрген көк сағыз жаз ортасында, ай күніне маң етіп тайы құлындала тоқтысы қоздаған промхоз.

Откен жылдың егіс далаларының ішінде бір гектар жер әшекейлі боп оқшауланып тұр. Егілген қатарларының әрқайсысын тоқыма қоршауларға бөлеп қойған. Бұл қылтың, сылтың көп ерке бала — тау сағыз-ды. «Осымен жұбатар мекен» деген құндақтың бірі екен. Тәжірибелінің бұл да бір түрі — Золотов тәжіриbesі деп аталады. Сенсен бас бала тау сағыз, немесе тығыз жирен сақалдай тау сағыз — бұл қаталарға уанған сияқты. Сырттан қарағанда осы бөлеуді жәйлі көрген ыспатты. Жәйі шығыпты. Бірақ тау сағыз, көк сағыздың да зиянкестері бар. Ең қауыптысы көр тышқан. Золотовтың тоқымасы көр тышқаның залалды әрекетіне аса жәйлі жағдай туғызады екен. Сыртынан жиі-жиі боп тұрған тау сағыздың көп жерде тамырлары қырқылып қалған...

Сонымен бұл тәжірибе тау сағыз тарихының артта қалған, жылы болмаған бір беті есепті. Бүгінде «менің атам қаталық» деу үшін тұр.

— Біз бұл күнде тәжірибе сатысынан өтінкіреп, бұрынғы белгісіздік тұсауының көзін біртіндеп кесіп кете міз,— деседі Сариев жолдас пен Бабасов.

— Су таңдауы қандай? Жердің қандайы керек? Құтім не күйде болмақшы?— Бұның көбін айыратын боп, жер таңып қалдық. Бұл екі сағыздың екеуі де жылдан жыл асқан сайын сенімді боп барады. Одақта жылған тәжірибе қазірде мол деу керек. Бабасов бұдан біраз жыл бұрын болған бір жәйді жеке ала кеп күлім-сіреп:

— Глаюла жәйінде Макагон (бұл трест бастығы) Американың үлкен ғалымы Эдиссонға хат жазып жөнін түсіндірсеңіз қайтер екен дегенде, «Менің ондай болым-сағыза шаршарлық уақытым жоқ» деген екен. Енді сол Эдиссон «тау сағыз турасындағы тәжірибелерінді айт» деп өзі жазып, емінуге уақытын аямайтын көрінеді, деп күліседі.

Екінші нөмір промхоздың одак масштабын, есіне ала-тын тағы бір орын — жанындағы техникумы.

— Одакта екеу-ак. Бірі Киевте, бірі — біз... Бұның 130 окушысы бар. 60 проценті казак. Және фабрик- завод мектебінің дәрісіндегі екі жылдық «Промхозуч». Бұдан 190 бала бар, көпшілігі қазак. Окушы, оқытушы мамандары көп болғандыктан, промхоз «Бурный қаласында үлкен мәдени орын бол саналады. Бастығы — жақын көршілері «Путь Ленина» колхозы бол басқа көп жақын колхоз да бұлардан үдайы жәрдем алады. Үдайы шептігінде тұратын «Қуаныш» колхозынан басқа егіс үстінде, пішен шабуда, басқа бірнеше қазак колхозына да жәрдем еткен «Путь Ленина» колхозы 30, 31-жылдарда промхоз тракторлары қатты жәрдем етті дейді.

Бугінде колхозшылар арасындағы саяси, мәдени тәрбиеиң көбін де сол промхоз күштерімен жүргіземіз.

Техникум директорының орынбасары ж. Эбеуұлы колхоздарға комсомол жәрдемі қандай болатынын санаң кеп:

— Егіс науқаны, астық жинау науқаны, немесе колхоздардың есеп, қисабын ретке салып беру жұмысы — барлығын да жүргіземіз... дейді.

Промхоз мектебінің көп шәкірті маңайдағы колхоздардың жастары. Ол жағдай да колхоздар үшін ерекше пайдалы.

Бугінде «Путь Ленина» сияқты көрші колхоздардың егіс жерлерін алыңқырап жүрген промхоз, жылдаш-жыл іci үлғаюмен қатар осы колхоз осы өз маманы қып әкетуі де ғажап емес.

Жолдас Сариев промхоз салған көп үйлерді көрсете жүріп:

— Біз, көшіп жүрген қазакқа да көмектесіп ақ үйлердің бірін көрсетіп, мына үй соларға берген үйіміз. Осында 17 үйді жұмыска алып жәй, күй беріп отырмыз. Бұның оны үдайы қызметте, бесеуі күнделікті. Екі үйдің іші түгел ауру — безгек. Оларға ақша, азық жәрдемі істеп, онағанын күтіп отырмыз дейді.

Мен көшіп жүргендерге алғаш кездесуім осы елі. Жолдас Сариев жұмысына баратын болғанда мен соларға карай кеттім,

«БІЗ ӘТҚӨШНЕКПІЗ»

Ақ үйге тақай бергенімде бір пәтердің алдындағы айуанға¹ орта бойлы қараша жігіт шыкты. Қасында он-он бір шамасындағы қыз бала бар. Жігіт жаңалау қара бешпетті нығына жамылып желбекей салыпты. Қысқа, қою қара мұрты бар. Қабағын кірбендетіп жиырып маған қарамай, айлануға, алыска қарап тұрып сөйлейді.

— Біз әтқөшнекпіз. Таластықіміз,— деген сөздерден бастап Қыстаубай сөзінің бәрін ерекше қып, «кошқар мүйіздеп» айтады. Өзінше бір сән іздел сөйлегендей. Бұрыннан, жұртша сөйлеуді қанағат қылмай, өзінше ажарлауды машық еткен сиякты:

— Бұ арада бес үйдің жауабы бар. Екі үйдің жауабы орнасқан. Үш үйдің жауабы орнаспаған,— деп «жауабыға» тірей бір сөйледі.

— Өзің қайда істейсін?

— Қарауылда.

Мен қақас естіп үй салу жұмысында екен деп:

— Қалауда?— деп, қайта сұрағанымда, қасында тұрған күлгеш, көнілді қыз сақылдап күліп жіберді. Маган құлғенін жасырмaston, жаңағы сөзімді мазактап:

— Қалауда, дейт!— деп қояды.

— Жерімізде колхоз мүшесі екі!— деп Қыстаубай жәйді баян ете бастады.

— Налогты көп төлеген ек те!

Бұрын мал баққан. Ондай бай емес ек. Боса 5—6 сауын әр кімде боған етте. Колхоз аса барамыз. Жұмыстап қашпаймыз. Анау үшінші ауыл колхозы алмады.

— Қазірде мұнда жұмыс көп болмай түр. Ісім күнделік. 600 грамм аlam.

— Семьяға берсе о қызмет кой ағайын-ау! Колхозымыздан кеткенде, наниның жағдаяты бомай содан кеткен ек.

— Бір 11 үй анау стансаға орнасты; соның колхозына... 15 үй тағы колхозға орнасты. Колхоз аса неге бармайық. Орыстықі боса, орыстықі босын тіпті жүдә. Жағдаяты боса боғаны та!

Бұдан етіп екінші пәтерге келдім. Мейрам күндеріне қарсы кеп, әлі орналаспай отырган бір-екі үй екен.

Ауыздағы кішкене үйдің ортасына, біраз ғана кір-

¹ Айуан — есік алдындағы бастырма — коридор.

піштің арасына шоқ қойып, соған талтай қақтанып отырған бір безгек ауру. Қасында кебісін жамап отырған бір кемпір. Бұлармен жөн сұраса бастағанымда төргі үлкен жазық үйден бір қатын, бір жігіт шығып кеп отырды.

Бұлардың өндері сау. Түстері қызылт-таза, екеуі де жас. Қайратты адамдар тәрізді.

Бұрыннан отырған безгек ауру: жалпақ бет, әйел жүзді көсе сары. Деміге отырып отты көсей түсіп, кеп сейлейтін сол. Өзгеден сұраған сөзге де өзі жауап бергелі асырып тұрады.

— Мынау менің қатыным,— деп төргі үйден шыққан әйелді көрсетіп,— жаз бойы масақ теріп үй ішімізді осы асырап шықты.— Мынау да жұмысқа мығым,— деп жігітті көрсетіп,— бұл менің балдарым,— дейді.

Ол жігіт Бейсембай:

— Мынау кісі біздің жездеміз болады.

Келіншек Мейізкүл жұмыс жәйін айтқанда:

— Жұмыстан неге қашайық? Ол аштықты тілегеніміз бе,— деп күліп қойып, мына мейрам өткен соң жұмыс бөлеміз дейт.

Бейсембай бұдан бұрын жүрген жерлерді айта кеп:

— Таластан көктемде кеткесін совхозда істедік мына апамыз екеуіміз. Одан колхоз жұмысында да болдык... Аш боғамыз жоқ ек... Бірақ бір жерде байыздан тұрмадық, жүре бердік. Мына кісі,— деп жездесіне нұсқап — ана жер тәуір, ана жер жақсы деп жылжыта берді түге,— дегенде, жездесі тыртысқақ ашушаң қабагын кіжіритіп, ала көзімен тыжырына қарай қойды.

— Мынау кісі ше?— деп кемпір жәйін сұрағанымда, жезде:

— Бұ Таластықі боғаны бомаса, туғанымыз емес.

Кемпір үн беріп:

— Бір жердікіміз. Бір Талас дейді.

Жезде тағы ол үшін сөйлеп:

— Бұ жұмысқа орнасқан... Осында істейді, мынау мейрамға екі күнге босап отыр...

Кемпір қақас естіп, анадан дәлілін білейінші дегендей қып, жамауын тоқтатып үніліп:

— Он екі дейт?— деп дәмелене қарады.

Сөзуар жезде бұл жерге келгенде қайта айтқызғанға тырысып ашуланып қап:

— Екі күн десем, қайдағыны айтқаны нес, байғұс! —
деп тұжырып тастайды.

Іс қылатын, еңбекті тілейтін Бейсембай, Мейізкүл,
кемпір бірге, бұл әрдайым тыжырынып шытнап қожан-
дай беретін тәрізді...

Қызметке алған совхоз, колхозға байыздатпай, сыр-
ғаландатып жүрген де осы сияқты;

Бірақ Бейсембай, Мейізкүл:

— Енді осы жерден кетпейміз. Жұмыс берсе болады.
«Анау жерде алтын бар, барсан бақыр да жоқ», — деп,
кезе-кезе болдық деседі.

ІСТЕРІ СӨЙЛЕЙДІ

Колхоз басқармасынан шығып, сол қорадағы қос те-
резелі кішкене әк үйге қарай жүрдім. Салам шатырдың
үстін қалың қып сылаған, сырты таза. Қысқа карсы бу-
тіндеп салынып-қымтансып алған аласа үй. Бұл поселке-
дегі осындаі көп, кішкене үйдің бірі. Иштерінде ертеңнің
қамын ойлап бүгінгі күн еңбек етіп отыратын сабак-
емес, салқы емес үқыпты, тұрғыншысы бар үйлер екенін
көрсетеді бұл үйлер. Жақындай бергенімде, үй шаруа-
сына лайықты жұпыны киім киген, орта жасап қалған
жарқын жүзді әйел шыкты. «Бурный» поселкесінің ұс-
тінде ұдайы үрлеп тұратын күздін қырау желі екі сама-
йының шашын, салсының астынан түтіп шығарып, соны
біресе иегіне, біресе көз-мұрнына қарай ойнақшытады.
Басқан жерінен үздік-үздік шаң борайды. Биік бойлы
жұмыскер денелі әйел қолына бір ескілеу шелекті ұста-
ған бойымен қораның бір бүршындағы сиыр кораға та-
ман ете берді.

— Айтыңызы, жолдас Науменко осында тұра ма? —
деп алдағы үйді көрсеттім.

Әйел тоқтап:

— Ия осы үйде!

— Үйде мекен?

— Үйде — деп күлімсіреп маған қарай бүрылды.

— Мен жолықпакшымын... деп козғала бергенімде:

— Жолығыңыз,— деп ілесе жүрді,

— Элде сіз?..

— Ия, Науменко мінеки,— деп күліп, қолымен санын сипап кеп, менімен амандасты да:

— Мен сізді білем. Естігем,— деп үйіне ертіп кірді.

«Путь Ленина» колхозы туралы бұрыннан естіп білген жайларым бірқатар еді. Оның үстіне колхоз бастығы Калашниковпен де сөйлесіп шықкан ем. Енді Науменко солардың көбін өз тілімен, өз түсінігі бойыша кеңінен баян етті.

Сөзін сұлуласап, ажарлайын демейді. Орыстың оқыған елі сөйлейтін қала тілі дегендерден — газет арқылы, жиындар арқылы алған бірен-сарап сездері болса, оны окта-текте ғана косып қояды. Болмаса ол өзінің украиншасы аралас жалпак шаруа тілімен сөйлейді. Шешен сез қажет емес. Бұлардың кешегі, бүгінгі істерімен алдына жайып салатын цифrlары, фактілерінің өзі-ақ әрі жарагастықты да, әрі шешен.

Біз 1930-жылы 700 гектар, 31-жылы 1300 г., 32-де — 2087, ал биыл, 33-де, 2672 г. еккенбіз.

Қазір сүдігер айдау мен қысқа қарсы мал қорасын салу жұмысындамыз.

— Қүздік пе? Біз оны 20 октябрьге тәмамдағанбыз. Үй басы сирымыз бар. Тауық, қоян, кейбіреулерде шошқа да бар. Еңбек күніне 1 жарым килодан аванс алып отырмыз.

Сүт фермамыз бар. Қара жұмыс көліктеріміз бар. Бәріне де қысқы жай, азық-түлік түгел қамдалған. Колында сиры бар үйлердің бәріне де колхоз қысқы жемін жетерлік қып беріп отыр.

Әр шаруа огород өнімін тегіс жиып алған. Арамызда ертеден келе жатқан қазак мүшелерден 15 үй бар. Олар огородтан ғөрі тары салсақ деген сон, бәріне жеке пайдасына тары да егіп бергеміз.

Орыс-қазақтың мектеп жасындағы баласынан оқымаитыны жок. Жеті жылдықта айналып өсіп келе жатқан мектебіміз бар. Каламыздың ортасында больница.

— Біз күшті колхозбыз. Сондыктан көршіміздегі «Құрама», «Қуаныш», «Қызыл Пресня», «Қызыл Шығыс», «Талапты», «Қызыл Арық» сияқты казак, орыс колхоздарына науқан сайн жәрдем етеміз. Осы күзде де «Талапты» колхозының 156 гектар пішендігін орып бердік. Осы колхоздардың машина сайманын бүтінделтүзең отыру. үдайы біздің мойнымызда.

Көктемдегі егісті еске алғанда Науменконың ажым-
ды жүзі шытынай түсіп:

— Бірақ көп еккен егініміз жақсы шыққанда біз осы
бір-ақ жазда байыр едік. Шын байлықтың өзі келер еді.
Біз мемлекетке беріп болғаннан кейін қанша үлесер
ек?..

— Бірақ болмады. Биыл астық шығысы нашар... на-
шар болды.

Бұл жерде колхоз бастығының сөздері де есіме
түсті.

«Путь Ленина» бұл мәселеге биылғы жылдың екі тур-
лі кемшілігін ұмыта алмайды.

— Шығысы, біріншіден, нашар болды. Екінші, сан
мол болған соң асығыстап іс қылып, тұқым шашуда қат-
ты ағаттық істедік. Тұқымды қолмен шаштық. Сол кезде
колхоз мұлкінің ресуәлеу боп бара жатқанын көргенде,
тіпті, жыларман болым, талай рет,— дейді Науменко.

— Біз қолмен шашпай садилкемен отырғызу керек
еді тұқымды. Онда әрі тұқым аз кетеді. Гектарға екі пүт-
тай жандар қалар еді. Және садилке тұқымды терең кө-
меди. Биылғыдай құрғақшылық жылда терең көмілген
тұқымның өнімі жақсы, шығыны кем болар еді.

— Э, күздікті садилкемен отырттық қой! Енді келесі
көктем тұқымында не қылсақ та сонымен отыртамыз.

— Еңбек үстінде біздің әйелдеріміз ешбір еркектен
кем емес. Бірақ еркектер әлгі өз көзқарасын түгел жоя
алмайды. Мен оны ұдайы айтып отырам.

— Шынында еркектен бәйге алушы әйел көп қой!

— Рас, үйретсе, қатарға алса неге кем болады? Мен
былтыр огород бастығы ем. Бір қазақ әйелін өзге әйел-
дер жамандай берді. Ісі өнімсіз. Жалқау шығар деседі.
Соны өз қарамағыма алып картопты қалай отыртады,
капустаға қандай істер керек — соның бәрін үйретіл
жүрдім.

Аздан соң үйреніп ап орыс әйелінің алдына шықты.
Бәйге алды. Биыл біреуі тағы солай бастап, қазірде ол
да бәйгеге ілініп отыр.

Үйретсе, көнілдендірсе, ісі де өнімді, өзіне де пайда-
лы, көнілі де өседі. Эне, Ақпай кімнен кем дейді. Ақ-
пай «Путь Ленинаның» ұдайы озып жүретін желді аяғы.
Сүт фермасында істейді.

Көктем бізге тегіс ауыр болды ғой. Рас, нансыз бол-
ғамыз жоқ. Бірақ бір қадақтан артық тимейді. Бір күн

қарасам Ақпай бетінің бәрін ажым басып, кіп-кішкентай бол қапты.

— Күніне бір літрден сүт және әрқашан абрат беріп тұрындар дедім. Жаз ортасында Ақпай бұрынғы қалпына келді. Енді қазір көріңізші. Сондай ажарлы, сондай таза.

— Бірақ қазак мүшелердің ішінде жалқауланатыны да жоқ емес. Эрине жалқау орыста да бар. Бір керенаулығы үшін жақында үш орыс мүшесін колхоздан шығардық. Мен әрқашан қазак мүшелерге көп көңіл бөліп, жай-куйін көп ұғынайық, қаталаспайық деп ұдайы нық күзетіп отырам. Бір бөгеті қалада түрмай, ауылда тұруынан да деймін. Сондықтан қала ішінен 15 үй дайындалп осыған көшіп кеп тұрындар. Әйтпесе, жерлерің қашықтық қылады. Жұмысқа кешігіп көп қалуларың содан. Ал бригада бастықтары сенің кешігуінді саған мін қылады. Көшіп келіндер деп ем, соған келмейді. Бірақ ұғысамыз, олар да бастығады деп қояды.

— Ересегіміздің бәрі ликбездем өткен. Саяси мектебіміз де бар. Каучук техникумы көп жәрдем етеді. 30-жылдан тракторларымен қатты болысқан еді. Енді мәдени күштерінің жәрдемі мол.

— Ең үлкен жәрдемшіміз политотдел. Машиналары — ол өз бетіне. Басқа толып жатқан үлкенді-кішілі істе ұдайы жәрдем алып тұрамыз. Бірсесе Савельев, біреуесе Рамазанов.

— Өзім солармен ақылдасып алып істесем, жұмыстың есебі де оңай табылып, сенімім де артып түседі.

— Рамазанов қандай, «жанындағы азамат» — деп, политотдел бастығының орынбасарына дән ырза болады.

— Қорамдасып тамақтану ісі жаз науқандар үстінде болады. Бірақ қысқа айналғанда үйді-үйінен іshedі. Оны әлі ұмыта алмай келеміз. Әсіресе, бала бақшасы. Жаз бар. Қысқа айналғанда балалар үшін деп біз астық үстап қала алмаймыз. Алғаныңнан балаларға шығар десек, соған ел көне алмайды. Әйтсе де енді баланың тәрбиесін тастав алмаймыз. Ашамыз.

— Дін мәселесі ме? Жастар жағын алсан, клуб, кино сауық болса сол жетеді. Олардың құдайы сол. Бірақ кәрі жағымыз әлі түгел арылып кеткен жоқ. Саяси мектеп сияқтыдан олар оқымайды да және көп уақыты да болмайды. Мысалы қазір үлкен шаруадан азғантай аланы болса, мүшелерге үй-жайынды бүтінде дейміз, Сонымен

қысқа қарсы жаманып-жасқанумен болады. Ол үй де колхоз мұлкі ғой жаматып, түзету колхоз шаруасы.

Жеке мүшелердің ішінде өте жақсы колхозшылар бар. Колхоз дүниесін барынша күтіп, бірдемесі олқы болса күйіп-жанып барын салып отырысады. Мысалы, біздің,— деп күліп, «бураз бригаді» деген бірнеше адаммыз бар. Вагненко, Пашковский сияқтылар. Бұлар егін қалай егіліп, қалай жиналып жатыр, кемшілік не, қайтып жою керек. Сол туралы өздерінің тәжірибе білім көмектерін ұдайы беріп отырады деген сияқты жайларды айта кеп, Науменко жолдас:

— Біздің колхоз жаман емес,— дейді. Менің есіме «Бурный» қаласында өткізген октябрьдің мерекесі түсті. Парадқа жылған көп қауым, көп тулардың ең алдында бір қадірлі ерекше ту барды. Ол қызыл күрец бар-қыттан. Алтын, күміс қарыптармен жазылған сездер: Қазақстан халық комиссарлар кеңесінің көшпелі қызыл туы. Қазақстанның ең жақсы колхозына... дегенді айтады. Сол тудың астында, сол ұранын берік ұстап келе жатқан «Путь Ленина» колхозшысы көз алдына келеді.

Осындай жайларын айта келіп ең акырда Науменко өз мұнын айтады:

— Маган іс істеу қыны. Қындығы шала сауаттымын, дейді.— Бұрын осы қаланың халықтарында ма-лайлықта болғам. Больница да істегем. Кара жұмыс пен жалшылықта күнім кешкен. Беріде бала бакшасын бас-қардым. Дәл осы орнынан бұрын колхоздың огородына басқару боп ем. Ендігі әнгіме ісімде білім-білім керек,— деп сөзін тамамдайды. Бұл колхоздағы партия ұясының хатшысы.

Білім арманы екені рас. Бірақ сонда да колхоз дүниесінде бұның қолы әлсіз, күдікті қол емес. Мығым нық қол. Ерекшелеу келген, ажымды жүзі міндет пен істен қорғалақтап, жасқанып тұрмайды. Кішілеу көк көздері күле қараған қалпында әрнәрсеге ашық түсінік-пен қадала қарайды. Біле қарайды. Бұл қатардағы колхозшы әйелден шыққан бас колхозшы.

Бұның жетегіне алып, қамын жеп, тобын кіргізіп отырған серігі Ақпай. Өні қызыл сары, бурыл сақал Ақпай.

— Мен өзім жұмысымды білем. Істей берем тегі,— деп арт жақтағы қаланы нұскап кішкене сарғыш көздерін сыйырайта күліп,— бәрінің алды боптың ғой жұда.

— Тері жүдә, қазағын тимесе, орыс тимейді. Жұмыс істесек, жарты босын, шерік босын ұдайым жазып тұрады.

— Тәуір босан, қазағыңдан бетер қуанады.

— Біз анау жерде отырамыз түге,— деп, бір шакырымдай жердегі тоғайлы қыстауларды көрсетіп.

— Боқайбыз. Бұ қызың... бақай ішінің бәрі мәлім маған. Осында бір Шойбек балалары дегендер бар. Аталары бұрын бу Боқай ішінің жуаны, мықтысы болған. Осы жақында бір 4 үйін бай құлақ деп тазарттық. Солар енді «орыстан шығамыз, қазаққа кіреміз» деп іріткі сап қояд. Өздері жалқау, осы күні көптен бері жұмысқа шықпайт түге. Сүйтіп отырып күнімізді кем жазат дейді. Маған еңбек күніме қарай астық көбірек тиді. Сыйға сиыр берді. Соны да кінә қылат әлгілер.

— Да, ол шал. Еңбегін бізден артық жазғасындар. Біздікіен онықі артық бошымет деп айтады дейді. Бір женгем бар менін. Оны да арттарынан ертіп алат кейде. Бірақ еңбек ететін бір талай үй бармыз. Ана жайлau Арық сияқтылар. Біз не қысақ та осы орыспен боламыз. Тіпті осы колхозды үкімет таратып жіберсе амалым жоқ. Болмаса мен осыдан кетпейім дедім. Қазақша қакпай жоқ. Не керек. Сені әдейі жаман қылайын демейд.

— Балам окуда ет. Әткен жыл қазақ мұғалімінде оқып ет. Был мынаған бармаса кәйтет деп әзір шеше амай жүргенім. Жақында бұ орыс молдасына сөйлес қып ем. Саған оқи ма, оған оқи ма деп. Ол, өзің біл. Мұнда әкелем десең біз аламыз, бомаса, онда берсең бір саржын береміз дейді. Қазаққа берсем, ондағы мектепке колхоз отын берем дейді.

— Да, қызым бар, о да оқиды. Енді қазақ боса, қазактан оқытала дейім.

Ақпай сүт фермасында істейді.

— Бастық со Ирешке... Жүдә жақсы, Ирешке Метапқан... Ирешке қызың... Жамандық қылайын демейт.

— Бастық Грике Каманенко емес пе?

— Е, со Ирешке Метапқан. Он күн болды сиязға кетті. Қемеді, әлі кемепті, өзі.

Бұл қалайша «Метапқан» екен деп Ақпай тілінің әр алуан ерекшеліктерін еске алып келе жатып «Метапқан» көпке шейін шеше алмап ем. Енді байқасам бұл МТП деген сөздің қабылышы ма дейім.

Бұл жердегі орыс халқының көбі украин. Олар МТ-

қып дейді де, Ақпайдың тіл лабиринттарына келгенде содан «Метапқан» шықса керек.

Міне, Науменко мен Ақпайдың әңгімелері осылайша.

«Ажарлайын, куланайын, көркіті қып көрсетейін» деген әңгіме емес. Бұл олардың өмірі мен ісі. Құнделік шындығы. Сондыктан ашық керек, жана бұлтақсыз түсінікті, олар іс адамы. Сейлегенде, тілдері баян етпейді. Истері баян етеді. Бұл олардың стилі.

1933

ҚАРҒАЛЫ СОВХОЗЫНДА ӨТКІЗГЕН ТӨРТ КҮН

Біздің қазіргі өмірімізде әшекейсіз, сыр-бояусыз, кесек бітімінің өзімен сымбалдай бол тұра қалған көркіті көрініс аз емес. Оның заказы: «Мінімді бүркей бер» демейді. «Тұлғамды танып, табысымды көре біл» дейді.

Қарғалы совхозында өткізген төрт күн осы: «Танн біл, көре біл» деген шарттың даналығын ескертті. Үгіт жок, даттау керек емес. Тес табандаган еңбек көрдік. Соның әсерімен, тамыр-түбірімен жаңғырып, қайта туып, түлеп-төлдеп келе жатқан өмір көрдік.

Шынында Германия тауларынан шықкан Өртембір (Буртемберг) мен Прекс (Прекос) жағрафия оқымай жануарлар жайындағы ғылымнан хабарсыз болғандыктан, көп жайды сөз қылмады. Мына жакта «Социалды Қазақстан» барлығын да аңғарған емес.

Англияның гемширі де (гемпшир) өзінің пана тауынан басқаны танымаған. Сол снякты «айраның үрттап, құртын құрттатып» жургені болмаса, қазактың қызыл, сары түсактары да басқа көрік бар деп ойламаған. Дарвиннің тұқым сұрыптауы, биологияның мутацияларын Еділбай қошқарлары да менсінем деген жок-ты.

Қарғалының тұқым асылданыратын совхозына жиылған кеңес еңбекшілері енді осы сиякты араларында асқарлар жатқан жағтарды бір-біріне айқыш-үйқыш жақын қып, қарға тамырлы етіп тустырып жатыр.

Совхоз тәжірибесімен танысады Жексембай шабанның отарынан бастадық. Тастақтың мөлдір сұнының бойында жінішке сазды өрлей жатқан қойлар екен. Бұл арадағы уш-төрт сақман — совхоз лабораториясының бір нәзік жері.

— Ана біреуін қазақша қара құлак дейміз, гемшір де-
геніміз со,— дейді Жексембай. Бұл гемшірдің дәл өзі
емес. Бір жағы қазақ, екінші жағы ағылшын. Солардың
бірінші қоспасынан (бірінші генерациядан) шықкан бу-
дан (метис). Ішіндегі ірілері сол буданың тұсағы. Қозы
жағы екі түрлі. Біреуі соңғы тұсақтардан туған қозы —
оны екінші қоспа (екінші генерация) дейді. Өзге біраз
қозы бірінші генерациядан шыққан. Совхоздың мінде-
ти — әрі жүні асыл, әрі еті мол қой шығармак.

Бірінші генерациядан шыққан тұсақтар мен қозылар-
ға қарағанда, совхоздың ғылыми тәжірибесі қызық бір
корытынды шығарып тұрганын көресің. Ол корытын-
ды — осы будандар. Бұл буында — ғасырлар бойы құ-
лағын төмен салып, момындық тұлғасы боп келген қаза-
қы қызыл койдың енді құлағы елең етіп, алдына қарай
қалқып, дедие қалыпты. Заманының занды сарыны,
қызықты сазы бұған да жетіп, бұрынғы қалған күйінен
сергіткен бе дерсін. Қазақ қойымен араластыру тәжіри-
бесі әзірше гемшір мен прекс екеуіне істеледі екен. Өр-
тембер бүгінге шейін өз бетімен келеді. Сол ана екеуінің
жаңағыдай бірінші қоспалары әке-шешелерінің ең жақ-
сы қасиеттілерінен жиылған нәтиже боп тұр. Бұлардың
көбінше жүні асыл — ол әкеден. Өздері мықынды, бүйір-
лі, бөшке бейнелес. Әсіреле, прекс солай. Ол да әкеден.
Қазақ өз қойының құйрығын құйрықша бағалағанмен
бұрын ұдайы жотасын басып, мықының мытымай қоя
алмайтын. Сондай ылғи ашаң бел, тықыр жотаға тап бо-
лушы еді. Енді мына сол жеріне бір түзету кіргізіпті. Ол
майшылдық белгісі. Бірақ сонымен қатар совхоз қазақ
қойының құйрығын да жібермекші емес. Будандар (ме-
тистер) дәл осы тұста, құйрық мәселесінде әке-шешелеп-
рін бір алуан бітімге келтіріпті. Жаңағы жалпақ жота
әуелі қазақлау құйрыққа кеп қосылады. Жұқалау бол-
са да дөңгеленген май бар. Содан ары осы құйрықтың
төменгі жағына ешкі құйыршығындағы қып әке құйыршы-
ғының ұшын жамап алыпты. Сонымен етті, майлы және
жүні асылдана бастаған бір буын шығып тұр. Бұл будан-
ның шешеден алған зор қасиетінің бірі — кәдімгі қазақ
қойындай төзімді, мықты. Сол жайылған от, сол ішкен
су, сол шыдаған қыска, бұ да мойымай шыдап шыға ала-
ды. Жалпы қасиеттері әкеден де; шешеден де озған бо-
лады.

Бір-ақ мәселе, совхоз алдындағы зор міндет: сол

бұданың осы қасиеттерін үнемі сақтап, келесі үрпаққа бере беруінде.

Жексембай отарының ішінде екінші қоспадан шыққан қозылар бар. Оның әкесі таза гемшір, не прекс, шешесі жаңағы будан. Мұның қозысы — жұн жағынан асыл. Бірақ қазакы құйрықтан арылып, шубалаң құйрыққа сала беріпті. Совхоздың бастық адамдары, ғылым қызметшілері, әралуан мамандары, үлкен-кішілі белсенді шабандары боп жаңағы бірінші қоспаның қасиетін сақтату үшін алыспақшы. Бұл жөнде кейінірек көрген отарларымызда кездескен дегерез қойы жаңағы жолдастардың сенім талабын нығайтып өсіретін сияқты. Дегерез де гемшірден шыққан будан екен. Бірақ ол жаңағы бірінші қоспадан табылған қасиеттердің бәрін әзір туқымнан туқымға көшіріп сақтап келе жатқан көрінеді.

Жексембай отарының ішінде таза күйдегі өртембір, прекс, гемшір де жұр. Солардың қас-қабагына қарағандақтан, бұл отар өзге отар фермілермен бірге құмға кетпей, осы арада қалыпты. Тау алқымына жақын жerde, ен өлкеде, мол су, соны да совхоздың кіндік мекені Найден поселкесінің маңынан орын алыпты.

Бізге кездескен күні Жексембайдың кішкене бойы қамқоршылықпен, ашумен қайнап жүрген кезі екен. Ажымды мандайынан шып-шып шыққан тері де, түйілген қабагы да, қысқа-қысқа сөздері де — бұның қөніліндең үлкен бір тынышсыздықтың күәлері сияқты. Астындары қойшы торысын тебініп қойып, бүгінгі жайды баян етеді.

— Осы қойларды көресіз бе, тоғып, ыңқылдап тұрған күйі міні бу. Анық жарты шақырым жерге жүгіртсөн, өліп кетет жүде. Осыны мына кеп, мына жердегі колхоз бастығы содан деп қарсылады қазакты көрсетіп, тап осы суға шекті куды. Жаным шығып кете жаздады. Алдынан шығып қырамысың мынау асыл туқымды қой, өртембір... прекс... дей беріп ем, «айтып тұрған кебін мұның» деп кеп, қамшының астына алды,— деп көрші колхоз бастығының бұны ренжіткеңін айтады.

Жолшыбай кездескен «Шолак Қарғалы» колхозының колхозшылары да Жексембайдың жазықсыздығын айтысты. Өздеріне жаңадан келген колхоз бастығының солайша тасыр екендігін әнгіме етіседі. Егініне, пішегдігіне де түспеді. Жер кору дегенді әсірелеген бастық болса керек.

Барлық өзге отарлардың ішінде ол кезде жауаптылығы күшті, әсіресе, бейнеті мол отар осының болған. Асыл тұқымның өз қозылары тез аяқтанбайды. Әртемберді қоздай салысымен ақырға көтеріп апарып салып, қозысын қасына қойып, 10—15 күндей су-жемінің барлығын сол бір орыннан береді. Құндіз-түні бірдей туатыны тағы бар. Далада қалып, күтімсіз жерде боп қалса, қозысына сұық тиеді, «екпе» болады.

— Осы кезді атап сұраманыз. Тұмсығымыздан шашылдық қой жүдә. Тыным, тыныштық көрмей, тіпті, үйкү дегенің өзі безіп кетті. Сол бір айда қатынам екеуміз көтерем болып қалдық. Қашар жайсыз, жарық жоқ. Оның үстіне биылғы көктем қандай болды. Құндіз-түні бірдей шұмектеген жауын, қойдың асты су. Не керек эйтевір атқарды.

Осы әңгімені кейін совхоздың басқа жақсы шабандары Ақымбай, Қалтабай, Нұrbай сияқтының бәрінің аузынан да есіттік. Бірақ Жексембай да, өзгелері де мүндей әңгіменің аяғын өз отарларының цифрларына әкеп тіреиді. Сол арада тыныс алып, қас-қабактары жадырап, қоцілдері аз да болса тыным тапқанын көресің. Барлық совхозда биыл қоздаған қой 8334 екен. Туған қозы 9204. Содан қазіргі май аяғына шейінгі жалпы шығыны 100 қозы. Бір процент. Көтеремнің ауырлығы, қошқардың жеткілікіндеңі және басқа жалпы жетіспегендіктерді еске алғанда, жаңағы бір процент шығын емес.

Совхозды сол табысқа жеткізіп отырған социалды шаруашылықтың бір топ ерлері: Қасымбек, Ақымбай, Захаренко, Қалтабай, осы Жексембайлар, фермі бастықтары. Бұлар — совхоз 32-жылы ашылғаннан бері бірге жасасып келе жатқан алдыңғы қатардағы озаттар.

32-жылдың өсімімен жақсы тәжірибесі үшін және қыска мал бермей жақсы жайып семіз қып шыгарғаны үшін, осы топ совхозға одактық қызыл ту алғызған. Бұрынғы соңғы жылдарына қарағанда, төл өсімі нашар болған қын жыл — былтырғы откен жыл екен.

Биыл оқотты жаңағыдай жақсы откізіп ап, енді сол алдыңғы жылдардың бәрін басып озып, жаңа белгे шынымен ойнақтап шығамыз деп отырған жылы екен. Қектемде барран саяси бөлім бастығы жолдас Үмбетұлы Рақманқұл мен жаңа директор Рамазанұлы Мәжит жолдастың да жоғарғы белсенділермен тиесінде қосып, барынша жұмысып жатқан дісі осы жылдарда жаңағынан биылғы



жауынның көптігі дала шебінің ішінде шытыр санын молайтып жіберіпті. Ашық күн аз болғандықтан, сол шөптің пісіуі кешендереп қойға залал қелтіріп тұрған көрінеді. Піскен кезінде шытыр — қойдың сүйген тамагы. Семіртетін оты. Қазірде көк кезінде ішін кептіреді. Арық қой көтере алмай өліп кетеді. Осыдан мал ішінде бірен-сарапдаған өлім бар. Бұл өлкеде бұрын қойының құйрығынан ұстап жүрген сасық бай да кей жылдарда талайын қырады екен. Бірақ совхоз азаматтары оны медеу қылам демейді.

— Өлтірсе сол Наданбай өлтірсін, біз неге өлтіреміз,— деген жігер намыспен қайнайды. Бүгінгі ой мен күштің бәрін осы шытыр пәлесімен алысуға салып, тырбанып отыр. Өздерінің орны мен міндетін бұрынғы жабайы бақташылық былай тұрсын, бүгінгі барлық басқа совхозға үлгі, өнеге жақсы көрме деп білген түсінік совхоз еңбекшілерінің бас-аяғына бірдей сіңген, нық орнаған түсінік екенінде дау жоқ. Сондықтан совхоз дүниесіне кіргеннен бастап, соңғы жөнелген минуттарымызға шейін «шытыр» жайы совхоздың барлық құш-куатын шіреп тартып тұрған, бүгінгі ең үлкен мәселесі екенін әбден сездік.

Жексембай отарынан басқа фермі отардың барлығы Найденнен төмен, құмға қарай бет алып, 50 шақырымдай жерге созыла көшіпті. Тұс ауа Найденнен шығып, политотдел бастығы Рақманқұлмен бірге сол отарларға қарай жөнелдік. Қарғалы сүйнің жүйгелеп жол келеді. Өзеннің екі жағасын бойлаған жоны жұмыр жоталар теп-тегіс жыртылған. Он бір трактор, жұздеген қостар өз міндетін ада қып болыпты. Бұл бітіп орындалып тұрған егіс жоспары, ыңыранып тұрған еңбек жемісі қазірде тұтас, тегіс көк шалғын боп, жайқалып жер жүзін жасыра бастаған. Молдығына көз сүрінеді. Шетінен үзак жүріспен ұзап шықтық. Совхоз айдаған мың гектар егін осы. Рақманқұл егіннің шашылуындағы жетіспегендіктерге көп көніл бөледі. Ол анда-санда қеңдесетін болымсыз аландар. Жолдың ұзын бойына ілесіп отыратын, оралып есken қалың шалғынды бидайларды көргенде, жузіне біраз тыныштанып қанағаттанғандық белгісі кіреді. Бірақ ырзалығын сыртына шығарып айтпайды. Оны «солай болмасқа еркі жоқ» дегендей қып міндettі нәрседей қабыл алғандай ғана болады.

Жол бойында әр жерде қашар салып, жай түзеп

жатқан, пішенге машина әзірлеп жақаң, қой тоғытатын күп дайында жатқан, қой сұтінек брыны (күрт) әзірлеп отырған талай жайлардан өттік. Мол шаруалы совхоздың орыс-қазагы аралас жұмысшылары барлық жерде тынымсыз енбек етеді. Ажарлары жақсы, көріністері көңілді. Жалғыз-ақ көбінің мұны — жалақының мезгілімен тимеуі. Бұл жайды совхоз ісін жаңада қолға алған директор мен саяси болім ең алдымен ретке салмақ. Сонымен азық-тұлік жағын қамтамасыз ету мәселесін Рақманқұл кешеден бері тынбастан сез қылыш, ұдайы қозғап келе жатыр еді.

Кеш батар алдында совхоздың қыскы мекендерінің бәрінен өтіп, жасыл қырқалардың ішіне кірдік. Аспанда жауынсыз сұрғылт бұлттар ауа көшеді. Қарсыдан төс-кейдің қоныр салқын лебі білінеді. Алғашқы тері дегдіп, бойы қатайып, шымырап алған күйге тек сұр мен бай-салды күрең бесті бастиарын изей тастанап көңілді жортып келеді. Алдымызда бірінші фермі. Жолдың екі жағы қалың көк. Бойлап шыққан жусан, ак-қызыл гүл атқан қалың шытыр. Ара-арасында, бала күнде «қан қызы» деп куалайтын қызыл қанат, қара оюлы үлкен көбелек болушы еді, дәл сол сияқтанып жаңадан басын жарған қызғалдактың үлкен қызыл гүлдері көрінеді. Жусан басын изелткен салқын самал бұның да сабағын дірілдетеді. Дірілдеген сайын қанатын жалт-жұлт қағып отырған орнынан көтеріліп, ұшып жөнелетін көбелекке ұқсай ту-седі. Кейде әлде қандай ұзак жоталарға көзің түссе түп-тұтас толқынды қызыл торғын жамылғандай боп құлпыра қалады. Бұл — тұтасып қалың біткен қызғалдақ жо-таштары. Анда-санда жалғыз-жалғыз боп шашыраған үкі қөзіндегі сап-сары бәйшешек жарық беріп қалады. Неше алуан шөптің ісі үздік-үздік ширатыла кеп, бірін-бірі тықсырып бәсекелескендегі болады. Сондайлық боп жұз толғанып, үнді торғайлардың шырылдаған сайрауы іле-седі. Жол бойы үзілмейтін, ширатылып есіліп отыратын бір ерекше ұзак музыка. Кейде егескендегі боп, шырыл қағып, қылғынып жұтынып тұрып алады. Барлық дала сол үнге толғандай. Жасыл өлкे желінің діріл қаққан қанат үні сияқты. Шөптің шығысы, тұтастығы ерекшесе.

— Кілемнің түгіндегі тырыз екен! — деп қалып ем, Әбділда көрініс күйін өзгеше күйлеп отырған тәрізді екен:

— Кілем адыра қалсын,— деді.

— Осының бәрі мол пішен. Бұл жотаның бәріне ма-

шина салады екеміз. Бұл сирек шығыс. Төмәнгі кашардың кеп запасын, қысқы қамын осы жота бергелі түр! — деп Рақманқұл өз қортындысын жасады.

Күн бата бірінші ферміге жеттік. Кең сайдың әр жеріне екіден-үштен шашыла қонған көп отар. Бәрі де бірінші фермінің отар сақмандары. Орталықтағы бір топ үй фермінің өзі екен. Мұнда фермі бастығы Сымбырбек-ұлы бастаған бірнеше мамандар бар. Қой маманының орынбасары Қапланбек унистетінен келген қазақ маманы, ғылым қызметшісі Бекембайұлы, оқушы, санақшы жастар. Жолдағы бірінші сақманнан бізге қосылған совхоз ақыны, өзі шабан Үмбетәлі де осында. Қарғалы совхозы істеп жатқан тәжірибелері мал маманы әзірлейтін унистеттің бәріне мәлім. Жаз бойы осы фермілерде профессорлар бастатқан топ-топ студенттер әлденеше тәжірибелер өткізді. Совхоз мұндай жерде ғылым лабораторы. Эртүрлі есімдікті ғылыми тәжірибе үшін ендіріп отырған іздену, зерттеу бақшасы, гүл бағы сияқты, қой бақшасы бол та кетеді.

Арбадан түсісімен, Рақманқұл кешкі жайылыста отар қасында жатқан қора-қора қойларды аралаура беттеді. Үлкен топ болып біз де ердік. Алғашқы кездескен бір сақман қой бойдақтар екен. Ішінде бізге таныс будан гемшір, прекстер жүр. Дегерез қойларын да алғаш рет осында көрдік.

Бұрынғы үстірт білген шалалау түсінігіміз мамандар әнгімесімен молая түсті. Совхоз тәжірибесінің көлемінің түрлерін енді үғына бастадық.

Асыл қойды сұрыпташыгару, мұнда бірнеше саламен жүреді екен. Қөшшілік ет пен май жағынан, жұн жағынан да прекс буданын мақтайды. Оның дене бітімі де өзгелерден ерекше. Бірақ Дегерез сияқтанып осы бірінші қоспада тапқан қаснетін сактап қалатын болса екен! Талай жердегі ғылым қызметкерлері, маман атаулының совхоз тәжірибесіне көз тіккен жерінің бірі осы. Екінші үлкен магыналы істің бірі — қазақ қойының өз ішінен асыл түқым сұрыптау. Ол үшін совхоз Еділбай қойын бағып-қағып отыр.

— Салмағы тоқсан килоға кеткен қошқарлар бар. Ол бұрынғы қазақ қойының жетпеген өрісі деседі.

Мынау — орак бас, биік бойлы, тегене қүйрық үлкен қойлар — сол Еділбай. Арғы тегі Батыс Қазақстаннан шықкан. Кейін екінші, үшінші фермілерде Еділбайдын

қошқарын, қозы саулықтарын толық көрдік. Бар жерде-гі шабан маман осы Еділбайды да қатты құрмет етеді. Совхоздың үлкен маманы Жолдыбайұлы Ыслам да Еділбайдың келешегін ұзақ және сенімді санайды.

Аттай керілген имек деңелі, үлкен бас, орак тұмсық Еділбайлар кейде таң құйрық, кейде салпы құйрық болғандардың езгереді екен. Онысы әзіршө мұның өз үйымының ішінде де әралуан барын сездіреді.

Совхоздың тағы бір тәжірибесі — қазақ қойының туысын жеделдетіп, өсімін өндірмек. Сондықтан бір отар қой әдейі ерте қашырылып, ерте қоздатылады. Жоспар — екі жылда үш қоздату.

Өлкө бойын жәрменеңе басына айналдырып, шұбарлаидыра ою салған қора-қора қойлар өзді-өз сақманына орала бастады. Жыбырлай жылжыған жүні қалың қөрпеше қымтап келеді. Кешкі тынық ауа қойышлардың айғайымен «сайт-шәйін» аспандатып, даурықтырып түр. Маныраған қой-қозының үндері, көп тілді тұтас күйде болып ызың-ызың ыргалады. Бірі алыс, бірі жақыннан есітілгенде әдейі кейде баяу, кейде асқындан айтылған сияқтанып толқын-толқын ритм шығарған тәрізденеді. Сақман қотандарында түнгі шамдар жағылды. Жоғарғы, төменгі отарлар сәлем алысты. Оң мен солдарылар да сонда!.. Отарлар өмірінің тыныштық күзет түні басталды...

Келгеннен бері күн болғанша тыста да, үйде де Рақманқұл фермінің барлық қозге көрінген адамымен әңгімелесуде. Тыңbastan кем-кетікті, олқылықтарды, шала қалған істерді қазып шығарып, кеңеске салады. Шаралар ұсынады. Бұрыннан қалран, арылып болмаған жетіспегендіктер көп. Соның ең үлкені қазіргі ірі науқан үстінде білініп қалды. Совхоз осы күндерде қырықтық бастаған екен. Ферма жоспарын анықтамаған.

— Қырықтықшының күндік нормысын кестіндер ме?

— Жоқ, әлі анықтап кесе алрамыз жоқ деген сылбыр жауап естіледі.

— Сақман, олар басы қанша жүн аласындар, алдын ала білгенің бар ма.

— Мөлшер болмаса...

— Есебің қайсы...

— Шама болмаса, қайдам...

— Шама, мөлшер деген не. Бұл кеңес шаруасы, жоспарлы шаруа. Сондықтан да ол социалды шаруа. Қайда

отырмын деп білесің өздерін, жолдастар-ау! «Шама» дегенді жауап деп білдіндер ме. Бұ у не қығандарың...

Кепшілік дұрыс сыннан тосылып, жауап айта алмайды. Салақтықпен кешендең қалғандары анық.

— Қырқа бастағандарына екі-үш күн болды. Өздерін енді жоспарлай аламысыңдар. Жоқ әлі ештеңе анықтай алмадыңдар ма? Бұл тұста тыңдаушылардың бірнешеуі қатар үн берді.

— Е, жоспарламай... неге жоспарламайық... Кешендеңеніміз болмаса неге білмейік.

— Ендеше, кірісіндер қазір! Түн бойы бірнеше кісі боп істеп шығайық. Ертең таңертенген бастап қырқу, жинау да, енбек тәртібі де сол жоспарға бағынсын...

— Ал жарайды. Қазір, міні, кірісейік... Айттықанда-рынша келесі таңертенде жоспар әзір боп, іс сабасына түсті. Қырықшылардың ішіп-жемі күтімі де дұрысталып, ретке салынды. Сол күнде, әрідекте біз шабан ақын Үмбетәлінің шығармаларын тыңдадық. Санқылдаған дауыспен серпіп айтатын сенімді ақын өзінің ақындық өнерін кенес дәүірінен бастаған екен. Қеп жырларының геройлары — кенес қызыметшілері. Қырғыз халық ыршысының Ораз Жандосов пен Паскуцкийгә айтқан сездерінен бастады. Үмбетәлі өз совхозының озаттары тапқан табыстарды Қазақстан өнерпаздарының слетіне әкеп байгеге салмаққа үеде берді.

Келесі екі күн шытырдан аулақтап құмға көшкен екінші, үшінші фермада өтті.

Қарғалы совхозының нағыз озаттарын, шынымен топтан озып, өнеге үлгі боп журді. Алған жақсыларын осында көрдік.

Бұлардың алды Қасымбек Арғымбайұлы, Ақымбай, Қалтабай, Мырзабай, Захаренколар, әйелден Нұркан мен Жәмила Жантакпаевалар. Бұлардың әрқайсысының өмірі мен еңбегі жырдай қызық. Шын үлгі қыларлық, саналы дастан. Қысқа әнгімеде амалсыздан қалпып ғана өтеміз. Толық айтуда әзірше газет мақаласының орны тар.

Қасымбек партия мүшесі. Қазірде совхоз директорының орынбасары. Найденге келгеннен бері жол бойында мұның атына қанып, істеген істерінің іс белгісін көріп, үғынып келе жатқамыз. Совхоздың басынан аяғына шейін бұрынғысЫнан бастап, бүгінгісіне шейін созылған мол еңбектің айқын бір арнасы жатыр. Осындағы кенес

шаруасының үлкен арқауы сияқтанып соқталанып тұрған нық белгі — сол Қасымбек еңбегінің жемісі. Бұрынғысын алсақ, ол жиырма жыл шұға фабригінде жұмысшы болған. Қалыптанған тоқымашы (ткач) екен. Ал соңғы 1931-жылдан басталған өмірін айтуда, осы совхоз бер 26 совхоздың тарихын айтуда деген болады.

20 совхоз ашыларда мені партия солай көшірді. Жәркентке барып, 46 мың қойды аман жеткізіп алу шарт болды. Екі рет жіберілген кісінің жолда банды тонаи алыпты. Маған тапсырылды. Қасыма кісі ертіп барып, аман-есен жеткіздім. Мына жердегі 26-совхоз деген шаруа содан басталды... деп қысқа қайырады. Қарғалының тұқым асылдандыратын совхозы сол 26-дан 32-жылдан январында бөлініп шығыпты. Қасымбекті партия тыннан тынға көшіріп, осы жаңа совхозды аяктандыруға шакырады.

— Асыл тұқымды қойларын қыстан әрі аман, әрі семіз алып шықтық. «Окоты» де ерекше жақсы өтті. Қыс бойы бір жагынан тауға жайып, екінші жагынан жемін сый қып отыргандықтан, жаңа шаруаңың беті өріс алып, түзеле берді. Жазы да індесіз, шығынсыз өтті. 32-жылдағы одактық қызыл ту содан алынды.

Сонымен 33-жыл басында Қасымбек Саратовқа совхоз бастықтарының алты айлық курсына келеді.

— Германия, Англиядан әкелінген бабы күшті, өртембер, прекс, гемшірлерді асырап өсіре білген қазақ мынау,— деп профессорлар мені талай рет орнынан тұрғызып қойып, халыққа мәлім өтті,— деп, Қасымбек әзіл етіп күліп қояды.

Бірақ қайта келгенше, жөн білмеген бастықтар совхоз ісін қайта түсіріп алыпты. Орынсыз жерлерге қашарлар салғызған. Қазірде сол жылы салынған 9 қашардың үшеуі ғана іске жарайтын бол, алтауы далада қалып отыр. Жұмысшы, қызметшілер арасына ұлы орысшылдық, ұлтшылдық әрекеті араласқан. Окот нашар жүрген. Қой, қозының күтімі болмаған. Жас қозының көбіне сұық тиіп «өкпе» болған.

— Соның кесірінен былтырғы жыл қозы шығының көп бол кетті. Келісімен Қасымбек партия мен үкімет алдында барлық жайды толық мәлім етіп, комиссия шарытып, зиянкестің барлығынан совхозды арылтып, істі қайтадан жөнге салғаи.

Биылғы жыл 9200 қозыдан бір-ақ процент шығын

шығып отырғаны сол енбектің інтижесі. Қазір де шытырмен алысудың неше алуан шарасын іздел, таудан құмға шүйгіп, малын амандал жүрген фермілердің командирі — сол Қасымбек. Тынымсыз өмірі әлде қайда қалған үй бетін де көрсетпейді. Кез келген сақманда кез келген қойши күркесі — оның үйі. Сол күркенің бала-шағасы, қойши, құзетшісі — оның іні-бауыры. Білекке білек қосқан досы, майдандасы. Сол себепті орыс, қазак жұмысшысының барлығы мұны Қасымбек деп кінәлады. Ұлтың кім деп ол да парық қылмайды. Жұмысшылар да бұл жағынан мін таппайды. Қой қамын шытыр түсінда ерте ойлағандықтан, құндағы жайлар жерлерді бұрын шолып алып, өз фермілерін өзге көрші совхоздардан бұрын әкеп орналастырыпты. Жер-судың жақсысын бұрын алып қойған. Сонысы үшін өзге совхоз бастықтары:

— Көрінде өкіргір, Қасымбек! — деп, дымы күрып күншілдік етіседі.

Келесі күн екінші фермінің қырықтығы жүріп жатқанда Рақманқұл өзі бастап, барлық фермі бастықтарды, үлкен шабандарды қырықтыққа шақырды. Бұл әнгіме қыларлық әдемі жарыс күні еді. Ретке қойылған социалдық жарыс басталды. Қасымбек, Қалтабай, Қошаган, Нұрбайлар да тегіс түсті. Алдыңғы катар қырықтықшы Жайшабек, Бекқадырлармен жарысқа түскен бастықтар да болды. Қасымбек мұнда да өзінің нағыз сүбелі қырықтықшы екенін көрсетті.

Бір қол, бір аяғының ауруы бар Ақымбай қырықтық үстай алмай шарық басында отыр. Жұрттың қырықтығын қайраса отырып, өз жайын момын сездермен баян етеді. Бұл үлкен шабан.

— Жас шағымда 17 жыл өмірім жалшылықта өткен. 1919 жылы Жандосов Қастектен қызыл әскерге еркімен кірушілерді жиған. Соған мен де бардым (мұның тілінде, «оға», «бұға», «сога» деген оқшау сездер бар. Сонысын басқа облыстардан келген жігіттер әзіл етіп, күлкі қылады. Бірақ Ақымбай оған мойындармайды. Дағдылы момын пішінмен мырыс беріп күле түседі де, «соғасын» соға береді). Бай балалары басында барғансыды да, артынан қалада насыбай езіп ішіп, көржер қып қап қойды. Мен содан үш жыл қызыл әскерлерде қызмет еттім. Жәркенттің ар жағында Қытай шегінде бір қатты қыспаққа түстік. Қашып бара жатқан акты куа соғып келе

жатқан 250 кісі едік. Тау арасында қалың қолы жиылдып, 14 күн қамап үрыс салды. Оған біз де қажымадық. 14 кунде екі-ақ рет тамак іштік. Қара суды жұта берсөн бола береді екен. Алалмады. Сол соғыста осы санынан оқ тиіді,— деп сол жақ санын үстады.

— Оқ ішінде қала берді. Доктор алалмады. Бер жағын дарілеп қоя салды. Сол оқ 25-жылы кеп түсті,— деп қалай түскен жайын айтады.

— 33-жыл Қасымбек оқуға кеткенде, совхоз жайы өте төмендеп кетті. Калинин деген агроном зиянкес боп шықты. Артынан өз атынан арыз беріп, жайды мәлімдеп, совхоз күйін түзеуге мен де күш салдым,— дейді.

Бұл да партия мүшесі. Өз міндетіне тастай. Барлық отарларды аралап шыққанымызда, Ақымбай отарының қозысындай дөнгелек семіз, бас аяғы бірдей күйлі қозыны көргеміз жоқ. Қоздауы да апрель ішінде жоспармен қолмен қойғандай өткен. Қозысының қазіргі ажарына қарағанда бұрынғы тықақтап жүретін сасық байдын талайының іші күйіп, сұғы қадалар еді. Әсіресе, олардың таңдайын қактыратын нәрсе мұның қозысының ерекше амандығы болар еді. Барлық оқот бойынан осы күнге шейін 594 қозыдан шыққан шығын 4-ақ қозы.

Отарымызда істейтін қойшылардың ішінен жылма жыл басшы адам есіріп отырамын. Анау үлкен шабан боп отырған Нұрбайды қойшылықтан есірген менің отарым. Биыл совхоздың бірінші қатар бәйгесін алған Мырзабай қойшы — менің баулуымдағы адам,— дейді.

Осы жайларын айта кеп, Ақымбай бір арманы да білдіреді.

— Осы мал өзімдікі. Мамандардың емес. Қожайын бізбіз. Қызығына кіргенде, таңның атқанын, күннің батқанын білмейміз. Жалғыз-ақ бір арман — кешегі бұрынғы дәуірдің адамындағы артта қап барамыз. Кенестің табысы не. Қейтіп алға басып барады. Оқымаймыз. Саят, газет көрмейміз. Ойын-сауықты да білмейміз,— деп әңгімесін аяқтады.

Мұның отарындағы мақтаулы қойшы — жас Мырзабай. Саяси бөлім іріктең шыгарған үш бәйгенің бірі сол екен. Мұның бүгін таңдағы ынта бейілі қойларымен бірге туысып кеткенін көзben көрдік.

Бес-алты күн құм ішінде шытырдан аман болғандық Мырзабайды азғана адастырыпты. Ол қойын соныдан соныға саламын деп жүріп, тағы да біраз шытырға кез-

десіп қап, бір қойын өлтіріп алыпты. «Енді құтылдық, аман алғып шықтық» деп отырғанда, мына қойдың өлімі барлық отар, барлық сақмандарға сәттің ішінде естіліп, тегіс еледеткізді. Осы күйдің бәрін ойлап өз-өзінен қысылған Мырзабай қой басында отырып жылап жіберіпті.

Совхоз азаматтарының көрнекті кісісінің бірі — Жемила Қантакбаева.

— Бұрын Жалайыр ішінде Күшік руының бір байы үш қатын үстіне тоқалдыққа алды. Жас едім әкем малға сатты. Тоғыз жыл жаяу қойын бақтым. Төңкерісте босап шықтым. Кедейге тидім. Содан 26-жылы шұға фабригіне жұмысшы болп кірдім. Мұнда 33-жылы келдім. Партия жіберді. Қазір де шабанмын. Бірақ алған қойларым бұрын сұық соқты болған аурулы қойлар екен. Шырыны boldы. Соныма ырза емеспін. Екі балам бар, бірі осында тракторшы-екпінді. Екінші балам әлі де фабрикте слесарь дейді.

Рақманқұл Қасымбекпен бірге отар, сақманды арай отырып, Қалтабай шабанның қойларын көрдік. Құн батар алдында жан-жакта серейіп, керіле түсіп тұрған шуда жұн атпал саулықтар — осының қойы. Мұның көбі Еділбай тұқымынан шыққан саулықтар. Иріктілігі таңда-ма толық өріктей. Бірақ Қалтабайдың мактауы жалғыз бұз емес. Ол, әсіресе, қозы санын көлденен тартады. Рақманқұл мұнымен сөйлескен әңгімесінде өзінің Мирзоян жолдаста болғанын айта кеп:

— Ол кісі жақсы шабан, жақсы қойшының өз меншігіне он, он беске шейін жеткізіп, қозы салып беріндер. Тек бағуы, күтуі жақсы болсын. Жұз қойға, жұз екі қозы ертіп шығу бәйге босын деді. Бұған біз не айтамыз, Қалтабай,— дегенде Қалтабай мұдірместен:

— Менің бәйгем — жұз қойға жұз он бес қозы, ілесіп көрсін маған өзге шабан,— деді. Бұл — егізімен бәйгелі бол тұрған шабан. Қазірде әрбір жұз қойына жұз жыныра қозысы бар.

Совхоздың үдайы жақсылық жағын ала бермес үшін, Қасымбектен ең нашар отар жайын сұрадық.

Оның айтуында, ең нашар отар 4-ші екен. Мырқасым отары. Мұның окоті февральдың онынан басталған. Ол әдейі тәжірибе ретінде екі жылда үш қоздатамыз деген мақсатпен ерте қоздатылады. Былтыры шылы сол отардан 50 процент өлген. Биыл 769 қойдан дәл бүгінгі күнде 804 қозы бар. Окоттан бері 17 қозысы шығын болты.

Мұның ішінде шытырдан өлгені де бар. Бірақ қалайда жаман деп осыны айтамыз дейді.

Шеткі фермілер күмға барды дегенге, мен күмді Баялыш сексеуіл ғана мекені деп ойлап ем. Алыстағы түсінік бойынша, көретініміз ылғи күмнан үйілген таз төбелер болар деп ем. Қазіргі көктемдегі күм совхоз үшін ырыс даласы боп ыңыранып тұр. Қек жасыл өлкे қып қалын басқан ыран, теріскең, жусан, ажырық, бақбақ сияқты сүйген шөптер жайқала түсіп, қой тойынын күннен күнгө асырып тұр.

Шеткі отардан Қарғалы бойын өрлеп, қайта қайтқанымызда, кешкі бақа әндегі үдең шығады. Өлкө бойына жабыла жайылып алып, быжылдаң қайнап, шұршұр етіп ол да тізе қосқан енбек жырын даттағандай болады. Қыр жакта маңырай табысқан қой-қозы үндері ілесіп келеді.

Жаңағы еңбектерін көріп, өмірлерімен танысқан адамдарының жайын ойлаймын. Ешбір бояу қоспай, әшекейлемей-ақ осы тұрған тұлғасымен апарып, қандай роман, қандай пьесаның беттеріне кіргізсөн де, сол беттерге Еділбай қошқары, прекс буданының бәрін берер еді-ау дейсін. Қоңылмен бүгінгі әдебиетіміздің беттерін кезіп, Қасымбек, Ақымбайлардың қатарына қоятын тұлғалар іздедім.

А, жоқтың қасы. Әдебиеттің өмірді жетектегендей бол алда жүретіні қайда. Олай болса біздің лабораториямыз — әлі аспалы, шала, тәжірибесі әлсіз лаборатор екен. Қамышлану керек. Ең болмаса өмір кітабынан жақсы қабақ алайық. Жақын уақыт ішінде Қасымбек, Ақымбайлармен не пьеса, не роман ішінде тізе қосуды шарт деп білдім,

1934

БАЙМҰҚАМЕТҰЛЫ ЖОЛДАС

Оның аты — сол өнірдегі ең атақты, ең даңқты аттың бірі. Алтын Алтайдың қай өндірісін араласаң да, сол ат-құлағың қөбірек қанады.

Өз өндірісіндегі барлық жұмысшылар оны «Бәкен» дейді. Баймұқамбетұлы деген фамилиясынан өзгертекен

сыйлау аты; немесе «Жәке» дейді, өз аты Жанайдан өзгерткен, еркелетер үлкейте айтқан атаулары. Гражданнин парторғ! — деп сөйлеседі, айдалып келген шораяқ бір кәрі граф.

Жанайдың майданы — атақты «Ақжал». Боз қараша, боз көде, ақ селеу басқан бір адыр. Жанай енбегін осы жым-жырт сары адырдың бір ғана желсіз, тымырыңқ сайы баян етеді. Бұлақсыз, суатсыз шөл адыр бұрын қыс қыстау, жаз қоныс бол та көрген емес. Жалғыз-ақ анда-санда өрістеп шыққан қой келсе, соның соңынан өгіз аяңмен мимындаған үйқылы-ояу қойшы тарихтың ғасырлық шөліне қамалған қазақ еңбекшісінің көйгөйін, мұнды сарынын, даланың шабан желіне жар етуші еді. Бүгін сол сайда, кешегі қойшы-қолаңнан құралған, Жанай бастаған коллектив социалдық өндірістің амансл, перператорын сұнгідей сермеп, мәциреу адырдың тас жүргегін тілгілеп жатыр. Өгей ана сараң даланың тас емшегі азаттық алған, бағыт тапқан еңбектің тау тамырын жүлгелей салған шеңгеліне шыдамай, алпыс екі тамыры иіп, уыз алтынын тамшылата бастады.

Осындай ескі тарих пен есеп айырысып жатқан еңбектің бір басшысы Жанай. Оның өндірістері басшылығы туралы Ақжалдың бүгінгі өнімі сөйлейді. Бірнеше жыл бойында жоспар толтырудан қалып, 32, 33-жылдарда жабылуға жақындаған Ақжал, Жанай келгеннен бері қайта серпілді. 34-жылы Ақжал жоспарын толтырып шықты. Биыл жарым жылдық жоспарды мезгілінен көп бұрын бітіріп, енді жылдық жоспарды Қазақстанның 15 жылдық мерекесіне қарсы бітіруге «Балажал», «Құлынжұн» сияқты алтын сауыры қалың жатқан паң көндермен социалдық жарысқа түсіп отыр.

Жанай енбегінің бір саласын 33-жылдан бері қарай түзеле бастаған жұмысшы күйі баян етеді. 800 жұмысшының үйінде биылғы жаға қарсы 700 сиыр пайда болған. 90 сиыр, екі жұз қойды тағы үlestірмек. Белгілі асыра сілтеу кезінде өндірісті тастав, тарап кеткен ескі жұмысшылар қайта ағылып көп жатыр. Жұмысшы балаларына арналған 600 бала оқытын орта мектеп, жұмысшыларға арналған клуб, кино, үй басы орнатылған радио, орталық, өлкелік газет, журнал, кітапханалары — осының барлығы да Ақжалдағы партия басшылығының айғақтары. Сонымен қатар Ақжал кениндеңі барлық цехтағы көрнекті жұмысшының қайсысын алсаң

да, бәр-бәрінің соңғы жылдардағы еңбегі, бейілі, табыстары, өсулері — барлығы да бір жағынан ылғи Жана атына байланысты. Жанайдың өміrbаянын айту осындан көп отряд боп өңгеріп, өсіп келе жатқан кеңес кадрларының табыстарын айтпай, тола болмайтын сияқты. Қепке өзі тарап жайылған, көптен өзін тапқызатын, танытатын талантты үйыстыруышының өміrbаяны бол шығады.

Міне, Ақжала 30 жыл еңбек еткен, бұл кеннін Изотовы кәрі бурщик Бокин. Оның өндірісте 30 жыл болғанын құрметтеп, арнап жақсы пәтер салдырған; оның мандығын арттыру үшін бір инженерге қосақтап, жалпы сауатын арттыру үшін қазақ мұғалімін міндеттендіріп, мәдениетті жұмысшы қып шығармак боп отыр Жанай. Бокин Ақжалағы партия тәрбиесі арқылы өзін партиясыз большевикпін деп санайды.

1909 жылдан бері Ақжалада істеген, бүгіндегі ударник крепильщик Нысанғали Қарауылұлы: «32-жылғы асыра сілтеуде Сібір жағына кетіп ем, 33-жылы Бәкен келген соң, өндірісті қайта кеп таптым. Бұл күнде 3 белмелі пәтерім бар. Тұрмысым бұрынғы қазақ ғүрпидай емес. Жерге отыру, киіз төсөнуді қойып, үстел, орындық, кіраuatқа ауыстырдым. 34-жыл Ақжалдың жоспары толу үстінде бәйге алған ударниктің бірі — мен едім» — дейді.

Ақжалдың өзінде туып, өзінде ескен соңғы жылдардың ішінде майданға шығып, нық ескен жаңа адамның бірі — бүгінгі партком хатшысы Үргызбайұлы Ахметжан. Мұның осы, бергі жылдарда түлеп, өзгеруінің саты-сатысын айтса, Жанай тәрбиесі, Жанай басшылығының бір ерекше жемісті нәтижесін көресін.

Ахметжанның өз ауызымен сөйлегендегендегендегенде мұның бұрынғы Ақжалға белгілі аты «хулиган» екен. Ақжала «кейде жұмысшы, кейде окушы болып жүріп, артынан профсоюз ісінде жүрсем де, Жанай келгенше өзім де өспедім, тындырып іс те іstemедім. Жанай келіп, менің тәртібімді колына алғанда, өуелі бір кішкене ячейкеге хатшы қылып, өзі жетекке алды. Күнделік істеріме маслихат беріп, нұсқаушылық етуден басқа кітап оқып, сол оқығанымды талқылап, түсінуіме жәрдемші болды. Бұрын партия жиылдысына әзірленбей баруши едім де, жолдастар мен көтерген мәселелеге белсене қатыспаушы еді. Бұл жөнде әр жиылдықта әзірленудің жолын үйретті.

Әлі күнге шейін жеңе алмай келе жатқан бір кемшілігім — өзімнің еңбек күнінді тәртіпке сала алмай келем. Жанай бұл жөнде де баулиды. Соның үлгісімен қазір таңертең тұрысымен сол күні істейтін істерінді жазып, ойлап алдын ала екшеп алам. Бұрынғы бір қатам барлық іске өзім шапқылаушы ем. Қазір Жанайдың ақылы бойынша көп іске активті тартатын болдым,— дейді.

Жанай өз өмірі, өз басы туралы өте сараң сейлейді. Ол, өз еңбегі, өз табысы дегениң барлығы, көптің табысы, көптің еңбегінің жемісі дейді. Өзім сүйттім деудің орнына ылғи өзі өсірген адамың пәлендей іс еткенін көңілдене, шаттана айтады. Өз жайынан оқта-текте айтқан бірен-саран мағлұматтарына қарағанда, мұның өз басы құмды, шөлді даладан, жабайыға жақын бақташы Адайдан шығып, рушылдықты, көшпенділікті құба қалмақ заманын басынан кешіріп, ғасырлар шөлін жеңіп отіп, дүние пролетариатының ұлы партиясының сынаған, көрнекті активінің бірі болып отыр. Көрген мен бастаң кешкендер күйлердің жаңағыдан ішкі шетін алсақ, өктәбір болмаса әншейінде ата, бала, немере сияқты бір неше буынның көрген-білгенін алсақ да мұндай көп шалқар дәүірлерді араған болмас еді.

Бұрын істеп көрмеген, жаңадан кеп баурап алған алтын кенін, барлық өндіріс түрлерімен болжап қарап, кейде алтын айыру ісіндегі әлі айықпай жүрген шалағайлықты қатты шенейді. Амалғам фабригінің қос дөңгелекті лай сулы билдоң қазаны болсын, фабрикте түгел алынса сыртқа ағып шығып, зумпа апандарына лай батпак болып шөгіп жатқан алтын қалдықтары бар лай болсын, барлығына қарап, ол: «әлі алтын айыру ісіміз жабайылық күйіне жақын» дейді. Өндірісінің әлі машинаданып жетпегендігіне және ғылым техниканың бұл жердегі шалалығы көптігіне күйзеледі.

Ол бір беткей, іске ғана жұмылған сынар жақ адам емес. Үлкен мәдениетті большевик. Өз елінің ән-күйін, театр өнері, басқа мәдениетін, барлық тарихын тегіс біледі. Қазақ әні, қазақ музыкалы шығармаларын өте сүйіп естітін тындаушысының бірі, үлкен ойлы сыншысы, ақылшысының бірі.

Жалпы кенес әдебиетінің барлық үлкен жазушы, үлкен шығармалары да оған мәлім. Әдебиет жайында ғана айтқан пікірлерінің бірінде ол «капитальный ремонт»

авторының «еткір боп ұшталған ойлы образдарын, масштабы үлкен нәрі көп образдарын» сүйеттінін айтады. «Санаға толы болумен қатар, барлық суреттері ерекше бір сырымдалған түрі мен әрі ете жаңа, әрі кісіні тартатын өзгеше ұлы боп сезіледі», — дейді.

1935

ОЛ КҮНГІ АЛМАТЫ

Қара мұрт оны әбден түсінеді. Бірақ көптен көріспегендіктен, мынаның қалайша оралдырып жүргенін естімек еді. Өзінікіне үқсай ма, жоқ па? Соны байқамак. Сондықтан:

— Шын ба, елуге жете ме? — деді.

— Жетпей қоя ма? Өзің ойлап көр. Охотыға қалай шықтым, солай кем болса бір түс киіз, бір сырмак, немесе алаша кілем, не болмаса сандықта жатқан ішік, шапан алам! — деді. «Охоты» деген соңғы айларда бұлардың тілінде ауылға барып, шабуыл жасап қайту мағнасында болатын. Семіз қызылдың бұл айтқаны шын екенін осы Фонтан көшесінің өзі-ақ өн бойында көрсетіп түр.

Әр көшенің басынан кіре бере, Тәшкен аллеясына шейін байқап отырсан: әлденеше бакшаларда, немесе тәуір үйлердің терастарында ылғи қызарып, аламыштанып, жарқырай жайылып тұрған қазакы колды жасауды көресін. Бұл үйлердің бәрі дә; қала чиновниктері мен көпес, немесе мещан атаулының үйлері. Соның кейбірінде әдемі оюлы сырмак, кейінде шебер кестелі түс кніз, кейінде су жаңа, мұндай қызарғаны жоқ үйлер салам шатырлы, аласа дуалды кедей шоқпыт үйлер ғана. Одан басқаның бәріне қазақ аулынан шықкан жасаулы келіндер түскен дерсін.

Бағанары шал-кемпірді шошытқан қала бұл күндерде сол айналасын жалмап жүтып, қызара бертіп тұрған, талан-тараж қаласы еді. Семіз қызыл осы жасауларды әлгі чиновник, тілмаш, көпестердің үйіне жеткізіп, арзан қол қып өткізушінің бірі еді.

Бұлардан етіп кеткен соң, көшпен Балташ тағы екі жерде стражникке кездесіп еді. Бірақ алғашқыларға ерекіс үстінде айтқан жауабын Балташ енді ылғи шын

етіп қолданып, анау-мынау қақпайына көнбеді. Қөшті жолай қорғаштап отырса да, Балташ шал-кемпірмен сөйлескен жоқ. Жалғыз-ақ Тәшкен аллеясына жақындай бергенде, кемпір аздап есін жия бастап, көк қойдың күйігін енді сезе бастады:

— Соғымға деген жалғыз қойымыз еді. Қақпайға түсіп кете барғаны мынау,— деді.

Балташ өз ойының бір түйініне тірелгендей болып:

— Қақпай!. Қақпайда көк қой түгіл, мен де кеттім!— деп өз жайын өзі тағы мысқыл етті.

Үш күннен бері бойын кернеген ыза, қазір тамагына жиылып тастай тығылып, алқымдап келеді. Қейде ащысүк жастай боп көзіне жетпей, көмейінен іркіле қайтып, у тамшысындай жұтыла-жұтыла келе жатқан сияқты. Соңғы қүндердің ыzasы қат-қабат.

Ең әуелі бұл өзі іспесікте жоқ еді. Қаладағы үлкен дірменнің жұмысшысы болған сон, байы:

— Сені ешкім алмайды. Жібермеймін. Тіркесе, сұрап та ала алам,— деген.

Сонымен қаперіне ешиәрсе алмай жүргенде, бір күн кешке пәтеріне үлкен Алматы болысының атшабары салып келді. Тығыз бүйрық беріп, «пәберке» орнына бар — дейді. Басында Балташ:

— Мен сенің ауылдағы күлге аунатып жеттін үа шықпасың емессін, галава не марош!— деп тәлекек қып еді, анау болмай, қадалып отырып алды. Байы біліп, бұрынғысынша «жібермеймінді» де айтты. Бірақ болыс тақымдап қалмады. Сұрастыра келсе, бұрынғы іспесіктерде жоқ екен. Ал, соңғы қүндерде қала толған пара, сұмдық, құлық емес пе? Болыс, тілмаш, пристав дегендер талайды-талай саққа мінгізіп жатқан жоқ па?

Законге жүйрік ку болыс дәл соңғы қүндерде бір мөмінның жігітін дәл осы қалаға келген жерде, іспесік тапсырылып қойған сон, жұз қой пара алып босатыпты да, орнына бір жігітті тығу керек боп, Балташқа жабыса кетіпти. Мұны әкететінін біліп, байы Балташтай әрі мықты, әрі тәжірибелі жұмыскерлерден айрылғысы келмей, әрекет істеп, қайтадан алып қалуға айналған екен. Соның жауабын білейін деп Балташ өткен дүйсенебі қүні кешке байдың қақпасына бет алып келіп қалып еді. Ар жағынан бай мен қоса қызара бертіп шығып келе жатқан болыс пен атшабарды көрді. Бай да, болыс та бұған тақай берді:

— Амал жоқ, кететін болдың! — деді.

Балташ ыза болғаннан жалынбады... Жөнін де сұрамады. Үн қатпай бүрылып тарта берді. Жұз қойдаң жиырмасын болыс мына байға еткізіп, дәлін айтқанда Балташты сыртынан сатып, әкетіп барады екен.

Сонымен алдыңғы күн тәңертеңнен Балташтың жалғыз арманы сол болысты енді бір тауып ап, жалғыз-ақ ауыз сез айтып, содан фронтқа әзірлене бермек еді. Түс кезінде төмөнгі базарда көп жиынның ортасында көк жорғаның үстінде түрган болыстың қасына келді де:

— Елдің жақсысы, жаманы деген әкеңнің аузын... сволыч, немен жақсы десем, жұз қаралық-иттікпен жақсы екен фой,— деді.

Болыс тырсын, жарыла жаздал, танау қагып бір қарады да, Балташтың қанын ішіне тартып түрган сұық түсінен, енгезердей бойынан, шәйнектей боп түйіліп түрган жұдырығынан қорқып, жотасын беріп сырттай берді. Өтірік естімеген кісі боп тайқып кетті.

Сүйткеше болмады, қаптаған көп стражник бар лапкені жаптырып, сауданы тоқтатып, базардағы бар халықты бір жаққа жүресін деп айдал, ығыстырып келеді екен.

Болыс өз тұсына келген бір таныс стражникке Балташты сыртынан нұскап:

— Мынаны да айдал апарып көрсет, жырылып кетпесін,— деді.

Сонан соң Балташ қанша шатақтасып бармаймын десе де болмай, әлгі стражник көппен бірге айдал отырып, Боралдайға қарай бұны да әкетті. Боралдайда ол күй мұның көргені әлі көз алдынан кетер емес, жігерін қайнаткан ызаның молы сол. Балташтың көз алдында Ұзын-ағаш, Кастектің сегіз азаматын дарға асты. Қайран Бекболат! Аяқ-қол байлаулы күйінде, дардың астында тұрып, дәл басына қап кигізер жерде сұп-сұр боп ап, дауысын саңқ еткізіп:

— Қайран ел, қош,— деді.

Қаппен ілесе мойнына ілінген бұғау аспанға қарай іліп ала жөнелді. Төрелі, көпесті, стражник, тілмашты қatal қала оны қандай тамаша етті!

— Қәпір, жалмауыз қала, жат қала, сұғың-ай! Бөтенің-ай!— деп, Балташ кемпір-шалға қарады. Олар қайтып үримесін.

— Осы қалаға он жасымда келген екем. Он бес жыл

өмір кешіппін. Бүгін, міне, өлім аузына кетіп барам. Сен болдың не, болмадың не? Елеген бар ма? Шымбайына батып, тым құрса «алда байғұс-ай!»— деп есіркеген бак, дуал, не батпақты көше бар ма! Куғын жеген бұралқы иттей кеттін де бардың!.. деп, батпагы орқаш-орқаш боп тоңданып жатқан сүр көшеге қарады.

Тәшкен аллеясына жетіпті. Обоздар сайда көп боп тіркесіп қалған екен. Кететін азаматын шығарып салатын елді ылғи жаяулатып көліктерін басқа көшелерге тастапты. Эрбір арбаның тұсында ауылдан келген ерек-әйел топ-топ боп үйлішіп жүр. Белдері бүгілген, көздері қызырып, добалдай боп іскең. Беттен акқан соралары айғыз-айғыз. Тұстері де киімдері сияқты шетінен жүдеу, сүп-сүр.

Балташ стражникпен сөйлесіп, бір аландау жерді тауып, көшті содан көлденең өткізіп салды да, шал-кем-пірге жалғыз-ақ ауыз сөзбен:

— Қош!— деп қейін бүрүлді.

Келді де, сұрастырып жүріп өзінің жүз басысын тауып алып, сол нұсқаған арбаға жүгін салып, өзі де ырғып мініп, екі жеңін сұғыстырып ап, мелшиіп қарап тұрып қалды.

Енді байқады: айналасының бәрі күбірлеп, зарлап, қош айтып, күніреніп жылап түрған көздің жасы екен!

Қасында қатар отырған қойкөз сары жігіт еңсесін көтере алмай бүгіліп, бөрігін көзіне киіп ап, біресе «аһ-лап» кетет те, біресе егіліп-егіліп, қеңкілдеп кетеді. Қарсы алдында қүндік киген кәрі шеше ыңыранып, бүйірін таянып тұрып, сыйырлай жылап, жоктау айтады:

— Жалғызым, қуатым! Сұмырай болыс, қуарған қала... Обырдай оптың ба жалғызымы!.. Жұттың ба басымды... Жерің кеңісе егін ек, міне, менің түлдүр болған орныма!— дейді.

Балташ пен екі жолдасы кеп, қоштасып қалды. Бұны, шығарғаның бары сол. Олар да өзіндей жұмысшылар еді. Ешқайсысы да жыласқан жок.

— Өзге жүрттың жылауы аз боп жатыр ма, жыла-майық!— деген Балташ...

Олар мұны арқаға қағып:

— Бала емессің, жолды-жәнді білесің. Қайта, көпті көріп, көзің ашылады. Жәлейт қылма! Сыбағанды же-гізбессің!— дескен.

Дәл обоз жүрерде олар:

— Но, тірі қайт, аман бол паршай, паршай! — десіп қала берді...

Обоз қозғалғанда байқалуы бағағы жылаулар түк емес екен, қоштасу, жоқтау, зарлаулар ылайсаң сүм көшени де, сұп-сұр болған сұық қаланы да енді күнірентті.

— Бауыре-е-м!.. Жалғызым!.. Жан жарым!.. Қосарым!.. деген зар-шер үндері бірінен бірі өтіп асып кетеді...

Қаладан ұзап шыға берे талай кемпір-шал жылау зардан, арбаға ілесе алмай талып жығылып жатыр. Үн демей, мелшиген күйінде, сұп-сұр болып отырған Балташ, енді тау жаққа қарап отырған бетінде қазақ зиратын көрді. Соның қасына кеп қалысқан екен. Бұл кезде арба қасында шұбырғандар да, арба үстіндегі жігіттер де тегіс ауыздары күбірлеп, құран оқи бастады. Тоназыған қолдарымен бірі артынан бірі дүға қып беттерін сипасады. Барлық сұық жау Алматы қаласынан мынау елге жылы да, жақын да көрінген жалғыз орын осы тәрізді. Бұған деген көңіл де қалыпта, жарықшақ та жоқ секілді. Ажарсыз сұп-сұр молалармен қатарласа берे Балташ та бетін сипады. Барлық көпшілікпен бірге мұның да құран оқып, тие берсін айтып келе жатқан аруағы: кеше осында көмілген Бекболаттың аруағы еді...

...Ол күндегі Алматының сол зираттан басқа түсі «лағнет» айтқызған түс еді.

Алматы, 1936

МӘДЕНИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Бұрын ғылым-өнер қазақтың көп татпаған асы еді. Оның білген химиясы құрт қайнатып, ет асу түрінде, оның білген астрономиясы «ай тоғады», «ұркер туды», «ұш арқар таразы көтерілді», «Есек қырған енкейдімен» тоқыраушы еді.

Ол білген есеп ғылымы да не саусақ санаң, немесе «қоралы қой», «шұқыр толы жылқы», «пәлен соқыр» деген сияқты шоғыр есеппен болушы еді. Тарихы ата санау; зат бұйым мәдениеті —«киіз туырлықты қазақ» деген сияқты сөзден тараушы еді.

Жайлап жүрген жер, бағып жүрген мал, ішер ас, киер киім, тұрғын жай — барлығына да ғылым-өнер оншалық қабысқан да, ат салысқан да жоқ еді.

Құба тақыр, сарғылт сахарарада сол сахаралардай үзак-үзак заман жатты. Бұлыңғыр сүрғылт күндерде күлаланып толқып көл жатса, сол айдынның бетіне көпіршіп, шыпшип шаңбарак атқан көбіктер шықпаушы еді? Сахаралар жайқының бетіне домалақ киіз үйлер, жаңағы көл бетінің көбігідей шығып-басылып тұрып өшіп, бір жиектен бір жиекке көшіп-конып күн кешті. «Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау»— деген жұмбақтай, сол үзак сахараның, сол үзәк ғасырлардың шешілмес бір жұмбағы бол сол киіз үйлер көп кезді.

Сол үйлердің ішінде күмәнді қүндер атқарып жұмбақ тағдыры адам өтті. Атадан иәсіл, иәсілден үрпак, үрпактан қарға тамырлы халық өсті. Бірақ ғылым-өнер қазнасына қарай қадам баса алмай, жылжи алмай күн кешті. Бұл сахарарада тарих мешел бол отырды.

«Атадан үл туса игі, ата жолын куса нігі» деп ата кешкенді кешсе, ата білгенді білсе болды деді. Атадан озса обалдай көрінді.

Халық өзі сол мешеу замандарын қалың үйқы басқан заман деп еді... Өнер бар деп ансаң талпынған заманын ояну деп атап еді. Кіз туырлық астында көп үйықтағаны рас. Бірақ тыныш үйықтады ма? Жоқ, жататын төсек жамбасқа тастай батып, басына шенгел жастанып жатқандай бол, бастығырылып, дөңбекшіп түс көріп үйықтады. Ол түсі қиял түсі, ойдың ізі, арман түсі еді. Ізерлеп ойлап, тімтініп те, тебіреніп те қиялдан еді... Өгей дәуірлер, сүм соққылар тізесі қинап басып еді...

Камышыланған хиялы, көптің көкейін тескен талай-талай «көкей кесті» мұндар айтты. Сол мұнды саз бен үшқыр қиял шар тарапқа шарқ ұрды. Колымен өнерді ұстамаса да, қиялымен тауып табысып отырды... Қалай табысты?

Әңгіме әпсанасы арқылы, қиял ертегісі арқылы, жыр мен дастан, қобыз бен саз, мұнды наз арқылы қабысты. «Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпас», «жер ортасы Қектебе», «ку медиен ку далада» алысты жақын етер пырақты қиял етті халық. Алты айлықты алты аттар түлпар тудырды қиялдан. Халық үшін қарысып, қоғамын алысқа бастаған ерлер туғызды. Сараң, өгей табиғаттың бермесін алып, қонбесін қөндіруге де талап

етті. Алыстың үнін естітін жер тыңдағыш дاناалар, жеті қат жер астына түсетін, түскен сайын қазына алып шыратын қын еңбек сапарларын суреттеді. Ізден, өрле, өнер тап «жұрген аяқта жөргем ілінеді» деген еді шынымен.

Ең аяғы баланы жұбатқан «Өтірік» деген лақабында да жанды-жансыз дүниенің барлығынан қашықтатпай табыстыра жақыннатуға талпынып еді сол қиялмен. Дүниенің сырын біл деп баулып еді. «Талапты ерге нұр жауар» дегенді талайғы мерзімі қып айта бастап еді.

Қанат тауып, аспан өрле, от дариясын өт, сұнгі байлап, су астын жұз, жеті қат жер астына батыл бойла, бәрінде де сыр бар, талабына табыс оралар деп еді. Өнерді, өзгеше күнді қөксеген еді... Өмірде кенже, өнерден кенде қалғанын сезіп қатты тебіреніп еді. Осылайша бастады да ғасырлар бойы осы арман, қиялын алтындар ардақтады. Өнердің тұңғышы әсем, жарқын айшығындей болып бұл сахарада күніренген күй, шығанға шырқар ән туды. Барлық қуаныш пен талап та, мұң мен шерде, алыс пен тартыс та, кәсіп пен тіршілік те сол әнмен тыныс алды.

Кенжелеп қалған қын жайын, шерменде жыр, шешен сөзбен де көп айтты. Талай буын өкілдері талайдан бергі ділмәр жүйрік, алғыр ақын сол буындардың зарсағынын анратты. Ариан жырының басы «арайна» мен басталғандай дәл екі ғасыр бойында халық қамын айтқан жырдың бәрінің құлак күйі — өнерсіздік, қарағызылдық зары еді.

Міні надандық үйқысы сар даланы басып жатқан заманда халық алып «қара қазан, сар баланың қамы үшін» осылайша қиналып, тұн үйқысын төрт бөліп, дәңбекшіп еді. Бұл замандар әні де, жыры да, арман сыр да күрсіну еді. Күрсіну де күнрену еді. Жетпедік, қараңыда қамалдық, өкінішпен күн өтті! — деп күрсініп еді.

Сол халық өз бойындары айып шамын өмірі үмытпады. Мәдениетті ел, өнер-білімді жай көргенде іші күйді. Сол өнер-білімді аңсал, қекірегіне арман жинады. Халықтың осы армандарының сыйызғы қобызындар боп күніренген «жаррақ құлағы жастыққа тимей» зар қағып өткен аяулы үлдары да болды.

Өнер-білім бар жүрттар
Тастан сарай салғызы .

деп, білімді елдерді көргенде іші күйді Алтынсарин Үбірайдын. Ол қазактың адал ұлы еді. «Есіл жұртый-ай, мәдениетсіз, білімсіз қор болдың-ау» деп, өзі үміт еткен жас қауымға:

Кел балалар оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықласпенең тоқылық!—

деп өнер дүкеніне шақырды. Айтып қана қоймады, ауылдан мектеп те ашты, кітап та шығарды (араб әрпін алмай, ең алғаш орыс әрпімен қазақша кітап шығарған және сол орыс әрпімен қазақ балаларын оқыткан осы Үбірай еді) оқытушы да болды. Бірақ жалғыздың үні шыға алмай аз баланы оқытқанмен бірнеше миллион қазактың көзі ашила қоймай, «баяғы ауыл бір ауыл» бол көше берді.

Сейтіп қазақ халқы ғасырлардың ой-шүқұрына қонақтап, белес-белесінен желе-буқендей аскан болды. 19-ғасырдың орта белесінен асканда қара тобыр жолменен баяғыша маңып бара жатқан жұрттына ұлы Абай тап болды. Абай қазақ халқынан шыққан ұлы ақын еді, өз ортасынан иығы асып шығыска да, батыска да қарады. Қарады да мәдениеті өскен, өнерлі-білімді жүрттарды көрді алыстан. Соны көрді де ұлы ақын өз халқын өнер-ге-білімге шақырды. Елінің еркін, жарқын келешегін аңсады.

Атадан қалған қара сүрлеу жолменен аяңдап көшіп кетіп бара жатқан халқын көрді де:

Адасып, аландама жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық қамалимай,
Не ғылым жок, немесе еңбекте жок,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай...—

деп бір айтты. Бұл сезі ескерілмеген соң, ұлы ақын өз жүрттына жалынды да, кейіді де, сөкті де. Бар арманы — білім, өнер, мәдениет еді. Ең алғаш киіз үйдің түнлігін батыс жақтан ашып, халқының тарихын ол кездегі алыс батыска, ұлы анғарра бағыттаған Абай еді. Халқының сол күндері ушін қайғырып:

«Өстіп жер-дүниедегі жүрттың қоры болып отырғанымыз ба? Жоқ қазақ ортасында да өнермен өрістерлік күні болар ма екен?» деп абын арманмен дүниеден қайтты.

Қазақ халқының өнер-білімге деген қиял-арманы тоқтамады. Бірақ ол тілек, ол ынта-талабы іске асуына сонау кер заман ырық бермеді! Аш қасқырдай жалақтап кеп ауыз салған сыртқы жау мен іштен жегідей жеген жебірлер қазақ халқының түрмисын да күйзелтті, ой қазынасын да жұтатты. Қазақтың қалың көпшілігіне мәдениет есіктері тарс бекітулі болды. Жас буынның оқуга түскісі де, білімді болғысы да келді, қалаға барып орысша да оқығысы келді. Бірақ заманасты талабына тоқсауыл жасады. Бертінгі заманда қазақтан шыққан бірен-сарандар оқығандар болса, олар халыққа тегі жат, ниеті жат таптың баласы еді. Олар оқыды да сол өз та-бының, Ресей патшасының сойылын соқты. Халықтың жолын тосып, алдынан ор қазды.

Қалың бұқараның арасынан оқыған адамның шығақоюы ол кезде өте қын іс еді. Қазақтың бұрынғы тарихынан ондай адамды іздесеңіз, бірен-сараңын әрең табасыз. Соның бірі дарынды ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров. Оның өмірі сол кездегі кедей баласына хас тағдыры елестетеді. Өзі басының өнер-талабы бойынша, ауылдағы қорлықтан қашып шығып, бақыт іздеді. Ол бақыты білім еді, сол білімді іздел ол қырды шарлаң бармаган жері болмады. Павлодар, Омбы, Семей, Тройцк, Том қалаларының бәріне де барды. Өз бойына біткен қайсар жігердің, талап-ынтаның арқасында орыс мектебіне окуға да кірді, қайышылап жүріп оқыды. Сейтіп жүрсе де, қалың елінің ол күнгі қорлық тағдырына кектеніп:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам,
Қараңғылықтың көгіне,
Күн болмаганда кім болам...—

деп, қара түнек заманда қияға қарсы қанат қакқан еді. Заманадан замана озды, қазақ халқы расырлардың ұзын сонар белестерінен, аумалы-төкпелі замандардың қаңарлы, қорқынышты кезендерінен үдерө көшіп өтіп, Ұлы Октябрьге жетті.

Тарлан да, тарлан, тарлан тас,
Тарықса шыгар көзден жас,
Тар қолтықтан оқ тисе,
Тартыш алар қарында —

деп, тар қезенге, тұтқылға түскен шакта, бауырлас орыс енбекшілері қазак халқын жарыққа бастап алғы шықты. Еркіндік дүниесіне, бақыт дүниесіне қарай жаңадан көш тартты қазак халқы. Сол көшті бастаған ұлы орыс халқы, жер жүзі енбекшілерінің қамқоры, данышпан Ленин. Сахарасынан қарандырылған кетіп, көгінен шаттық күні құлғен қазак халқы — осыдан былай қарай бұрынғы қара сүрлеу жолдан шығып, айдай айқынданып жарырап жатқан жаңа жолға түсті. Тарихтың дана жолына басты. Бұл жол — қазак халқының ұлы көшін бақытқа да беттетті, мәдениетке де кенелтті. Қазак халқы будан былай керуен аянымен мимырт көшпеді. Бәйгіге ат қосқандай жосылта дамып, құлаш ұрды. «Көкейімізді тескен мәдениетсіздік едін-ау, бетімізге дақ салған өнер мен білімнің жоқтығы еді,— сенің де ызаң өтті-ау» дегендегі өнер-білімге лап қойды. Талайға созылған арманын, түсін, ігілік түсін іске асыра беттеді. «Қарандырылған кегі үшін» халықтың барлық ұлы, қызы өнер-білім күніп, жарыска түсті. Бұрынғы замандағыдан «өрмелеп шығу емес» ойнектап шығып, туған сахарасының мәдениет шамшырағы болуға аттанды олар...

МӘДЕНИЕТ, СӘУЛЕТ ҚАЛАСЫ

Ауыл, аудандарғы оку орындарын тауысқан қазак балалары жаңадан мектеп іздең қала-қалаларға беттеді. Ендігі қала революция азат қылған, революция тудырып өсірген буындарды ерекше зор мейірмен шақырды. Айшықты әсем тудай тартты. Қазак халқының ендігі үрпағының өнер-білімге деген ынталанысы ерекше еді. Оның ынталабы күн үзакта қөгенделіп келіп, кешкесе жақын енесінен қарай жамырап жөнелген аш қозы сияқты еді. Революциядан кейін қазак жастары өнер-білімге осылай жапа-тармағай жөнелген еді.

Қазақстанда жүзден астам аудандық қала, оннан аса облыстық қалалар бар. Сол қалаларға қашан барсаңы да құмырсқадай қайнап жүрген қазак балаларын көрер едініз. Ол қалалардың әрқайсысында ондаған орта мектептер, техникумдар бар. Бір катарында жоғарғы оку орындары да бар. Жалғыз бұл қалалар емес, революциядан бері қазак жастары Мәскеу, Ленинград, Ташкент,

Қазан, Томск, Омбы, Саратов қалаларына да көп тарағ, ләк-легімен оқыды. Алайда қазақ балаларының қөбірек оқитын жері — өзінін сүйікті астанасы Алматы.

Аспанмен тілдескен асқар Алатаудың төсіне еркелей конған сол қала! Өлке бойы ірге тауы толған орман-бау бақша! Бүткіл көшелері бойлай қаз-катар тұра қалған биік бәйтеректер, аула біткеннің бәрінде бұлбұл конған гүл бағымен жайқалып тұрған жеміс бақшасы. Құйған корғасында жалтырап жатқан тастақ көшелерді бойлай сарқырап ағып жатқан қасқа бұлак. Жарастықты, жастықты, өнген менен өскенді қостап мың бұтакта сансыз көп бұлбұл сайдайды.

Бурын қаладан қашатын қазақ бүгін бұл Алматы де-се аузының сұы құриды. Ұлан-байтак сахарасының шар тарабынан ағылып кеп Алматыға құйылып жатқан қазақ жүртшылығын, жана жас Отан жүртшылығын енді көр! Оның ішінде ақсақалы да, әйелі де, жасы да бар. Жалғыз қазақ емес, барлық ұлт бар.

Алматы Қазақстан халқының сүйікті мекені, мактандары, Қазақ Советтік Социалністік Республикасының астанасы. Атала сөзбен айтсақ, қазактың жана, жарқын тарихының ту орнаған жері, басты ордасы.

Алматы қаласы қазақ халқының мәдениет орталығы, өнер-білім кені. Қазақ халқының оқу, білім мәдени-ағарту жағынан өскендігін көрсетуге осы Алматы қаласының өзі тұлға болғандай. Бұнда жүз шамалы орта, кішілі мектеп, он бес техникум, он үш жоғары оқу орны бар. Одан басқа да толып жатқан курстар, өндіріс мамандығын бітіретін орындар да бар. Орталы-кішілі мектептерде оқитын 46912 бала, ВУЗ-дарда оқитын 12 мындау студент бар. Есеп бойынша Алматыда тұратындардың үштен бірі окушы болып келеді. Бул қала әсіресе білім ағарту ордасы. Орта мектептер Қазақстанның қай қаласында болсын жеткілікті. Ал, Алматының өте-мөте айрықшалығы — ВУЗ-дардың, оқымыстылардың қаласы Алматыдағы 13 ВУЗ бер жоғары курстар жыл сайын жүздеген жоғары білімді маман дайындал шығарады. Жыл сайын жүздеген мұғалім-педагогтер, дәрігерлер, воотехниктер, агрономдар, инженерлер тағы сол сияқты жас мамандар лек-лек боп республиканың сахара-дала, сына, тау саласына ауыл-қаласына өнер-білім жарығын дамытқалы аттанып жатады. Алматыда 70 шамалы профессор, 200-ге тақау доцент, жүздеген оқытушы мұғалім-

дер, 500-ге жақын ғылыми қызметкерлер бар. Алматыда театрлар, киноханалар, баспасөз орындары, тағы сондай мәдениет-агарту орындары толып жатыр.

Бұл салтанатқа Алматы қаласы Совет дәуірінде ғана ие болып отыр. Бұрынғы Верный қаласының сиқын көзге елестетсөніз, қарағызы келмес еді. Ол бір сорлы қаласымақ еді.

Қазіргі Алматыда 250.000 астам халық тұрады. Қошекешеде, мектептерде, бақша ішінде, зәулім биік үйлерде өнерді, білімді сөз қылған қуанышты, ынталы жастарды көресіз. Орта мектептердегі білімді тауысқан қазақ жастары одан әрі де білімді, оқымысты болмақшы. Баяғы замандай «қайда барам, қайда түсем, қайтіп оқимын» деп тарықпайды. Мамандығын таңдаپ Алматыдағы окуорындарын аралай бастайды:

- Мен дәрігер болам!
- Мен агроном болам!
- Мен журналист болам!
- Мен инженер болам!
- Мен педагог болам! —

деген сияқты үндерді естисіз жастардың аузынан. Болғысы келсе болады. Бөгеті кеткен, түнек күні біткен. Тек ВУЗ-ын таңдасын да, соның қазынасына қарай қадам бассын.

БІЛІМНІҢ ТҮҢГЫШ ОРДАСЫ

Бұғаңғы Қазақстан жастарының алдында білім-өнер өрісі үшан-теніз. Қай білімді, қай өнерді алам десе таңдау-талғауына шек жок. Талай ғылым саласы үлкен-үлкен ВУЗ-дарға орнап, «кел мұндалап» түр. Ғылым сарайлары бір емес әлденеше. Тұып, бекіп орнағандарынада талай жыл болды. Солардың ішінде аға ВУЗ-дың бірі Абай атындағы Мемлекеттік педагогика институты. Бұл институтты мәдениетті жұртшылықтың бәрі де біледі.

Қазактың Мемлекеттік педагогика институты бұрынғы гимназия тұрған үйде. Бірақ бұл институт баяғы гимназияның орнына құрылған институт емес, ол гимназиядан үй болмаса, іске асатын жүрнақ қалған жок. Мәдениет, оқу-білім жағынан қажеттігі өскен қазақ елінің

жоғары білімді адамдарға деген әсіресе, мұғалімдерге деген мұқтаждығы жыл сайын ұлғайып кеп еді. Партия мен үкімет ұлт-ұлттың мәдениетін, оқу-ағарту істерін өрістетуге ете-мөте көніл қойды. Сол назардың арқасында Қазақтың Мемлекеттік педагогика институты жасалды. 1928 жылы Орталық партия комитеті мен Союздық Халық Комиссарлары Советі Қазақтың Мемлекеттік педагогика институты ашылсын деп қаулы шығарды. Содан бері қарай Қазақтың Мемлекеттік педагогика институты, қысқаша айтқанда ҚазПИ, Қазақстандағы алғашқы ВУЗ болды. Бұл ВУЗ-дың ашылуы қазақ халқы үшін үлкен игілікті іс еді, өйткені бұл қазақ халқының мәдениет өнер-білімінің жоғарылауына тартылған алғашқы арқалық сияқты еді. Мектептен жүрдай болып келген қазақ даласы білімпаз адамдарға, әсіресе, мұғалімдерге зар еді. Сол тілеуге ең алғаш жеміс берген осы ҚазПИ. Соңдықтан ҚазПИ-дің ролі басқа ВУЗ-дардан өзгеше. ҚазПИ бізге басқа ВУЗ-дан ғері алғашқы тұнғышымыздай болып ыстық көрінеді.

Қадірлі адамдарды, мұғалімдерді тәрбнелеп шығаратын өзінің алғашқы өнер-білім ордасына жүртшылық неге сүйсінбесін! Ең алғаш Платонды, Сократты, Архимедті, Руссоны, Ньютонды, Дарвінді тағы сондай өлем данышпандарын қазақша сейлеткен осы институт болды. Қазақ тілін, қазақ әдебиетін, қазақ тарихын ғылым есебінде, пән есебінде қатарға қосқан да осы институт. Бірақ ең бірінші, ең алғашқы ВУЗ-ды құру жұмысы оп-оңай іс бола қойған жоқ. Қытушы-преподаватель қадрларын құрастыру, оқу-білім жобаларына жол тартып, оған марксизм-ленинизмді арқау ету істері зор еңбекпен орнады. Оқу-ағарту орындарына және ҚазПИ-дің өзіне Қазақстанның мәдениет білім қызыметкерлері жағынан тапшылығын пайдаланып, алғашқы кезде еніп кеткен байышыл үлтшылдардың да кесірі көп тиіп еді. Бірақ партия мен үкімет халық жауларының бүндай арамдық өрекеттерімен күресе отырып, қазақтың бірінші ВУЗ-ын — Советтік ВУЗ етіп жасап шығарды. Бірақ жаулардың арамдық істері тоқтамады, қайта байышыл үлтшылдардың иелер алаяқтары қытушы деген атпен ҚазПИ-ге жинала бастады, олар ҚазПИ-ді үлтшылдықтың медресесіне айналдырмақшы болды. Бірақ онысы болмады. ҚазПИ — өзіміздің ҚазПИ болып қала берді. ҚазПИ-ге

партия ісіне берілген өнер-білімге жаңын салған совет жастары көп жиналды. Жас болса да берік болды олар. Байшыл үлтішлардың білгірсіген, шешенсіген құсымақтарының тас-талқанын шыгарып, күлін көкке үшірді.

ҚазПИ он бір жыл жасап келеді. Бұл он бір жылдан бергі тарихын тізбектеп айтса, талай томды кітап болар еді. Мындаған адам оқып, өсіп шықты, басынан кешкен таңғажайып істері де көп болды. Сөйтіп ҚазПИ он бір жылдың ішінде Союздағы үлкен ВУЗ-дардың қатарына қосылды. Республикалыздың оку-арапту қозғалысында көрнекті орын алыш келді, өнер-білімнің үлкен кеңі болып алды. Қазақ сахараасына жүзденеген жас мұралімдерді әзірлеп берген осы ҚазПИ.

1928-жылы институт ашылған жылы 124 оқушы болыпты. Оның 76-сы қазақ екен, содан аттатып келіп 1933 жылға келсек, 515 студент, 1939-жылы 501 студент, оның 228 қазақ болған. Бүгінде қазақ ВУЗ-дарында жүзденеген қазақ қыздары оқыды. Солардың көп оқытын ВУЗ-ның бірі — ҚазПИ, мысалы: 1938-жылы 32 қызы болса, 1939-жылы 46 қазақ қызы оқыған.

Он бір жылдың ішінде институттың қабырғасы қатып, бұранасы бекіді. Осындай өз төлдерін есірумен бекіді.

1928-жылы институт құрылғанда үш қана бөлім бар еді, олар тіл-әдебиет бөлімі, физика-математика бөлімі, табиғат тану бөлімі. Қазір институтта бес факультет бар. Бұрынғы үш бөлімнің үстіне тарих, география бөлімдері келіп қосылды. Бұл факультеттердің бәрінде же-ке пәндердің кафедралары бар. Сол кафедралардың ішінде бүкіл республикалық маңызы зор кафедралар — тіл, әдебиет, тарих кафедралары. Тіл кафедрасы қазақ тіл ғылымының өсіп жетілуіне қазақтың ғылыми грамматикасын жасауда, қазақ тілінің тарихын жүйеге салуда үлкен еңбек сінірді. Кафедраның мүшелері, ҚазПИ-дың оқытушылары — С. Аманжолов, С. Қенесбаев сияқты жолдастар. Бұл екеуі — филология ғылымының кандидаты, қазақтың соңғы кезде өскен жас оқымыстылары, бұлар жазып шыгарған тіл ғылымының оку кітаптары бүкіл Қазақстандың абырой алыш, мектептеріміздің тіл жөніндегі сүйеніші болып отыр. Қазақ әдебиеті мен қазақ тарихы жөнінде де әдебиет, тарих кафедраларының да істеген маңызды істері көп.

Институттың үлкен бір табысы — соңғы жылдары жаңадан жақсы-жақсы оқытушылар, профессорлар жинағ алды. 1928-жылы 20 шакты ғана оқытуши бар еді. Олардың бірсынырасы арамдақпен бой тасалап жүргей жат адамдар еді. Соңғы жылдарда сол жат адамдар күніліп, онын орнына жаңа жас оқытушылар кадрлары жиналды. Қазір институтта 75 оқытуши бар. Олардың 21 қазақтан шыққан оқымыстылар. Оқытушылардың ғылыми дәрежесіне келсек, 7-үі профессор, 15 доцент. Бұлардың ішінде ғылым докторы, ғылым кандидаты деген дәрежеге ие болғандары да бар. Оқытушылардың дөні жас кадрлар, олардың көбі кеше ғана оқушы еді, көбі осы ҚазПИ-дің өзін бітіріп шыққандар. Солардың ішінде ғылыми еңбектерімен аты шығып жүрген Толыбеков, Қенесбаев, Тәжібаев сияқты жас оқымыстылар да бар. Оларды студенттер өздерінің жолдасындай, ағала-рындай көреді.

Институтта Маркович, Сильченко, Линчевский сияқты қадірлі оқытушылар да бар. Маркович нағыз ғылымның адамы, нағыз біздің заманның ғалымы, социалистік қоғамның бір берік қайраткері. Линчевский карт тура-лы роман жазсаңыз да әнгіме жеткілікті. Бұл — бір ба-ла мінез, акпейіл карт. Оның лекциясын көңілденіп қошаметпен тыңдайсыз. Фактіге дәлелге жүйрік, мысалдауға, салыстыруға шебер Александр Харлампович өзінің жайдарман сөздерімен мәтелдеп, мақалдан кеп үлкен жазушыларды шәкірттеріне шын сүйгізе біледі.

Институтпен бірге жасасып келе жатқан адамның бірі Сильченко. Бұл кісі әрі әдебиет оқытушысы болып та, әрі институттың оку ісін басқарушы болып та зор еңбек сінірген адам. Оқып жүргендеге де, институтты бітіріп жеткендер де Сильченко жолдасқа әрқашан разылық ғілдіріп жүреді.

Институтта әрі оқытушы болып, әрі басшы болып қызмет істеумен бірге Сильченко жолдас қазақ әдебиет тарихын ғылыми зерттеу істерімен де айналысады. Сильченко жолдас ғылыми дәреже алу үшін қазір диссертация қорғауға әзірленіп жатыр.

Институтта осындағы қадірлі оқытушылар әлдес-неше.

ҚазПИ-де құрал-аспап жақтары да жақсы жабдықтаулы. Үлгі боларлықтай тамаша лабораториялар бар. Әсіресе, химия лабораториясын алғызыз, бұндағы қурал-

аспаптардың өзі толып жатқан бір жиһаз. Бұл лаборатория құрал-аспап жағынан үлкен қалалардағы есکі ВУЗ-дардың лабораториясынан кем сокпайды. Марксизм-ленинизм кабинеті де салтанатты. Текшеленіп қалаулы тұрған қызылды-жасылды кітаптар, сыртында: Маркс, Энгельс, Ленин және Плеханов, Кант, Фейербах сияқты аттар жазулы. Кабинеттегі екі бөлмеге лықа толып түн бойы сарылып сабак пысықтап отырған студенттерді, оларменен шұғыл кенесіп жатқан профессорларды көресіз. Бұл кабинет институттағы ең беделді және барлық студентке бірдей «ұлken үй» сияқты кабинет. Онда тарихшы да, әдебиетші де, химик та, математик та отырады. Институт кітапқа бай, кітапханасында 175 мың том кітап бар. Бұлар студенттердің ең жақын досы, үзақ жолға алатын мол азығы.

Институтта сырттан оқытатын бөлім бар, мұнда мың қаралы адам оқиды. Бұлардың көбі ауыл, ауданның мұғалімдері, білім дәрежесін жетілтуге ұмтылған қазак жастары. ҚазПИ тұрған үйде ҚазПИ-дің інісі сияқты бір оку орны бар. Ол мұғалімдер институты. Бұл институт шынында ҚазПИ-ден енші алып шыққан отау институт. ҚазПИ-дің өкше басар жеткіншегі — рабфагі да бар. Оның окушылары ертең-ақ ҚазПИ-ге кеп төрден орын аламыз деп, құлышынып тұрғандар.

Ғылым ордасының жоғарылағанын, өскенін көрсететін, өзіне сүйеніш болатын бір ісі — аспирантурасы. Бұндағы оқитындар ҚазПИ-дің өз тумасы, өз түлектері. Бұлар әзір 20 шақты-ақ кісі, бірақ аз да болса зор үміт күткізетін талаптылар. Ертең-ақ олар оқымысты, білім-паз адамдар болып шықпак. Қазірдің өзінде-ақ олардың көбі сол ҚазПИ-ге сабак береді. Іштерінде Э. Тоқмағамбетов, Ф. Мұсабаев, М. Фабдуллин сияқты ғылым зерттеу ісін әлден-ақ бастап, жазған еңбектерімен көзге түсіп жүрген талапты жігіттер де бар.

ҚазПИ — бір білім комбинаты, өрісі, аумағы кең институт. Астана жұртшылырына таныс, мейманdos институт. Жазушылар, ғылыми қызметкерлер, пропагандистер, мұғалімдер бұл институтқа тегіс үйір. Әдебиет туралы айтыс, ғылыми конференция, марксизм-ленинизм мәселелерінен баяндама деген сияқты ғылми мәжілістер көбінде осында өтеді.

Кешегі кезде өнерлі-білімді жастарды арман етіп:

Ойнда жоқ бұлардың,
Салтыков пен Толстой
Я тілмаш, я адвокат,
Болам деген бәрінде ой —

деп Абай сынаған баяғы шәлдірік жастарды енді көре алмайсыз. Мұнда оқитын жастар халқы үшін, жаңа дүниенің игілігі үшін өнер-білімге ынтасын, талабын жұмысшыны саналы жастар.

Солардың ішінде талаптылықтың, білгіліктің, үғым-талдықтың арқасында басқалардан озып кеткен жүйріктер, ертең-ак білімпаз боламыз деп әлден-ак білелін сыйбанып түрган білім балуандары бар. Бұлар окуда да, қоғам ісінде де өнегелі, қадірлі жігіттер. Сол қатардан Жармағамбетов, Дайырбеков, Жұбаев, Уваров, Қазықанов, Құлымбетов, Тобылбаев, Тихоновская деген студенттер жуықта зор абырайға ие болып, үлкен куаныш тапты, арнаулы стипендияны алатын болды бұлар. Бұл абырай, бұл атақ бүкіл институттын куанышы.

Міні осындағы өскелендеген өнер-білім, өрге басқан жас қауымның үл, қыздары арқылы, қазақ сахараасынан ғасырлар қарандырылғын күп айдаған, жойып отыр.

Бір ҚазПИ емес, білім жарық ордасы осындағы өршіл табыстарды барлық ВУЗ-дың ұлы дүкенінен таратып отыр. Осындағы даңқты білім орны Дәрігерлік институты, Мал дәрігерлік институты, Тау-инженерлерінің институты, Ауылшаруашылық институты сияқты сан-сала.

Соның бәрінде де құр маман емес, ғылым қызметкері ірі зерттеуші бол пісіп толып келе жатқан қазақтың үл, қызы лек-лек. Бәрінде де осындағы қайнар талап, жайнар табыс, серпін бар. Қазақстанның бүгінгі әрбір ВУЗ-ын алғы революциядан бұрын осы сахарадан шығып, оку іздейген буындардың көрген-білгенімен салыстырсак, қаршығаның қанат қағысындағы парықты көреміз. Баяғыда медреседе 20 жыл мешеу бол отыратын қалпе, қазірет нені оқыды, не білді? Халқына қандай жеміс өкелді? Солардың ауыз толтырып айтатын Бұхар медресесі, Меке Медине дәрістері, тіпті Мысырдағы «Әл Эзнары» пәлен ишан, түген дамолладан алған тағлым тәрбиесі немене еді. Атақты деген Мысыр, Шам, Бұхар, Стамбол медреселерінің бәрін жиса біздің ҚазПИ-дің жалғыз ғана бір қабырғасында түрган ғылым кітаптарының беретінін беріп пе еді. Он бес жыл, жиырма жыл бойында зағ кеткен өмірдің нәтижесін:

Қітапты молда теріс оқыр
Дағарадай болып сәлдесі.
Мал құмар қөнлі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі...—

деп Абай әйгілеп берген еді.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та бар, қалан!—

деп сол Абай өз заманының жетпей бұлғактаған «білмей, пістім» деген шала оқыған шолжындарын шенеп еді.

Біздің бүгінгі білім ордаларымызben, бүгінгі нәрлі, ренде, білімді бекем жастарымызды көрмеген көз су қаранды болсын да.

Қазақстан халқының білім-өнер жолындағы Октябрьден бергі табысы мен қарқынын алғанда, қандайлық қан-жыны актарылған жауды алсаң да аузына құм күйлмай ма? ҚазПИ айтқанда тарихымен, табысымен, тәрбие-тағымымен республиканың білім көшін бастап отырған бірді ғана айттық. Бірақ ол білім ордасы бір ғана емес Ұлы Отанымызда мың сан. Сонын бәрі де бүгінгі қазақ халқының мол қазынасы, ұлы ордасы. Бірі мыңға сүйеніп, мыны бірге нұр беріп жатқандықтан сол бірдің өзін ғана айттық. Бірақ сол біріміз мол саулетті социалистік мәдениетіміздің айқын, толық тұлғасы болғандықтан мысал етіп қана айттық.

ҚАЗПИ-ДІҢ ЖЕМІСТЕРІ

Қазақ даласы мәдениетке, білімге сусаған, бір шлейт жер сияқты еді, сол шелейт сахарарада жайқалыш өскен гүлдерді көресіз, ол мәдениет гүлдері. Сол гүлдердің ішінде қызғалдақтай бұлғактаған ВУЗ-дар жемістері сансыз көп.

Қазақстанның шар қырында мұғалім болып жүрген, мектеп бастығы болып жүрген ҚазПИ жастары толып жатса, сонымен қатар институтта оқытушы, оку бөлімдерін менгеруші, партия ұйымдарында пропагандист болып кеткендері тағы бар. Мәдениеттің басқа тарауларына, мемлекеттік басқа жұмыстарға араласып кеткендер

де, басшы қызметке жоғарылағандар да көп. Солардың ішінде, ҚазПИ-ді бітіріп шықкан: Абдыхаликов жолдас — Қазақ ССР-ның Оку Халық Комиссары болды. Талалаев жолдас КК(б)П Шығыс Қазақстан обкомының секретары болып, Қойбағарова жолдас ҚЛКЖС Оңтүстік Қаз. обкомының секретары болып, Артыков жолдас ҚЛКЖС Алматы обкомының секретары болып қызмет істейді. Осы сияқты ауыл, аудандарда, басшы қызметте жүргендер де көп. Қөрнекті білім қызметкері болып алғандары да көп. ҚазПИ әсіресе әдебиет-жазушылық істеріне көп кадр қосты. Жаңа жаза бастағандарын айтпағанда, жақсы еңбектерімен аты шығып, қөрнекті жазушы болып кеткен Тайыр Жароков, Эбділда Тәжібаев, Есмағамбет Үсмайылов, Қажым Жұмалиев, Эли Есмәмбетов, Қадыр Хасанов және Еркімбеков сияқты жолдастар осы ҚазПИ тулектері еді.

ҚазПИ-дің негізгі мұраты — педагог дайындау. Бұл жөнінен ҚазПИ-дің мактанаrlық істері тағы да көп Республикамызға жыл сайын жоғары білімді педагогтар әзірлеп береді. Ол педагогтар ауыл, аудандарғы мектептеріміздің тұтқасы болып отыр. Солардың ішінде бүкіл Қазақстанға аты шықкан үлгілі әйгілі мұғалімдер де бар. 1939 жылғы 6 майда СССР Ұлы Советі таңдаулы мұғалімдерге наград берді. Бұл совет мұғалімдерінің мәртебесін жоғары көтеретін аса иғлікті іс еді. Сол қуанышқа Қазақстан мұғалімдері де ортақ болды. Қазақстан мұғалімдерінің таңдаулылары осы наградтан тиісті сыйбагалар алды. Сол сый-құрмет наград алғандардың ішінде бұрынғы қарт мұғалім, әрі жазушы Спандияр Қобеев те, Павлодардың жақсы мұғалімі Рахметов те бар еді. Олардың ішінде кәрі, жасы аралас еді. Бұлардың бәрі де қазақтың халық ағарту ісіне қөрнекті еңбек сіңіргендер, қайраткерлер. Бұлардың қатарында ҚазПИ-ді бітіргендер де аз емес. «Еңбектегі батырлығы үшін» деген медальды Загира Куленова, Хан Валиев деген жолдастар алды. Бұл екеуі кеше ғана ҚазПИ-дің студенті еді. ҚазПИ-ді бітіріп мұғалімдік қызметіне араласқанына екі-үш-ақ жыл болған-ды. Сол екі-үш жылдың ішінде еңбек батырлығы айқын болып көзге түсуге жеткен, партия мен үкіметтең алғыс алу мәртебесіне жеткен. Бұл ҚазПИ-ге де үлкен қуаныш емес пе?

Загира болса еңбек қасиеті арқасында Қазақстандағы таңдаулы адамдардың бірі болып отыр. Халық ағарту

ісінің бул сияқты та~~маша~~ адамдары толып жатыр. Олар республикамыздың алдыңғы қатарлы адамдары, қазақ мәдениетінің белсенді қайраткерлері.

ЦИФРЛАР СӨЙЛЕСЕ НЕ ДЕЙДІ?

Партия мен үкіметтің басшылығы арқасында, Ленин-дік ұлт саясатының жүзеге асуының арқасында Қазақ республикасы өнер-білімі өскен елге айналды. Қазақ халқы 20 жылдың ішінде түрі үлттық, мазмұны социалистік мәдениетін өркендетіп алды. Бұл 20 жылдағы мәдениет табысы — қазақ халқы талай ғасырлардан көшіп өтсе де, талай шарқ үроп ізденесе де бұрын таба алмаған, бұрын жете алмаған мәдениет еді. Түнек басқан ғасырлардан қазақ халқы өнер-білім туралы, мәдениет туралы абын армандаған ойна сактап келген еді. Сол арманы орындалды, көсегесі көгерді. Бұны фактыдан көріп отырымыз. Сөзді цифrlарға берейік:

1914—1915-жылдары Қазақстанда барлығы 2011 мектеп болған екен. Оның ішінде орта, орталауы 53 екен. Ол кезде қазақ мектебі ныспы болмапты. Ал революция орнағаннан кейін мынадай жайды көреміз. 1920-21-жылдары яки қазақ республикасының жаңа құрылған кезінің өзінде-ақ 2410 мектеп ашылған. Оның ішінде 590 қазақ мектебі. 1927-28-жылы Қазақстанда барлығы 3944 мектеп бар екен. Оның 1527 қазақ мектебі екен. Одан аттап, қазіргі жайға келсек, 1939-40-жылдары Қазақстан 8381 мектепке ие болды. Оның ішінде орта, орталауы 2244, бұлардың 1443 қазақ мектептері. Бастауыш, орта және орталау мектептердегі оқушылар санының өсу жайы мынадай: Қазақстанда 1914-15-жылдары мектепте оқытын балалар саны 105239 екен, ал 1939-40-жылдары мектепте оқытын балалар саны 1132326-ға жеткен. Солардың ішінде 446765 қазақ балалары. Жоғары, орта дәрежелі оқу орындарының халжайы мынадай: революциядан бұрын Қазақстанда бірде бір ВУЗ болмаған, қазақ республикасы құрылған жылдары да ВУЗ жоқ еді, тек 1927-28-жылы ғана бір ВУЗ ашылды. Бұның өзі де толық мағнасындағы ВУЗ емес, жоғарыдан төмендеу оқу орны еді. Оны ағарту институты¹ дейтін, бұнда сол жылдары 119 студент бол-

¹ Қазинпрос — Ташкентте ашылып, кейін Қызылордага көшкен оқу орны.

ған. Ал 1932—33-жылдарға келсек, ВУЗ-дың саны 10 жетті, ондағы оқушылар саны 2659 жетті. Қазір Қазақстанда 19 ВУЗ бар, бұнда 8432 студент оқиды. Революциядан бұрын Қазақстанда техникум сияқты 7 оку орны болған, онда 302 бала оқыса керек, қазір Қазақстанда 120 техникум бар, онда 26331 бала оқиды. Революциядан бұрын Қазақстанда бірде-бір рабфак жоқ еді. Қазақ республикасы құрылымымен екі рабфак болды, қазір 11 рабфак бар да, оқушысы 2574.

Оқу орындары мен окуышылар санының есүі осындай. Бұл цифrlар Қазак республикасында оқу-ағарту ісінің жыл сайын ғанаға көрсетеді. Революциядан бұрын оқу-білімге жүрдай болған қазақ халқы қазір өнерлі, білімді жұрт болып алғанын көрсетеді. Бұл цифrlарға үлкендер институты, курстар, сауатсыздықты жою орындары кірмей отыр. Ол орындар да Қазакстандағы оқу-ағарту ісінде келелі орын алды. Партия мен үкімет сауатсыздықты жою мәселесіне соңғы жылдарда аса шұғыл кірісті. Қазақстан халқын жаппай сауатты ел етуге күш салды. Соның нәтижесінде қазір, 1939-жылы жүргізілген халық санағы бойынша, Қазақстан халқының 76,3 проценті сауаттанды. Халқының сауаттылығы жағынан Қазақстан республикасы Союзда борын алды. Республиканың XX жылдық мерекесін бүкіл жұртшылығымыз жаппай сауатты ел болып мерекелемекші. Оқу, білім орындарымен бірге Қазақстанда түрлі мәдени-ағарту орындары да өсіп-әнді. Революциядан бұрын Қазақстанда бірде-бір детсад жоқ еді. Қазір 514 детсад бар, онда 17903 бала тәрбиленеді. Революциядан бұрын 146 кітапхана бар екен (оның бірде-бірі қазақтік емес), қазір 3304 кітапхана бар. Революциядан бұрын бірде-бір клуб жоқ екен, қазір 5237 клуб бар, революциядан бұрын 2 музей бар екен, қазір 25 музей бар, революциядан бұрын 2 театр бар екен, қазір 38 театр бар, революциядан бұрын 20 кино-театр бар екен, қазір 1275 кино-театр бар. Бұл цифrlарға қарағанда революциядан бұрынғы мәдениет-ағарту орындарының көлемі саусақпен санарлықтай аз екендігін көреміз,— оның өзі де қазақ халқынің емес еді. Олар патша чиновниктері мен даланың көпес-байларының иғлілігі үшін жасалған орындар еді.

Баспасөзге келсек, революциядан бурын 11 газет, 3

журнал бар еді. Қазір Қазақстанда 322 газет, 28 журнал шығады, Бұл көрсетілгендердің бәрі әшейін цифр емес, өмір фактылары. Бұл цифрлар Қазақ республикасының өнер-білім жағынан, мәдениет-ағарту жағынан өсіп-өркендеген салтанатты ел болғандығын көрсетеді. Түрі үлттық, мазмұны социалистік мәдениет жасағандығын көрсетеді.

Бұл табыска, бұл иғлікке қазақ халқы Лениннің кеменгер ұлт саясаты арқасында жетіп отыр.

1940

ӘР ТЫНЫСЫҢ «ОТАН» ДЕЙТІН ҚҰН БҮГІН

Құн астында кек жайқын боп, тыныш теңіз тербеледі. Байтак Балқаш бетінен кеш самалы келеді. Сол самал жел жылжытқан кекше, мөлдір көп толқын, бүгін Ертіс жағасынан, дағдыдан тыс күй көрді. Кою будақ түтіні бар, мұнарадай мұржалар емес таң қылған. Әсемдігіне Алматының өзі қызығарлық, өншең бес қабат тас үйлі, жана қала да емес бүгін бөлек көрінген. Теңізге таман төніп келген, күдір белді бір тепсөң бар еді. Соның барлық алаң-атырабын езгеше қалың толқын басыпты. Салқын, сүйық теңіз толқыны емес. Ағылған адам толқыны. Кою, қалың, қайнар толқын. Нөсер әкеле жатқан бұлттай, бүктетіліп булыққан, кейде көсліліп шалқыған ерен қуат толқыны. Осы толқын үстінде қанатты ұран қалқып келеді... Қазіргі сағатта жүздер жүрегінен, мындар миынан атылып шыққан асыл ұран. Ел тынысының атойы сияқты боп, ер қанының қайнар ашумен толқығаны сияқты боп, айшықты қызыл тулар желлініп келеді. Бұл келе жатқан еңбек елі. Осы сәтте «Отаним» деген жалғыз ұранды еске алған. Баяғының батырынша бекем басып, арқаның коныр салқын самалын төске алып, айданыды ашумен жиылып жатқан халық қолы...

Жылған мыс заводының мойымас металышлары, бағыту фабрикасының шынықкан шеберлері. Жаңа электрлі Балқаш, балықты Балқаш, жол транспорт халқы, партия, совет басшылығы, окушы, қызметші жүртшылығы келеді. Аналы, балалы Балқаш, карт қайраткер, жас жігер Балқашы — баршасы да толқыннан толқын

молайтып, қалың жойқын шептей боп тоғысты. «Достарым менің» деп, аяулы отанын асыл ана халқына, халқының жігерлі жүргегіне жолдаған ардақты қамқор сәлемін, 15 мыңдан асқан айбынды жиын қыбыр етпей тыңдап шықты.

Осы жиын жұзінің өзінен-ак, бүгін осы сәтте барлық Советтер Одағының сан миллион халқының жүргегі қалай соққанын, жігері қалай тасқанын, ашуы қалай алышып тұрғанын тану киын емес. Алып тынысы аспан атады. Жән ашуы теңіз бетін шарпығандай. Тістенген жақтарда, қадалған қайрат — көздерде болсын, бұшық еті ойнаған балрадай берік білектерде болсын, брак қана жауап тұр. «Жойылады, жерге қағылады, аты өshedі жайын жынның» деген бір ғана бүйрық-байлау. Осындағы өкім үрасын тебіренген телегейден.

Бар металшы атынан: «Жау жауабы артық іс. Майдан тілеген асыл мыс. Бар күшіміз батыр майдан жолына. Эрбір тірлік тынысымыз... Сүйікті Отан арына ғана арналды» деп завод үнін Щербак жолдас жеткізді.

«Аяну жок, әзірміз. Совет сұңқарлары жау аспанына біз жіберген ажал оғын жұмсасын. Еңбегіміз Отан керегіне жараса, тірлігіміз сонда ғана жарасар» дейді, байыту фабрикасының тобынан берік сертін әкелген инженер Көдіржанов жолдас.

Аясы кең көл бетін сертіне күә етіп, осы кеште, салмақты сақ-сақ үнменен ақын да асқақ жыр атты. Жаудың жүзін тілім-тілім етерлік, қылыштай қатал көр жұмсап еді бүгін ел...

Келесі кешкі қағатта, жүрекке берік қайрат алыш, тастүйін боп тараған жұрт дағдылы түн тыныштырын іздел кеткен жок. Станоктарға, секцияларға, қайнар казандарға, паровоз котелдерге, агрегаттарға барып, сергек жүзбен кезекке тұрды. Балқаштың барлық мол-мол цехтары бұл сағаттарда, бұл күндерде аралары алшақ-алшақ жатқанына қарамай, бір-ақ киммел үстіндеңі бір ғана күйлі агрегаттай зыр қакты. Дүрілдеген, сыйырлаған, гүл қаққан құشتі, бапты механиздер Балқаш жұртшылығының бүгін күндіз дур-шур сілкінгөп, қыраидай қаптал қайратын паш еткен тарізді. Ертеңін келер күндерге өнім өктегенін қысқа тілді, мол мағыналы цифрлар баян етті. Қоңырадыр Қоңырраттан кең көмелеп асқанда, көкше теңіз жағасындағы асқақ мұржалағы заводтан мыс та тасқып, толықсып икты.

Басқа бір жайда, адам қалпын алсан, көніл таразысы сөз дер ен. Бірақ күйлі Балқаш жайын айтсан, кешегі кекпен түйілген ел көнілін мықты санды мыстан сына. Сол себепті мұнда да дауырық жок, дабыл жоқ. Өзді-өз міндетіне үндемей төнген табандылық, шыдам бар.

Осы жайдың айрықша көрінісін Конырат байқатады. Алыстан естілетін дакпыртын айтпай, жақыннан көрген шынын айтсан да Балқаш, Конырат, механиканың ең жана, ең мығым, ең өнімді аспаптарына мейлінше мол. Сол жайын меже қып, Коныратқа келгенде, қайнар қазан жағасына келгендей, құжынаған қимыл, сапырылысқан сап-сап топтар көрермін дейсің. Әсіресе, кешегідей отаншыл үран салған қайрат қауымы, бүгін енді біржола бар ашуын сыртқа сап, буы аспанға шықкан әбігер қимыл сонында шығар дейсің. Бірақ Коныраттың кең қолатты кернеп алған көп горизонттарына алғашқы рет қарағанында басқаша, тосын күй көресің. Әуелі, демалыс, тыныс уағы ма екен деп те қаласың. Бірақ Балқаш, Конырат қайсысы болсын бірнеше кезекпен күн-түн тынбай істейтіні есіне түседі де, «бу қалай» дейсің. Кен арнасында қауырт топ жок. Адам сирек және жым-жырт сияқты. Рас, жұмыс желісі бұнда тар лавадай бір күысқа түйілген емес. Әлденеше иір-иір горизонттардың бір шеті мен бір шеті талайға кеткен. Ойдан өрге, жотадан жақпарға жеткен. Бірақ сонда да сарт-сұрт ырғак, сарп ұрған жігер қайда? Осындай оқшашу сұраулар әуелгі минуттер көнілге келгеннімен, аз аял қылсаң айыға бастайды. Бір қойнаудан бұлқынып взрыв атылды. Байқай тұрсаң бір салада өнімді жүріспен өрге басып электр поезы жосып барады. Артында мол тіркеулері, гандола атты ашық вагондары. Тағы бір қабаттан ылди қарай беттеген өзге бірнеше электровоз. Олар думпкан атты вагондар тартып, кен әкетіп барады. Ойдағы кен далаға бір кез бос порода (керексіз тас топырак) апарылып төгіліп жатыр. Конырат өз өзгешелігін енді-енді танытып келеді. Мұндағы мол кенді, былайша ашық карьермен алу бүтіл біздің одакта, тіпті бүтіл дүниеде де некен-саяк. Өзінің айрықша қимыл қараеті бар кен арнасы, еңбегін де ерекше құралдармен, айрықша бір жөнге салыпты. Мұндағы еңбек адамы механиканы мықтап жеккен. Сол себепті үн шығарса, еңсесі, биік экскаватор шығарады. Екпінді электровоз еседі. Еңкейіп асап, шалқайып төгіп, қоңыр таудың тас кеудесін кеміріп жатқан экскаватор-

лар мұнда біреу емес әлденешеу. Бір текті емес, әлденеше атаниң ұлындай. Алыс Америкадан келгені, батыс қырыдан келгені, өзіміздің Орал заводынан келгені — барлығы да баппен қозғалып, батпан қайрат етіп жатыр. Кен денесі жақында. Соған ендең түсуді ойлаған Конырат, бүгінде горизонттарда, көбінесе, жердің бет қыртысын алып, кен қабығын аршып жатыр. «Қабық» деген сөз, жалғыз-ақ бұл тұста өзгеше түсінуді керек етеді. Ол көртілген бел, жапырылған жартас, тәнкөрілген тәбелер. Сол жон-жоталардың жүйе-жүйесіне бұрғы становы — Армстронг бұрғысы терең-терен індер қазып береді де, оқтын-оқтын атылған үлкенді-кішілі взрывтар, жұмыс желісін тарта береді. Міне осы істердің бәрінің басында аз-аң, селдір-селдір ғана топ көресін. Бірақ Отан күткен қымбат кенді кідіртпей, құндізтүн демей, ақтарып алып, атқарып жөнелтіп тұрған осы үнсіз, шусыз өктем топ.

Кең қолатқа құрыш болаттың неше алуанын айдал салып, асқын қимыл етіп жатқан Конырат, талай толқын ой келтіреді.

Қос қалалы Конырат болсын, зәулім заводы бар Балқаш болсын, бәрі де өзгеше бір жаңа дәурен туғызыран, соңшалық асыл, сондайлық ыстық көрінетін, әсем дүние. Бұларда адам жайы жаңғырған, өзгеше де, ерекше. Завод пен кеннің бар керекке кенелгенін былай қойып, өзге барлық қоршауын алсаң, онысы да оқшаша тұр. Сәулетті сарайлар, сұлу үйлер осы енбектің ерлерінің жайы. Балқаштың тақыр жондарында жайнаған жаңа қалалар тұр. Қөгеріп гүл бақ жайқалса, жалтырап жарық та нұр атады. Қызығына қлубтар, ұл-қызына ұлгілі мектептер — үйреншікті үядай.

Дәл осындай Қарағандыны ал! Екеуін де жақсы дәүрен кенжесі дейсін. Асса одактың, қалса Қазақстанның берекелі өлкелері. Біреуі одактағы үштің бірі аталғанда, біреуі дүниедегі мол запастың бірімін дейді.

Екеуіңің де қалың катар қауымын көр. Қешегі кезеген көшпелі елдің бақташы балаларының өзінен шықкан азаматтарын көр. Шетел байларының «қара мойын құл» деген Түсінтері бұл күнде сол шахтадағы білікті де сүйікті, белді басшы. Эрі инженер, эрі партком секретары Байжұмановтар бір буын. Ата-бабалары исін сезбеген ұлы заңғар істердің тетігін де, жетегін де өздері біліп отырған осылар. Механикалы шахтаның мықты инженері

жас Әзімбаев, Балқаштағы байыту фабрикасының бас инженері Қадіржанов, Төлегеновтер, Қоныраттағы Мұстафиндер, немесе қатардағы забойщиктен бастап участке бастығы, шахтком бастығы, шахта директоры, партком секретары бол отырған Ақтанов, Нұрғалиев, Рысбеков, Біргебаев сияқты талай жастар, талай азаматтар кешелер ғана құба жондарда қой сонында тағдырына лағнет айтқан жарапы жастар емес пе еді? Қандай қайрат, жоқтан бар ғып, қан казынадай сәүлет салды. Қандай жүрек осыншалық еміреніп сүйіп кеп, ежелгі жабайы даладан осындан ерке ел туғызды. От басынан ойы ұзамаған өлкеге, алып ұранды Отан берді. Сан миллион бауыр менен туыс берді. Басына білім, жүргегиңе жігер құйды. Алдынан әлем көрмеген жарық жұлдызын, бак жұлдызын жақты. Ендеше майданда бол, шахтада бол, завод пенен колхозда бол, өнер-білім өрінде бол, «ненді қорғайсын, кімінді қорғайсын?» дер болса айттар жауап ауызда әзір емес пе? Нени қорғамайық, кімімізді қорғамай іркілейік? Біздің буын былай тұрсын, бағы заман өзінде де ер еліміз өз өмірін қорғамап па еді? Ерлігімен де, еңбегімен де қорғаған. Онда өлке өгей агадай еді. Жалғыз салған дүкені жок, жалғыз өсірген үйенкісі жоқ болса да, тұлдыр даладағы бұлдыр күнінің өзін де соншалық өктеп қорғап еді. Онда өнер алыста, бақ-береке ертегіде ғана болушы еді. Сонда да жанын ортаға салған Қобландыдай, Қамбардай батырлық тапқан бұл халық. Ол кунде, көл бетінде көпіршіген көбіктей, сар жондағы қаңбактай киіз үй ғана көшіп еді. Сонысын да қимаған. Ал бүгінгі алтын отан өлкелерінде, қалалары мен күт далаларында, елдері мен ерлерінде жауға кияр бір тал түгіміз бар ма? Солар үшін күймей тұрар ұл, қыз бар ма? Күйсе қорғамай қала ма? Еңбегімен лавада, горизонтта, агрегатта бір қорғаса, төсін төсеп майданда да қорғайды. Еріне елі қорған болғанда, елінен ері жанын аямайды.

Ендеше өмір-талап, ер дегізер еңбек үшін! Еңбек-өмір — бәрі де, ұлым деген Отан үшін!

Әр жүректен ерлік атсын шын бүгін,
Әр тынысын «Отан» дейтін күн бүгін!

ЕРЛІК — ЕЛДІК СЫНЫ

Совет халқында бұрынғы қауымдардың, бұрынғы тарихтардың ешкайсысы көрмеген талай жана міnez, жана қасиет бар. Солардың ішінде ереңше ардақты саналатын ең қастерлі қасиет — Отан жолындағы ерлік. Отан үясынан үшкан болат қанат қырандар социалистік Отанда, адамдық, азаматтық дегеннің езіне де басқаша биік нарқ қойды. Совет азаматының ерлік арқыла қалай шарқ үратының талай тар қияда танытып келеді.

Бізде ер жорғы тірлігіміздің бір саласының ғана табысы емес, отанымыздың табысы болып данқ алады. Ерлік бірдің үлгісі емес, бардың үлгісі. Ел сүйінер іс етсе, майдан ері, еңбек ері барлығы да бір-әк күннің ішінде ел бағланы атанып баға жетпес белдей қадірмен болады.

Тіл айырмасы, тек айырмасы, жас айырмасы, жыныс айырмы баршасы да Отан сүйер ерлік алдында айырмыс бол көрген емес. Сол себепті достасып, туысқан қалың қауым халықтарымыздың арасында кім қадірлі, «ер» қадірлі. Чапаевты сүймейтін қай қазактың үл-қызы бар! Кешегі Гастелло, Иванов сияқты ардақты жандарды ісінен айналмаған халық азаматы қалды ма? Осылардай ерлерін ардақтау біздегі өзгеше үрпактың айныmas дәстүрі. Бізде азамат сыны — ерлік, ерлік — өзі елдік сыны.

Совет халықтарының тілінде «геройлық», «қаһармандық» деген сипаттардың соншалық жіңі аталатыны да тегін емес, ол көп үшін күнделік міnez. Бойға сінген қастерлі сын-сипат болғанын көрсетеді. Сол геройлықты біз жалғыз бүгінгі күнімізден санап қадірлемейміз. Барлық бауырласқан жұрттымыздың бағы заманнан бергі бар індерінен жиып та басқа көтереміз. Осы ретте ерлікті өз тірлігінде өзгеше қадір тұтқан елдің бірі қазақ халқы. Біздің тілімізде «ерекек» деген сөз бен «ерлік» мәнасы қосылып, біте қайнасып кеткен. Тегін емес. Жұрт өз үғымынша ерлік жоқ жерде адамдық жоқ дегенді білдіреді. Міні, осы ерлік жайшылықта күнде сыналып, сәт сайын сарапқа түсे бермейді. Ер екені белгісіз, кәдімгі көптің бірі бол жүрген адам күндердің бір күнніне жете-ді де, қатарынан қара үзіп, самғаш үшады. Көп ішінен келбен етеді де, жарқ беріп, бір-әк бой көрсетеді. Мұны осындай ететін өзгеше күндер, көпке жайылған өзгеше күйлер.

Ел ананың аяулы баласы болған бұрынғы ерін, бұгынға батырын алып қарасақ, араларында біріне-бірін бір туыстай, аға мен інідей үқсататын оқтын-оқтын жайлар көресің. Ең әуелі «ер» атану, «ерлік» атанудың өзі адамның жалғыз аяқ жеке жолынан үшыраспайды. Үйелменді елінің өзегін жарған мұрат-мұддесінің жолында ғана үшырасады. Және сол ерліктің егізінің сыңарында, алып үшар қос қанатындағы асыл тірек дінгегі бар. Ол, өзгеше бір сую сезімі. Жай сую емес, жар сую емес, жанынан артық көріп жұртын сую, халқын сую сезімі. Бұл суюден қасиетті сую жок. Ол сана, ол сезімнің алдында барлық басқа тірлік, бөгде тілек бас иеді. Соны тірек еткен, содан тиянак тапқан ер қаттауына қан қатсын, қабағына мұз қатсын қайта ойланбайды, катер бар екен деп қалтырамайды. Тәуекел қылып тас жұтып, жауына кәрдей түйіледі. Содан арғы ер қайрагы — егес. «Кілегей қара бұлтпын, келе де жаумай ашылман» дейтін аянбас ашу үні осындай егеске мініп, жалын жұтқан жүректен туған. Ел басына күн туғанда, ер көнілінде өзгеше, өктем күй туады. Күн туғанша көп ішінде күйбен жүріспен жүрген қасиетті үл мен қыз, сын күндерде азапты мазақ қылудан, катерді қалжақ етуден тайынбайды. Қауіпті қыспақ болса, сол кезеңнің өзін мегзеп үшпакты ер бәйгесі деп біледі.

Құрулы мылтыққа жолыктыр
Құрсаулы жауға жолыктыр
Ер сасқандай, етек басқандай күнге жолыктыр...—

деген егес батаны ер Жәнібек өзіне өзі осындайда берген.

Кора толған койымды
Аш қасқырга тапсырдым,
Азу тісі балғадай
Жас қасқырга тапсырдым —

деген Қобланды сезі де осы күйден туған.

Сырт қарағанда, тентек тебіздің шалдуар сезі сияқты көрінгенмен осы сездер аса мағнналы, нәрлі сез. Бейбіт күннің бейқамдығын талақ еткенді көрсетеді. Эншейінде «самандық», «тыныштық» деп қалтырап жүретін жабы көнілді жазалап сөйлейді. Жабыны тұлпар етіп, шыныктырып, ширықтырып алу үшін осыны айтады. Өзін-өзі тасқа түсер асылдай, еткір қайрап алу үшін, осылайша аямай жаниды. Жалын атып, күш жияды... Қандай қауіп

келсе де: «Әзірмін, аянбай аңқып үшамын» дегенді көрсетеді.

Әрине, үйіне ойран, еліне егер күн тілегеннеи айтқан жоқ. Аянбастың серті осы. Аянбаған алады, жасқанбаған жығады деп әдейі өзін-өзі қынға әзірлейді.

Осылар сияқты Құртқа да Алшағырға күң болуды тілеген жоқ. Аяулы Ақжұніс, «жаңы жар екенімді танытар ем, Тарғынның белі сынса екен» деп тілеген жоқ. Бірақ бастарына күн туды да, күй тапты. Жары ерлік жорығына кеткенде, кешегі қоштасар жерде «сен кетсең не боламыз» деп жоқтаған Құртқа елдің панаы бол кетеді. Өз жүргегінің шыдамы мен қайратын бар қатерге қарсы қойып, соны берік қуат бел етеді... Жасымайды, жабықпайды. Ел — Отанның ары үшін ері жанын қиғанда, сол елдің әлсізі мен күйсізіне бұл адад ана болып шығады.

Ескі күннің осылардай ерлігі мен елдігін біз бүгін еске аламыз. Немістердің апыраңдаған ершігештері — рыцарьлары он үшінші ғасырда орыс жеріне шаң шабуылмен тағы да бір келген-ді. Сонда Чуд көлінің жалтыр мұзының үстінде жалтартпай қырып, мұз астына мүрдем кетірген Александр Невский қолы болатын. Бүгін біздің барлық отан сол Александр атын ауызға алады. Текке алмайды. Сондагы ерлер өлі тірі, ондай ғана емес, бүгін сонақұрым ірі деп, еске алады. Жау атаулыға, «Қаптай шапқан жолынан қауырт қаза табасын, баярыдай тағы да қан жамыласын» деп еске алады.

Ер қасиеті ел жұртына қамқорлық дегенді, біздің елдеріміздің барлық батыр тарихы баян етеді. Ұлдың ұлына, қыздың қызына мәңгі бақи мұра қып қалдырғаны осы. Бақ байлықтан, жас тілектен, жақын жардан бетті алыска бүрып, безінгенде Қамбар халық қамкоры бол безінді. Тобыры — құр аз ғана тоқсан үй ғана емес, кез жасы телегей теңіз болған, сор қамаған халық еді. Сол елі үшін «еңірекендеге етегі толған» қамкорды жүрт жанындаі көрді. Жадынан атын тастамады. Жақсы болсаң осындаі бол, үл тусаң осындаі ту деді.

Күніміз нұрлы, күйіміз кемел отанымызда сондай ерлікті біз әрдайым қадірлелеміз. Заманин заман өткелі біз жеткенге жеткен ел мен отан болған жоқ. Бүгінгі мен болашақ тек қана біздікі. Сонымен қатар ескінің де еңсесі биік ерлігін біз қадірлелейміз. Үлгі болар мінезін енеге етеміз, Әсіреле бүгін еске аламыз, Қобланды, Қамбар-

дай үл туған, Құртқадай қыз туған ел бұл күнде бір емес, мынды туғызған. Қөне күндерде көп күттіріп, шанда бір ер туса, бізде сан сайыпқыран, сәт сайын тепсініп шығады. Ешбір киял дастандары дәріптең көрмеген, жыр жетпестей жауынгерлік білдіріп шығады әлемге. Өнегесіз өспек жоқ. Сол ерліктер барлық халық-ка үлгі болсын дейді біздің Отан. Халық қадірлелеген қасиет қайсы екенін ертелі-кешті ерден көр. Отаның сүйгөн ержүректің екпінін Отан сұнқарларының өзінен көр дейді. Бұрынғы бірен-сарап орнына бұлар мындар қаһармандығын көрсетеді. Бұрын жайын аспан әлемі көрмеген, бұрын талай қайтпас қыран білмеген қатты екпінді солар тудырады. «Қыран» деген, «сұнқар» деген сөздердің өзі де бұл күнде біздегі батырлықтың өлшеуі мен теңеуі болуға жете алмай қалды. Сол сияқты ел аныз еткен бұрынғы ерлік те бүгінгі біздің геройлардың анық батырлығының қасында шынымен кемшін соғып қалды. Қәрі теніз толқынымен көпті көрген қара жердің өзі де қазір анық үл туғанын, алып жүрек жан туғанын жаңа танитын күнге жетті.

Оқ үстінен оқ тисе де жараны жара деп білмей, қаны жосып жүріп жауды жапырып шықкан ер командр не дейді? Аспанда самолеті өртенген шакта, өзі бірге жаңа бастаса да қолын мотордан алмай қарысып шыдап кеп жолдастарын құтқарып, өз жеріне конатын ардақты үшқыш, ел сұнқары не айтады. Өз самолетімен жау бомбардировщикін түйғындаі төуіп үроп, бүріп түсетін, ажалға қарсы асқақ айбар шегетін, жүрегі жалын жас батырлар нені өсиет етеді?

Ер ертегіде ғана емес, қас батыр қасында. Өз ішінде, өз бауырынан шығады. Қаулап шығады. Қөр, міне! Қөр де жігер жи. Отанды сүйсек осылай сүй. Қай майданда жүрсөң де жан аямай жалын ат. Бүгінгідей сын күнде жалғыз тілек жадында тұт.

Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іркепер күшім жоқ деп, ер қайратына мін-дагы, өрге бас! — дейді. Осындаі бол ектеген батырлық қазір бізде ту бетіндегі ұранда! Осы ерлік пен осы жігер бүгін біздің бар халқымыздың қанында, күндіз-түні жадында. Сондыктан біз қанішер Гитлер басына әлі-ақ ажал оғын атамыз. Ежелден бергі жауынгер еліміздің жойқын күрзісі немесе фашистерін көрге тықпай тынбак емес. «Отан үшін, партия үшін!» деген қасиетті ұранымыз майданда шабуыл

ұраны болса, тылда екі жұз миллион еліміңдің ерлік сертінің де ұраны. Қарсы шыдар қамал жоқ. Жеңеміз де, жоямыз! Пәле бастаған олар болса, женісті тойлайтын біз боламыз, Ер елдің екі болмас серті осы!

1941

КОНВЕЙЕРДЕ КҮЙ МЫГЫМ

Механиканы аттай айдал, мерзімді мінгіш етіп алға 20-шы сияқты шахталарда буын-буын машина, түйтүйін тетіктер көп. Егер «Караганды қазір қандай?» деп сұрап болса, қалың Карагандыны айтпай тұрып жалғыз ғана сол 20-шы шахтаның бірінші шығыс лавасындағы бір ғана конвейер күйін айттар ен. Өзге лавалар сияқты мұның да үлкен тетігі «лықсұма конвейер»— рештак болады. Осы рештакта өзгеше бір өнегелі мінез бар. Егер дамылсыз сілкініп, үздіксіз өнім айдал түрған ырғағына әлдеқалай аз уақыт көмір түспей қалса, рештак шұғын өзгере бастайды. Тар лаваның ішін даңғаза қып, тасыл-күрсіл үнге басады. Арқа бойы аза боп «ал куректі, сал көмірді» деп, бол-бол қаққандай. Істе күткен порожняк пен электровоз, тыста күткен вагондар бар, баршасынан бұл қысылған тәрізді. Солардың атынан, бөгеліске наразылық көрсетеді. Катқыл үнге басып, қарбаласқан шағында үялғаннан даурыққан сияқты. Ал көмір қаулап, жотасына жұқ түссе тілегенін тапқандай, аңсағанын алғандай өз ырғағын қайта табады. Ендігісі, дабыры аз, дамылы жоқ, дәмді қимыл. Толы жота, тоқмейіл рештак енді мағнналы ырғақ табады. Лықсып «так-түқ» екшеп, «так-түқ» етуімен өзінің айнымас әніне басады. Мынау үні құр «тарс-тұрс» емес, ырғағында сөзі бардай. «Еңбек — өрнек, өнбек еңбек» деп лықсыған сияқты. Рештак, міне, осындей мағнналы да саналы кайраткер. «Бөгеліс болмай, бөксере қимыл етейік» дейді рештак.

Қазіргі кундерде, халық қажыры сан-салада, әр сэтте, отан үшін қан қайратын, ой өмірін түгел жұмсап отырған шақта жаңағы конвейер де халық үніне басым күйін қосып тұр. Сенімді салмақпен көп көмірдің үздіксіз өзенін аял қылмай ағызып, жөнелтіп жатыр.

Бұғынгі серпінді еңбек күнінде бір рештак емес, бар Қарағанды қазаны да сол жүйесі мығым мол конвейердегі өзіледі. Қайнар еңбек төріндегі. Бұл күндерде сөз саран, іс мығым. Сөздін аты — уәделі цифр. Сменаның сыны саннан тыс, нормадан асқан көмір.

Бар шахта, бар участке, бар лавада бұғынгі еңбек ашумен үарылған. Эрбір артық тонна жау жарагын өртесін, өрбір артық вагон отаның берік қорғанын бекем ете түссін деп арнайды. Намыс пен ыза, әр бригаданың лаваға түсер шағындағы қолға ұстап түсер шамындаі. Алдындағы мақсатын айқын танытады. Эр білекке күш құяды. Шахта ерлерінің ашуы, жалтыр жақпар көмірге бұлжымастан «қарш» деп кіретін электр бүрғы пішіндей... Тар лавада тарс беріп атылып, көмір дөнесін төңкере тастап жатқан запал тәріздес... Үлкен ашуда сөз а! Өнімді күште даурық аз. Кернеген ашу, кенет взрыв болп үтілған сайын рештак бойы жал-жал көмір болады... Жүркетен білекке құйылған қайратты ашу навало-отбошниктердің күректерін сілтетеді...

Мәхәникалы шахталардың бәрінде қолмен істелетін жалғыз үлкен қымыл бар. Ол — осы күрекші-навалоотбошниктер ісі. Рештак осылармен, ұлар рештакпен біте қайнаған. Тар лавада тайталас. Қажу білмес қатты қолда шашшан күрек жарқылдайды. Қулаған кенинің жалына карш карш кіріп, көміле көмір асап шығып, конвеир жонын тоғайтып тұрады.

Ұлы Отаның шегінде жаудың алғашқы пулеметі батырлап, алғашқы зертберігі доп атқан шакта, Вячеслав Михайлович үні келгенде, Қарағанды лавалары да ет ашуымен жаңырықкан еді. Содан бері еңбек конвейері күйінен жаңылған жоқ. Шахта ерлері екілене еңбек етіп орге басты, Өздері гана емес, оданың үшінші кен қазаны Караганды да тегіс тұтас бойымен өр табыска бастырыды. Қажымас қайраткер рештакпен біте қайнап, иық сүбесін істейтін алденеше еңбек ерлері бар. Олар өздерінен Отан күткен екінді жалғыз согыс уғында бастаган емес. Жырдай жарқын, астам құшті ілгерідең-ак дайімі дәстүр қып келе жатқан. Соңы жылдар бар Караганды шахталарына аты айғілі бол шықкан Кусайын Сатов, Катков, Митрофанов, Пенкин сиякты кеннен шыққан көп батыр бар. Осы аталған төрт кілінің барлық шахтерлерге жетекші болған бір жарысы возеше атальды. Мұны Карагандыдагы қайрат легендасы десе кеп

емес. Ең әуел, жеке кісі нормасы 12,5 тонна бол тұрған күнде, Құсайын өзгеден үздік озып барып 50 тонна береді. Төрт жұз проценттей. Біраз уақыт осы цифр көп алдындағы көмбедей, бәйге кезендей болады. Мұның аты, бар Қарағанды «басым» деп таныған, мактаулы рекорд еді. Бірақ біздің табыс алдыңғыға жетіп тоқтау емес, оза шабу. Сондықтан азғана уақыт ішінде Құсайын рекордын Митрофанов кеп женип өтеді. Ол 57 тонна береді. Ендігі рекорд осынікі еді. Жалғыз-ақ ол сан да үлкен өріс бол тұрақтамайды. Аз уақыт ішінде Пенкин келіп бұдан асып түсіп, 67 тонна деген бел көрсетеді... Осы кезекте алғашқы үлкен өнім берген Құсайын өз рекордымен өзгелердің жаңа рекордтарын тегіс басып озбак бол, қайта қайрат сілтейді. Бәрінен де асып түсіп 77 тонна беріп шығып, қазіргі Карагандының ең жаңа рекордын атап отыр. Тудай толқыған, «мен мұндалап», асқындаپ тұрған әсем қарқын. Міні Отаның барлық халық шаруасы алдында Қарағанды қарызын ерше түсініп, батырдаі батпан қимыл көрсетіп тұрған азаматтар осындай. «Енбегім елім үшін» деген үлкев санадан тұған өктем қайрат. Құсайын қимылы жалғыз бұл емес. Оның өзгеше шыққан тағы бір ісі бар. Бір тәуліктің ішінде арасына жік салмай, тыным алмай, екі сменаны бірге істеп шыққан күні де бар. Алғаш түскенде тұнгі сменада 354 процент өнім беріп шығады да, жаңа норма, жаңа өнімді көп атынан қостап келіп қолма-қол қайта түседі. Тағы да толық смена, жиыны 16 сағат талмай тартып шығады. Соңғы әсіменада ешкімнен олқы емес. Төс табандаган стахановшының тың-түяқ күйде беретін мактаулы өнімін тағы беріп, 315 процент орындаپ шығады. Жалғыз Құсайын, Митрофановтар емес. Озған шахтаның өктем тобының ішінде, соғыс жарияланғаннан бері орасан қайрат көрсетіп келе жатқан 5-учаске бар. Ел ерлігі, еңбек ерлігі сынға түскен күндерде, учаске бастығы Николаев айнымай өрге басып келеді. Қарағандының қай шахтасын алсаң да, қай күн сынап келсе де қасқая жауап бере алады. Түсіп Қүзембаевтың өзімен бірге көп жасасқан, көп кезендे өктеп шыққан, сый тасындаі атпал шахтерлері бар. Олардың бәйгелі бірінші шахтасы әрдайым бөлекші есеппен шығады. Жарты жылдың планы бұларда мерзімінен көп бұрын біткен. Отан жауына қарсы олар жауабы артықша есеппен жөнелтетін талай мың тонна кокс көмірі. Бұл уәде-

сін ол шахта ең алғаш соғыс басталған күндерде айтты, айтып, қана қойған жоқ, орындаپ келеді. Кенжелеп келген шахтаның бірі Калинин шахтасы болса, соғыс күндер оның да омырауы осал емес. Қарыз толтыру ғана емес. Осы айдың өзінде пәлен мың тонна артық беру қатты ұстаган серттері. 1932 жылдан бері еңбек істеген бұрынғы забойщик, бүгінгі төртінші участке начальнигі Рысбаев Темірғалиды қазіргі күндерде үнемі шахта ішінде көресін.

Бар шахтада жауға жауап өніммен атылды. Талай тілдің ішіндегі ең сенімді, ең шешен тіл, ең әсем тіл осы еді. № 18 шахта соғыс басталғаннан бері өнімді ылғи артығымен асырып, орындаپ келеді. Отан қорғау күні деген арнаулы күндерде № 20 шахтадағыдан, нормадан тыс жұздеген тонна көмір берді. Қалысқан шахта жоқ. Әшшейінде әралуан себеппен кейінде, қарыздар боп кеңе жатқан № 31 шахта да намыс, жігер сыналған күндерде нормасын толық адағын шығып отыр. Жеке бригада, жеке шахтерлерді алсақ, майданға, майдандагы Отан ерлеріне деген дос жүргегін әр минуттағы жігермен таңытады.

Жиырмасыншы, бірінші сияқты шахталардың директорлары Мельник, Күзембаевтардан бастап, жеке көшірлерге дейін, қакпашы охранға дейін жұмылған тұтас бір желіні көресін. Қарағанды қайраткерлеріне поэзия төлемін әкелген карт ақыннан бастап пионерге шейін, барлық шахта жұртшылыры бір кеудеден тыныс алып, жауға деген бір ғана ушы жириенішті баян етеді. Жириеніш жігер үшін жігер, оған қайраты үшін, жау жұлымын қырку үшін оқталған. Міне, бүгінгі Қарағанды осындағы құрсаулы бір батпан күш. Қарағанды рештамырза қылар ырғағынан айнымайды. Конвейерде күй мыйым.

1941

ЖЕҢЕМІЗ БІЗ, ЖЕҢЕМІЗ

Немістің азғындаған аз ғана тобын ардақты жандар етіп, басқа елдерді түгел құлдыққа салғысы келетін фашизм — барлық адам баласының қастасқан жауы. Әсіреле, қаратунек заманды басынан өткізіп, Ұлы Октябрь арқасында тендік алған елдерді қатты безіндіреді,

қайтпас ашын қайнатады. Батыс елдеріне қаратұнек орнатқан қанды жол фашизм бүл жаулығын әлем алдында өзі әйгіледі. Даласын қанға бояп, қаласын қапасқа айналдырган фашизм адам баласынан аяушылық күте алмайды. Сондықтан да басып алған батыс елдерінен жемтікес топ тапса да, тілектес ел таба алған жок. Ейткені ол қай елдің болса да елдік намысын аяқта басып, кейінгі үрпакқа мәңгілік етіп қалдырып келген қымбатты мұраларын қиаратумен келеді. Барлық елдердің өткені мен қазіргі өмірінде, иә болмаса келешегінде фашизмнің бағалар түгі жок. Оның орнатпағы — озбырлық, қорлық, құлдық.

Түн жамылып келіп ұлы Отанымызға соқтықкан қанішер фашизм әрбір совет адамының ең қасиетті кегін оятады. Әрбір совет адамы майданда да, өндірісте де осы кектін жауынгері.

Адам баласының барлық ігі ісіне, алдағы тілегіне түтел жауыққан фашизм жендеттерінің бірі Геббелльс — «менің көзімше біреу мәдениет жайын сөз қылса, мен мылтығымның құлағын қайыра бастаймын» дегені совет елінің мәдениет күштерінің жүргегінә атылған оқтай тиеді. Үйсұрган аждаһар үнін оқпен өшіруде. Біз, совет жазушылары, әзірміз. Ұлы ақын Александр Пушкин айтқан: ұлы анчар ағаштың тамырын тартпай түқылымен қопарып тастайтын күн туды.

Біз күреспен алған бостандығымызды, ең бек сінірген жерімізді, өзіміз орнатқан бақытты өмірімізді, озғын мәдениетімізді бүкіл ешкін жанның көзін тіккен шишақшылығындағы ұлы Отанымызды аянбай қорғаймыз.

Әділет біздің жакта. Жау аптығы тез басылады. Женетін біз, женеміз. Ұлы Отан соғысның туы женеді.

1941

АСЫЛ ЕЛДІҢ АЛЫП ҰЛЫ

Халық бойындағы қасиет заман өгей болранда, кейде жер астында жатқан алтын-гауһар есепті. Алтын қазына жер бетіне шықпағаны мен қазыналық қасиетін жоя а? Тек кана қимылы жоқ қалғып түрғандай боп, кезегін күтеді, Кезі жеткен сәт күнінде жарқырай шығып, жалт

етеді. Тебіреніп теніз толқыса, тереңіне шөккен меруер-тін атпай ма жағаға. Тарих телегейі толқығанда да сол сияқты ел тамырындағы қасиет жамырай шығып, шарқ үрады.

Дүниеге Октябрь туғанда, елдің қаны қайнай соғып еді. Ол соғуы қайратты, батырлықты, әділ ашуды, алып тілекті қаулата шығаратын соғу еді. Міне, халықтар жүргегіндегі қайнаған осындай зор қасиеттердің бір алуан жыны аты, алып аты — біздің Қызыл Армия болатын. Ел жүргегінің тұнық тереңінен өзі туған сол елдің кеменгер үлкен ұлы — Ленин Қызыл Армия ең алғаш майдан беттей шапқанда ұмытылmas бір сез айтқан. Ол шақ жас Отан сыртқы шектермен, ішке талай өлкелерде неше алуан жаумен жағаласын шарпысып тұрған шақ еді. «Алып жартастай» Отаның айналасында қас дүние қатуланып, көбік атып құтыра тулас тұрған-ды. Аттары көп, тектері бір көп жаулар жас алышты жығам деп қан-қамайын аямай түйіліп тұрған. Сонда Ленин елдің сыны ерлік екенін танытып, «өлімді менсінбей, жирене қарауды жалпыға жаю керек те, жеңісті қамтамасыз ету шарт» деген. Осыны халық алдыбы Қызыл Армияға сенін бойындағы жаңа қасиет осы болсын, сенің тұлғандағы басқаша туыс осы болсын деді. Барлық жауынгер буынға, келер үрпакқа да өснет етті. Өзі Қызыл Армияны сондай құрыш болат суымен суарды да бас серігіне де серт қып берді. Сол ұранды сан-сайыста, қан майданда коммунистік партия жаңа адамның жаңғырған үрпағына дәл сол жылдардың өзінде өзгеше мінез, ерекше қасиет етіп танытты. Өз басшылығымен, өз үлгісімен, өз тәрбиесімен жалпының жүргегіне орнатты, қанына сіңірді. Царицын, Петроград, Онтүстік майдандарында партияның өз басшылығымен орындалған өзгеше өктем жеңістер, сол еңбек тәрбиенің нәтижелері еді.

Сол күндерден бастап, бүгін 24 жылдық тарихын кешіп өткен Қызыл Армияның ерекше қасиет қып тутатын бір сыны, бір сыры бар. Онысы тұтас кендей тұтасқан ерлік. Көп жүргегін бірдей, бір жүргегін көптей өзгеше етіп тұратын біздің буындарға ғана тән ерлік. Фасырлар бойы жарыққа шықпай келген, ер бойында толықсып кернеп, құрыштай шымырап келген қасиет — ерлік атты қасиет болатын.

Тарих — тарих болғалы ерлік жайында сөйлеген жандар көп-ак, бірақ өзгенің, бұрынғының бәрі де бір-

дің басындағы ерлікті, бірдің атымен байланысты ер қи-
мылды айтатын. Ленин партиясының ерлікке беретін
өзгеше бағасы бірдің ғана ерлігі емес, өлмес халықтың
өшпес оты, мол оты ерлік еді.

Осымен бірге шын ерліктің сырның өзі де басқаша
болып ашылды. Бұрын ерлік білекпен танылатын сияқты
еді, бүгін ерлік жүректен орын тепті. Осындай ерлік қа-
на әрі саналы, әрі тапқыр, әрі қажымас, әрі өзі ерен сұ-
лу сипат болып шоқтықтанады екен. Тегінде, жай бір
болжап қарасаң, сол жаңағы арғы-бергіде халық қадір-
леп келген ерліктің қанатын қырқа беретін бір сыйбайла-
сы бар, ол өлім қаупы еді рой. Қай ерлік сол қауыпты
elemей асып өтіп кетуге шыдаса, сол өзі қынның қын-
ны да тегіс басып өтіп, қыран шықпас шыңға шығатын.
Ер сырның ең биік, сұық шоқысын алатын. Лениннан
айтқаны осы рой және осы бір де ғана емес жалпы да
болсын, біздін жауынгердің бәрі де әр сәтте өлімнен қо-
рықпауға іштей қапысыз, қалетсіз әзір болса, оның ар
жағы шексіз ерлік, сөзсіз женіс дегені болатын.

Адам бойына бітетін неше алуан жақсы қасиеттердің
ішіндегі сұлуы мен асылының бірі ерлік кой. Жеке адам-
ның қасиетін санағанда, ол соңдайлық таразының бірі
болса, тұтас бір халықты, елдікті алғанда ол тіпті даусыз
бірден-бір ғана қасиет белгісі болады. Дүниеде, тарих-
тарда ер елден артық ел бар ма? Ер жолымен өткен ел-
дердің тарихынан сұлу тарих бар ма? Елін «ел екен!»
дегізіп өткен үлдарға өлім бар ма сірә да? Елдің намы-
сын өз өмірінің ең зор өміршісі деп таныған Құрманға-
зы саналы қайрат, қайратты жігер күйлерін төгілтіп
отырып;

Исатай мешен Махамбет
Өлдім дей ме екен солар да?—

деп айтқан жоқ па? Елдің белін көтеретін ер үл туған
аталық пен аналық қандай бақытты! Ер серігі болған
жар жарастық қандай сұлу! Қорлық өмірге көнгенше
қадырлы өлім тандармын дейтін жас жалын қандай биік
мағналы!

Міне, Октябрьмен бірге туған миллиондаған білегі
бар, бір ғана зор жүрегі бар, халық батыры Қызыл Ар-
мия осындай үлы идеал, үлкен сипат, сымбат иесі. Солай
етіп өсірген, үлғайтқан Ленин партиясы. Солай етіп
жылма-жыл, күнбе-күн аталық, даналық басшылығымен

өркендетіп, өрден-өрге бастырып, үдеп келе жатқан партияның өз назары, өз қамқорлығы.

Міне, екінші Отан соғысына келгенде біздің барлық алып елімізбен, сол елдің бірнеше буыннан берік етіп өсіріп келе жатқан балын бітім батыры осындай әзірлік алып, келсек келге дайын еді. Қолдағы құрал сай болуы бір сәрі, ерлікке бекінген жүрегімен алысты мұрат етерлік зор сана мүддесімен, әсіресе, әзір еді. Сондайда кеп жау шыкты. Жауынгерлік күн келді, бұл жау дүние-дүние болғалы, жау-жау болғалы ешбір майдан көрмеген, соншалық зұлым, хайуан, соншалық жириенішті сұмырай жау болып келді. Өзінің ен үлкен өші, қасы біз едік.

Соныменен белдесетін үзак, ауыр майданға Отанның қалың халқын бастап, халқының қадірлеп өсірген жиырма төрт жасар алыбын, Қызыл Армиясын бастап, кеменгер дос, кеменгер дана қолбасы партияның өзі шыкты.

Сын биіктердің талайынан өтіп асып келеді біздің жауынгер алып күш. Жау басына ажал соққысын жаңыштай соғып мегдетіп барады біздің қол. Көп заманнан ардақтап ұстаған ұлы қасиет ерлеріміз сапарға түсті ме? Түсті, молынан түсті. Не көрдік?

Барлық үзак майдан бойында, үзак айларда көп халықтардың талай миллион ұлдары көрсеткен жаппай ерлікті санап болу мүмкін емес. Миллиондардың ерлігін, мыңдардың геройлығын көрдік. Оның бәрі айқын, бір ерлікten бір ерлік күн санап өктей түсін, аса серпіп жатқаны айқын, ол әлемге анық. Сондайлық бар Қызыл Армия геройлықтарын атаумен қатар, біз дәл осы Қазақстан халқының өзі аттандырған ұлдарының өздері көрсеткен алып қимылдардың кей-кейін ғана шолып өтейік. Не сырлы ерлік бар, танып көрейік.

Жас шағынан бергі өмірін Қызыл Армия қатарындағы жауынгерлікке арнаған командир ерлер бар, олар: аты ардақты Панфилов, Семенченко сияқты генералдар. Ол, жауменен арыстандай айбарлы болып жүлкесып өлген ер капитан Манаенко. Ол, Хасан көлінде жапондармен жүлкескан, бүгін Панфилов дивизиясында полк командирі болып, айлар бойы ерен ерлік көрсетіп келе жатқан Момышұлы Бауыржан.

Бұлар Қызыл Армияның көптен тәрбиелеп өсірген қырандары болса, қазірде осы Отан соғысы үстінде шаруашылық, қоғамдық құрылыштардың әралуан көп саласынан жаңада барып жарқ етіп бір-ақ көрінген талай

ер ұлдар тағы бар. Кешегі әлемге атағы жайыған, иәсіл үрпақ мәнгі ұмытпас ардақты 28 батыр сондай жандардың бірі. Олардың өзгеше өр көнілді басшысы политрук Клочков өзіміздің Алматының қаласынан барған, миллиондаған халық ұлдарының, көп қызметкерлердің бірі еді. Сол 28 ішінде, оқ құралы біткен шакта, екі қолын төсіне қойып, ажал жүзіне ажырая, жирене қарап, қатулана қарсы қадам басқан, от жүректі батыр ұл Қожабергенов көп колхозшының бірі еді.

Үш танкымен жалғыз алысып, екеуін жайратып, «тірідей алмайсың мені!» деп, «Отан үшін, партия үшін!» деп, азаматтық сананың, ерлік намыстың ең биік шыңына шығып өлген Тілеубаев солардай еді.

Бір өзі 12 рет жау камауында қалып, ұдайы жарып шығып отырган пулеметші комсомолец Үркібаев Нұрғали да осы Отан соғысының үстінде ғана Қызыл Армияның тез өсіріп, жетілдіріп алған көп жасының бірі еді.

Партия, совет қызметкерлерінің қатарынан барып, үздіксіз ұзақ алыстарда өрттей өрлең, жас жанының өшпес от, таусылмас қажырын күн санап көркейте таңытқан Жалынұхамед Бозжанов та Қызыл Армия қатарына халық анасы жаңада аттандырган көп намыскер ұлдың бірі, адал, ардақты ұлдың бірі еді. Міне, осындай жана батырлықтың қана қасиетін әлемге танытып отырган бір Қазақстанның өзінен барған ұлдардың да сандыры жүздер, мындар болды.

Осылардай күні кеше оқытушы, ғылым қызметкери, жазушы болып, ел-жүртyna өзге сан салаларда қызмет етіп келген азаматтар бүгін Қызыл Армия қатарына барып, елінің, қауымының асыл қасиетін апарып қосып отыр. Біздің армия халық армиясы дегенинің айғағы осы. Халықтың ең қадырылы, ең саналы ұлдарынан құралған, елінің жүргегінде қандай жалын, жігер барын білегін және өзінің сол еліне, анасына қашшалық сүйікті, ыстық екенін білетін армия. Сондықтан да ол қаһарман жолымен өтетін женілмес армия. Өйткені ол — миллиондаған геройлар бір анадан туғандай иық сүйескен баяурылар. Өйткені оны ұлы партия басқарып отыр, ол кімді жоятынын, не үшін жоятынын анық білетін саналы, нағысқер батыр, Өйткені ол — асыл елдің алыш ұлы.

Бір топ тере бір ру елге өктемдік етем деп келіп, жанжал шығады. Ел төрелерді тегіс қырып салады да, өліктерін Сүйкрай деген сайға тастайды. Кейін, бірқатар заман өткен соң осы ел ішіне тағы бір төрелер келіп отырып, әңгіме үстінде талас шығады. Төрелер біз «ақсүйек-піз» дейді, ел оған күмән келтіреді. Сонда жанағы елдің бір карты өз кісілеріне айтыпты: «Жарандар-ау, оған да күмәнің бар ма? Қайтып қана таласасың? Төре сөзінің шындығына Сүйкрай-ақ күә емес пе, тіпті? Сонда жаткан сүйектерін әспак емес деуге қайсының аузың бара-ды? Құдай қані!»— депті.

«Халық атаулыны құл етіп, барды басып алып, әлемге әлек салу біздің жүлдеміз. Өйткені біз аксүйек арміз. Өйткені біз бекзатпыз. Бекзаттығымыздың нысаны бар. Шашымыз қарашибың айындағы селеудей сап-сары. Қозіміз жай көк емес, түздай көк. Басымыз да жұмыр басты бенденің басы емес. Сонағұрлым өзгеше. Ат басындай ұзын бас»,— деп, деміне наан пісердей бол, тарих білмен ғана тасыр шықты.

Қыс қыспаққа алам, көктемде көк құлатам басыңа, деп көпіре келді.

Сын ұзаққа барған жок... Құлшынып атаған қысы келді. Қалай келді? Әулекінің әуселесін әлем көрді. Өллексесін біз көрдік. Біздің отан жері көрді. Біздің елдің ері көрді. Не көрді? Бекзадалық нысаны бар, жаңағы шалықтап келген шабдар «ердің» шалдар кебін кигенін көрді. Жиырма, отыз жастағы ганстердің арсыз бетін айғызы-айғызы ажым басып, лас денесін бит тесіп, індеғі сасық қүзендей бықсып, қоңсып бүріскенін көрді. Селеу шашын күл басыпты... Ол көр аузында отырган тірі болмысының кебі еді. Өлісі қандай? Түздай көзі мұздай қатып, совет жерінің кәрлі аспанына жалына қарап қалған екен, оны көрді.

Бекзаданың нысандары кем жазаға кезіккен жок. Қәр жазаға килікті. Алып Москва қасынан қирай қашқан жолына қара. Теріске, батыска, онтүстікке бәр-бәріне тегіс қара. Не жатыр? Тенкин танкысы, жарбиып самолеті жатыр. Ұлығандай бол, аспанға қарап анырып қалған, иесі жайраған, зеңбіректер жатыр. Үйіле қараса да үміт жок. Оралатын шабдар «ер» жок. Осының бәрі де біздің олжа бол жатыр. Эр тарапта, әрбір колхоз жол-

дарында масқара қылықтың мыңдаған, жұздеген айғағы боп жатыр.

Арсыз бөспе енді не айтады? Бел астына қашып ба-рып, көкала қойдай боп, сокқы жеген ол өзін-өзі жұбат-пақ боп, былай айтады. «Қөктем келеді, жаз келеді, соңда жүрек жалғанады» дейді. Рас, қөктем келеді. Май келеді. Бірақ осы маймен тағы бір қызық жәй келеді. Бек-задалық нысандың біз қыс ішінде екеуін анық көріп ек рой... Енді ақ сүйекті, ат басты екенін көреміз. Қатты жұттың артынан жадырап жаз келгенде қытай қырылған қой, торпақтың қар астында қалған жемтігі ашылатын. Қансоқтасы арылып, ақыры қақ сүйектің өзі қала-тын. Май енді бекзат болмыстардың ең басты болған ны-санын көрсетер. Бірақ бұл үш нысандың соңғысы бекзат дегеннің шыны тегі қайда екенін танытар. Танытқанда адамзат емес, хайуан зат екенін көрсетер. Жиылмай қалған жемтігінен біздің май оның махлұқ, нәрсіз тегін та-нытар. Суықсайдың қарты айтқан жайды тарих әлем сонда айттар.

Тану менен айту ғана емес, біздің осы май кешілмей-тін кектің де майы болар.

Біз барлық отанымыз, халқымызben жас тарихты жасаушы жас алғыпсыз. Біз бар табиғатты серік етер сенімдеміз. Бір маусымның үміткері, бір маусымның ты-нысы емеспіз.

Сол себепті «қыста қан құстырсақ, майда да мейлін-ше мендете ұрармыз, жазда жайрата да білерміз» дейміз.

1942

АҚЫН ЕЛІНДЕ

Алыс ғасыр ішінде, алыс белдің ар жағында өмір кешкен жан ол емес. Жүріп өткен жылы ізі суымаған Абай өз атындағы ауданда күні бүгін тірі жандай. Эңгі-месінде болған көрілер, көзі көрген мосқалдар көп эн-гімеде боп, көпке қанған орта жастылар, жігіт азаматтар, бала жеткіншектер көп.

Аяғөзден шығып аудан орталығы Қарауылға қарай жүргенде «Жаңа арна», «Жүрек адыр» сияқты колхоз-дарға кіре бере ақын жайындағы естегі мен кенестің ке-ніне кіргендей боласың. Осы елдердің ішіне кеше ғана

өзі келіп қонып, аралап, әңгіме-аңыз тастап кеткендей.

Казіргі Құндызы, Мұқыр сельсоветтері отырған Шет, Құндызы, Сарықорық, Мұқыр-Тақыр дейтүғын өзен, өлкелер ол кундерде Сыбан, Тобықты, Мырза-Жекен, Мамай, Қекше деген сыйбайлар елдердің мекені болған. Солардың талас шабысының, тартыс керісінің, келіс бітімінің де көп куәлары осы жерде болған, Абайдың да бала кезінен өлер шағына шейін талай келіп өткен, кезіп өткен жерлері осы. Куліп те жүрген, құніреніп те жүрген күн, түндерін біледі. Абай айтты деген сез, істеді деген іс, көрді деген хал, Абай болды деген той, ас, сыяз, құс салған Арқат, Байжандай тастары, Қан мен Каракойтас сияқты шат-шатқалдары бәрі-бәрі де ақын асып өткен бел-белестей аңыз сияқты әңгіме шертіп түр.

Әңгіме айтатын ана-аталар әлі мығым карт колхозшылар: егде тартқан ферма бастығы, бригада бастығы, колхоз бастығы сияқты қозқорғандар... Балаларын, інібауырларын Отан соғысына жіберіп, өздері мұнда нелер үлкен істерді ауыр демей арқалы азамат болып аткарып отырған әкелер, шеше, женгелер... Бұлар — бір алуан әңгімеші.

Қөніл құнғірт кезінде өсиет, қайрат даналық сезді Абайдан табады. Қөнілденген, әзіл-ажуа тілеген кездерінде Абайдан қалған қалжың, мықыл өткір тілді еске алады. Сайран-сауық қызықты айтқысы келсе, тағы да сан рет Абайды атап өтеді... Өнер-білім талабы мен табысын айтса тағы содан иәр алады... Өр қөнілдің өjetін, ез көнілдің керенауын, бой құйеziн айтам десе, онда да Абай таңба соғып, тап басып айтып кеткен болады. Сондайлық Абай үлгісін өсиет етіп айтып отырған ірі әңгімешілер бар. Оның бірі — «Жүрек адырдағы» карт колхозшы Оразалы¹. Ол кісіден көп сез есітіп, көп тоқыған баласы Қәмен. Бұның өзі оқыған, өзі жазушы. Отан соғысынан жаралы болып қайтқан жас жігіт әкесі білген әңгіменің көбін зор ынтамен айтады. Мұқыр-Тақыр бойында «Бірлік» колхозына бастық боп отырған Ермұса да үлкен әңгімеші. Бапты сабадан құйылған сары қымызын сапыра отырып бір күн, бір түн нелер қызық әңгімелер шерт-

¹ Тұнұсқада Оразбай делініп жеткен, шынында ол қазіргі жауышы Қәменшің әкесі Оразалы туралы сез болып отыр.

кенде, бір айтқаның қайта айтпайды. Абаймен өзі тілдес-
песе де үққан мен қанғаны көп, ірі әңгімешінің бірі —
осы Ермұса.

Кейін кездескен «Қасқабұлақ» колхозындағы Абай-
дың інісі Архам да ақын жайынан нелер қымбат әңгіче-
лер айтады. Ол — әңгімеші гәнә емес, өзі де білгір зерт-
теуші.

Дәл бұлардай болмаса да өзге талай колхозшы да
толып жатқан әңгіме толғайды.

Қысқасы бүгінгі колхоз елі, кешегі Абайды бек та-
бысқан дос жақын Абайы етіп алған. Куаныш шаттыңн-
да, қулкі әзілінде, тапқан табыс, шеккен қазасында
үнемі ортақ серігі боп отырған жан-жақыны болмасқа,
қимасы, қадырлысы болмасқа мүмкін емес.

Абайға орнатылған ескерткіштің үлкені де, өшесі
біздің жүртшылық жасаған жаңалық — ол осы ауданға
акын атын қоюда. Абай аты кең Қазақстанның қай тұп-
кірінे барсаң да белгілі ат, қастерлі ат екені рас. Ал мы-
нау өзі туып өскең, еңбек еткен данышпан ақындықка
жеткен өз атындағы ауданда жаңағы белгілілік, қастер-
лілік өзгеше бір молайып, үлғайып кетеді.

Сол жай ауданға, Карапуыл бойына жеткенде әсіре
ақындарды. Бұнда ақын атын, әңгімесін айтушылар
жалғыз колхозшы емес, аудан басшылығындағы партия-
совет жүртшылығы, ақынның жұз жылдығына қарсы
істелетін аудан алдындағы міндеги не, аудан қолынан қе-
летін істер қайсы, неден бастап, қалай істеу керек, облыс
пен орталықтан қандай көмек, басшылық қажет осы ма-
селелерге келгенде үлкен жауаптылықпен, нық ойланы-
тын адамдар көп.

Райком хатшысы жолдас Мұхамедиев Харистан бас-
тап райсовет басшылары, аудандық газет редакторы, ску-
белімінің бастығы, тіпті туралай қатынасы болмаса да
шаруашылық саласында істесе де Балтакай Толғанбаев
сияқты ауданың жергілікті қызметкерлері — бәрі де
жаңағыша ойлану, қамдануға қатты көніл боледі.

Абайдың өмірбаянынан, өлең сөздерінен, жай үсақ
әңгімелерінен жаңағы аталған жолдастардың бәрі де
нелер елеулі қызық кеңестер айта алады.

Аудан көлеміндегі кең дала, қалың тау, көп өзен, бу-
лақ бастаулар ішінде ақын қонысы, өрісі не болғанын
білмейтіні жок. Өздерінің жерлесі сүйікті ақыны жайын-
да бұл жүртшылықтың бәрі де ерікті зерттеуші, сапалы

әңгімеші, көп білуші, өзгеше бір орта сияқты. Абай жөнінде колхозшылардан бұлардан бір қансаң, сол аудандагы жастардан, окуши балалардан да бір талай елеулі, мағыналы белгілер көресің. Қарауыл жүртшылығының көркем өнер жолындағы тәрбие-тәжірибесіне көп қоңыл болетін, өзі әсем әнші, райкомол секретары Тұрсынхан жолдас, райком қызметкерлері әнші жастар Энуар, Эсімәлар, райсоветтің хатшысы Жамал, оқытушы Ырыскұл, окуши Бақыш, Үмітжан сияқты жастар жасап тұратын сауық кештері болады. Осы кештермен жалпы қунделікті ән-музыка аралас ойын-жиында Абай әндерінің орны тіпті өзгеше. Бұрынғы-соңғы композитор, әнші-күйшілердің ішінде бұл жастар үшін ең жақыны, сөз белгісі, үлгілісі, сапалық сезімдісі — Абай сияқты.

Рас, әлі ауданда Абайдың корасы, үйі қалпына келтірілген жоқ. Аудан Абай зиратын күткен, қолынан келген ісін істеп күмбез түрғызған. Бірақ суретті, салтанат белгілерін, ескерткіштерін алсақ, оның бірде бірі орнамаған, тумаған. Бұл істер аудан күшімен істелетін де істер емес, ол республика көлеміндегі міндет. Ал одан басқа ақын Абайдың атын сақтаған ауданда ақынның жәйінен білім-дерек, естегі-кенес, баға-құрмет бар ма десек, ол — мол, ол — өзгеше. Бұл жөнінде аудан көлемінде үлкен сапалы басшылық та бар. Жақсы ақын, ұлым азамат жөніндегі жақсы ескерткіш істер туса екен деген бейіл де зор. Соңдықтан бұл ауданда ақын жәйінен алға талай-талай тың маглумат мол-мол сақталып отыр. Неше алуан айтушының аузынан, халықтың өз аузынан Абай туралы көп деректер жилю онай... Абай жәйін орташа білген кісілер емес, ақынның өмірін, заманын зерттеп жүрген адебиетші-тариҳшының өздері де әлі осы ауданнан қарқап дерек қазына жиып алып қайтатыны даусыз.

ЖЕР ӘҢГІМЕШІ

Жер анасы, ел баласы деуге болады. Ел айтқап әңгімені ел мекені, ер бесігі жер де айтады. Қоз жіберссе, көніл токтатсан, тыңдаш көпті айтады.

Біз Шығыс тауымың сыртындамыз. Бұл елке бұрын да жайлап болған, қазірде де Абай ауданының көп кол-

хозы мал фермаларын көшіріп мол су, кең жерді иен өріс етеді. Сол көп жайлауды «сырт» дейді. Біз Шыңғыс асқалы «Енбектен» колхозында бөгелдік. Бұның бастығы бала күнінен Абай аулында өскен, тәлім-тәрбиені Абай шығармаларын жаттап үғынудан бастаған, бүгінде уш азамат баласын Отан соғысына жіберіп отырған Рахымжан Мамырқазов. Ол байсалды, байыпты әнгімеші көз жеткен дәлін ғана айтады. Ол — колхоздың сиыр фермасының бастығы мықты мығым жас әйел Алтын... Алтын фермасынан шығып, көршілес Бақанас колхозының сиыр фермасында болдық. Ол ферманың бастығы жас әйел Сайран. Алтын сияқты мұның да күйеуі Ұлы Отан соғысында. Сайранның қайнағасы — өткен қыста қайтыс болған Қатпа. Ол Абайдың қолында өскен әнгімеші, күлдіргі, әзіл сөздін ақыны, анық думан адам еді. Бүгінгі үй іші, көрші, досы бәрінің аузында да Қатпа айтқан Абай жайындағы әнгімелер, әндер көп. Аяғөзден шыға бере Жанаарқадан басталған ақын әнгімелері бұл жерде әні молайып, өрбіп келеді. Енді басқа тың, көп қызық ертегілер айтылады. Бұл тұста ол әнгімелердің өзгеше көп болатын жөні де бар. Біз Абайдың анық ортасына, өз қоныстарына жаңа жетіп отырмыз.

Сайранның сиыр фермасы Суықбұлақта. Ол Жігітек қонысы болатын. Осыдан онтүстік жакта жотасы көрініп түрған Бақанас бүігі бар. Сол Бақанастың өзеніне ауыл қонып жатқанда атакты «Жазды күн шілде болғанда» деген өлең жазылған.

Ендігі алдымыздығы, айналадағы көп өзен, өлке, қойтас, қырқа, бұлақ, шалғын барлығы да қазақ халқына сүйікті қымбат болған көп-көп өлеңнің туған үя толған бесігіндей. Бұл жерлер, әсіресе, әнгімеші жерлердей көрінді.

Жолаушы боп шыққан төрт жазушы еріксіз екі айрыла жүретін болдық. Алдымызда алыста 70—80 шақырым шамасында Сарғалдақ сельсоветі «Қызылту» колхозы бар. Соған жеткенге шейін жолдағы жердің бәрі әнгіме. Біздің екі жолдасымыз Есмағамбет, Қайым қасына бәріміздің қымбат жолдасымыз, әнгімеші басшымыз Балтақайды алып арбамен кетті. Шыңғыс тауын кенерелеп жазық өлкелерді көрмек болысты. Біз екі жолаушы қасымызға ерген Қабышпен тау қырқаларап төтелеп жүрмек болдық. Суықбұлақтан ерте шықтық... Алдымыз алыс... Жүргеніміз жолсыз. Қасымыздығы елден

ерген басшымыз Қабыш болса оның білмейтіні жок, тек білмегені осы бізді бастайтын жолы ғана. Қабыш — әнши, дөмбырашы, күлдіргі ойыншы, өзі мерген, ит жүргіртіп құс салатын аңшы, колхоздың пішениші. Шының сыртының әрі думан сауығы, әрі берік, пысық қайраткең рі. Жол білмегенін уайым ететін Қабыш емес. Ол бізге шың бере жұбату айтты... «Ауылдың тек төбесін гәнә көр тіндер, аржағын өзім басшылық етемін. Бұл жытпалай үстінен түсірем» дейді. Біз Ақкөйтасқа кеп кірдік. Алдымызда Пұшантай, сол жақта Керегетас, Шақпак, Бала шақпак, алыста Ботақан. Дөңгелек қоныс, Байқошқар сілемі көрінеді — бәрі Абай қоныстары. Оң какт Шыңғыс бетінде Сарқөл, Шоттың аузы, Тоңаша, Барлыбай жазығы... сияқты кең қоныс, мол су, қалың шалғынды өлкелер қатарласып келеді. Сырттың осы соңғы тұстары көп фермалар қоныс еткен жерлер. Бұларда Абай ауданының бірнеше колхозының мындаған қойлары, қалың сиырлары, сүт фермалары мекен етеді. Және көше жайлauы үшін осы ауданға келіп үш жылдан бері орнаған Белағаш, Ново-Шульба аудандарының 53 мың бас малы да кенерелерде жайлauа мекен етеді.

Тек біздің жолымыз ғана ол өлкелерден қысырырак. Біз етсізben келеміз. Арап келе жатқанымыз арқары, тұлқісі мол Ақкөйтас биік қын тау емес, бірақ қалың қырқа сулу жалдар көп. Анда-санда оқыс кездескендегі көз тартатын серек тастар, қорым тастар көп. Салаласында узак көгал селінде тоға да боп кетеді. Құн қызғанша жайылтыста жүрген әлі жусамаған ақтанлақ, иір мүйіз аркалар көрініп қалағы. Биік тастың иғына шығып, алыстан бізге қарап, тапырағандай қадалып түрған құлжаларға біз де қызығып, ташалай қарағыз. Бұрынғы соңғы талай аншылық қоніл тартып, дегірів алып қызықтырған тағылар... Түнгі жортұлдаш жайқап тұлқінің де жатарына қарай, қорым тасқа қарай жаңа оралып жатқан кезі екен. Осы Ақкөйтастаң біз әншіндегі іаде таппастай, естен кетпестей аса бір қызық оқытталар көрдік.

Кабыш қасына ере шықкан ақ тазы бар еді. Тву ішінде кіре бере сол тазы қою қарып, өзі алдай шығып тұлқі күді. Білді қарай қайыра қуып, айқаса шалма, алдап кепті. Қоз алдымызда биік бетте үйқи-түйкүй болған талай шалда. Ку күйрық қарі тұлқінің істемеген алласы жос. Талай ашынан таа бойы күрим, шытага тілейтін қарі-

місін жолаушы жүріп тегін көргендей болдық. Жер әңгі-
месінің бір қызығы осы еді. Бірак бұл басы ғана екен.
Тұлкі әңгімесін лаулап сөйлеп келе жатып бір кішкене
шалғынды өзекке кіре беріп ек, тағы бір оқиға оралды.
Бұл аға Сапарғалидың дәл атының аяғының астынан
шықты.. Қалың шалғын ішінде күжірейген көк борсық
ат тұяғына басыла жаздал күйбіжіндеп жүр. Тұлкі бол-
мағанымен бұның да аты ан еді.. Осыны атқылап, қа-
лың шалғын мен ұсак талдың арасында көп жоғалтып,
көп тауып жүріп зорға дегенде өлтіріп болғанымыз сол
еді. Қарасақ дәл осы бір ғана сайда тағы бір оқиға тап
бопты. Ат үстінде дабырлап сөйлеп тұрған жұрттың дәл
бауырына кіре, бір қоян қашып келеді. Оны бізге қарай
куып тыққан аспан тағысы. Шыныстың бір сарбалак
қыраны жайын бүркіт екен. Қанды көз қомағай қыран
сыптырп төніп тұяғына іліндіре алмай жүрген қоянды
біздің тазы қағып алды...

Осындай, бірінің сонынан бірі келіп ілескен тау оқи-
ғалары біздің күні бойғы жолымызды көп қыскартқан-
дай боп еді.

Бірак сонда да жол алыс екен. Біз, Сырттағы өлдің
көп бәйгесіне көмбе болған оқшau биік Пұшантайдан өт-
тік. Жақын жерде сол жағымызда Абай қайтыс болған
коңыс «Жыланды» қалды. Тұс болды. Талай жортуыл-
ши, жорықшыларға мекен болған үры адыр — Айшарлы,
Койтасқа келдік. Элі ел жок, элі жол алыс...

Тұс ауа бастағанда Есболаттың қарасуына жеттік.
Бұл ұзын өзен, кен шалғын Оразбай қоңысы. Абай басы-
на көп жаулық, қастық еткен Оразбай еді. Дәл осы Қа-
расуда сотқар жуан Оразбай Ержігіттің Бейсенбайы де-
ген кісіге ашуланып, аса бір катал, қорлық жазасын
орындаған. Ызасын келтірген Бейсембайды тірідей көрге-
салған... Соған намыстанған Сақтогалак руы Бейсенбай-
дың арын жоктап, дәл осы Қарасуда отырған Оразбай
аулын талқан қып шауып, уш мың жылқысын тиіп әкет-
кен. Сондай-сондай Абай тұсында болған көп-көп оқиға-
лардың куәлары Бұғылы, Бестамақ, Мәйімбет сняқты
биік тау, қалың адыр, көп қырқалар жатыр.. Екінші
болды, ел тапқанымыз жок... Күн батты әлі ел қарасын
көргеніміз жок. Үймырт жабыла бастады, сонда ғана ал-
дымызда алыста тұрған жалғыз биік Мырза шоқының
бойын көрдік. Бірак кеш көріппіз, әлі жол алыс. Ат қа-
жыған, өзіміз де талған едік... «Қызылту» колхозы Мыр-

за шоқының қай жағында, тың қонысқа көшіп кеткен жоқ па, онысын білмейміз. Тек әйтеуір алдымызда ел болуы керек дейміз. Колхозға жету сонша үлкен тілек, мұратқа айналғанына кеп болған. Шелдеген, қарын ашиқан, шалдықкан қонақтың өзеурейтін шағы да әлдеқашан болған-ды. Сондыктан әлі де тоқтамадық... Інір қараңғысымен де көп жүрдік. Жалғыз-ақ ендігі жүрісіміз соншалық ақырын, сылбыр еді. Жер өндіміді. Ит те үрмейді. Түнгі жүргіншінің алдынан оқыс жалт ететін алыс ауыл оты, үміт оты да елес бермейді. Енді Сапарғали екеуіміз де қажыдық... Қабыш болса әлде қашан бізді бастаудан қалып, біздің артымызға түскен-ді. Байқасақ енді қалғуға кірісіпті. Сонысын айтқанымызда «үйықтап келе жатқан өзім емес, көзім ғой әншейін» деп бізді толық тыныштандырып кояды.

Шаршап шалдықкан үшеуімізге де еріншектің серігі-түкілу келді.

— Тіпті бұл маңда ел жоқ!

— Ел түгіл мал жүргені білінбейді...

— Еккен егін, орган пішен, үйген мая да жоқ!— десіп қараңғыда қарыс жерді көре алмағанымызға қарамай:

— Бүгін бізге колхоз жоқ дегенге байладық. Сүйтіп сағат 11 де аттан түсіп, ер жастаңып далада үйкітадык.

Таң атып, күн шыға көзімізді ашсақ айналамыз жылышырап түрған мая, әр жerde қоралар, ауылдар көрініп түр... Алыста жайылған мал жур... Еріншектің жазасы ол фана емес. Дәл тубіне келіп біз жетіп жатқан Мырза шоқы биігінің арғы астында екі-ақ шақырым жерде қалың колхоз ауылы бар екен. Сол ауылда дәл сол түні біз аттан түскен сағат 11 де колхозшылардың тамаша қызық сауық кеші басталыпты.

Алматыдан барған, Жамбыл атындағы филармонияның Жүсілбек бастаған әнші-бишілер тобы әсем сұлу ән шырқап жатылты. Бірақ ол қызық бізге бұйырмапты. Хиуадан алыстан шығып, қақ қасымызға кеп шақырып түрған «Қанатталдыны» да танымаппyz, сезбеппіз.

Басы соншалық қызық басталған жолдың ақырын өзіміз бұзыппыз. Бұзбағанда, біз күні бойғы құлан елсізден келген бойымызда көркем филармонияның сахнасына тұра жетеді екенбіз,

КОЛХОЗ ЭНШІ

«Қызылту» колхозына жете бере, бел астынан шық-қан ән есіттік. Кеше таңертеңнен бері адам қарасын көр-ген жоқ ек. Ең алғашқы үн ән болғаны сирек сыйдай болды. Ән, соға кет деп шақырып тұрғандай. Құздік егіп жүрген бес әйел, бір карт екен. Бізбен амандасып бол-мастан түнде көрген ән-сауықтың жәйін айтысты. Көр-геніне дән риза. Ұзак еңбек арасында көрік аралына шы-ғып қуана тынысып қайтқандай. Соқалары де жерге күн-дегіден терең батып, өгіздері де жіті басып, еңбек қа-ннтанып қалғандай. «Қызылту» колхозы Жұсіпбектер келгелі базаршысы келіп, базарлыққа қарық боп қалған ел сияқты. Майдан сәлемі де, астана өнері де, өсем ән-ші, сергек биши, шебер күйшілер арқылы қадырлы қо-нақ боп жетіп жатқан сияқты. Үй сыртында жас бала-лар, мал шетінде ересектер, жұмыс басында еңбек озат-тары бәрі де әнмен тыныс алғандай. «Қызылтуда», тары басқа да бірнеше колхозда кей түндерде қой құзеткен әйелдердін Ахмет Жұбанов шығарған жаңа ән «Қарлы-ғашты» қалқыта жырлап отырғанын талай есіттім. «Қы-зылтуда» үй айналып жүгірген бармақтай балалар да түндегі өзгеше қонақтардың қызық әндерін қиралақтап айтқанымсып жүр. Соның өзінде де ән сүйген елдің ыры-мы жүр.

Айғында бұл ауданның біз болған орталығы мен колхозының бәрінде де жана ән, жақсы аса қадырлы қо-нақ екені сезіледі.

Аудандағы жас жүртшылық осы Алматының өзінде, үлкен концерт операда айтылатын халық әнінің бәрін де біледі. Бәрін де құмарлана үйреніседі. Майданнаң жаңа гәнә Жұсіпбек әкелген «Жас қазак» әнін аудан орталығында үйып тыңдаған бір топ жастар концерттен кейін Жұсіпбекке ере шығып, сол түнде қасынан қалмай бірнешеуінің үйреніп кеткенін көріп ек. Үлгі апарсаң үйреніп, өрбітіп ап кетейін деп тұрған ынта менен құ-марлық бар.

Аудан, әсіресе, колхоздар күнде радио тыңдалып отырған жүрт емес, радио мұнда осы күнде жоққа тән... Бірақ сонда да аудан жастары ән сауық өнерінің бірде бір жа-шалығынан кейін қалғысы келмейді. Сол жастардың кол-хоз-колхозға өкіл боп, оқытушы боп, үгітші боп шығула-ры арқылы бүгін «Қызылтудың» балаларына шейін фи-

лармания репертуарын жат көрмей жабыса қызығып жүр.

Жалпы колхоз көпшілігіне біздің барлық көркемөнер ішін анық, айқын көп қызмет етіп жүрген филармония бригадалары екен. Осылар жүріп өткен жерлерде қазак халқының өнер, өлең мәдениетінің тұрғылары Біржан, Ақан, Балуан шолак, Жаяу, Жарылғап, Абай, Әсет — бәрі де сөздерімен, әндерімен қайта бір жаңрырып, қайта бір қызықты бола түсетіндей.

Абай әндерін келістіре айтатын Куан, Жүсіпбек жүріп өткелі халық аузындағы Абай мұраларының ырғары толып, нақысы кербез тартқандай.

Бірақ колхоздың айтқаны ескі әндер ғана емес. Бүгінгі Отан соғысымен, азамат жорығымен, сол жорық жолындағы ел тілегімен байланысты әсерлі әнді де үғымтал жаңашыл жүртшылық зор ілтипатпен тындарды. Оңайын, күйлісін жақсы ұрып, аса қызығып айтады. Бұл қазірдегі көркемөнер үгітінің аса бір қонымыдь қымбат жары. Ол елдік, отандық тілекті айтады, ерлік мұратты айтады, аталақ-аналықтың, жар жолдастықтың міндеттін, қасиетін айтады. Ол қайратқа баулиды, әзірлікке шақырады. Соның бәрі Мырзашоқының сыртында күздік айдал жүрген әйелдердің енбегін өндіре түскен филармония концертіндей болып өз мүддесін орындалап, баарына барып жатады... Соның айқын белгісін біз «Қызылту» колхозына келген күні оқыс шыққан өрт үстінде анық көрдік. Түндегі әннің есте қалған, қызықтырған қайырмасын өзді өзі жұмысының үстінде ыныранып айтып жүрген колхозшылар түске тақай берген кезде Мырзашоқы биігінің батыс жақтағы иығынан асып жоғарылап, булығып шыққан қалың тутін көрді. Өрт екенін біліп ауылдағы біз де үйқы-түйқы едік. Лаулап шыққан өртпен бірге, жерден даурықкан үн шыққан. Үшқындаған үзік-үзік ай ай сөздер бар.

— Қой фермасының үсті ме?

— Сыр фермасынан шықты ма?

— Япыр-ай, егін жазым болмаса игі еді?

— Бар міяның тап ортасы ма, қайдан шықты? Не болады? деген үлкен-үлкен күдік пен қауіп бар. Өрт ен далада болса бір сәрі еді. Үйді үйден үркө шыққан жүрттың аузындағы жаңағы үндер халдің үлкен қатер екенін әбден танытты. Дәл осы кезде жел де қатайып, колхоздың жаңағы бар шаруасы, бар қазынасы жақтан

шыққан қара будақ тұтінді енді қалың колхоз ауылының өзі жаққа қарай сұлатып үйитқытып келеді. Соның ағарға салысымен ауыл бір сэтте танымастай өзгерді... Жаутиген, қауіп төнген қездегі қайрат қажыр пішіні қазір барлық жас пен кәрі, ер мен әйел ажарында жүр.

Бұл уақыттағы колхоз күшінің басшылығын ауыл совет бастығы Мәженова өз қолына алған. Бар кімін шалбарланып, екі білегін сыбанып, жарау көк атқа міншанты. Әбігерсіз, айгайсыз барлық адамын асықтыра ат мінгізіп өртке қарсы жосыта жөнелтіп жатыр.

— Егін, пішен, мал дүние — бәрі сонда... Алты ай жазғы еңбегің арамға кетпесін. Ал жашың барың қымылда,— деп барып бір-ақ шолақ сөзben айтты. Колхозда ер азамат күші аз еді. Қолхозшылар тобымен қатар іле-шала ауылдағы бар әнші, биші, артист, жазушы да түгел жөнелді. Мәженова — осы аудан-аудан болғалы совет қызметін үздіксіз атқарып келе жатқан, іс пен еңбекте өскен адам. Келбетті, қайратты, жүзінде аса берік адамның қызу қуат белгісі бар. Өзіндей денелі, қайратты, мығым әйел колхозшылар бар екен. Қөп әйел. Қатты қайратқа әбден пісіп қатқан, шынықкан әйелдер. «Қышылту» колхозының бастығы пішінді, ісі орынды, мінезі байсал Мұқаш өз маңындағы әйел қайраткерлеріне қатты сенеді, зор барадайды. Сонысын осы өртте көпшілік әйел азамат әбден актады. Қатты жел күні қалыңдан шыққан бой бермес өртті ен даланың өртін жүрт әбден жөніп, өшіріп қайтты. Ферманың бәрі аман, егін бүтін, пішен орынша, барлық мал корасы өртке берілмеген — колхоз дін аман қалды. Ымырт жабыла бергенде Мәженованаң өзі бастаған қалың колхозшы тобы көген сайды құлдилап, жауын женіп ауылға қайтты.

Аяңшыл жүрдек аттары кеш самалына сүйсіне түсші бас шұлғи тастап, лепіре басып келе жатқанда талай колхозшының аузында ән, тағы да ән келеді. Бұл женіс, жігер әні еді.

Сарғалдақ сельсоветінде де біз Абай әнін, әңгімесін көп есіттік.

Мұндагы керектің көбіне өзгеше бір жаңалық боп қосылған «Коңыр әулие» деген қызық жартас болды. Шаған өзеніне қатарласа кеп тірелетін биік жал бар. Атыраптагы өзге таудан реңі бөлек, ақтасты тақыр биік. Осының шағын сұына төніп кеп құлай біткен бір түйшінде Шака қыстауы деген қыстау түр. Бұл қыстау

Абайдың сөнғы әйелі, сүйікті досы Еркежанның туып ес-кен мекені.

Дәл осы қыстаудың қасында жаңағы қалың тастың арасында «Қоңыр әулие» деген тас үнгір бар. Өзге бір кен орамды молырақ етіп жазуға тұратын бұл үнгір де Абай жайынан әңгіме айтады.

Кірер жері, жалғыз адам қырындап кіретін босағадай үнгір ішіне кіріп алған соң, шексіз кен сарайдай боп кенеіп үзап төбесі зәулім қаранғы тартып, биіктеп кетеді. Қаранғы салқын үнгірді үзақ бойлап барған соң төрінен көл шығады. «Бестамақ» колхозынан қасымызға еріп, басшы боп барған әңгімеші Шыңғыспайдың айтуыша бұл көл біреу емес. Артындан барғанда бір аралдың ар жағынан тағы бір көл шығады, оның төріне, жиегіне жеткен кісі жок дейді.

Дәл осы бергі көлдің жағасы толған жазу екен... Сол көп жазу арасында 1887 жылы 30 июльде «Қоңыр әулие-ге» келіп кеткен Абай балалары Мағауия, Эбдірахман, Ақылбай қолдары тұр. Осылар ертіп келген Абай досы Долгополовтың да қолы бар. Сексен жетінші жыл қазақтың поэзия тарихына аса көп асыл қазына қосқан төлі көп жыл еді. Абайдың ең көп жазған жылы сол. Дәл сол жақсы щабыт жылының бір күесі «Қоңыр әулие» болыпты.

«Қоңыр әулиенің» сыртында да қазақ тарихының тағы бір белгісіз оқиғасының үлкен бір дерегі тұр. Жартас жанындағы жазықта екі жерге үйірілген көп-көп тас бейіттер бар. Тобықты бейіті емес және бәрі бір ғана мезгілде туған бейіттер сияқты. Сол бейіттердің бірталаіындағы тастарға қазақтың көп руларының таңбасы соғылған деседі. Ел долбары бойынша осы арада ерте күннің әлдебір қырғын соғысы болып, сондағы қаза тапқан ер азаматты қойған жер болса керек.

Қоңыр күнгірт кәрі үнгір бергі Абай, арғы аламан өмірінің де, бәрінің де үнсіз жым-жырт күесі бол тұр. Бірақ сол мәнгі тыныштық, үнсіздігінің өзінде де көп әңгіме айтып, көп сарынды сақтап тұр.

ЖЫР ЖАЛАУЫ — АМАНКЕЛДІ

Жауыздықпен жаны қас,
Жәбірлімен мұндас ед.

Ашуланса алмастай
Қынабына сыймас ед...
(жалық жыры)

Аманкелді жайында көп айтылып жүрген үлкенді-кішілі ақынының сөз ішінде көркем айтылған бір теңеу осы алмас деген сөз. Қай алмас дегенге: ел алмасы, тарихтың алмасы дер едік.

Жалыннан шыға су жұтып, судан шыға жалын құшып, көк болат шымырап алмас болады. Әуел шықкан сәтінде оның өткір өктем жүзінде көкшіл-қошқыл даты бар. Ыстық-сұық тегінің, ыстық-сұық майдан үшін берген салқын қайрат лебі сол. Сарапқа түсіп, сын кеше жүріп, қаттыны тіліп, қалынды жарып, толқымай өтіп барып, бір замандарда жарқырап жүзі, жалтырап алмас бойы ашилады. Айдыны басқа ак алмас соңда анық аңғарылады.

Заман деген бір ұста бар, адам алмасын сол дарқан шығарады. Аманкелдіні де сол тудырып, құрыш болат етіп сол шығарды. Оның алды үзак дәүірге созылған үлессіздік пен жадаулық еді. Истатай, Махамбет, Бекет серпіліп, кейін жым-жырт жабықкан салқар үзак бір дәүір өтті. Осы кезде ел күші демін ішіне тартып, қайрат, қасиет жиып, тағы бір толқып қуат атпақ сырда екен. Ол алтынши жыл келді, ұлы Октябрь тәңкерісімен ілесе азамат соғысы келді. Ел елдігін, ер ерлігін сарапқа салар күн туды. Соңда тамырында ата қаны мұздамаған қажырлы ел өзінің халық ортасынан ұл шығарды.

Сол күресте шын қажырлы ел туды,
Сол күресте Аманкелді ер туды,
Заманының соңдай нашар шағында,
Аманкелді батырдан боп кім туды,—

деді Күдері ақын.

Туды. Ел ашуының, елдік үшін, жаңа дәурен ұлы мұрат үшін сілтеген алмас күші боп туды. Сол ерен ерекшелігін он алтынши жыл менен азамат соғысы күндерінің өзінде де ел көзіне көрініп, ел жүрегіне соңша жақты. Есепсіз көп, бірақ есесі жоқ еңбек халқының ұлы қамқор ұстазы Ленин көтерген тудың қазақ сахараасын-

дағы бірінші қаһарманы Аманкелді ел тарихының жана дәуіріне бас болды. Қазақ тарихындағы Октябрь нәсілінің жана төлінің маркасы болды.

Міне, 25 жыл өтті. Осы 25 жыл Аманкелдінің ұлы тұлғасын бірсін-бірсін төрөндеп танитын алып бейнесін айқындал ашып келеді.

Ер — ел тарихының белі дейміз. Ол өзі тірісінде бір танылады. Өзі өткен соң кейінгі үрпақ қадырын біліп, ҳасиетін таныған сайын тағы танылады. Әсіресе, молайып, үлғайып, барған сайын бар жаңалығы бадырая түсіп танылады. Бір кезде бел көрінсе келер үрпақ тарихына: өз тұсында көрсетіп кеткен көмегімен, орнатып кеткен туымен, тастап кеткен үлгісімен, нұскап кеткен бетімен енді бел ғана емес, биік түрғы бол, асқар тау бол көрінеді. Тарихта талай жақсының кейінгі дәуірлерде талайда талай тағдыры бар. Солардың ішінде кейінгі дәуірлерде, әсіресе, алтын терек, асыл арыс аталып, ерекше қадірі артып үдей түсіп отыратыны бар. Бұлар — анық қадірмен қымбаттылар. Өздері некен саяқ, бірақ бір десен бағланың дерсің. Кейінгі тарихтың әрбір жаңа қезеңі, әрбір жаңа күні солай етпесе де, күндерінің ішінде бір күндері, дәуірлер ішінде бір дәуірі келеді де — асылымыз атын алып, асыл дегізіп, биікке бір-ак шырқатып, мәңгілікке бір-ак орнатады.

Осындай өзгеше жанның бірі — Аманкелді. Отан соғысының қатал сын, қайсаң қажыр талап еткен күндері, ел намысы — ер намысы болған күндері Аманкелді атын қазақ халқының жауынгер нәсіліне, әсіресе, ардақты аруақ етті. Азаматтық биігіне шықсан, сондай шық. Халқының қасиет намысы колында болса сол Аманкелді таныткандағы ғып таныт, өлмес атың өлшес іспен нұрланса, сондай бол нұрлансын дегізді.

Отан соғысының ерлігі, Одақтағы барлық бауырлар елдердің арғы тегіндегі бар қасиетін еске алғызыды. Бергі менен арғыдағы бар жақсысын жандай жақын етті. Сол катаарда Аманкелдіге қарасақ, ол біздің майдандағы бауырларымызға тіпті тақап түр. Ет бауыр жақын аға бол түр.

Бірақ дәл бүгінде, кеңінен, молынан түсінеміз деген кезімізде, тұтас тұлғасымен толықтанып қадірлейміз деген кезімізде Аманкелді жалғыз да, жалқы да емес, аса қасиетті айналасымен, әсіресе, көркейе көрініп түр.

Дәуірі туған кезінде, дәл бейнесі анық ұлғайып та-
нылған Аманкелді қандай бол түр? Арыда, өз елінің қа-
діржі тарихында асыл аскар тегі бар батыр бол бір та-
нылса, беріде байтақ бауыр досы мол, алып отан ел
тапқан, ұлы Одактың боріне артық большевик батыр
бол екі танылып түр.

Міне, осы сыры, осы сипаты Аманкелдінің, өсіресе,
өзгеше қасиеті, өзгеше бітімі. Шалқайса тарих шыны
бар, еңкейсе иен елі бар. Өз елінің жекелеп келген та-
рихын дүніненің ең жаңа, ең жарқын тарихын жасау-
шы көп елмен әкеп туыстырган алыш азамат өзі бол түр.

Бүгін, өліміне 25 жыл өткен күнде, бізге оның асыл
ұлы жан бол танылатын Аманкелдінің ел алмасы, тарих
алмасы бол жарқырап ашылған жарқын жүзі осын-
дай.

Ел ерінің осы бейнесін, казіргі халық атынаң айты-
лып жатқан, халық ақындарының сансыз көп жырынаң
анық аңғарамыз. Оң алтыншы жылдың дәл өзінен бас-
тап, дәл осы бүгінгі күндерге дейін Аманкелді жайынаң
қазақ халқының жыры бір үзілмеген еді. Жаңа жырлар
дәл осы сәттің өзінде де туып жатыр, толғана шымырап
шығып жатыр. Ал, туған жырлар халық аузында қысса-
дастан бол, аңыз-әңгіме боп, ән әуен бол домбыраның
пернесіне оралып, әншінің нақыс ырғагына оралып қа-
натты жырдай қалқып жүр.

Сол жырлар нені толгайды, нені айтады?

Мәуссі жерте қарап салбыраған,
Халыққа көлеңкелі сіз бәйтерек.
Керекті уақытында атағын,
Дүшпанаға дайын түрған сіз зеңбірек,—

деп, батырдың замандас серік ақыны Сэт жырлағаң. Ои
сегіз, он тоғызының жылдарда Аманкелді Торғайда эс-
кер комиссары бол түрған күнінің өзінде айтқан жыры.
Алдыңғыны болжап, алысты шола жырлаған жыр. Айт-
қаны, сезгені рас. Ел зеңбірегі Аманкелді біздің күшіміз-
ге өз үлгісімен, өз үрпактарымыз қолымен неміс қан-
ішерлеріне қарсы кек зеңбірегін шын атып түр, дәл тигі-
зе, қан құстыра атып түр.

Бұл қажыр, бұл ызаның басын жау жүзінен жасымай
турып Аманкелді серігі Жағыпар өлер сағатында айтап
еді:

«Мен өлсем де миллион бар,
Көрімді алар қоймас тек.
Жагасында Торғайдың,
Жанталаскан сөзіме
Боларсың күә жер мен көк»,—

деп еді. Осы сез, осы қажыр дәл бүгінгі бар майданда ер сынын ақтап, батырлық шынын сағынып қаза тапқан барлық одак ұландарының үні емес пе! Бұл дана асыл үранды қазақтың қазірдегі батыр үлдары Аманкелдіей батыл, батыр ағасынан алып сақтап қалған еді. Сол Аманкелді асылының қадірін ұғып толғаған ақын Нұр-кан:

Халықтың алтын казығы ед,
Жалғыз малта азығы ед,
Тұлшардай сұлу тұлғалы ед,
Қатардан басым тұған ед,
Атасы жаудан кайтпаған,
Атакты батыр Иман ед,—

деп баян етеді. Аманкелді өзі ғана емес, өзі тұған тегінен, елінің арғы тарихынан ерлік намыстың өшпес бір шақпак отын әкеle жатқан ери. Сондыктан ол өзге пішінде емес, халықтың өзіне таныс, ыстық асыл, етene жақын бейнеде суреттеледі.

«Ақшолақ иғында, белде қылыш,
Айбалта тақымында алмас құрыш.
Сүйеніп ат үстінде ақ наизага,
Түнеріп жауар бұлттай етті тыныс»,—

дейді.

Өзі тірісінде сан қол бол ерген сарбазын бастаса, қазақ деген халықтың қалың азыз-әңгімесінде барлық байтақ еңбек елінің тұтас телегей тобын бастаған Аманкелді болады.

Обаған өңбояымен Эйет, Тобил,
Атбасар, Қекшетаумен және Сібір,
Қайдауыл, Карсақпаймен, Алты құдық,
Қосылып келіп жатыр топ-топ шоғыр.
Үшқыны Ембі, Теке қаласынан,
Екісу, Еділ, Жайық арасынан,
Алатай, Сыр мен Шудан қашқан қосмы
Табылды Аманкелді панасынан,—

дейді. Бұл айтқаның бәрі — іс болмаса да, не сердей мол ништ өді. Осы ништ жолнида, Аманкелді сонында

халық барып бермек еді, бере отыра жау мен қасынан өз есесін алмақ еді. Халық ақындары Аманкелді жайынаң ұлы дастан туғызбаса да, бұл күнге дейінгі істерінде аса зор бір еңбек етіп келді. Онысы Аманкелді қасиетін ел жүргегінің тануынша танытуында. Соны үлкенді-кішілі, әңгімелі-әңгімесіз көп жырларда көп тілмен талқылауда. Аманкелді аты ақындар жырының жалауында болды. Бұл Аманкелдінің асыл қасиетінен еді және ақындардың барлық берілген шын ықласынан еді. Осы халдер батырдың шын жайынан шындық бейнесін дәл айтуға көп көмек етті. Шындық толқын халықтан шынып, батырдың шын бейнесін кең толғауына үлкен күрделі себеп болды.

1944

ҚАЗАҚ БӨЛІМІ

Неше дәуір өсу бар. Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында, сын жылдарында жеткен жеңіс пен табысқа біз, әсіресе, сүйсініп, әсіресе қуанамыз. Неше алуан өсу бар. Ел — отанның көп саласы өсу, даму жолын — ғылымның, ғылым-тәрбиенің өркендеуі арқылы нық дәлелдей алсақ, ол өзге жалпы өсудің ішіндегі ерекше, үздіш шығын түрган бір шоқы. Ғылымы өскен ел — мәдениет тарихында шын өскен ел. Ғылым тәрбиесі өркендереген ел — өсер үрпағын, халық қоғамын шын көгерктен ел.

Қазақстан өзіндегі ғылым-білім табыстарын бүрнада шын мактанды етіп айта алушы еді. Ал Отан соғысы кезінде сол табыс, сол өсүіне әсіресе, кесек-кесек істер қости. Соның бірін Қазақтың Мемлекеттік университетінің соңғы жылдарда берген жаңалықтарынан тануға болады. 41-жылы қазақ оқушысының саны аз еді — 26 еді. Бынегізгі бөлімдерінде 180 кісі оқиды. Негізгі бөлімдерге оқушылар әзірлейтін даярлық бөлімдерде 140 кісі оқиды.

Университеттің екі факультеттінде айрықша қазақ бөлімдері бар. Біреуі — тарих-филология факультеті, екіншісі — журналистер факультеті. Тарих-филологияға арналған қазақ бөлімінде бын 67 студент бар. Бұлардан 16 студент үшінші курста оқиды. Бұл бөлім 1942/43 оку

жылында ашылып, 18 кісі түсіп еді. Былтыр 28, биыл 30 кісі алынды. Мұндағы қазақ бөлімінің ірі қасиеті, зор ерекшелігі — казір негізгі ғылымдардың көшілігі қазақ тілінде оқылады.

Тіл ғылымы, әдебиет, тарих, политология, жалпы тіл тану ғылымының бәрінде университет қазақ оқушысына ана тілінде үғындырып, жеткізе алатын болды. Ерекше қуантарлық істін бірі осы. Тегінде оқушы қазақ жастары жоғарғы мектепте окуға болады. Қазақстанда сан жоғарғы мектептер ашуға да болады. Олардың бірқатары бар да. Бірақ республикада ғылым өсті деу үшін — сол республикадағы негізгі халықтың тіліне жоғарғы ғылымының сара жолы ашылды демектің орны мүлде басқа.

Міне, университеттегі қазақ бөлімінің осы жолда оқшау тұрған бағалы қасиеті бар. Онысы университеттін өзі үшін де, жалпы Қазақстандағы ғылым тарбиеін көркейіп, дамуы үшін де тарихтық табыс, бұрын шықпаған биік бел. Қазақ болімі өзінің осы табысына жеткенде университетке оқытушылық шақырылған қазақ білімпаздарының енбегі арқылы жетіп отыр. Олар — филология ғылымының докторы Сімет Кенесбаев, филология ғылымының кандидаттары Бегалиев, Жұмалиев, Шалабаев, Сарыбаев, Балақаев, жоғарғы мектеп оқытушылары Маметова, Кенжебаев сияқты адамдар.

Осы айтылған профессор, доценттердің қазақ тілінде жүргізетін дәрістерінен аз уақыттың ішінде жоғарғы мектептерге ариалған күнде ікті оқу құралдары қалыпталып шықпакшы.

Университеттің қазақ бөлімі қазіргі уақытта өз оқушылары үшін де және Қазақстандағы басқа көптеген қазақ жоғарғы мектептері үшін де жаңағы адамдардың лекцияларын оқу құралын тізіп шығаруға қам жасап жатыр.

Осы инетте қазақ бөлімінің тарих бірнеше көрнекті мәсекат, жоспары бар. Қазақ бөлімі өзінің ісін үздіксіз өнімді істеу үшін қазақтың тіл әдебиетін зерттейтін кабинет ашты. Бұл кабинеттің басты міндеті — жаңағы оқу құралдарын жарықта шығару, ол үшін университет басшылығы арнаулы баспа жасап беріп отыр. Қазақ әдебиетінің осы кабинеті үлкен ішіндес қазақ әдебиеті тарихының бірталай көрнекті істерін гылымдаштыруға өнімді, ретті жолға қояға көмекші болады деген сенім зор.

Қабинет аз жылдар ішінде қазақ бөлімінің жанынан қазақ әдебиетінің кітапханасын мол қып құрамақ. Қазақ әдебиеті қайраткерлерінің өмірі мен еңбегінен нактылы деректер, заттар, қолжазбалар жиып, болашақ әдебиет музейінің ісін бастамақ. Мұның бәрі құр оку оқыту жұмыстары емес, ғылымдық кен ариалы, үзак өрісті үлкен іс. Оның әр адымы қазақ тіліндегі ғылым адымы болмак. Сондықтан қазірде қазақ бөлімі жанынан айрықша ғылым-мәдениет үйірмесі ашылып отыр. Онда оқушы жастардың өздерімен қатар, жаңағы оқытушы-білімпаздардың бәрі де катысады. Үйірмеде ғылымдық зерттеулермен қатар, оқушы жастардың өздері жазған көркем шығармалар да талқыға, сынға түсіп тұрады. Қазақ бөлімінде оқып жүргендег арасында жазушылық, ақындық тәжірибелерімен көзге көрініп келе жаткан Нұт-фолла Шәкенов, Құрман Тұрғанбаев, Есенби Омаров, Сұлеймен Досалиев сиякты жастар бар.

Қазақ тілі, әдебиеті, тарихы, көркем өнері қазақ білімпаздарынан шыққан көп зерттеушілерін күтеді. Та-рихын, жүйесін тексерген ғылым тусын, өркендерін! Түрі үлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміздің алдағы ұлы өрісіне, кен келешегіне қарай өнімді, ңәрлі жолмен бастайтын ғылым өссін дейміз.

Осы жағынан қарағанда қазақ университеті тек оқытушыларды ғана әзірлең шығаратын жоғарғы мектеп емес. Ол ғылым қайраткерін әзірлейтін, қазақ халқының үл-қызынан советтік жас ғалымдар әзірлең өсіретін мектеп. Мұнысы өзге жоғарғы мектептерден ғорі ерекше тұрған міндеті — университет деген атынан туатын қасиетті міндеті еді. Қазір біздің университет Отан соғысы жылдарының өзінде жеткен табыстарымен, жаңалықтарымен сол ардақты міндетін атқара бастауға анық бет қойды.

1944

ЕР СЕРІГІ — СЕРГЕК ОЙ

Жауынгер полковник Бауыржан Момышұлының басынан кешкен бір хал баяны.

Бұл кім әңгімесі? Бір басы жұз соғыста болып шыққан ер қазақтың әңгімесі. Жеке басы жалаң құрал ұстаган жай жауынгер емес. Лек бастаған, қол бастаған

жаңа батыр, басшы батыр әңгімесі. Бастағаны жай әскер емес, гвардия әскері. Өзіміздің Қазақстан астанасы Алматыда құрылған 316 дивизияның Москвандық қаһарман-дықпен көрғап, әлемге аты шыккан 8-дивизия болған кезі. Гвардия — қолдың қолы, елдің ері деген сөз. Сол гвардия дивизиясының басшылығының бірі Бауыржан айтады бұл әңгімені. Қatal сын, қатты қыспақ жорығын айтады.

Мұның өзі зор дастан, кең хикая болмак керек. Соған талай акын-жазушы тағы талай оралып соқсын деп, кең көсіліп шертсін деп, біз бұл жерде әзірше тек болған халдің өзін ғана айтпақтыз. Әшекейі, айшығы жоқ анық шыныдық кескіні осы.

Бойы жинақы, сезінің артығы жоқ, қайта таразыға тартқандай етіп, дәл-дәл басып, келте, сарап сөйлейтін Бауыржан бұл шабуылдың түйінін ғана айтты. Ол айтқаны мынау еді.

...Тұн тынық. Тымырсық аяз бетті қарып жалап тұр. Тогай іші жым-жырт. Елерे тынып, тың тыңдал тұрған-дай. Эр сықыр, әр тықырды іле тұра қап, алыска қарай ала жөнеліп тұр. Күн үзын қатты аязда, жолсыз, елсізде қарды белуардан кешіп келген қолдың қалың тогайға түгел кіргені сол. Жылынса болар еді. Бірақ от жағуға болмайды. Ол түғіл темекі де тартуға жол жоқ. Жау жақын, секем алыш қалады. Күні бойы нәр татпай келген әскер тоқазыған азықты мұздақ ~~күйде~~ қарбыта асап, аужал қып жатыр. Кол басы Бауыржан өзіне серік офицерлерімен ауыр ойдың үстінде. Төңгөндөрі бір түйін. Қүндізден бері қадалып ойлап келгейі осы еді. Енді мына тогай ішіне кіріп, жерде болжап, жайды аңғарғаны ені иықтан зіл басқандай. Байлау қындалап, ауырлап барады. Тебіренткен немене?

Бір жол бар алыс — алыс та болса жақын... Бір жол бар жақын — жақын да болса алыс. Соңғысы мынау тоғай шетінде қарауытып тұрған қыстак Трашково.

Дивизия бастығы генерал Чистяков Бауыржанға берген бүйрек-тапсырмасында: «Сол Трашковоны өз полкынмен барып, басып аласын. Егер осыны орындалап, ынық алсан сені мен орыс халқының атақты қолбасшысы Суворовтай болдың деймін» деген.

Сондағы Трашково осы мәні-жөні бөлек қыстак. Бұнда немістің қалың қолы жатыр. Иіріліп алып, шашқалы тұрған жыландағы сұмдық ойлап жатыр бұл айда-

шар. Осы қыстактағы неміс армиясына қарсы шабуыл жасауда дайындағы жатқан біздің армиямыз алқаиты жарып етіп, сол жақтағы жаудын бүткіл бір армияның көршауга алмақ. Бірақ біздің корпус ішке кірген уақытта жаулар Трашково қаласын босаға сияқты қып берік ұстап отырып, кейін ішке кіріп алған корпустың сыртын айналып атма. Дәл Трашково түсінан біздің мол қолдың Қылтасын қырықпа.

Трашково сүйтіп бүйірден сокқалы түрган пәле бол түр. Шошқаның тұмсығындаи бол сүйірленіп, сұғынып түрган күш осы арада.

Ал осы бүйірдегі жауы алдымен жайрату бар корпус ішінде 8-дивизияга тапсырылды. 8-дивизияның Мәскеудің қорғаганнаң солтын ен ауыр сынға түскен кезі осы еді. Соның дивизия жауға сілтеген наиза болды. Дивизия ішінен ен алдың шабуыл бастайтын полк — Бауыржан полкы — жаңагы наизаның болат жебесі болмак керек...

Міндет қандай екені мәтім еді.

Полк сол мұратқа беттеп кеп, енді міне шабуыл бастаған мінбасеп иек артпага жетін түр. Не күйде же тіп түр?

Түгел жете аматан. Полктың екі батальонының біреуі артта қалған, алғаш і қалдырылған. Зенбірік бөлімі бір тіркі еді. Қалың қардан малтығып жүре алмай, ол да шөгіп жолда қалды. Бауыржанның казіргі қолы бір жарым гана батальон, жиыны мың солдат. Қолдағы құрал ішінде зеңбірек былай тұрсып, пулемет те жок. О да ауыр болған.

Мың кісінің екі ақ түрлі құралы бар — бірі бес атар, бірі көл пулемет. Жауға шабар күш осы.

Ал жау қандай? Қалың жау Трашковода жатыр. Бірақ тек Трашково болса бір сәрі екен. Төғай ішінде казіргі сәтте Бауыржанды қинап түрган жай осы. Жана тана тонық танып біліп түр. Трашково біреу болмады. Как қасында, сыртын ала бір топ қыстак бар екен. Бір үядай бол жатқан алты қыстак. Соның бәрінде ордалы жылдандаидай бол быжынаган жау. Және сол көп қыстактың тап ортасында анық пәлемін өзіндей бір қыстак жатыр, ол — Бородино. Манындағы бес қыстақты және Трашковоны да ықты етіп отырған сол.

Бұлай болса Трашковоны алғанмен жылдамның басын басып жаңышлайсың, тек қүйрығын басқандай бола-

сың. Бұл қыстақты ала қалған күнде де үстап қалу оңай емес. Өзге алты қыстақ күші кеп әктарылғанда қалада жатасың да, қорғанамын деп қырғын табасың... және мұратыныңды әктаамай табасың, ең ауыры сол. Трашковоны алу «жақын да болса — алыс» деген сол.

Ал «алыс та болса — жақын» деген қайсы?

Ол Бауыржанның қазір келген байлауы. Алыстан берілген бүйрек мына жерге кеп жайды түйген шакта сенімді серік бола алмай қалды. Енді қолбасы өзі ғана жол таппақ керек. Сол жолды қысылып қамшыланған уақытта — ой тапты. Қыстығып қарманған ой, қайратты, сергек ой тапты.

Бауыржан «алыс та болса — жақын» жолды алды. Онысы не де болса жаңағы бар қыстақты бір-ақ басып алу. Бастығы Бородино етіп, алты қыстақты түгел алса ғана мұрат орындалмақ. Онда Трашковоны да үстап қалады.

Калың шоғыр бір ордасын алып алса, жаудың өзге күштері алыста. Олардың келер жолы біреу, екеу-ақ. Мыналарды бүктеп басып алған соң, ол жолдарға аттай мініп бекініп отырып алады. Тар жолдың үстінде шабуыл жасайтын жаумен тайталасып көреді. Кол қырылса, қан төгілсе, қолбасы өзі өлсе де, алысқанда осы үшін алысса жарайды. Талапқа татиды десең осыны айт. Эйтеуір өлім болса, не де болса; аларынды алып, жастығынды құша жырыл.

Толғана тұрып осыған байлай сала Бауыржан ендігі бар әмірді бөгеместен берді. Мың солдатын алтыра бөліп, алты қыстаққа жіберетінін айтты. Екінші бүйрек тұтқынға түспеу және тірі тұтқын алмау. Ол аз кісінің күшін алаң етеді. Үшінші бүйрек шабуылды алты қыстаққа бірден бастау. Бастайтын сағатты Бауыржан дәл түнгі төртке байлады. Немісті үйқыда баспақ болған соң, үйқының ең тәтті кезі керек. Оқыстан, шошты тиетін аламан соғысына жаудың ауыр үйқыда жатқан мезеті қажет.

Алтыға бөлген күштерінің бәріне бастық етіп сенімді серіктерін белгіледі. Олар Мадияр Мұхамеднұрұлы, Соловьев, Мәлік Фабдоллаұлы, Мамонов, Вятков, Гундиловичтер. Мұрат мәлім, міндет анық. Жә, енді жауға қай әдіспен соқтыру керек? Соғыс ғылымы үш әдісті қолданады. Бірі — жарып кіру, екіншісі — қоршауға алу, үшін-

шісі — сыртынан ұру. Бауыржан осының үшеуін қабат қолданбак болды.

Сонымен жау бекінісінің ең мықтысы Бородиноның сыртына шығып ап, шүйдеден соғу үшін Мәлік пен Соловьевті шыгарды. Екеуінің күші де қол пулеметтің лектері. Өзгелер қос буйірден ұратын болды. Ал Трашковоға бір лек жарып кірмек.

Тек бар командирге Бауыржан тапсырған бір тәсіл: үйқыда басқан сон, үйқысын бузбай басу. Ол үшін не керек? Бар қаланың бәрінде де күзет бар. Күзетте пулеметтер әсіресе қатерлі. Ол үн катып кетсе, данғаза қып бар атырапты сәтте оятады. Сондықтан алты ротаның қыстақтарға шабар алдында ең алдымен істейтіні, сол пулемет, күзет атаулының бәрін үн шығартпай, тұншықтыру.

Колбасы өз басы, өз ойымен бар байлауды жасады. Байлауы бүйрық боп бекіді. Енді қымылға кіріскенде не болады... Оны ерлік пен тәуекелдің аумалы-текпелі тардышына тапсырды.

Бүйрық колбасының басындағы қиялғана. Ол іс боп жеткенше талай сәт — сәрсенібі бар. Бүйірдің ба, енде-ше күдікке де, қауіпке де кірдің... өрт құшағына кірдіп. Шықсан қайратың мен қымылтың ғана алып шығады. Өлмек үшін баспайсың, өмір үшін жанталастың. Бауыржан үшін қазір осы жанталас бұған шейін бастаң кешкен бар тайталастың ең ауыры еді.

Сағат дәл екі жарым болғанда тоғай іші қозғалыска кірісті. Бауыржан роталарын жөнелтіп жүр. Бастықта көмекші, ақылшы керек болады-ау деген роталарға өз штабының офицерлерін де бір-бірден беріп жатыр. Сүйтіп штаб бастығы Мамоновтан басқа, жақын серіргі адъютантын да бір лекке қосып берді.

Өзге соғыста, күндеңі әдette қолбасы барлық қолын сол штабы арқылы тізгінмен басқарып билеуші еді. Мынау шабуылдың шарты бөлек. Өзі тауып, өзі байлаған өзге соғыска, аламан соғысына ауысқан сон, Бауыржан дағдылы мерзімді тастанап, қолымен өзі қосылып қабат жүріп көретін болды. Сөйтіп бар ротаны жөнелтіп жібергенде, бір сәтке тоғай ішінде бір өзі мен аткосшысы ғана қалған еді.

Үнсіз тоғайда, тыңшыдай тыңған үнсіз тун ішінде аттардың пыскырганы да атойдай. Әсіресе, тоғай қандай? Айнала қарағай мен қалың шырыш. Бәрінің бойын ауыр қыстың ақ тошындағы қалың құпсек қар басқан. Жерде

де белуардан келген омбы қар. Қазір де әр ағаш кәрі меніреу алыптай. Ертегінің тылсым буган алыбындай үнсіз мелшиіп өңкініп тұр. Бірақ тек дыбыс қат. Сондаға барлығын, тірлігін білдіреді. Даурыға білдіреді. Досқа да, дүшпанға да бірдей жарши.

Әттең, соншалық бейбіт, битарап дүние. Трашково күзеті жақын. Ең соңғы кеткен рота соған барып, қалаға ілінгенше дабыр шықпасын.

Бауыржан атшысына «кейін, кейін» деп журіп, аздан соң одан да бөлінді. Енді жапа-жалрыз өзі. Дәл сағат 4 болғанда Трашково қаласының шетінде оқшау тұрған сабан-салам сарайына жетті. Мысықша басып келді. Аязды түнде шыны қардың өзі де майсыз арбадай шақыр-шүқыр етіп кеп еді. Енді міне межелі төрт — сағат төрт! Тындау, тану... тану, болжау керек! Сарайдың көленкесінде тұрып алдымен алысқа құлақ салады. Бес қыстак жаққа салады. Әсіреле, Бородино... Мәлік кеткең үлкен кесел Бородиноға салады. Трашковорға өзі бірге кіріп кетпегені де сол болатын. Жырақтың жайын болжай кірмек. Олардың да іс бастағанын, қалай бастараптын біліп кірмек.

Көлбасының жапа-жалғызы басы бұлай тұруы катер. Бірақ өз басының байлауы бағана болған. Қорсе күзет көреді... Ол бір жерде көп болса үшешу-төртеу болар. Айдалап келген өзі. Оған алғызам деген ойда емес.

Ал сағат төрт. Бір минуттей қыып өтіп бара ма?.. Белгі қане?.. Алыста болса сарың қані?..

Сүйткенше болмады... Жырақтағы бір пулемет быттылдай беріп, қақала қалды. Дәл Бородино тұсы. Екінші жерден тағы бір пулемет атойлай беріп, тағы сәтте үні өше қалды. Бауыржан танып тұр. Сәт сағаты ма, әйтеүір сын сағаты соккандай! Шүйкеден ұрып, шонқытып жатқан Мәлік пен Соловьев. Атаңа рақмет,— деп қолбасы жүрегі құптай соқты. Өзі белгілеген тәсіл. Алыстан барып «іске бастым» деп белгі етті. Элі жау жым-жырт. Элі түн тынып тұр.

Енді құлакты Трашковорға салып еді. Жаңаға бұдан да тіл келді. Тілдей танық үн келеді. «Күмп! Күмп! Күмп! Күмп!...» Мың оттың ішінен Бауыржан құларына жазбай танылатын өздерінің бес атарының ғана үндері. Бірақ, аязды түнде далада атылғандай «шанқ-шанқ» шықпайды. Ондағы даусы долы болатын. Қазір булығын жөтелген тәрізді, қыстыға шығады. Мәлім. Үй ішінде

атылып жатқан үндер. «Е-е, немісті жатқан жерінде, үй ішінде ыңқылдатып жатыр екенсіндер... ұқтым», — деді Бауыржан.

Шабуылдан алған екінші мәлімдеме осы еді. Қазір де қолбасының штабы да, рота басынан алатын мәлімдемесі де бір өзінін құлағы болған. Сол бірақ, жаңылдырган да, жаза бастырган да жок, жазбай танытып тұр.

Енді жіті басып кеп қыстаққа кірді... Кіре бере жүгіріп бара жатқан біреуді көрді. Бес атарын көлденен үстаған біреу. Бір үйден шығып, көшеден өтіп, екінші үйге кіре берді. Бауыржан сонда анғарды... Қазақстаниң жана кеп қосылған солдаттардың бәрінің басында құлақшын болушы еді. Құлактарын ербите киетін.

Сол құлақшын танытты. Бауыржанның көзіне үріккен тананың құлағындағы көрінді.

«Бұл қайтер екен», — деп Бауыржан да әлгінің артынан жіті басып, іле келді. Қеле бергенде есікті жаңағы солдаттың ашқаны да сол еді, мылтық тарс өтті. Бауыржан да жетіп кеп есіктен қарады. Үйде жарық жанып тұр екен. Жаңағы солдат қазактың бір қап-қара домалақ баласы. Мылтырының бос гильзасын ытқытып тастап, жайымен қайта оқтап ап, қолбасыға бір қарады да, тағы ұра жөнелді. Үй ішіндегі жайды Бауыржан енді көрді. Столда жасаулы ас, арақ... жанында аппак жылтыр төсек... сол төсектің жанында, жерде бір өгіздей неміс тырайып жатыр. Жаңағы унсіз баланың ісі. Тақау тұрған орындықта киімі ілулі... Немістің офицері, үлкен офицері екен... Ал төсек үстінде қалың сары шашы жаланаш ақ етіне төгіліп, жайылып түскен бір әйел отыр... Қабырғаға сүйеніп сіресін қапты. Өзінде үн жок. Бауыржанға қадалған екі көзі шарасынан шығып шатынаға барады... Ажал алдында алжасып тұрған анық қорқыныш пішіні... «Япыр-ай, қорқыныш көзі шарадай деген осы екен-ау», деп Бауыржан бір сәт ойланып қалды... Катын ату ерлік пе? Ол өлтіреді деп отырса да өлтіріп не қылсын... Жириенішті, ызасы, намысы — бәрі аралас бір қозғалыспен төсекке тақап кеп, әйелге алақанымен белгі беріп: «жата бер», дегендегі етіп еді. Қолы тиместен-ақ әйел сылқ етіп құлап кетті. Бауыржан әлі де сол жириенген көңілімен әйелдің басына көрпесін жаба салды да үйден шығып кетті.

Бұл кезде Трашковоға мейлінше кіріп, кернеп алған лек немістің сыбағасын сылқита беріп жатыр еді. Шо-

шып ояиған неміс шоршып түсіп, төсек астына да, пешке де тығылып баққан. Подвалға да ыргыған. Бірақ қазақтың қара домалақ ерлері бар жерден суырып ап серейтіп жатыр. «Әкеннің көрі... неміс» деп басып-басып салады. Бауыржан бірнеше үйде осыны көріп шықты.

Трашково алынды. Қөпке шейін көрші қыстактардан да күмп-күмп үн кеп жатты. Сол мезетте таң да атты...

Бородиноның жанында бір биік бар еді. Колбасы ендігі жайды көзбен болжамақ боп соған кеп шықты.. Бар қаланы дүрбімен түгел көріп шықты. Бәрінің көшесінде де түндеңі таныс құлақшындар ербенде жүр. Қазір көзге сондай ыстық, сондай қадірлі құлақшындар, айналса болғандай. Бауыржан: «Иә сәт. Ондаған екенсің», — деді.

Сол шакта бар қыстактан лек-лектің бастықтары жетіп, колбасыға кеп мәлім етіп жатты .. Мадияр келді «алдық» деп, «Біз де алдық», «Біз де алдық» деп Трофимов, Гундилович, Мамоновтар кеп жатыр

Түндеңі арманды қиял, өмірмен коштасар алдындағы ең соңғы сағым қиял іс болды... Қандай іс болды? Неше алуан қуаныш бар гой өмірде...

Неше алуан қуаныш бар гой өмірде... Бәрінен мынау жалынды екен деп білді Бауыржан. Өзі бүрын аязды жақсы көрмеуші еді. Қазір катты толқыған кеудесін көріп тұрып, аязды сұық ауаны соншалық ұзақ бір жұтты.. Жұтты да, «Аяз не деген тәтті еді» деп ойлады ..

Екі талай тайғақтан тепсініп шығып, талайы асқан шақта, бұл сәтте дүниенің тәтті емесі жоқ еді.

Офицерлер ішінде Трофимов түндеңі Бауыржан бүй-рына, алысты таңдаранына іштен наразы еді. Енді қуанып кеп, колбасыны құттықтап тұрып: «Бұл үлкен іс, сіздің өзіңіздің ғана ісіңіз. Өзіңіз ойлап, байлап, өзіңіз орындаған, анық ер басшылық ісіңіз», — деді.

Бауыржан Мадиярга қарап, күліп қана тұрып, байсалменен бас изеп, оқыстан бір өлең-нақыл айтЫП кетті:

Мен істедім дегенше,
Мың істеді десеңші.
Мың істеді дегенше,
Ер істеді десеңші.
Ер істеді дегенше,
Ел істеді десеңші.
Мен мыңдық болмасам,
Ер елдікі болмаса,
Кім істеді дер едің?

деді...

Бұл күнгі соғыс неге сарықты?.. Алты қала алынды... Серіз жұа неміс қырылды... Кол шығыны 57 кісі екен... Аспап, буйым, қару-құрал олжасы аса мол. Осыны айтып, бір Трашково емес, ордалы жауды ондап бастық деп Бауыржан мәлімдеме жөнелтті.

Бір Трашковоны алсаң пәлең дермін деген генерал бастық енді не дер? Бірақ «не дерді» өз досынан, өз басшысынан күту бір сәрі... Анық «не дерді» жаудан күту керек... Мынадай жойқын көрген жау, әлі күшті, кекті жау тек тұрып қалмайды... Енді қарман, қарман да қамдан... Оның шабуылына қарсы қамдан.

Бауыржан аз кісі серіктерімен тыным алмай жортып жүріп, бар қаланы көріп шықты. Қалаларға жан-жақтан келетін жолдар, жолдар қандай, соны білмек еді. Аз уақытта білді бәрін. Білді де анық үлкеи қауіптің әлі де алда тұрганын таныды. Қауіп емей немене? Бұрын бұл қалаларға екі жол келеді деп болжасып еді. Алты қыстакқа алты жол келеді екен. Және қандай жолдар? Шестінен танк жүріп келетін кең, даңғыл жолдар. Алты жақтан танктер қаптаса қайтпек керек? Зенбірек те жоқ, танкты атар мылтық та жоқ... Алты жолмен қол төгілсе онай ма? Және анықтап білгені, жаудың қолы жатқан қалың қыстактар тағы жақын екен.

Ал дивизияның кейінгі мол күші алыста және жүрер жолы жоқ. Женістін алғашқы қуанышымен ілесе төнген қауіп осындаі еді. Анық қатер алда тұр екен. Қазір-ақ неміс орны шабуыл жасайды... Артқы күшің жетпестен бұрын жасайды... Тапқаныңын барлығын қайта талқан ете ме? Тартып ала ма?

— Сал, сал бар сергек ойды осыған,— дёп Бауыржан іштен тағы ширығып алды. Қайтадан қатқыл қабақ туїліп, қазір істер іске тағы қанат қомдап еді ол...

ХАЛЫҚТЫҢ ГАСЫРЛЫҚ ЖЫРЫ

Өз халқының гасырлық даналығын сақтаған ұлы ақын қайтыс болды. Осы жанның туысы мен казасының екі арасын алсақ бір емес, әлденеше гасыр өткендей севіледі. Аз ру Шапраштың Коқап хандығынан шабуыл көріп, сүрген жел жүрген кезбе күндерінде туған атсыз, атақсыз бала Жамбыл екен. Өмірінің соңғы шағында сол

кісі адам жетер бак пен абройдың ең биік шынына жетіп социалистік ұлы Отанының бар халықтары, бар буындары сүйіп қадірлекен күйге жетіпті. Қарт ақынның ұзак өміріндегі барлық даналығы мен мәнгілік қасиеттері оның туған халқының көп ғасырлық тағдырындағы жақсылық пен даналықтың айғағы. Ертегідей баяғыда өткен бала шағының өзіне көз салсақ та ақын өнерінің тамырын, төркінін тануға болады. Берідегі ерекше сүйікті сипатын да тануға болады. Жас бебек күнінде мұның бесігінің үстінде жау шабуылдан жүрегі сескеніп, баласы үшін зарланып, анасы Ұлдан күніреніпті. Ел қайғысын қыл қобыздың зар сарынына қосып, туған нағашысы Қанадан шерленіпті. Қепті қанап, жүртты жылатқан бас бұзар сотқар бек пен байды ызамен әшкерелеп ақын үстаз Сүйібай җырлапты. Шабуыл зорлық салдарынан туған жерін тастап босқан ел ата қоныс мекеніне қоштасып зар төгіпті. Осы сарындарды естүмен қатар, болашақ ақын құлдық қанаудан құтылсақ-ау деген сұлу арман сазын да естіп өсіпті. Ол сазда өзгеше бір жақсы құнді көксеу, өзгеше бір жақсылық мекенін көксеу арманы бар еді. Осының берін естіп, бойға сіңіре жүріп, халықтың сезімтал ұлы ер жете береді. Бойынан бұрын ойы өсіп; ерте ер жетеді.

Өлең айтуды 13 жасынан бастап, сексен бес жыл бойында жырлағанда ақын екі үлкен сезімді, әсіресе нық сақтап өседі. Ол көп заман бойында пісіп өскен екі жеміс — ақындық еңбегінің екі ұрығы сияқты.

Мұның біреуі — ашы ұрық. Ол ауыр ашы шындықтың, тұл замандардың айнасы болған жырлары. Ол жауыздық, зорлық, қараңғылық дүниесіне қарсы арналған жириеніш жырлары. Екінші ұрық — сөнбес махабbat, тозбас үміт, асыл жарқын келешекке арналған жырлары. Бұл өзінен өмір тудыратын ұрық. Жұз жасаған еменнің ұрығындағы халықтың бакытқа, иғлілікке талпынған талабы мен қайратының ұрығы.

Ол екі ұрық екі бөлек дүниедей. Бірі қатал болмыс, бірі осыдан біраз заман бұрын қиялдағы сағынышты дүние еді. Екі қыры шеттей бірі жастық, бірі кәріліктең, бірі қоктемнің әсем таңындаі, бірі құздің ұзак, лайсан қараңғы түніндей еді. Сүйікті ұрық — өмір ұрығы Прометейдің отындаі бол, халықтың ақынның үміт, қайрат қызуын берді. Ал үмітшіл халық өзінің азamat ақынның келер тірілік, болар тарихтың жақсы күндері үшін жеміс

беруді тапсырды. Ол жеміс бар халықтардың жыр, анында, ерлік дастанында тірлік еткен, өлмес мұраларда тірлік еткен мәңгілік жақсы тілек жемісі еді.

Біздің Жәкенің тірлік қуаты да сонда болатын. Алың ақын ертегінің ерлеріндегі бол көрілікті женғендө, жас ақын бол жаңғырғанда, сол халық қуатын, халық отын бойында сактағандықтан женип еді.

Сондықтан да Ұлы Октябрьден кейін жаны жасарып, жалынды жырмен азаттық күнін, адам бақытын қуана жырлайтын болды.

Жәкенің ақындық шабытының ұлы себепшілері халықтар көсемі Ленин болды. Ақын ол басшыра үлкен орынды жолмен барды. Барлық халықтардың бағын сую, ардақтау жолымен барды. Ел қамкоры болатын данышпан ана алып ұл туза екен дегенді халықтар мен халық ақыны көп заманнан, көп ғасырдан күтетін. Ленин Жәкенің де сол көп арманмен күткен ынтық ұлы еді.

Советтің дәуірдегі халықтар достығының жалынды жыршысы Жамбыл ұлы отанышы ақын еді. Сондықтай Отан соғысы уақытында ол өзінің ашулы, жиреніш жырын өз Отанының жауыз дүшпаны бол шықкан неміс-фашистеріне қарсы жүмсады. Атальжұжурек сезімін, адалдық бауырмал жырларын жалынды сөлем етіп, Ленин қаласын қорғаушы ұл-қыздарына жолдады. Қажырлы ерлік жырларын айтЫП, Жамбыл Москваны коррасты. Табанды қайрат, қайсаrlықты айтЫП, Сталинградтың соғысына қатынасты. Осындай өз Отанына махаббат беріктік жырын айтЫП, жауына жиренішпен лағнат жырын айтЫП жүрген кезінде Жамбыл өзінің ұзақ еңбек тірлігінің жүзінші көктемін кешіп жүр еді.

Халық поэзиясының алып болып жаңғырған жастықтың мол сұлу жырларын төккен Жамбылдың өз өмірі де талай өсем сөз, әдемі ақыз болура татиды. Ол жыр атасы бол талай социалистік дастаның бас геройы бола алады. Бақытты шаттық заманда жастығын қайта тапқан жыр атасы герой болады. Жұз жылдық жастырының шағында мәңгі тірлікке, өлмеске кеткен ғасырлық халық жырының өзі болады.

ҮШҚОҢЫР ЖАЙЛАУЫНДА

Таудың жалтыр, ашық күні қуанта шыкты. Биіктен қарағапда кекжиек шексіз боп кеңейіп, жырқтаған. Аспанда шаңқылдаған қыранғана журеді дегендей биікте отырмыз. Эуе таза, дүние жым-жырт. Биіктеген сайнұнсіз, мол сабырлы, кең тыныштық бар. Табиғат даналық танытады.

Зор биіктің бәрінің басы үзак тыныштыққа шомып тұрса керек. Тегі үлкен атаулының бәрі айғайсыз, дырдусыз болғандай. Өз күшін танығанға да, танымағанға да бір қалыпта тыныш қана, елеусіз қарайтын тәрізді.

Бұл өлкө Үшқоңыр жайлауы аталады. Биіктес Үшқоңыр, Екінар, Тұлкілі сай. Бауырайда: үш сала боп ағатын Шың бұлактар бар. Төскейлерде: Сәт жайлау, Қасқасу деген кең қоныстар, мол өрістер бар. Жайлай отырып, пішеп шабатын мол шалғындар жәнс бар. Ол үлкен Дегерес, кіші Дегерес аталады. Жанама, Қаратая, Ақшоқыдай қырғызға қарай асатып асулар бар. Қырғыз бен қазақ арасына ортақ жайлау, Еңсу, Жасылкөл де жақын. Мынау биік жайлау салқын белде отырса да, бізбен әңгімеллескен колхозшылар Жасылкөлді өзгеше мадақтайды.

«Онда қымыз әйрандай» деседі. Ол өңірді жайлаған мал да қыска алабөген мықты болады деседі. Қаладан келген бізге Жасылкөл жақсылығынан, осы жайлаудың өз жарастығы да олқы емес, өзгеше ракат көрінеді.

Тау ішінде болсан да, дөң басынан дүние бейнебір сахарадағыдай. Өзгеше кең тәрізденеді. Солда, бір шетте, жырақ жатқан Сүмкін. Онда, онан да жырақ шекте, Талғар биігі. Ауыл касында, тай шаптырымда, ғы да қарлы биік бар. Басына түндегі жауыннан қар болып түскен боз көрпе жатыр. Мұсылман шалдарының тықыр өскен шашындағы молайып, өсіп келе жатқан буырылы тәрізді. Дүние мол, бірақ сол мол дүние мынау ерте шақта тегіс дыбыссыз. Тек сол жым-жырт тау жайлаудың жанды өмірінің үзілмес белгісіндей боп бір сұыл келіп тұрады. Ол мәңгілік тектүрлардың, терең күз бен шаттардың срекше демалысы, тынысы сияқты. Сарындаған тынысы. Ол — сонау терсін шатта тасқындаған тау, бұлақтардың үздіксіз ағын сарыны.

Күн әлі көтерілген жок. Сондыктан кек қойнауларда, төскей алаңқайларда орналасқан мал атаулы да зор

тыныштыққа бой үрган. Өрген, жайылған мал қыбыры білінбейді. Жиілеп орналасқан отарлар, ауыл-ауылдар да әлі ояна қойған жоқ.

Ушқоңыр жайлауы — Жамбыл, Қаскелен сияқты аудандардың колхоз жайлауы. Бірнеше совхоз бер ауыл шаруа ғылымдарының тәжірибе шаруасының да жайлауы. Мұнда Ленин колхозы, Аманкелді, Киров, «Луч-Востока», «Работник» сияқты талай бай колхоздар майдары келіп орналасқан. 10 мың, 14 мың, 20 мың қойлары бар колхоздар. Шаруа жаразтырын келістірген Совет жүртшылығының мүліктері Сол колхоздар арасында ауыл шаруа ғылымының тәжірибе Институты КИЖ-дің мал-мұлкі ерекше орын алады. Мұнда бір қой ғана емес, жылқының да неше тұқымы, түйенің де бар Қазақстаннан жиылған неше атасы бар.

Қой түлігін алсақ, ғылымдық тәжірибе жөпімен талай тектерді араластыра туыстыру үшін, түгел жиғаш. Жер жүзіндегі қой тұқымының жұні асылы, еті жақсысы, жайылышқа берігі, құм мен тауға мекендеуге бейімі дәл осы шаруада сыйна түседі.

Ойдағы құм мен осы тауды қыс — қыстау, жаз — жайлау етіп, түбегейлі мекепі етіп кетуге жарайтын ең асылдар тандалып алынбақ. Соңдай сын-талғауға алынған тұқымдар саны мұнда мол. Жер шарының бір үйегінен, барлық мемлекеттерінен жиылып, осы институт оқымыстыларының, шабандарының сынына берілген 26 түрлі қой тұқымдары бар. Бұл күнде барлық шаруа түгел қызығатын, түгел өсіріп келе жатқан, сұрыпталып шыққан тұқымдар да бар. Ол — осы тауларда ата-тегі туып өсken қазақ қойлары ғана емес. Соңғы жылдарда бүкіл Одак көлемінде атақ алған «ақ қойлар» дейтін асыл жүнді бір тұқым. Бұл — қазақ қойы мен европалық пре-кос екеуінің қосылуынан пайда болған жаңа тұқым. Оның жұні жібек, еті мен сүті бурынғы қазақ қойына кем емес, өсімі онан молырақ. Ал, қыскы құмда, жа тау жайлауда жайылуы мен тойынуы қазақ қойынан артық болмаса, кем емес. Осындай өзгеше сапалы мал тұқымын тудырғаны үшін, Қазақстандағы кейбір мал маманы ғалымдар өткен жылдарда Мемлекеттік бәйгендегі алған-ды. Ғылымдық өйді бастаушылар ғана табысқа жеткен жоқ. Алматы облысында бұл қойлар талай шабандарды, сан колхоз бригадирлерін де ірі табыстарға жеткізген.

Мынау қоныс-қоныста ніруде жатқан қой ажарылға
карасаң, бәрінің де баққаны — сол «ақ қойлар» екенін
көресін.

Күн көтеріле түсті. Отарлар ояна бастады. Қалың
шалғында, кек беткейлерде жусап қалғыған жылқылар
да ояна бастағандай. Бұрын олар шашыраған қалпында,
әрбір орында кесек-кесек томардай, мызғымай сілейіп
түрып қалған еді. Түнгі жайылыстан тойып шыққан мәт
таңертешігі шағырмак үнгеге бой қызырып жатқандары
жатқан күйде, тұрганы тұрган қалпында, соңғы бір
тәтті үйқыда болатын.

Оянған жайлаудың үндері үзіліш-үйін естіледі. Бі-
рер рет қой манырады. Жаңа үйқытап түршіп, енесін қа-
сынан талпаған жас құлып шілігін шінгір кісівейді. Ерле-
өрген сиыр мен теріс жайылып бара жатқын қой ал ыша
бүйрұқты үн берген шабандар даусы келеді. Адам үшінے
елігіп, костан үрген иттер даусы естіледі. Жиі қонған
отарлардың бозғыл үйлерінің түніліктері ашила баста-
ған. Желсіз тыныш, тынық аспанға жіптіктей жіцишкелесі
кек тутіндер көтеріле бастады. Эр отардың жанында әлі
өріп кетпеген мын-мындаған қоралы қойлар иіріліп жа-
тыр. Тығыз, тутас жайласқан. Кей қойлар отары бер-
тін — төменірек, кейбіреулері жоғарырақ — тәскіде,
кейбірі, тіпті, тасқа жабыса, аршага арадаса барып, өр-
леп қонған. Үйірімге тығылған ақ көбіктей бол тұтасқан
қоралы қойлар енді-енді қыбырсыз тыныштығын бұзын,
әр түстен манырап, өре бастады. Енді жайлауга жан-
кірді. Мал қыбырлап, адам үн қатып, қой-козы маныра-
т-айғырлар кісінеп, тыныш жайлауды оятты. Кейде алыс
тәскідем, терен шаттан, кейде Шың бұлактардан немесе
биік жота басынан қалың арша арасынан, мол көгал
жазықтан ерте шактың үндері — сан түрлі үндері келеді.
Халық малы жайыла жазылып иен дүниені шубарыта
басып, манырасып, маңыстап барады. Бір белден, қа-
шаган күған жылқышылар ағызып, тасырлатып шауып
шықты. Өрге шашқан жүйрік ат, бедеу биелер, қашаған-
дарды қуа жүріп, катты демігеді, ауыр тыныстары
естіледі.

Ақ қойлардың үлкен тәжірибелі бақташысы — Есте-
местің отары беріде болатын. Соның мың қаралы қойы
жақын белден бері қарай асып, жайылын шықты. Арша-
лы биік тәскійге екінші қарт шабан Түрекен отары
мамырлап, өрлеп барады.

Ерте тұрып, малдарын өргізіп, басқарып, өрістетіп жіберген кәрі жас шабандар біз отырған тобеге жиыла бастады. Жайлауға жана келген тәжірибелі шабандар биылғы жайлау шебін, малдың жайылыс ынтасын, тойынын сөз қыла келеді. Бізге қарай жақындап келе жатқан Естемес қойларына қарап, ақ қойларға әралуан мактаулар айтысады.

Бұл қойлардың жайылысы да бөлек. Тұтасып аққан қалың жауын селіндей боп, өрген қойдың алды ін тіреспіп, жіңі келеді. Шұбырмай ендеп, алды іркіліп қалындаپ, көбіктенген толқындаип боп иіріле толқып алға басады. Бұл қойлардың жайылысы қазақ қойынан басқарақ екенін айтысқанымызда, әңгімелі шешен карт Түрекен ақ қойдың қасиеттерін санайды.

— Ақ мал жайылыста жосымайды. Тұмсығы ілінсе түріп алады,— деді.— Казақ қойы мұндай емес, елендеп жүреді. Айт десен де, ықсырсан да жапырылып береді. Мынау жайылысқа бір шыққан соң басын жерден көтермейді. Жабысып жүріп жер табандап нәр жияды.

— Қысты күні күмда да осылай!
— Қатты қыстың жұтынан күркіпайтын болды ғой.

— Күм мен таудың өз тұмасы бол кетті ғой.
— Алғашқы келген кезінде прекос кандай сүм еді,— десіп шабандар осы ақ қойдың ата-тегі прекосты еске алысты. Оның жүні асыл болғанымен, қазақ қойына шатысып, жана тұқым шығарғанша, алғашқы өз тегі өте әлсіз болатын. Қыс күмда күн көру былай тұрсын, осы тауда да жайылысқа жоқ еді. Қозысы қандай қызылашақа бол туын, адамның баласынан бетер күтім тілейтін. Бүгін мына қойлар ішінде жап-жас ақ қозылар да бірге жайылады.

— Мұнын шымырлық, беріктігі осы тауда туып өскен елік пен тау ешкінің лағынан кем емес,— деп, бір шабан маңтау айтты. Түрекен бұл тұқымның асқалдануы, шынықтырудан екенін аңғартады.

— Баяғыда айтинаушы ма еді. «Баланы жастан, келінді бастан» деді. Бұл қозының енесі қыс бойы күм кезіп, өз аяғымен, тебінмен күн көреді. Соңда бұл қозы ене құрсағында бір шынықты. Тұғанда да кектемнің қара суында, күм-шұқырда туып, ауызданады. Тәрбие мен тәжірибе дегенінді ғылым бастағанда, мал сапасы осылай болады екен ғой. Шынығып, шымырлан, енді міве,

асыл қой, ақ қойдың өзі де өзгеден озды. Бізге де бере-
ке таптырып отырған жоқ пай— деді.

Осы кезде, әңгімеде отырған бәріміздің тәбе жағы-
мында, биікте сүйлап ақкан бір оқшашу дыбыс оқыс ес-
тілді. Отыргандар тегіс жоғарыға жалт-жалт қарасты.
Сүйтсек, аспанда екі бүркіт бір сұырды кезектеп көте-
ріп, ақ қарлы үлкен Нардың шың биігіне қарай әкетіп
барады екен. Біреуі бірталай жер апарып, қанаты тал-
ғанда түсіріп жіберсе, екіншісі қағып алып, өрлей жөнеді.
Түрекен мен аңшы-бүркітші шал, қарт колхозшы
Жансейіт бір-біріне таңдана қарасып, үғысқандай бас
изесті. Жансейіт:

— Кешегі айтқан қызыл балақ қыран. Сұырды тағы
қиядағы үяға, ойдан тартып барады!— деді.

— Анық қанды көз қыранның өзі. Жаман бүркіт
болса үяны төменге салып, сұырды жогарыдан тартар
еді. Мынаның өрге басып баратқанын көрмейсің бе?—
деп, Түрекен аспанға қарап, тамашалап отыр. Ол осы
бүркіт туралы бір жақсы аңыз айтты.

— Бұл — дағдылы қырандар тұқымы. Мынау Нар-
лардың ар жағында қырғызбен шекарарада аса қын бір
құз бар. Сәті келген жылдарда бір жыл қырғыз, бір
жыл қазақ аңшылары 12 арқан жалғап, сол үяға кісі
түсіріп, осылардың балапандарын алады. Ал, бұл жақсы
бүркіт екені мынадан мәлім. Дәл осы тұқымның үяба-
сары жұмыртқалағанда, жалтыр тастың басына, үскіріп
тырған аязда, ақпан-қантарда жұмыртқалайды. Содан
жұмыртқасын баспай, тек қасына қонып отырады. Кей
жұмыртқасы қатты аязда шытынап, жарылып та қала-
ды. Жарылмай қалған жұмыртқаны қыран ана көктем
шығып, күн көзі жылынған соң ғана бауырына басады,
Міне, қыран шыққанда, жаңағыдай асыл қыран шық-
қанда, сол қыста туған жұмыртқадан шығады,— деді.

Бұл әңгіме колхозшылардың көбін тан қалдырды.
Жүрт басын шайқап, тамашалап, таңдай қағысты. Жиын
ішінде мынау ақ қойлар шаруасын өндіткен ғылым-тәжі-
рибе институтының директоры Хасен бағанадан үндемей
отыр еді. Енді сол жаңағы қарт әңгімесіне қатты сүйсі-
віп, куана күліп қостай жөнелді.

— Түреке, мынау әңгіменіз анық, асыл сөз екен.
Халықтың даналығы деген, дәл осы ғой. Жаңағы бүркіт
турасындағы сөзді соның алдында өзіңіз айтқан ақ қой-
лар тұқымын шынықтырып есіру жөніндегі тәжірибеміз-

бен салыстырынышы. Ойласаныз екеуі бір жерден шығып жатқан жок па! Ол да уыз бала күнінде шынықтырады. Біз де ана құрсағында қын суық жағдайда шынықтырып, жана тұқымды өз жеріміздің өзгешелігіне қендіріп, үйретеміз. Солай өсіріп, өндіреміз деп отырмыз. Бұл екеуінің жөні, жолы бір жерден табысып жатқан жок па, Түреке!— дегенде, Хасенді тыңдаған колхозшылар бастығы Түрекен бол түгел костады.

— Рас айтасың, біреуі бүркіт, біреуі қой. «Екі арасы жер мен көктей» десек те, тегі, бұл жанды заттың ұқсауын айтсанша?— деп, Түрекен ойланып қалды. Хасен енді ғылымдық байлау айтты.

— Ұқсайтыны даусыз, оларды ұқсатып отырған жаратылыстың ортақ заны. Бұл екеуінің сырын да биологияғылымы шешіп, тауып отыр. Біздін осы өңірдегі бар тұқымдарды араластырып, жана иәсілдер туғызамыз, өсіреміз деген тәжірибемізді бастап отырған зорғылым да сол биологияғылымы,— деді.

Осы кезде бұл жынынның касына жіті жүріп, бір салт атты, жас жігіт келді. Құміс ер-тоқым ерттелген күдістей келген семіз тор жорғасын деміктіріп келіп, біздің қасымызға жетіп еді Жұртқа сәлем берді. Қоңилді шыраймен амандастан жігіт Әсембек атты атақты бір жас шабан болатын. «Работник» колхозының бір отар қойын көп жылдан бері бағып, ойдағыдай өсіріп журген шабан еді. Ол жыл сайын колхозынан мол сый алған. Қазір кеудесінде екі ордені бар. Өкімет сыйлықтарында жастайынан жаксы алған еді. Осы Әсембектің биылғы табысы тіпті өзгеше болды. Ол сыйлыққа бір басы осы көктемде 80 кой алған еді.

Бүгін сол Әсембек той жасайды екен. Бір қуайышы — алған сыйы, екінші қуанышы — жақында келіншегі босаншып, ерек бала тапқан еді. Түрекен бастаған барлық жыныға Әсембек қонаққа шакыра келген жайын өз аузынан айтты. Ақылды қария жас жігітке арнал, өзге жыныға да мезгеп, бір жаксы нақыл айтты.

— Енбекті еткен абзал, еңбекпен қатарынан өткен абзал. Бірақ қуанышында, кіммен кісі болып, кіммен жаксылық табатынынды ұмытпасан, сонда жаксы болғаның!— деп, бір түспал айтты да, Әсембекке қарап арий сөйледі.

— Жириңіш шешен айткан екен: азаматтың жаксысы бір жан емес, бір өзі емес, төртеу, төрт сыпатты бо-

лады,— депті. О қалай?— деп сұрағанға айтқаны: біреуі өзінсін, екінші ақылың, үшінші досың, төртінші халқың,— депті. Міне, біз де солай «халқынмен азаматсың, азаматынмен халықсың» дейміз,— дегенде, жұрт аса сүйсіне күліскен еді. Түрекен ойы бүгін бір шабытты, тапқыр шағында екен. Ол тағы бір нақыл айтЫп кетті.

— Жас кезімде бір жиында, бір топ шешен қариялардың бір сөзді арлы-берлі топшылап, көп қағыстырганы есіме түсіп отыр. Сонда «басшы пашша болса, елі кеше болар» деген сөз қалай айтылды екен!— деп, біреуі бастағанда, әр қария әртүрлі айтЫп келісе алмап еді. Бақсам, сондағы сөздің түйінін бүгінгі заман шешті ме деп тұрын. Пашша кеткелі, елден кешелік кетіпті. Енбекпен мына жаңа дүние, жаңа нәсіл тудырыппыз. Кешеліктен еңбегі аскын талапкер болса, койшы демей, жаңышы демей бүгін, міне, бір кісінің еңбегіне 80 койды өзі алыпты Қанжайлаудың елін бір ғана қойшы қонақ еткелі отыр!— деді.

Әсембек ақсақал әнгімесіне алғыс айтЫп, ауыл жына асыға қарап, бұл жиынның да тез жетуін өтінген еді. Жақын жердегі кең көгалға тігілген көп ақ үйлер, осы Әсембектің қонақ шақырған үйлері болатын. Соған жаң-жақтан аттылы қонақтар, бірі жарысып, бірі салмақпен, аянмен жылжып, топ-топ ғол келісіп жатыр еді. Дөң басындағы жиын ішінен кейбіреулер күдік айтЫп қалысты.

• Таңертенгі шайды ішкен жоқ едік. Үйге барып, шай ішіп барамыз» дегендег болды.

Оған Әсембектің ауылдан келіп отырған аңшы қарт Жансейіт үн қатты. Ол осы жиынды қазір-ақ түгел апармақ еді. Жаңағы іркілгендеге қарап:

— Түрекен әнгімесі шайдан қалдырса да, үйге бармай, анау қонақ үйге жүріндер. Әнгіме ~~де~~, шай да, басқа талаі жай да сонда әзір тұр. Некыласындар! Дәл бір жиырма самауыр, мен көргенде бағана быжылдалап, қашан ішесіндер,— деп, сендерді тосып тұрган ~~Т~~ек жүрсендерші,— деп жұртты күлдірді де, бастап кетті.

Малдың берін кең жайылысқа, мол суға өргізіп салған, күтім камын қамтамасыз еткен шабандар Үшқоңыр жайлauында бүгін бір мол қызық, асыр салды. Түс кезінен бастап асқа тойып, атқа мінген соң, неше алуан ойын-сауық болды. Балуан куресу, ер сайысу, қыз куу, күнан шаптыру, дәмелі жүйрік аттарды мэз салысып,

жарысқа салып, сынасу болды. Бұл тойда қаладан келген атакты әншілер әсем ән шырқады. Ақындар айтысты. Ат үсті жиынға жарышылар өлеңдетіп жар айтып журді. Алғашқы осындай көп түрлі мол сауыктар бір кезде, Алатау елі ерекше сүйетін атакты көкпарға ауысты. Тау жайлаудың тарлығына, шабар жердің өр-қиясына қарамай, сан жүздеген сайгулік мінген ер-азамат күні бойы, тіпті ымырт жабылып сам жамырағанша додаға түсіп, көкпар тартумен болды. Сан шабандоздар мен әлденеше додашыл, көкпаршыл жүйріктер бүгін көрсеткен өнерлері үшін, осы іңірде, барлық Үшқоңыр жайлауларында, барлық ауыл-отарларда мақтан алып, ауызға ілінді.

Жайлаудың жалынды, қызық, әсем күнінің бірінде ер жігіт пен жүйрік ат атаулы өздері туралы жаңа аныз-әнгімелер, мақтау өлеңдер туғызып жатты.

1948

ВОРОШИЛОВ АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗДА

Таң сәріде, мәлдір көк аспанда тутеленіп үшқан акшуда бұлт жауын-шашын хабаршысы емес. Ол — алтындағы ашық күн нышаны. Сол бір жұка ғана, алаша, бір сирек бұлттар қазір Алатаудың үлкен нар, кіші нардай қарлы биіктегін жарап етіп, бертінді бектер тауларға созылады. Бірісін-бірсін биіктегі санап, баяу созылады. Үш Қоңыр. Үш Қасқасу жоталарын қалқып отағді. Виіктен биікке ширатылып оралған осындай ак бұлттар кейде саналы басқа оралған ой сияқты. Сағым қиял емес, дәл деректі, өнімді ой, ісшіл жігер әкелетін ашық ойдай.

Алатаудың бектерінде де қазіргі күндерде барлық енбек еліне жайыла созылған бір ой бар, бір мүдде бар. Ол — облыстық партия комитетінен шығып, аудандық партия комитетінен, одан колхозға, бастауыш партия үйіміна жеткен, содан бригадаларға, звеиоларға, одан әрі жеке колхозшы, озаттарға ауысып жатқан ой, мүдде. Жігерге жетелеп, іске бастаған ой. Қамқор, сапалы мүдде.

Бұл міндеттің әр кезеңі «бескүндікпен» корытылады. Ол ойдан туған істі алсан, алған міндет қамымен өлше-

неді. Астық әзірлеуде алған міндеттемені Алматы облысы оқтаба 25-де бітірмек. Сол талап Қаскелен аудиңша ауысқан, опдағы партия, совет жүртшылығы бес күн бұрып, 20 октябрьде бітірмекке бекінгеп. Ал, міндеттеме бес күндейкке айналып, Ворошилов атындағы колхозда жеткендес тағы да мезгіл-мерзімі ілгерілеп дамн түсіп, тапсырамыз деп өздері үстен қосып алған.

Колхоздың коммунистері, комсомол мүшелері бастаған көпшілік колхозшысы 515 центнер астықты жоспардан тыс тапсырамыз деп өздері үстен қосып алған.

Серт санадан туып, іске ауысты. Жігер жүздерге тарап, тонналаған дәндерге айналды. Қалғып тұрган маялардан шығып, не комбайн, не молотилка, не тастаң өткен дән, күреқшениң құлаштай серіпкен шағында қиқым-қосықтаң арылғаш қызыл бидай — Алатаудың мөлдір аспанына, күлім күніне ең алғаш бар бойымен көрінеді. Таза тақыр үстіне түсерінде, дәл бір азат болғанша қуандандай, сыйырлай күліп, сыйырлай жазылып түседі.

Тақыр қырман қызара бертіп, семіре түсіп, дәңестене берген сайын еңбек жемісі де өсе түседі. Центнер, тоннлар боп жұбанышты сандарға басады.

Ворошилов атындағы колхоздың Қапасбаев Элімқұл бастаған екінші бригадасында күн-түн толас жок. Осында көп маядан туып жаткан мол дән аса бір ұжымды, нәрлі еңбекті танытады. Бұл орында, өзге көп комбайндей дәл осы жауалты күндерде көп құбылғыш, көп бұзылғыш комбайн жок. Күйлі комбайн әрекет етеді. Ол жақсы жүрген шағында сатыр-күтір үні де жайлы. «Апкел, апкел», «бол, бол» деп зыр қакқан білектер, ұршықтар, дәңгелектер ырғағы да әсерлі. Күйлі комбайн өз ырғағымен маңындағы адам жігерін, күшін де еліктіріп, ілестіріп әкетеді. Комбайнда дәп алғыш камера, түйгіш аппарат, бірінші элеватор, екінші элеватор, бункер бәрі де — біріне бірі айдаушы, қозғаушы боп қабыса қимылдан кеткенде, айналасында кезекгесіп жүрген колхозшылардың қол мен білектері, бұлшық еттері де машинаның ұршығындай тынымсыз, толассыз қимылга басады.

Сағат сайын ауысып Байымбетова Күлиза, Қембаев Зәріпбала, Байысбаева Әсемқан, Жаксылықова Нұрила, Борашова Айшат, Нұржандар жігер атады. Комбайнда

жан болса бұлар өз ынта-қайраттарымен машинаның өзін де еліктіріп, қыздыра қоздыргандай.

Бұл қырманда Елеусізов Әбітай жаз бойна қайрат асырып келеді.

Бірінші майда әскер катарынан келгеннен бері коммунист Әбітай 331 еңбек күн тапқан Мұнда Ырысбеков Жолдасбай өнімді еңбек етеді. Мартта әскер катарынан келгеннен бері 346 еңбек күн тапқан. Қазірде ол бір жағым еңбек күннен өндіруден бір жаңылған жок.

Сонғы күндері ішінде, әсіресе, осы бескүйдікте, еңбек күйі жаңағы күйлі комбайн екпініндей, өзгеше сапа тапқан. Бастауыш партия үйымының секретары Ракышев Шәлімбет, колхоз бастығы Тышқанов бұл колхоздың 35 коммунистін, 43 комсомолецін де, өзге барлық колхозшысын да іске жұмылдырган. Большевиктік жігерге, санаға сын болатын, шакты күндерде колхоздың жас-кәрісі, еркек-әйелі өзді өз орнында қалетсіз, ширак қымылда. 205 үйлі колхозда төрт бригада, уш ферма бар. Бірінші, екінші бригадалар қызылша мен ақ егісті бірдей алып жүретін топтар. Аз күнде алған міндеттемені ада қылумен қатар, 20 октябрьге колхоз қызылша жоспарын да бітірмек. Құздігін бітірсе де, зябы да тоқталмау керек. Жеке бір бригаданың арнаулы міндеті бол жатқан баубақша да өз бетіне. Төрт мүлік мал жөнінде де колхоздың міндеті мен мүддесі аса зор. Өйткені бүкіл Қаскелец ауданы, сонын ішінде Ворошилов атындағы колхоз осы бесжылдықта мал саны, сапасымен ең алдыңғы сыннан етеді. Бұл колхоздың Іле ауданындағы Октябрь ауыл советімен жасасқан социалистік жарыс шартында мәл есім, күтімі ерекше орын алады.

Міне, осындағы көп салалы енбектің үйіндісі қосылып Ворошилов атындағы колхоздың көп жақты тірлігін, жігерін, курс табысын, сын-сапасын танытпак. Бірақ осындағы үлкен машинадай курделі құрылышы бар кең шаруаны басқаруда бос әбігер, қарбалас жок. Байсалды, сенімді, ісшіл табандылық байқалады. Колхоздың мұндаілық көңілді халіне себепші болып отырған саналы қайраткердің бірі — Ракышев Шәлімбет. Көп жылдар Қызыл Армия қатарында болып, Отан соғысында совет жерінің көбісін көрген және Румыниядан бастап шет мемлекет жерлерінің, қалаларының талайын алысқан Шәлімбет, сол үлкен жорықтан көп-көп оқып, сабырлы, сапалы қайрат, қасиет тауып қайтқан азамат. Ол —

қазір шын білімді, көпті көрген тәжірибелі, әсіресе, бойында дәл таразысы бар мінезді қайраткер.

Осы Рақышевтар бастауымен кімбыл еткен колхоз ауылы өз шаруаларының бәрін тегіс қатар өрістетіп, өрбітіп келе жатса, қазір тонналап дән төгуге, әсіресе айрықша жұмылады.

Бұл күндерде егістің екі бригадасының құрылып, бірнеше қырманға қаптай қол қойған колхозшылар ісінде тек егіс бригадаларының адамдары емес. Оларға өзге бригадаларда көмекке келген озаттар да бар.

Алған міндеттеме қамтамасыз болсын деп Қапасбаев, Доспаев сияқты бригадалар қызылшаның тобынан да бірталай колхозшыны қырмандарға әкеп салған. Қайратты, саналы жастар қызылша маманы — Ниязова Ажар, Тышқанов Етекбайлар дәл бұл күнде қырманда, комбайн басында баса қимыл қөрсетіп жур.

Қырман айналасында есепші, өлшеуші, үгітші, МТС өкілі — бәрі де комбайнмен туысып жалғасқан звенолар еңбегін, құндіз-тұнгі екі кезек бойында да есепке алып, дәлін дәлше тізіп, тіркеп жур.

Осындай тәртіпті үйымдастқан күштер комбайнның да қарқынын асырады. Үлкен маяның жаңына қара нарадай жаңаса тұрып, бау-бау астықты дамылсыз асап, қылғып қимыл еткен комбайнға, тонналаган бидайды лезде тәктіреді. Колхоз бес күнде 515 центнер бермекке серт етсе, алғашқы екі күннің өзінде-ак 370 центнерін жөнелтіп, төгіп үлгерген.

Бірақ күйлі комбайн да кейде күйісінен жаңылады. Ол май жетпей кілт токтағанда, барлық еңбек ырғағы да күйінен жаңылғандай болатын шактар бар. Қоңырлар көріністердің әрқайсысы сонда барып, әр жерден жон қорсетеді.

Соның бірі: үшінші күн қаладан келетін машиналардың Ворошилов атындағы колхозға күн бойы бір де бірі келмеді. Колхоз қырманында дайын астық орынсыз кезек күтіп, мемлекет қорына ол күні төгілмей қалды.

Соның бірі колхоздағы оку үйінен де көрінеді. Қаскелен қолхоздарының бәрінде оку үйі бар. Бірақ үй бар да, күй жок. Бұл тұста ол жок күйдің аты — кітап. Әсіресе, қазақ кітабынан колхозшы оқитын түк жок.

Соның тағы бірі: колхозда клуб жок. Қоңырлар күшті колхоз клубтың тек қабырғасың қалқынкан да, төбесін жаппай, тыным тапқан.

Ворошилов атындағы колхоздың сан түрлі жақсылығының арасында осындай-осындай олқылықтар да жок емес.

Колхозшылар енбекі мен жігері, талабы мен табысы қазіргі салқын кеште самғай түседі. Тау бектерінен басқа енбек, табиғат күшін өзіне бағындыра дамиды. Таңертең тау басынан шұбалған алаша бұлт, сол еңбектің асқақ еліндегі еді. Қазіргі кеште бектер тау Шамалған, Шеладыр, Шұбараттың өрі сияқты жондардың сай-саласына енді қонған кекшіл көленке — жеңілген табиғат күдігіндей.

Түн бола бұл колхоздан аудан орталығына қарай басқанда, қызылша даласында да енбек оттары жалт-жұлт жанады. Бұл оттар жанында щошақталып үйілген қызылшаны түн бойы тазалап үлтірмек болып, екінші бригаданың адамдары отыр. Құрманбекова Жамал звеноғосы түн кезегіне кіріскең. Мұның көнілді, әнші серіктепі Тілепова Дариқа, Логонко Мария, Каражанова Кулғая, Телова Сафиаттар да жоспар үшін алысады. Біті, іскер қолдарындары еткір пышақтар қызылшаны тынымсыз қырнаумен қатар, колхозшылардың көнілді, көтеріңкі күйін танытып «Әриайдай» әнді де шырқайды.

Ауданға қарай үзап кеткенінше екінші бригаданың оттары жарқырайды. Сергек әні де үзілмейді қалқып, ырғала түседі.

1946

ОНЫҢ АТЫ ЕКІНШІ

Шырыс жолы турады

2

Биылғы көктем — талайдан болмаған көктем. Өзі, тіпті, күзге үқсай ма, өлде не. Жарқырап, жадыраған әсем көктем жоғы былай тұрсын, егіс бітіп, кек шырып қалған кезде қар да жауды. Май ортасы ауып бара жатса да, әлі күнге үскірік қара сұық айықпайды. Талайдан бері күн көзін көрсетпей, жәңкіліп, бүктеліп көшкен қою қара бұлт бүтін де бітпестей бол баяу қалқып, маңып барды.

Жұмысқа ашық күн керек еді. Сұық түн, беймаза жел, сілбі жауын жер жұмысын да өндіртпейді. Жұмыс

халқын да кірбен тарттырады. Дала жұмысын көп көрш, күн райын кәрі бақташыдай көп бағдарлап машықтанған тәжирорук Файзырахман Омаров сол себепті, алыстағы қою, зілді бұлттарға тыжырына қарап тұр.

Аудан колхоздарының бірсыптырасы келіп орныққан, Шар сұның бұран бойын, кең шалғының қуалай қонған еді. Аты жақсы Шардың өзі де сондай сұлу. Бұның екі арнасы бар. Бірі дәл қазіргі су ағары. Оның екі жағында жасыл бүйра тал, шілік бар. Өзен судың қабарған жасыл көбігіндегі боп, бір жері бері сала түсіп, бір кездे ары шалқып әлденені қуғандай, иренде, шұбалып кете-ді. Шардың екінші арнасы сол талдан бері қарай және ар жағындағы қоңыр адырға қарай созылған кең жасыл пішіндік. Қазіргі Шар дагдылы жазғы арнасында Кең көгалына жана бір жорықтың қалың өлік қондырыпты. Өлке бойында танертенгі үндер — жылқы кісінегені, сиыр мөнірекені, адам айғайы тегіс даурыға естіліп тұр.

Файзырахман мен үгітші Көппаев, Дәүітпаев, Бижановтар өятқан бригадалар кешегі құндердей емес, бүгін жылдамырақ қамданып, ширақ шыққап сияқты.

Файзырахман Омаров өз ауданына тиген учаскеін орта тұсында тұр еді. Бұл биік жота болатын. Тегі жол әлгі кең көгалдың шетіне кеп көлбей шөккен сар жота-ның ұзын үстімен тартылатын. Қырышқа тасы көп, та-қырша жота. Аудан сыбағасына тиген жұмыс ұзақтығы он километр. Бір тәуірі осы он километр бойында Шар үнемі ілесіп отырады. Сондыктан бар бригадалар көлігі мен сойыс малына оты, сұы жақсы болатын шұрайлы қоныста еді. Даланың уақытша жұмысына арналған балағандар, күркелер, қоңыр үйлер ана тұр. Кей тұста төрттен, бестен, кейде одан да көп болып ауыл-ауыл сияқты жайғасыпты. Барлық жайларда да будактаған түтін саябырлап жіңішкере, үзіле-үзіле барып, ақыры соңы бір-бір рет бұрк-бұрк етті де басылып қалысты. Таңғы астар, шәй, көжелер ысытылып та, ішіліп те болды деген сез. Осы белгімен ілес әр үйден, әр отардан лек-лек жүрт жедел басып Омаров түрған жотаға қарай, ендей тартып келеді. Иықтарда курек, кирка, лом сияқты сайдандар. Қарулы, көк темірлі қол келеді. Соларға ілес үздік-создық созылған, жай қозғалған бричкалар, арба-лар да шұбатыла шықты. Құш-көлік деген осы. Аспан-дары баяу жылжыған, шұбатылған асықпас бұлттай мынау өгіз арбалары да өз зақымен, өгіз темпімен

сықыр-сықыр, тырп-тырп басып баяу жылжиды. Анда-санда күйсіз арба шақыр-шұқыр етеді.

Ерте тұрган учаске, екінші учаскенің еңбек күні басталғаны осы еді. Бірақ Файзырахман кешелер бригадаларға менишікті жерлерін өлшеп берем деп жүріп, ауданнан жұмыс басына келген жұрттың ажар-реңі қандай, көлік күші қандай екенін де қадағалап қарай алған жоқ еді. Еяді байқайды. Өгіздер болса, өзге көрші учаскелердікіндегі емес. Қанқақ зор мүйізді сақа өгіздер көрінбейді. Қебінше құнан, дөнен бе? Бойлары да алласа, мойындары да ашац, еті де ояз. Анда-санда көрінетін ат жеккен арбалар болса ол да әлекедей жаланып, ала жөнеліп тұрган жоқ. Машиналарын әкелген колхоздар азырақ. Ол бір жай еді. Омаров жұмыс бойына тарай барған кісі ажарын да көзбен санап межелеп тұр. Эртопта шар тартқан, қартан колхозшылар барырақ, әсіресе, әйелдер жиі ұшырайды. Жұмыстың алғаш күндері ғой, бар колхозшының қауырт кірісетін күні осы еді. Менишікті жерлерінен бригадалар жаңылған жоқ. Бірақ жағалай жүріп қарап келеді. Эр бригадаға тоқтап, зевнолардың адамдарын танып, жұмыстағы әдіс-тәсілдерін байқайды. Жер жұмысымен өз колхоздарында көп алыспаған жұрт болса да, араларында күректі көміп алып, көртте сілтейтін жігіттер көрінеді.

Жалғыз-ақ Омаровтың әлгі бір кезде көніліне келген көлік жаһындағы, адам жайындағы күдігіне қазір тағы бір жайсыз жаңалық қосылды. Әзірше бұл көріп келе жатқан бригаданың бәрінде де сайман жеткіліксіз. Мынау күй бағанағыдай емес, Омаровты қаттырақ қинады. Жолға колхозшылар өз саймандарымен келмек керек. Ал екінші учаске түскен жер күрекпен алынатын жер емес. Қебінше тастак, қатқыл жер. Оған шот та керексіз. Лом мен кирка керек. Сол құралдар жеткіліксіз. Қазірде міне қай звеноны қарасаң, бір кісі бос тұрады. Кезектесіп барып лом, кирка ұстайды. Еңбек өнімі технорук пен штаб межелеген мөлшерде емес, лом, киркаға мінгесу жағдайында өнім болмак. Омаров үндемей, басын шайқап, сабырмен туїді.

Осы кезде сырт жағынан дабыр есітті. Жолдың межесін қарап келе жатқан топ екен. Арасында облыстық штаб бастыры, Алматыдан келген бригада мүшелері және бас инженер де бар екен.

Олар колхозшылармен амандасты аз тұрды да, Ома-

ровты ертіп ылгері басты. Штаб бастығы кесек дөнелі, жұмыскер бітімді, зор дауысты адам бағанадан бергі көргенін кесіп-кесіп тұжыра жөнелді.

— Нашар, нашар көрінесін, Аяқөз. Көлік әлсіз, жұмыскер ірікті емес. Сайман жок. Қімге сенгенсіндер?— деп тоқырап қалды. Ажымды қабағы түйіліп алды, басын шайқады.

Омаров көргенді бұлар да бірден-ақ, тегіс байқалты.

— Штаб қайда?— деп танқы мұрын, толық қара жігіт Омаровқа тақады.

— Ада қып болдық, қырдық. Сай қып жібердік деп мәз бол жатыр-ау!— деп мысқыл етті. Екі-үш кісі күйіне қостады. Бұл кезде топ Құлекенов деген қартаң колхозшының тұсына кеп еді.

Ол жұмысын істей тұрып жаңағы соңғы сұракты да, мысқыл ажарды да байқап қалған екен.

— Штаб бастығы Имамбеков қой. Егіс түгел біте коймай біраз күн кешенде жатыр. Келеді, — деді.

— Орынбасар ше? Ильиных қайда? Ұйықтап жатыр ма әлде?

— Штабта кеңес құрып отыр ма?— десіп, әлгі мысқыл еткен жігіттер тағы сұрасты.

— Ильиных жұмыста. Ол істеп жүр,— деп инженер езі акпар берді. Бұғін ерте Ильиныхты көрген еді. Штаб кісілері жол сорабын байлап, үндемей жылжып кетісті.

Бұл кезде участке штабының орынбасары, ауданың екінші хатшысы Ильиных өздерінің көршісі Үржар участкесін аралап жүр еді. Үндемей арлады. Аяқөз участкесінен мен мұндалап, ереуілдеп көрініп тұратын егіз қызыл биік Бүркітті тауы. Соның қойнауына Үржар ауданы орналасқалы бірталай болты.

Кешелер өз колхозшыларының көшіп келісінен сұрт ажарын әбден көргөп Ильиных мынау ауданға іштей қызыға қарайды. Облыстың бар ауданынан ерте келген осылар. Кісісі мол — мыңға тарта. Аудандық штабы да бір жақсы беткейге орныкты қып кең балаған салып, бекем орнатты. Штаб қасында ертеңгі көпірге керек қарағайды көп балташы жапыр-жұпыр үрып жатыр. Откір балта ауа түсіп, солғын тимейді. Сак-сак үрады. Колхоздарының арбалары, көліктегі де «бас-аяғы балғадай», мықты жатыр. Адамының да көбі еркек, атпал азаматтар. Шетінен зінгіттей, балғын дөнелі. Бұл колхозшылардың арасында қалжың, күлкі де бар, үндері де зораң шыға-

тын сиякты. Жұздері жарқын. Жарқын болмай қайтеді. Облыс аудандарының ішінде республика газеттеріне, орталық газеттерге де аты естіліп жатқан осы Үржар ауданы. Орталарында «Таудың қызыл қыраны» деген айбынды атаққа ие болған ерлері де бар. Азамат сорысында өлкеге аян еңбек еткен қызыл партизандар осы колхоздың азаматтары. Тауына бара түскенде Ильиных еңбектің қайнар ыргағын айқын ұқты. Тасты жарған амонналдар күрс-курс атылып лом, киркалар да қайсар тасты нақ-нақ ұрып жатыр. Ұжымды, күшті қолдардағы темір шанышқы, асыл тістер тау бекесін күрт-күрт кеміріп жатыр.

Қайта орала бергенде, жазаң жерде Үржардың көлігін де көрді.

Олар да ерлеріне ілесе, екіленіп басқандай. Бұрандамай, бұлтармай қасарыса басқан төрт-ақ өгіз плуг тартып, қара жерді қайшыдай тіліп, жосылтып айырып барады. Ильиных Үржардың әр көрінісінен көз ала алмай, жабыса қарап, өз еліне қатты ойланып қайтты.

Шүншеттеу келген ашық көк көздерінде түнілу елесі жоқ. Қайраттана жиылған, кадалған ойдың белгісі бар. Қабағының екі арасында жалғыз ажым терендеп жиылыш апты. Ерні ерніне қатты жабысып, үнсіздікпен түйіліп қалған сиякты.

Өз елінің шеткі бір молырақ қосын жағалап өтіп бара жатыр еді. Үй ішінде ызындан жылаған бала даусы естілді. Жұмысқа әйелдер келуімен қатар, жас баланың ілесе келгені де бар.

Мазасыз ойды бұл белгі де қажай түскен сиякты... Содан ба, басқадан ба, алысырақтан көз салса, жор үстінде топ-топ боп арпалысып жатқан бригадалардың аралында әйелдер көп көрінетін сиякты.

Алыстан шолып байқап өтті. Технорук Омаров та, үгітшілер де орын-орындарына тұрып қапты.

Өз участкесін тегіс көріп шықты. Жұмыс ажары кешегідей емес. Бүгін аз да болса даму бар. Бірақ жанағы көрген Үржармен салыстыруға көnlі батпайды. Көз алдынан қызыл қырандар бригадасының лом сілтесі, не мессе комсомол звеносының бастығы Науменконың серпіні әлі де кетпей, жеткізбес белдей көрінеді. Қөліктерді көргенде және бірталай жерде бір киркаға шіреттесіп жүрген звеноларды көргенде, Ильиныхтың ішінде күдік

молая түсті. Бірақ сыртымен сыр берген жок. Тәуір істеп жатқан звеноға келгенде күле сөйлеп, дем береді.

Аздан соң технорук Омаровпен оңаша сөйлесті. Ол екі-үш күннің тәжірибесін өзінше қорытып, бірталай дудемалын айтты. Қындық айқын. Әсіреке қөлік пен сайман бастыратын емес. Үржар салған бір жаңалық бар. Оны өлкө газеті көтере жазды. Жол сорабын, жер қыртысын әуелі плугпен алу керек. Бағана екі қара, екі қызыл қасқа өгіз сыйда тартып бара жатқан таспа жол, көп ауданға үлгі болатын жол еді.

Ильиных пен Омаров сол істі қазір енді «Киров» колхозының тұсынан бастатып көрді. Бірақ бұл тәжірибе бүгінгі түрінде үміт қосқан жок. Қайта бағанағы, іштегі күдіктерді молайта түсті. Өзі шағын келіктін сапасы да әлсіз екен. Плугты тарту үшін төрт өгіз жарамады. Тірсектері майысып, тырбындал, шанжагайлап жылжыта алмады. Төртке бесінші, алтыншы қосылды. Ол да жетістіре алмады. 7—8 өгіз жегілген соң ғана көк плугтың жалпақ тісі жерге батым жабысты. Бірақ бүйтіе берсе қөлік саны үшан-теніз болу керек. Ол қам алыста калған ауданның қазір қолынан келмейді. Іс бір минут те күтер емес. Бұл аудан Үржармен салыстырғанда, онсыз да кеш келді. Бүгін 20-майда зорға кірісіп отыр. Қындық айқын. Бір емес талай. Оның үстіне штаб бастыры Имамбектов те аудан жұмысын бітіре алмай, жете алмай жатыр.

Ильинихтың маңдайындағы ажымы терендер, қабағы күнгірт тартып түйіле түсті. Қайтпек керек? Өзіне өзі жауап айта алмай, шүйіліп тұрып қалып, ақырнда Омаровқа естірте:

— Ен алдымен жасымау керек. Бұл жұмыс, ойын емес, жорық шығар жолды таппақ, таппақ керек,— деді. Омаровтың да іштей байлаған байлауы осы болатын. Ол сабырлы, сенімді түспен күлді де.

— Болды. Бар айтарлық сез айтылды,— деді.

Колхозшылар түскі дем алысина қайтқанда, қастарында болған Ильиных бірге қайтты.

Қеле жатып, тек бір машикты жайды сөйлегендей етіп, қоңілдегі муратын айтты.

— Халық, өзіңе ғана сенім зор. Намыс ісі. Әзірше сайман, көлікте сай еместік бар. Бірақ соны сұлтау етіп өзгеден қалғанымыз ба? Жаман аудан, жаман колхоздар ма едік?— деген іштегі намыс сөзін айтты. Осында

талай жерлерде көптің журегіне төте жол тауып, қабыса сөйлесіп кететін әдеті бар еді. Кәрі Құлекенов, жас Ска-ковтардың Ильинихты жақсы көретін бір жері осындай шыншыл, турашылдығында болатын.

Сол бір жас, бір қарт Ильиних сөзінің мәнін үғып сенімді жауап берісті. Екеуі де қысқа қайырып:

— Түңілмейміз де, жасымаймыз. Дегенге жетеміз,— десті. Бірақ осы екеуі ғана болмаса, өзге қатар келе жатқан жүзден аса колхозшыдан ешкім жадырай сөйлеген жоқ. Қөвшілік тілі тартыншақ, түстері жабырқау. Істің үйыстыру кемшілігі үшін көңілде күдік молырақ па? Қірбен бар ма, қалай?

Байсалды сөйлеп, қысқа-қысқа ақыл-көмек айтып, Омаров келе жатты. Оның тыныштығын, сенімін бұзған ешбір күдік белгісі білінбейді.

— Тәртіп, тәртіппен аламыз. Бұл істін басы. Аз күнде тәртіп орнайды. Сонда сөйлессін бізben өзгелер,— деп Омаров өз ойын корытқан. Ильиних Омаровты өзінің бір мықты берік қанатында сезе бастады. Қөвшіліктің сарал жауабын, күнгірт түсін жұмыстаң талғандыққа үйарды да, Ильиних қажаған жоқ.

— Тез ас ішіп, жақсы тыныштыңдар. Жақсын үйықтап алындар,— деп штабқа кетті.

Осы демалыс уағында Ильиних бригада бастықтарымен жеке-жеке жақсы сөйлесіп шықты. Қөвшілік бригадирлер өздері де үнемі үзбей іс істеуге бекіністі.

Сенім берерлік жастардан Омаров десятниктерін әбден ірікте алған еді. Үгітші Қөппаевтар да өз жұмыстарын Ильинихтан осы түste әбден қанды. Сөйтіп демалыс уағында үйыстыру ісін алғашқы орнынан аз да болса мызықсан Ильиних енді кеп Омаровпен қайта көріскенде таңертенгідей емес еді. Құліп кеп, технорукты иықтан қағып тұрып:

— Айтарлық сөз айтылды дейсің, ә? Сенің сенімділігің бар колхозшыға жайылады әлі, көресің,— деп.

II

Осы күні кешке жұмыс артын облыс штабы кезекті өндіріс мәжілісін шақырды. Екінші участкеден Ильиних, Омаров барған. Штаб орталығы болған селдір тоғайлы кішкене қалала жол бойынын барлық, он участке штабының жауапты бастықтары түгел келіпті. Жұмысқа қарқын бітіріп, бір жердегі табысты екіншіге тарату,

дамыту үшін, бір участкенің өнімді жаңалығы болса, өз-
гелерге ұсыну үшін шақырылған жиылыс. Жаңа істің
алғашқы күндерінің мөлшер тәжірибесін қорытып, бай-
қау жайындағы мәжіліс. Ол ғана емес, салығы аз, кен-
желеп қалған, олқысы көп участкені талқыға салып, кем-
кетігін санайтын, сүйте отыра жетімсізін жетілтетін
мәжіліс.

Бірақ жауапты мәжіліс, бір ғана іске төс табандап
жабысып жатқан жорық үстіндегі қауымның жиылысы.
Сондықтан, сезім ойлар да, айтар сөз, күтер ақылдары
да бір ғана саладан. Штаб бастығы сейлеп, жұртты да
аз сейлетіп, тұжыра, тез қорытатын ісшіл адам. Эр
мәселенің нәрімен лезде танысып, ұстайтын жерін тап
еткізіп, дәл ұстайтын ысылғандығы көп. Облыстың әр
ауданын бұлжытпай білетін көп тәжірибесіне салып, бар-
лық жиынды жіңі жүргізіп, қымқырып әкетіп барады.
Әлі мақталған бір аудан жоқ. Бәрінің ісінен тәуір белгі-
мен қатар, кәдік жерлерді баса-баса айтқызып, жиынды
ылғи сондайга тоқтатады. Жұрт ақылын нақтылы шын
түйіндерге жұмылдырады.

Суре сөз сейлетпейді. Ұзап, созып бара жатқанды тап
басар сұраптармен керекті арнаға қайырып әкеп салып
отырады. Сонымен жиын ырғалып, найқалған, тіл безей-
тін жиын емес. Жұмылған жұмыстың лом, киркасындай
тура соғатын, қопара тиетін турашыл, жалтақсыз ашық,
анық, қысқа сөзді жиын болды. Эр участкеге әр алуан
сідет арта отырып, мәжіліс Аяқөзге келді.

Шыншыл штабтың бір канаты орталық бригадасы.
Соның бастығы шарылдаған ашы дауысты, тұра айтқыш
толық қара жігіт қабағын сұрлана түйіп отырып:

— Шынды айту керек, Аяқөз. Ең нашар әзірленген
сөндерсін. Бүгінгі түріне, сұрқына қарағанда нағыз мал-
тығатын аудан сөндерсін,— деді.

Штаб бастығы байсалды үнмен, бірақ зілді үнмен
кесіп-кесіп санап етті.

— Сондағы үлкен аудансың. Халқың мол. Экелмеген
өзінен. Ендігі сөз қысқа. Жол сөндердің тапқырлық қай-
ратынды күтеді, штаб шеберлігінді тосады. Халқынды,
колхозшынды үятқа шалдықтырамысың? Жоқ, аудан
абыройын сактаймысың? Жауп штаб мойнында,—
деді.

Осы жиында жаңа мәлім болды. Алғашқы бескүндік
шішінде Шар ауданы өктеп шығыпты. Облыстың ауыспа-

лы қызыл туын сол алатын түрі бар. Жиында Уржар жағын да есітті. Жол бойында бар участкеге Уржар комсомолдарының тобы үлгі боп аталды. Оның ішінде Насуленко звеносы бұл бес күндіктің ен үлкен нормасын 200 процент беріпті. Барлық жұртқа тегіс арқалықтай бел көрсеткен қимыл. Сол себепті Уржардың штабы аз сейлеп, өз міндетін өзі түсініп, ұсыныстарын тез тұжыран. Шардың штабынан келген Ильиных сияқты екінші хатшы Колесников те нығыз, берік бітімді боп көрінеді. Бұлшық етті, сінірлі келген сом жотасы да қауымының қайратын елестетіп тұрган сияқты. Ол қайратты үнмен рапортша кесіп-кесіп, тіпті қыска сейлеп өткен. Сарт-сұрт еткен ісшілдік даусы естіліп жатыр.

Ильиных өз ішінен «тым құрса аудан тегіс 150 процент орындарды деген күнге жетсек! Қандай толас табар ек» деді. Қолға түспек арманды ойлады. Бұл жайда жана, жолшыбай Омаровпен сойлескенде, бүгінгі тәуір күннің өзінің нәтижесі де норма жағынан санағанда қатты туқыртқан. Ең әуелі жұзден асқан екеу-үшеу ғана. Ауданның өз көлемінде ол да жақсы еді. Бірақ мынау үні өктем шығып тұрган Шар, Уржардың алдында оны айтуға да болмайды. Эсіресе, зіл боп басқан Омаровтың сабырлы даусымен айтылған өзге хабар. Бүгія кей звеноңда 50 процентке зорға жеткен мешеулер де бар екен. Казір есіне сол цифр түскенде Ильиных өз-өзінен қызылып, қызарып кетті. Бірақ өзгеге сыр берген жоқ. Бара-надан үндемей, қатты түйіліп, ойланып отыр.

Штаб бастықтарының жаңағы сөздерін естіп отырғанда Ильиных дүр етіп сілкінген тәрізденіп намыспен қайнап кетті. Жұрттың бәрі Аяқөз жайын айтса, орталарындағы пакырына, жарым-жан, дімкәс біреуді еске алғандай сөйлейді. Ильиных өз адамдарын, жақсы жандарын текке білді ме бұл күнге дейін? Олар жайының қазірде біреудің ашуын, біреудің үялтуын, біреудің есіркегендей, мысқыл еткендей үнсіз күлкілерін тудырғаны, эсіресе батты. Өзінің шын қымбат көретін Құлекенов, Сқақов, Атаманов, Тайлакпаева сияқты талай қын істерде, тырыз-таян күндерде сыналған жақындарына жаңы ашып кетті. Қоз алдына солар келгенде ыза боп, қайнап барды да ашуын қайтадан іркіп, жинаңқырап алып, бастықтан сез сурады. Штаб бастықтары жаңағы айтқан өз сөздеріне ұзақ жауап айтылар, дәлелдер терілер деп ойлап еді. Бірақ олар әлі Ильинихты білмейді екен.

Сөз алған шешен өте кыска сөйледі:

— Істін ең алғашкы күндері ғой. Қортындылардың мезгілі әлі ерте, әлі алда. Бас штаб бізден жауап қүтеді ғой. Жауапты Аяқөз колхозшысы іспен айтады. Аудан штабы өндіріс мәжілісіне іс нәтижесін әкеп отырып сейлеседі. Ұсынысым: әзіргі Аяқөз сөзі осымен біте тұрсын,— деді. Жиын тегіс аныраңдай жалт-жалт қарасты.

III

Штабтан өз участекелеріне кайтқанда Ильиных шофердің қасына оғырмай Омаровпен бірге грузовиктің үстінен секіріп шыкты. Грузовик көк түтінмен жөткіріп, аз күтірлеп түрді да, сықырлай шайқалып, шандата тартып кетті. Күндізгі бұлт айырыпты. Аспан ашық, күн райы енді түзелердей. Батыста, алыстағы қалын жоталы коныр адырдың үстінде өлүсіреп бара жатқан актаңлақ бар. Саң жана батып барады. Өлке бойына түн төніп келеді.

Ендігі істін барысын қалай бастау керек? Екеуі де соны кенесіп келеді. Бірак бұлардың өз іштерінен әртурлі жайды қадала ойлауы көп те, бір-біріне дәл басып «байлау осы деп» айтқан ұсыныс сөздері аз. Сондықтан жол бойында жауаптасулары да көп болған жок. Ойлары іште. Бұ да іс жөндерінің әлі шешіліп, післегенінің белгісі.

Жарық ай маңдайға кепті. Жүргіншілерден кейін қап, алыстап бара жатқан Бүркіттің қос қызылы көкшіл тартып, тұманды түске бейімдеп барады. Бер жағындағы ұзын саң, кең қолат қазір ай астында бозғыл тартып жым-жырт жатыр. Тек түн буы ғана, жұқалан көкшіл мұнар болып, өлкенін ойпаң жерлерін бусана басып келеді. Айнала елсіз, дүниe тыныш.

Бірак жүргіншілердің көнілінде ғана алай-түлей ұйтқыған күдік бар.

Участекелерінің тұсына жетіп, шеткі отарларға іліне бере Ильиных машинаны тоқтатты да секіріп түсті. Кешкі астарын енді ішіп жатқан бригадалар әлі жатқан жок екен. Тыста жанған түнгі оттары да сөнбепті. Омаров та түсті. Машинаны штабқа жіберіп, екі жаяу колхозшыларға кетті

Осы кеште ел жатқанша бар бригаданы аралап өтісті. Штабқа баарда үгітшілерге участек қалы нашар екенін, жұмыс қарқыны көпке шаққанда ауызға алғысыз ұят

күйде екенін айтып, колхоздарға жеткіз деп кетіскең еді. Қазір сол үтіші комсомолдар: Қөппаев, Бижанов, Бөлекевтер бригадалардың мол-мол жерлерінде жүр екен. Барлық звено колхоздарда бүгін 50 процент орындаған адамдардың аты, көпті үялтар сөздей аталады. Сонымен қатар Үржар комсомолы Насуленко, жаңа соның серігі Мұқыштың аттары бүгін Аяқөздің бар колхозшысына әбден қаныкты ат болды.

Ильиных келгенде колхозшылар күндізгі жұмыстан кайтқан уақыттағыдан емес, көбірек ентелеп орталарына алып:

— Штаб не деді?

— Артта қалдың, жүрттың бәрі озды дей ме?

— Өзің не дедің? — деп бір түрлі серпіле сөйлесті. Бар жердегі карсы алу осы тәрізді, аудан намысының ояна бастағаны сияқты.

Ильиных колхозшының бәріне де, әсіресе, бригадирлеріне барлық өз ойындағы шынын айтты. Қиналып, дағдарып келгенін білдірді.

— Бізді әлсіз дейді. Әлсіз бе едік? Жұмыс көргеніміз, жүртшылық білдіргеніміз осы жер ғана ма еді? Бірақ езге аудандардың озып тұрғаны рас. Ендігі сез де, намыста, жауап та істе,— дейді.

Әлсіз аудан дегенге «Елтай» колхозшыларының арасында тұрған Сқақов ыза болды.

— Штабқа, анық он күннен соң сөйлес деп неге айтпадық? Әлсіз деп... осы жүрт лазаретке жатқалы кеп не екен? Штабынан емші сұрап па екеміз,— деді.

Кісі аздығын айтысканда барлық бригада «Молотов» колхозын кінәлады. «Бұнда қол аз боп жатса, олар әлі іс басына жетпей, найқалып қайда жүр», — деп ренжісті. Барлық бригада Ильинихқа:

— Қару-сайман жеткізші.

— Осы лом мен киркани ғана түгендеші.

— Елу процент болмай не болады? Екеуі бір сайманға мінгескен соң, тіпті оған да шүкір деп неге айтпайсың?

— Онан соң кей бригадада іс тәртібі, адамды жұмысқа қарай сай бөлу жағы нашар. Осыған көз салындар. Қөлік, сорлы қөлік емес. Бірақ бабын біліп салындар, — деп колхозшы атаулы штабка ише алуан байыпты ақылдар айтты. Шынында осы сөздерінің барлығы бөгеттің дәлін тапқан сөздер еді.

Осында жайларды аз күнде штаб, бригадирлер мен технорук, десятник бол жойып ап, аудан бас штабпен сондағана дұрыстап сөйлеспек болды. Ниет бір. Қөп ниет және қыннан асуда, сол көп жігері жұмылған ниет екені танылып тұр. Осыны үққан Ильиныхтың көңіліне ендіғана үміт орнаш бастап еді. Ол осы жыныға облыстың қызыл туы үшін, тоғыз учаскенің бірімен жарыска тусу жайын айтты. Бірақ колхозшылар ойлансын, жауабын ойланып ертең айтсын, деген еді.

«Тегісшіл», «Жана нұр», «Буденный» колхозының стахановшылары осы түнде-ақ кесікті жауап айтты, Ильиныхқа мәслихат берді. Бұл жөнде қайратты даусы басым шыққан Атаманов еді. Соны Сқақөв, Ожан, Сұлтан қостады. Бәрі де:

— Ойлану қажет емес. Тура ен мықтысы кім сол аудандардың? Тап сонысымен жарыска тұс! — десті.

— Уәде ме?

— Уәде! — десісіп бірнеше жақсы бригадирлер, стахановшылар өзара қол алысып еді. Бұл кеште көшілік жүзінде ең алғаш рет құлқі сенім көрінген сияқты. Сқақөвтың қолын қатаң сіңірлі қолымен ұзақ қатты қысып тұрып, Құлекенов карт та:

— Істеп алып «ер шықтым» деген бір сәрі. Істегелі тұрып кірісемін, басып озып шығамын деген серт, ер серті де. Экпел қолды, — деген. Жүрт бұл сөзге сүйсіне, куана қосылды. Бағана штаб сұрағына жауап берерде Ильиних өзі қандай намыспен қайнап сілкінген болса, қазірде өз штабына қарай жалғыз келе жатын, осы түнде аудан колхозшыларының да шын бір ызалы намыспен дүр етіп сілкінгенін сезгендей еді.

IV

Штабқа келісімен Ильиных колхозшылар көп айтқан, қатты айтқан, сайман атаулыны іздеп кетті. Бұл мандағы орныкты аудан Жарма еді. Сонын орталығына, шойын жол станциясы Жалғызтебеге барып және жол бойындағы бөгде колхозшыларды араляп, кезіп отырып, біргалай лом, кирка тапты. Жеткілікті емес. Өз ауданынан қамтамасыз қып әкелетін іэрселер еді. Бірақ лом, кирканы тегінде аз қолданатын колхоздар тілесе де таба алмаған.

Түн ортасы ауған кезде мазасын, қын ойлардан аз

төлас алған Ильиных машина ішінде оқтын-оқтын қалғы отырып, өз штабына жетті. Денесін ауыр салмақ басқандай сүйек-сүйегі талусырап, жаншылып қалған сияқты. Үйқысыз, дамылсыз қын тұндардің үшіншісі осы еді. Таң алдында екі-ак сағаттай мызғып алып қасындағы Омаров оянганда, күн шықпастан, Ильиных та қайта ырғып тұрды. Басы зәңіп, үйқы басып тұр. Шаршал талған дene түк тынықпаган сияқты. Басын шайқап, киініп алып жылдам басып кеп сұық сумен төсіне шейін жуындып алды да, жаңа туған енбек күніне қайта кірді.

Бес минуттік шәй кезінде үйқысы қашып, кірпігі қаткан сергек комсомол Көппаев колхозшылардың байлауын әкелді.

Тұнде Атаманов, Сқаков, Құлекеновтер бастаған жағыс жайына бар колхозшы үн косыпты. Үржармен ең күшті, ең даңқты учаскемен, кеше бас штаб әлсіз деген Аяқөз жарысқа түсетін бол бел байлапты.

Аз да болса жұрт бейілі серпілгені анық. Жартылап тапса да құрал-сайман қосылғаны тағы анық. Бұғін күш жақсы. Бұлт-бұлышығыр жоқ. Қектемнің шын қектемге үқсаған сирек күні осы ғана. Енді енбек қалай басар екен? Бұғін аудан не айтар екен? Осындай ертенді-кеш ойдан кетпеген іштегі сұрақтармен Ильиных жол басына келді.

Омаров та өз қамымен кеткен еді.

Екеуі де әр түстен байқап тұр. Жол үстінен жұмыска келген звенолар әлі тіпті азғана. Ерте тұрып қимылдар деген құн осы еді. Тұнде сөзі мен ажары жақсы бригадалар қазір неге ерте келмеген? Әлі де күту керек, төсегенің, шыныққанын, мезгіл-мераімге үйренип жаттыққанын күту керек болғаны фой. Үндемесе де, отар-отарға «анді қашан» дегендей бол үміттене, асыға қарап тұрып Ильинихтың көніліне тағы да азырак қобалжу түсты. Әлі де күдік бар. Эне біраз ынталылар сыйылып шығып жіті басып келеді. Бәрі де тұнде тез түсініп, қызу тапқан стахановшылар. Сенімді адамдар. Бұлардың алды жолдың үстінде істеп те жатыр. Ал бірақ көпшілік ше? Қөпте әлі де салқылық бар, шираған жоқ. Әділет пе? Жоқ, жақсы стахановшылар жалғыз өздері болмаққа керек емес. Солар қатарына ең шабан-шардақ топтар жетіп, ілесу шарт.

Бұғін түске шейін Ильиных, технорук, үлітші, десяг-никтер он километр арқауының бойында «кім қарқын-

ды», соған көз салумен болды. Жеке колхозшының жақсы боп өндіріп бара жатқанын бір-бір танып алғып, ақыры зено-звеноларды, содан бригада-бригадаларды байқастырып еді. Түске шейін «Тегісшіл» мен «Жаңа нұр» өзгелерден бөлектеу, озғын шықты. Бірақ көпшілік алғы мимырт. Себебі де бар. Аяқөз түскен участкеде күрек алатын жер тіпті жок. Күрекпен басып алатын қара қыртыс болса, ондай орынды бірінші, екінші категория дейді. Оның ісі де өнімдірек, соған орай нормасы да сегіз кубометр. Аяқөзге өндіріс кеңесі жұмыс нормасын алты кубометр деп берген. Белгілі — үшінші, төртінші категория, тастақ, киын жер болғандыктан солайша беріп отыр.

Қолдары молырак қару — күрек болған соң сонымен қимылдаپ жатқандар көп, бірақ ол күрек батпайды. Қөрініп тұр. Ынта қөрінсе де аспап аз, дәрмен жетпей тұр. Кудік айықпай қинап тұр. Осы кездे аудандық штаб бастыры Имамбеков жетті. Алғаш жол ісіне жеткені осы. Бұғінге шейін оның егістен босай алмай жатқанын ұғып, өз міндетін де, Имамбеков міндетін де Ильных бір өзінін мойнына алып жүргені сол еді.

Имамбеков технорукпен, Ильныхпен жол бойын арапал отырып, барлық халге толық қанықты. Ауданнын арманына, Ильныхтың ойына, техноруктың қыншылықтарына бұ да ілесті. Олар күдігі бұған да күдік, соларды қинаған бұны да қинап, майдай терісін тыжыртып барады.

Кой көзді, қара қас, қызылт сары Имамбеков те істен қорку, жасу үшін келген жок. Қеше егіс тоқтағанша ауданда сан түйінмен арпалысты, бір саты істі жеңіп келген. Осы көткем егісінің өзі де колхозшылармен жақсы қабыстырып, бұған көп тәжірибе, тапқырлық бітіріп еді.

Бәрі де қосылып алып, түске шейін, үміт, күдік арасында жүріп, ойдан да, істен де дамыл алған жок. Түскі үзілісте штаб толық боп, бас құрап отырып, үш-төрт күн тәжірибесінің ашы-тұщысын түгел саралап, анықтыңғылықты байлау жасасты.

Колхоздың өз даласындағы, қысталан науқан үстіндеңі өз тәжірибесін жұмсау бірінші шарт. Ол ең әуелі іске тәртіп өндіруде және, әсіресе, адам мен көлік күшін айнымас реттілікпен пайдалануда.

Осы кенесте технорук Омаров өзінің өн алғашқы ко-

рытынды ұсынысын айтты. Ол да кешелер басқа техноруктерден сұрастырып, Үржардың да, Шардың да әдістерін ұғынған екен. Барлық басқа участкеден Омаров өзгеше әдіс ұсынды. Бұның тапқан тәсілі комплекс әдісі. Өзгелер жерді ғана қарастырып, жер қазуды ғана бирыңғай әкетіп жатыр. Тесеніш тас олардың екінші қатарға қойған ісі. Көпір, дренаж олардың үшінші кезеңінде. Бұндай істі олайша кезектету дұрыс емес. Катар алып жүру керек. Әсіреле, Аяқездей көлігі әлсіз, кісісі іріткі емес ауданға сол қажет. Осылай болса жұмыс үстінде бір жан, ия бір көлік солпы қалмайды. Екінші, күрделі үш саты жұмыс кезек тоспайды. Бірі біткенде екіншісі ілесе істеліп бітуге жақын тұрады.

— Эйелдер көбінесе көлікке мінеді. Сейтіп іс тұтасқан машина жүйесіне ұқсап, барлық звенолар үнемі біріне-бірі байланысқан тұтас қозғалыста болады. Тек екі күдік бар. Ен әуелі өзгелерше жер жұмысын пәлендей өндірдік деп, бір саладағы істің өзін дамытып, сонымен мактапатын бола алмаймыз. Тіпті алғашқы бесқұндікте біздің бір саладағы өніміміз көрнекті болмайды да. Бірақ бас штаб түбінде біздің әдісімізді қостайды. Жалғыз-ақ екінші қындық, осы жолды үнемі шебер әдіспен аудырмай жүргізу керек,— деген ұсыныс еді.

Ильиных салған жерден қуана қабыл алды. Бар қасиетін лезде тусінді. Имамбеков бірталай күдікті сұралтар беріп барып, кейіндеп косылды. Байлау осы бол еді.

Тұстен кейін жұрт жұмыска шығар алдында бригадалар, звенолар осы жана тәртіпке тегіс қанықты бол алып, өз кісілерін звеноларға жаңаша бөліп, жаңа тәртіппен басқара екшеліп шықты.

Технорук ақылы колхоздың тәжірибелі бригадирлері мен карт стахановшыларына аса дұрыс көрінді. Бірақ шалағай бригадир мен бірталай жай колхозшы, айтқанды істегені болмаса, әлі ұғынып, ойланып болған жоқ еді.

Ендігі әңгіме бүгін озған колхозды дәл табу... соны көтеру.

Имамбеков кешке шейін тынымсыз жортұылға салып жүріп, грузовигін орталай толтырып, лом, кирка әкелді. Жұрт аспапқа енді тегіс жарыды.

Осы күн кешке шейін кимылдағанда, бұрын озғындалп келген «Тегісшілден» «Жана нұр» колхозы анық озып

шыкты. Жақсыдан жақсы асқаны, жаңа топтың кеп басып озғаны бүтінгі күндер үшін ең қажет, ең қымбат жаңалық еді. Штабка да, аудан жұртшылығына да түяқ ілімегін тал табылды. Қарман. Ұстан. Ұста да өрле, өрлет,— деген сияқты аудан басшылығы үшін асыл табыс еді.

Осы күні кешке Аяқөз колкоздарының өзара жарысы басталды. Барлық талап, жігер Қазақстанның жиырма жылдығына арналған тарту бол басталып, облыстың ауыспалы қызыл туын Үржардан жеңіп алу жолындағы шарт-шара бол атала, бір колхоз бен екінші колхоз өзара жарыска түсіп жатыр. Сейтіп осы кеште Аяқөз ауданының барлық 25 колхозы айқыш-үйкыш жарыс шарттарын жасасты.

Кеше аудан алды «Тегісшіл» болса, бүгін содан озып келген «Жана нұрды» өзге 23 колхоз ішінен омыраулап, басымдаپ кеп «Буденный» колхозы жарыска шақырды. Даң жеңіп келіп тұрған жерінде шақырды да: «Шақырдық. Ал қарқыныңды бұдан да асыр. Бірақ соңда да біз жеңеміз, жетеміз... жетеміз де асамыз», деп ашық, айқын еңбек сертін қатулана айтып тұрып, шартқа шақырды. Түн бола бергенде осы жарыс екпіні барлық бригаданы қармаған еді.

V

Сол тунде колхозшылар кешкі асын ішіп, үйқыға бас қойған шакта ауданың тынымсыз штабы Николаевкаға тартты. Имамбеков, Ильиних бас штабка кеп: Аяқөз участкесі Үржарды жарыска шақырады,— деп мәлім етті. Облыс штабының адамдары әуелі үндемеді. Анырып қалғандай болды. Бастықтың орынбасары арықтау сүршашілік ері сүйсініп, ері азырақ күдік білдіріліп:

— Жарыс — жарыс үшін емес, озу үшін ғой. Озамын дейсіндер ғой, зә.. — деп үміттене қарап еді.

— Ия, озбаймыз десек жарысамыз ба? — деп берін жауап берді. Имамбеков одан көрі шынын айтпақшы болды. Өйткені уй ішінде Үржар кісілері де, басқа жауапты адамдар да құлімсірей таңырқаған сияқты. Имамбеков солардың жүздерін, қимыл-қабақтарын тез шолып өтті де:

— Озу іс нәтижесі ғой. Исті дамыту үшін, алдыңғы жақсы, мықты ауданға қарап өлшеспекіз,— деді. Штаб

бастыры бағанадан бері тартымды, байыпты пішінмен отыр еді.

— Осылай байлаған штабтарын ба? Колхозшылардың өзі ме? — деп сұрақ қойды.

— Колхозшымыз. Ең мықтысымен шарттаға деп жіберді, — деп Ильиных тағы да қатулана сейледі.

— Ендеше сез қысқа. Несі бар? Жасасындар, — деп штаб бастыры бір-ақ кесті.

Ильиных пен Имамбеков осы байлауды жасап тұрып, дәл сол арада Үржардың тағы бір жаңалығын есітті. Облыс штабы әр күні кеш сайны, сол күннің корытынды ақпаратын алып отыруши еді. Қазір, міне жаңа түскен хабарлар бойынша Үржарда Насуленко звеносы барлық жол бойына тағы бір жаңа серпін көрсетіпті. Істін алғашқы мезгілдері ғой. Эзір қай аудан, қай колхозшы болса да мол ерісіне жеткен жок. Үміттің, талаптың кебі әлі алда екенін облыс штабы біледі. Бірақ айнымай, аумай келе жатқан бір жаңалық, әсіресе, әрқашан осы Үржардың дәл осы комсомол тобынан естіліп отырады. Жол бойында ең әүелгі күндерде 150 процент берген солар. Одан келе 200-ге елден бурын асырған солар еді. Енді бұғін міне 250 процент деген норманың жотасын көрсетіпті.

— Дамып, өрлеп, басып барады. Нагыз қайрат осы, — деп бағанағы сұрша жігіт қуана, сүйсініп отыр. Имамбеков Насуленконың мына хабарын есіткенде көз алдына енгезердей, үлкен бір алышты келтірді. Қолыңдағы ломы да кісі бойындағы ұзын, білектей жуан көрініп еді. Ильинихтан «көргенің бар ма?» деп сұрап еді.

— Көрдім, 19—20 жаста. Өзі және ап-арық, бойы да аласа, орташа ғана жігіт, — деді. — Бірақ жол бойынның әзірігі жаксы лақабын туғызып тұрған ері сол.

«Екі жұз елу дейді», Имамбеков еріксіз лоблып, ойланып қалды. Аяқөзде, әлі күнге звено былай тұрсын, тіпті озық жеке колхозшының бірде-бірі де 200-ге жетіп көрген жок. Жетер ме? Мәлім де емес.

Штабта отырған жұрт бұғінгі кеште әсіресе «Шар» участкесін мақтап жатыр. Жұртқа соларды үлгі ете сөйлейді. Ең әуелі штаб орынбасары Колесников жаксы басшылық еткен. Ұйыстыру ісі бұл күнге шейін ойдағыдай келген сол ауданға ғана. Жер жұмысын жалпы менгеруде олардың проценті, өзге аудаиниң бөрінен артық. Сол сеңепті бұғін облыс қызыл туын штаб Шарға бүйірыпты.

Көп дәлел, көп белгімен қорытып кеп берген, дау жоқ. Штабта отырғандар Шардың Завориевтей шоферін, Ахмеди Қиқымовтай колхозшы стахановшысын қатты мактайды.

— Ахмеди ломмен тасты үрганда тау жұлыны сол-қылдайды деп өздері ақыз қылышады,— деді штаб орынбасары.

— Нагыз жұмыс балуаны. Денесінің өзі де үткен күштің денесі. Бойы қаидай. Жотасы, білектері де дәл батырдай,— деп штаб бастығының өзі де мактай жөнелді. Шын сүйсінген екен. Эйтпесе осы жолда істеп жатқан бүтіл бір облыстың алты мың колхозшысының ішінен өзірше ешкімді бүйтіп мақтаған емес еді.

Шарт пен жарыс жайын айтып қойып Имамбеков өз жүртін енжар көңілмен еске алды. Бірақ қайту жоқ. Облыс штабының алдында Уржардың штаб бастығы Романенко мен Имамбеков аса жауапты шартқа отырысты.

Шарт қағазға ерте і екі жақтың бригада бастыктары да қол коймақ. Бүгін штаб пен штаб кездесіп келісім жасап, шарт белгісінің барлығын атап, санап, қағазға тегіс жазысты. Екі ауданның ауында да облыстың бар колхозшысы көніліне алып келген бір ұран бар: Ол: «Қазақстанның жырма жылдығына тартуымыз» деген ұран. Қазір шарттарының ен басында соны атасты. Барлық айтылар жайлар айтылып, енді қол қоярға келгенде Уржар штабының бастығы Романенко Аяқөз жайын сөйлемей, бүгін облыс туын алып отырған Шар жайын сөйлемеп, көнілін сол жаңсағана салып отыр.

Кол қоюра да асықкан жоқ. Колына қаламын ұстап отырып, облыс штабына зіл тастап:

— Кешпелі қызыл ту Шардікі емес, біздікі еді. Біздікі болмаққа керек еді. Бірақ өкініш жоқ. Біз Шардан аламыз. Келесі бескүндік емес, келесі он күнді бізге есептей беріндер,— деді.

Облыс штабының бастығы күліп жіберіп, колын сілтеді.

— Жарайды, Романенко, әуелі мақтауынды кеміт.

— Мактан емес, әділет.

— Оның рас болса, он күнге алам дейтінін қалай? Он күн үстасының да айрыламысын?

— Аяқөзге беру үшін алмақ қой,— деп штаб орын-

басары көзін қысты. Имамбековке жаққан сөз осы еді. Күліп жіберді.

— Одан да мына шартқа қолыңды қой. Мақтанба, тәртібінді, басшылығынды күшет. Эйтпесе мына Аяқөз шын жеңіп шығар. Сонда сөйлесерміз,— деп штаб бастығы қатты құліп алды да, Ильиних пен Имамбековке қарап:

— Сендер, бұның участкесі жеткізбейді еken демендер. Комсомолдары жақсы. Шын батырлар... Ал бірақ ауданның көшілік бригадаларын сол алдыңғы қатарына қарай көтеріп, созуға жарамай отыр мынау штаб. Алды жақсы... Бірақ арты ше? Арты мәлім. Қысқасы, сенімді болындар, қимылдандар,— деді.

Шын көмек сөз осы еді. Бірақ Ильиних пен Имамбеков Үржар штабының жаңағы кеудесін ұмытар емес. Бұлармен шарттасқалы тұрып, жай бір балаға қарағандай қарады. Жарықталы тұрған Аяқөзді бірде-бір аузына алмай, кіжінгені Шар.

Аяқөзге Шар әзірше асқардай көрінсе, мынау жақын көршісі, жарықса түсіп отырған көршісі сол Шардың өзіне де мұрның шүйіре қарайды. Омырау болғанда, естен кетпес омырау еді.

Осы көрген жайларын Ильиних жасырмастан колхозшылардың бірталайына айта келді. Жарысатын аудан осал емес. Облыстың алдын алғалы отырған аудан. Жауаптылықты біздің колхозшының бәр-бәрі толық туғсіабесе, тегіс серпілмесе сын үлкен,— деген ескертулер айтылды. Қатты да, толық та айтылды.

Шартты жариялағанда колхоз жиыны осы жайларды біле отырып:

— Үржар күшті. Бірақ күшті болса болсын, біз қалыспаймыз, тіпті жеңеміз,— деп байлау жасасты.

— Осы, барлық Аяқөз колхозшысының серті. Соны да жарияландар. Тіпті Үржар еститін ғып жарияландар,— деп Атаманов пен Сқаков қосымша ұсыныс кіргізген.

Айтқандай Ильиних осы түнде құрылыстың орысша-казақша шығатын екі газетінің басқармасына телефонмен жаңағы колхозшылар сөздерін тегіс айтып, жеткізіп берді. Танертенгі газеттерде Аяқөз, Үржар шарты шығумен қатар, екінші участкесінде өзгеше өктем, қажырылған серті қоса жазылған екен. Үлкен қарыппен қалың басылып, нағыз сенімді, серпер сөз бол шығыпты.

Колхозшыларға бұдан былай, алдыңғы күннің есебін, келер күні таңтерен жариялада отыру дұрыс делінген еді. Соң ретинен үгітшілер бар бригадаға үлкен шарт жасалар күнгі кимылдарын дәлдеп айтып шықты.

Ильиных, Имамбеков, Омаровтар бұл акпарға қатты көңіл болған еді. Қазірті есеп кешегі, алдыңғы күнгі есептерден асып тусіпти.

«Жаңа нұр» мен «Тегісшілдің» катарына енді «Жаңа ай», «Елтай» барып ілесінти.

Жеке стахановшыларды алғанда кешегі 150 процент оріс емес. Омаров пең екі десятник куанып келді. Мынау есепте қазір үш бригаданың ішінен 200 процентке жеткен жігіттер де болыпты. Ильиных сүйсінгеннен кыл-кызыл болған нетін, күліп жіберді. Ақпараты қайта-қайта қарал етті. Анық. Алғашқы үміт туды білем.

Бас штабтан келген бүгінгі газеттерді қарап Аяқөз сөзін оқыды. Сенімді үнмен қатуланып тұрып, дауыстап, зілдеп оқыды. Жаңағы акпар тірері еді.

Үржар мен Шардағы мықтылардың, сенімділердің мына газетті күлімсіреп оқып тұрған пішіндерін көз алдына келтірді. Бірақ кысылған жок.

Жол үстіне келгенде, колхозшылардың тағы бір жаңа, жақсы хабарын есітті. «Жаңа нұр», «Елтай», «Жаңа ай», «Маркс», «Калинин» колхоздары бүгін ең алғаш рет технорук, десятниктерге ояттырмай өздігімен турылты.

Имамбеков жеке колхозшылардан бастан, барлық бригадир, десятниктерді тегіс адактан, жұмыс қарқының енді қандай олқылығы, жетіспегені барын сұрастырып еді. Ол қазірде азықты ларекті, ас пісіретін үй, ошақты, аспазшы әйелдерді тегіс қолға алып ретке салып жүр. Есенті тәртінке салу ретінде десятниктерді де шоктай үйірді.

Колхозшылар алдыңғы күн есебі бүгіндегі, ертемен айтылып тұрғаны жақсы екен десін еді. Ильиных пен Имамбеков енді үнемі осылай етіп тұрудын бар шараасын істеді.

Қару-сайман кеше тегіс жететін болран. Енді сейтін көрінеу олқылықтар, алғашқы күннің тәртіп тапшаран қарбалас кезіндегі олқылықтар азайған тәрізді. Бұған байланысты болға индіріс, іе өнү керек. Бірақ әзігіме жалғыз онда емес. Элі де тегіс ашылып, айқышылаған болмаган бөгеттер бар. Мысалы, жұмыста әйелдер көп.

Олардан еркек қайратын үнемі күту қыны. Ендеше бұлар күшін ретпен пайдалану, тиісті орнына қою бар. Тіпті олар ғана емес, еркектер ішінде де шабаи, шардақ жоқ емес. Оның да бабын тауып пайдалану шарт. Өнімдерін сол жөнмен арттыру бар. Кеп колхозшы әлі істің қарқынын тапқан жоқ. Ауыр жатыр. Мезгілімен жұмысқа тұру да қонілдегідей емес.

Әсіресе, іс басында санаулы күшті саралап салу, жақсы мен нашардың парқын айыру, есебін дәлдеу малтығып жатыр.

Омаров бүгін күні бойы осы жағын реттеумен болды. Ен әуелі көп бригаданың адамдары жер жұмысында бір араға топырладап, біріне бірі қактыға беретін болты. Сондықтан звенолардың және жеке стахановшылардың дәлді нормасын табу қын екен. Бүгін Ильиных, Омаров, десятниктер болып звено мени звеноның жігін анықташ ашуға кірісті. Омаровтың ұсынған әдісі бойынша әр зевно өз үлесін біледі. Жер жұмысындағы үлесі екі күнге өлшеніп када қағылып, жіп тартылып, өлшеніп берілетін болды.

Аудан бригадасының барлығына бір сәтте бұны істей шығу қын еді. Сондықтан осылай, өлшеулі тәртіп алран бригадалар Омаровқа дән ырза болды... «Енді осы іс біткеше, қозы-қоспай жасамай, әр күншің ісін тек осылай кесіп, пішіп қана отыршы»,— деп сол арада тілек етті. Бұндай тәртіп жете алмаған бригадалар, шіреті келгенде:

— Бізге де соны ғана жасап берші,— деп асықтырып еді.

Омаров осы тәртілті енгізумен қатар әр звенодан әлсізін, әйел жағын бөліп алып, звенолардың өзің де жаңаша өкшеді. Колхозшыларға Омаровтың бір ырза болғаны — тәртіп жөнінде жаңалық тапса, қатты бейілденеді екен. Және кімді қалай жұмсаса да тілінеи, ақылынан мойын бұрып, жалтаратын жан жоқ.

Звеноларды іріктеу арқылы Омаров кешелер айтылған екінші саты жұмысқа, ұсақ тас әзірлеу ісіне де талай адамды екшеп алды. Оған барған екі алуан адамдар. Біреулері тас үйетін қайратты жігіттер де, екінші тобы көлікке мініп, жол бойына ұсақ тас таситын әйелдер. Бұған әйелдің көбін бригадирлер оп-оцай шығармақ еді. Бірақ талай бригадада Бизат Тайлакбаева сияқты, Солтанбекова сияқты қайратты әйелдер шығып, еркектермен қа-

тар жер жұмысын іstemек бол қалды. Олар әлсіз деген-ді намыс еткен, өз күштеріне нық сенген және колхоз далаларында талай еркекті қанжығаға үрып, байлаң жүрген енбек үсталары еді.

Омаров бұлардың өз тілегімен қалуыш құптаса да бригадирлер мен десятниктерге айрықша тапсырды.

— Эйелдерге лом үстатпандар. Ауыр тиер. Қазылған жерді күресу сияқты көп іс бар ғой, соған бейімдецдер,— деген.

Омаровтың осы сияқты көп күн ойлап жүріп, бүгін кеп енгізген жаңалықтарын участке бойында құптамаған кісі болған жоқ. Ендігі бір жақсылық бригададан бригаданың, звенодан звеноның, тіпті жеке колхозшының өзге, қасындағы колхозшыдан айырмасын толық тануга болды.

— Ал, жақсы кім, жаман кім, енді ертең-ак — андай жарқ ете түссін.

— Осында біреудің табысына біреу масыл бол жүрген бар.

— Тіпті бір тәуірдің ығында бірнеше ынтасыздың жүргені де бар.

— Өзі, тәйір, аш иттің артын сұқ ит жалайды деп, кісі бір қолды екі етс алмай жүргенде, тек сонау масыл билер аулак боса екен,— десіп, талай ынталы колхозшылар әлденеше ішкі жайларды нұскап өтті. Штаб ебін тапқан күні осындаі, әзірше буркеулі жүрген шалалықтың да үстінен түскен еді. Бар жайды естіп, ұғынып жүрген Ильиных Омаровка іштей ерекше ырза бол, колхозшылар көзінше де жасырмastaн оны мактап жүріп, келер күндерге бірнеше жаңалықтар жобалады. Бүгінгі он тәртіптен туатын жаңалық еді.

Осы куні сол тәртіп толық жеткен колхоздарда норма анық көтерілді. Әзір бұл топтар көрмеген 115—120—130 проценттердің құлағы көрінді. Ертеңгі күн мен одан сонғы ушінші күн осы тәртіптің бар участкеге толық жетіп, жаңа әдіспен аяқ басқан күндері болып еді. Ушінші күннің қорытындысында Атаманов, Солтабаев, Скацовтардың жекеленген звенолары 200 процентке анық жетіп, дамып бара жатты. Толық санап келгенде, стахановшылардан бөлек жиырма шақты кісі сол 200 процентті тағы берілті. Тас тасуға әйелдердің нормасы да анықталып болған еді. Олар ішінен де 150, 180 процентті қармағандар айқын көрінді.

Сөйтіп Үржармен шарттасқан кештен соң тәртінші күнде тұсқі үзіліске колхозшылар қайтарда, штаб анық қуанышты үміттің шын-ақ шетін көрді. Бүгін он шақырымға созылған салқар көш бойында ең алғаш рет барлық бригада лом, кирканы бірдей көтеріп, бірдей соғып тұрған тәрізденді. Арба атаулы да конвейердегі бірқалыпты тұтас қозғалды. Өгіз екеш өгіздер де Үржардың атпал өгіздері бар екен деп, әлсізбін деп іркілген жоқ. Участекін үлкен тәртіпті ритміне жай, байыпты, сенімді аяңмен кеп анық кіргендей еді.

Сол күні кешкі есепте қалың топтан үдеп шығып 220—240 процентке жеткен ерлер де пайда болды. Қөпшілік селі анық қозғалды. Ауыр, баяу басса да шын жылжыды. Рас, Ильиных біледі, әлі артта қалрандар бар. Аз да емес. Участек табысы дәңгелек емес. Үржардың міні сол демеп пе еді бас штаб? Төс табандап күш салатын солар. Тек бір жақсысы, енді олар ауданның деңі емес, кемі... Соның өзі де әзірше жұбаныш. Омаров, Ильиных болсын, Имамбеков, үгітшілер болсын, барлығының да ең алғаш рет тұс көрмей тыныш үйкіттаран түшдері осы бір жарық айлы, желсіз, тыпыш салқын тұн еді.

VI

Ертең тұрысымен Ильиных дағдылы жұмыс желісіне — жол бойына келді.

Бүгін штаб болып, тегіс қолға алмағы шабан бригадалар, шалағай звенолар еді. Үш-төрт жерде сондай ойсырап жатқан олқылық бар. Рас, «олқылық» деген өнімсіз істің жалпы аты. Эр жерде, әр кезде естілетін жаппай сөз. Мынау қауырт жұмыс үстінде оның көрінеу пішіні, қомақты қалпы бар. Ол аз санды процент қана емес. Дәл аты «тәртінші, бесінші» дегендегі бригадалар. Итемгенов, Әуесенов деген сияқты бригадирлер. Аттары жақсы, нәрлері тәмен колхоздар.

Ильиных Омаровты ертін, ең әлсіз бригаданың бірі Итемгеновке келіп, сол взгеден ерен шабандықтың себебін тексерді.

Итемгенов өзі деңі сап-сау, жасы жас, бет пішіні сүлуша келген боз көздеу жігіт. Түрі мен сезінде әдейі, қастан ииет ойлар кісі емес. Бірақ бұның тұсына келе бергенде Ильиныхтың байқағаны, өзі жұмыс іstemей, тек

қана үйілсөн топыракқа бір жамбастад, жантайып, тыныш жатыр екен.

— Немене, Итемгенов, осы жерді қыстайтын болдың ба? — деп Ильиных бригадирдің бас-аяғын шолып өтті.

— Қыстап неге қыстайык.

— Жок, сен қыстайтын бопсың ғой Цифрдың бәрі соны айтты жатыр. Өзің ғана емес, сен буқіл ауданды елдің артында қалдырып, осы Шар бойында, балаған астында жатайық дегенсін ғой.

— Жұмыс біtedі, мезгіліне біtedі.

— Өзің жұмыс істеймісің, соны айтты?

— Е-е, оқтын-оқтын істеймін.

— Сирек істейсін ғой. Неге бұйтесің бұл?

— Бұйтетінім, колхоз бастығы екі есеп күн жазбайсың, бригадирлігің үшін есеп күн жазамыз, сол жетеді деді. Сонымен осы бригадирлік міндетін ада қып жатырмын.

Ильиных өзге бар бригадирдің байлауымен, сол байлауға лайық істерін айтты. Итемгенов ойланса да, үялса да:

— Ендеше біз де істерміз. Қөрерміз,— деді.

Омаровтың байқаған кемшілігі бұл гана емес. Итемгенов әнеугі бөлінген кісілерді де былықтырып, өзінше ауыстырып жіберіпті. Технорук ыза болды.

— Жә, өзген өзге, бұл көп кісінді дағдылы жұмыснан ауыстырып жібергенін не? Әр жұмысқа бір түссе, төсөлгенше өнімі азаяды дегеніміз қайда?

— Төсөліп, қайсысы осының осындай жұмысқа жатықкан дейсін?

— Өзің жол бойындағы тәртіпке багынамысын, жок күнде өз жанынан жол салып, былықпаймен өтемісін?

— Былықпайы несі? Көлікті әйелдер жүргізе алмады.

— Сонда жер қазатын мықты жігіттерді көлік айдауға саласың ғой?

— Тасқа салған жігіттерді кезектеп ауыстырып отырмаса тағы болмайды,— деп Итемгенов шын былықтырып қойғанын, барлық Омаров орааткан тәртіпті өзінше күнде бұзып, қозықоспай қып қойыпты. Ұғындырып, қондіріп, алғашқы тәртіпке салу, кептің ізіне келтіру онай болған жок.

Бұдан соңғы бір бригадир Эусебиев. Оның дерті өзіне басқа, Бұл колхозшының камын ойлағанда, ылғы ларек-

ті айналдырады. Соңда нәрсе түсे ме, не түседі. Құр қалмай ма? Айдитыны, ойлайтыны осы.

Сырт сылтауы колхозшылардың нанын алу, көбінші арқасына мешегін салады да нан келетін жерде, көлөңкеде мен-зен боп түнжырайды да отырады. Штаб кісілдерін, немесе үгітшілерді көрсе:

— Қазір жұрт жұмыстан қайтады. Бұ наға не болды? Кешікті ғой. Колхозшы мезгілімен асын іше алмай қалмасигеді,— деп қатты қынжылған кісі боп отырады. Ал нан келсе, соны өзі тез бара қойып алуға тағы асықпайды.

Өзі ғана емес, бұл:

— Ларекке бұл түсөтін көрінеді, шәй келеді білем... Құр қалмайық деп жүрмін,— деп бригадасына қайтқанда колхозшыларды да алаң қылады.

Осындай жұрт бір сәрі, ол бір сәрі боп жүретін тары бірнеше бригадалар бар екен.

Сөндағын бірі, бүгін үгітші Көппаев байкаса, жұмыс уағында тобылғы түбінде үйнектап қалынты. Бригадирдің өзі стахановшы болсын деген үран бұл адамдарды селт еткізбеген тәрізді.

Жол бойын аралай келе Ильиных осындай шала дүмбілеz күйді біреп-сарап коммунистер жүрген бригададан да байқады. Аса қатты күйдірген осы еді.

Ильиных тундегі тәтті үйқы енді қайтын оралмастай көрді.

Қызырып, қиналған жүзінде сары кірпігі біржолата ағарып, онып кеткен сиякты.

— Жауапты коммунист отырған бригада артта қалған, не сүмдыш? Не ойлап жүрсіндер?.. Сендерге де үтіші, айдаушы керек пе?— деп Ильиных бұл кісілдерді қатты қысты.

Ашу да, қую де шынымен қатты жарылатын кезін тауып еді.

Жауаптары жауап емес, құр мінгірлеуге түскен екі коммунистердің өзі де жаман қысылды. Бригадирдің әлсіздігін сылтау етпек еді — оны да жариялау, жарыққа салып түзету осылардың міндеті екені айтылды. Аң-айқын, жалтаар жер жок. Ақыры бұлар үндемей, женіліп, қоидіге бастап еді. Бірақ Ильиных оңай тоқтамакшы емес. Итемгенов, Әуесеновтер өзді-өз бетінде жекеше шаралар қолдануды керек етсе, мыналардың жайын бос қалдыруға болмайды,

Осы күні түстө Ильиных бар колхозшының жиылсына салып, жаңағы адамдарды үлкен тезден өткізді. Олғана емес. Жұрт алдында әйгілеп аямаудан басқа, қабырға газетіне жазғызып, штабтың баспа газетіне де шығармак болды.

Бұл адамдардың өрескелдігі барлық комсомол жастар мен партия мүшелерін ерекше сілкіндірген еді. Сқақов олқылыққа комсомол жауабын білдіру ретінде өз звеносына союзда жоқ екі жасты алды. Стахановшы коммунист бригадирлер 250 процент орындауды өздеріне серт қып койды. Бұл жиылдың аудан бойындағы көп кірбенді ушықтайтын, жігер мен намыс жиыны болды. Реніш, ыза, намыс үні қатты шықты. Кімді болса да аялап, сипап сыйламайтын туралы, әділ жиылды еді. Осы күнге шейін колхозшының, бригаданың бәріне сезімтал емшідей, үйіріліп оралып, майда кеп журген Ильиных бүгін партияның жігерін де, нық бекем бетін де көрсетті. Жалғыз Ильиных емес, жалпы стахановшы колхозшылар атаулы да тегіс түршікті. Олар арасынан Сұлтанбеков, Атаманов, Тайлакпаевалар тегіс күйінген ашу сөздерін айтып еді.

Сол ажарды көрген Итемгенов, Әуесеновтер өз жайларын көп талқылауга жіберген жоқ. Шыны қатты өкініштерін, үялғандарын айтып еді. Жиын артынан Ильиных, Имамбеков, үгітшілер боп тегіс жұмылып баққаны артта қалған бригадалар болды. Ақсақ кой айдағандай артқыны көтеріп, тым құрыса ортаға ілестіру, сонымен көптің қозғалысын қауырт, тұтас, қомакты жорық ету аса зор мурат еді. Өзге ауданның олқылығы сонда. Ісін комплекс жолмен, өзгеше журғізіп келе жатқан Аяқөздің ендігі бірнеше күн бойында төс табандап жабысқаны осы. Үйқысыз, тынымсыз қын күндер туды. Катқан қабак, жудеген жұз, ашы тер тегін өткен жоқ. Он шақырымдық жол бойы, қатары түзік, шебі берік қатулы қолдай болды. Омаровта, үгітші атаулыда, барлық штабта бұл күндерде сөз азайып, қатты бір қабыса жабысқан, түйіле төңген қайрат зілі бар еді. Осы күндерде жол жотасы да үзак жерлерде білеуленіп, дүңкип көріне бастады. Тастан қар жонның мәнгі-бақи іс көрмеген ту жотасы, оқтайды түзу қызғылт жолды арқасына қондырып келеді.

Бұл күндердің есебі де облыс штабының алдына сокталы цифрлардай боп жетіп жатты. Екінші участкенің

жол сорабы сар жотаға білеуленіп созыла түсүмен қатар, колхоз-колхоздарының проценттері де дөнгеленіп үдең келе жатыр екен.

Облыс штабының бастығы соңғы кеште Аяқөз колхозының акпарларына көп қадала қарап, өзге учаскелердің цифрларымен қайта-қайта салыстыра бастады.

Бұрын бірен-сарапдаған жаксы стахановшылар цифrlары ғана көз тоқтататын болса, енді міне тұтас колхоздар ырғып өскен сияқты. «Жаңа нұр»—160—170, «Октябрь»—169, «Елтай»—169, «Ленин»—140—150, «Тегісшіл»—165—170 процент. Сонын арасында Сқаков комсомолдың бригадасы 209 бопты. Кейбір жауапты коммунистер отырған бригадалар әлсіз екенін облыс штабы да қатты зерттеген. Штабта бір кеш бойында бул жай үлкен өрескелдік, ерсілік боп сейленіп еді. Бірак ол акпарға облыс штабының анық көзі түскен кез, ана жігерлі жиылыштан екі күн өткен соң болатын. Бұл уақытта ол екі коммунист тыным-тыныштықтан, сылбыр салақтықтан әбден арылған-ды. Өз нормаларын секірте үдетең кетісіп еді.

Осы күндерде Аяқөз учаскесінде жер жұмысын аяқтауға жақындал қалған колхоздар тағы көрінді.

Өз ара шарттарын желпінте қоздырған алдыңғы бригадалар жер жұмысын тегіс-ақ кеуделеп келіп қаг еді. Жол бойында көпке мәлім күн межесі 35 күн болса, мына қарқында Аяқөздің колхозшылары ол күндер санын қатты кемітетін тәрізі бар. Соны Имамбеков, Омаровпен ақылдасып, екшесіп алған бір колхоз барлық бригадаға тың сөз таstadtы. Үржардан озудың шаrasы осы дең, бул колхоз барлық істі 25 жұмыс күнінде бітіреміз депті. Кең бойы отар-отарларға, үгітшілер мен бригадир, стахановшыларға бұл сөз қатты қызу берді. Учаскенін өктем қаунымы, бар бригадаларды осы талапқа шакырыпты.

Облыс штабына бұл сияқты екпін әзірше өзіе учаскеден естілмеген сарын еді. Осының өртенінде «Жаңа нұрда», «Октябрьде» тағы бір үлкен тасқын туды. Жақсыбаев, Өтейенов, Атаманов ушеуі күндік нормаларын үш жүзге жеткізіпті. Үшеу-төртеу ғана болса да, шын үлкен құлаштың сермегені көрінді. Рас «үш жүз» бұл күндерде, барлық жолды алғанда, бүгін ғана туып отырған жаңалық емес. Осыдан төрт күн бұрын ен алғаш Үржарда Насуленко берген норма болатын, «үш жүзшілер»

деген лақап бар участкеге стахановшының жана сапа, жана өрісінің аты бол аталған-ды. Насуленкодан соң екінші бол «үш жұзші» атын алған Шарда — Ахмеди Кікымов. Солардан екі-үш күн кейіндеп шықсын, бірақ міне енді Аякез участкесі де өзінің «үш жұзшілерін» айқын атай алады. Екінші серпін «Қара күнгей» жер жұмысын бітіргелі отыр. «Қазақстан», «Маркс» колхоздары да бірінші июньге бітірмек болды. Осы хабарлар «үш жұзшілердің» санын соңғы екі күнде тез көбейтті. Намыскер жақсы бригадирлер екілене басты. Тағы бірер күн өткенде, июньнің біріне жетпей-ақ «Буденний» колхозы жер жұмысын бітіріп шықты.

Омаров «Буденнийдың» аз кісісін тас жұмысына қалдырып, артық адамдарын артта қалып келе жатқан «Киров» колхозына көмекке ауыстырды. «Буденний» стахановшылары жауланып, өрлеңе басып, көмекке қоңылдене кірісті. Ертеңінде «Тегісшіл» мен «Елтай» да бітірген еді. Олар да өздері сұранып көмекке барды.

Облыс штабы енді Аякөзге өртенді-кеш қадала қарап, үнемі хабардар болатын болды. Ильиныхты бұл соңғы қайнар күндерде қатты үміттендірген бір нәрсе: жақсылық бір жерден, бір топтан ғана шықпай, қауыртқа айналғанында еді. Шынында жақсы бригадир, жақсы колхоз, жақсы стахановшы алғаш күндерде санаулы ғана болса, енді әрбір түскі үзіліс, әрбір есеп кеші тың адамдардын атын әкеледі. Тың звеноны оздырады. Бұрын сираж аталатын колхозды жарқ еткізіп бір-ақ мәлім етеді. Ильиныхтың өзіне олар мәлім болғанмен, облыс штабының көзіне Аякөз жақсылығы осылайша, бірінен бірі асқан, будақ-будақ шығып жатқан, ұмар-жұмар жарысқан үлкен көшкін, иглік көшкіні бол көрінуге керек еді. Шынында облыс штабының адамдары Имамбеков, Ильиныхқа бұл жөннен көп сұрак беріскецін.

— Анау колхоз естілмеуші еді. Пәлен звено аталмап еді рой. Мынау «үш жұзші» қайдан оқыс шыға қалды? — десіп кеп: «өздерің күшінді ішіне тығып кепсің-ау. Жақсы сырды енді аша бастадындар-ау», деп, ендігі кездескенде үдайы куаныш шырайымен сейлесе бастаған. Ильиных бүндай кездерде әлі күнге аз сейлейді. Ішінең ғана «біздің іс сейлесін. Булар болса өздері тауып, өздері айта берсін» деп ойлайтын. Облыс штабының Аякөзге соңғы күндерде ерекше бой тарта беретін, бұл участкенің соңшалық ыстық көретін бір себебі тағы бар. Онысы тас

тасу ісінің өзге участкенің бәрінде олқылықта қалғанынан болатын. Барлық 136 километр бойында жер жұмысы бірыңғай жалан кетіп, екінші кезектің ісі щабандап қапты. Оны мезгілінде аудан штабтары да дұрыс ескерменген. Екінші іс болады деп облыс штабы да қымқырмagan еді. Сол жәй бүл облыс ісіндегі ағаттық екен. Жер процентін ғана ойлаумен, бірыңғай цифrlарға тояттаумен босандатып алып еді. Қазір, бүгіндер келген республика газеттері осы жадағайлықты мінеп сейлепті. Енді асыра қамтитын тас жәйі еді. Барлық участкенің ішінде осы қам жалғыз Аяқөзде ғана ойдағыдан боп шықты. Осыны облыс штабы бүтін кешкі өндіріс жиылышында мәлімдеп, ең алғаш рет Аяқөзді барлық участкеге үлгі етті. Комплекс әдісі мәжілістің жекеше, оқшау сейлеген сөзі болды. Омаровтың, Ильинихтың, Имамбековтың аттары енді мықты, тәжірибелі, бекем басшылықтың атындағаталады.

Сол жиыннан Ильиных, Имамбековтер қуанып, күлісіп, қатты сойлесіп лаулап қайтты. Өйткені «облыстың ауыспалы туы енді кімдікі?» деген корытынды сұракта, атап айтыспаса да, Аяқөз аты ауызға алдымен ілінгелі түрған ат сияқты еді.

Алдыңғы күндер, екі-үш-ақ күндер шешеді. Кешегі жарым-жан, дімкәс, әлсіз көрінген аудан, жерін жердей, тасын тастай әзірлең, өзгелер бастамаған істің қырық процентін қоса бітіргелі отыр. Озғын табыстың әсем көрінісі көз алдарында алқызыл тудай көлең қағып, «мен сендік» деп түрған сияқты еді.

VII

Осы күндер тоғызынши участке деп аталатын Шар участкесіне қайнар қызу күндер болған. Облыстың қызыл туын елден бұрын алып, жақсы алып келген Шар, қазір үлкен қысталан үстінде.

Облыс штабының мәжілісінен қайтқан Колесников күдік айтып, қысылып келді. Кешегі күндер қуантқан, мақтандырған жеңіс туы, енді бүгін екі талайда. Алдағы аз күн — сын күні. Өзге тоғыз аудан сияқты, Шар да тас жұмысын кешендетіп алыпты. Табыс бар, жер жұмысы жақсы. Бірақ ол толық табыс емес, жалан, жадағай дес-ти. Айттар дау жок. Колхозшылар біледі, солай екені рас.

Қысқа, қатаң мәжіліс аудан штабына бригадирлерді топтап ап, асығыс қамға жұмылдыры.

Қайратты, берік, ісшіл Колесников:

— Ендігі бар сын таста. Барлық берік бригадирлер, сенімді стахановшылар топ-тобымен тасқа түссін. Жол үстіне тасып жеткізу шашандасын. Аз күн ішінде тас әзірлігі жол үстінен көрінетін болсын. «Шар» колхозшысы істен тайқып көрген жоқ. Асығыс болса асығыс. Жақында жарияланған онкүндік норма бар бригадаға тегіс жайылсын. Осы он күн — шабуылдың он күні болсын. «Шар» шарша істесін. Ер қарқынын табатын бригада мұршасы жетсе, он күнді азайтып бақсын. Элдекандай ауданша малтықпасын,— деді. Бар жиынның қортынды сезі осы еді. Бұл онкүндік норма жарияланғанда, осы қауіптің болатынын сезіп, колхозшылар тегіс-ақ құлыш на құлаш үрған еді.

Ауданың «ұш жұз» нормалы айнымас мықысы Ахмеди Қиқымов қасына бес кісі алып, Қызылжартасқа түскелі бірнеше күн болған. Бригадирі өзі. Катты сенімді серігі колхоз шофері Зaboruev болатын.

Бүгінгі жиыннан Ахмеди намыстанып, қиналып шықты. Талай жұз кісінің ішінен басы асып, кең қапсағай иығы жардай боп көрінетін Ахмеди, шынымен-ақ еңбек-пен туысқан жан еді.

Ул~~к~~ен, жалпақ келген қызыл күрең жүзінің қас-қабағы ерге біткен. Бет мандайында азырақ шұбары бар. Етті келген, салқын қабағының астынан отты қара көздері жарқ-жарқ етеді. Кімді кінәларын, неге күйерін білмей дағдарады. Бірақ әңгіме кінәда емес, екі талайдың үстінде қалған асыл туда.

Ахмеди онкүндік тас нормасын аларда, Колесников-тен қысылшандық жайды әбден есіткен еді. Сондықтан дәл бүгін емес, ең алғаш тасқа кіріскең күннен-ақ еңсерептиіскен. Норма ұш жұз ғана емес, одан да асып еді.

Қызыл тудан айрылу қаупі бар деген сөз Ахмедидің катты айдаушысы болды. Содан бері тыным-тыныштық кеткен, түс-қабақ түйілген-ді. Ер денесі қайратпен қатып, үлшық еттері мықты машинаның үршырындағы зырылда~~п~~, дамыл алмай түрған күндер болды. Мандай тері тамшылай түріп, үлкен ломмен қызыл тасты үрғанда, жан-жағына үшқындалап от төгіледі. Катар түрған өзге тасшыларға шынымен тілсіз қара тастың жұтын жүйесі солқылда~~т~~андай көрінеді. Ахмеди құлатқан тастарды

Заборуев шофер де тынымсыз тартты. Жол үстін бұл екеуінің бригадасы тасқа тарықтырмауға айналып барады. Өзге шоферлермен салыстырганда, Заборуев нормасы да үш жүзден әлдеқашан асып кеткен. Осы жол бойында шофердан шыққан көп екпіндінің мандай алды, көпке мәлімі осы Заборуев. Бұл екі стахановшы тізе қосқанда, Шардың ауып бара жатқан жүгі nedәүір көтеріліп, қайта түзеліп қалған тәрізденді.

Онқундік норма он күнге барған жок. Ахмеди мен Заборуев үлкен нормалы тас жұмысын қатты жапырды. Екеуі бұл үзак жол бойына жанаша бір енбек ертегісін тудырды. Он күн нормасы дәл алты күнде сап болды. Колесниковтың бұл екеу үшін алғысы да, куанышы да зор. Бірақ өзге, барлық бригада ілесе алмады. Шардың көк-сесін басқан тас олқылығы түгел арылмады. Ту, әсем ыстық қымбат ту екі үдайдың үстінде. Іштері біледі, тілдері батып айтыса алмайды.

Көкпектінің түні салқын, аспаны ашық. Бірақ сол ашық аспанда, алыста, көк жиекте, ойнап шыққан шшқ бүлттай Аякөз деген бір тынышсыздық бар. Соңғы екі күнде тіпті жақындал, молайып, ту үстіне төніп бара жатқан сияқты. Бұрын алыстағы Аякөз аядай болымсыз ғана бір күш болушы еді. Соның жайын бас штабтан келген кіслер айта бергенде, Колесников ыза бол тындаушы еді. Ахмеди де колын сілкіп, қабағын түйіп, мойнын сыртка сала тындаитын.

Дәл осы күндерде Уржардан да амонналдар зенбірегі жиі-жиі топ атып түр. Лом, киркалар да көп, көк азудай құшырлана соғылып, тау кеудесіне карш-қарш шәншіліп жатыр еді. Насуленко звеносы барлық Уржардың комсомолын артынан ертумен қоймай, енді союзсыз жастарды да өз қатарларына ілеңтіріп өрлетіп келе жатқан. Барлық Уржар жастары қолдағы қаруларын қайнай, ойнай соғып өктелеп-ақ түр. Насуленконың дәл өзі әлі күнге дамдан іркілген жок. Кешегі күні жиырма үш кубометр норма беріпті. Орташа көптік межесі алты кубометр болса, мынасы соны төрт орауға жақын еді. Бұл енбек «мені қайтып елемейсін, менен қайтып аттап өтесің?» деп түрған, өзі де бір тудай енбек еді. Бірақ Уржардың көпшілік топтары бұл қатардан алыста. Әсіресе кейбір артқы топтары қамшыланбай, қымтырылмай, бар ауданды бексе басты қып жатыр.

Сейтіп, Көкпектіде өктелеген — Шар, Қара жалды өр-

леген — Уржар, ақыр аяғы цифр-ақпар тіліне еріксіз қонетін болды.

Июньнің басындағы бес күннің бар белгісін корыта келе облыс штабы ауыспалы Қызыл туды Аякөзге бүйірді.

Жол құрылсына орталықтан көмекке келген тақы мұрын қараша жігіт Шар колхозшыларына әр қашан жарқын жүэбен келуші еді. Қай бригада, қай звено болсын бәрін де ат-жөнімен тегіс біледі. Жұмыс жөпін айтам десе, кемшілік мінді де дәл тауып, тап басып айтатын. Қай әңгімені болсын, сазарып, томсарып айтпай, әзіл араластырып, тапқырлық құлқі сөздер қосып айтушы еді. Жол үстінде жұмыс түйілдірген қабактарды жадыратып ашип, құлдіріп, сүйсіндіріп кетуші еді. Колхозшыларға да, аудан штабына да келген сайын сейтіп дем беріп кететін.

Бұгін ең алғаш рет сол жігіт жайсыз хабармен келді. Қызыл ту Аякөзге кететіні анық. Соған кепті.

Бұның машинасы жол жағалап келе жатқанда Ахмедиді жұмыстан босап, үсіз тұр еді. Қараша жігіт тоқтап, Ахмедиді өзінің қасына шақырып, машинасына отырғызып аудан штабы тұрган Бөкен қаласына тартты.

Жолшыбай Ахмедидің жүзіне бетін бұрып қадала қарап отырып, Қызыл тудың Аякөзге баратынын айтты. Ахмеди бір сәтте қап-қара бол түтігіп кетті. Үндей алмай, қатты демігіп, машинадан түсіп қалғысы келген кісі тәрізді. Жаман, сұық хабардан қайтсе күтыларын білмегендей. Он күндік норманы алты-ақ күнде бітіріп келгені кешеғана еді. Бұгін қарсы алдынан шығып тұрган хабар мынау.

Жым-жырт отырып барып, бір кезде қатты курсіншіл ырғалып қалғанда, мол денесі кішкене машинаның бір жағын сықырлатып жаншып кете жаздады. Қатты қина-лып, ақыл таппай сенделгендей бол толқиды.

Штабқа келгенде Зaboruev те өрттей жанып еді. Ол сол арада ұсыныс жасап Колесниковке:

— Бұйыр, тапсыр қазір. Бар машинаны күндіз-түн істетіп, стаханов жумалығын жариялаймыз. Куамыз. Қайта қайрып аламыз. Келесі бес күнде өзімізге келеді біздің ту, келмей қоймайды,— деп тыным таппай қайнап жүр.

Колесников Ахмеди мен Зaboruevtі аяғандай қарап отті де, сүп-сүр бол кетті. Өзінің де берік денесі шын күй-

зелгендей еді. Бірақ сөз жок. Сауда жок. Іштей көнді де;
— Несі бар, бер туды,— деді.

— Бер,— деп Ахмеді де жалғыз-ақ үн қатты. Туды алып тыска шығысты. Эсем ту желбіреп барып, бөтен машинаға жиырылып кіріп бара жатқанда, ер жұзді, қайнар қайрат несі мықтылардың көздері тегіс жаудырап қалды. Жұздерінең қиналған жүрек ізі көрінді. Кеше қызу, қымбат күндермен бірге куанта желбіреп келген сүйікті тудан айрылу үлкен жарадай болды. Жұрт үнсіз. Қараша жігіт бұл адамдардың жүзіне іштей үлкен күрметпен қарады. Жаны ашып, достыққа толып барып, бәрінің де колдарын қатты-қатты сілікті. Ту жүріп кетті.

VIII

**Сол Шардан кеткен туды бүгін міне Аякөз тосып тұр.
Социалистік жарыс туы — Қызыл ту...**

Біз сан салада енбек дабыл қакқанда, социалистік жарысты халық алып, күнделік мерзім етіп алғанын білеміз. Жарыс айғағы, жеңіс айдары ыстық жұлдызды Қызыл ту көп екенін де білеміз. Қүнде естілетінін де білеміз. Талай топты шаттықпен шарықтататынын да сеземіз. Бірақ сол тудан айрылған ел қалай құйзелетінін, алған ер қалай масайрайтынын кешегі Шардан, бүгінгі Аякөзден анық, айқын көруге болады.

Ту екінші участеге түсте келмек. Кеше мен бүгін «уш жүэшілердің» саны қатты өсіп тұр. Жер жұмысын айтқандай дәл бітірген колхоз саны алтау.

Ильных, өзінің қазіргі сағаттағы сезімі мен ойларын алі жиып менгере алмайды. Бір қуаныш, бір қарбалас үстінде дамыл алмайды.

— Енбек қалай самгады, халық қалай,— деп ішінен зор сүйінішпен алқына береді. Ел келесі бет бергенде, күш тасқындал, кернеп келгенде, өмір ойдағынан, арманынан асып түсіп, озғындал кете барады екен. Оп-оцай-ақ уміт-қиялдын да басып-озып кетеді екен.

— Халық ше? Әнеугі сүрғылт, баяу, тартыншаш халық енді міне тегіс күлкілі, сенімді, ойнақы. Жүрттың пішіні де қызыл курендеңіш толып алған сияқты. Жұпжұқа көрінетін Сқаковтар қазір тек үзын емес, балғын тартып, іріленіш кеткендей. Қарт Құлекеновтың ақ шаштары азайш, кара баркын тартып, қайтадан әсем ажар, нәр тапқан тәрізді. Әйел ше? Әйелден қандай қорқып

еді. Бұғін әні, белдері бекем буылған Тайлақпаева, Солтанбекова тағы басқалар. Өздері жап-жас. Бұғанасы қатпаған, тәжірибе көрмеген. Бірақ қазірде жаумен алысқан күндердей, сенімді қажыр ажарын тауыпты. Алыс — жігер бітіріп, жігер — нәр, сұлулық бітіріп жіберген тәрізді. Ту келді, қуаныш мереке басталды.

Колхозшылардың аузынан қуаныш басымдаған қатты серттер шықты.

Бір бес күн емес, талай бес күн бермейміз. Іс біткен ше кетірмейміз. Жұмысты он бес күнде бітіреміз. Он бес, он бес күн. Жиыны 25 жұмыс күнінде адақтаймыз. Республикалық ұлы мерекесіне арнап, өзі тығыз жұмысты, уақытынан он күн бұрын бітіреміз. Отанымыз тойына қуана, жайнай барамыз! Барлық Семей облысы сәйтіп барсын дейміз. Тіпті барлық жиырма жасар республикалық ұлы егін даласы, шахта саласы, өндіріс қаласы тегіс жана қарқын тапсы, дейміз,— деп сай тасындағ стахановшылар, берік бригадирлер бірі артынан бірі шықты.

Осы дудық ортасында бір колхозшы сез сұрап аи ортаға шықты. Шықты да «ахау» деп, зор дауыспен ән шырқай жөнелді. Ильиных өлгөні білсе де, бұл жаңалықты күткен жоқ еді. Сасып қалды.

— Сау ма? Ауру ма? Не болды? Өзі кім? Э, «Қызыл отау»¹ колхозының стахановшысы Мұхаметжанов? Бүнесі? — деп сұп-сұр боп кетті. Мандайынан сұнқ тер шығура жақын еді. Қысылып жалтақтап, облыс штабының адамдарына қарап қап еді. Қөnlі кенет тыныштана бастады. Олар мәз боп күліп, сүйсініп отыр екен. Тез үбысты. Бұл кезде Мұхаметжанов та күр шырқамай, шұбыртып өлең соғып бара жатыр еді. Колхозшы атаулы қатты мәз бол, тегіс шаттана күйі:

— Айт, е-е, айт-айт, со — деп ентелеп түр екен. Жүргегі орнына түскен Ильиных енді қып-қызыл боп өзі де күліп жіберді. Оның ақынды естігені осы еді.

Содан кейін әйел колхозшы Түрлі сез сұрап, о да өлеңмен күттіктау айтып: «он бес күнде іс бітіреміз, қызыл түмен шаттанаң қайтамыз» деп соктырып шықты.

Туды облыс штабының қолынан «Ленин» колхозының бригадирі алды. Бұл колхоз ана бір күндерде кенжелеп қалған шабан колхоз еді. Ішінде жауапты коммунистірі болса да үдей алмаған колхоз еді. Әнеугі партия тезін көрген күннен соң, осы колхоздың коммунистірі брига-

дирге де, үгітшіге де, технорук, десятникке де өздері көмекші болып алып, бар колхозшының қарқынын қатты асырган екен. Соңғы екі-үш күн ішінде бұрынғы артта қалғанды ұмыттырып, бар басқа колхоздың алдына түсіпті. Жеке колхозшыларына шаққанда күніне кісі басы тегіс 200-ден кем норма бермепті. Аяқөз ғана емес, барлық жол бойында бүндай дөңгелек ірі есеп әзір жок еді. Сол колхоз бригадирі участке атынан туды алып тұрып, енді осы туды берік қолмен бекем ұстаудың шартын да, сертін де айтты.

IX

Осы серт ер серті боп, Аяқөз айтқанындаи он екі күн бойында боссансыған жок. Өз істерін бітірген бригадирлер сол күндерде қолма-кол кейінде қеле жатқан бригадаға көмекке түсті. Технорук Омаров тағы тапқырлықпен үдеп еді. Ол жұмысы азайып, аяқтап қеле жатқан бригаданың аз кісісін өзі аяқтаура қалдырып, басы артыла бастаған кісілердің уақытын бос күйбенге жібермей, тез ауыстырып, азғана күннің өзін еңбекке толы, нық сырымдалған қайнар күнге айналдырып отырды. Колхозшылардың бұған істеген көмегінің үлкені тіл алғыштыры, елгезектігі еді. Омаров осы еңбек үстінде барлық елемен үй ішіндей қабысып, қайнасып кетті.

Ильиных бұл уақыттарда көпшілік жұмысын мықтап қамтыған. Істің бас кезінен ретті басталған істер, қазір жас-кәрігे, ерекек-әйелге түгел жайылып, өніп қеле жатыр еді.

Тұс кезінде үгітшіге көмекші боп Қемпірбаева сияқты стахановшы әйелдер өз колхозына газет оқып беріп отырады. Бүндайлар бір емес, әлденеше... Саятсыздықты жою, Ворошилов атқышы боп мылтық атуға төселиу, суреттер көру, радио тыңдау барлық бригаданың асыға күтіп тұратын машығы болды. Үй тазалығы, жатын орын, төсек жабдық тазалығы дегендер де жақсы еңбектің, жайлы дем алыстың дамылсыз қамы боп алды.

Осымен бұл жүрт он екі күн өктеп келді. Екінші участкеде тиісті 10 километр бойында оқтай тұзу үлкен жол тас төсегінде төсеніп келеді. Ұзын бойында тас көпір, дренаждар да арна-жыраның барлығының тұс-тұсына жалтармасстан қонып қалды. Қызу күндерден, аз күндерден туған сұлу жол берік қонды. Жолдан туған күннің

кешінде Аяқөз колхозшылары қайта жиналды. Үэде берген он бесінші іюньге үш-ақ күн калыпты. Жол үстінің әлі нақты бітпеген шаласы бар. Үш-төрт жердө тартпақтар жатқан бөгет бар. Мұнау үш күнде бұл қарқынмен бітер емес.

Имамбековтың соңғы экелген салмақты, салқын хабары осы еді. Қызыл тулы аудан сертінен шықпаса, айналдырган үш-ақ күндік еңбек қалғанда секіріп өте алмай малтықса мақұл ма? Қайтпек керек? Қайтадан бір серпін, екпін табу керек. Ахмеди сияқты коммунист стахановтар, Сқаков сияқты комсомолдар, көпке белгілі «үш жүзшілермен» сойлесін өтіп еді. Ойланған, қармана келе Қулекенов ақыл тапты.

— Айналдырган үш күн, үш-ақ күн екен. Ерше бастап, ерше тынайық. Жалғыз шара бар. Шыдандар. Кел, балалар, ең әуелі мұна қарт ағаларын, мен түсем. Осы үш күнде үйкynи азайтайық. Ай жарық, кеш салқынын, тан салқынын төске алайық. Бітіріп шығайық, несі бар,— деді. Жүрт тағы да тегіс дең койды.

Қулекеновке сүйсінбеген стахановшы болған жок. Осыдан соң «үш жүзшілер» өздері бастап үдең берді. Дәл осы күндерде Ленин колхозының қатарына ілесіп, барлық колхозшылар шетінен 200-ге жеткен еді. Соңғы күндердің әрбір таңертеңінде Қулекеновтер:

— Қызыл ту желбірей ме? Орныша ма? — деп үтігшілерді қамалап сұрайды да:

— Орныша,— дегенді естің ап, ырзалақпен күле туспіл, тарта береді.

Соңғы үш күнде, ел шынымен барынша қарыштап қайнай соқты. Даң бұл кезде бар колхозшы, күн сайын 250 процент норма беріп отырды. Алғашқы еңбек күндерімен, майдың бұлымын, жабырқау жыныр шабуыл күндері еді. Екінші участке сейтіп, соңша екінші болғанмен көмбеге бірінші бол майдайын жарыла, жарқыран келді. Деген 15-ші іюньде серттерін ада қын шықты. Қызыл туласын 15 күн ұдайымен қылау салдырымай алып етті. Тоғыз участкенің арасын қақ жарып отырып, шалдырмасстан алып етті.

Аяқөздің өз ісі бітті. Бірақ тұтас жол тамам біткен жок. Шабандап қалып жатқан участкелер бар. Оның бірі дәл жақын көршісі — бірінші участке. Қайрылыспай кете ала ма?

Ильных біледі. Мәселе қын. Эр колхоздың өз жерінде жатқан ісі, бар. Пішen тосып тұр. Шыққалы да көп болды. Колхозшылар «қайтамыз» деп қамдана бастап еді. Енді өзінікі емес, өзге учаскеге көмекке барағой деу оңай ма? Колхозшының ішкі жайы емес, сырт күйін де біледі, әбден үғады. Соңғы күндер барды салып қимылдағаннан зорға дегенде жол біткен. Бітсе де қабырға майысып, табан тиіп, білек салдырап, алақан қажып, шаршаған шақта зорға біткен. Қабақ та қатқан, үйкы да аз.

Бірақ Ильныхтан облыс штабы уәде алыш қалды. Қатты тапсырып, колхозшыларға сәлем жолдады. Жиынға кеп, Ильных жайды баян етті.

— ...Бірдің артта қалғанынан бар жол бөгеліп қалауды. Облыс боп тұтас салғалы келдік. Тұтасы түгел бітпесе облыс несімен мақтаңады? Тіпті, онда біздің өз еңбергіміз қайда кетеді? — деп тиімді жайларды жеткізе айтты еді.

Коммунист, комсомол стахановшылар ұғынды да ілгері басты. Бірақ кепшілік баяу. Тоқырап, іркіліп тұр, үнсіз. Бұл үнсіздік, созаландап ынғайсызыңқа айналды. Ильных осы үнсіздік пен осы қабактан қатты күй-зелгем сияқты. Бір өзгеше амалсызыңқ жүдектендей боп, басындағы қалпағын жерге тастап, өзі де күрсініп, кейіп, қара жерге отыра кетті. Бұл қозғалысина, мынау қиналған күйіне Құлекеновтың жаны ашыл кетті.

— Ей, Ильных, қайғырма. Тұр. Штаб бізден, біз штабпен қайнасып, табысып келмеп пе ек. Оншадан мүнша шыдамайтын не болты? Колхоз елі жатымыз ба еді? Қайрылатын қарындас. Тастан кетіп не болты? Болысамыз, неге болыспаймыз? Уай, колхозшы, солай емес пе еді? — деп айқайлап қалды. Бұл сөзді әуелі коммунист, комсомолдар бар ынтағын дауыға қостады. Сол сәтте қалған барлық басқа стахановшылар да іле жөнелді. Байлау оп-оңай болды.

Өз халқына қатты сүйсініп, ерекше шаттықпен ырза болған Ильных, жаңағы орнынан атып тұрып: «рахмет, қымбат қарт» деп кеп, Құлекеновты құшақтай алды да, жабысып кеп бетінен сүйіп алды. Жұртқа бір түрлі бір ыстық, қымбат әсер еткен қозғалыс еді.

Бар колхозшы тағы да күліп жайнап, щат күйіне келді. Штабқа қарай келе жатып Ильных ішінен:

— Қандай халық. Неткен жақсы халық,— деп өз

колхозшыларын аса бір ыстық, таза сеніммен зор күрмет тұтты.

Ертістің бул бетінде алты мың, алғы бетінде он жеті, он сегіз мың бол тоғысқан қалың колхоз қолы, «Шығыс жүзігі» деген жолды халық жолы қып салып өтті. «Шығыс жүзігі» ғана емес, «алтын жүзік» деп осы халық өзі ат койды. Бер жакта облыс туын алған Аяқөз бен облыстық комсомол комитетінің туын алған Уржар комсомолдарының үніне ары жаадан да қалың, қауырт, ер қайратының үні қосылды. Асу бермес Алтайдың Пихтовкедей биігіне шырмауқтай орап, өршіл жол салған Шығыс облысының ерлі де өз қолдарындағы ломдарын олқы соқкан жок. Амонниттерін де арзама атқан жок. Бір іескен, бауырласқан қазақ, орыс, неміс, украин, мордва, татар — баршасының еңбек ері дегеніне дегендей жетті.

Жолсыздық, бул елдердің көп заманнан бері зығын жолындағы жокшылығының бірі еді. Казактың халық анызында осы «жол» деген, ерекше бір ден көйгін жақсылығының белгісі екен. Санатында рөрөсін «жол мен жолауда» деген, «жол-жор» деп қоғамдастырылған тіртігінің іргесін атап. «Ақ жолтаң» деп үшіті мем тілегін айтқан. «Жолы суық» десе жиренишін, түщілгешін айтатын. «Жол болсындың» да жалғыз жолаушы айтпағын. «Жол жақсайып» — ен жақсы тілек, таланттың аты. Тере берсең көп еді. Бұрынғы жолсыз заманда сол «жол» дегенді көп айтқаны — жақсылыктан бір атын «жол» деп таныпашын болса көрек.

Бірақ ол жүрт «жолда» аттың тұяты, жаяудың табанды тудырады деуіні еді. «Көп түкірсек і болады» деп те қоюши еді. Көптеген колы кең дегені болар. Бірақ біз көптиң түкірігінен пайда болғап көлді көрлеміз жок. Ал, жүрт жұмысада жол тұтышын көзбен көрдік,

ӘИЕЛ ЖОЛЫ

Кино-спектакль

Бірінші бөлім

1916 жыл

Құздің дауылды түні. Дулат байдың аумылы ықтырманы мен күзеуде отыр. Қой-ешкілер бүрсөң қағып, ығып кетердей маңыраң, шулап дүрлігіп жүр. Иттер үреді. Дауыл ұлып шулағандай ышқынады. Барлық малышы-малай, ерекк-әйел тыста айғай салып тынымсыз арпалысын жүр.

Картан бай Дулат иен баласы Догал жылы киінген, қолдарына шоқпар ұстаган. Мал үшін жанұшырып әбігерде жүр. Ақ үйлердің маңындағы бүріскең жыртық, шоқпты лашықтарға ақырып үмті тұсады. Кедей іердің жалаңаш бүрсөң қаққан балаларына, кемпір-шалдарына шебін, малды құзетуге айдал шығысып жүр.

Аз уақытта, ауылдың шетіне түнгі іруге қалың жылқыны жылжытып айдал, үш жылқышы келді. Өңшең семіз, үркек асаулар ауыл маңына байыздамай, жоси береді. Ауыл шетіне қалың жылқыны үйіріп болған соң, ақ айғырга мінген, атпал балыны денелі жастау жылқышы Сатай осы ауылдың шетіндегі қара лашық үйіне кел, білиндегі сойытын түсіріп тастап, аттан түсті. Жұка, жыртық киіннен сүмектеп су өткен. Қабағы жадау, қажып-талған, қарны да ашқан, бейнет кешкен жігіт лашығына кірді.

Карт шешесі Жанат, бес-алты жасар жалрыз қызы Алуа үйкесіз үркуде, үйде от та жоқ, ыстық ас та жоқ. Бірін-бірі аймалаған аш жандар, енді ғана сәл тыным алмақ.

Жанат Сатайды қарсы алды, киімін шешіндіріп, құрғатқысы келеді. Сатай Алуаны аймалайды.

— Сен неге үйықтамағасың, Алуажаным, кішкентай.

— Сені тостым.

— Мені неге тосасын, үйықтамаймысың ерте.

Жанат:

— Үйықташайды, көзінің шырымын алмайды сен жоқта, анасы қаштыс болғалы сол емес пе көргені, қарғашым.

Алуаның ақ сүр сұлу жүзі ерте қайғы тартқан. Жас бебек әкесінің қойнына үліріп, қасына жатты.

Даладан айғай үзілген жок. «Қасқыр!» деп, «Ұры, жау!» деп, қаупті сөздер айтып, қарбадасып жүрген жандар көп. Дауыл қатайып, сұық жауын қырышықтаған қарға айналып кетеді. Иттер тобы арсылдап, жақын жердегі жауды сездіргендей. Жылқы жапырылып үркіп, жоси береді. Бай Дулат Жанат кемпірдің үйіне ақырып келіп, әмір етіп тұр:

— Шық дағала! Малды көзде, қызыңды да киіндіріп шық! — деп ақырады. — Сатай неге шықпайды? — деп ашулы зіл тастайды.

Осы кезде бай баласы, жас мырза жылы киінгей Доғал келіп ақырады. Сатай амалсыз Алуаны оятпай тұрмұқ бол, қам етеді. Бөгеліп жүр. Байлар кезек ақырып жазғырады, үрсады. «Неге тыным аласың?» деп жазғырады. «Бүгін қатер, бүгін жылқыға жау тиеді!» деп корқысады.

Жанат үйде күбірлеп Сатайға:

— Бұлар неғып бүгін үркіп жүр өзі? Жауы нес, Саташ-ау?

— Тыныш жүре ме бұл пәле басылар. Отарбай баймен жау емес пе, жаздай жұлқысканы қане, болыстық үшін. Енді барыталасып, қолдасуға шықты. Энеугүні бұлар алғызыпты ғой... Казір Отарбай да барымташы аттандырыпты дейді. Құлан, Бұлан дейтін екі сойқан ұрыны басшы етіп аттандырыпты. Солар осы бүгінгідей лайсаң түнде соктығады деп корқады.

Тыста тақап келген зілді айғай. Байлар ақырады.

— Сатай! Қайтып үйқы тыныштық алады? Бүгіп жаутисе қайтесін?

Сатай өзінің су болған киімін көрсетеді.

— Үсті-басым су, жаурадым ғой, түн үзын.

— Сөйлеме, мін атыңа! — деп жас бай Доғал ақырады.

— Биттей аяныш болсаши... Мен де адаммын ғой.

Сол жайды айтқаны үшін Доғал боятап қорлайды. Сатай ашулы жауап береді. Догал ұмтылып, шоқпармен ұра береді. Шошыған Алуа жүгіре шырады.

— Тиме, үрма ағамды.

— О, құдай жазанды берсін, — деп Жанат қарғайды.

Байлар еріксіз Сатайды ақ айғыра мінгізе береді. Осы кезде арсылдаған иттер тобын шұбырта, шулатып, түнгі ауылға қалың топ аттылар — барымташы жаулар қаптап, құйындай соктығады. Соныл, шоқпарларын қа-

ғысып, «кеу-кеу!» десіп, азан-шуды молайтып, қалың жылқыны үркіте қуады. Ауыл үстінен жалған жапырылып Құлағандай болады. Семіа сәйгүліктер қойлардың, сиырлардың, түйелердің үстінен секіре-секіре, лашықтарды қулата асau селдей актарылады.

Жосып босқан жылқы арасында оларды сойылдаң боле қуып бара жатқан — жаулар. Тап ортада енгезердей алып денелі екі үры — Құлан, Бұлан ойран салып құтырына шабады.

Ауылдан атқа міне жөнелген жылқышылар тобы ағылады. Арасында, алдында ақ айғырра қамшы басып, құшырлана шапқан — Сатай. Ұзын ақ сойылын биік көлбетіп, көтере шауып келеді.

Айқасу. Сатай боз айғырды қамшылап, шоқпарын жүлқа көтеріп ап, бір жауды бастыртып кеп жетті де, желкеден беріп жіберіп, жаурынынан алып жұлыш тастады. Екінші жаулардың екеуі:

— Ортаға ал, ортаға... боз айғырды ортаға ал... — десе береді.

— Алсаң ал. Қелсөң кел! — деп Сатай бастырта жете бере, оң жақтағы жау сойыл сілтегенше үрып жіберіп, ұшырып түсіреді. Екінші жау үрып қалады. Бірак Сатай:

— Тұс... Тұс... — деп бүйіра ақырып сайсып кетеді. Ол жау да шашыла құлады.

Осылай жол бойы жылқышыдан да, жаудан да аттар босап ойнап шығып жатыр. Ұзақ сорыс. Жылқышыдан да, жаудан да топ-топ аттан ұшып түсіп жатқан жаралылар. Майданда үш-ақ кісі қалған; Құлан мен Бұлан. Сатай. Екі үрыға енді еркін жеткен Сатай бүйрық етіп: «Тұс!», «Тұс!» деп ақырады. Аналар қуып бара жатқан соңғы бір топ жылқыны айырып алады. Екі ағайынды берілер, сотқар үрылар бұған жабыла соғысады. Сатай Құланды жекпе-жек кездескенде, ол бір үрганша, үш үрып жіберіп, есекіреткен күйде, аттан жұлышп түсіреді. Енді Бұланды шоқпар қағысып, тура бетке алып, сілейте үрып жібергенде, құлап бара жатқан Бұланың қолындағы алты атары тарс атылады.

Үй алдында, түйілген қабақден шошынып тұрган Алуа. Ол мәңіреу түнге телміріп қадалғалы көп заман. «Үйге кір!», деген әжесін де тындау жок. «Ағам, ағатайым...» деумен қара түнге мелшие қадалып қарап түр. Тындалп түр. Сартылдаған сойылдар, тасырлап шапқан

ат түяқтары. Қісінеп, осқырып жосыған, шошып босқан асаулар. Арсылдаған иттер. Ақырып, арпалысып жүрген ката жауыз бағлар. Бәрін де Алуа «көп», дегендей, «тоқташ», тына қалшы» дегендей елем ейді. Элі екі көзі қарашы түнге кадалып, шошына үркіп түр. Бозарған еріндері тек қана қыбырлап «ағам», ағаталым», дей береді.

Тарс етіп мылтық атылды. Алыста, бұл қараған жақта жаіт етіп от көрінеді. Алуа шошығаннан шыңғырып қалады: «Ағатайым!».

Бұл кезде Құлан жығылған жерге Бұлан да жығылған еді. Шекесінен қан ағып, талмаусырап ол жатыр. Сол екеуінің қасында оқ тиіп құлаған, алғып кеүісі ажалменен алықсан, демі бітермен болған — Сатай жатыр. Басында мұны есіркегендей, боз айғыр ана иіске-леп, жер тарпып «тұршы, жүрші, дегендей боп түр.

Күндіз. Дүние тыныштық. Жыртық лашық ішінде, шокпты төсек үстінде өлімші күнде Сатай жатыр. Басында жылап шешесі отыр. Тесін құшақтап, аймалап өксіп, талықсыған Алуа жатыр. Еріндері соңғы рот сал қыбырлаған Сатай арман айтады:

— Бейбақ соралларым ай, көр аузында анам қалдың. Беіктен шығыр шықпаста балақилдың. Кешегана анаң өліп еді. Бүгін мен де жоқ. Қасында жан ашир жан да жоқ. Жакинин да жоқ. Тын құрыса екеуінді босағада қалдырағыла, адам қасында да қалдырмадым. Жыртқыш апшың інін аузында қалдырдым. Қасыр інінде аузында жалдырдым-ау. Кім есіркейді, кім пана болар?

Көзі босағада жылап отыреап кішкентай депелі, баладай ана бойы бар, бала жігіт Сексекке түседі. Од Сатайдың қасында, нир қасындағы ешкідей. Сатай сыйлез жатыр:

— Бар жакын дегенле жиғыз қарабасты ерек анау Сексек. Бірақ ол кінгі пана болады? Қолыпай не келеді сорлыны?

Сексек женілменен көзін сұртіп жылап отыр:

— Дегенің рас. Сен ғеткен соң, мені тіріге салап жайтесін. Қалпым мынау, қауқарым қаны. Менен кайыр жо-жоқ қой. Өзім тіпті Алуадан да бетер жетіммін гой, — деп кенкілдейді.

Сатайды бір уақыт өлім алдындағы сандырак, қызу қыстайды. Дүниені тұман басып, мұншар женін, лай-лай-

сан, үйткыған әбігер басып кеткен еді. Ерекес: «Қайтқайт, тұс-тұс!», «Аттан, аттан!» дегендей тайталас соң үзік-үзік айтып қалады. Қез алдында қатты дауыл, ақ айғырдың басы, қарсы сойыл сілтеген қарасақал, еңгевердей жау. Сонымен ұстасып қалған қалпында бір сөtte, алдындары жау қасқыр бейнесінде, аксиып тістерін қақылдатып, беті-жүзіне шапшып келген қасқыр бейнесіне айналады. Біреке қасқыр пішінінен Догалдың жүзі туады. Ол боктап үмтүлыш тұр. Шоқпарға таласып, Сатай екеуі ұстасып тұр. Осы түнде болған сурет сол айқасқан, егескен күйде біреке қасқыр, біреке Догал жүздері кезек ауысып барып, тұманға батады.

Бітті тыныс. Өлді адам. Кетті азамат. Талып жылап Алуа қалды. Ортасынан опырылғандай, өне бойы қақ бөлініп сынғандай, бүрісіп Жанат кемпір қалды.

Әкені қара жерге қойғалы алып кетісті. Жер төсекте, тағы сол шоқпұт құрым арасында жанталасып жатқан кемпір Жанат. Жанында жалғыз ғана Алуа. Ол сәл есіп қалғандай, өңінде зар. Қезінде жас.

— Эже, әжетайым, жапа-жалғыз мені кімге тастап ба~~расын~~, әжетайым...

Кезеріп ерні кемсепед, зорға сыйырлап, зарлы~~әже~~ үн катады:

— Қарашырым, балапаным-ай, мүндай да қатал дүние бола ма екен, е-е жасаған-ай, кімге қалдырым сен бейбағымды, сорлы жетімегімді. Ешкім жок, тек бекем бол, сорлы балам. Неге болса да бекем бол, жасымай алысып қал не болса... жалынған бас қорғау емес, жаталасқан бас қорғау, сәулешім. Әкендей, Сатай~~мілді~~ бол, не айтам...

Енді бір шакта бұрынрыдан жүдей түскен, кейлегі жыртылып, шашы үрпие түскен, ток сәл ғана жінішке, тіп-тік, нәзік, сұлу бойы созыла түскен Алуа тағы бір жана қабырга Сексек берген күректі алып, топырақ салады. Қемілді бұл өлік те, ол кеткен әжесі.

— Сорлы әжем, сен де кеттің, — деді де Алуа жалғыз ғана есіз далада сенделе қозғалып, жүрдай жетімдікке, панасыздық дүниесіне жүре береді.

Жалаң аяқ, жалаң бас, дудыраған шашы бар алты жасар Алуа, уана алмай зарлап, жылап келеді. Жалғыз, жана тұя. Артында, алыста нығы түскен, уайым женген Сексек те жалғыз келеді.

Жерошакта түтіндері будақтап, көп самауырлар ко-

ЙЫЛҒАН, қазан-қазан ет асылған, үлкен ақ үйлер аяда, араларында керме жаңында қарбалас. Келіп-кетіп жатқан қонақтар. Бай үйінде жас мырза Доғал көп қонақ жігіттерді, пан бәйбіше, кербез келішектерді күтіп отыр. Даңышлар жүгіріп жүр. Осы үйдің жаңында Алуа жылап келеді. Қайда жүргенін көрмегендей, қайда келгенін білмегендей сүріне-жығылдардай жетім қыз. Үйдегі қонақтар қатты жылаған үнді естіп, кулкілерін, сауығын тыйып, үрпісіп қалады.

Алуа есіктен қарап үй ішінде, төрде көп жастықтарға жантайған, қымыз ішіп қызып шалқыған қызықмасы сәнді топтарды көреді. Ортада, төрде гимназия миңдирін киген, тікіреп шаш жіберген, пан, сері жас мырза Мардан биік төсек үстінде шалқып, еркелеп жатыр. Жаңында сұлу келіншек, женге мұны құшақтай түсіп еркелетіп отыр. Мардан сұлу женгенің жүзіне папирос тұтінін бұрқыратып жіберіп, анау бетін басып жалтарғанда мәзденіп күледі. Жылаған Алуаға пандана қараған жас жігіт Мардан «кетіріндер» дегендей белгі етеді.

— Эжем, жалғыз әжем де өлді,— деп жылайды Алуа.

Мұның қасына Мардан келіп зекіп, желкесінен нұқиды.

— Өлсе құдайына жыла. Эжен түгіл, әжениң зор да өледі,— деп, қымызға мас күйінде, шайқақтап күледі де,— өлдің мазасын алмай, аулақ бар! Бар!— деп зекіп айдал жібереді.

Алуа есіз қаныраған шоқпыт лашық ішінде әжесінің тұл қалған жыртық құрым, жер төсегіне отырып, етбетінен түсіп жылайды. Маңына келген жан жок, жалғыз жылайды. Тек бір сәтке ғана Сексек келіп, үйге азырақ тезек әкеп төгіп, Алуаға қарап бас шайқап, қынжылып кеп жас жетімді аймалайды. Мандайынан сипайды.

Екінші бөлім 1926 жыл

Алуа 14—15-ке келген. Үстінде жыртық көйлек. Иығы тутеленген ескі кемзал.

Доғал байдың үлкен, аппақ үйінде қатал бәйбіше Алуа бүйрық етеді. Шидің қасында айналмалы бөшке түр, сонда ашыған каймақ, Алуаға соны айналдыруды бүйірады. Ауыр бөшкені әлсіз қолдарымен кезекпе-кеzek, тынымсыз налдырып деміккен, тер акқан Алуа,

әрекет еткелі көп заман. Осы үйге Догал бастаған бір топ мырза қонақтар кіреді. Мұнда кербез киінген үзыны бойлы Сейіт, тығыз бүйра сақалды, бітік көзді Жәкеш, кесе келіен, орақ тұмсық, сояу қара Байыр және шерміш жуан мырза Сартай бар.

Қонақтар кірген соң, бәйбіше Алуага көзben белгі етіл, шидің ішіне кіріп, май шайқауға бүйірады. Алуа ши ішінде тыныссыз әрекетін істеп отыр. Бір шакта мырзалар алдына қойылатын қымыз зор тегенеге күйілады. Бәйбішенің бүйрығымен Алуа қолына шіләпшін, құман алып, ши ішінен шығып, мырзалардың қолдарына жағалай су құяды. Бір түрегеп, бір еңкейіп үй ішіндегі қонақтарды жағалап айналып, қозғалған Алуага Сартай мырза қызыға қарайды. Қызды көрсетіп Байырға сыйырлайды. Тұрпайы, қомағай жүзді мырзалар бұл қыздың бойына да, жүзіне де, арқасына төгілген үзын, сұлу шашына да құмарта қызыққандай.

Сартай Догалға бұрылып, жаңағы қыздың жөнін сұрайды.

— Догал мырза, осы жаңағы қолға су құйған қыз кімнің қызы?

Өзгелер де Догалға үніледі. Догал оларды түсінеді де күледі.

— Өзіміздің баяғыда өлген бір жылқышмыздың қызы. Осы үйдегі қызметкеріміз. Қайтейін деп едіндер? — деп, сақылдап күледі.

Сартай алғашқы құмарлық жүзімен Доралға иіле туғаседі.

— Догал мырза, көніл шіркін ауып отыр, сезіп отыр ғой ішін. Шіркінді тәуір киіндіріп, ауыр жұмыстан тыңып, ак отауға алып, балапандай бауырға бақса,— деп, кенкілдеп күлгендे, үйдегінің бәрі де масайып, мәз болысады.— Аты кім өзінің, аты кім? — деп Сартай сұрайды. «Алуа» дегенде Сартай іле жонеліп:— Алуа, Алуш,— деп,— Алақанға салып аялап қана қызықтар ма еді онаша.

Осы көзде Алуа өз атын атағанды естіп, жаңағы жайсыз сөздерге түршігіп, шошына тындаиды. Ендігі сөздерді ол ауыр жұмысын істей отырып, ылғи үркү, жиренумен тындал отыр.

Кербез, кекір Сейіт сұлу мұртын сылай отырып, байлау айтады:

— Олай болса, ынтығып өзек жарғандай не бар? До-

гал мырзаның қолындағы қыз, дегенінен қалатын несі бар. Шын қызы~~кан~~ біреуің тоқал етіп ал да қой.

Сартай ентелеп:

— Алар-ақ ем, беремісің, Догал? — дейді.

Бағанадан Догал өзі ~~де ойла~~ана күлімсіреп отырган.

— Жоқ. Өзім аламын тоқалдыққа. Тұлкінің күшігіндей өсіріп кеп, енді ~~қызыл~~ шуңа жетілген шакта, қызының саған беретінін ~~нем~~? — деп кенкілдеп күледі.

Алуа шошып бір тұрып, бір отырады. Бірақ ксте алмай амалсыздан жұмысын істейді.

Қартаң қонақтың бірі бурыл сақал, жасы үлкен адам жігіттерге мысқыл ете қарап, сөз тастайды:

— Өй, сендер қыз саудалап жатырсындар, бірің қызы~~шып~~, бірің алып байлап жатқанда, бұл совет үкіметі қайда болады?

Алуа бұл сөзге елең етіп, соңғы үмітіндей аңыра, құлақ салыды.

Отырган мырзатар «босе, бәсе» деп, «елдегі сот, сед-ватльді ~~ж~~айтесін?» деседі.

Сартай Доғалды мысқыл ете бастайды.

— Э, бәлем, ба~~кеке~~, енді қалай? Маган бүйіртпайын ~~дел едін,~~ өзіце де ~~тимейтін~~ болды ма бәлем.

Алуа әлде де шошыла тындал отыр. Осы кезде үйге ~~окыран~~ жігіт Жаппар кіреді. Сәлем беріп үй ішімен амандаста кеп, қатарға отырады. Догал қымыз ұсынады. Сеніт әзіл етіп, жаңағы сөзді тағы қозғайды.

— Міне, совет ~~үкіметінің~~ кісісі келді. Мына Жаппардан ~~су~~рандаршы, екі қатын үстіне қыз алғыза ма, жоқ па ~~еңді~~ совет үкіметі?

~~Ж~~аппар жәй, баяу ~~ғана~~ жауап береді:

— Естіп жатырсыздар ғой, көп әйел алдырмайтыны, ~~қалың~~ малға сатқызбайтыны, сүймегенге бергізбейтін~~і~~ әл ырзалығыны~~шы~~ еші~~и~~ қатын алмасын дегені — бәрі де анық ~~сөз~~, Білмегенсіп қайтесіздер? — деп күле түседі.

Догал сылқылдан Жаппардың сөзін мазақ еткендей күліп алды.

— Элі ~~де~~ алғысы келген алар да, тигісі келген тиер ~~дс.~~ Ей, қайда әлгі, шақырындаршы Сексекті.

Ендігі жайдан қатты шошынған Алуа атып тұрады. Шидің ішінен бұл шыға келгенде, мырзалар бұның мұнда екенін білмеген қалпында анырып қараса, Алуа Жаппарға сәл көз тоқтатады. Жаппар да елең етіп, Алуаның сұлу жүзін~~е~~ қадал~~и~~ қарап, таңданып қалады. Іркіліп

қалған қызы ақырын салмақпен сұлу қозғалып барып, үйден шығып кетеді.

— Шақыршы Сексекті? — деп Доғал тағы айғайлады.

— Шіркін балапан, ақ түйғынның балапаны. Алудай асылдан, — деп бағанағы құмартқан Сартай аңсан, ах үрады.

Жаппар қымыз ішіп болып шығып кетеді. Енді біраңда осы жиын алдына жыртық киімді, жудеу жүзді, ерні көзөрген кішкентай бойлы Сексек келеді. Оны көргенде Доғал:

— Отыр, — деп бүйрек етеді.

Доғал мастау және түрпайы батылдықпен сөз тастайды.

— Жә, Сексек, сенімен келелі сөзім бар. Көліс сөз. Қысқасы, мына сенің қарындастың — Алуда бүгін болжеткен қызы болды. Өсірген өзім. Енді өзім сол қарындастыңды алайын деп отырмын. Койшы, сөздің қысқасы, маган ырзалығың керек. Мына ағайынның төрт көзі түгел отырғанда, ырза-қошынды айт, дәл осы орнан түрғанда қайнагам, Доғалдың қайнагасы бол тұрасын, — деп, бір жағын шын, бір жағын бұлтақ етіп мастана сейлеп отыр.

Үйдегі бар мырза ~~жеке~~ ілдеп, дабырлап күліп, Сексекті көрнеу тәлкек қып жатыр.

— Да, құда Сексек, қошемет сенікі.

— Құдалық қайырлы болсын, Сексек, сарсу ~~легім~~.

— Қайран, Сексектей қайнагасы болғашын ~~арманы~~ бар ма?

— Сексекке қоты жеткен бұл заманда ~~ец~~ жақсы кісі болады.

— Ал, лебізінді тыңдалық, қайнага Сексек? — десіп ыржан, қылжаң қаққан мырзала ~~рга~~ Сексек ~~келек~~ көз салып, ~~үндемей~~ отырады. Ақырында, түрегеле біреді де, бір тізелеп отырып, Доғалға қарап үн қатады.

— Мырза, мен бұл сөзге жоқпын.

Содан ары ~~үндемей~~ тұрып алады.

Доғал зілдене қарайды:

— Не дейсің?

— Жоқпын сол, жоқпын.

— О не дегенің?

— Екі катын үстіне тоқалға мені алмайсын. Алуаны аласын. Ендеше, ырзалығын өзінен ал,

— Эуелі сенің ырзалығынды сұрап отырызы. Сен ырза болсан, қыз ешқайда кетпейді.

Сексек шошиды.

— О, құдай көрсетпесін, қой. Қойыңыз, мырза. Жоға, жоға, мазағыңызды қойыңыз, құдай көрсетпесін, мен жоқпын,— деп кете бергісі келеді.

— Не дейсін, әй сен ит. Тұр, токта!— деп, Догал ақырады. Үйде отырған мырзалар қоса өрекпіп шошытпак болады.

— Ұста анаты!— деп Догал бүйрық етеді.

Сексек қашып кетеді.

Алуа әжесі өлген күндегі қалпынша, қара лашықта өзгеше қиналып, өксіп жылайды. Ақ үйлерден бір топ кемпір, бәйбішелер келе жатады. Лашық жанына жетіп еріндерін шығарып, асқақ жиреніш көрсетеді. Семізше суық жүзді қара бәйбішө батыл басып, лашыққа кіреді. Дабырлап сөйлесіп, өзгелер де кіреді. Ауыздарында алдау, аярлық сөздері. Алуага киім ұсынады. Жылап жатқан орнынан жұлқынып тұрган Алуаның жүзінде қатты ашу, қарсылық бар. Қатындар дабырлап, зекіп сөйлеп, бір жағынан бүйрырып, бір жағынан ақыл айтқан болады.

— Ерге тимейтін қыз болмайды.

— Үрсына қуансаңшы.

— Қай сорлыға мұндай бақ конып еді?

— Кімнің жұптысы болатынынды ойласаңшы.

— Догалга колы жеткеннің арманы бар ма еді?

— Екі әйелдің үсті түгіл, жеті әйелдің үстіне де Догал десе қай ханның, қай төреңің қызы бармас еді.

Жылап жұлқынган Алуа безер боп қарсылық білдіреді.

— Керегі жок... Үрсы құрысын. Тимеймін. Үрза емеспін... Үрза емеспін ~~дедім~~ мен.

Әйелдер мұны бас салып, үстіндегі киімдерін жыртып, жұлмалап алысып, жабыла басып отырып, жиңін киімдер кигізеді. Қалыңдық киімі.

— Апарамыз, кешке Догалдың кіші отауына апарамыз.

Жыртық киімдерінің баріп жұмырлап, бүктеп алып кетіс. Аппак, кішкене отауда жасаулы төсек, шымылдық. Онаша көркем жай. Сонда орта жасқа келген, соғырғен, жылтыр қара сақал-мұрты молдаларша күзелгсін

бай Доғал кердең басып жүр. Жаңагы Алуаны зорлаган семіз қара қатын жаңына жылминып кеп, құттықтау айтады.

— Құсың құтты болсын, қарағым. «Ерді кебенек ішінде танимын!» дегендей, көзің көріктіні жыртық шок-пыт ішінен де таныпты. Сондай сұлу екен. Өзін жіберткен жақсы киімді кигенде хор қызындай боп кетті.

Доғалдан сый алады. Ауыл әбігерде, қонақтар келіп жатыр. Еркек, әйел, кәрі-жас, мырзалар, бәйбішелер — бәрі де Доғалға қайырлы болсын айта келгендер. «Доғал үйленеді. Тағы тоқал алады. Жас тоқал, сұлу тоқал» деген ыржан, жылмаң сұық сөздер.

Жылап, аласұрған Алуага жүдеу жүзді, шаршаған Сексек келеді. Алуага қарап, бір қызығып, бір жабығады. Жаңа, жақсы киім соншалық жарасқан Алуа өзгеше нұрланып кеткен. Бірақ қызы көзіндегі жасты көріп, Сексек бас изеп, мұнайды. «Түйеден келдім, тағы да түйеден келдім» деп, бірденені мінгірлей береді.

Алуа бұған ұмытылып, ашулы жүзбен бекіне сөйлейді.

— Тимеймін Доғалға, жауызға, итке. Экемнің тубіне жеткен жалмауыз, қорқау қасқыр болатын. Ұмытқам жоқ, сатылғам жоқ! — деп зарлап, мелшие қарап тұрып қалады. Сексекке батыл басып келіп, өз байлауын айтады.

— Өлтірсе де тимеймін. Оған тиғенше өлемін. Мынау әжем сорлыдан қалған ескі құрым шаңыракқа, мынау желбауға оралып, асылып өлемін,— деп, ала жіп желбауды жұлып алыш, мойнына орай береді. Сексек жүгіріп келіп, жылап боздал жүріп, арпалысқан бойында қызының мойнынан жіпті босата алмаған сон, пышағымен қызып жібереді. Жығылып жатқан Алуаны аймалап, сейлеп жатады.

— Мені гана тындашы, соны айтқалы келдім. Бүгін мен бір жақсылық әкелдім бе деп тұрмын саған. Өзім емес, өзімді қойши, кураған жапырақтай мен байғустың қолынан не келуші еді. Бүгін далада, түйеде сені аяп, өзім жылап жүріп, бір жанға кездестім. Сондай бір жігіт. Өзі қандай жігіт десенші,— деп айтып тұрған жаңын ұмытып кетеді — Жігіттің төресі-ау, бұлдіршіндей, Үріп ауызға салғандай...

Алуа ашумен жалт бұрылады.

— Жігіті құрысын, жігітті сұрадым ба, жөнін айтсацшы.

Сексек қарбаласып жөнге келе бере:

— Е е, соны айтам, тындашы. Саған құтылатың жол бар көрнеді...

Алуа басын жұлып алды, мұның екі иығынан үстай алды, «тез айтшы» дегендей сілкे түсіп, асықтырады.

Түйе соңында жалғыз жүріп, сыйзығында мұнды шер тәгілткен Сексектің күйін жақында жүрген қойшы естіді. Екі-үш қойшы-малшылар, өгізге мінген, желқом жапқан жаман тайға мінген малшы да бар. Бұлар: Назарбек, Бейсен, Оспан — дейтін Догалдың қойшы малшылары.

Ушеуі ба^{стары} қосылып, сыйзығы үнін тыңдал, Сексек жаққа кара^{сады}.

— Далада сыйзығы зарлайды, үйге қайтса, қарында^{сы} зарлайды, есі кеткен Сексек пакырды көрдіңдер мей? — дейді жастау қойшы Бейсен.

Бұлардың арасында жасы үлкен Назарбек отыздың ішіне кірген. Шоқша сақа^{лады} Назарбек Сексекке кол былғап шақырады. Өздері де солай бурылады. Түйсеге, өзізге, жаман тайға мінген жалшылар далада мұнды жүздермен келдесіп сөз қатысады.

Оспан сөйлейді түр:

— Сабап-сабап сені қондіреді. Жылатып-жылатып Алуаны бағындырады. Осымен жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпай кеткені мей?

Сексек түйенің үстінде енкілдеп жылап жібереді.

— Қайдан білейін, қайдан білейін. Кандай ақылда^{рын} бар, тым күріса соны айтсаңдаршы.

Бейсен сөйлейді:

— Ой, кеше Сатайды бәріміздің де көзіміз көре қалған еші^т ғой. Содан қалған каршадай жетімек еді ғой. Алуаның ырза емесі рас болса, оның құтылатын бір-ак жол^{ын} бар, соны өзіне айту керек қой.

Назарбек:

— Қандай жол, нені айтасың?

— Совет өкіметіне қашсың.

— Барса совет өкіметінің құтқаратыны анық па? —
Оспан.

Бейсен өгізін тебініп, омыраулап сендіре сөйлейді:

— Құтқараты совет өкіметі. Кедейдің өкіметі, жылағанның үкіметі,— дейді.— Осында жетімді қорғамай, енді кімді қорғайды?

Назарбек күдік айтады.

— Эй, кім білсін. Онда да Догалдың аты оштын болмаса. Зан~~жакунді~~ де бұл біледі, айла-амады ли ол таусады Мұшиң құрығынан құтылу оңай емес кой. Босқа әуре боласын ғой, Сексек.

Бейсен құлшына сөйтейді.

— О, койшы, етектен тарта бермей «шөк-шөк» деп. Сындайдың қырсығынан ғой, үкіметке барып айттар арызды да айтпай жүрміз Міне, құлагынды ұрайын жаудың малын, — деп, өгізді құлагынан салып қалып. — Алты ай қыс, алты ай жаң бақсақ та, алты жылдан бері ақы-пұл алмай сорлып жүрміз. Сөзін жеткізген, арынын айтқан батыл көдейдің бәрі де талай Догалдай байлардан есесін алып жатыр дейді.

Оспан мұны қостайды:

— Біз болсақ, құр естіміз де журе береміз. Айт, Сексек, осы тілі жететін біреу арқылы арызынды айт. Қызың зарлаған арызын жеткіз.

— Осыны істемесең еркек болмайсын,— деп Бейсен де қостайды. Назарбек басын шайқап, астындағы тайын бури береді.

— Аранда~~тасын~~, Сексек сорлынын жарға жығасындар ғой, Догалдан құдай құтқармаса, бенде құтқармай-да ғой,— деп кетс береді.

Калден екі малыш Сексекпен еріп келе жатады. Сексек түрленін үстінде мұнайып, шеке түсіп жатып, тағы да зарлы~~сабызы~~ сарнатады. Осы кезде қойшылар бел асып келе жатқан жалғыз жігітті көреді. Ол — Жаппар, Бейсен мен Оспан Сексекке Жаппарды нұсқап, ақыл айтысады.

— Сексек, сен былай қара. Анау келе жатқан жігітті ақап алышы,— дейді. Оспан да құптай ала жениледі.

— Осы жігіт ауылы осы жақта болған соң келіп қайтқан ғой. Советтің бір кеңесеңінде істейді дейді өзін. Аты Жаппар. Біз қазір былай тайқып кетеңік, сен сонымен онаша сөйлесіп, қарындасыңың жайын айтшы, сол бір ақыл береді. Ақылдасасың ба?

Сексек макұл деп бас шүлғиды. Екі қойшы өз қойлағына қарай кетіп қалады. Сексек сыйызында мұнды~~күйін~~ тағы да шерлендіре~~сиз~~ сыйылтады. Үзындаған мұнды сарын есіз далада, алысқа естіліп тұр. Жел қаққан үзінді ызың, далада жортып келе жатқан жарап атты жас жігітке естіледі.

Сексектің қасына осы жігіт кеп жөн сұрайды:

— Бұл ненің күйі?

Сексек:

— Алуаның күйі,— дейді.— Қарындасым — Алуаның сыңсұы,— дейді. Тартады да жылайды.

Жігіт Доғал атын естігенде сескенеді.

— Ойбай, Доғал болса мықты екен. Бәле ғой... Құтылу қыны,— деп тұрады да,— тоқташы, деп ойланып, бір уақыт айлалы, ойнақы жүз көрсетеді.— Сен «мен айтты» деп жан баласына білдірме, әсіресе, Доғалдың қулағына тиетін болмасын. Сенің қарындасың құтылатын жол бар. Анау қара биіктің астында, Суықбұлак деген кең қоңыс, мол жайлай бар. Сол жерде советтің соты бар. Волисполком бар, Союзқошы бар. Сонда Қызыл отау деген бар. Өзің кеңес үкіметін естіп пе ең?

Сексек аузын ашып, көзі жыпылық қағып, басын издейді:

— Естіп ем.

— Е, сол кедейдін досы, жылаган қыз-келіншекке еркіндік, тәндік өпереді дегенді естіп пе ең?

— Е, естіп ем...

— Ендеше білдің бе. Бұғын тунде қарындасыңды алып қаш та сонда кел.

Сол күні кешке бай аулының шетінде шөккен түйенія жанында құбірлеп сөйлесіп, баспалап бұғып жүрген екі кісі көрінеді.

— Осы аташа бар түйеден жүйрік. Мен бәрінің жүрісі мен желісін сынағам ғой. Кел, мін,— деп Сексек қорқып жүрген Алуаны өзі сүйлемелдеп түйеге мінгізеді. Артына өзі мінгеседі. Сөйтіп, екеуі үйқтап қалған ауылдан сыйылыш шыға береді. Ит үрсе Сексек Алуанының нағынан басып, «бұқ, бұқ», дейді. Өзі түйенің екі өркешінің арасында жантая жабысып алған. Қорқақ, көздері бақырандаپ, арттағы ауылға қарай жалтақтай береді. Алуаға «бұқ, бұқ, бұқсаңшы ойбай, өзің еңгезердей екенсің ғой», деп, оны да түйенің екінші жағына жантайтады. Алуа мұның сактығына күдіктеніп:

— Біз бұққанмен не түседі? Таудай атанды көрмейді ғой деп пе ең?

— Ойбай білмейсін, үстінде біз көрінбесек болады, жәй өріп бара жатқан түйе деп ойлайды.

Аз уақытта екеуі ауылдан ұзап аулакқа шықты. Са-

ры атанды желдірте тебініп, Сексек құтылғанға қуанып келеді.

— Атпен қашқаннан да осы жақсы.

— Бірақ атпен қуса үстап алады, үзай алмаймыз рой.

— Үндеме, жылқы түгел болған соң, түйемен қашты деп ойламайды. Жаяу қашып жар астына тығылып жүр деп алысқа шығып іздемейді. Осының өзі Сексектің мықтап тапқан ақылы болды-ау, ә?— деп қуанып қояды.— Таң атқанша Қаратаяға ілінsec болады.

Тұнгі Дулат аулында қарбалас әбігер. Қешегі катындар үйқы-түйкү жүгіріседі. Есіз бос қалған Алуаның жашиғына қайта-қайта жүгірісіп келген, қарбаласқан ер мен әйелдердің жүгірісі көрінеді. Тұлан тұтқан айналға қасқырша қарап, аласұрган бай Доғал жұлдынып отауға кіреді. Шымылдықты жұлқып үзеді. Төсектің жастық, көрпелерін, құс тәсегін лактырады. Колына қамшы алады. Үлкен үйіне үмтүлады. «Сен қашырдың, қайда жібердің?» деп бәйбішесіне ақырады.

Семіз, кердең бәйбіше он жауап бермейді. Ашумен теріс айналады. Доғал оны сабайды. Бұдан шығып екінші әйеліне суық түсті, ат жақты, биік бойлы, қабагы жабық тоқалға ақырады. «Кайда жібердің? Сен жоғалтың, сендер болмасаң, оған қашудың жолын айтқан кім?»— деп ақырып жауап тілейді.

Тоқал сайқал жұзбен мықылдай қарап, сылқ-сылқ күледі. Мұның да басына, мойнына Доғалдың қамшысы жауады. Отауға үмтүлады. Бәйбіше мен тоқал өз үйлерінің есіктерін жамыла қарап тұрып, Доғалды мазақ етіп табалай күледі.

Доғал далада малши, көрші, даярши жігіттерін ақырып жияды, жан-жаққа жүгіртеді. Ауыл тұн бойы әбігерде. Доғалға бір шақ ес кіреді.

— Ат, аттар тұр ма?

Жүгірісе қарасады.

— Тұр... Аттың бәрі кермеде...

— Қойшы аты қайда? Соған мініп қашпасын.

— Жаяу қашқан ба?

Койшының көк шолагы да орнында.

— Аттар түгел...

— Жаяу...

— Е, е, ендеше осы манда, үзамаған болар...

Доғал:

— Жа, ендеше, жар астында тыгылып жүрген шығар. Іздендер. Тан ата сүйреп әкеліндөр. Менен қашпақ па? Менен құтылмак емес... Әкел шашаң... сүйреп әкліндер, жөнел, түгі.

Бар малшы, көршілөрді жән-жакқа жаяу жүгіртеді. Өзі ызалы жыртқыштай жұлқынады.

Ертеңінде бай ауылдың ак үйлердің арасына, ауыл сыртына өңшең жарава ерттеулі аттар бай ғанаған. Ақсақалды, бурыл сақалды нелер шіренген байлар, атқамінер жуандар, қажылар және бөріктөріне сәлде ораған молдалар жинаған. Бай Догалдың айналасына әйел азаттығының жаулары, ел ішінің жуан мойындары коршау бол, топталып ап, неше алуан ашу, ыза, қарсылық, долылық сөздер сөйлейді. Мұнда «Заман азған, халық бұзылған. Оны аздырған, пәле салған» деген сияқты сан алуан қарсылық дүлей сөздер сөйленеді.

— Аздырды, катынмыды тартып алды, астыртын бұзып, шақыртып алды.

— Мұны істеп отырған сот, тергеуші, Водник полком.

— Елдегі үкімет басшылары.

— Бұлікті өзі бастады.

— Халықты бұзған біз емес. Қінә өздерінде,— дескен бұзарлық ерегес, сотқар сөздер асқындейды. Саба-саба қымыздар тегене-тегене бол актарыла құйылып жатыр, Қоған сотқар, шонжарларды қатты қыздыра желіктіреді. Ауыл үстінде айғай-сурен салып, арлы-берлі жосыған аттылар шабады. Догалды ортаға алып, кермендегі, байлаудағы жарава сәйгүліктерге секіре-секіре мініседі. Өңшең жақсы киінген, семіз, сұлу ат мінген әшекейлі, әсем ер тұрман тағынған жылтыр жұз, жуан кеуде, қалың курсақ бай-кулак атаулы қатпаган сел бол жөнкіле жөнеледі.

Сексек пен Алua совет кеңселері тұрған ауылға жеткен. Екеудің көп үйлерді жағалай тергеуші кеңсесіне келеді. Осы тергеушінің алдында хатшы болып істейтін жылпос, жылмаң сұлуша жігіт бар. Ол кеше Сексекке далада кездескен жігіт, аты — Жаппар.

Сексек оны көргенде, ежелгі жақын көзтанисын көргендей жылушырай үмтүлады. Сексек Жаппарды тани сала, Алуаны сыртқа қайта тартып шығарып сыйырлап, Жаппарды мақтап жатыр.

— Эні, әні... Тап өзі... Кешегі айтқан жігітімнің тап өзі, әні Қандай жігіт, жігіт десен де болады, қыз десен де болады, әмбे жігіт, әмбे қыз, бұлдіршіндей... Үріп ауызға салғандай.

Бірақ жігіт мұны аңғарып, тез түсін өзгертіп, салқындаپ, пандана қалады.

Тергеуші Сексектен қыздың жайын біледі. Алуага жұмсақ сөйлейді:

— Атыңыз кім?

— Алуа.

— Басыңызға бостандық алмақсыз ба?

Алуа үяла отырып, өте ақырын дауыспен қорғана жауап қатады:

— Ия, аға, бірақ соны айтам да қорқам,— тоқтап қалып жылап жібереді. Тергеуші Сапар мұның қасына жақындаپ кеп жаны ашыған күйде барынша жылушырап сөйлейді:

— Неден қорқасың, кімнен қорқасың? Жөнінді айтшы, сені айттырған кісі бар ма еді?

— Жоқ. Бірақ айттырмай-ақ алмақшы болды ғой.

— Ол кім? Аты кім?

— Ол — Догал. Мен үйінде алты жасынан күн болып қызмет еткем. Экем соның жылқысының сонында оққа үшып өлген. Енді мені зорламақ болды. Екі қатын үстіне зорлықпен алмақ болды. Содан қаштым. Совет үкіметіне қаштым. Бірақ қашсам да қорқам. Куып келіп мені қайтарып ала ма деп қорқам. Айтыңызы, ағажан, совет үкіметі сіз бе?

Сапар жылушырап қүледі:

— Бар совет үкіметі мен емес. Бірақ совет үкіметінің бір адамы менмін. Және сол совет үкіметінің тапсыруы бойынша, мен сенің басынды корғаймын.

Алуа жасты қөздері жалт етіп, үлкен үмітпен қарап:

— Шын ба, рас па, ағатайым, совет үкіметім, әкем,— деп, тағы бір жылап, бір қүледі.

Сапар мұның қасына отырып, шашынан сипап, көңілін орнықтыра сөйлейді:

— Біз сені корғаймыз, зорлық пен қорлыққа енді бермейміз. Бірақ алдын ала келісіп алайық. Осы айтатын сөзімді жадында тұт. Догал бай сенен айрылмауға тырысады. Сені іздеп те келуі мүмкін. Не алдап, не қорқытып сені өзіне қайтып әкетуге тырысатын болады. Сенімен көзбе-көз сөйлеседі. Біз «сенен Доралға баруға

риза емессін бе?» деп сұраймыз. Сен сонда қорғанбай, тайсалмай өзінің жаңағы маған айтқан тілегінді, жауабынды айт. Совет үкіметі сені қорғайды, бірақ сенің «өзің де өз басынды қорғай біл!» деп ақыл айтады. Осыны түсіндін бе?

Алуа көзінің жасы құрғаған, өніне сәл ажарлы рең біткен қалпында, ақырынғана «ұқтым» деп бас изейді.

Мұның артында тұрған Сексек те бірге шүлғып, Сапарға қайта-қайта сүйсініп, алғысты жүэбен қарап:

— Ұқтық, совет үкіметі аға,— деп қалбақтайды.

— Ендеше, Қызыл отауға барындар. Сонда сендерге арыз жазып берсін. Сол арызды алып осында келіндер.

Сексек Қызыл отау дегенді түсінбейді.

— Мұнда қызыл үй жок тәрізді. Бәрі де ак үй гой, солай емес пе, Алуа.

Сапар құліп жіберді.

— Жүріңіз, мен көрсетейін.

Тергеуші өзі бармақ болады. Бастығының осындағы ықыласын көрген Жаппар өзі де тап береді.

— Онда мен... мен апаратын да...

— Жарайды, апарсын, Жаппар ертіп барсын...— деп тергеуші қалып қояды. Өзгелер тыңқа шығады.

Тыста жұмыссыз отырған бір топ адам Сексек пен Алуаға қарап, өзінше болжау айтып отыр. Бір даусы:

— Мынау да басына бостандық ізделп келген қыз гой, байғұс, тергеушіден шыққанын көрмейсің бе?

Алуа қысылып қалады. Артында келे жатқан Сексек бас изеп жымия құледі.

Екінші даусы:

— Қыз жақсы еken, тек жігіті жарымапты.

— «Жалтырдан қашып жалаққа» дегендей, мына жігіті не жарытады дейсін,— дейді. Сексек оған да ыржандап құледі.

Жапар қашқындарды ертіп Қызыл отауға келеді. Мұнда ең жасауды үй көрінеді. Ортада биік стол, оның үсті толған журнал, газеттер, айналған суреттер, көсемдер портреттері, ұрандар.

Қызыл отаудың басшысы орыстың сұңғақ бойлы, алтындағы сары шашты, үлкен көк көзді сұлу қызы. Ол студентка Нина Ивановна Ершова. Мұның қасында бірнеше қазақ қыздары бар. Ол қыздардың біреуі, Сәруар

аттысы аз оқыған, Нинага көмекші, мұғалима тәрізді.
Калған екі қызы аса жас, Алуадан да кіші.

Жаптар Алуаның жайын Ниналарга үстірт айтады.

— Үш әйелдің бірі етіп алмақ болған байдан қашкан.
Нина, сіздің тәрбиенізге тергеуші жіберді. Арызының жа-
зыныз. Бірақ мұның байы аса задор, осы елдегі ең жуан
құлак, феодал, боржой, контра. Ал, бәрін айттым, Нина,
мұның қуып келсе, үлкен шатақ болар. Сонда мықты қор-
ған болсын деп осы Қызыл отаудағы қыздардың қолына
жіберді,— деп бір жағынаң кекете құлгендей болады.
Екінші жағынаң, Алуага енді көз алмай қарап, құмарта
қызығып қалғандай. Ере келген жұрт ентелеп, «кімнің
қызы екен, қашқан байы кім екен» деп дабырлап жүр.

Нина Жаппардың кескінін түсінді де, оны салқын,
сызды қабақпен жасқанта тайдырып, Алуаның алдына
еzi шықты. Шала қазақша тілмен:

— Жігіт болған қыз... Қашқан? Джаксы... үш катын,
кәрі бай?.. тфу масқара... Осында бостандық... Корықпа.

Алуа Нинага таңдана, дос көре сөйлейді.

— Мен сонда да қорқам. Доғал бай мықты, оның кі-
сісі көп. Ол ашууланса жаман.

Сексек те осы кезде өбектеп, Алуаны қостай сөйлейді:

— Ол сабайды. Аямайды. Ол кімге де болса зорлық
етеді.

Нина бұларды қасына отырғызып, Алуаны тыныштан-
дыра сөйлейді.

— Олай емес, бай Доғал жеке-жеке сендердей кедей-
лерге зорлық еткен. Совет үкіметіне ол зорлық ете ал-
майды. Ал, сендерге тигізбейді. Сендерге неге тидің деп
жазалайды.

Сексек ентелей түседі:

— Сөйтіп, енді Доғал бай бізге ие емес пе? Віз одан
кетуге еріктіміз бе?

Нина күліп, үлкен сеніммен сөйлейді:

— Енді Доғал сендерге хожайи емес, қайта аз уақыт-
та, тез-тез уақытта, сен және сен (Алуаны және Сексекті
жөрсетеді) өздерінің сол ауылдағы бар нәрселерге: жер-
ге, малға, үйге, қыстауға — бәріне ие боласындар.

Алуа қуана күліп, Нинага жабыса сүйсініп, алғыс ай-
тады.

— Біз бе? Малға, үйге ие боламыз ба?

Нина күліп, бас изеп:

— Одан да үлкенге ие боласындар.

— Өнемене? — дейді Сексек. — Үлкен болғанда не-
мене?

Нина Лениниң портретін көрсетеді:

— Мынау кісіні білесіндер ме? Ол — Ленин. Сол кісі айтқан: «әрбір ас пісіретін әйел государствоны билеп үй-ренсін» деген.

— Нені? — дейді — Неменені? — десіп Сексек пен Ал-уа қарасады да түсінбейді. Сәруэр Нинамен күле қара-сып, бұларға сез қатады:

— Мемлекетті билеп үйренсін, — деп қосады.

— Немене? — деп Сексек оны да түсінбейді.

Нина өзі үғындырып, енді ойна түскен бір жайға сүйсініп күледі де:

— Совет үкіметін бастап, билеп үйренсін, — дейді Ле-нин, үқтың ба? — дейді Алуага.

Алуа күліп бас изейді. Алғысқа толы жүзбен Алуа мен Сексек екеуі Ленин портретінің қасына барады.

— Аты жақсы жарықтырым, айналым аруағын-иап, — деп Сексек телміре қарап түр.

Енді Алуаны Нина құшактай жетектеп, столға қарай бұрады. Мұнда келгейін тіпті жақсы деп танытқандай болады Нина. Алуаны қолынан ұстап, иығынан аймалап қағып достық, жылышырай көрсетіп, күле қарайды. Оны аймалаған қалпында столра алып келіп, орындыққа отырғызып, Сәруәргә жазуға бүйірады. Сәруэр да сыпайы, жақсы қарап Алуаның аты-жөнін жазып алады.

Сексек те келіп, стол үстіндегі қағазға, қазақ қызы азған жазура екі көзі ежірейіп, ентелеп, қызыға қарап түр. Алуаның арызын жазып болған Сәруэр Сексекті де қатар отырғызып, жазуға бейімделеді. Оны «жездे» деп орындыққа отырғызады.

— Атыңыз кім, жезде?

— Атым Сексек.

Сәруэр күліп жібереді. Өзге қыздар да күледі. Сыртта тұрған еріккендер де күледі.

— Шыным, шын атым Сексек.

Сәруэр:

— Сондай ат бола ма екен?..

Сексек:

— Ат болмайды, бірақ маған қойғанын көрмейсің бе жүрттый.

Сәруэр:

— Жұрттың қойғаны қалай; әкеңіз қойған ат қайда?
Сексек:

— Ой тәйір-эй, әкем қойған ат та жарып жаткан жок. «Жұмыр» қойыпты. «Жұмыр» дейтін мен бір пеш пе, қарбызын ба? Әншейін ауызға салғанды қоя салған да... Қайта Сексек дегениң мәні бар. Жұрттың ол атты қоятын жөні бар

Айнала жүрт мұның сезіне күліп, Сәруэр да қысыла жымиып амалсыз тындайды. Сексек соғып отыр.

— Сексек атанғаным, мен көп уақыт Дулат байдың ауылында ешкі баққам. Содан қазақ ешкінің атасын «Сексек ата» деп еді фой. Мені «ата» деуге қимай, «Сексек» деп жарты атын қойған фой.

Жұрт күліседі. Сәруэр бұдан және бір жөн сұрап:

— Ал, Алуаны алуға сіз ырзасыз фой? — дегенде, Ал-уа екеуі де күледі. Бұл таңдана сейлеп:

— Жоға... тәнірі... Алуаны алып мен неғылам... Қарындастым емес пе,— дейді.

Жұрт таңырқап, ырза болыса қүледі. Сәруэр ендігі жайды тусіне алмай:

— Ендеше, бұ қалай?..

Сексек:

— Не қалайы болсын, қарындастым қашам деді, мен тоқтата алмадым. Ал, мұны қашырып жіберіп, Доғалдай қасқыр қасында қалуға дәтім шыдамады, сабайды фой деп қорықтым. Сонымен, бірге қаштым...

Тындаушы жүрт енді бұған қызыға қарап күліседі. Сексек тағы да жайларын баяндала отыр:

— Катын-бала мүлде жок. Алуаның да менен басқа аталас ағайын, мүлде жақыны жок. Осы қашқаң соң, мен де қаштым.

Нина бұның сездеріне таңдана ойланып тұрып, жөн сұрайды.

— Сіз қашпай-ақ кетсеңіз қайтуші еді?

Сексек:

— Ж-ок, бостандық Алуаға керек болса, маған да кепек. Қашпасам Доғалдан құтыла алмаймын. Кішкентайымнан босағасында өскем. «Құлақ кесті құлым» деп біледі. Талай қашқанымда, бала шағымда сабап-сабап не қойына, не түйесіне салатын.

Совет кенселеріне байлар даурығып келген. Ожарланып, айбат шегіп сойлеседі:

— Қыз осында.

— Шығарып берсін... Лаң қымасын.
— Қайтарсын, қатынымызды.
— Барындар, іздендер.

Ат үстінен осылай дескен үндер естіліп тұр.
Сексек шошып кетті:

— Құғын келді... Догалдың өзі де бар, қасында бір қол кісі,— деген сөз естіледі.

Алуа жылап жібереді. Сексек үй ішінде шырқ айналып, тығылатын жер ізделеп жүр.

Бір сэтте төңкерулі жатқан қазанды көреді. Бір-ақ уыс боп, бүрісіп кетіп, Сексек сол қазанның астына тығылады. Анда-санда қазан астынан екі көзі бақыраңдалап, кішкентай сақалы шошандайды.

Кеуектегі қояндай қымыңдалап, тыныштық ала алмай жатыр.

Екіленіп келген жуандар кенселердің әр үйіне кіреді. Бес-алты жуан байлар Волисполком кенсесіне келеді. Бұл кенседе отырған жас жігіт салқын қабакты, батыл жүзін келгендерге тастап:

— Немене, бәрінің қатының бір-ақ кетті ме?
— Бізге қашқын қыз — Алуа керек.
— Кайда сол қыз?

Бұларға Волисполком бастығы жирене қарайды.
Жауап бермей кінәлай сөйлейді:

— Бұл жерден қызды тартып әкететін күш жок.
Байлар даурығады.
— Беталды қыз емес, қалындық.
— Инабатты адамның қалындығы.
— Қызды қайнынан, қатынды байынан айыртып отыра алмаймыз.
— Басқарсаң, әділетіңмен басқар.

Волисполком бастығы ажарланып, жаңағы соңғы адамға қадала қарап:

— Сен не дейсін? Қандай жолмен, қалай басқаруды тілейін деп ең шынынды айтшы?

Жаңағы бай, тайсалмай жауап береді:

— Еліміздің жолын айтам. Бабамыздан келе жатқан жолымыз — баярыдан келе жатқан дініміз, шаригатымыз бар.

Волисполком бастығы ақыра сөйлейді.

— Сол жолыңмен жүргізбексің бе Совет үкіметін? Көздерінді ашып қара, ол күндерің өткен сендердің. Жә-

не бақырып-шақырмандар мұнда. Болмаса, әп-сәтте жуасытамыз.

Айнала үнсіз тұрган сазарған жүздерге жағалай, қайсаrlаңа қарап шығады да:

— Волисполком ол қызы көрген жок. Ал, бұл жерге келсе, ол бостандығын да алды, мұндағы жүрт оған нық қорған да болады.

Бұл топ жауап ала алмай шығады.

Сотқа кіргендер және де осындағы өздерінің зілін өткізе алмаған. Тек тергеуші үйіне бір топ бай ортаға Доғалды ала кіріпті. Доғалдың қасында зор денелі қара сақал жауаптасады.

Тергеуші:

— Ия, келді Алуа Сатай қызы,— деп салмақты ажармен сөйлейді.

Қарасақал бай Жәкеш дауға өзірленген пішінде:

— Ол мынау Доғал мырзаның әйелі болады. Үрзалиғымен тиғен әйелі.

— Қыз өзі бұл мырзага ырза болмай кеткен болса қайтесіз?

— Ол бекер. Қыз ырза болып, байдың жіберген сыйын да киген. Үрза болмаса ол не?

Өзге байлар Жәкешті қостай береді.

— Үрза емеспін десе, өз аузынан айтсын. Қезімізге көрініп айтсын.

Өзге байлар даурыға сейлейді.

— Күйеуінің көзінше айтсын.

— Үрлап қорғамай, ашық қорғасын, закон болса?..— деп, өрепкіген жуандардың бәрінің түстеріне үнсіз, батыл жүзбен қарап тұрган тергеуші енді қысқа ғана сез айтады:

— Қыз «бармаймын, Доғалыца қосылып бәрің бірге жоғал, мұрдем кет!» десе, не дейсіндер?

— Десе, көзімізше десін.

— Осы араға келтірінің де, жүрт алдында айтқызыныз...

Тергеуші Жаппарға ақырын ым қарады. Жаппар шығып кетеді. Тыста бұл уақытта Қызыл отау жанында қатты даурық, әбігер бар. Екі милицияны шетке қағып, ысырып, тығыз қоршап алған екі үйір топ тұр. Өзге Өр өумесер, ожар қызбабас топтары үйді қоршац, жабығын созылап, әртүрлі қатал вілді сөздер тастайды.

— Қыз осы үйде..., Алып шық, түгі, суырып.

— Тартып ал, түгі...
— Талқан ет былай...
— Тұршы былай! — десіп, үйді кимелеп, есікте тұрған Сәруәр сияқты екі-үш қызды қолдарынан жұлқып, лақтырысып жібереді.

Қазан астында тығылған Сексек қазанның астынан бұлкілдеп көтеріле беріп, екі көзі бадырандап, қайта жата кетеді. Бір сұық қабақ көсе мырза мен ала көз орақ тұмсық қара сақал екеуі қастарына содыр байларды ертіп алып, Қызыл отау ішіне кимелей, жұлқына кіріседі.

Алу төрде тұр. Енді көз жасын тыйған, қабак түйіп, қарсылыққа бекіп алған. Қамшыларын қос бүктеген зорлықшылар Алуаға ұмтыла береді.

— Ә, қашқын қызы, құтылып көр...
— Осыдан кетіп көр, Догалдан...

Сол кезде, сәтте, Алуаны өзінің бойымен қоршап: «Стой!», «Токта!», «Тиме!» деп қатты ашуға мінген Нина тұра қалады. Жаулар сонда да тоқтамай, бұларға қарай баса бергенде, Нина браунингті сұрып ап, төсей кояды.

— Посмейте шевельнуться, уничтожу!
Жуандар жеп қоярдай өшіге қараса да, енді қыбыр ете алмай, тоқтап қалады.

— Убирайтесь вон! Кет! — деп бүйрық беріп, Нина сол қолымен есікті көрсетеді.

Осы кезде бұл үйге кірген жуандар тобын бастап келген содыр мырза, көсе Байыр арс етіп: «Кетсөң кет былай!» деп Нинаны қолынан тартып, жұлқып қалады.

Нина ытқып ортаға шығып: «Милиция, милиция!» деп айғайлайды. Екі милиционер үйге жүгіріп кіре береді.

«Токта, тұр былай!» деп милиционерлер бүйыра кіреді. Бірақ есік аузында тұрған жуандар оларды қоршап алады. Өршеленген Байыр жолына қайта тұрып қалған Нинаны қағып, шетке тайдағып, Алуаға тап береді. Нина барынша ашулы жүзбен:

— Токта! Кет! — деп, анау тоқталмаған соң, мылтықты басынан асыра, басып жібереді.

Байыр Алуаны босатып, кейін серпіледі. Нина тағы да өз бойымен Алуаны қоршап тұрып қалып:

— Мені өлтіріп қана аласың. Ал, мен, осы тұрған байлар, мынау браунингімдегі алты оқпенен алтауынды атып өлтірмей, өлмеймін... Бермеймін Алуаны... — дейді.

Екі жақ үнсіз үрпісіп, оқты көздерімен атысып тұ-

рып қалады. Осы кезде үйге Жаппар кіріп, есік алдындағы милицияларды қоршаған байларға:

— Тұр былай, қайт былай, бұл не бассызық? Отқа түсушімендер? Догар озбырлықты... — деп бұйрық береді. Үйдегі жуандар Жаппардан үялып, именгендей үнсіз бағынып, бойсұнып қалады.

Енді Жаппар адымдап кеп Нинаға тақайды да:

— Алуаны следователь шақырады, сонда алып жүрініз, — дейді.

Көсе Байыр үй ішінде кешеуlep қалып, соңғы екі жуанға сез қатады.

— Қап, Жаппар болды, келді де тыйым салды, соның беделі болмағанда, өлісіп-ақ көріп ем, — дейді.

Нина мылтығымен жуандарды жасқап, өздеріне жол салады да, Алуаны бір қолымен құшақтай отырып, үйден алып шығады. Қаптағалы тұрган жыртқыш жүздерді көре тұра, Алуа, Нина, Жаппар үшеуі жаулардың қасынан өтіп, тергеушінің үйіне кіреді.

Онда бағанағы жуандардан басқа, Догалдың өзінен басқа, ақсақал, қарасақал, барлық қамау, қоршаулары түгел тұр. Нина Алуаны тергеуші столының қағына әкеleді де, өзі кейін басып тұрады. Мұның қасына Сәруэр мен өзге екі жас қыз да келген. Жаппар тергеушінің нұсқауы бойынша, стол басына жазуға отырды. Тергеуші Алуаға ресми жүзбен, үнмен сез қатады:

— Сатай қызы Алуа, сіздің мына Догал Дулат ұлының ~~айелі~~ екеніңіз рас па еді?

Алуа үяла қарайды, бірақ тез жауап береді:

— Өтірік.

— Үрзалақпен тимекші болғанының рас па еді?

— Өтірік.

— Сол ыраға болғандықтан, Догал берген сыйды алып, қабылдағанының рас па?

— Өтірік.

— Ендеше, үстіңе киген киім кімдікі? Догал, мен жіберген сый, мен кигіздім, — дейді рой.

Алуа аз бөгеліп ойлана береді. Жүзінде әділ, ашу, бекініс белгісі. Өмірінде бірінші рет тартысуга бекінгендей.

Осы кезде жанағы тергеушінің соңғы сезін өздеріне дем ~~көріп~~, Догалдың қасындағы мұрзалар өршелене, екіление сез тастап:

— Бәсе, соны айт.

- Өзің тігіп киген кемзал, кейлек шығар?
- Сатайдың сандығынан қалған болар.
- Кім кігізді екес, айтып көрсін кәнекей,— деп асқаңтап барады.

Біраз үсіз тұрған Алуа енді тергеушіге шешіле сөйлеп, жауап қатты:

— Әуелі бұл кімді өздері бас салып, үрып, зорлап кігізген. Бірақ бұл кім, енді ойласам, менікі. Экем Сатай осы Догалдың отына күйіп, оққа ұшып өлтеген. Экеммен екеуміздің дәл осы тұрған Догалда бір кейлек, бір кемзалға татитын еңбегі жоқ деп айттып көрсін, осы тұрған ақсақал, қарасақал.

Кейін тұрған Нина сүйсіне күледі. Қазақтың жас қыздары жылап қуанғандай, Алуаны сыртынан айналғандай болысады. Тергеуші енді сол бір қалыпты, ресми қаблеті бойынша соңғы сұрақтарын береді.

— Сейтің, Сатай қызы Алуа, сіз Догалға бармайсыз, солай ма?

— Солай, бармаймын.

— Өзіңжіді оның әйелімін деп санаған емессіз, ол сіз-дің күйеуініз болған да емес?

— Емес.

Бағанағы Қызыл отауда қазан астында бүлкілдеген Сексек енді қазанның астынан бегін-басын қылтитады. Беті-мұрны бес батпан қара қасқа күйе болған. Бақырайып тың тыңдайды. Ақырындағы қазан астынан шыға береді. Айнала тыныш. Жабыққа жүгіріп барып, басналадап қараса, барлық қаптаң келген аттылар салбыраған бойында, кетіп бара жатады. Тергеушінің үй жағынан Нина, Алуа, Сәруэрлар келе жатады. Қастарында Жаппар, бәрі де күлген мәз күйде. Алуа да бірінші рет жадырағ, қуанып күліл, Нинаны бір құшактаң, бір сүйеді. Сексек аналар тақай бергенде, сыйызғыны ала сала, бір куанышты ойнақы күй тартып, көзімен күлімден тұрады. Сырттағылар кіре бере, Сексектің жүзін көріп, бес қасқа күйе-күйе кескініве қараң, ойнақы жүзіне таңданып, шектері қатқанша күліседі. Сәруэр әнгелі қосылады. Жаппар әндетеңді. Эдемі әндер айтылады. Алуа бұл кезде қасындағы екі жас қызбен сөйлеседі.

— Мен де өзіңдей, мені де солай тоқалдыққа бермек еді, содан қаштым.

— Қалыңмал үшін соқырға бермек еді, содан қаштым!— деп екіншісі айтады.

— Қызыл отау құтқарды. Нина.

— Енді не істейсіндер? — деген Алуа сұрағына «Окимыз!» деп, кітаптарын, қарындаш, дәлтерлерін көрсетеді. Алуаға да осында боласың дегенді айтады. Осы кезде сибзығыға қосылған Сәруэр, Жаппар әніне Нина қосылады.

Аздан соң ол Алуа мен екі қызды да, әягे қосылындар деп ымдаш тартады. Әуелі екі қыз қосылып, артынаң іркілінкіреп, үялып тұрып, Алуа да қосылып кетеді.

Алуа қосылғанда үн мұлде өзгеріп, ғажай бір сұлу, әзік, әсерлі саз араласқандай болады. Өздері ән айта тұрып, Нина, Сәруэр, Жаппар — бәрі де көздері зорайып ашылып, таңырқай бастайды. Ақырында өзгелері токтасады. Жалғыз Алуа саз созып кетеді. Тамаша әсерлі, сұлу үні бар, естілмеген әнші шыққандай. Алуа бар шерін шешіп, шаттығын тамашалап, көктем күнінде өз бұтағына қонған бұлбұлдай ән безендіреді.

Үшінші бөлім 1928 жыл

Доғалдың үлкен үйінде, қымызды қомағайланған сімірген қонақтар бүгін көнілді ажарда емес қабактары сұық, түйіліп сейлесіп отыр. Кенірдегі сорайран, үрті, мойны жиырылған ажымға толы, арам құс бейнелес көсе молда өлікке құран оқығандай күнгірт үименен оқшау жайды баян етеді. Доғалға қарап сейлейді. Доғалдың үзенгі жолдастары: Сейіт, Байыр, Жәкеш, Сартай бар.

— Шойын жолдың жұмысында жүрген бір қалың топ қазақ Молалыда құрбан айты күні «айт жасамаймыз» деп, жұмыска шығыпты. Ілде тары да қазақтың қалың жұмысшысы, шойни жол салушылары Ілеңік мешітін жапқызыпты. Бәйттолланы хараң етіл, оның орнына сол жұмысшыларға мектеп ашыпты.

Ізыналы жүзді Сейіт сейлейді:

— Сол шойын жолға деп киіз үй сурайды.

Мұның сезін қостап Байыр, Сартай, Жәкештер өздері естіген жаңалықтарын айтады.

— Лау, көлік қажет деп, біреулері ат, біреулері түйе, өгіз алғалы жүр. Қайта-қайта қапташ келіп, «жалда» деп емінеді.

— Шойынжолшылар тұстарыңа тақап келгенде, азық-тұлік, ақ, пен сусын жеткізіл беріндер, — дейді.

Осы сөздердің бәрін естіп, үндемей сазарып отырған
Доғалға енді Байыр салмақты сөз тастайды:

— Жә, бұл жол кімнің жалы, кімнің ырысы? Жақсылық күтеміз бе, жамандық күтеміз бе осыдан?

Бағанадан бері суық қабак түйіп отырған Доғал енді шүғыл, шапшаң сәйлейді:

— Бұл жол — жақсылық әкеле жатқан жок. Тыныштықта, каланың құрығынан алыста, оқшаша жатқан өлке еді, бұл Ақталдың бойы. Енді осы отырған барынды омыраудан да, етектен де алғалы келеді. Бермендер. Сөздерің өткен, дегенің жеткен... гуыл атаулының бәріне «ешнәрсені жалдама, әшиәрсені сатпа» дендер! — деп қатты байлап айтады.

Қылжақбас Сартай құле сәйлейді:

— Қазір Қаракұмның ішіне кіріпті, мынау шілденің ыстығында су да, сусын да таппай, қatalасын бір.

Байыр да кенкілдей күліп, қостай жәнелді.

— Аспаниң күн менен шөлі қинаса, аяқ астарынан Каракұмның жылан, шаяны, қаракүрты сыйласын.

Доғалдың жүзі бұл сөздерге жібіп, жылына бастайды.

— Көрерміз, алдарында екі үлкен тосқауыл түр. Бірі — Қаракұмдағы шөл, қамау, одан өткенше қашан. Әсіресе, азық пен сусын жеткізуден елді тыссан, Турксібтің соры сонда тосқанын көрерсін. Одан өтсе тагы бір үлкен пәле бар.

Отырған қонақтар:

— Әл қайсы, ол не пәле? — деседі,

Доғал салмақпен сол пәле жайын баян етеді:

— Бері шыққанда Айғайдың өрі бар. Естуімше, шойын жолдың беті тұра Айғайдың Тектүріның тубімен етеді дейді. Сол Тектүр күлатпай, жол өте алмайды дейді. Ендеше, Айғайдың Қызылқиясын, аспан күшкән асқар тасын алып көрсін. Тектүрдің бауырында Турксібтің тосқан тағы бір қалың сор бар, оны тамам ел жиып, өзіміз барып сорлағанын көзben көретін боламыз, үндемендер.

Бәрі кезектесіп қайталап:

— Ел жедейін аздыртпау керек.

— Қолдан келсе, шойын жол жұмысына жібер мейу керек. Онда барса, өзіңе қайта қаптайтын, жауығып қаптайтын.

Доғал бұл сөзді қорытып кеп, байлау айтады:

— Ата-бабамыз мекен еткен алтын бесік еді. Ақталдың бойы. Енді ёе боларын құдай білсін. Шойның жол келіп көлденен өлкенді көктеп еткен күні асыл аталардың нәсілдері не көрерінді кім білсін. Эйтеур «у жесец рузымен» деп бірлігінен айрылма, Жалайырдың баласы. Әсіресе, көресіні көргенде сол Жалайырдың өзінен шықкан пысығынан көресін. Аздырушының үлкені — үнемі тозбас дүкені тап осы келе жатқан шойын жол, осы Турксіб. Соны білсең шоқтай болып түйіліп, осы отырған бірінді бірің сүйей де білерсін.

Осыған баталасқандай, барлық бай бас изесіп «е» десіп, керсендегі көтеріседі...

Қайнар ыстық күннің күйіп тұрған шағында, бұйра-бұйра, жал-жал Каракүмның қалың ортасында қайнаған еңбек білінеді. Алдыңғы қалың топтар ішінде атақты грабарьлер, ташкешілер біралуан тынымсыз қозғалыс, қымыл, бұрқыратқан әрекет үстінде. Сан жерлерде скреперлер, тағы бірқатар қадау-қадау жерлерде грейдерлер әрекет етеді. Мұнда элеваторлар, эскаватор «Марион» үлкен қымыл үстінде. Ұзыннан созылған топтар, тасқын бұлақтай қайнаған еңбек атып, Турксібтің жол-жотасын жалдап созып барады. Күмырсқадай қайнаған қалың топ, сол даяр насыптар үстіне шпалдар тастап келеді. Рельстерге әзірлік жасап барады. Бұл тұста әрекет етіп жургендер, қалың топ қазақ жұмысшылары мен украина, орыс жұмысшылары. Шпалдардың артынан рельстерді сүйреп әкеп, жеделдетіп келе жатқан растижка тобы-да жіті жүреді. Рельстерді ұдайы қайталаған белгілі бір командамен «Бросай!» деседі. Рельсі толтыран вагонеткалар қызу қайрат үстіндегі жұмысшылар тұсына келгенде, укладчиктер шапшаң таратып ала жөнеледі. Колдасқан жұмысшылардың жиі естілетін айғайла-ры, үнемі бір сөзбен:

— Таста, таста. Оң жақ, жайырак.

— Сол жақ, қаға тұс,— деседі.

Бұлардың артынан жедел басқан заболтовка жұмысы келеді. Барлық қозғалыстар ширак, қатесіз, қажырлы. Заболтовканың артынан жәнеде тақымдаپ, жедел басып костыльщиктер өкшелейді. Қалың жұмысшы қайраткерлердің жарым денелері жалаңаш. Күн астында еттері де, терлері де жылтылдайды, Шпал тастап, рельспен

бастырып келе жатқан қалың бір топ қазақ жұмысшыла-
рының көз алдында, шпалдың бойына орала бір топ қа-
рашұбар жыландар нірледі. Рельстер түскен жерлерде
де бұралып, оралып шақпақ болған жыландар бар.

Осы араға жолдың бойын аралап, жұмыс жөнін қа-
ғазға жазып келе жатқан Нина келеді. Оның қасында
участка бастығы инженер, жыланнан сескене тоқтаған
Нинаның көзінше жаңағы жұмысшылар шімірікпей күле-
кимыл етіп, әрбір жыланды шпалдармен бастырады. Күа
жеткен растижканың жұмысшылары кей жыландарды
мойнынан, белінен ұзын ауыр темір рельспен өздіре бас-
тырады.

Нина өүйсіне күледі. Бірак күн ыстық, жұмысшылар
шөлдеген. Қажырлы қайрат ата жүріп олар: «Су!», «Су-
сын!», «Нина!», «Су болса, сусын болса!» десіп, аржақ-
тан топ-топтан тілек өтіп үн қатады. Нина өзі де қинала-
ды. Бабын таба алмайды.

— Шыданыздар, шыданыздар, жолдастар! Қыншы-
лық күн,— деп амалсыз ілгері жылжи береді.

— Флягадағы суларың бітті ме?— деп бастық сұ-
райды.

— Ол су емес, тұз...

— Тұз боп қетті... Тұздық!..— десіп, жұмысшылар
қатты қиналады.

Бешкемен су тартқан аттар жетеді. Жұмысшылар
ұмтылып, таласып татып көреді.

— Тағы да тұз!.. Тек тұз! Тұз емес тұздық... Құрып
қалсын!— деп жұмысшылар төгіп лактырысады, енді әсі-
ресе қиналысады.

— Амал жок, құм осы, құдықтар мүлде тұзданып ке-
теді,— дейді бастық.— Амал не? Құрыған құм.

Келесі топтарда және де мұны білетін жұмысшылар
бір қалыпты тілектер айтады:

— Су, сусын!

Қолында газеттері, хаттары бар Нина амалсыз айна-
ла алыс бел жаққа қарайды.

— Түсінемін, қынн! Қандай ыстық, қымбатты достар,
сабыр. Элдеде бір нәрсе болар дегендей, жақындағы құм
белдерге қарап, қадалып тұрып, түйілген қабағы жады-
рай бастайды. Өцине үмітті күлкі пайдада болып, биноклін
ала сала, қадала береді. Белдеи асып шауып келе жат-
қан салт атты қыз көрінеді. Соның артында иен құмның
ұзақ жотасының бойымен ендең келе жатқан көп жүр-

гіншілер шыға-шыға келеді. Олар түйе мінген, өгіз мінген, шабан жадау аттар мінген өңшең қазақ кедейі. Эрбір жұргіншінің екі жағында тенделген mestер, «су, сусын келеді», деп қуанған Nina айғай салады.

Шапқылап келген қызы — Алуа. Ал аттан түсे бере:

— Су, сусын, жолдастар! Сусын келеді! Ақталдың бойындағы біздің халық сіздерге көмекке келеді,— деп Алуа қуана сөйлейді. Қолында қамшы, қынай белін тоқ белбеумен ораған, шашын жұқа орамалмен әсем түйген.

Алуаны Nina құшақтай алады.

— Достар, су, сусын... Мына қызы, сусын қызы!..— дейді. Қуанған жұмысшылар асыға үмтүлады. Қазақ кедейлері Каракүмның ұзак бойына созыла қанат жая тұрып ап, жұмысшылар тобы қымыз, айран, шалаптарымен, сұық сумен жағалай жүріп сусыннатады.

Nina мен Алуа өздері де қатар журе отырып, жұмысшылар тобын түгел сусыннатып өте береді.

— Сусын қызы... Девушка напиток, девушка кумыс. Қымыз қызы... девушка шербет...— деп бар жұмысшы күліп, жадырап, Алуаны іле зде данқтандыра кошеметтеседі. Тағы да еңбек қайнап кетеді.

Күмның шетіне соңғы рельстер түсіп, заболтовщиктердің соңғы болттарын қадап, жол бойында жұмыс тоқтайды. Күм, қүм біткен. Каракүмнан қалың бейнет, қатты ауыр еңбекпен жеңіп озған жұмысшылар ендігі салқын қоңыр кешті қуанышпен қарсы алады.

Тұн. Жұлдызды аспан астында жеңіл митинг. Nina сейлем тұр.

Бірінші бесжылдықтың бірінші алыбы — Турксиб, бұғын өзінің жолында ен бір қыны, азап белден өтті. Біз Каракүмды басып өткік, жолдастар. Және құмды да жәй сахраны жеңіп өткендей, жылдамдық алғырылықпен басып өттік. Біздің участок Каракүмды күніне екі жарым километрлік жылдамдықпен жеңіп шықты. Бүгінгі күн, біз тағы бір үлкен қуаныш уақыға көрдік. Сіздерге — Турксибтың қажырлы қайраткерлеріне қазақ халының барлық еңбек жүртшылығы өзінің тілегін әкеп қости. Байлардың, феодалдардың, кулактардың қастық, жаулық үгітіне қарамай, қазақ сахрасының кедейлері біздің еңбекке өзінің тілегі мен көмегін әкеп қоспақшы. Ілгеріде де жеңіс осындан болсын, жолдастар. Енді алдымызда тағы бір сын тұр. Ол — Айғайтас. Соны жеңіп алайық.

Нинаның қасына денелі орыс жігіті Петров қарғып шығады.

— Мен жолдас партия хатшысының сөзін барымша қостаймын. Даешь Айғайтас.— Крик-гора.

Барлық жиынның көнілді, қажырлы жүзінде батыл, берік бір-ақ ұран бар — «Даешь Айғайтас!», «Даешь Крик-гора!»

Жолдың ұзын жотасы созылып барып, аяқтар жерде көлденен түсіп, биік аспанға шашыла оқтай атылып түрған қызыл тасты Тектүр бар. Мұның аты — Айғайтас.

Взрыв жасаушылар бастығы Петров болып, осы жартастың етегінде екі ұзын індей етіп, штолына қазып болған. Соңғы рет жартас ішіне салған аммоналды, шнурларды қарап өткен техниктер тобы жартастан үзай береді. Айнала жырақ жерлерде, бел астында, жартастар сыртында, жар жағасында сыймай кеткен қалың ел. Мұнда Турксібтің неше үлттардан құралған жұмысшылары, командирлері бір бөлек, қазақ жұмысшыларының топтарында бұлар ортасын аралап жүрген Нина, Алua көрінеді.

Жүртшылық екеуін қуашып, күле сыйлап қарсы алады.

— Сусын қызы. Қымыз қызы.

— Девушка напиток, девушка шербет.

Алуаның қасында қалаша киінген Сексек те келе жатады. Енді бір топ қатарда атқа мінген, күміс ер-түрман тағынған байлар түр. Осы топтың ортасында Доғал мен оның серіктері.

Бұлар сенімсіздікпен бас шайқап, Айғайтасқа қарап тілек айтысқандай болады.

— Ала алмайды, жыға алмайды Айғайтасты.

— Сені құлатам деген күпірліктің сорын көреміз біз бүгін, Айғайтас.

— Жарықтық, Айғайтас, бауырында талай ұран шақырылып еді, бүгінгі ұран сол болсын, ойран апат тек мына токтаусыздар тобына,— деседі.

Тағы бірқатар қалың топ жаяу-жалпылы, жұпның киімді, өгіз, есек, түйе сияқты көліктеріне мінгескен, әр-алуан жастағы, әртүрлі ел кедейі. Олар арасында сенімді, көнілді сөздер көп туады.

— Қарақұмнан асқанда, Айғайтасты басқанда, бұл шойын қарасақал желпіне сөйлейді:

— Басады да асады. Бұл өнерде құдайының құдіретінен де бетер күш көрдік қой.

— Бәсе, күш көрдік. Бұрын көрдік дегеніміздің бәрі күш емес, көбік екен ғой тәйірі.

— Анық өнер советте ғой, жолың болғыр. Қөрерсін, дегеніне жетеді қазір.

Жастар жағында қалжын, әзіл.

— Айғайтасты Турксіб ұшырса, ел ішіндегі қалған тас-томарды біз ұшырамыз,— деп бір жас жігіт батыл кедей әзіл аралас зіл тастайды.

— Бәрекелді, сез сол,— дескен, қостаган, ұғысқан үндер естіледі.

Бір шақта барлық жұртқа тегіс жайылған бұйрықтай бір толқын өтті. Ұзаққа созылған қалың жиындар бұғабұға түсті. Қөптен тосқан от атылды. Қалың күтірмей күн күркіреп аспан жарылғандай. Алып үн атылғанда, әуелі жер сілкінгендей, бар дүние қалт еткендей болды. Барлық қөздер қадала қараган Айғайтас, биік Тектүр бір сәтке бой созып көтеріле түскендей болды. Және де сол қалпында күрсініп қалғандай болды да, күл-талқан бол төмен қарай төгіле жөнелді. Ұсақ тастың тасқыны қалың топан суындаған ойға қарай ақтарылды. Тура взрыв жасаушылардың тілегі орындалғандай, құлатам деген жақтың өзіне, дәл бүйіргандай барып төгіліп жатыр.

Осы кезде, аспанға қарай жәй көтеріліп, қалың қызыл бүлттай шаң кетті. Енді взрыв жасаушылардың топтары қуанысып, күлісе айғай салып, шаттанады. Барлық Турксіб жұмысшылары, қызметшілері, әйелдері бірін-бірі құттықтап, мәз болысып қол алысады. Қуанысқан Нина, Алua орамалдарын бұлрасып, шат күлісіп; құшактасады. Бұларды қалың топ ел кедейін ерте жүрген Сапар қуанып құттықтайды.

Аттарына мінген, иықтары салбыраған, бастары төмен түсіп түнжыраған байлар енді бұрылыш үнсіз тарап бара жатысады.

Әлі өлсіз, үй-дүкендер салынбаған, адам қолымен орнатқан зат-бүйімнан тек қана шойын жолдың аяқтап келген бойы көрінеді. Рельсі үстінде бір топ вагондар түр. Іші-тыстары мол жарықпен сәулеленген, сырттарын-

да, мандайында ұрандары бар бір вагон — клуб-вагон аталады. Біреуі қызылбұрыш, тағы бірі кино-вагон. Клуб-вагонда әсем жиылған, кішкене саҳнасымақ бар. Онда трибуна. Сол жерде Нина. Турксібтің әр үлттан жиылған топтарына саяси сабак беріп жатыр. Тындаушылар бұрынғы құмды, бүгінгі Айғайтасты жеңген орыс жұмысшылары, украин грабарылары, қазақтың костыльщиктері.

Осы топтың алдынғы қатарында қағаз, қарындашы қолында, Нинаны тыңдай түсіп, жазып отырган Алуа көрінеді. Оның қазіргі ажары көркіті, сыпайы киінген. Мұның қатарында Сексек те Нинаны тыңдалық тоқмейіл жүзбен қарайды.

Осы клубтың екінші бөлімі, кең жазыққа мол қатарларымен тізіле тігілген қазақ үйлерінде мәжіліс журін жатыр. Екі-үш киіз үйді біріне бірін жалғастырып, ұзынша клуб етіп, әсемдеп тіккен. Киіз үйлердің көшелері сол клубка кеп тіреледі. Қазір клубта қазақ жұмысшыларының қалың тобына Алуа газет оқып беріп тұр. Стол басында Алуаны тыңдай түсіп, жұмысшылар арасындағы үгіт мәжілісін басқарып Нина да отыр. Алуа газетті оқып болған соң, Нина жұртқа енді сауық кеші болатынын жариялады. Киіз үй клубының төрінде Нина әзілкөй көнілді жүзбен, конферанс жұмысын атқарды.

— Қадірлі достар, жолдастар. Біздің бүгінгі сауық кешімізге үлкен халық артистері құрметпен қатынасады. Бұл жолы анық халықтың қайнар ішінен шықкан халық артистері алдарынызға шығады. Бұл халық артистері — ұлы Турксібтің өзінде туған еңбек ерлері сияқты, дәл өздерініз сияқты, осы күндерде, осы айларда өнерлер тапқан артистеріміз,— дейді.

Қазір киіз үйге, ұзын клубка толған жұмысшылар, жәнеде көп үлттан қуралған. Бәрі де Турксібтің қайраткерлері. Осы жиын алдында өнерлі шеберлер кезектесіп, саҳнаға шығысады. Орыс жұмыскерлерінен шықкан атақты взрывник Петров, үш досымен қосылып баяндарда әсем күй төгілтеді. Экскаваторшы украин мастері де екі-үш жолдастарымен бірге шығып, үшқын атқан екпінмен «гопакты» билеп береді. Осы қатарда, Сексек шығады. Тартатын күйлерінің жайын өзі жариялады.

— Жолдастар, мен өзімнің жана күйімді тартам,

оның аты — «Айғайтас» және «Петров пен Сексек» деген күй.

Жұрт күліп қол соғады. Сексек өзі де күліп, тағы да баяндайды.

— Айғайтас құлады. Оны құлатқан Петров маган жер құдайының өзіндегі көрінді. Ал, мен Сексек қуаныштан өзім де бес есе, он есе өскендей болым. Өзім де бір Айғайтастай боппын. Міне, менің күйімнің туған сырь осындай. «Турксиб» күйі.

Жұрт дулап қол соғады.

Енді Сексек қобызда аса көңілді күй тартып, анда-санда күйіне даусын қосып бақ етіп, айғайлап қояды. Сөздері «Айғайтас», «Петров», «Сексек», «Петров, Сексек» дейді.

Халық өзге артистерді де қуана қарсы алып жатады. Енді бір кезек сәнді кемзал, ұзын көйлек, кәмшат бөрік киген, бұралған сұлу күйінде Алуа шығып, қазактың халық әнінен екі-үш әнді төгілтіп айтады. Сексек мұның әніне өте нәзік үнді сыйызғы үнін қосып, қостайды. Барлық жиын бұл өнерпаздарды аса ыстық достықпен, үлкен алғыс-қуанышпен қарсы алысып отырады. Осы сахна уақығаларының кезінде, көрушілердің алдынғы қатарында отырган Нина мен Сапар үнемі әнгімелеседі. Олар сахнаға күле қараپ, қол соғады. Шаттана отырып, үлкен жауапты жұмыс шешіседі.

Сапар Нинаға ырзалық жүзбен сөйлейді:

— Тас қорғаниның уездік партия Комитеті Каракүм мен Айғайтасты сендердің участкаларың җенгенін өз науқанындағы қуаныш етті. Барлық уездің, әсіресе Ақталдың бойында өмір кешкен қазақ кедейлері соншалық сүйсіді, соншалық қуанды да.

Нина күле тыңдай отырып, жауап қатады.

— Жолдас Сапар, Айғайтас басына сонша көп халықты сіздің Укомның әдейі жиғызығаны мен түсінгем.

Сапар күледі. Оның тәжірибелі жүзінде ақылды, ойлы салмақтылық та бар.

— Эрине, калың ел дос. Бірақ көп достың ішінде Айғайтас құламаса екен деп, іштерінен дұғаларын оқып тұрған, бақсылық сарының салып тұрған жаулар да болған. Оны өзің аңғарасың ғой?

Нина күле отырып жауап береді.

— Эрине, олар өзі де Айғайтастар ғой.

— Бәсеке, дұрыс айтасың. Ендеше, Тасқорғаниның Уез-

дік партия Комитеті сенің партиялық үйімнан көмек сұрайды. Сендер әдейі Турксібте, осы құрылышта істеп, саяси сауаты ашылған кешегі қазақ батрактарынан бірнеше үгітші адам беріндер. Бізге көмек етсін, соны сұрауға мен әдейі кеп отырын.

Нина ойланған отырып, бас изеп, көнген белгісін білдіреді де:

— Қандай науқан бастамақшы Уком?

Сапар күлімсірей отырып, тұспалмен жауап береді.

— Жаңағы өзің айтқан Айғайтастарға біздің уезде, біздің облыста және бар Қазақстан көлемінде үлкен бір науқан ашылды. Қазак халқының жана тарихының жолында түрған Айғайтастарды соққыға алып, шабуыл жасаймыз. Соған көмекке кісі бересің. Бердің бе?

— Береміз.

— Кімдер, қазір аташы? (Қағаз, қарындаш алады.)
Мен осы сағатта сез байласып кетем.

Нина енді сахнаға қарайды. Онда конферанс Алуа-ның шығатының мәлімдеген. Нина Сапарға қарай отырып:

— Жазыныз, бірінші сізге беретін кісіміз әне,— дейді.

Басында кәмшат берік, әсем сәнді киім киген Алуа, бұл кезде тамылжытып ән шырқап тұрады. Сапар оның аты-жөнін қағазға жазып жатыр.

— Бұл үгітшіні қабыл алдым, макұл,— деп Нинамен қоса күліседі.

Доғалдың үлкен үйінде, бұрынғы үзенгі жолдастары Сейіт, Байыр, Сартай, Жәкештер отыр. Сол жағында, төменде семіз бәйбіше мен сұлу сұнғақ тоқал бар. Бәйбіше көзі жасты, долы жүзі жылаулы. Доғалдың қарсысында орысша жақсы киінген, түрі Доғалға ұқсағанмен шаш қайрып, сакал-мұртын қырған анық қала адамы интеллигент ішінде Мардан отыр. Доғал Марданға үңіледі:

— Қаладан сен келеді деп көптен күттік. Айтарың бар ма? Жоқ па?

Мардан үнсіз. Шыдамсызданған Байыр сөйлейді:

— Доғалдың басын аман алып қалар айла-амал бар ма? Оқыған деп, көзқарасты деп сенгеніміз сен емес пе едін?

Сартай да костайды:

— Ата қоныс жерден кетсе де, елден кетті деген не сүмдүк. Мол Ақталдың бойына сыйғызбаймыз ба? Иен

Жалайыр — дүйім ел едік. **Койнымызға сыйғызбай-**
мыз ба?

Жәкеш, Сейіттер де Марданға үйіледі.

— Өзің араласпасаң, біз істейтін амалды айт.

— Өзге болмаса, біз ара түсеміз, тым құрыса біз үс-
танатын заң-зәкүн болса, соны айтып берші.

Мардан әлі де үндемейді. Догал енді соңғы кесер сө-
він айтады.

— Ал, мен таусылайын, бітейін! Тым құрыса, кешегі
атадан, әкем Дулаттан, сол атаниң атын сақтап, өзің
аман қаласын ба, өзің қандай жол таптың?

Тағы да үзак үнсіздік. Соның артынан салқын, сал-
мақты жүзді Мардан қысқа ғана, бір-екі ғана сез тас-
тайды:

— Ағам болғаныңмен саған айтар ақылым жоқ!

Айнала жүрт тіксінгендей жалт қарасады. Мардан
шімірікпестен қатты кесіп тағы айтады:

— Жоқ, сол. Жұз толған, мың ойлан, бұл жолғы іске
амалың жоқ байлар. Сондыктан, ақыл да жоқ! Тұыскавы-
лық қарызын ада қылу үшін, тек қоштасып кетуге ғана
келдім! Болды! — дейді.

Догалдың бәйбішесі өксіп жылап жібереді. Тоқал
Марданға қарап, кекесін тәрізді түсініксіз бір ажармен
жымияды да күліп қалады.

Далада осы кезде «келе жатыр!» «келе жатыр!» деген
дабырлаған қалың жүрттың дабыры естіледі. Мардан
тұрып жүре береді. Догал мен қасындағы атқамінер се-
ріктері соңғы бір-бір серт сездерін шапшаң айтысады.

— Өзгеден үміт қалған жоқ. Не де болса, осындағы
малшім, жалшының өзіне жалын!

— Соларды өздерің бағындар!

— Мен де, Догалдан өзгеміз батрактардың арасына
барып, не де болса, жиын ішінде, қастарында отырайық.

Догал дауystap:

«Байыр, сен Назарбектің жанында болғайсың», — деп
қалады.

Бүгін батрактар ақ үйлердің арасында еркін басады.

— Келе жатыр. Эне.

— Эне келеді, — дескен үндер шығады. Дабырлаған
батрактар қалың топ болып, ақ үйлердің сыртына орала-
ды. Ауылға қарай бір шоғыр салт аттылар келеді. Ең

алда екеуі. Соның бірі ақ жорғаны ағыза салдырып келе жатқан, басшы азamat тәрізді. Мұның сонында қалған топ шапқылай ілеседі. Сырттағы жиынға келе бере алдыңғы аттылар тоқтады. Боз жорғалы секіріп түсе береді. Бұл қыз. Өзге келгениң бірі салмақты, көрнекті азamat Сапар. Осыны өзгелер қоршаң, ортасына алып, алдына шығарады. Құрмет ете үстайды.

— Бұл кісі кім? — деп кәрі сауынши көршісінен сұрайды.

— Бұрын тергеуші болған — Сапар. Қазір осы ояздағы ең үлкен адам.

Артқы топтың ішінде, енді қалаша, жартылай ауылша кнінген Сексек те бар. Жиын кедейлер Сексекті таңып:

— Сексек...

— Ойбай-ау, өзіміздің Сексек.

— Айналайын Сексек-ау, жолың болсын,— десіп, қуана қоршайды.

Сексек оларға Алуаны нұскайды.

— Мені айтасындар, мен үлкен қызметкер емеспін, мені қайтесіндер қошеметтеп. Ана жауапты қызметкерлерді күтіндер.

Алуаны танып қалған әйелдердің үндері естіледі.

— Қарағым-ау, мынау Алуа. Өзіміздің Алуа!..

— Айналайын, Сатайдан қалған жалғыз көз!

— Жанат кемпірдің өлгөні тіріліп, өшкені жаныпты-ау, сорлы жетімдердің!..

Енді біразда қалың жиын қоралай отырысады. Бір шетіне бай Догал, оның әйелдері және бұларды маңайлаш, жағалаған бірнеше ақсақал, қарасақал, ел жуандары, атқамінерлердің селдір тобы көрінеді. Бұлар соңғы уақытқа шейін кедейлер арасында араласа жүрген.

Қалың жиын ортасына жаңағы бір топ кедейлердің коршауында Сапар, Алуа келе жатады. Қатарында он шақты кісі серіктери. Топ ішінде Сейіт, Байыр, Жәкеш, Сартай да бар.

Догалдың қасындағы ақсақал, қарасақалдар ана жылғы тергеуші кенсесінде Алуаны тартып алмақ болған содырлар, енді қыбыжықтап Догалдан қаша отыруға тырысады. Біреуінен соң біреуі тымақтарын, бөріктерін көздеріне таман киіп, ысыра түсіп, бастарын төмен тұқырта береді. Алуа тұп-тура осы топқа қарай басып келіп, алдарына тұрады.

Сапар, байлар тобының дәл қасында тұрып алып сез бастайды. Сөйлеп түр:

— ...Е, жолдастар! Арайын-туран, ата-бабаларынан бері Догал байдың мал шетінде күн кешкен кешегі сорлы кедей, бүгін мына жында, бір жақта отырган сендерсің. Қалың тобың бір араға қосылған. Ардақты совет халқы сенсін... Қарсында отырган азғана тобың бәрінді босағасында шіріткен асқақ байың мынау. Кеселді түйін шешіліп, кердең мойын кесілген күн, міне осы... — дей тары да сөйлеп түр. Өткір, шешең, алғыр жүзді Сапар жүртқа ұнап, жанасып та барады. Жүзі сұлу, үні әмірлі, әсерлі де.— Бай Догал ата тегінен келе жатқан оэбыр, жуан, феодал. Осыны өз ортаңнан кетірем десен, ерің сенде, осы отырган кедей — көшшілік не дейсіндер? Кетіреміз дейтіндерің ашық сөйлеп, ниеттерінді айтындар. Біз сендердің еркінше шешеміз... Қәне...— деп Сапар токтайды.

Кедейлер өуелі күбірлесіп іркіледі. Аralарындағы сөздері: «Ал түр, айтшы, Бейсен».

— Уа, сөйлей білмеймің, өзің айтшы, Оспан.

— Сен айт... Мен шықсам болды, тілім күрмеліп қалады...

— Жә, айтсаншы бірің.— Бірақ әлі де жүрт үнсіз. Байлардың иелікі жорғактап, бірер кедейді тұртпектеп отыр. Бөгеліс көп.

Догал:

— Қарызым, ата қарызым, нан-тұз қарызым бар емес пе еді бәрінде... Шын-ақ оққа байлап бересің бе,— деп күбірлеп отыр.

Байлар қасында отырган Назарбек орнынан тұрады.

— Үәй, жолдастар, осы кәмпеске деген не өзі? Малды, жерді алушы ма? Жоқ, малды, жерді алып ап, тағы айдау ма?

Жүрт түршіге қалады, Сапар жауап береді.

— Кәмпескеленген кісі ел ортасында қалуға керек-сіз, жарымсыз жан. Сондыктан, ол басқа облысқа жер аударылады...

Жаңағы карт іле жөнеледі:

— Жа, ағайынды қарындас, қарға тамырлы қазақ ек, жер ертең, ел шауып, кісі өлтірген жоқ еді. Ұзында өшті емес ек, малын алсаң ал, тек өзін ел ішінде қалдыр. Атақоныс мекенін ал, тек бір басына ерік бер десек қалай? Осыны айтқанды жазғырып жазаламайсың ба,

түгі, кедейге ерік бердім дейсің. Ендеше, сол ерікті кедей осылай десе не дейсің? — деп отыра қалады.

Сыртында: «Осылай, осылай» деп жуандар жағы қожырайды.

Сапар жұртқа сынап, барлап қарайды.

— Бар кедей осылай дей ме? Мына кісі бәріңнің ойынды айтып түр ма, жолдастар?

— Жек... жоқ,— дескен үндер шығады. Бірақ шығып сөйлеуші жоқ... Ұзак пауза. Сол кезде Алуа шығады.

— Жолдастар, кедей-батрактар. Бұғін біз жігеріміз болса, Ақтал бойында болмаған байлау жасаймыз, ол тарих байлауы болады. Ол байлауды Ленин партиясының жәрдемімен жасаймыз. Мыңғыран малы менен осы өлкенің бар елін өзіне жем етіп, құл-малай етіп басып ке тиң Догал бай қанауышы обыр бай болатын. Енді бұл жерлердің ол иесі емес, біз, кедей-жалшы ие боламыз. Барлық анау жылқының да иесі ол емес, біз боламыз. Қоралаған қой, өлкені басқаи түйе, сиыр және де оның емес, біздікі. Біздікі болса солар, бұл бай бұл өнірде тұр-мау керек. Эйтпесе, кесірі тимей қоймайды. Солай емес пе, шынынды айтшы, жұрт.

Батрактар қол соғады:

— Солай. Солай...

— Дұрыс. Біздікі, бәріміздің сөзіміз сол.

— Бәріміз үшін айтты.

Осы кезде Байырдың, Сартайдың күбірлеп сөйлеген тұртпегін сыртымен естіген Назарбек, тағы да үн қатып орнынан баяулап тұрып, сөйлеп кетеді:

— Жаңа осында, ортамызға келген, бұрын осы ауылдың қызы болған Алуа бала сөйледі. Шырагым Алуа, Сартайды Догал өлтірген жоқ, қаныпезер ұры — Бұлан өлтірген. Өзінді болса, «екі қатын үстіне алам» дегені болмаса, басына қандай қастық етті. Ол «алам» деді, сен «тимеймін» дедің. Қонбедің де кеттің де бардың рой. Сол үшін-ақ, жерін, малын алудың үстіне «өзін тағы құртам» демексің бе? Бұ ие? Өз басындың кегінді куғаның ба? Мен тағы айтам, жерін алайық, малын алайық. Өзін болса, әлі де болса Ақталдың бойында қалдырайық.

Сапар бойы кен, жарапай қарайды да, аз уақыт үнсіз тұрып қалады. Алуа Сапарға тақап:

— Сапар аға, мен жауап берем, мен сөйлеймін тағы? Мынау құйыршық, өзі кедей болса да, құлақтың құйыршығы бол, итаршы бол түр, сөйлеймін?

Алуаның өнінде ызалы, жалынды толқын бар. Екі кезі ренішті, ашу үстінде, кен ашыла қарап, сонша сулу үшқын атады. Сапар Алуға ақырын ғана күбір етіп:

— Токта. Мына жұрттың өз ішінен біреулер сөйлесін,— дейді.

Көшілік үнсіз. Сапар тағы да біраз тұрып:

— Жә, жұртшылық, мына Назарбектің де сезін тыңдадындар. Не дейсіндер, неге байладындар?

Біраз тағы да үнсіздік созылған сон, шеттен қатан бір үн шығады.

— Жолдас Сапар, маган сөз беріңізші?

Барлық жұрт солай бұрылады. Жиынның шетірек тұсында, орнынан турекелген, қалаша жақсы киімі бар оқымысты жігіт көрінеді. Ол — Мардан.

Батрактар арасында сыбыр-күбір сөз жүреді.

— Бұл Доғал байдың інісі.

— Қаладағы, қызметтегі інісі.

— Көптен күткен тірегі.

— Эдейі көмекке шақырған ғой.

Алу да осы кезде Сапарға ақырын ғана мәлім етеді.

— Бұл Доғал байдың інісі, интеллигент — Мардан.

Өзі де феодалдың мұрагері.

Сапар салқын, сабырлы жұзбен Марданға сөйлеуге белгі етеді. Мардан алғашқы сездерін баяу бастап, аздан сон, жиынның ортасына қарай, батыл басып шығып, Сапар мен Алуға ажарлы, кесек жүзін тұра қадап тұрып, қатты үнмен сөйлейді. Батыл жұзбен маңызды сөз тастайды.

— Мен осы батрактардың, дәл осы жиынына әдейі келген адаммын. Біреулер мені «Туған ағасы Доғалмен қоштасқалы келді, қолынан келсе, ақыл бергелі, көмек еткелі келді» деп те ойлаған болар. Солай ойлағаның ең басы — мынау отырған, менімен бір ата, бір анадан туған Доғалдың өзі болатын. Бірақ мен ол үшін келген жок. Ақталдың бойына бүкіл қазақ даласына келген жаңа дәүрөн сәулесі түсті. Мынау ұлы құрылыш Турксібтің осы өлкеге жеткені, талай тарихтық жаңалықтың зор бастамасы. Енді біраз жылда, ай санап, жыл санап, Ақтал бойындағы еңбекті сүйген, советтік қазақ халқы мүлде басқа сапаға, басқа биік белге шығасындар. Киіз туырлықты, қалың үйқылы, көшпелі тірлік қалады. Ақталдың бойында гүлденіп кеткелі тұрган тамаша өлкे бар еді. Бірақ оны түгелімен кімдер баурады. Өздері

өнерді, еңбекті сүймейтін, бар еңбекшіні қарандыда, езгіде ұстап келген мынау Доғалдар, менің ағам — Доғалдар, оның достары анау Байыр, анау Сартайлар билеп келген.

Осы сөздің түсінда батрактар мұны қостап, ырза бола дабырласады.

— Бәрекелді, дегенің рас.

— Уа, жолың болсын.

Доғал мен оның қасындағы топтары қабак түйіп, қарғыс айтады. Оқты қөздерімен атады.

— Құдай атсын, құдай атқыр. Азғын. Шіріген жұмыртқа,— деседі.

Мардан даусын қатайта түсіп, ажарлы, батыл түсін Доғалдарға түйіле қадап алып сөйлейді.

— Енді Ақтал бойы еңбексіз арамтамактар мекені болмай, еңбек иесіне, анық иесіне аудысады. Халық иесіне тиеді. Тиеді де Ақтал бойы еңбекпен, өнермен өзгереді, жаңғырады. Алua қарындас барды айтты, ол халақтың тілегі. Жерден, малдан ғана айырып қоймай, Доғал сияқты жандарды елден де айыру керек. Доғал бұл өңірден кетірілсін.

Мардан сезін бітіргенде, батрактар барынша сүйсініп қол соғады.

— Солай, бәрекелді!

— Дұрыс.

— Болды, байлау сол, даудықса сал,— деседі.

Сапар даудықса салғанда, бар батрак қол көтереді. Сол батрактардың сыртында тасалап, бұғып отырған байлар ғана қол көтермейді. Алua Марданның қолын қысады.

Қалың кедей қоршауында, күлкілі қуанышты жүзді Алua қарап тұрып қалғанда, жалғыз ат жеккен жайдың арбамен Доғал және оның бәйбішесі тунеріп төмен қарап, қаралы жол кешіп, кетіп барады. Бұларға сырт қарап, қайта бұрылып, байынан бөлініп қалған тоқал көрінеді.

Төртінші бөлім

Маңдайында «Костөбе» деген жазуы бар вокзал үйінің қасынан Бейсен, Оспан, Жаппар, Назарбек тобы жылдам басып өтеді. Екі қабат үлкен тас үйдің бір жағында «Рабфак» деп, тағы бір жақ бетінде «Учебный

комбинат» деп жазылған. Жұргіншілер «Рабфак» есігінен кіреді. Мұнда, үлкен жарық бөлмеде кітапхана. Ұзын стол бойында кітаптарға үңілген окушы жастар, қыздар. Оқшауырақ стол басында Алуа қалып кітаптарды оқып, жазып отыр.

«Сатаева Алуа, сені сұрайды», деген дабыстар келеді. Алуа шығады. Қелгендермен кездеседі.

— Біздің колхозға сені шығады дегелі тосудамыз.

— Неге келмей жатырсың? Бізде трактор да, машина да жоқ.

— Бензин тағы жоқ, егіс басталып жатыр.

— Арық қазғалы жатырмыз.

— «Ақтал» колхозы қала салып, мектеп салып жатыр. Сен келіп көмек, сеп көрсеткенің қайда?

Алуа бұларға сабырмен, өз адамынша сырласа сейлейді.

— Мен шығамын, барамын. Бірақ станция «Ақтал» колхозына шеф болғаны рас болса, трактор берсін. Машина-сайман берсін. Бензин жеткізіп берсін, осыларды түгелдемесе, шықпаймын деп отырмын мен. Жүріндер, қазір сөйлесеміз.

Бұл топ асыға жөнеліседі. Далада осы кезде қалың, көңілді жын.

Учебный комбинаттың көбінше қазақ жігіттерінен құралған ересек окушыларын бастап, далаға Нина шыққан. Окушылардың бірталайының жүзінде кешегі күнгі жұмысшы, батрак болған сырт ерекшеліктері әлі жоғалмаған. Бұлардың арасында мұрттылар, шоқша сақалдылар да бар. Жас жігіт, ықшам окушылар да аз емес. Алуа өзі келе жатқан тобымен осылай бұрылады. Жолдастарына айтады:

— Тоқтаңдар, қазір бір үлкен мерекеге дәл келдіңдер, білесіндер ме, мұның бәрі де осы Ақтал бойының бұрынғы өздеріміздей малыш-жалшы батрактары болатын.

Нина көпшілік окушыларының қоршауында, әзіл арасында ақыл айтЫП тұр:

— Қазір сендер өрқайсың өз орнында экзамен үстайсын. Енді бірақ кітап пен оқытушы қастарында жоқ, ендігі кітаптарың машина, техниканың өзі. Бастарың мығым ойласын, қолдарың бекем, дәл қымыл етсін. Міне, оқытушының, кітаптың өздеріңде қосылып біріккен

нәтижесі сол. Өздеріңе сенімді болындар, мықты болындар,— деп күле, иландыра сөйлейді.

Осы кезде бұлардың касына машина келеді. Одан бір топ адам түседі. Мұнда Алматыдан келген тілші-журналшы Мардан, дистанция начальнигі, Турксіб қызметкерлері. Екінші машина. Алдыңғы келгендер мен Нина-лар — бәрі қосылып, сол соңғы машинада келген кісіні қарсылайды.

— Обком, обком машинасы да келді,— деседі.

Машина тоқтағанда, бұрынғы қалпынан сәл тола түсек Сапар шығады. Барлық жүрт вокзал үйінен өтіп, рельс бойына шығысады. Нина биіктегі тұрып, өзінің оқушыларын кезегімен мамандық орындарына, атын атап ұсынып тұрады.

— Қызыл тулы Турксіб колективінің ішінен шыққан, бұрынғы қазақ батрактарынан бүгін Турксібтің әз бойында, үлкен мамандық еңбек ететін қайраткерлер әзірлеп тұрмыз. Тарих жолына қазақтың Турксіб бойында туған, советтік шойын жолшы мамандарының мықты тобын шығарамыз. Кезекпенен атайдынымыз мыналар: Оспанов Ораз — дегенде 720—50-ші паровоздың иғына Нинаның қасынан бөлініп, балғын бойлы, сұлуша қазақ жігіті қарғып шығады.

— Турксіб бойындағы бірінші қазақ — паровоз машинисі.— Қымылдары батыл, еркін Ораз машинасының бір-екі тұтқаларын қозрап қояды да жүртқа қарайды.

— Мен кешегі бала жігіт күнімде, осы «Қостобеде» қоңыр өгізге мініп, Сартай байдың қоралы қойын баққан малшысы едім. Осы «Қостөбенің» жаңында, мимирттаған өгіз аяқымен талай күндер, талай айлар, көп жылдар кешкен ем. Бүгін сол өгіз аяңға жеткізбей қоятын елсіз құм, ку медиен, ку даланы қырық километр шашандылықпен мынау «Комсомол» паровозымен жүйткіп өткелі аттанып тұрмын. Сөз қысқа, машинам жүр деп тұр, мein жол тарттым. Бұл күнге, бақыт күніне бар алғысымды арнадым.

Жүрт қуана мәз болысады. Осы кезде, жерде бес кісілік кішкене оркестр «туш» ойнайды. Барлық жүрт күле, сүйсіне бұрылышады. Екі қобыз, бір сыйызғы, екі домбыраны басқарып, өзі жасаған оркестрін ойнатып тұрған Сексекті көріп, қалың жүрт, әсіресе, сүйсіне қошеметтейді.

Нина:

— Біздің екінші, жаңа өнерпазымыз жол мастері, бұрынғы батрак Байжанов,— дейді.

Өз орнына Байжанов барады.

— Паровоз белімінің начальнигі орынбасары Смагулов. 1927 жылға дейін жылқышы болған.

Кезегімен ол шығады. Бұлардың бәрі шықкан сайн Сексектің оркестры туш ойнап тұрады.

— Он кісі болашак дежурный по станции,— деп Нина айғайлайды,— 20 кісі машинист помощнигі, 30 кісі стрелочники,— осы топтар барлығы бөлініп-бөлініп шығып тұрады. Туш ойнап тұр.—20 кісі начальник станцияның окуын бітірді,— дейді.

Қалың жыны кошеметпенең Нинаның өзіне де қол соғады. Енді біразда Сапар, станция начальнигі, Нина, Алуалар және бұларға қосыла Мардан да бөлек шығады. Сапар станция начальнигіне Алуаны көрсетіп:

— Костөбе жақсы істеді. Станция өз жұмысын да, оку комбинатын да жақсы сапаға көтерді. Бірақ, жолдастар, әлі де көп қарыздарың құтталмаған, ада болмаған бір жағы бар.

— Өне?— десіп Нина, начальниктер бұрылышады.

— Сіздер мынау Ақталдың бойында бірнеше колхозға шеф едіндер. Қүштерін бар, колхоздарда егіс, үлкен науқан басталғалы жатыр. Сіздер әлі іс көмегін де, құи көмегін де, адам көмегін де берген жоқсындар. Мынау Алua Сатаева «Ақтал» колхозына әлдеқашан барады — деп едіндер, неге мұнда жүр?

Алуа жауап береді:

— Рахмет мұны айтқанызыға, жолдас Сапар. Мен шеф болса, шефтік болсын деймін. Барсам, «Ақтал» колхозына Костөбе станциясының көмегімен барам. Эне, олар сол көмекті сұрап келіп, мені шакырып отыр. Мениң қолымға трактор, бензин, машина берілсін. Мен окуымды тоқтатып қазір жөнелемін.

Сапар станция начальнигіне бұрылыш:

— Жолдас начальник, ендігі іс, жауаптылық — бәрі сізде, — дейді.

Нина мен Алуа екеуіне Мардан оралады. Мардан өз жайын баян етеді.

— Мен Алматыдан әдейі келдім. Мені баспа орындағы жіберді, газеттен келдім. Бүгінгі, жаңағы мерекені жазам. Ақтал бойының бүгін жеткен салтанатты табысын жазам.

Алуа Марданға таңырқай қарап:

— Сөйтіп, сені мактайды екен, Нина. Несі бар, жақсы ғой, ә?

— Жақсы жазсын, сонда жақсы болар.

Мардан бұларға әдеппен иіліп, орала сөйлейді:

— О, мен сондай сүйсіндім, сондай қуандым. Эрине мен бар шамам жеткенше жақсы жазам, мактап жазам.

Алуа әзіл етеді:

— Жоқ, біз сіздің мактап жазғаныңызды сұрағаш жокпыз.

Нина Алуаны қостайды.

— Эрине, әсіресе, Алуаның окуын қимай, колхоз науқанына кешігіп жатқанын, қатты сынап жазу керек.

Мардан әлі де сак, орамды жүзбен сөйлейді:

— Жоқ, мен көптен көрмеген Ақтал бойының соншалық жаңғырған, жайнаған шағын көріп тұрып, бүгін сынап қарауға мұршам жоқ.

Алуа енді қафта сөйлейді:

— Жолдас Мардан, онда бүгінгіні сынай алмасаңыз, бұрын кім болғанын еске алсаңыз, бұл жерде жаңағы батрак атаулының күйі не болғанын еске ала жазсаңыз, сын да, шын да қаулагап шығып жатқан жоқ па? Әлде оны үмыткан ба едіңіз? — деп, мәнді пішін көрсетіп Нинамен косыла күліседі.

— О, үмыту ма? — деп, Мардан тез басқа, еркін қырға, құбылыска аудасады. — Ол бұрынғыға мен өзім де сондай кектімін. Білуші едіңіз ғой, Алуа. Бұрынғының сорақсын ашып жазу керек болған кездे, ол менің өзгеше күлшынып істейтін ісім болар.

Алуа әлі де сынасып, ыргасып келеді.

— Бәрекелді, мен сіздің сол бұрынғы замандарды, халдарды жақсы біліп, жақсы әшкерелеп жазғаныңызды окуға қызығар едім.

Мардан іле жөнеледі:

— Ендеше, мен осы күнде тарих ғылымына маманданып келе жатырын. Қазірде оның кезі емес, бірақ аз уақытта, менің қазақ тарихы туралы жазған еңбегімді де оқырсыз. Сіз қызығып оқитын болсаңыз, ол жәй мені әсіресе шабыттандыра түседі, Алуа, — деп аса биязы, сипайы әзіл қалпына сез ауыстырған Мардан, Алуаны бұл жерде бөгеп кетеді.

— Йә... Сапарыңыз оң болсын... Жайнатыңыз біздің туып ескен асыл Ақталымыздың бойын. Қарындасым

Алуа, жолыныз болсын,— дейді. Алуамен екеуі мағыналы түрде бір-біріне бас кісіп, анық сырттай қошемет көрсетіспайтынды.

Осы көшеде Алуа, Үйесен, Оспанменен жедел басып сөйлесіп «жүреміз, жәнелеміз» десіп кетіп бара жатысады. Осы көшеде, екінші жакқа қарай бет бұрып Мардан мен Жаппар біріне бірі иық тиістіріп, сырласа сөйлесіп барады.

— Қандай боп өскен өзі, әрі сұлу, әрі есті,— дейді Мардан.

— Иә, аса жақсы.

— Ендеше несі бар, ухаживать ету керек.

Жаппар таңдана қарайды, Марданың ииетін үққысы келгендей.

— Қалай ухаживать ету? Максат не?

Мардан маңыздана құледі.

— Ухаживаттің максаты біреу ғой, ал өзгелері содан әрі өздігінен туат та. Бұл өзі, тегі өрлей тусер. Бәлки үзакқа да сілтер. Ал, соның қажеті бар ма? Мұны бұрынғы батрак деп жіберіп жатыр. Іс жүзінде не істесе, сонын бәрінің өзі де бір тың үгіт болады. Міне, бар максатты осыдан айыру керек қой.

Жаппар мұны түсінді, енді ақылдаса сұрайды.

— Өзін ухаживать еткізер ме екен?

— О, оған сениң бірнеше жақсы жағдайың бар ғой. Ең әуелі 1926 жылы өзін құтқарған кісісің. Екінші, өзің сұлу, өзің бойдақ жігітсің. Және өзің жақсы фермаға бастықсың. Солай емес пе? Ал, содан ары... тегінде жолаушы жүрген әйел әр кезде әлсіздеу, ереккек күні түскіш болады. Сен болсан екі шартқа мығым бол. Өзіне қатты ілтифат көрсет те жабыса бер, соナン соң аса жиі мактай бер, тамашалай бер. Еркектің жабысқақтығы салғанин жирентіп жібермесе... көбінше, дегеніне жеткізеді.

Екеуі қол қысып қоштасып түр. Ажарлары жігіт пен қызы арасын ойлаудан әлдеқайды алыс бір жайға серттескен адамдардай.

Кешке Марданың кабинетіне ақырын есік қағып жалтаң көз, жасырын жүрісті бір адам кіреді. Өні қаты тотықкан, екі көзі жалт-жұлт, жарқ-жұрқ еткен оқшауда. Мардан есікке шапшаш ұмтылады.

— Жалтыр?

- Жеттім бе, әйтеуір. Аман, тыныш жүрмісің, жалғызымы, ең соңғы сүйенерім, Мардан жаным...
- Ақырын, тыныш, өздерің ше? Келді ме?
- Келді, жетті елге.
- Серіктепі бар ма?
- Бар, бесеуміз. Жолдастары өңшөн сен тұр, мен атайын... Откелектің бәрінен өткен, барды басынан кешіргендер.
- Елде ешкімді көріп табысты ма?
- Әзірше сақтық етіп жүр, кит етсе көрсетеді... Ел кедейі бұрынғы емес, өшігіп болған дейді ғой шетінен.
- Солай. Аса, аса сақ болсын, сенбесін ешкімге, үстап береді. Бірақ қандай күнде де мені көрмеген, білмен бетте кетісіндер... үқтың ба?
- Эрине, ол кісі де соны айтады.
- Мардан бір буда ақшаны орап береді, құрал да ұсынады.
- Ал, өздеріне айтарым, бұл өлкеден мал-мұлік, күш-каржы алындар да тайып кетіндер. Құмға, шекараға тартындар,— деп ойланып тұрады да, ендігі сөздерій салмақпен айтады.
- Айтпакшы, жақында сол елге Алуда дейтін қыз барады. Баяғы біздің жылқышы Сатайдың қызы. Өзі менің тегімді, бұрынғыны да тым көп біледі. Ал, мен партияға кірмекпін. Доғалмен туыс та емеспін. Фамилиям Дулаттан емес, төртінші атам Есеннен. Осыны да біле жүрсін, Ал, бар.
- Кош, бәрін үғындым, бек бол.
- Ұрлана жалтақтай тайқып кетеді.

Алуа далада ақ айғырға мініп, жортып келеді. Астындағы айғыры баяғы Сатай мініп соғысатын ақ айғырдан айнымайды. Алуаның қасында бір топ аттылар. Арасында Сексек те бар. Ол қалаша киінген. Ақ айғырға қараң Сексек қайран қалады. Катар келе жатқан қартаң колхозшыға бұрылады.

- Ақсақал, мынау қай текті жылқы?
- Колхозшы ақ айғырды біледі.
- Е, бұл баяғы Дулат байдын тегінен.
- Сексек тұс көргендей қатты таңырқайды,
- Ойбай-ау, ақ айғыр ма?
- Иә, атакты ақ айғырың.

— Дулат байдың ба?
— Е, Дулат байда болған.

— Ойпырау, не дейсің, не дейсің? Элі тірі дейсің бе?
Колхозшы Сексектің аққаулығына күледі.

— Жоға, бұл анау ақ айғырдың баласы емес пе? Бірақ өзі де сондай, бәйге... Үйірі де мол.

Сексек Алуаға, оның атының жайын айтып, кенес береді.

— Сен ылғи осыған мін. Мұның әкесі, сенің әкеңпен ажыраспаған.

Аттылар бір қыстак жанынан өтеді. Сексек бұл жерді таниды, бірақ Ақтал бойы өзгерген.

— Мынаны қара, Алуа. Мынау Кенсу ғой. Біз осы арадан қашып ек қой.

Алуа да жерді таниды.

— Онда тек киіз үйлер еді.

Алуаның қасында Жаппар келеді. Ол Алуаға барынша зор ілтифат көрсетеді.

— Енді киіз үйді тек музейден көрерсіз. Халықтың отырықшылыққа қандай куанып ауысқаның білсеңіз...

Сексек өзінің қасындағы екі құрбысын қалжың етеді.

— Дүниенің өзгергенін айтсаныш. Мынау Оспанның сақалы да жоғалып кетіпті. Тон-шекпенді де тастапты. Баяғыдан қалған жалғыз жұрнақ — мұрты рана.

Колхозшылардың киім үлгілері бұрынғыдан мұлде өзгерген. Оспан да қалжындаиды.

— Ал, Сексек, тіпті, мұртты да беріпті. Жұрт қартайса, бұл жасарады.

— Енді қалай? Өзім үшін, әкем үшін де қайта тұрғым келеді.

Далада шексіз мол жерлер жыртылған. Алуа жолдастарымен егіншілерге келеді. Бұлардың ортасында колхоз бастығы Бейсен, ол Алуаны қарсы алады.

— Сенің көмегіне халықтың ырзалығын айтсаныш, Алуа.

Көп колхозшы Алуаны қоршап алғып, өздерінің сүй-сінгенін айтады. Алып қайраткер тракторды Алуаның көмекке әкеп бергені үшін, алғыс айтысады,

— Атағын ғана естуші ек.

— Піл әкеп сыйладың ғой, қызым.

— Жануардың қайраты-ай.

— Колхозға анық сенгенім осы.

Алуа тракторшы Сашамен сөйлеседі. Бұлар бұрын таныс, өз адамдарынша кездеседі.

— Саша, саған жүрттың қандай қуанатынын білдің бе?

Тракторшы күледі. Оның өзі де дән ырза.

— О, Ала, мен машинаны мұндай жақсы көретін жүртты көргем жоқ. Бұлардың көзінде мен трактор емес, планеталар арасындағы ракетада келе жатқан кісідеймін.

Алуа, Саша мен Бейсен және бір топ колхозшы тебे басынан тағы жыртылатын мол, тың жерлерге қарап тұр.

Ат үстінде тұрған жиынға желе шоқып, шауып отырып асықдан, асығу үстінде аптықкан, сәл ашуланған жас жігіт жетеді. Қімі жартылай қалаша, өні жуқалау, сұлу келген жігіт. Бұл гидротехник Арман. Ол келе Бейсен, Оспаниямен амандасады. Жаппармен де таныс. Алуа екеуі салқын ғана қарасып, сәл бас изеседі. Жігіт салған жерден Бейсенге кінә арта сөйлейді:

— Маган берген кісілерің қайда, «Ақтал» колхозы? Қашанғы тосам?

Бейсен қызылыңқырап Алуага қарайды.

— Біздің бар колхозшыны, әуелі егінге шығарды ғоймына кісі.

Арман ашуланана, кекете сөйлейді.

— Егіс, егіс. Мен істеп жатқан жұмыс колхоздікі емей, жаудікі ме?

Бейсен дауласпай, баяу жауап қатады.

— Бірақ егістің күні тығыз, алдымен егіс деді ғоймына ауданнан келген кісі.

Арман ашуланады.

— Тындаамаймын, аудан түгіл аспаннан келсін.

Алуа еріксіз сезге араласады.

— Бұл кісіге не бересілерің бар еді, Бейсен? Кімді сұрап тұр?

Арман өзі омыраулап сейлейді, Алуага да сұық, зілдене қарайды.

— Мен ерігіп жүрген кісі емеспін. Ақталдан арық алғалы, осы бес колхозға, биыл жаз қалың егінді суаратын су бергелі жүрген гидротехникін.

Алуаның өні жадырап, жылына қарайды.

— Э, мен білемін, сіз жолдас Арманымз ба! Ісіндізе сэт болсын. Ақтал бойының көтөн күткен маманы сісіз.

Арман түсін жылтыпай, әлі де ызалы сөйлейді.

— Күткені бар болсын. Мезгіл өтіп барады. Мен әр колхоздың берем деген адамын емініп сұрап, жалаңып алмақ па екем?

— Жолдас Арман, сіздің асығуыңызды түсінемін. Бірак мұндағы жайды сіз үғыныңыз. Құрғакқа еgetін егістің бір күні өтсе де, үлкен қатер. Бұл тұстың күні шыға келе қайнап кетеді. Құрғактың егісін анық бір күн өткізіп салса, көп күн өкініші кетпейді. Сондыктан, бар колхозшының күшін осы жотаға әдейі салғызып тұрмын. Сіздің ісіңіз үш күнге шыдайды.

Арман омыраулап ашу шақырады.

— Қерегі жоқ ол басалқаның, маған кісі керек.

— Бүгін сізге кісі жоқ.

— Онда менің ісім жоқ. Сіз ауданнан келген болса-ңыз, бассыздық етпей, алдымен менің ісімнің мәнін ту-сініңіз.

Алуа берік, салқын, салмақты сез тастайды.

— Сабыр етіңіз, жолдас.

— Қерегі жоқ сабырдың, жиылыс шақыр ендеше.

— Жиылыс осы, өзге жиылыс шақырылмайды. Тың-даның, үғыныңыз айтқан сезді.

— Тындаламаймын. Сіз менің ісіміне бөгетке келгендіз, мен ауданға, Алматыға шағамын сіздің ісіңізді. Шақы-рыңыз жиылысты.

Алуа:

— Жиылыс осы, Ақтал басқармасы осында тұр.

Бейсенге ғүрүлады да:

— Жолдас «Ақтал» колхозшының бастығы, колхоз бас-қармасының мәжілісі осы арада өткенін макұл дейсіз бе?

Бейсен:

— Макұл, асығыс болса, өтсін қазір. Аштым жиылыс-ты. Мәселе — біреу. Гидротехник Арманға он кісі кол-хозшыны бүгін беру ме? Үш күннен соң беру ме? Мәселе ашық. Үш күнге егіс уақыты тығыз, тосуға болмайды. Сондыктан, жолдас Арман үш күн тоса тұрсын. Мұнда, жотадағы құрғактың егіні бітсін деген ұсыныс бар. Осы-ны костагандарың қол көтер.

Саусақтарына қамшыларын ілген Оспан, Бейсен сияқты бірнеше колхозшылар қол көтереді.

Арман аштулы серпінмен атын борбайлап, ойға қарай шаба жөнеледі.

Алуадан қалыспай жүрген Жаппар, жаңағы сездер

мен жаңалықтарды екі үдай апғарады. Алуаңың көзіншे, үнемі жарқырап күледі де, одан жүзі тая бере беті, ажары шұғыл өзгере қалады. Көптен оқталып, Алуаға сан рет бір жайды айтқысы келеді. Бірақ қызды жұмыс пен өзге адамдар алан ете береді... Ақыры, бір алаң мезгіл тауып, қатар келе жатып, Алуаға сөз қатады:

— Алуаш, келгенің, туған жерге осындай бол келгениңіз қандай тамаша. Сені мұнда қандай жақсы көретінін байқайсың ба жүрттың?

— Мен де туған жерім мен елімді сонша сағынған екsem, енді ғана аңғарам.

Жаппар Алуаға ынта-зар көзімен қарайды.

— Сені өзгеше күткен, өзгеше сағына күткендер де бар оны байқайсын ба?

Алуа бұл сөзге таңырқайды, тоспаған жаңалығы. Бірақ сұлу жігітке қадалған көздерінде бұрын ешбір жанға ашылмаған жүректің, соншалық шыншыл бір толкуы бардай. Бір сәтке соншалық жұмсарып, әзіл тартып көзін төмendetеді.

— Был ғана, бүгін ғана емес. Талайдан солай ғой. Ылғи күтумен, белгісіз күтумен, бір ғана хиялмен тірлік еткен жан бар ғой.

Алуа қатты үялғандай, атының жалына сәл иледі де, сыпайы жүзі жымып, өзінен өзі сырын жасырғандай, басын шайқайды. Үлкен толқынмен деміккен, сұлу жүзің жігіт бұған жанаса, төне түсіп, айдалада жапа-жалғыз екеуі болса да, сыйырмен, үзіле өтініш айтады:

— Казір жауап берме, жаным, тек үмітімді, күдерімді үзгізбе. Мен сенің шұғлаңа алыстан, алты қырдың астынан елтіген жанмын...

Алуа қолын сыртына көтеріп:

— Тоқтаңыз, жетті... айтпаңыз,— деп үзік-үзік әлсіз үн қатады.

Үміт арта түскен Жаппар тағы да ентелеп, жанаса түсіп, соңғы өтініш айтады:

— Казір жауап айтпа, өтінемін. Ертең кешке Текелінің бауырында Назарбек шалдың қой фермасына келші. Елден аулак, оңаша ғана, сонда ғана сөз қатысайык. Тостым сонда, келесің бе? Айтшы, жаным, өтіндім!

Алуа жауап берген жок. Өзінің үнсіздік қалпында, біраз толқи түсті де, енді атын қамшымен бір салып, шаба жөнелді. Жаппар қалып қойды. Ол сенімді, сайқал жұзбен жымия түсті. Алуаның қасында Сексек қоса шауып

келе жатып, ештеңені аңғармай, Жаппарды мактап келеді.

— Жаппар неге қалып қойды?

— Білмеймін... Білмеймін...

Алуа өзінің ішкі даусына жауап қатқандай. Ол Сексектен де үялады. Өз ішінде оянған сезімін анау көріп қоятында тұсыла түседі. Сексек өз бетімен сөйлеп келеді.

— Негып қалып қойды екен. Өзі бірденеге ренжігендей, өні де қып-қызыл бол балқып қалыпты. Бірақ сондай сұлу, жігіттің төресі, бұлдіршіндей... Үріп ауызға салғандай...

Алуа күле береді. Жаппар тұрасында Сексектің айтқан сөздерін ұнатып тындағандай. Сексек Алуаны күлдіргеніне ырза бол, тағы сөйлейді.

— Шын бұлдіршіндей сұлу. Ал, шаруасы қандай. Мал жағының бригадирі ғой. Қойлар фермасы тап өзіндей, тегіс тамаша дейді.

Кешке, колхоз клубында, Алуа, Сексек, Жаппар. Мұнда көп үлкендер, балалар да мол. Мұндағы еркек, әйелдер баяғыда Догалдың батрактары болған, кейін оны кәмпескелеген, бүгін егінде болған колхозшылар. Жұздері, киімдері, көніл күйлері — бәріне кағанаңда, бұлар енді мүлде басқа адамдардай. Жақсы киінген, өздері көнілді. Клубта балалар көп, олар, оқытуышы Сәруәрдің касына жиылған. Бұл баяғы 1926 жыл Алуа Қызыл отауда кездестірген қыз.

Балалар мен оқытуыш Сәруәр Алуадан өтініш етеді:

— Бізге қаланың әнін айтып беріңізші.

— Жаңа әндер үйретінізші.

Үлкендер де Алуаның ән салуын сұрайды. Алуа көпшілік жүзіне қарап, ән айтуға көніп, клубтың сахна жағына шығады. Бұл өз кезегін тосып тұрғанда, касына Арман келеді. Арман әлі де салқын, Алуага жақындаі түседі.

— Өкіл жолдас, сіз ауданнан келіп, менің ісімнің бір «Ақтал» колхозы емес, осы барлық Ақтал бойына ең қадірлі, ең қажетті іс екенін түсінбегенің іе? Мен соншалық ызалымын.

Алуа қысылмастан күліп сейлеп, жауап береді:

— Түсінбеді деп сізге кім айтты?

— Түсінсеңіз. Ақтал бойында бірінші рет тогам алушың, әрі бұғын үшін, әрі болашақ үшін қаншалық тарихтық уақыға екенін маган айтқызудың не қажеті бар еді?

Алуа тағы да күледі.

— Сізге оны айт деген кім бар, қажет қылған кім?

Арман Алуаның күлкілі пішініне ызалаңады.

— Айтам ғой, сіз түсініп те жетпеген сияқтысыз.

Осы уақытта Алуаға кішкене қызы Эсия жүгіріп келеді.

— Алуа тәте, сіздің сахнаға шығатын кезегіңіз,— дейді де өзі халық жаққа жүгіре шығып:— Қазір бізге қаланың әнін Алуа тәте айтып береді,— дейді.

Арман сезін айтқысы кеп, ентелеп тұрса да, Алуа күледі де сахнаға қарай жөнеледі. Ол әдемі әнді әсем шырқап айтып өткенде, зал дулас, сүйсініп қол соғады. Мұның әнін шала тындаған Арман алдынан ұмытыла шығады.

— Сіздің ойыңызша, қазір астықтан басқа дүние жок.

Алуа күледі де:

— Қазір одан басқа ән бар,— деп ойнақыланады.

Арман ызала:

— Иә, астық пен ән. Одан басқа түк жок, солай ғой, Алуа?

— Астық иен ән. Қазір одан басқа түк жок.

Зал биске шақырып дулас жатыр. Алуа Арманды әзіл еткендей күледі де, сахнаға қарай шыға береді. Ол онда тағы да әдемі ән шырқайды.

Арман бұл жерде бұлқынып қалған. Әрлі-берлі жүріп, бір сәтте, амалсыздан Алуа әнін тындаі қалады. Ән сондай жақсы, мұны жеңіп бара жатқандай. Жігіт жүзі сүйсінген күлкіге ауысады да, кейін өзімен өзі алысып, тыюсалғандай, шұғыл өзгеріп, ашуға басады. Қайта ұмытыла береді.

Алуа күліп сахна сыртына шығады. Жас қыздар та машалап, сүйсініп құшақтай қоршап жүрген Алуаға Арман тағы наразы сөздерімен тап береді.

— Астық қана дейсіз. Арықтың әкелетін қасиеттерін ойлап та көрген жоксыз. Бұл өлке, Ақтал бойы енді бидайғана емес, қант қызылшасын есіретін, қант заводтарына толатын өлке болады. Арық жүрген соң бұл өлке әлдекандай бидай емес, ак күріштік балқып өсетін өлкесі

болады. Бұл өлкеде сан саты электростанциялары орнаиды, ол не деген сөз?

Алуа күледі де, еркін, кең әзілді салып, өз сөзін тастайды:

— Мұның бәрі дәл бүгін, мен үшін тәтті түс, қазір мен үшін, ак күріштен қызыл бидай көп қызықты. Үйткені қазір, әсіресе қазір, бүгін... соны ектіру, үлгіру мениң ең зор хиялым.

Арман қолын сілкіп, мұнымен сейлескеніне өкінгендей, соңғы қорытындысын жасайды:

— Туу, не деген, не деген шолактық. Сіздің бар түсініңіз артта қалған, отсталый.

Алуа және күледі.

— Қызыл бидай біздің халық үшін, жалпы адамзат тарихы үшін, қашшалық артта қалған ұғым болса, менің де бүгін артта қалғандығым сол болсын, жігітім. Бол-ақ қойсын,— дейді де, енді бағанадан қасына оралып жүрген, кішкене қыз Эсияға иіледі.

Арманиан сырт айналып кеткен. Жігіт анық араздық сақтаған адамша, оқыс жалт бұрылып жөнеп кетеді.

— Сен кімнің баласысың, Эсия, кішкентай? Сен сондай жақсы ән саласың. Маған апаң мен ағанды көрсетші,— дейді Алуа.

— Олар жоқ...

— Қалайша?

— Олар өлген. Әжем де өлген. Әжем де өлді ғой менің.

Мұның ендігі жайын Сәруэр айтады.

— Тұғандары жоқ. Біздің мектептің жатақханасында жатып оқиды, өседі.

Алуа қызды құшақтап көтеріп, тізесіне отырғызады, әңгімелеседі.

— Сен сондай әдемі ән айтасың. Менің ойымша атакты артистка боласың ғой деп ойлаймын.

— Жоқ, мен үшқыш болғым келеді.

— Айналайын, о да сондай жақсы. Білесің бе, мен де үшқыш болуды қиял етемін. Жарайды, екеуміз бірге үшамыз да. Ал, қазір кел, ән салайық.

Екеуі ән шырқайды. Осы залда маңына үлкен топ окушыларды жиып алып, Сексек хормен ән айтуга үйретеді. Өзі хормейстр, өзі дирижер. Тағы бір топқа барып, домбыра, қобыз оркестрын ретке салады. Скрипка, гитара, мандолинаны да күйлеп береді. Домбырада кішкене

қызық күй ойнайды. Ал, Жаппар әлі де Алуаның маңына оралып жүр.

— Бес жыл, жиырма алтыншы жылдан бері бес жыл бойы. Қөзім жатқа қарамас.

Жат та маган жарамас.

Алуа:

— Болды, арғысын айтпаңыз...

Жүзіне сәл сезік, ашу білінгендей, үнсіз. Артынан аз жуасып, мойындағандай.

— Аузыңызға қандай сәтсіз жолдар оралды?.. Мен көп ойланып, асықпай жүріп дегенімді тапсам деген қиялдамын. Бұл жайда мен қиялышымын. Ал сіз қатты қатал емессіз бе? Екеуміз екі сайдың жемісі емеспіз бе еkenбіз осы орысша айтқанда?

— Орысшаны білу керек. Бірақ сыр мен шынды қа-зак тілімен айтсаңы, Алуаш?

— Бұл да бір қызық шындық екен.

Алуа бойын жия сөйлейді. Бұлардың қасына Арман келеді. Жаппар Алуамен енді істің жайын сөйлеседі.

— Мен бүгінгі түн тауға, фермаға кетем. Алуа, кішкене жас қозыларды көргініз келе ме? Олар сондай сүйкімді ғой.

Алуа толқиды.

— Мен барад едім. Және малыштарда болғам жок. Козы қай фермада?

— Назарбек қартта, тау ішінде, Тереңсайда. Барасыз ба?

— Бәлки баармын да, ертең...

— Жә, мен сізді қарсы алам. Солай шештік, дәл ғой?..

— Дәл, кешке...

Жаппар Алуамен қоштасады. Алуа оны көзімен ұзатып салады.

— Тауға несіне барасыз, Алуа? Қойда неңіз бар?— деп Арман батыл сөйлейді.

— Е, барса несі бар? Онда қазір мал балалап жатыр, компания.

— Саулықтар сіздің жәрдеміңізсіз де қоздай алады. Шабандар көп, одан да маган көмек етсеңіз етті. Біз колхозға сөзбен емес, іспен көмек етушілерміз ғой.

Алуаға мұның кекесіні жақпайды.

— Сіз сөзбен көмек жасауға болмайды дейсіз бе?

Жігіт Алуаны ыза қылғанын байқаса да, бұрынғысынша мысқылдай түседі.

— Иә, сөзі көптің бәрі де көмегім көп дейтін әдеттей.

— Не сіз қаталасасыз, немесе жүртты орынсыз түрлайы кінәлауға құмарсыз.

Арман күледі де, енді Алуаны ашуландырғанын көріп, соңғы сезін айтып, тая береді.

— Ендеше, сол ферманызға барының да, бір жұз саулықта егіз табу жөнін үгіттепіз. Соған көндірініз. Колхоз қазынасын сөзбенен байта түсініз.

Алуа ашулы жүзбен төріс айналады. Екі айрылып кетіседі. Енді Алуаға колхоз бастығы Бейсен келеді. Мал туралы естіген жәйсіз хабары бар, соны айтады.

— Алуа, бірталай малды жоғалтып тұрмыз. Ақ айғырдың үйірінен тандаулы алты ат пен ту бие жок.

Түнде үлкен төрт күлакты бейітте 5—6 кісі жасырына тығылады. Түстері ұры, жау рендерес. Біреуді тосады. Тышқанша шықылықтап үн қатысады... Тыстан да сондай үн келеді. Бұлар тосады. Жеткен Жалтыр. Құрмет көрсеткен бастығы бар, ол — Догал. Сақал-мұрты тығыз есken, өзгерген. Қолында обрез. Догал қатал, қыска үн катады.

— Сатылды ма?

— Сатылды... Шүкір, енді пұл да бар. Аттарың сайғой?

— Сай. Аз күнде басқа жаққа ауамыз.

Қасында өзіндей қатал, бекем серігі бар. Сол шыға сейлейді.

— Бұл колхозды масайратып қалдырмай, түршіктіріп кетеміз.

— Жүрегін шайлықтыра беру шарт.

— Онын рас. Элі қызығушымен қатар қобалжуши да көп. Тракторға мәз болса, мықты бір шығыннан шошып, түршігіп қалсын. Әйтпесе, Ақтәл бай Догалдың түсындаид емес, көгерді десіп шулатып жатыр.

Догал:

— Кім шулатады? Қаладан келгендер де барғой?

— Бар.

— Ол кім?

— О несін айтасың, баяғы өзініздің жесірініз, жыл-

қыши Сатайдың қызы Алуа кепті. Сол кепті, тракторды сол әкепті.

— Алуа ма?

Доғал ызалы сызданады.

— Айт анаған. Маған сол немені кездестірсін.

Жалтыр қызметке әзір, жағына жымияды:

— Сіздің көргіңіз келетінін мен білген ем, мырза.

— Ендеше, не істеп ең?

— Онымен көрісетін жерінізді айтам.

Жалтырға ырза болған бандалар кісіней күліседі.

Жалтыр тағы сейлеп тұр:

— Және бір қызығы, тап сол Алуа ақ айғырға мініп жүр.

Доғал бұл хабарға әсіресе, қызығады.

— Ол менің баяғы бәйге айғырымының баласы ма? Кәмпеске жылы дөнен еді, қазір кемеліне келген, бұл да бәйге ме екен?

— Қандай бәйге десеніші. Экесінен де атакты. Алуа соны мініп жүр.

— Тартып аламыз, сез жок. Менің қанатым сол болды, өз малым. Тағды өзі әкеп тұрған жок па?

Доғал жолдастарына қарайды. Қол соғысады. Ақырын баспалай қарап, аттарына кетеді. Қалың тұн ішінде есіз тауда, мелшиген жым-жырт тастар арасына батып жоғалып бара жатысады.

Үлкен тау бөктерінде терек шатқа тығыла отырған жалғыз қыстау. Сол қыстаудың сыртында, азғана жас қозыларды жайып, ойға қарай бет бұрып тұрған Назарбек. Мұның сақалына бұл күнде бурыл кірген. Айналған көгеріп келе жатқан әсем дүние. Алыс, кең көдала. Ұзын таяғына сүйеніп, кулімсіреп ойланып тұрған Назарбектің жүзі бір сәт алдына қарап, шұғыл өзгереді. Есік пен төрдей жердегі жартастың басына сескене қарайды. Жартастың аржағынан жасырына көтерілгөн адам жүзі көрінеді. Қара сақалына бурыл араласқан, бұл күнде қаба сақалды болған, баяғы мырза — Доғал.

— Сен кімсің ей? — деп Назарбек сескене қарайды. Шегіншектейді.

— Сескенбе. Назарбек, Назарбек. Мен, мен рой.

— Доғал... Мырза Доғал?..

— Ия, бұрын мырза болса, бүгін не десен де ырза
Доғал.

— Негып жүрсің, қайдан жүрсің?

Доғал енді жіті басып жетіп келіп, екі қолымен Назарбектің қолын алып, қаужандаған болады.

— Негып жүруші ем, міне, тау-таста ан болып, бұғып жүрмін. Жалайырдың баласы, жанашыр біреуің болса, он назарынды сұрай келдім.

Назарбек тіксіне қарайды.

— Өзің қашып жүрсің ғой?

— Менен ерік кеткелі қашан, сүйтпей негып жүр дейсің. Осы өмірде бір өзіңнен басқа сенерім жок, жан жүзіне көрінгенім де жок.

Назарбек енді шұғыл өзгеріп, түйіліп ызалана сейлейді:

— Сүйтіп, мені панарап келдім десейші.

— Таптың. Эрине, Назеке.

— Мені жасыр деп тұрсың ғой?

— Эрине, Назеке.

Назарбек ашулы жұзбен шұғыл кесіп, қатты дауыстап жібереді.

— Жок. Енді алданатын Назарбек жоқ. Баяғы құл Назарбек жоқ, мырза Доғал.

Доғалдың жұзі шұғыл өзгереді.

— Не дейсің? Мен неге болса да бел байлаған жаңын. Жалғыз сенгенім сен, іздеп келгенім сен. Кейін тағы оралам. Ойлан, жөніңе көш, Назарбек. Сен маған пана боласың. Боласың,— дейді де жалт беріп жөнеле береді.

Қыстаудың тасасына қарай әйелімен бірге басқан Назарбек, ерттеулі атты нұсқайды.

— Костебеге жет, Алексей мені біледі. Бір-ақ ғөзімді айтсан тусінеді,— дейді де, өзі қайтадан қозыларына қарай бұрылады. Әкелі жылдам басып, атқа қарай кетеді.

Тұн. Тау ішіндең оқшау қыстау. Онда жас қозылар мал қорада. Алуа мен Назарбек шам алып қораны арапап шықты. Дарада ит үреді. Назарбек аландай береді. Иттер тағы үреді.

— Ит үре бергені не бұл, шырақ?

— Е, қайтеді, ата,

— Эй білмеймін, балам, осы тауда жаманат сыйбис та жоқ емес-ау.

— Қандай сыйбыс?

— Кешелер бөгде жүрген бес аттыны көрдік деседі.

— Тасқа тығылып жүр ме?

Алуа мылтығын сайлап қлады. Шал оны медеу көрді.

— Е, қарагым, көніліме мынау бір медеу болды-ау.

Иттер шабалана береді.

— Шамды өшірсем қайтер екен?

Шал фонарьді өшіреді, екеуі үй жаққа шығады. Қорада ак айғыр байлаулы. Оның жанынан өте бергенде шалдың есіне бір нәрсе түседі.

— Міне, әкесі қандай еді, марқұм Сатай тек сонығана мінуші еді. Қаша ұры түсірді, өлгенде де соның үстінде өлді Мен баяғыда «қосында алысам» деп Бұланың сокқысы тиіп аттан құлап қалғам-ды.

Алуа күледі.

— Сен әкендей бол, ер бол. Догал байды қарғап өтіп еді. Мен одан кейін де Дулат, Догалды пір көріп шата-сып жүрдім. Білесің бе, Догал айдаларда, сол қаңқұлымға ара түскен аңғалдығымды айтсаншы.

Алуа шалға сүйсініп күледі.

— Япрай, ата, мына сезің қандай жақсы.

— Ойбай-ау, несін айтасын. Ол күні тантығашының үшін онық жей-жей мына сақал-шашты да бір күзде ағарттым рой.

Қақпа қағылады. Шал Алуаға алақтайды.

— Бұ кім екен, бөгде қағыс қой.

Қақпа тағы қатты қағылады. Иттер шабаланып түр.

— Сескенбе, ата, мен бірге шығайын... Байқаңыз!

Екеуі есіктен сығалайды. Қаранғыда бес атты, бәрі бес ат мінген, түстері жат.

— Түстері жат мына кәпірлердің... Япрай, сорыма жалғыз да болмадым... Сенің бейнетіңе душар болды ба, балам?

— Экемді аузыңа алдың рой, ата, жана... әкем деп білермін... Енді маған сені Ашпа!

Тыстан ақырған үндер:

— Аш!

— Аш дереу қақпаны!

— Сен кімсің ей?

— Ауданнан... ГЕПЕУ-ден, аш.

— Ашпаймын, күндіз кел!

Тыстағылар жаяу кеп есікті соққылайды.

— Догал, жөнел былай! — деп Алуа айғайлайды.—

Атам!

— Атып көр!

— Э, сен мұнда ма едің?

— Сен керексің?

— Кім керек?

— Алуа... Сатай жылқышының қызы Алуа керек.

Алуа есікке жабысып, пактыладап қарап алған, селт етіп бұрыла береді.

— Э, дүшпаң, таныдым мен де, сен бе едің, дүшпан!

Атып қалады.

Тыстағылар:

— Ойбай, танып қалды.

— Бәрібір біліп қалды. Енді өліспей кету жок. Не де болса ат! Атың! Басып ал ферманы! — дескен қызу сертер. Аты... Іштен Алуа атады. Шалға да бір алты атар беріп қойған. Ол Алуаны көре тұрып:

— Қарашибім-ай, үл болмасаң болма, үқсапсың ғой араңа,— дейді.

Атысу... Алуа шалды үйге тартады. Үйткені, жаулар қаранды сырттан терезеге беттеген. Алуа үйден, есіктен де, терезе қақпағынан да кезек атады.

Шал қорага жүгіріп, ақ айғырды шешіп, азірлеп келе береді.

— Мә, атыңа мін. Сен қаш. Тым құрыса сен құтылши!

Шал өзі атып жүр. Алуа да осы жаққа жиі-жиі атады да:

— Ата, қорықпа. Мен құтылсам, сен де, қозылар да құтылады.

Алуа тағы атып-атып кеп, секіріп қорага шығып ақ айғырмен жеті тунде қүйықтыра жөнеледі. Жаулар аңғарып қалған. Кешігіп барып аттарына міне үмтұлысады.

— Кетті!

— Қыз кетті!

— Жой, жоғалт көзін! Ат, атқыла!

Бес атты қуып келеді. Шашы жайыла түскен, атқа ерше еркін шапқан Алуа, артына қарай отыра оқ атып қашады. Қолында жеңіл қарабин, сонымен атады. Өзгелер алыстап қалады, тек біреуі жетермен боп жаңын

салып қуады. Ол үздіксіз атып келеді. Алуа енді дәлдеп ату үшін көлденен тұра қалады. Шауып келе жатқан жау көлденен тұрған Алуаны көздең атып қалады. Алуа ақ айғырдан құлап түседі. Бірақ мылтығы қолында, қалтыраған қолымен өзіне қарай шауып келе жатқан жауды нысанага зорға дегенде, бар күшін жып, мөлшерлеп алып, атып қалады. Шауып келе жатқан жаудың қолындағы мылтығы үшып кетеді. Кейін жалтарып шаба жөнелген ақ айғырды, артқы жаулардың іліп әкетіп бара жатқанын көреді. Алуа бір тұрып, бір жығылады. Соңғы бұл жараган жау да атының жалына жабыса түсіп кейін өз жолдастарына қарай шауып барады.

Алуа қинауда, жан-жаққа көз тігуде. Алабұртқан амалсыздық бір қинаса, жарасы екі қинап, қардың бетін қан етіп құлап түседі. Тағы үшып тұрады.

Колхозшылар мен банданы қуған ГПУ әскерлері шауып келеді. Алуа соларға:

— Жау! Банда! Қозылар тұрған қораны да өртеп жатыр! Тезірек! — дейді.

Барлық жұрт шаба женеледі. Бытырай, тарай, көршай шапқан. Аздан соң атыс...

Алуа қора жанында, онда өрт лаулаған. Қозылар көрасына жетіп қалған. Оқ тиғен Назарбек тұрып-жығылып жүр. Құшағында төрт жас қозы. Колхозшылар төбесі жанып жатқан қорадан қозыларды құшақтаң алып шыға бастайды. Ұзак алысу, арпалысу соңында, қозылар құтылды, шал талып кетті. Осы кезде ГПУ әскерлері ұсталған бандыларды алып келеді. Догалдың қасында екі қолы жарагы Жаппар. Шал басын көтеріп:

— Бұ да сонда ма екен?! Бригадир бандит.

Алуа жанаған жалт қарап біледі.

— Сен бе едің?

Жаппар үнсіз. Алуа қатты ызамен түйілген:

— Қайыр, мен өзімнің бір адасуымды атқан екем ғой, болсын солай.

Сәлден соң Арман Алуаға тақап келеді.

— Айтып ем, қаңғып не бар деп?

— Сіз немене, табалаушымсыз?

Арман күледі. Қекесін бе, әзіл ме, белгісіз... Алуа бұған деген наразылығын ірке алмайды:

— Құтқарушымның бірі болмасаңыз, сәуегейлігіңізге таң қалар ем...

Женіл «Газик» ішінде жаралы Алуаны бір жағынан Нинаның өзі сүйеп отыр. Екінші жақтан қартаң жұзді, ақшыл мұртты дәрігер. Алуа Нинаны омырауынан сипап, өзіне бұрып:

— Мен ие істедім? Түгел білдің бе, менің не болғанымды?

Нина қысқа рана жауап қайырады.

— Қой әзір, Алуа, басқа сөзді сөйлеме.

Алуа болмай, оны омырауынан тартып:

— Қоя алмаймын. Айт маған, не білдің, не ойладың!

Нина кесіп, қатаң үнмен байлаулы сез айтады.

— Қазір менен бір сез естімейсің. Жазыл, емдел, өзге бар сез сонан соң, үктың ба? Тыныштал! — деп Алуаны зілді сөзбен тоқтатады да, басынан құшақтап, туған апасындай алақанымен бетін аймалап, жұбатқандай болады.

Машина «Қостөбедегі» больница жанында. Санитарлар мен дәрігерлер, Нина Алуаны больницаға жеткізеді.

Больница койкасында жарасынан тоуір болып қалған Алуаның қасында ақ халат, чепчик киген Нина отыр. Алуа жылап сөйлейді:

— Мен үттімyn. Партия алдында үттімyn. Өмірде бір жанды сүйген болыппын да, сонша адасыппын. Неге жараймын, түкке жарамаймын.

Нина тындалап отырып, ойлы жүзбен кейде салқын жымып күліп кояды. Алуа қиналып жылап, сөйлеп жатыр.

— Соншалық зор сенім артқанда, колхозшы қалың жүртшылық сондай қуанышпен, достықпен сеніп қарсы алғанда...

Нина сәл жымия түсіп, салқын ғана бас изеп:

— Рас, солай еді.

Алуа тағы да қиналып:

— Солай болса, сонымен кетсем етті. Не деген сор, не деген мазақ... Қандай үят. Қандай қиналамын. Комсомол бетінен енді не деп қараймын?

Өксіп-өксіп жылап жібереді. Нина мұны еркін жіберіп отырып, енді біразда, қатал реңмен бұйыра сөйлейді.

— Енді бері қара.

Алуа жастықтан жасты жүзін көтеріп, бұрыла қарайды. Нина сөйлеп отыр.

— Мұның бәрі теріс емес. Рас, теріс емес деймін. Мынау көзіннің жасы, жаңағы өкінішің — өзінді өзің жаза-

лауын. Бәрі де теріс емес, дұрыс деймін. Сол саған кепек. Себебі, ты была дура! — деді. — Идиотка, анық дура боп шықтын. Рас, бар мәселеде емес, мына бір мәселеде — жүрек мәселесінде. Ал, колхоз жұмысында ойдағыдан істедін. Болды. Бұл саған сабак. Совет әйеліне бар ерік берілген. Бар кісен, тыым, зорлықтар күйрекен. Бірақ әрбір әйел, жалпы бар совет адамы сиякты өзіне өзі қатал, ез ішінде тыйымшыл болу керек. Әсіресе өзі жас, өзі сұлу болса, сол ерекше шарт.

Алуа бұл сөзге бас иеді, енді серт, ант тәрізді сөздер айтады.

— Сонын рас. О-о, мен бұдан былай жүректің есалан сезіміне ырық бермеймін. Бұрын біліп көрген емес ем. Енді бұл сондай сабак болар маған.

Нина іле сөйлейді:

— Сабакты окуды тек адасумен ғана, жүрекпен адасумен ғана оқу дұрыс емес, қажет емес. Ерекше ескертіп айтам, Алуа, сен әлі өмірдің басында ғанасын. Бар-бәрі тамаша тірлік, мол-мол, шексіз болашақ әлі сенің алдында. Алыста, алыста. Сол үшін бір-ақ нәрсені түйемін: оқы, оқы, оқы. Саған партия да осыны айтады. Өйткені бізге Ленин өзі осыны айтқан. Сен ғана емес, мен өзім де әлі талай-талай оқымақпын.

Нина енді кешірген жүзбен жадырап күледі де, Алуаны құшақтап, бауырына тартады. Екеуі қатты куанысып табысқаңдай сүйіседі. Алуа жылап сүйеді:

— Кеш мені, Нина,— дейді.

Нина еркелете күліп:

— Дура, дурочка, Алуа,— дейді.

Бесінші белім

1939 жыл.

«СССР тарихының кабинеті» деген жазуы бар болме. Қітап полкалары. Төрде гүлдерменен безелген үзын көлденен стол, соны жағалай отырған жарымы орыс, жарымы қазақ оқымыстылары. Қөпшілігі орта жасты және егде тартқан, бурыл шаштылар да көрінеді. Фылым кеңесінің бірнеше мүшесі әйелдер. Солардың бірі орта тұста отырған, тола түскең, келісті киінген Нина Ивановна.

Мәжіліс бастығы бурыл шашты, орта жасты, көзілдірікті қазақ турегеліп есікке қарап белгі жасайды.

— Қіріңіздер! Бері жақынданыздар ғылым кеңесінің сіздердің дипломдық жұмыстарының турасындағы корытындысын тыңданыздар!

Ғылым кеңесінің алдына катарланып келіп түрған отызға жуық жастар. Ерлер, қыздар аралас. Соларды кезекпен дауыстап шақырып, директор ғылым кеңесінің корытынды бағасын айтады. Бір уақыт ол дауыстап: «Сатаева Алua!» дейді.

Бұл күнде өні бүрынғысынан сәл толынқырап, нұрлана түскен, әдемі киінген, ұзын қос бүрүмы шұбалған, Алua сәл ілгері шығады. Сыпайы жүзі қысылып жымия береді.

Ғылым кеңесі Сатаева Алуаның «СССР-дағы әйелдер арасындағы коммунистік қозғалыстың жайы» деген тақырыпқа жазған дипломдық жұмысын «өте жақсы» деген бағамен қабылдады.

Енді біразда барлық топқа арнап, соңғы сөз айтылады.

— Жолдастар, достар. Институт босағасынан өтіп, енді тірлік, еңбек, қайрат табалдырығынан сенімді аттап, іске араласуларынызға жол босын айтамыз. Алдағы еңбек майданында зор абыройлы, халыққа қадірлі асыл азамат болуларына тілеулеспіз, достар.

Жиын қол шапалақтайды. Студенттер үлкен букеттер көтеріп ғылым кеңесінің мүшелеріне әкелісіп тапсырысады. Түрекеліп түрған Нинаға Алua мен тағы екі қызы, бір жігіт гүл әкеліп тапсырады. Куанышты, салтанатты қарбалас.

Директор, Нина, тағы бір-екі ғылым мүшесі сөйлеседі. Директор аса ырза болған жүзбен:

— Алуаның жазғаны, сөйлегені — бәрі де сондай ойлы, орнықты.

Нина қостап, сүйсіне күледі.

— О, Алua окуға өмір тәжірибесінен келген. Оның әйел жайын зерттеуінде де үлкен мән бар. Мен айтайтын — оның бұл енбегі ғылымдық еңбек болуға жақын түрған нәрсе.

Тағы бір ғылым мүшесі, орыс оқымыстысы қостайды:

— Сатаеваны ғылым жұмысына, аспиранттыққа жібере лайық, сол қажет деп есептер едім.

Осы кезде бұл топтың қасына сөздерін тыңдал түрған орта жасты, бурыл шашты, көзілдірікті, аса сәнді киін-

ген қазақ келеді. Ол сөзге араласады. Директор оны таниды, өзгелерді таныс етеді.

— Таныс болыңыздар, профессор Есенов, Москвадан жаңада келген. Қазактың белгілі оқымыстысы.

Нина бұл кісіні таниды. Екеуі бірін бірі енді анғарысып, қолын қысысып амандасады. Ол жаңа адам — Мардан.

— Мен жаңа сіздердің Сатаева тұрасындағы соңғы сөздеріңізге қызығып құлақ салдым. Эсіресе оны аспирант етіп қалдырып, ғылым қызметіне беттету керек де гендеріңізге соншалық қосылам. Мен енді ұсыныс айтайын, біздің Ғылымдық зерттеу институтына, яғни біздей филиалға жіберу керек.

Сол бөлмеде, онан соң үлкен залда және осы институттың үзын коридорында, үнемі жүріп әнгімелескен Нина, Мардан, Алуаны көреміз.

Нина сейлейді:

— Оnda Алуаның диссертация тақырыбы да мәлім болды фой.

Мардан:

— Қандай тақырып деп ойлайсыз?

— Мұның ең татымды, ең қызықты тақырыбы әйел мәселесі болуға керек. Өзіне үнай ма, Алуа?

Алуа:

— Эбден үнайды, Нина Ивановна. Мардан аға, сіз қалай дер едіңіз?

Мардан сәл ойланған жүріп жауап береді:

— Әйел мәселесі, Қазақстандағы әйел мәселесі дейміз бе?

Нина:

— Тек Қазақстандағы ғана ма?

— Қазақстанның ғылым қызметкерлері ең алдымен «Қазақстанның өзінің тарихына байланысты тақырыптарды зерттеу керек деген» жалпы жол бар. Москва осылай белгілеген.

Алуа ойланыңырап:

— «Қазақ әйеліне Октябрьдің бергені» деп жазамы.

Солай ма?

Нина мұны дұрыстағандай қостайды да:

— Оnda әрине солай болуға лайық.

Мардан бұл тұста да өз пікірін ойланып, бірақ салмақты, даусыз сөз сияқты етіп айтады:

— Ия, ол айтқаныңыз диссертацияның бір бөлімі болатыны рас. Бірақ мәселені шын ғылымдық дәрежеде шешу үшін бұдан кең қойылу керек. Тарихтық ғылымның талап ететін шарттары қамтылу керек.

Нина:

— Қөрдің бе, Алуа. Сенің алдында әлі көп қын да, қызық та асулар бар. Әлі екеуміз тағы да талай ойланарамыз.

Алуа қуана күліп, өз жайын қорытқандай айтады:

— О, Нина Ивановна, Мардан аға, мен әлі талай ұзақ ізденуге, сол үшін көп-көп оқуға соншалық өзірмін.

Мардан салмақпен қорытады:

— Міне, сөйтіп Алуа жолдас, енді сіз біздің тарих-этнография институтына аудиасыз. Сонда тез келуінізді күтемін.

Алматы облыстық партия комитетінің үлкен кеңесі. Сонда бірінші хатшының әдемі жасанған кабинетінде Сапар отыр. Бұл күнде шашына сәл бурыл кірген, жасы үлғаюмен бет бітімі, денесі де өзгеріп тола түскен. Мұның қасында Нина Ивановна. Сапар сөйлем отыр.

— Ақтал ауданында әйелдер арасындағы жұмыс ойдағыдай емес, жеткіліксіз. Сен бір мықты адамды үсынсан деймін. Не айтасың?

Нина сәл салмақпен қарап, ойланған түседі де жауап қатады:

— Ақталдың бойына кісі керек екені рас. Соған мен бір адамды тапқан сияқтымын. Бірақ...— деп ойланып қалады.

— Ол кім?

— Ол ғылымда ол анық өсетін адам сияқты.

— Кім ол, айтшы?

— Сатаева Алуа, есінде ме?

— Есімде. Ол оқу бітірді ме?

— Бітірді. Және сонша жақсы бітіріп, екі институттың үйғаруы бойынша аспирант бол қалмақшы.

— Кешігіп оқыса да, ғылымға соншалық бейімділік көрсетті, ә?

— Соншалық зейінділік көрсетті. Оны есіме алып отырған себебім, өзі тарихшы. Оның үстіне дипломы әйел мәселесі тұрасында жазылған еді.

Сапар түрегеледі де сүйсініп, бекіне сөйлейді:

— Отес дұрыс. Мен Алуаның бүрынғы өмірін білген-

діктен ғылымда осындаи жолға түскенін аса занды деп табам. Ендеше, Нина Ивановна, шешілді. Ақталға тұра сол Алуаны жіберу қерек.

— Қалайша, жаңа ғылым жұмысы дегеніңіз, қане?

Сапар бекініп байлап сөйлейді:

— Аспирант болсын, бірақ заочный аспирант. Ал, әйел мәселесін кітапханада ғана зерттемей, өмір-тәжіри-беден, күнделік партиялық күрылыштан оқып, зерттең қорытынын. Макул ма?

Нина жадырап, күле түседі.

— Онда институты мен Алуага обкомның осы байлауын айтып үғындыру қерек.

Осы бөлмеде Сапар, Нина Ивановна, Алуа үшеуі. Бұлар көп сөйлескен, көп жайды айттысып түсініскең адамдар сияқты.

Сапар енді Алуага әр сөзін салмақты етіп айтады. Өтө мәнді, манызды жайды басалқадай айтып отыр:

— Ақтал бойы өзге элкелердің бәріне үлгі аудан болғанындей, адамның өсүі де соншалық үлгілі, оғын болсын. Осы жайды партия қамқорлығы арқылы барлық мүмкіншілікті алған қазақ әйелінің халынан анық таныту қерек. Ал, сол ауданда бұл жай ойдағыдай емес. Сен карт аналардан, жас әйелдерден, окушы қыздардан үлкен, жақсы топтар шығарасын. Жеке, озғын, атақты қайраткерлер, даңқты азаматтар өсіруге міндеттісін. Баста сол ауданның әйелдерін. Бұл сәнін қарызын. Сенің қолынмен партия сол ауданда үлкен тарихтық істер жүргізуге талап етті деп біл. Міне осындаи міндетпен аттандырамыз.

Алуа өте ықласты жұзбен сүйсініп үғынған сияқты.

— Айтқаныңыздың бәрін қабыл алдым. Бірақ бүгін-ка жет болған орында, кеңегі келген мезетте мені сүйеп отыруға өздерінізді де қарыздар етсін деген жағынан етініш айтам.

Нина мен Сапар бұл сөзін қостап, Алуамен қол алысады.

Поезд «Костобе» станциясына жетеді. Вагоннан түскен Алуаны Сексек қарсы алады. Үйде шай үстінде екеуінін әңгімесі болады.

— Неменеге күлесін? Ұлғи бір күлесің де отырасын, күлесің де жүресін,— дейді Сексек.

— Е, күлмей не бопты?

— Элі күнге не үй, не күй жоқ. Менде болса шүйкебас жоқ, сенде боса бақырбас жоқ. Құр ұшамыз да жүреміс, ұшамыз да шарлаймыз. «Бытпышлдық, бөдененің үйі жоқ» деп.

Алуа күле береді де, әзіл етеді:

— Па-ай, не деген сорлы едік десенші.

— Енді не? Оку, оку, тағы да оку дедік. Тостық. Талай тостық. Ақырында кеп бітірдік. Сонымен енді бірдене болар деп ем, ә сен болсаң тағы Алматыдан жалғыз жепсін..Ауданда саған сай жігіт қаптап түр ма? Бар-бәрі сондай, үріп ауызға салғандай жігіт атаулының бәрі де онда қалды ғой. Сен немене, солардан қашып шыктың ба?

Алуа күле жауап береді.

— Мені қой, Секе, менің баяғыда бір аузым күйген де.

Сексек мұны сөйлетпей жарыса жөнеледі.

— Е, немене? Мені қой дегені несі? Ат боп кеткенсің бе?

Алуа бір жағынан күліп, бір жағынан шынын айтады:

— Баяғыда өзің тели-тели жүріл аузым бір күйген. Содан іркіліп қалмап па ем? Өзің болмай шынды айтқыздын. Сөйтіп мені қой дедім ғой. Ал, енді сырға сыр орай болсын, өзің неге үйленбейсің осы?

— Е, мен үйленбейін деп жүрмін бе?

— Апырау, ендеше бөгет не?

Алуа Сексекті өзінің сезіменен әзіл етеді:

— Алмадай қыз атаулы айналанда қаптап жүр. Үріп ауызға салғандай. Бәлі, осында не қарап жүрсін? Немене, жұлдызың жараспай жүр ме?

— Ойбай, дәл өзі табылмай жүр ғой.

— Онысы қандай еді?

— О, менің іздегенім, көңіліме көнілі сай, әсіресе бойыма сай қыз емес пе?

Алуа таңданады.

— Онысы тағы қандай мын бір түн?

Сексек мұның ұғымсыздығына ызланғандай боп екілене сөйлейді:

— Е, маган өзімнен бойы үзын қыз неге керек? Осында бір-екеуімен үйлесе жаздал барып, шалжысып кеттік қой. Бәрі сол бойдан. Маган: «бойы тапал, осындей

еркек бола ма екен?» дейтінді шығарыпты. Және осы күнде тіпті қызы құрғырдың бәрі дередей бол кетіпті. Міне, маган мысалы сен сияқты ұзын сирак қыздың не керегі бар, оны қайтем?— деп аяғының ұшынан басып, Алуаның басына қарай басын созады да, қылжактай-ды,— ақырдан сұлы жетін аттай мойным созам ба? Зәуі-сайтан бетінен сүйгім келсе, аяғым астына орындық қойып жүрем бе? Ал, мен, білдің бе, Жиренше шешен сияқты... Ол өзімен шешендігі тен қыз тапқанша, үйленбеймін деп еді ғой. Мен бойыма бойы тен қыз тапқанша үйленбеймін.

— Жарайды, со да серт бол па?

— Е, серт болмаса себеп. Ал, сенде тіпті себеп те жоқ кой.

— Жарайды, жарайды. Сенің тілегің құдайыңа жетсе, осында әлде бір қүйеуге де кездесермін. Кім біледі.

Алуа күледі. Сексек сенбейді. Алуаны қылжак етеді.

— Иә, осы жақта Бетпақ дала бар деген. Сонда Алуаны тосып, баяғы Баян сұлуды іздегендей тоқсан сері тосып түр деген. Ку медиен ку даладан табарсың, қатқаныңың басын!

Алуа мұның сезіне мәз болып күле береді. Сексек ашуулана түсіп, тағы мазақ етеді:

— Сен бе, сен қүйеуге тисең мұрнымды кесіп берейіш.

Алуа бұған қалжындаиды.

— Кой, мұрныңан айрылып қаласың, неғыласық, бойы тен қыз кездескенде, мұрны пұшық деп тағы пәлеғып жүрер.

Жаздың нұрлы жылы күнінде «Газик» машинасы ағызып отырып, биіктеу төбешікке шығады. Жотага тоқтайды. Машинадан екі адам түседі. Бұлар— Алуа және райком хатшысы Бейсен Сатов.

Екеуі де жеңіл, таза киінген. Бейсен көп өзгерген, бұл күнде сәл қасқа бола бастаған. Самайында ағы бар. Қозғалыста, әр мінезде, айналға қарауда мол дүниенің иесі болған, көп тәжірибе жинаған маңызды адам тәрізді.

Жолдан оқшашырақ басқан екеу, жотадың бір мұрыншак тұсына келеді. Сол жердің төменгі жағы биік күз, жартас. Осы тас жотадан бар Ақталдың ұзын бойы әдемі көрінеді:

Кең өлке, мол бақшаларға, қалың ну тоғай көгал

өсімдіктерге толған. Арықта түтінде жатқан заводтар байқалады. Бері жағалай қараса, отырықшы қалалар, колхоздар ендеп жатады. Ұлдилап кетіп жатқан, шексіз кен теніздей өсімдіктер. Жыркта тыныштық дүниесін, ен өлкені дағдылы үнімен оята шұбырған паровоз. Шалқар ұзақ поездар ерсілі-қарсылы кетіп, өтіп жатады.

Алуа сүйсіне күліп, тоя алмайды. Қызыға қарап қалған. Бейсен сөйлеп тұр:

— Міне, Алуаш, баяғы Ақталыңың бойы. Сен күң бала бол, күбі шелекпен алысқан, жерошақ басына шіріген балалығыңды откізген жер. Мен, Бейсеннің, қоныр өгіз үстінде, дәл осы жоталарда, осы мынау, машина тұрған жердің өзінде, сан рет улы жастар төккен же-рім:

Алуа қостай сөйлейді, екеуінің жүзінде де дуэт айтқандай ымсыз, үнсіз ұғысу бар. Бейсеннің сөздерін соның айтқан үніне салып, Алуа іле жөнеледі:

— Ол шакта, Ақтал бойы киіз үйлі ауылдардың күзеу, көктеу, қыстау еткен жері ғана еді.

Бейсен іле жөнеледі:

— Сен Догалды айдарда Жалайырдың жеті байының орнына жеті мың үй орнайды бұл өлкеге деп ең. Біліп айтыпсың. Міне, бұл күнде, осы Ақталдың бойында, біздің Ақтал ауданында сол жеті байдың орнына жетпіс колхоз кең жайласқан.

— Міне, Алуаш, туған өлкен бүгінгі қарқынына орай қайрат күтеді, азаматы, сенен.

Алуа, Бейсен сертпен үәделескендей болады.

Екеуі машинаға қарай аяндалап келеді.

Алуаның мойнындағы жібек шарфысы үйтқып ұшады. Сүмбіл шашы желменен жарыса жұлқынады. Алуа ұзаққа телміріп қадала қарайды. Ендігі жүзінде ой да, киял да сүйсіндірген үміт, сенім күлкісі де бар.

Екі қабат үлкен үйдің мандайында «Абай» атындағы он жылдық мектеп» деп жазылған. Кораның іші айнала салынған мол үйлер. Ол жатақхана тәрізді.

Алуа мен Сәруэр тыныш ұзын коридор бойын жағалап келеді. Бесінші класқа кірді, онда қазақ мұғалімі есеп оқытып жатыр. Балалар ұшып тұрысты. Алуа олармен амандасты да, мұғалімнен кешірім өтініп, жур-

налды қарады. Класты жағалай шолып етті. Қыздар менен ер балалар саны шамалас. Енді бір кезек алтыншы класс ішіне кірді. Онда орыс әйелі, қартаң оқытушы табиғат сабағын жүргізіп жатыр. Мұнда да жаңағыдай іс әрекет етті Алуа. Қыз бала, еркек бала саны қарай лас. Осылайша Алуа мен Сәруәр жетінші класқа келеді. Енді қартаң оқытушы көзілдірікті, аласа бойлы қаңак бірге кірді. Ол өзін «Жексенов, «Абай» атындағы он жылдық мектеп басқарушысы» деп таныс етті. Сегізінші класс. Мұнда оқытып жатқан қазақ жігіті, класта алдыңғы кластардан айқын айырмыс бар. Жиырма бес шамалы оқушының бесеуі ғана қыз, қалғандары ерлер. Алуа журналды қарап, класқа таңдана көз тастайды да, дәптеріне сзып алады. Енді Алуа тоғызыншы класқа кіреді. Онда қыз саны үшеу-ақ, оқушылар жиырмадан асады. Оныншы класс балалары жиырма, мұның ішінде оқушы қыз біреу-ақ.

Осы кезде қонырау соғылады. Алуа кластағы жағыз қызбен сойлеседі. Ол қыз Алуаны тани кетеді.

— Алуа тәте. Мені танисыз ба? Мен сізді ұмытқам жоқ. Білесіз бе. Ақтал колхозында 1931 жылы сіз екеуміз концертте... — деп күле бергенде, Алуа қуанып, мұны құшақтайды.

— Эсия, Эсия, Асюша. Қандай жақсы өскенсін?.. Есімде... Екеуміз ән салып, жарықсанбыз,— дейді де, енді шұғыл өзгеріп, аса бір үлкен сыр сұрагандай сойлеседі.— Жә, Асюша, сен маған айтшы, неге сенен басқа қыздар оқымайды.

— О, оқымайды, тәте. Бізде, мұнда солай...

Алуа қатты түйіліп, ойланып қалған. Енді директор кабинетінде Сәруәр, директор үшеуі.

Алуа аса салқын, сызды жүзбен директор мен Сәруәр екеуіне қадала сәйлеп тұр:

— Бұ не, бұ қалай? Жетінші класқа шейін қыздар мен еркек балалар саны бірдей. Ал, 8, 9, 10 кластарда олар соншалық аз, жоққа тән. Немене, әлде Ақтал ауданының қазақ қыздары жеті жылдықтан әрі оқыма-сын деген заны бар ма? Жолдас директор, Жексенов, үғындырыныз, жөнін айтыңызшы маған.

Жексенов бөгеліп, таңданыңқырап жауап береді:

— Эрине, нехорошо. Бірақ қалайша екенік білмейім... еріген қардай...

— Сіз білмейсіз бе себебін?

Шал иығыл көтөріп таңданады, алақанын жаяды.

— Оны менің білуім қын, білуім қын себебін. Қыздар окуға көлмейді.

— Сейтіп, сіз себебін білмейсіз бе? Сәруэр, сізде соны андамағансыз ба?

Сәруэр момын анқаулық жүз көрсетеді.

— Мен өзім де қайран қап тұрмын. Бұлай болар деп ойлаған жоқ ем. Қандай!.. Қерінеу өрескел айырмыс қой.

Алуа ашулана сөйлейді.

— Сіз оку бөлімін көрмегенсіз, аңдамағансыз! Ал, сіз, қарт педагог, бұл туралы ойлануға да, қиналу былай тұрсын, ойланып себебін шешуге де шұғылданбағансыз! Жарайды, мұның себебін шешіп, ашып көрерміз!

Колхоз даласы. Жасыл егіспен ұзак, мол өлкені жаңырткан енбек ізі білінеді. Бұл тұста күтімді тақталары айқындаған қызылша егісі. Жауын жауды. Ол қатайып, нөсерлеп келеді. Егіс шетінде үш-төрт жеміс ағашының саясында бірнеше жас балалар. Екі жасар тұлымды қыз бала, үш жасар еркек бала және емшек баласы, тағы төрт жасар қыз бала бар. Осы өңшең жас баланың ортасында ересегірек алты жасар қыз тұр.

Жауын жауысымен жас балалар жылай бастайды. Ересек қыз біреуіне жүгіріп барып уатады. Екіншісі жылайды, оған барса тағы біреуі жылайды. Ақыры, есі шығып қиналады да өзі де қоса жылап жібереді.

Жылдам басып Алуа келеді. Балаларды аймалап коршай береді. Қасында бригадир Садық.

— Айналайын, жылама. Апаларың қайда, сен айтшы? — деп, ересек қызға қарайды. Ол жылап тұрып, ызаланып сөйлейді:

— Апамыз әне, жұмыс істеп жүр. Мені осытармен тастап кетті. Ал, бұлар жылай береді, жылай береді. Мен қайтем? — деп тағы жылайды.

Жауын астында жүгірген бірнеше шешелер, Алуа-ны көріп амандастып, балаларын қолдарына алыш, уата береді.

Жауын басылған. Алуа осы эйслдермөн әңгімелеседі.

— Бұл қай колхоздың егісі?

— «Ақтал, Ақтал» колхозынікі,— деседі эйелдер,

— Бригадиріміз тұрғой міне.

— Немене, күнде жұмысқа осы балаларды ала келе-
сіндер ме?

Ұзын бейлы, балғын денелі бір әйел Алуамен ынта-
лы жауаптасады:

— Енді қайтейік? Өзің осы, апырай, шырамытың
тұрмын-ау, өзіміздің ауданға қызметке келді деп еді,
Алуа емессің бе, айналайын?

Алуа күліп:

— Алуамын, апай.

Үш-төрт әйел Алуаға ұмтылысып:

— Алуа, Алуаш,— десіп, қуана қол алысып шүйір-
келеседі. Әйелдер жан-жақтан енді Алуаға наразылық
жайларын білдіре бастайды.

— Колхозымыз бай, бірақ көрдің бе міне, ылғи күн-
де жұмысқа осы балаларды ала шығамыз. Үйде күтетіш
кәрілеріміз жоқ.

Алуа:

— Ясли қайда, детсад қайда?

Әйелдер бірауыздан жарыса айтысады:

— Үйстырыған жоқ, мынау бригадир... Мынау Са-
дық.

— Элі күнге үйстырмай уәде беріп келеді колхоз
бастығы мен бригадир. Қасымызда балалар болғандық-
тан, өзге әйелдердей емес еңбегіміз де шала.

— Қөзің көрді ғой, міне. Қоңіл ала болған соң, жұ-
мыс шала болмай ма, еңбек зая кетеді.

Алуа бұлармен әнгімелесе келіп:

— Арапарында стахановшыларың бар ма? Озатта-
рың кім?

— Эй, бәрі шамалас қой, қарағым.

— Ондайды арамыздан өсіріп шығара алмай жа-
тырмыз ғой әлі.

Алуа наразы, салқын жүзді, «түсінікті, түсінікті»
дейді де Садыққа бұрылады:

— Жә, жолдас бригадир, бұны не дейміз? Ақтал
бойы қызылшаның бүкіл одакта ең мол өсетін жерінің
бірі. Бұнда рекорд, дүниелік рекорд беретін өнім алу
шарт. Ал сізде бірде-бір озат қызылша маманы жоқ, бір-
де-бір стахановшы әйел жоқ. Бұл қалай?

— Рас, болмай түр. Өздері де саналы колхозшы дей-
міз, сонда да өздігімен ынта бейіл көрсетпейді... қымс-
ется бригадир.

Әйелдер бұған сын, кінә сөздерін таласа айтады:

— Бригадир демей кім дейміз, бәрі сенен емес пе?
— Не жағдай жасадын, кімге жасадың?
— Қерек десе баламызға баспана жоқ қуидіз.
— Озат боп шықпайық дейміз бе, өзгелерді естімей
көрмейміз бе... Бірақ сен, бригадир, жалған уәдеден бас-
а не берді...

— Сен ондырмапсың... — Алуа енді бұндағы дауды
корытады:

— Аналар, құрбылар. Сөз қысқа және мәлім... Сен-
дер мақұл көрсөніздер біз мына бригадир жәйін бүгін
колхоз жиылсының саламыз, ма? Әйелдер тегіс
дауыстап макұлдасады.

Енді Алуа сиыр фермасында. Қасында баяғы қарт
Назарбек, көнілді сөйлем, есіп келеді.

— Несін айтасың, қарағым, қарқ болған шағымыз.
Мынау сиыр фермасы, бірнеше жұз мәшке сиырларымыз
бар. Бұлактай шетінен. Осы жерде май заводымыз тағы
бар. Колхоздың табысын атама.

Алуа үндемей тыңдалеп келіп, сауынши әйелдер арасы-
на араласады. Олар да Алуаны танып, қуанып қарсы
алысады. Алуа бұлар мен Назарбекті қасына алып әнгі-
мелеседі.

— Кәне, женгелер, апалар, шындарыңды айтшы, ең
оғзын, озат сауынши, стахановшы қайсың?

Бір картан әйел күледі.

— Қарағым Алуа, «Ақтал» колхозшысының жаманы
бар ма? Бәріміз де озатпыз.

Тағы бір әйел күліп қостайды:

— Біреуді оғзызып жіберіп, өзгеміз қарап тұра-
мыз ба?

— Озған да ешкім жоқ, қалған да ешкім жоқ. Өзге-
де бар он саусақ әрқайсымында да бар.

Алуа бұлардың күлкісіне таңданғандай Назарбекке
қарайды.

— Сейтіп, бәрі бірдей стахановшы ма? Жоқ бәрі бір-
дей орта қатарлы сауынши ма?

Назарбек бас шұлғып:

— Е, сол-сол айтқаның ғой. Орта қатар. Стаханов-
шы деп бөлгеніміз жоқ бұлардың ішінде.

Бір жас әйел Алуаның ажарынан басқа жайды бай-
қап, өзгеше сөйлейді. Ол Назарбектің қызы Айбала.

— Сендер Алуаның не іздел тұрғанын андамай тұрсындар-ау, қатындар. Біздің завферма әкеміз, сіз де мениңше, қарық қып тұрған жоқсыз. Алуа стахановшы неге жоқ деп сұрап тұрған жоқ па? Сендер ондаймыз жоқ деп мактандырылған тұрмысың, түгі? Стакановшы шықпағанына ұялсақшы, өкінсекші одан да. Болмаса ана атын естіп жатырмыз ғой Салиха Онғарбаеваның. Соидай озат әйел бізден шықпас па еді? Ал, мұнда сондай боп озат боя шыға алмай жатырмыз, соны айту керек кой.

— Бәсе, соны айтсаңызшы, құрбым, атыңыз кім?— деп, Алуа жылуышрап соған оралады.

— Атым Айбала, Алуаш. Стакановшы шықпай жатқаны, үйімізде адамымыз көп. Мұнда сауын, үйде бала күтімі, ас пісіру, бір үйлі жанды күту, екүдай боп алакжұлакпен құйіміз кешеді. Арамыздан не бір депутат, не бір ордынос озғын әйел шықпағанына ішіміз күйеді. Ұғып кетші, түсініп кетші ен болмаса соны. Осы емес пе, қатындар, айтатындарын, солай демеуші ме едіңдер?

Бар қатындар шулайды:

— Солай.

— Осыныңкі жөн, барды Айбала айтты!— деседі.

— Ішімізде ауру, аксақ-тоқсағымыз да бар. Лөктрден көмек қөрмейтін, дәрі таппайтын, бейнет кешетін жайымыз бар.

Алуа бас изеп, бұл әйелдерге енді шындарымен шешілгендері үшін, алғыс айтқандай болады.

— Бәсе, міне, осыны айту, шынды айту керек.— Айбала бұл сөзге қатты ойланып, енді бір байлауға бекінеді.

— Анық шыңды айт дедің ғой. Алуа... Эй, қатындар, ендеше келіндер, анық сол шының өзін айтайық. Олай болса, мына тұрған карт, біздің Назекең — тап осы фермана бастық болуға енді жарамайды. Шының өзің айтшы, әке. Осыным дәл емес пе?

Әйелдер Айбаланы қостап бас изеседі. «Өзі айтсы», Назекең өзі айтсын. Осыны бекер дер ме екен?» деген сөздерді естіп Назарбек саса бастайды.

— Апырай, мыналар не дейді?! Баяғыда өзіңмен бірге осы колхоз үшін қан төгіп ем-ау, Алуа.

— Оныңыз рас, Назеке. Сізді орныңдан алса айыпта-май-ақ алуға болады.

— А, солай ма? Жаза жоқ қой... Ендеше осы қыз бі-

ліп айтқан болар... Шын-ақ меші босатып, бір жасқа та-
быс ете қойындар!

Әйелдер бұран ырза болысады. Бір қартаң әйел енді
Алуага ақыл сала сөйлейді.

— Ал, Алуа, осылай болды ма? Ендеше дәл осы фер-
мәға бастық етіп, өз ортамыздан мына Айбаланың өзін
қўйындар.

Алуа «бұл жерде біз шешпейміз! Колхоз өзі шешеді
ғой. Бірақ осы сөздерді ортага салайық, сүйтпесе бол-
мас», — дейді.

Алуа Ақтаудың тауға жақын төскейіне орнап жат-
қан, мол құрылыш басында. Мұнда үлкен электр стан-
циясы салынып жатыр. Ағаш тасыған, тас қашаған,
ташкелер көтерген, үлкен экскаваторларды жүргізген,
щақырлатып тас ұсататын камнедробилкаларды жүргіз-
ген, неше алуан қайнаған адам топтары. Сан өндіріс
цехтары салынып қалған. Җартылай біткен үлкен мас-
терскойларда токарылік станоктар, әралуан движоктар,
ұзын залдар бойына созылған трансмиссиялар, ұзын
ленталық конвейерлер. Осының әрқайсысы өз күйімен
зырылдаپ, қақпағы ашық сағаттай, қыбырлап қайнап,
еңбек етіп жатыр.

Алуа байқап келеді. Қара жұмыс болмаса, өнерлі
мамандық жұмыстың бірде-біріне араласқан әйелдер
жок. Қазақ, орыс әйелдерінің бәрі де жұпның киімді
қара жұмыстар істесіп жүр. Алуа біреулерден «строи-
тельство бастығын білдіңіз бе? Құрылыш бастығы қай-
да?» деп сұрайды.

Оған бір коридордан көрінген есікті нұсқайды. Соң-
да «Начальник строительства» деген жазу бар. Алуа осы
кабинетке кіреді. Үлкен стол басында Арман отыр. Қа-
сындағы соңғы кісіге, будыраған бір топ қағаздарға қоя
қойып береді. Оны жөнелтеді де, Алуамен жақсы аман-
дасады.

Екеуі кеңес үстінде. Алуа кінәлап сөйлеп отыр. Оның
түсі түйілген, зілді, сәл наразы сияқты.

— Сіздің өндірісінізде істейтін жұмышшының 25 про-
центі әйел екен. Қебінің үй-іші бар, балалары бар. Сіз
үлкен, мол, бай өндіріс басында отырсыз. Айналаның
болса бақша, жайнаған дүние, молшылық. Немене, сіз-
дің детьали, детсад жасауға мұршаңыз келмей ме?

Арман ызаланып сөйлейді:

— Алуа, бұның қалай. Сіз бен біз осылай көріс-пекші ме едік Ақталда?

— Бәсе, мен де бұлай кездесерміз деп ойламап ем. Өзініз туралызыдағы оң ойымды ісінің турасындағы оң-сыз ойым бұзып түр. Қазір менің осыдан басқа сезімім де, ойым да жоқ. Жөнін айтыңыз, бұн не қылғаныңыз?

— Мен станция сала алмай жатсам о несі. Мен оған қарсы дейсіз бе? Айыптамай көмек етсенізші.

— Көмек етсе жаңағы толып жатқан әйелдер үшін мамандық еңбек арам боп па? Неге бірде-бір әйелді қайратына, әйелдік қалпына сай орынға аудастырмайсыз, үйретпейсіз?

— Мен қазір үйретуші емес, оку орны боп жата алмаймын. Үйренгендермен асығыс жұмыс істеу үстіндемін. Аспаннан түскен кісіше, қалайша сөйлейсіз!

— Аспан емес, жолдас начальник, бұл анық жердің сөзі, жұрттың сөзі! Біздің құрылыштардың барлығында да қара жұмысшысынан үлкен маман жұмысшыларына шейін, керек болса, құрылыш начальнигіне шейін бар маманды өз ортасынан жағдай жасап, өз арасынан есіреді, шығарады. Немене бір қатып қалған кәрі ағаш, ескі кәрі мамандай сөйлейсіз? Ал бүгінгіні қояйын, бүгін станция саласыз. Бірақ ертең соны жүргізесіз ғой, солай ма?

Ызаланған Арман қатты, қысқа жауап қайырады.

— Иә, жүргіземін, не демексіз?

— Сонда, осы станцияның маман жұмысшылары әзірленді ме?

— Ол құрылыш міндеті емес, басқа орындардың міндеті.

— Жоқ, олай емес. Біз аудан жұртшылығы олай ойлай алмаймыз. Өз ауданымызда болатын станцияның ертең керек болатын бар саты мамандары, дәл бүгін осы құрылышта жүрген жұртшылық арасынан әзірлене беру керек дейміз. Мен сізден осы жайлар бойынша, құрылышындағы әйелдер халін айрықша еске алып, ерекшे кам-карекет етуінізді талап етемін.

Алуа осында жалындағы сөйлеген кезде, соңғы шакта Арман бұған қызыға да қарап қалған еді. Енді шұғыл өзгеріп, жұмсарап сөйлейді.

— Ал, үрсып болдыңыз ба? Өзінің не деген қатал,

зәрлі адамсыз. Ашудан басқа айтарының бар ма, жок па? — деп күледі.

Алуа бойын бермейді. Салқын нұрлы көзін Арманға аз тоқтатып тұрады да, жылымайды. Ол шүғыл қоштасады.

— Сіздің өндірісініздің бүгінгі хақында, ашу мен ренштен басқа айтарым жок.

— Мен пәтер қамдатқалы жүрмін... Ақылдасуға бола ма, жок па... Ресми сөзден басқа сезің бола ма, тегі?

Алуа жүрге айналады:

— Менің қарамағымдағы жұрт орналаспай тұрып, мұнда келмей жатып ең алдымен өзім орналасам ба? Онда қандай дұрыстық, жарастық тыныштық болмақ? Ендеше пәтер жәйін менсіз ойлаңыз,— деп қоштасып кете барады. Арман қиналып, шарасыздық халда қалады. Бұрын нық байланған бір серт бұзылғандай. Араляндағы дәнекер үзілермен болғандай,

Арада екі жыл өткен. Нина Ивановна, Сексек, Алуа үшеуі өткен бөлімдерде Алуа жалғыз аралаған көп орындарды бірге аралап өтеді. Сондагы тәртіппен Алуа бастап, бұл топ сол мектептің 8-класына кіреді. Қазір қыздар мен ер балалар саны бірдей. 9-класка кіреді, оныншыны көріп өтеді. Бәрінде де қазақ қыздары көнілді, көрікті. Сондагы екі жыл бұрынғы жолменен, осы мектептің ішінде бөлекше жұмыс істеп жатқан курсарды көреді. Агрономиялық курсы, зоотехникалық курсы, электростанция мамандық курсы — бәрілерінде оқып жатқан, таза киінген, жақсы, ажарлы қазақ әйелдері. Бұлардың ішінде Кәмшат, Анар, Жамал сияқты қазір Алуаның маңына оралып жүрген жастар бар. Және Шанда сияқты бұрын колхозда болған Алуа құрбы әйелдер де бар. Бәрі де Алуаға өз апа, сінлісіндей мінездер көрсетіседі.

Нина Ивановна көргендерін қағазға жазып келеді. Енді бұлар колхоз даласында қызылша еккен әйелдер тобына келеді. Анада, ұсақ балалары бөгет бол қинауға салған әйелдер, енді Алуаны күле куанып, өздерінің күндегі досындағы қарсы алады. Айрықша бірнеше гектарды өзі баққан, бұл ауданның ең озат Демченко сияқты атақты қызылша маманы Жанар Алуаменен жақсы аманасады. Нина Ивановна Жанарға Алматы газетте-

рінде басылған оның үлкен суреттерін көрсетеді. Қайырлы босын айтады. Жаңар Ленин орденін алған, соны құттықтайды. Демченконың рекордынан бұл әлдеқайда артық, бүкіл одактық рекорд жасаган. Данқты Жаңар осы болады.

Ниналар қасындағы фотокорр Жаңарды, өзге озат әйелдерді қайта-қайта суретке басып жүр. Осы топ Айбаланың сиыр фермасында. Онда, анада көрінген әйелдер қатты өзгерген. Қнім салымдары, түр-ажарлары ете жақсы жаңғырғандай, бұлар да атақты сауыншы бол данқ алған. Бірнешеуі орден тағынған, өкімет мүшесі значектарын қадаған. Сауын орындары, айналадағы еңбек тәртібі, өздерінің қнімдері — бәрі де өзгерген. Бұрынғыдан сұлуланып, толып, шеттерінен нұрлана түскендей.

Бұлар да Алуаны қуана қарсы алысып, құшактап, дос тұтып, ұзатысады. Қездерінде үнемі құлқі, достық сенім, ырзалық, шаттық бар.

Тағы осы топ колхоздардың белгілі, өздеріне қажет жағдайларын аралап, танысып келеді. «Ақтал» колхозы, ондағы аса жақсы, үқыпты жасалған детясли, детсадтар бұлардың қездерін қуантқандай. «Киров» колхозы, бұнда да және де жақсы детясли, детсадтар, таза қнімді, үқыпты, сұлуша орыс-қазақ жас әйелдері, тәрбиелі нияялар қөрінеді. «Октябрь» колхозы, мұнда да сондай күтімді, бапты яслилер, детсадтар. Бар жерде таза қнінген, қозыдай домаланған, жас лақтай секіріп ойнақтаған құншуақ балаларындағы деңдері сау, жүздерінде құлқі-шаттық белгісі бар балалар қөрінеді.

Тағы бір өзгеше ортада жүрген Нина, Алуа, Сексектер.

Мұнда үзак ретті тәртіппен созылған столдар. Ақ ас жауалықты, жасаулы столдар, үлкен өндірістің столвойы қөрінеді. Жұмыс істеген сұлуша, жылпос, көнілді әйелдер. Орыс-қазақ әйелдері мол.

Жүргіншілер бұл арадан өтіп, қазір үлкен іске кірісken мол станцияның цехтарын аралап келеді. Қастарында Арман бар. Кең шиттер жанында істеп түрған әдемі қнінген маман қазақ әйелдері қөрінеді. Келесі цехта, үлкен агрегаттар жанында еркектермен қатар, тағы да мамандық енбекте түрған әйелдер. Әрбір зор, мол машиналы цехтардың бәрінде де жақсы қнінген, жүздері жарқын, өнерлі қазақ әйел қызыметкерлері. Мұнда да

Алуаны өз достарындаң қабыл алған шырайлар айқын көрінеді.

Нина Ивановна мұнда да көп белгілер аңыстап, өзінің қаразына түртіп алып жүр.

Кешкі мезгіл. Үлкен станция. Ұзын Ақтал бойына, бар колхоздарға, совхоздарға, толып жатқан өндірістерге; ауданға өзінің мол жарығын жіберіп жатыр.

Станцияның саялы, қолеңкелі көркем бақшасының ай жарығы түсken аллейінде Сексек пен Нина Ивановна қатар барады. Алуа мен Арман бір бөлек сөйлесіп келе жатады.

Алуа қазір өте айқын шыншылдықпен сөйлеп келеді.

— Міне, қазір мен ырза болмасқа мұршам жоқ. Екі жыл ішінде қаншалық айырмыс туғанын бар аудан емес, бір сіздің өндірісіңіз ғана көрсетіп түр фой.

Арман салмақпен қостап, құле түседі.

— Жә, пәтерді енді әзірлесем бола ма? Жетті ме мәзгіл, жоқ па, Алуаш?

— Пәтерді енді әзірлесең болады. Ойламады, тоспады, асықпады демеңіз?

Екеуі шын зор қуаныш, бақыт тапқан сүйгендерше осыдан ары үнсіз тұрып қалады. Сол кезде Нина мен Сексек оралып келеді. Нина Ивановна қөңілді, Алуаны қолтықтап алған. Қыза, сүйсіне сөйлеп келеді.

— Мені обком жібергенде, осы ауданда сендер тапқан табысты көріп кел деп жіберген. Бізге жетіп жатқан хабарлар шын ба екен, түгел барлап біліп кел деген еді. Бірнеше күннен бері көрдім, таныдым. Бұл араға сөздің, баянши түсіндіргіштің қажеті жоқ. Ақтал ауданындағы әйелдер арасындағы партия басшылығы өткізген екі жылдық тәрбиелік жаналықтарды, жанжақты мол істерді тек осы Ақтал ауданында ғана қалдыруға болмайды. Сол үшін сен осындағы екі жылдық еңбектің, тартыс-қыншылықтың, табыс-жақсылықтың — бәрін де жазуың керек. Жаздың ба осыны?

— Жоқ, Нина Ивановна, әлі жазып қорытқаным жоқ. Жазсам пайдалы, бағалы еңбек шығар ма еді?

— Неге шықпасын? Партиялық күрылым үшін де және одан ары гылым үшін де зор, мол қорытынды шыгады. Кесек пайда туады.

— Ендеше, ұмыттыңыз ба, Нина Ивановна, мен диссертация жазғалы жүр едім той.

— Неге ұмытам? Бәсе, жазбақ болатының. Міне, сен сол диссертацияның бар негізін қалап болдың. Енді менімен Алматыға жүруің керек те, диссертацияның аяқталуын, түгел жазылып қорғалуын қатты мақсат етуің шарт. Обком маган сениң жөнінде, сениң қамында, бар істің ақырында, осылайша, өзгеше тапсырма міндет берген-ді. Бұл айырықша міндет болатын. Сен өртөң менімен Алматыға жүресін.

Алуа қуанып тұрып Нинаға алғыс айтады. Жүрмек-ке бекінген, енді Арманға, оны қимай қарайды да:— Пәтер асықпай қамдана берсін, Арман... Мен тағы да біразға сенен бөліне тұратын болдым ғой... Ал, ренжіме, жаным.

— Амалым қанша...— деп Арман Нинаның көзінше Алуаны сүйеді де, осы арада сәл қиналып, өкінгендей қала береді. Онымен ұзақ қол ұстасып, қоштасқан Алуа Нинаға еріп барып, машинаға мінеді.

Жарық айлы түнде, бақшаны жағалап, айқын созылып жатқан жол бойында, шапшан машина жарқ етіп жөнеліп кетеді. Арман жалғыз, ұзак, үнсіз қарап қалған.

Алматыда келісті үлкен үйде, оқшау кабинет ішінде, үлкен стол жанында көп кітаптар, қалың қолжазбалар арасына бурыл басы иілген, көзілдірікті Мардан отыр. Мұның қасына Алуа келеді. Үлкен бөлмеде екі жақ қабыргада және есікке тақаған жақтарда столдар бар. Онда қазақтың оқымысты жас әйелдері, әралуан жастағы әртүрлі киінген ғылым қызметкерлері отырады. Мардан столы төрде.

Алуа оған өз жайын баян етіп отыр.

— Мен өзімше диссертацияның бар керекті материалының оқынышын болдым деп есептеймін.

Мардан салқын, сынай қарап отыр.

— Жиганыңыз бүгінгі өмір материалдары, солай ма?

— Эриңе, совет өміріндегі әйел қауымындағы үлкен өзгеріс, табыстарын түгел қамту, менің ең үлкен мақсатым ғой.

Мардан енді шүғыл өзгеріціреп, көнілденес сөйлейді:

— О, Алуа, жарайды. Мұнының өте дұрыс. Онсыз әйел мәселесі жөнінде тарихтық ғылымның диссертация-

сы болуы да мүмкін емес. Бірақ бұл жай сіздің диссертацияныздың қақ жарымы.

Алуа таңданыңдыrap:

— Жарымы? Ал, өзге жарымы не болады?

Мардан барынша қамқор, дос пішінмен сөйлейді, сырлас адамдай, ынталы кенес беріп отырғандай көрінеді.

— Білесіз бе, тарих ғылымының талабы зор. Ол әркашан кен ғылым. Эр тақырыпты өзінің тамырымен, түгел топырағымен кең қамтып алушы талап етеді. Болмаса, ертең қорғай бастағаныңызда, қай жердің болсын, ғылым кенесі тек бүгінгі күн материалына сүйенген еңбекті анық ғылымдық және оның ішінде тарихтық еңбек деп түгел қабылдамауы мүмкін. Ондай диссертацияны ВАҚ әсіресе бекітпеуге болады. Тарих деген ғылымның өзінің «тарих» деген атынан-ақ көрініп тұр гой. Эр мәселені ұшынан кесіп алып, көртіп алып зерттемейді, барлық арғы-бергі жайыменен, тегі-тамырымен қоса тексер дейді.

Алуа ойланған отырып, амалсыз көнуге бейімделгендей.

— Сонда, мен не істеуім керек?

— Сонда сіз, революциядан бұрынғы және тіпті сонау хандық замандардан бастап, Тәуке тұсындағы қазақтың әдет-салтын зерттең, Россияға қараған соңғы және мұсылманшылық, шарифат жолы әйел халына арасынан кездегі көп жайларды зерттең шолып келуіңіз керек. Және әсіресе, мен өзге бір топ әйелдер атын атап берем, мысалы: Қарағлек, Құртқа, Баян сұлу, Қызы Жібек, Айман — Шолпан және Бопай сияқты халықтың ескілігінде, тарихында сакталып келген талай әйелдер жайын түгел танып, зерттеуіңіз шарт. Түсіндіңіз бе? Институт кенесі сізге осы жөндерді зерттеуге тапсырады,— деген кезде, Алуа бұған жауап айтқанша, үй ішінде қарбалас басталады.

Есік жакта тұрган репродуктор сөйлеп кетеді. Ол ақырындау сөйлейді, бірақ хабар өзгеше, күтпеген сұйк хабардай. Жақын столда отырған қазақ жігіті репродукторға қарай тап береді. Оның артынан қарсы отырған әйел жүгіреді. Жақын столдағы екінші жігіт ұмытлады. Ақыры, көрші үйдегі еркек-әйелдер түгелімен репродукторға қадалған, Мардан, Алуа да солай қарасады. Үй ішіндегі әбігер, қарбалас бұларға да жеткен.

Енді алдыңғы адамдардың үзік-үзік сөздері естіледі. Түстері сұық, қабактары түйілген, ауыздарында бір-ақ сөздер: «Софыс!», «Софыс!», «Софыс!», «Фашистер соғыс жариялаған!», «Софыс!», «Софыс!» десіп Мардан да үмтүлады. Қабак түйген, салқын ауыр күйде Алуа жайжай қадам басып, репродукторға қарай жақындаі береді. Еріндері ақырынғана қозғалып ауыр сұрақтай, қатан сыйыр етеді: «Софыс?», «Софыс?..»

Алтыншы белім

«Костёбе» вокзалының басы. Бірінші жолда әскери үзын эшелон түр. Вокзалда, эшелон жанында қайнагай жүрт. Әскерге бара жатқан азаматын ұзатып келген барлық аудан жүртшылығы. Аналар, әйелдер, балалар да мол көрінеді. Қарсы поезд келеді. Ол пассажир поезі Соның орта тұстағы вагонынан Алуа түседі. Қолында жеңіл чемодан. Ол перронда эшелон бойында асығып жүріп келе жатыр. Эр вагонның алдында әскер азаматтар Алуаға қошемет етіп оралысады.

— Алуа, Алуаш, Алуа! — деседі. Алуа олармен қимай қоштасып келе жатады. Келе жатқан бір топ аудан қызметкерлері көрінеді. Бұлардың ортасында Бейсен.

Алуа бірер сөзде Бейсенге:

— Алматы... Алматыдан жеткенім осы болды. Немеңе, қанша жандар аттанып жатыр? — дейді.

Бейсен:

— Міне, көп жастар бар, көбін өзің білесін. Қызметкерлерден де бірталай азамат бар.

Топ енді ілгері жылжып келе жатып, бір вагоннан секіріп түскен Әсияны көреді. Ол әскери киім киген. Алуа құшақтап сүйеді. Әсия күлкілі сұлу жүзбен жалындаған түрғандай.

— Алуа тәте, мен өзім сұраным. Еркіммен барам Отанды корғауға.

— Солай байладың ба, жаным? Жолын болсын, байды тап, абырой тап, аман бол, айналайын, — деп Алуа Әсияны көзінен сүйеді. Аяп қимағандай үзак құшақтай тұрады.

— Есінде болсын, мұндағы туған-туысқан, елін-жүртүң — бәріміз сенін жақсылық хабарынды күтеміз. Бұл ауданнан Отанды корғауға бара жатқан бірінші қазақ қызы сенсін. Біз сенен үнемі хабардар боламыз. Сені

көп сағынамыз, көп ойлаймыз, оны есінен шығарма.
Бақыт тап, бауырым.

Алуа өзгеше күйде. Амалсыздық қинағандай Арман екеуі сәл окшауланып, жәй басып барады. Сырласып сейлескен жандардай. Сөздері баяу, ақырын жайлап айтылады. Айрылысдың соңғы сағатында айтылатын сөздер анық жан сыры. Жалғансыз шыны. Арман сейлейді:

— Энеугі, сіз Алматыға кетер кеште айттысан аз сездер, бүгін қойныма салып, майданға алып бара жаткан ең соңғы қымбат асылым. Қөптен күткен, іздеген, енді гана кезіккен табысым тәрізді.

Алуа қысылып, ұялғандай сәл қолын көтереді. Осы жайды түгел айтқызысы келмегендей. Бірақ өзі қимай, өзін өзі де билей алмай, Арманға тұнғиық көзін қадап, жанағы естігенін қайтадан тағы айтқызысы келгендей болады. Бір уақыт күрмелек тұрып, өзі де сәл шешіледі.

— Иә, Арман, ол кеш... сондай еді. Бар сөздер есімде қалар. Ұмытылмас... Ұмытылмассыз...

Арман Алуаның қолын, екі қолымен ұстай алып, жүргегіне басады.

— Алуаш, рас па? Куанышым, бақыттым боларсыз. О, мен армансызыбын деп аттанам. Солай деші, Алуа. Сблай аттан деңізші.

Алуа сәл бойын жиынқырап, әлі де Арманнан көз алмай тұрып, біраз үндемей барып, енді басқаша, ойлы бір жүз көрсетеді:

— Энеугүні айтып ем ғой, өз ішімді, өзімнін алғаш ашқаным, сезбен болжап айтқаным, бірінші рет осы гана деп едім. Есінізде ме, сонда көптен мұз бол қалған бір тоң бар деп едім ғой.

— Есімде, Алуаш.

— Ендеше, сол кештен бері сізді еске алғаш сайын сол мұз ерігендей, сіз мені сондағы айтқан тоымнан ерітіп, жылтықандай боп едіңіз.

Арман шексіз мол қуанышқа толы. Алуа бір қолымен Арманың сұлу бетін сипап тұрып, соңры сезін сейлеп түр:

— Араға мына күй араласты. Айрылсақ та, шаттық сақтап қаламын. Солай ма, Арман?

— Солай. Мен шексіз шаттық ала кетемін, Алуа.

— Сау бол, бақытты бол.

Осы кездес паровоз қышқырып, эшелон қозғалуға ай-

Енді алдыңғы адамдардың үзік-үзік сөздері естіледі. Түстері сұық, қабактары түйілген, ауыздарында бір-ақ сөздер: «Софыс!», «Софыс!», «Софыс!», «Фашистер соғыс жариялаған!», «Софыс!», «Софыс!» десіп Мардан да үм-тылады. Қабак түйген, салқын ауыр күйде Алуа жай-жай қадам басып, репродукторға қарай жақындаі береді. Еріндері ақырынғана қозғалып ауыр сұрактай, қатан сыйыр етеді: «Софыс?», «Софыс?..»

Алтыншы бөлім

«Костөбе» вокзалының басы. Бірінші жолда әскери үзын эшелон түр. Вокзалда, эшелон жанында қайнаған жүрт. Әскерге бара жатқан азаматын ұзатып келген барлық аудан жүртшылығы. Аналар, әйелдер, балалар да мол көрінеді. Қарсы поезд келеді. Ол пассажир поезді. Соның орта тұстағы вагонынан Алуа түседі. Колында жеңіл чемодан. Ол перронда эшелон бойында асығып жүріп келе жатыр. Әр вагонның алдында әскер азаматтар Алуаға қошемет етіп оралысады.

— Алуа, Алуш, Алуа! — деседі. Алуа олармен қи-май қоштасып келе жатады. Келе жатқан бір топ аудан қызметкерлері көрінеді. Бұлардың ортасында Бейсен.

Алуа бірер сөзде Бейсенге:

— Алматы... Алматыдан жеткенім осы болды. Неме-не, қанша жандар аттанып жатыр? — дейді.

Бейсен:

— Міне, көп жастар бар, көбін өзің білесін. Қызмет-керлерден де бірталай азамат бар.

Топ енді ілгері жылжып келе жатып, бір вагоннан секіріп түскен Әсияны көреді. Ол әскери киім киген. Алуа құшақтап сүйеді. Әсия күлкілі сұлу жұзбен жа-лындаپ тұрғандай.

— Алуа тәте, мен өзім сұраным. Еркіммен барам Отанды қорғауға.

— Солай байладың ба, жаным? Жолың болсын, ба-қыт тап, абырой тап, аман бол, айналайын,— деп Алуа Әсияны кезінен сүйеді. Аяп қимағандай үзак құшақтап тұрады.

— Есінде болсын, мұндағы туған-туысқан, елін-жүр-тың — бәріміз сенің жақсылық хабарынды күтеміз. Бұл ауданин Отанды қорғауға бара жатқан бірінші қазақ қызы сенсің. Біз сенен үнемі хабардар боламыз. Сені

көп сағынамыз, көп ойлаймыз, оны есіннен шығарма.
Бақыт тап, бауырым.

Алуа өзгеше күйде. Амалсыздық кинағандай Арман екеуі сәл оқшауланып, жәй басып барады. Сырласып сейлескен жандардай. Сөздері баяу, ақырын жайлап атылады. Айрылысудың соңғы сағатында айтылатын сөздер анық жан сыры. Жалғансыз шыны. Арман сейлейді:

— Энеугі, сіз Алматыға кетер кеште айттысан аз сездер, бүгін қойныма салып, майданға алып бара жаткан ең соңғы қымбат асылым. Көптен күткен, ізdegен, енді фана кезіккен табысым тәрізді.

Алуа қысылып, ұялғандай сәл қолын кетереді. Осы жайды түгел айтқызығы келмегендай. Бірақ өзі қимай, өзін өзі де билей алмай, Арманға түнғынқ қөзін қадап, жанағы естігенін қайтадан тағы айтқызығы келгендей болады. Бір уақыт күрмелек тұрып, өзі де сәл шешіледі.

— Иә, Арман, ол кеш... сондай еді. Бар сездер есімде қалар. Ұмытылmas... Ұмытылmassыз...

Арман Алуаның қолын, екі қолымен ұстай алып, жүргегінебасады.

— Алуаш, рас па? Куанышым, бақыттым боларсыз.

О, мен армансызыбын деп аттанам. Солай деші, Алуа. Сблай аттан деңізші.

Алуа сәл бойын жынықырап, әлі де Арманнан кез алмай тұрып, біраз үндемей барып, енді басқаша, ойлы бір жуз көрсетеді:

— Энеугуні айтып ем ғой, өз ішімді, өзімнің алғаш ашқаным, сезбен болжап айтқаным, бірінші рет осы гана деп едім. Есінізде ме, сонда көптен мұз бол қалған бір тоң бар деп едім ғой.

— Есімде, Алуаш.

— Ендеше, сол кештен бері сізді еске алған сайын сол мұз ерігендей, сіз мені сондағы айтқан тоқымнан ерітіп, жылтықтандай бол едініз.

Арман шексіз мол қуанышқа толы. Алуа бір қолымен Арманың сулу бетін сипап тұрып, соңры сезін сейлеп түр:

— Араға мына күй араласты. Айрылсақ та, шаттық сактап қаламын. Солай ма, Арман?

— Солай. Мен шексіз шаттық ала кетемін, Алуа.

— Сау бол, бақытты бол.

Осы кездे паровоз қышқырып, әшелен қозғалуға ай-

налады. Арман мен Алуа вагонға қарай жүріп келе жатады. Алуа сөйлем келеді:

— Бәқытты бол, аман бол.

Арман мұны құшақтаң бетінен сүйеді.

— Бар сертім, бар тілегім сенімен. Шақ қуаныш болса да, осы соңғы сәтте ғана бақытымды тапсам да, сол азғантайдың өзі талай ұзак айрылудан, талай таудай бейнетten алып өтер қуатым болсын, қанатым болсын.

Сүйіседі де вагонға мініп кетеді.

Аэродромда. Самолет тосқан екі-үш кісі. Ортада Алуа. Дағдылы пассажирлер самолетінен бөлек, ариаулы адамдар міндеттің бір самолет келіп қонады. Одан шықкан адамдарра Алуа қарсы жүреді. Қелген кісі — Сапар. Оның артында хатшы, сақшы серік есебінде тагы бірер кісі келеді.

Сапар жақсы киінген, толық, көрнекті. Ірі жауапты қызметкер тәрізді. Алуамен екеуінің сөзі соғыс жайында. Сапар соңғы сводка қандай екенін сүрайды.

— Ленинград жайы қалай?

Алуа күйзелгендік пішінде:

— Бүгінгі хабар да жақсы емес. Қаланы коршап қалған сияқты. Шойын жол қатынасы үзілген көрінеді.

— Міне, осыған байланысты майданды тылдың барынша сүйеуі қажет деп отырмыз. Отаның бар күшін мобилизациялық әзірлікте ұсташа деген партия ұраны барғой. Сол талапты орындаپ актау үшін біздің республика басшылығына бір ой келді. Мына Шығыс Қазақстан, Семей облысы екеуінде болып қайтып келе жатыр ем. Жолай саған әдейі соғып түрмән. Мен бір үлкен іске сендердің ауданың басшылық етсе деп ем. Райком соны өз қолына алып, аудан жүртшылығын осы бір үлкен бекініс қайратқа түгел жұмылдыра білсе деймін. Мұны және Ленинградты қоргаудың ұраны ретінде көтеру керек. «Отан үшін!» деген майдан ерлерінің ұранын енбек ұраны етіп көтеру шарт. Осы жөнде Ақтал райкомы республикадағы ең алғашқы басшылық қимылды сендерге жүктегіміз келеді.

Алуа құптағаңдай бас изейді.

«Ақтал» колхозының клубында колхозшылардың қалың жиыны, мол көпшілік әйел. Сахнада Алуа, Жанат, Бойченко Зина стол басына отырған. Осы жиылдың үнсіз

ғана құлак тігіп әдемі оркестрдің, ұлт оркестрінің үнді күйін тыңдайды. Әрі оркестрді әрі аз кісілік хорды бастап Сексек ән төгіп тұр. Жамбылдың «Ленинградтық өренім» деген өлеңіне Сексек жазған бір кантата тәрізді, әсем күй. Біреу күшті күй, біреу Сексектің өзі бастап, ағыл-тегіл жыр төгіліп кетеді.

Сексек жырлап тұр:

«... Қаласына Ленинің
Жаң-жаянан елімің,
Ағытылған отарба
Батырларын жіберген.
Ауыл, қыстақ, шәнарда
Ел салмағы қорғасын
Қорғағалы ордасын,
Құйып жатыр калаға
Деп жауымыз сорласын!»

Осы күймен жалғас Алua сөйлеп тұр.

— Барлық ұлы Отанымыздың ыстық жалынмен сүйген ең қадірлі қаласы — Ленин шаһарі қатерге түскенде, аянар жаң, іркілер жұрт, кешігер күш болмауы керек. Біз Ақтал ауданының Отан сүйген қажырлы әйелдері атынан, бүгін жауға қарсы оқ есебінде, Қазақстан көлемінде ең бірінші рет колхозшы, жұмысшы, қызметкер әйелдер,— майданға аттанған жауынгер ерлеріміздің аналары, жарлары, апа-қарындастары, қыздары бол, осы үлкен үндеуді қабыл аламыз. Өзімізге қояр шартымыз, Отанымызға берер сертіміз сол: өзіміз еңбек еткен колхозда, бригадаларда, совхоздарда, фермаларда, отар-кашарларда, заводтардың цехтарында, «Қостөбе» станциясының бар сала жұмыстарында, барлық кенселерде, оқу-мәдениет орындарында, өзіміз қызмет еткен майдандарда барлық Ақтал ауданының еңбек етуге куаты бар әйелдері өзімізді майдан үшін, Отан қорғау үшін бәр-бәр күшін сарп ететін мобилизациялық халде дейміз.

Жаңары аталған еңбек салаларының бәрінде қызмет етуші әйелдер. Өздерімізді стахановтық, ударниктік озат еңбекке осы сағаттан бастап берілдік, бекіндік деп санаймыз. Сол үшін бригадалар мен бригадалар арасында, аудан көлемінде, колхоздар мен колхоздар арасында, совхоздардың фермалары, отарлары арасында, өндірістердің цехтары мен бригадалар арасында осы күннен бастап, «Отан үшін!» деген үранмен социалистік жарыс шарттарын жасаймыз. Бұл байлауымызды бүкіл Қазақ-

стан республикасының көлемінде мәлім етіп, кең тара-
тып, Қазақстандағы бар облыстарда, бар аудандарда
еліміздің отаншыл сөбекші әйелдерінің бәріне осындай
жолмен еңбек етіп, қайрат етуге үндеу жариялаймыз.

Алуа осы сөзді үлкен шарт-хаттай оқып шыққанда,
барлық жұрт түгел, жігерлене қол ұрады. Тұтас сілкін-
ген халық ажарын көрсетеді.

Тағы осындай жиын «Киров» колхозында. Онда да
жиын алдында басқашарап клубта Алуа отыр. Мұнда
енді оның қасында Старикова Шура, Әлима бар. Әйел-
дердің орыс, казак, үйғыр сияқты ажарлары бар қалың
тобының алдында Алуа жанағы сөздерді жарияладап тұр.
Оның даусы ақырындан өше береді. Соныменен жал-
ғас күй дамып өрлей түседі. Сексектің өзі бастап, Жам-
былдың манағы өлеңнің жалғасы еспелеп, дәуірлеп
ағып тұр.

«... Қазақстан жерінен
Мұнай да арып тасыған.
Сүр қорғасын темірмен
Сол тасқынға қосылған.
Қара көмір, қызыл жас
Секілденіп жалын күш,
Барып жатыр осыдан».

Өткен колхоздағы сияқты мұнда да жанағы үндердің
аярына бар жерде қол қойып жатқан аналар, қыздар,
жас әйелдердің шоғыр-шоғыр топтары көрінеді. Және де
Алуа келесі колхозда, өзгеше клубта қалың жиын ал-
дында. Қазір мұның қасында Зайцева Поля, Зурә, өткен
көріністей тағы да Алуа айқын үнмен жоғарыда, Ақтал-
да оқылған үндеуді оқып тұр. Тағы да күй дәуірлей,
асқындаі түседі. Тағы да Сексек үні басымдан, үдеп ес-
тіле береді. Және де сол өлең жалғасы еспелеп айты-
лып келеді.

«...Сот сағаты жеткендс.
Отан жарлық еткенде,
Жаудың тілі байланар
Солар сөйлеп кеткендс.
Окка үқсаған дәндерім,
Қызылшырай алмалар,
Вал татытып дәмдерін,
Барып жатыр бәрі де
Жүйрік пенен жорғалар
Соның бәрі көмегім
Канқұмарды женуге

Желкесінен жегенін
Сығып ала беруге».

Және де өткендегі көріністей қалың әйел жындары шоғыр-шоғыр болып, қолдар қойып жатыр.

Сексек оркестрі мен өлеңдерінің тұсында осы әрекеттер қалың топ әскер қымылында ретті, қарбалассыз, қалетсіз. Барған сайын, жиыннан-жиын сайын, ширай түскен өзгеше тәртібі үдей берген қалыптар көрінеді. Әйелдердің бәрінің жүздерінде қадірлі қала Ленинградтың қиналған шағын аса жақсы үғынған, сол үшін бойларына қажыр жиған, бекінген ажар байқалады.

Әлі де оркестр ойнап, Жамбыл өлеңдері төгіліп тур. Сол қалып үзілмestен жылдам-жылдам ауыскан, жаңағы үқсанған тың көріністер туады. Қорушіге белгілі сиыр фермасының сауыншылары арасында, ашық аспан астында үлкен жиын жүріп жатыр. Алуа сондағыдай ортада. Енді жаңағы үндеуді оқып тұрган Айбала, мұның қасында Захарова Наташа. Тағы да қалың селдей ағыла толқыған Жамбыл жыры, оркестрдің әсем күйі.

Осындағы жиын және жылдам ауысып, үлкен өндіріс цехінда агрегаттар арасында өтіп жатыр. Мұнда көпшілігі орыс әйелдері. Арапарында қазақ әйелдері де көп. Ортада Алуа. Үндеуді оқып тұрган Попова. Оның қасында жиылдыс басшылығында Алуамен қатар тұрган Бану. Тағы да оркестр, тағы да ән, өлең ағылады. Және де тез ауыскан халде мол коллектив жиылған үлкен зал. Бұл аудан орталығының жиыны. Мұнда барлық әйелдер активі. Басқарып отырған және де Алуа, Сәруэр, Шанда, Сәуле, Халатова. Үндеуді оқып тұрган сол Халатова. Ол жақсы дауыспен серттей қадап, нақтылап айттып тұр. Және де алдыңғы суреттердей оркестр мен Жамбыл өлеңі төгіледі. Сексекке қосылып орыстың көп жас әйелдері бірге жырласады. Қалың жиын, зал жырлайды. Сексек бастап тұр. Сөздер:

«Ұз, қаһарман еренім,
Мактандышым, беделім,
Сырда тұрып анғарам,
Күтірған жау өлеін.
Жауға жүртты шақырған
Сайып қыран Жданым
Мектеп, завод шахтыдан
Жинаған үл-кыздарым.
Ворошилов қол бастап,

Нажағайдай ойқастап
Қамылпауға, қайтпауға
Қәрі-жасқа ой тастап
Жасандырған жасағым.
Жетсін деймін сендерге
Жыл құсындай өлеңім
Қаласында Лепингиң
Сайып қыран өреім».

Және де үдеп, ширай түскен реттілік әйелдер жүзінен, бойлары мен қимылдарынан айқындаі береді. Оркестр ойнап, жыр төгіліп тұр. Жұрт үндеуге реттілікпен келіп, үйір-үйір оралып, көп столдар айналасында тегіс колдар қойып жатыр.

Ендігі бірнеше тез ауысып отыратын көріністер бәрі де өткен бөлімдерде болған жиылдыстардың іс жүзіндегі үлкен нәтижелі, жалынды қорытындысы есепті. Тез ауысып, кезектеп көрініп отырады.

Кант заводының қалың жұмыскері қатар тұрып, конвейермен өткізіп жатқан істері қайнайды. Бір жағынан кант қызылшасы әкелініп төгіліп жатса, заводтың екінші жағынан даяр аппақ қант кесек-кесегімен де, рафинад түрінде де, күм шекер қалпында да іркусіз тасқындаі, мол-мол шығып жатыр.

Мұнда, ірі жұмыс үстінде Халатова, Сәуле, Шанда көрінеді. Барлық өндірістің үзак машиналарының үстінде, үзын созылған ұрандар. Онда: «Баршасы майдан үшін!», «Отан үшін!» деген жалынды сөздер жазылған.

Жылдам ауысқан сурет электр станциясының үлкен агрегаттар цехын көрсетеді. Мұнда Попова, Бану сияқты әйелдердің қайнаған еңбектері танылады. Бұл жerde де ұранда «Отан үшін!» деген сөздер жазылған.

Осылайша, сиыр фермасында тасқын өзендей ағыла төгілген сүт, шайқалған май, бас-бас әдемі оралған сырлар ағылып жатады. Қайнаған еңбек. Мұның ортасында «Отан үшін!» деген жалау астында, еңбек етіп жатқан Захарова Наташа, Айбала.

Кохозда мол бидайлар тасқыны өзендей ағып, үн болып даяр мешоктар толып, конвейермен кетіп жатады. Мұнда да сол ұран астында еңбек еткен Зайцева Поля, Зурә көрінеді.

Енді бір кезек ұшы-киры жоқ өлкені егіс даласына айналдырған тракторлар, топ тракторлар келеді. Ма-

дайларында және де жазу, ұран, сол ұран. Бұл тракторларда Старикова Шура, Әлима еңбек етіп келеді.

Тағы бір кезек, колхоздың жайнаған егіс даласында, қызылшаның өсімін баққан, бар күшті соған төккен, ұшан-теніз далаға шұбатыла, шұбарлана жайылып, үзакқа кетіп жатқан еңбек үстіндегі әйелдер.

Бұлар арасында дамылсыз әрекет үстінде қайрат атқан атақты стахановшы, қызылша маманы әйелдер: Бойченко Зина, Жанат келеді.

Осы далалардың әр жерлерінде ұран жазылған тұлар егіс озаттарының табыстарын, суреттерін салған жанды газеттер, құрмет тақталары кезектеп кездеседі. Жанат, Бойченко фамилиясынан басталған тізімдер өте мол-мол көрінеді. Жеңген еңбек, мындар қымылымен қарыштап бара жатқан тәрізді.

Жаңағыдай әр еңбек майданында қалың қымыл, тынымыз әрекет үстінде алысқан әйелдер топтары бірсек кектемде, бірсек күзде, тағы кектем, тағы күзде және жазда әлденеше рет, нешелер суреттермен кезектеп ауысып отырады. Бұл уақыттарда бізге таныс әр колхоз, совхоз, өндірістерде істейтін әйелдердің өндери де, киімдері де кезектеп өзгереді. Жүздері тотыға түскен, беттері ашандау. Бірақ барған сайын сол жүздерде қайрат, жігер үдей түскен. Отанышыл азамат санасы, әрбір еңбек ерінің жүзінен шапақ атқандай. Алуаның өзі де дәл осындағы сан өзгерістер кешеді. Ол да мезгіл өткен сайын тотығып, бет-жүзі ашандап жүдей түскен. Бірақ соған орай шымырай, ширай берген. Бірде ол ат үстінде шауып келеді, бірде арбада. Кейде жаяу асығып бригадалардағы топтарға, айнымас, шұғылалы күлкілі жүзімен араласып кетеді.

Арада маусымдар, қыс пен жаздар, жылдар да өткени білінеді. Осы кадрлар ауысып, енді бір күзге үлкен жеміс табыс алған маусым аяғына айналады. Үстеріне жанағы ұран мен туларын орнатқан машиналар, үзак салқар обоздар қызылшаны көп өзендердегі ағызып әкетіп жатыр. Таудай қызыл қырмандардан бидай қапшыктарын және де сондағы өзендердегі ағызып әкетіп жатыр. Аса тамаша көркі бар ақ меруерттей күріштер таутау болып қаптарға түсіп жатыр. Жаңағыдай «Отан үшін!» деген ұраннан үзак-үзак машиналардың, арбалардың салқар-салқар топтарына артылып, тиеліп кетіп жатыр. Барлық обоздардың алдарында: Жанат, Бой-

ченко, Зайцева, Зурә. Стариқова, Элима сияқты әйелдер. Олар әдемі киінген, жігерлі, шапшаң қымыл атқан күйде. Үуларының тубінде отырып, өздерінің машиналы, арбалы обоздарын бастап тартып бара-бара жатысады

Қостөбе вокзалынан кетіп жатқан эшелондар. Эсіре-се, жаңағы колхоз далаларынан өздерінің барлық есім-өнімдерін әкеліп, жөнелтіп тұрған қуанышты әйелдер Шеттерінен қайрат, жігер, жалқын атқан күлкілі жүз-дер... Алуаны қоршай тұрған бір үлкен топ, коллективтік ғажайып скульптура тәрізді. Балғын, басым, озғын әйелдер тобы.

Кетіп бара жатқан эшелонға қолдарын сермен, ора малдарын желпіп, күліп қарасып тұрған бақытты жән-жеңген топ. Осылардың тап ортасында, биіктеу орында өзгелерден бойы асыңырап қол сермен тұрған Алуа. Айналадағы мұны қоршаған орыс, қазак озғын әйелдерінің әсем тобы, қазір бір сәтке әдемі бір апофеоз тәрізді танылады.

Алматы вокзалынан ерекше бір ұзак эшелон жөнел-гелі жатыр. Мұны ұзатуышы басшы азаматтар, үкімет адамдары тұр. Осында Сапар бір бөлек келеді. Нина жетеді. Эшелонның көп вагондары толған неше алуан азық, жеміс, сәлемдеме, етік-киімдер, әсіресе бал, шай, күріш, тірелген ұндар, кептірген еттер және ерекше көз тартаң көрінісі бар Алматының алмалары. Эшелонның алдыңғы, орта тұстағы және соңғы вагондардың бойла-рына ұрандар жазылған: «Барлығы фронт үшін!», «Бар-лығы Отан қорғау үшін!», «Тұрған Қазақстаннан сә-лем!»— деген жазулар. Эшелон алдында жақсы пасса-жир вагоны. Бірталай жұрт, басшы адамдар тобы сол вагонға жақындаиды. Вагон ішінен осы эшелонды майданра, сыйға республика атынан апара жатқан ерлер, әйелдер шығады. Бұлардың ішінде қызметкерлер, әр жасты жұмысшылар, колхозшылар да бар. Осы сый әшелонды майданға апара жатқан топтың басшысы Алуа.

Алдыңғы шыққандар жерде тұрып, Алуаңың вагон-нин көрінуін күтеді. Осы кезде Алуа шығысымен Сапар, Нина өзгеше қуанып, оны құттықтай жөнеледі. Алуа түсінбейді.

— О, не болған, жолдастар, айтсандаршы?

Сапар барлық айналадағы жұрт пен Алуага үлкен баппенен қуаныш жайды баян етеді.

— Тамаша, Алуа, Ақтал ауданы Одақтық Қызыл ту бәйгесін алды.

Алуа жарқырап күліп, қуана жөнеледі. Сапар қолын көтеріп оны тоқтата түсіп:

— Сабыр ет, аудан басшылары, сендерге алғыс телеграмма келді. Тағы сабыр ет, Ақтал ауданынан жиырма кіңі Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Соның он бесі әйел, соның ішінде біріншісі Алуа Сатаева,— дегенде Нина, Сапар екеуін Алуа бірдей құшақтайды. Қуана сүйісіді. Айналадағы жұрттың бәрі де мәз, ду-ду шаттықта.

Нина құле тұрып Алуаны құшақтай қысып тұрып, сөйлейді:

— Мінс, майданға барғанда сен осындаі жеңіспен баrasың. Ақтал ауданының әйелдері, қандай ғажап азамат бол шықтыңдар. Майдан ерлеріне бар герой әйелдер жайын бас-басына түгелдеп, толық білдір.

Осы уақытта қоңырау қағылып, паровоз шыңғырып, поезд қозғалуға айналады. Алуа жерге түсіп Сапармен, Нинамен, Сексекпен соңғы рет қоштасады. Сапар қолынан бірнеше пакет-папкалар алды. Қазір Алуа майданға лайық жарымы ереккеше кім киген.

Ақыры, шығарып салушылар тегіс жақсы шыраймен соңғы хош-хоштар айтysады да, поезд майданға қарай тартып кетеді.

Тоғайы қалың, көгі мол Россияның бай өлкесінің біріне, шеткі станция басына жаңагы эшелон кеп тоқтадан. Бұл жерге осы эшелонды қарсы алура атақты «Н» дивизиясынан бір топ әскери адамдар келген. Лейтенанттар, майдорлар, бұларды бастап келген дивизияның политкомиссары Бейсен.

Ол Алуага келе бере құшақтасып көріседі. Сый әкелуші, сый қабылдаушы топтар бауырлас туыстардай қуанысып мәз болысып қалысады. Толып жатқан машиналарға сансыз мол сыйлар аударылып салынып жатады. Енді грузовой, легковой машиналармен жолдан, станциядан бөліне шырып, батыска қарай далаға, тоғайға, алыс тоғайларға беттеп тартып бара жатқан жолаушылар, оларды қарсы алған Бейсендер.

Осы қалың топ дивизия штабы орнаған жерде. Дивизия командирі көп орденді, ұзын бойлы, кесек келбетті генерал, өзінің бар штабыменен Алуа тобын қарсы алған. Алуа ашық, айқын жүзбен генералға қарап, оның қасындағы топқа қарап, сәлем-рапорт сияқты аз сез айтады.

— Жолдас генерал, сіздің дивизия ерлерінің әрекетін Қазақстан жұртшылығы түгел біледі. Зор мактан етеді. Мактан етіп қана коймайды, айлар бойы, күндер бойы мұндағы сіздердей ер ұлдарын, ер азаматын, ағашауырларын, дос-туыстарын үнемі ойлаудан, сағынудан айықпайтын әкелер мен шешелерініз, жарларының бен дос-жарандарының, туған халқының сіздерді сүйген, сағынған сәлемін әкелдік. Және сіздерді сағынған туған өлкеніз Қазақстанның сәлем-сауқат сыйы есебінде, сіздерге жіберген әралуан дәмін әкелдік. Кабыл алыныздар.

Генерал күрметпен Алуаның қолын алады. Құлқі, әзіл, куанышты шырайлар. Енді бір кезекте, сол келген сыйлар дивизия столовойында, полктар орталығында, батальондарда, взводтарда, содан әрі землянкаларда, окопта отырған қазак, орыс, үйғыр солдат, офицерлеріне түгел тарап жатқаны көрінеді.

Полктарда, батальонда, кейбір землянкаларда Алуа топтары командирлермен, солдаттармен өте жақсы амандасып, аралап өтіп жүреді. Бұл топтың қасында генерал және Бейсен. Бір шак генерал мен Бейсен екеуінен Алуа Әсияның жайын сұрайды. Генерал баян етеді:

— Әсия Жабаева біздің дивизияның ерлерінің ішіндеңі ері бол шығып еді. Ол сондай қуандырды, мактандырды да, сондай уайым еткізіп қайғыға да салып кетті бізді.

Алуа үркіп сөйлейді:

— Не дейсіздер, ол қаза бол па еді? Мен оны көремін деп келіп едім. Осы полк, осы батальонға әдейі келген шағымда, оны көрем, көрісем деп келе жатыр ем-ау.

Генерал сәл таңырқап:

— Сіз оны естіген жоқ па едіңіз? — Бейсенге қарайды.

— Мен әдейі мезгілімен білер деп айтпаң ем. Әсия Жабаева Алуа жолдастың қолынан есіргендей, туған сіңлісіндей өз қолынан майданға аттандырған бауыры еді.

Алуа жылап барып жасын тияды. Генерал баян етіп тұр:

— Ол пулемет атқыш болып, жауға осыдан он күн бұрын, дәл осы батальонның қазіргі бекінген орнын алу үшін біз соққы жасағанда, сондай өжет қайрат атып еді. Бір өзі елу шамалы немісті қырған еді. Кейін шабуылды өзі бастап: «Қазахстанцы, за мной!» деп ұран тастап, немістің үлкен бекініс орнын біздің тартып алуымызға себепші болды. Оның батальоны шабуыл жасаған түс, немістің мол күші, қалың жылған жер екен. Біз жаудан аса мол, аса қымбат ғажап трофейлер түсірдік. Қазіргі шакта, Эсияның аты біздің бар батальондарда, полктарда, барша дивизияда соншалық қадірлі, оның үстіне біз бүгін ғана Жоғарғы Командованиядан мәлімет алдық. Эсия Жабаева «Совет герой» атағына ұсылыпты.

Осы адамдар және өзге бұларға ерген жұртшылық бір топ совет ерлерінің қойылған жерлерінде. Сонда Эсия қабірінің алдына келіп, тізе бүккен қайғылы жүзді Алуа көрінеді.

Осы кеште Алуа Бейсен екеуі оңаша әңгімеде. Алуа сырласқандай жай сұрайды:

— Бейсен, мен білем. Бүгінгі Эсияның жайындай тағы бір ауыр жайды маған айтура қимай отырган тәріздісің. Маған сұратпай айтсаң етті. Кімнің жайын сөйлеп отырганымды түсінесің ғой,— деп, уайымды жүзбен Бейсеннен жауап күткендей, қадала қарап қалады.

Бейсен аса күңгірт жүзбен, сәл ақырын ғана ерні қыбырлап:

— Түсінемін. Сұрағаның Арман ғой...

— Бар ма, тірі ме?

Бейсен үнсіз. Алуа өксіп-өксіп жылап жібереді. Бейсен сөйлеп отыр:

— Сен келгелі күн бойы «осыны қашан сұрайды» деп едім. Не дерімді ойласам да таппап ем, Алуаш, сенің ғана жанқүйерің емес, менің де осы майдан қатты табыстырған, сондай асыл досым еді Арман.

Алуа жылап отыр:

— Қашан, қашан? Ол қаза болған ғой, қайда? Қашан қаза болды?

Бейсен:

— Үш-ақ күн ғана болды. Үлкен шабуыл үстінде қатты қактығыс, қалың соғыс кезінде қайтпай қалды. Бел-

гісі жоқ болғаның ішінде, сол қырғында қаза болды деп отырызы.

Алуа екеуі де қатты уайыммен үнсіз салбырап қалады. Осы кезде генерал жылдам басып, ажарлы, көтөрінкі жүзбен келеді.

— Жоластар, білдіндер ме, көрші дивизиядан генерал Матвеев штабынан, мен міне аса қымбат хабар алдым. Жана ғана связной экеп тұр. Үш күн бұрын біз жоғалтқан, менің аса қымбатты командирімнің бірі Баисов Арман бар екен.

Алуа аптыға қуанып, үмтұла тұрады. Бейсен де соншалық шаттана дауыстай, күле жайнап атқып турған.

— Шын ба, жолдас генерал? Білдіңіз бе, сіз біздің қонағымыз Сатаева жолдасқа қандай қуаныш әкелгенинізди білдіңіз бе?

Генерал сұрақ белгісін айқын танытқан жүзбен Алуаға жалт бұрылады. Алуа сәл өзін іркіп, үстана тұрып қуанышын жасыра алмайды.

— Рас, жолдас генерал, жасыра алмаймын, сіз қуаныш қана әкелген жоксыз, бақыт әкелдіңіз.

Генерал іркіле беріп:

— О, жақсы екен, бірақ... бірақ,— дей береді.

Бейсен:

— Баисов Арман біздің Алуаның осы соғыс майдан кезінде атасқан, серт байласқан күйеуі.

Генерал шүғыл өзгереді.

— О, ол сондай жақсы екен, жолдас Сатаева, бірақ білесіз бе, мен сіздің үмітінізді алдай алмаймын. Мен оның бар екенін біліп қуанып тұрмын, бірақ ол жаралы. Айтуына қарағанда, ауыр жаралы. Матвеев дивизиясының санитарлары бүгін тауып алып келіп, Баисовтың сұрауы бойынша, маған хабар жіберіпті.

Алуа тағы шошып, қайта жылап жібереді...

Алуа полевой госпитальда. Қатты жаралы, өне бойы, басы-беті де шымқап таңылған, өлі де сыртына қаны шып-шып шығып жатқан, өлім халіндегі Арманды Алуа аймалап жабыса құшады. Қиналып өксіп шерленеді. Ауыр налада. Анда-санда толқын, қайғы арасында, Арманға өзінен өзі сыйыр шер ашқандай болады.

— Неліктен, япрай не үшін?.. Мұндай да жаза бола ма? Мұншалық, катал ауыр дерт бола ма?

Қыбырсыз, үнсіз өлі жандай тым-тырыс жатқан Арман сәлғана ернін қыбырлатады. Өте әлсіз сыбырың андай алмаған Алуа, жүзіне жүзін тақап, төне түседі. Арман тағы үнсіз, енді зорға дегенде кірпіктері қозғалып, баяуғана көзі ашыла береді. Қап-қара нұрлы, ойлы, бірақ ауыр қасірет шеккен көздері Алуаның жүзін бір танып, бір жогалтқандай.

Жасаулы кең бөлмеде, оңашаға үлкен қызмет столының жанында көп кітаптарға, қалың қолжазбаларға үцілген, қолдарында қарындаш-қаламы бар Нина мен Алуа көптен еңбек еткен, сол ұзақ еңбек үстінде біраз талған, қажыған пішінде. Нина Ивановна салқын ажармен Алуаны кінәлай сөйлеп отыр. Колында Алуаның үлкен қолжазбасы.

— Мен оппонент боламын. Сен диссертация қорғауға көп әзірлік жасағансын. Бірақ мұнда толып жатқан керексіз, артық дүниені теріс барыттан шарлағансын. Мысалы, мұнда әлдеқандай Алтын орданың хандар сарайының жоқшысы, заршысы Қараулекті неғыласың? Эменгерлік, жесірлік салтының соншалық тұтқыны, күңі болған Қызы Жібектен не іздейсің? Және, әсіресе, орыс халқы мен қазақ халқының жауы болған Қенесарының қарындасы Бопайды несіне осынша көтеріп дәріптейсің? Қазақ әйелінің халына арналған ғылымдық енбектің бір мақсаты осында болғаны ма? Мен сенен сұраймын, осы ма?

Алуа ойланып, қысылып жауап береді:

— Осы бөлімдерді қоспаса, толық ғылымдық зерттеу болмайды, тарихтық, ғылымдық қабілет болмайды дестірой.

Нина шапшан, ызалана сұрайды:

— Кім солай деді?

— Менің екінші оппонентім. Анау профессор Есенов Мардан солай деген жоқ па.

— Ол өзі адасады, өзімен бірге сені де адастырған. Ал, болмаса, өзің аңғарарсың, ойларсың, сен саясат жолында піскен адам деп ойлаймын. Мұның артында өзгеше залалды улар жатқан болмасын. Ойласаңшы, сениң өзіңнің ғана өмірің, тартысың, тағдырың біздегі әйел жалының соншалық зор тарихы емес пе? Жалғыз сен

көргенің бір өзі қандай ғылымдық енбекке тақырып болмас еді?

Алуа ойланып отыр, бірақ әлі байлаған жок.

— Сүйтіп, бұрынғыға арналған бөлімдерді түгел тастаймын ба?

Нина ашууланып сөйлейді:

— Қимай отырсың ба? Осыны өзің андамағаның үшін, енді мен ұрсамын саған. Кінәлаймын мен сені. Және есінде болсын, мен оппонент болғанда, осы жөнде қаталығың болса, аямай соғамын, айтпадың деме.

Екеуі үндеспей, ұзак қарасып барып айрылысады.

Жемісі жайқалған бақшалары мол, асқар биік қарлы заңғарлары ала бұлт арасында мұнарланған гажайып өлке, күншуа шақта. Асфальтті кең, түзу көшеде, оқшау, әдемі особияктің есігі ашылады. Есік алдында үйкен, сәнді жаңа машина түр. Соған қарай жаңағы үйден шықкан, жақсы киінген екеу қозғалады, жүріп келеңді. Күліп, көнілді сөйлесіп шықкан бұл екеу Алуа мен Арман.

Арман сәл сылтып басады. Екеуі де жазғы, өте ұнасымды, жақсы киімдер киіскен. Машина бұларды алып жөнеледі. Енді бір кезек, үш қабат үлкен үйдің парадтық есігіне әкеледі. Бұл үйге көп жандар шұбыра кірісіп жатыр. Осы үйдің ішіндегі үлкен келісті зал, эсем жишелған сахна, сонда отырған еркек-әйелдер аралас, әр жасты ғылымдық кенес мүшелері. Зал толы қазактың орыстың аса мол жиылған, өзгеше бір мажілісі. Залдың орта түсінде отырған Сексек те көрінеді. Ғылым кенесіне сәл оқшауырақ жерде, жеке стол басында сөйлеушіні тыңдай түсіп, қағаз жазып Алуа отыр.

Қазір қатал үнмен прокурор тәріздене сөйлеп тұрған Алуаның айыптаушысы есепті профессор Мардан Есенов.

— ...Тағы қайталап айтамын, құрметті ғылым кенес мүшелері, диссертант Сатаева Алуа, көп енбек етіп, анықтарихтық ғылымға қажет болған деректерді жинап алса да, білгенін пайдалана алмаған. Соның орнына бар еңбегін азға, саязға сайған. Ғылымдық зерттеу емес, жендел үгітшілеріне блокнот есебінде жүрерлік брошюра қатарынан аспайтын, немесе журналдық мақаланың бойынан аспаған, арзан шындықтарды тізген. Осы себепті

мен Сатаеваның еңбегін ғылымдық бағасы бар еңбек деп тани алмаймын. Сондықтан, құрметті Ғылым кеңесінің мүшелері, совет оқымыстысының ары маған бүйіруы бойынша, мен бұл еңбекті диссертантқа кандидаттық ғылым дәрежесін беруге жетерлік еңбек деп санамаймын. Бұл еңбек үшін Сатаеваға тарихтық ғылым кандидаты атағын беру мүмкін емес деп корытамын.

Алуа мізбақпай қарап отыр. Оның жүзінде сескенген, жасыған күй жок. Қайта, жігерлене, қайрат жия түскен, қайсар ажары бар.

Мардан сөзінің соңғы түсінда, залда және Ғылым кеңесінің мүшелері арасында, әралуан қозғалыс, толқу, түйілген қабак, түршіккен түстер көрінген. Біреуге біреудің айтқан қатты, шапшаң сыйырлары, таң болған сөздері, құңқіл-сыйыр, әртүрлі жыбыр түрінде бүкіл үлкен зал бойында, айқын аңғарылып тұр. Жұрт аузындағы сөздер:

- Қандай қатты байлау.
- Не деген аяусыз соққы.
- Бүйтетін болғанда, оппонент боп несі бар?
- Мынау тегін емес қой, мұның артында бір үлкен зілдер жатқан жок па өзі?
- Негылған қастан мінез сияқты нәрсе?— дескен әр жасты ерлер, әйелдер сөздері естіледі. Залдың дабыры, наразылық сыны, кейде ызалана түршіккен үндері, түрлері байқалып тұрады. Жұрт ұзак уақыт тыныштық ала алмай, дабырлап, қобалжып кетеді.

Ғылым кеңесінің бастығы ұзын бойлы, кесек жүзді қазақ жігіті қоңырау қағып, залды зорға тыныштыққа қайырады. Арман да жаңағы күйлердің бәрінің түсінда Алуага үнемі қайрат бергендей, ажарлы жүзбен қысылмай, қымсынбай қарап отырған. Ешкімге бір ауыз сөз қатпай, әлі де Алуа жүзіне қадалып отыр. Қазір Алуа трибунада сөйлеп тұр.

Зал жым-жырт тынып қалған. Бірақ жаңағы неше алуан наразы болған, түршіккен, ызаланған адамдардың бәрі де Алуаның ендігі сөздері күшейіп, басымдал, Марданды сынап, соққыға ала бастаған кездерде Алуага қарай жылынып, тілеулестік пен достыққа анық ауысып бара жатады. Алуа барған сайын өктеп, үдең сөйлеп тұр.

— Жолдастар, профессор Есеновтың менің еңбегімді айыптаған сөздеріне, қарсы айтатын дәлелдерімді ко-

рыта келіп, құрметті Ғылым кенесінің мынау жайға айрықша назар аударуын максат етемін. Профессор Есенов мені Қараулек, Бопайлар жайын жазбадын деп кінәлайды. Менің диссертациямның жөні ең алғаш 1939 жылы, одан кейін 1941 жылы сөз болып жүрген шағында, әр кезде жаңағы әйелдерді профессор Есенов маған үнемі қолденең ұсынатын еді. Мен осы кісінің айтуды бойынша, ол әйелдер жайын, заманын аса көп уақыт бөліп, зерттеп шықтым. Зерттел шықтым да, мынау диссертацияма кіргізгем жок, әдейі кіргізгем жок. Себебі, біздегі әйел жайын зерттеген еңбектің ең зор, ең қасиетті тақырыбы да, мақсаты осы кітап ішінде мен жазып шықкан бір-ақ жайға арналса жетеді. Ол — біздің Отандагы әйелдер арасындағы коммунистік қозғалыс тақырыбы. Ал, Қараулек, Бопайлар хан сарайының, біреуі Ногайлы ханының, біреуі казактың жауы Кенесары хандығының жоқтаушысы, қостаушылары. Осылардың жайын маған «жаз» деп тықпалай берген себепті, мен қазір осы жиын үстінде өте айқын түсініп түрмyn. Сол түсінігімді мына отырған жұртшылық — сіздер де түсінсін деп түрмyn. Профессор Есеновтың, менің қолыммен бурынғы Алтын орда, Ногайлы хандықтарының кешегі қазактың феодалдық, хандық сорақылық түрмисын жаздырмақ мақсаты бар екен. Бұл ғылымдық проблема деп аталған бопты. Анығында, ол ғылымдық проблема емес, атын атап бар сырғы мен шынын ашып айтыйын, жұртшылық, ол барып тұрған буржуазиялық, үлтшылдық программа екен.

Залдагы жұрт Алуага барынша достық, тілеулеңстік ажар көрсетіп, қыза қостап, сүйсінгендей болады. Ғылым кенесінің бастығы залды тәртіпке шакырады. Енді Алуа өте қайратты, ажарлы жүзбен жалындаپ тұрған қалпын сәл баяулатып, іркіп, ой мең жігеріш енді басқаша сейлеп, таныта бастайды.

— Профессор Есенов маған дау айтып тұрған жок, зор қарсылық қайрат атып тұр. Бір жайды еске алайын, 1926 жылы мені екі әйел үстіне зорлықпен тоқал етіп аламын деген бай болған еді. Сол бай 1931 жылы колективизация түсінда маған оқ атқан еді. Сол байдың бірге туған інісі профессор Мардан сіз едіміз,— деп Марданға қарап тұрып сейлейді.— Сіз сол ағаңыздың конфискациясы түсінда жұртшылықты бір әрекетпен сендерген болдыңыз. Бірақ ол түлкі жүріс екен, Содан

бері 1931 жылы мен Ақталада істеп жүргенімде әрі ұры, әрі банды боп кеткен сіздің ағаныз қашып ауданға келгенде, Алматыдан сіз де сол тұстан барып шығып едініз. Мен сіздің сондағы банды ағаныздың атқан оғына үшырап едім. Ол сонда мені жоймаққа оқ атқан еді. Сіз сол тұста неге барып, неге кеттініз? Мен ол шакта анқаулықпен андамаппым. Бірақ мен бүгін, осы сағатта бар жайды, сіздің бар жайынызды, өмір жолынызды анық түсініп тұрмын. Мен сондағы ағаныз атқан оқтан өлмей қалып едім. Бүгін сіз сол ағаныздың қолынан түскен мылтықпен мені қайта атып тұрған жоқсыз ба? Атып тұрсыныз және көп әзірленіп кеп, көп жасырынып, боялып, құбылып кеп атып тұрсыз.

Зал тағы да қызынып, Алуаға сүйсініп, мұны барынша қостап ду-ду етеді. Жиылдың бастығы залды зорға қайырып, тыныштап алады. Алуа енді еркін, кен, сәл күлімдеген жүзбен, салмақты үнмен сонғы сөздерін айтады:

— 1926 жылы мен сол қорқау байлардан үрейім үшып қашып Қызыл отауға келген ем. Сонда мені студентка, орыс қызы Нина жаудың оғына өз кеудесін төсеп, қорғап алып еді. Сол орыс қызы партия, совет азаматы, партиялық, лениндік ғылымиң батыл қайраткері профессор Нина Ивановна Ершова бүгін мені зор қаталықтан қорғап, профессор Есеновтың алдауы мен аздыруына ергізбей, аман алып қалды. Тағы да мың саярақмет орыстың жақсы адамы — Нина Ивановна! — деп сөзін бітіреді.

Зал дулап, шулай сейлеп, қатты сүйсініп қол соғады. Ғылым кенес мүшелерінің біраздары да шыдай алмай қол соға бастаған.

Осы Алуа сөздерінің және залдағы жүрттың жоғарыда суретtelген мінез, әрекет, құбылыстарының катарында төмендегі бір бөлек уақығалар үнемі жарыса жүріп отырған.

Көп ішінде Сексек мәз болып күліп, кейде дауыстал та сейлеп, кейде Алуа үшін, рақаттанып, масайып қалады.

— Е, е, бәсе! Бәсе! Тап солай. Дәл солай. Дәл-дәл солай. Бәсе, біздің Алуа қалай? — деп жорғактап қол соғып, тыным ала алмайды. Сонда мұның қасында отырған қішкентай бойлы әйелге Сексек мінездері ерсі көрі-

неді. Ол бір-екі рет тамсана қарайды да, енді шыдай алмай, Сексекті кекете сөйлейді:

— Е, мына бейбакқа не боп кетті? Ұшып кетер ме екен.

Сексек мұның кекеткенін байқап қалады.

— Эй, сен не дейсің өзің? Қараши тілін, қаршадай боп ап.

Сексек қасындағы көршісін кішкене қыз екен деп ойлады. Анығында, ол бойы аласа ересек әйел. Енді Сексектің сезіне әйел намыстанады.

— Қаршадай? Қараши сезін. Өзі таудай кісімсіп.

Екеуі бір-бірін жаңа ғана аңгарысқандай бұрылысып, оқшырая қарасады. Сексек бұл келіншекті анықтап аңгарған сайын, қуана танырқап, тамашалай береді. Енді мұның үрүспақ ниеті жок, қайта оқыстап мәз болып, себепсіз күле береді.

— Не дедің, әй айналайын, таудай деймісің?

— Е, таудай десе немене? Болмаса нардай жігіт деңін бе?

— Айт, айт, айналайын, тағы айтшы? Ой аст-ай...

Келіншек енді бұған таңдана бастайды. Тамсанып қояды.

— Қарағым-ау, есалан ба? Немене ыржалақтайды өзі?

Сексек болса, келіншекке барынша енсесі кетіп, мәз бола қарап отыр.

— Ой астай. Ой то-ба... Іздегенге сұраған...

— Сұраған болса сұраған, Корқар деп пе ең сенен?

— Өнедейсің, қалқам-ау?

Келіншек әлі үрүсқан халде:

— Е, шошып кетер деп пе ең сенен, дәу неме, айбатынан корқар деп пе ең?

Сексек үйірліп, қуана күле береді.

— Е, қорықпа, ойбай, қорықпа. Айналайын, тек қана, бір ғана сез айтшы, қалқатайым. Осы, қүйеуің бар ма? Жоқ па?

— Жоқ болғанда қайтейін деп ең? Қорғаны жоқ деп жеп қоям ғой дейсің бе? Ал, қүйеуім жоқ.

Сексек алақайлап қуанып, орнынан бір атқып тұрып, бір отырады. Бұл кезде Нина менен Алға аса ыстық құшқақ қосып сүйіседі. Екеуінің де көзінен жастар домалайды. Сексек өз қуанышымен мәз:

— Іздегенім, дәл, дәл өзі...— дей береді.

Тарап жатқан жыны ішінде, үлкен зәулім үй жанында Сексек пен жаңағы келіншек те кетіп барады. Сексек-тің бойы келіншектен әнтек биғірек. Сексек келіншекке сүйсіне қарай түсіп, жөнін айтып келеді.

— Бұл жайды жақсылап тында, жарқынам. Мен енді барымды айтам. Осы шаққа шейін Жиренше шешен сияқты өзіме лайықтыны іздеп келгем. Бойы лайықтыны айтам. Бойыма бойы тенді айтам.

Екеуінің қасынан бойлары ұзын паралар өтіп жатады. Сексек соңғы бір парага одырая, ұнатпай қарап қалады.

— Болмаса анадай, тырнадай әйелді мен неғылам.

Қасындағы келіншектің иығына, дene мұсініне мойын соза айнала қарап масайрап сүйсінеді.

— Ой астай... дәл өзі... Тап іздегенім, а-а айнала-йын...

Енді келіншек те күліп, бұған жылушырайды. Жы-мия күледі.

— Ендеше менің атым Бал-жан. Бал-жан.

— Айналайын атындан... Аты қандай десеңші. Әрі бал, әрі жан... Сондай тәтті... Бұлдіршіндей.— Өз-өзінен мәзденіп,— үріп ауызға салғандай...

Екеуі де мәз, қуаныса күле береді.

Көп кіслік сәнді самолет үлкен шаһар үстінен төніп тақап келген. Самолет ішінде тек әйелдер. Орта жасты, толық денелі орыс өйелі, соның қасында Алуа, қатарда, кейінгі реттерде отырғандар: түркмен, өзбек, әзірбайжан, қыргыз, тәжік сияқты, советтік шығыс елдерінің әр жасты, жақсы киінген әйелдері. Тағы бір қатарларда: Сирия, Ливан әйелдері және қара Африканың негритянкалары аралас көрінеді.

Самолеттегі әйелдердің барлығы төменге, шаһар көрінісіне қадала қарасқан. Барлық ауыздарда: «Пекин», «Пекин» деген сөздер. Самолет баяу айналып, шексіз мол қаланың үстін әдейі дөңгелей шолып, көрсете үшқандай. Самолет қанатының астынан енді мол Пекин ашыла береді.

Ұзак, шексіз созылған қабыргалар. Неше алуан сәнді пагодалары аспандаған, қат-қабатталған, біреуі биғірек, бірі төменірек орналасқан ескі ғажайып имараттар-

дың талайын жай барлап, кезіп өткен самолет аэродромға түседі.

Мұнда жаңа самолет әкелген қонақтарды қарсы алуышы қытай әйелдері шығады.

Калың жиын үстінде дүние жүзіндегі талай халықтардың жалаулары, тулары. Соларда: орыс, қытай, араб, индия, ағылшын, корей, вьетнам, түрік тілдерінде жазылған ұрандар. «Жасасын азиялық әйелдердің бірінші конференциясы!»

Қонақтар машинада. Машиналар сыртқы шаһарды оның парктарын, усадьбаларын басып өтіп, Храм-Небу (Тянь-Тянь) және мінәжэт үйі Фа-юансы сияқты гаяжайып имараттарды көре отырып отельге кеп тоқтайды.

Енді бір кезек сансыз көп машиналар сан алуан үлгіде киінген неше тұс, нелер типтес Азия әйелдерін қала сыртындағы салтанатты сарайға әкеледі.

Алуа мен оның жолдастарына қытай әйелі орысша баяндап тұр.

— Біздің қазір келген жеріміз патша қатын — Ци Сидің жазғы сарайы,— дейді.

Осы сарайдың салтанатты галереяларын, жеке-жеке аландарың аралап келе жатқан шақта, Алуаға өзінің жолдастары, совет әйелдерінің басшылары бір ерекше жайды тапсырып, сөйлесіп келеді.

Орта жасты орыс әйелі Алуаға ақылдаса сөйлеседі:

— Осы конференцияға келген мұсылман әйелдерінің бір тобы советтік шығыс елдерінің кейбір өкіл әйелдермен сөйлесеміз дейді. Соған сен сөйлес, Алуа.

Өзге әйелдер де Алұаның баруын макұлдайды. Бірақ жан-жақтан сол әйелдер достық ескертулер айттысып, тілекестік білдіріседі. Сенімді жүздермен, бейілмен үзатып салысады.

Алуа осы сарайда музейлік ғажайып қымбат статуялар, Будданың әралуан суреттері тұрған орында жай қозғалып, сөйлесіп келе жатқан бір топ әйелдер арасында. Катарда қалып жатқан идол, статуя, изваянилердің ішінде неше алуан адам шошырлық айдаһарлар, көп басты жыландар, аксиган тіс, қорқыныш күш нелері, әлденеше сүмқадам жүздер, бейнелер көрінеді. Кейбіреулері қоладаи, кейбірі күмістен, темірден, ағаштаи, сургучтен, тағы біреулері фарфордан, гипстен, балшық-

тан жасалған жаңағыдай неше алуан құдайлар, қаранды, қаскөй, қатал күштер бейнелері, үнемі созылып, іле-сіл отырады.

Бұл галерейе көрсетіп түрған пішіндердің, кескін-мұсіндердің бәрі де Алуамен сойлесіп келе жатқан мұсылманшылықтың жоқшысы, қаранды саналы кейбір діншіл әйелдердің шындық дүниесін аша тусіп, танытқандай. Әйелдердің Алуадан басқа, бәрінің киім-ұлгілері әр бөлек. Мұнда Индия мұсылман әйелдерінің киімі, иран әйелінің, түрік әйелдерінің, сирия, ливан, ауған әйелдерінің киім ұлгілері, бет-тұлғалары аңғарылады. Арала-рында кейбір европаша киінген, оқыған әйелдер де бар. Бурыл шашты қартан иран әйелінен басқа көбінше жас әйелдер байқалады. Орта жасты иран әйелі мен ак шашты түрік әйелі Алуара кезек қадалып, мұнымен тала-сып, кейде ызалы, кекесін түрде дауласып отыр.

— Сіздер, қазак, өзбек, татар, түрікмен сияқты халықтар, бұрынғы тарихта Ресей мұсылмандары атала-тыныздар. Бұл елдердің көбі ислам дініне кірмес бұрын, жабайы уахшилар еді. Исламият сол халықтардың әйелдер халына не жаңалықтар кіргізгенін сіз білмейсіз.

— Әлбітте, білмейді. Үйткені бұл кісі өзі мұсылман емес.

Тағы да бір әйел өршелене сөйлейді:

— Себебі бұл кісі дінсіздерден.

— Өзіңіз дінсіз бола тұра және халықтарыңыз та-рихына дін тарихынын не қосқанын білмей тұра, сіз біз-ге сейлеген сөздерінізде ислам дінін жамандап тұрсыз. Сіз ен әуелі ислам дінін бастауышы Мұхаммәд-Мұстафа өзі айтқан жолды білесіз бе? Білмейсіз.

Алуа бұл әйелдердің ызланған, томырылған жұз-дері мен сөздеріне күле қарап түрған. Енді ол салмақты жауап қайтарады.

— Жоқ, білмейді емеспін, білермін.

— Айтынышы, білсөніз. Мысалы, Мұхаммәд пайғам-бар әйелге оқыма деген бе?

Алуа күліп, бас шұлғып тұрып сөйлейді:

— Жоқ, оқысын деген.

Анау әйелдер таңданынқырап күліп, ентелей түседі. Сонда Алуа өте таза араб тілімен пайғамбардың хадісін айтады.

— «Әл філми фаризатун ғалә кулли муслимина ва мослимәтун»,

Әйелдер таңралып, алдынғы шабуылдарынан сәл іркіле бағтайды. Алуа бір қалыпты кең, күле сөйлеп тұр.

— Рас, осылайша пайғамбар: «Ғылым мұсылман ерлермен бірге мұсылман әйелдерге де фарыз» деген. Бірақ соны айта тұрып, мұсылман ғаламының барлығында әйел халқының масқара күндікке, қорлыққа ұшырауына осы жолдың өзі себеп болған.

Әйелдер шуылдал, дабырлайды.

— Өзі емес, кейінгі жалған ғұламалар, қаранды фанатиктер. Кейінгі замандарда бұзып өзгертуен әйел халын.

Тағы бір әйел мұны қостайды:

— Мысалы, сұлтандар, шахтар құрған храмдар пайғамбар әмірімен туып па еді? Чадра, чачуандар болсын деп айтып па еді? Эр хаулидә ичкәриләр болсын деп қашан пайғамбар айтып еді?

Алуда әлі де еркін, мыскыл жүзбен сөйлейді:

— Рас, оларды айтқан жок. Бірақ өзі өмірінде тоғыз мәртебә үйленген Мұхаммед демейтін бе еді. Қоздері тіріде, қатарынан төрт әйелмен никахта болып тұру мүмкін деген кім еді? Тоғыз жаста қыз бәліғаға толады деп Файшаға өзі қызыққандықтан жас нәресте әйелді аздыру жолын ашқан кім еді? Дін басы, ахлак, адамшылық, әділет басы дейтін ұстаз өзі соны істесе, кейінгі шахтар, сұлтандар, әмірлер, халифтар, харғамдар жасамай не жасаушы еді? Әйел жынысын азат ету жолында дұрыс ойлайтын болсаныздар, ол дінмен байланысты болады деп білменіздер. Қай діннен болса да әйел халына рахым күтпеніз.

Әйелдер ішінен ақ шашты түрік әйелі қатал үнмен кесе сөйлейді:

— Біз әйел халы үшін, азаттығы үшін алысушымыз. Сонымен бірге және айтамыз, алхамді лілләһи және мұсылманбыз.

Алуда енді қатаң сынап сөйлейді:

— Міне, сіздердің елдеріңіздегі әйел қозғалысының соры осы. Біз бір-бірімізben аналар, апа-сіңлілер, құрбылас әйелдер есебінде кездесіп тұрмыз. Әрқайсымыздың артымызда сан миллион аналардың, жас әйелдердің тағдыры, тарихтық тілегі.

Анау әйел Алуаның сөзін ызаменен қағады.

— Сіз бізді діннен аздырамын деп үгіттеменіз.

Алуда қатаң, шапшаң сөйлейді:

— Мен үгіттемеймін, бірақ мен сізге шындықты айтам. Эйелдер арасындағы буржуазиялық қозғалыс Турция, Иран эйелдері — сіздерден ғана басталған жоқ. Франциядан, Америкадан, Англиядан феминистка, сұфражисткалар қозғалысы ертеден-ақ басталған. Бірақ солардың бәрінде де бүгін сіздердегі сияқты буржуазиялық қоғамның дініне, заңына байланысты көртартпа сана басым болғанда, эйел халына әлі күнге түк өзгеріс кірмей келген. Сондағы сордың ең үлкені — осы сіздер сияқты біреулер өзінің христиан дінін, біреулерді буддизмді азаттық оймен аламыштап бос қана әурешілікте келген. Сіздерге эйел халының жоқшысы болғанша, тыныш қана инабатты мұсылмандық иғтиқатты ханымы ғана болып отыру жайлырак деп білемін. Болмаса, ойланана білсекіздер, қазіргі біздің заманда XX ғасырда эйел халының шешуі бір ғана жолда, бір ғана негізде келетінін аңғарар едіңіздер.

«Үгіт», «Үгіт» деп жаңағы екі-үш эйелдер ызалы на-
мыспен жүлкіна тұрысады. Бұрк-сарқ етіп жұлына же-
нелген сол екі-үш эйел байқалады. Бұлардың бірі — ақ
шашты турчанка, екеуі соған жасы тетелес иран, ауған
эйелдері.

Осымен қатар, жаңағы Алуда сөздері мен мінездеріне
еріксіз ой бөліп, бұл сәйлеп тұрған уақытында амалсыз
ден қоя, анықтап құптаған бастаған эйелдер көбейеді де,
әсіресе, солардың жастар жағы Алуаны бұрынғыдан да
коршай түсіп, дос тұта бастаған ажар байқатады.

Алуаның қасында қалған әр үлттың эйелдері бұны
қамап коршай түсіп, жабыса сөйлеседі. Жан-жақтан
тың сұраптар беріседі.

— Азия эйелдерінің тартысын сізше енді қандай
ұрандар астына тез үйстыруға болады.

— Иә, сіздің жаңағы айтқаныңыз рас, Азия эйелі тар-
тыспен, үлкен әлеуметтік тарихтық тартыска қатынасу-
мен ғана есеге жетеді.

— Дін бұл жолда программа емес. Ол тек бөгет.

— Бәсе, біз сізben дін таласы үшін кездеспек емес-
піз-ді. Жаңағы эйелдер адасады. Сіз бізге ендігі тың
тартыстың, бар Азия эйелінің басын қосатын тартыстың
бетін айтыңыз.

Алуа батыл, бекіп сөйлейді:

— Міне бұларыңыз анық орынды сұрап. Бұл жолда
менің айтарым жалғыз-ақ дәл бүгінгі күндер үшін ұраи.

Ол бейбітшілік үшін ұран. Аналық, жар жолдастық, жас қызы талапкерлік бәрі үшін жалғыз үлкен қауіп төніп келеді дүниеге. Ол тағы бұлт қоюлап келе жатқан дүние соғысы... Сіздер мен айтпай-ақ өз тағдыр тәжірибелеріңізден білесіз, бәріңіз де көріп татып болдыңыздар. Бар жаманшылық пен сорды бұрынғысынан он есе жаманырақ, сорырақ ете түсетін соғыс. Азия әйелі әрі өзінің әйелдік, аналық, балалық бақтының қорғау үшін, әрі дүниелік ең ұлы, ең таза, биік, актық ұранға үн қосу үшін — тек қана бейбітшілік ұранның қостасын. Дұрыс па осы?

— Дұрыс.

— Анық айқын жол осы.

— Шынымен бар Азия әйелін, дініне тіліне, ұлтына қарамай өздерін бір-біріне қосатын және бәрін апарып дүниежүзі әйелдерінің тартысына қосатын осы жол,— деп жас, көрікті египет әйелі Алуаның қолын алады. Бірге тартысуға серт етіскендей болысады.

Зор зал толған неше алуан киінген аса көп әйелдер жиыны. Мұнда орыс, қытай, корея, бирма, вьетнам, индонезия, индия, иран, ауғанстан, аравия, сирия, ливан, қара жүрт әйелдері және де көп. Совет Одағының халықтарының әйелдері де мол. Осы сонғы топ арасында Алуа.

Индия әйелі сөйлем түр:

— Индияда әйел саны еркектен 13,5 миллион кем. Көп әйелдер өмірін жастай ерге беру құртады. Ерте ана болу ғана емес, кем-кетік болу да, қаза табу да содан туады.

Япон әйелі сөйлейді:

— Японияда осы күнге дейін күндікке өйел менен балалар сатылуда. Қазіргі күнде де құл сатушылар қолынан жаңағы күн мен құлдарды сатып алушы сан фабриканттар бар.

Бирма әйелі сөйлем түр:

— Бирмада әйел еңбегі ерекек еңбегінен 45—50 процент кем төленеді. Қамсыздандыру мен қауіпсіздендірү зандары әйелдерге арналмайды.

Алуа құлағына наущник киіп, шешендерді тындала отыр. Екі көзін сол әйелдерден алмай, толқына қарап кейде қағазға жаза отырады.

Сирия әйелі сөйлейді. Бұл кеше Алуамен сөйлескен әйелдердің ішіндегі Алуаны түсіне бастаған жас әйел.

— Сирияда әйелді сатып алу, сату әлі күнге қаз-
қалпында. Шарифат бойынша, дәл бүгінгі күнде де көп
катын алу бар.

Енді сөйлеп тұрған иран әйелі, бұл да Алуамен сөй-
лесуде, оның сөзіне көбірек ден қойған әйел болатын.

— Мұсылман әйеліне азаттықтың ажалын әкелген
шарифат әзір Иранда, Ауғанстанда өз қуатын толық сак-
тауда. Көп әйел алу, қызды сату зандары сакталуда
Никах, талақ хақысының бәрі де тек қана ерек ықтия-
рына берілген.

Енді бір кезекте председатель әйел сөзді Совет Ода-
ғындағы шығыс елдер әйелі өкілі Сатаева Алуага берे-
ді. Зал бұған үлкен ілтифат көрсетеді. Алуа сөйлеп тұр.

— Құрметті әйелдер, Азия халықтарының әйелдері,
апалар, сінлілер. Мен сіздерден сонша көп нәрсені есті-
дім. Әрине, мұндағы айтылғаннан да ары сан соракы
қүйлер түгел жетіп, түгел айтылмай да жатқан болар.
Сондай сүмдүк қүйлердің біразын өзімнің бала шағым-
да, Ұлы Октябрь революциясынан бұрын, мен өзім де
көргем. Менің анам, үлкен шешем, менің әкем, бабала-
рым сияқты оқымаған еді. Ал мені, жасқа толмаған
жетім қызды, бай ушінші әйел етіп зорлап алмақ бол-
ған-ды. Мен содан қашып, безіп едім. Сол қашу сапа-
рымда, совет заңынан пана таптым. Мен тек қана азат-
тық алғаным жоқ, тендік қана алғаным жоқ, білім
жарығын да алдым. Өзімнің бақытымды да таба алдым.
Қазір мен тарих ғылымының кандидатымын. Өз өкіметі-
міздің мүшесімін. Осының бәріне мен өзгеше әйел бол-
ғандығынан жеткем жоқ. Мен, біздегі миллиондардың,
сан миллион әйелдердің, қатардағы бірі ғанамын. Осы-
лайша анық бостандық күні азғана уақыт, бір ғана
буын өмірінің өзінде-ақ қайғылы хасірет заманын қызып,
әйелдің гүлденген күншүақ күнін туғызыды. Мен не айта
аламын сіздерге. Тек бір ғана тілек айттар едім. Оным,
Азияның қалың миллион әйелдері, сіздерге біздің Ота-
нымыздары әйелдердің жайынан анық, дәл шындықтар
ғана жетсе екесін. Екінші: көре тұра айтпай қоя алмай-
тын, үндемей тына алмайтын бір ғана ойымды айтайтын.
Ол — барлық Азия халықтарының басшы қауымына
айтатын бір ғана сұрағым. Ол — өткеннің, бүгінгінің
және көп елдерге болашақтың сұрауы. Ол — Азия халықтарының қақ жарымы әйелдер тұрасындары сұ-
рауым. Қашанға шейін Азия әйелінің тағдырын осыдан

екі жарым мың жыл бұрын орнатылған Сидхарта Гаутама Будданың заңы шешпек? Қашанға шейін екі мың екі жүз жыл бұрын орнаған Ману кодексі әйел күйін билемек? Қашанға шейін мың жарым жыл бұрын әйелді корлау заңын орнатқан Брахманизм, индуизм әйел тағдырын билемек. Қашанға шейін, мен және сұраймын, бүгіннен мың үш жүз жыл бұрын орнағап, әйел жынысын күндік қорлыққа салған мұсылмандық шариғаты қатал заңын соза бермек? Сіздерге және маған мәлім, Азияның бірталай тайпаларының, халықтарының арасында ен әуелті қоғамның әйел жайындағы соракы заңы да сакталып келеді. Ол қоғамда пұналуа болып еді. Бугін сонын орайына полиандрия, яғни бір әйелмен бір үйдін ішіндеңі барлық еркек ортақ өмір сүретін заң жойылмай отырған жерлер де бар той. Мен өз сөзімді бітіремін. Жалғыз сұракпен бітіремін. Бұл ар сұрағы. Біздің ғасыр сұрағы. Бар Азиядағы аналар, ханымдар, апалар, қыздар сұрағы. Осы қорлықтардың бітер күні бар ма, жоқ па?

Алуа сол сұрағымен енді залға ғана қарап тұрған жоқ, экранға, барлық көруші жұртқа, дүниеге, әлемге қарап тарих сұрағын тастап тұрған тәрізденеді.

1952

АМЕРИКА ЭСЕРЛЕРІ

Былғы жылы февраль ортасынан марттың ортасына дейін мен Америка сапарында болып қайттым. Айға жуық аралаған Америкадай мемлекет жөнінде көрген мен білгенді, андаған мен алған әсерді, жалпы басқа келген кейбір ауық-ауық ойларды да өзіміздің окушыға өзімше айтып беруді міндеп санаймын.

Тек осы жайға кірісуден бұрын үш түрлі жайдан өзіміздің ардақты окушылар алдынан өтініп алу макұл деп білдім.

Мен өзім жазатын сөздерімде өзіміздің окушының білгендеріне, сезін-танып жүргендеріне аз да болса қосымша боларлық жөн-жосықтар баяндай түспекпіш Америкаға барып-көріп білген окушы сол өз көргеніне менің көрген-сезгендерімді коса түссін. Америка жайында оқып білген кей достар оқыған мен танығанына менің де тоқып танығанымды жалғай түссін. Американың

лымдық жолмен зерттеп біліп жүрген кейбір мемлекеттік, қоғамдық, шаруашылық жайларды, өнер, мәдениет күйлерін ғылым жолымен зерттеп біліп жүрсе, біздің кейбір көзбен көрген, құлақпен естіген күйлерімізді, қөріністерімізді өз деректеріне тіркей түссін. Міне, Америка әсерлерін жазудағы ең бірінші еске салар, окушыдан өтініп өтер жайының бірі осы.

Екінші жай: менің бұл жазатынам тек көргеннен, көзбен көргеннен алған тікелей әсерлер ғана. Ен әуелі мен саяхатшы емеспін. Жазатынам саяхатнама да емес. Ол аса жауапты талаптар қоятын жайлар болар еді. Себебі саяхатшы (путешественник) деп аталатын қауым бір өлке, не бір мемлекет, не бір халық ішіне үзак заманға барып, жан-жакты барлық болмыс жайларды сансаладан көп ғылымдар құралымен, баппен ізерлеп танып шыгушылар болар еді. Олар жазатын еңбек те саяхатнама болғанда окушының білімін байытатын көп салағылымдардан, көп тың жана табыстар тауып, жалпы мәдениет тарихын кенеіте, байыта түсетін еңбек болар еді. Саяхат деп сондай жүрісті, саяхатнама деп сондай жүрістен туған еңбекті айтса керек еді. Ал менің жазарым ол емес деп окушыдан өтінетін үшінші тағы бір себебім бар: ол — Америка Құрама Штаттарының өз ерекшелігінен туатын жай.

Ен әуелі бұл аса зор ұлы мемлекет. Оның мәдениеті кем қойғанда, тек бергі американлық дәүірін санағанда екі жұз жылдан астам тарихы бар мәдениет. Оңдағы тарихтық, мемлекеттік, қоғамдық аса шебер техникалық өндірісті мәдениет, ғылым, көркемөнер бәр-бәрінің үзак өскелен алуан-алуан ерекшеліктері, қайшылықтары, даму-өрлеу зандары кым-куыт кын дүниелер. Американың қалалары мен көп штат өлкелерінің бүгінгі құрылые барыс-қалыптарының өзін алғанда да аз аралаған жолаушыға оңай таныла қоймайтын кат-қабаттар, қатпар-катпар бар.

Сол себепті жиыны бір ай ғана жүріп, біраз ғана көріп өткен күрделі, көбеген дүниені білгір кісі болып сөйлемек те емеспін. Бұл жөнінде қысқа айтатын зерттеу什і ғалым боп та, Америка тіршілігінің белгілі саласының маманы боп та жазбаймын. Колдан келгенше соның бәрінің орнына көзбен көргенді, құлақпен естігенді, тікелей сезіп, төтелей ойлаған ойларды (көргеннен, естіген-

нен туған, төтелей туған ойларды) жай жанды, жұпымы гана әңгіме етіп бермекпін.

Бұл әңгімелерден оқушы нактылы дөрекпен мен сезгендей сезім, әсер аларлық дәрежеде жаза алсам, әзірге мақсат та сол дер ем. Енді осымен, күрметті оқушы, қадамымызды Америка жағасына қарай басайык.

Вашингтон

Атлантика мұхитынан ұшып етіп, Америка жағасына жеткен соң біздің ең алғаш қонған жеріміз Нью-Йорктың халықаралық қатынастар аэропорты Айдл-Уайл болды. Нью-Йорк қаласынан бір сағаттық жолда жырақтау орналасқан аэропорт бар мемлекеттердегі аэропорттардан көп өзгешелігі бар өзінше бөлек, ерек бір көрініс анфартты.

Америка Құрама Штаттарын еске алып, ондағы Нью-Йорк қаласын атағанда, жырақтан көп жайы оқшау, өзгеше сезілетін кесек бір келісім осы аэропорттың өзінен анфарылғандай. Шын-ақ Нью-Йорктың халықаралық қатынастай мекен-жайының өзі дерлік. Мұнда бір емес, жиырмаға жуық аэропорттар бар. Эрқайсысы әрбір үлкен компанияға тиісті. Сол көп компанияның бірі — бізді Америкаға апарған Скандинавия компаниясы — Sas компаниясы. Сол сияқты Француз компаниясы, Голландия, тағы басқалардың халықаралық қатынастар түзеген әуе жолдарының ірі компаниялары осы Айдл-Уайлда өз аэропорттарын салған. Американың өз ішіндегі әлденеше компанияларының аэропорттары, әрине, және осында. Сейтіп әр бөлек қоғамдар салдырган көп аэропорттар кең байтақ бір өлкеге орналасқанда жалпысына ортақ өзінше архитектуралық бірынғайлау дерлік үқастық бар. Эр аэропортта екі-үш этаждың бәрінің катарында автомобилдер жүріп жатады. Эрқайсысында шынылы, жарығы мол ұзын-ұзын залдар, холлдар әр тараپта, көп мүйістерде мол-мол магазиндер, көп кісілік ресторандар және әсем, көркем жиналған кабинеттер көп.

Автомобиль жолдары терезелер алдынан бірінші этаждағы тәрізді екінші-үшінші этаждағы залдардың терезелері алдынан да жүйткіп етіп жосып жүр. Кейін осы аэропорттан Калифорнияға қарай ұшқанымызда байқаған тағы бір өзгеше жайды атай кетейін.

Бізді шығарып салған жұртпен жақсы сәнді бір кабинетте үшар мезгілді тосып отырғанымызда, бізге келіп енді жүргүре болады деген хабар айтысты. Біз отырған кабинеттің едені қызылт түсті кілемдер еді. Сол кілемдерді басқан бойда ауыз бөлмеге шығып, сондай кілемдер үстімен коридормен жүре беріп, енді бір сәтте бізді Қалифорнияға алып үшатын лайнердің ішіне кіріп, соның кілемін басып келе жатқанымызды бір-ақ андадық. Оны да алдымызда киімдерімізді алғалы тұрған екі стюардесса қыздың үстіндегі формасына қарап қана таңыдық. Байқасақ кейбір қымбат самолеттерге мінетін пассажирлерді аяғын жерге тигізбей, далаға шығармай, көркем зал, кабинеттерден самолет орнына бір-ақ апарып кіргізетін жағдайлар болады екен. Оны осы Айдл-Уайлдың екінші бір аэропортынан көрген едік.

Біз тегі бұл жолы Нью-Йоркке сокпақ емеспіз, тек күрғана самолет ауыстырып, Вашингтоннан шықпақтызды. Сондықтан сол аэропорттың өзінде екінші бір компанияның аэропортына бардық та, Вашингтонға баратын самолетке міндік. Осы самолеттің ұшуға әзірленген, ұшып көтерілген шағына шейін Айдл-Уайлдың жалпы кең қондыру, ұшыру майданын көрдік. Байқасақ сан самолеттер келіп қонып жатып, сол минуттардың, секундтардың ішінде әлденеше самолеттер көтеріліп ұшып жатады екен. Тек бізben бірге сол бізғана үшатын аэропорттың өзінің аландарында он шақты самолет іркестіркес ұшып жатты.

Самолеттердің бірі үлкен, бірі кіші. Арапарында жетпістен аса адам алып үшатын біздің ТУ, ИЛ-18 тәрізді лайнердің өзі аз емес. Самолеттер үшатын жолдарамен біреуі баяулап, біреуі ағызып жүріп жатады. Кейбіреулер қалықтаپ, жаяулап барып-барып біраз шаққа қалтиып, қозғалыссыз тұрып қалады. Содан кейін ағыза-зырлай, оқтай зулай жөнеледі. Бейнебір үлкен теңіз түбіндегі әр алуан, әр атаның ұлы балықтар, жайындар теңіз түбінің өзгеше айуанаттары тәрізді. Біріне-бірі жылжи тақай келіп тұрысып, бір кішілеуі жүйткіп өтіп, кейбір үлкендері қалғығандай мелшиіп, бір сат тұрып қалып енді бірде үнсіз ағыза жөнелетіп тәрізді, сондай-лық теңіз жүзіндегі, не теңіз түбіндегі ұшып-қоныскан, сұнгіп шүйген мол әлемнің көп өзгеше жәндігі өз қимыл-қозғалысын, барлық болмысын андатады.

Осында ұшу-қонулар жоғары атаған бір Айдл-Уайл-

дың жиырма шамалы аэропортының бәр-бәрінің тұста, рында айқыш-үйқыш, ерсілі-қарсылы өтіп жатыр.

Айдл-Уайлдың аты да қазақ құлағына өзінше ойда жоқта қызық естіледі. Сөз мәнісі үйлеспесе де, сыртқы дыбыс бойынша естілу қалпында Айдл-Уайл — айдың ауыл тәрізді естіледі. Ал сөздің мәніне қарағанда бұл бір есіз алаң деген ғана жер аты екен. Ал халықаралық қатынастың үлкен елінің бірі Америка Құрама Штаты болып, оның ең үлкен қаласы, әлем жүзіндегі ең үлкен қала — атырабымен санағанда 14 миллион халқы бар Нью-Йорк болғанда, солардың осы жағаға жана келгей өзге материктерден келетін жолаушы атаулыны алғаш қабылдайтын бір майданы — Айдл-Уайл болғанда, «айтарлықтай», «өзгеше дерліктей» мынау Америка атына лайық қатынас жайы екен демеске болмайды.

ХХ ғасыр ортасындағы өнерленген адамзаттың машиналы-техникалы цивилизациясы осындаиды жасаған десе дерліктей. Айдл-Уайлдан үшқан соң келесі сағатта біз Вашингтонға жеттік. Вашингтонның алғашқы кештері мен ең алғашқы бірлі-жарым күні ресми үшырасу-лармен өтті. Алғашқы кеште біз өзімізден бұрын Американы аралап, енді қайтуға айналған жолдас Полянский бастаған советтік үкімет өкілдерін шақырган қонақта бірге болыстық. Ол (қонақ қабылдаған үй (ред.) Вашингтонның жұртшылығына мәлім ескі едауір естегілермен байланысты қадірлі үй саналады екен. Оның үстінен біздің делегацияның бастығы Одақ қөлеміндегі атакты ақыннымыз Степан Петрович Щипачев — сезімді сыршыл ақын, осы кештен, осы үйден өзіне бөлек қымбат бір жайды өсірсесе, біліп бағалап шықты.

Америка ақындарының ішінде Щипачевтің ең қадірлеп сүйеттіні ұлы ақын Уолт Уитмен болатын. Сол Уитмен жас шағында осы үйде санитар бол қызмет істегей шақтары болған екен. Сөйтіп көп қонақтар арасында біз жүрген бөлмелер, залдар, неше алуан кіріс-шығыс жолдар — бәрі де бүгінгі қонақ ақынға бұрын болып өткен ұлы ұстаз ақынның жылы ізін сездіргендей болды.

Келер күні біздің Вашингтондағы елшілік Америка қонақтарын сол елшілік сарайында қабылдаپ, жолдас Полянский тобы енді Америка қонақтарын өздері қабылдаپ қарсы алысты. Америка адамдарымен біздің алғашқы үшырасуымыз осы кештерден басталған-ды. Күндіз біз ез еркімізге тиген бір айды қай қалаларда,

қандай кездесу, танысу, арнаулы ұшырасулар түрінде өткізбекпіз. Соның дағдылы календары, сапар кезеңі нақтылы анықталып бекілетін болды. Бізді жазушылар делегациясы етіп шақырган америкалық ағарту советі қоғамы болатын. Ол қоғам өзінің барлық істерін Госдепартамент басшылығымен келісіп, сүйенісіп істейді екен. Төрт жазушы біздін өз аударушымыз болса да, ағарту советі бізге үш адам қосып беретін болды. Бұлардың бәрі де орысша білетін. Совет Одағы жөнінде жалпы мәліметтері мол адамдар еді.

Бір ай бойында біз аралайтын қалалар мен штаттар жөнінде біз едәүір ойланып, ақылдаса отырып талраутаңдау жасадық. Бізге ұсынған жол жоспарында Чикаго қаласына бару сияқты кейбір үлкен өндіріс орындарын аралау межесі бар екен. Біз ақылдасқанда Чикаго, Детройт сияқты үлкен атақты зәулім өндірістер орталығын араламасақ та болар дестік. Ондағы бір ой — тілсіз цехтар, станоктар, агрегаттар жанындағы үнсіз жұмыскерлерді құр көзben қарап, көріп өткен болмаса, олармен сойлесу, мәмлеке келісу мүмкін болмайды. Одан да әрбір кездесу үстінде әңгімелесуге, ерсілі-карсылы ойпікір алмасуға, таныс-біліс андасуға боларлық қоғамдар, шаруалар, орталар атаулыны аралай түсейік дедік. Және Құрама Штаттың Нью-Йорк, Вашингтон, Бостон сияқты қалаларын, өлкелерін тану-білуден басқа жағрафиялық көлемі кең мемлекеттің екінші бір жырақ жағалауы — Тынық мұхит жағасы, Калифорния өлкесі сияқты бір шетін көрсек дестік. Содан кейін бұрын шөлістан болып саналған штаттардың бірі және өзінде Американың баяғы байырғы тұрғындары — индеецтердің резервация аталатын байлауды мекен-жайлары болғандықтан, соларды да көрейік дестік. Осымен біздің ай бойында көргендерімізді қала, өлке бойында санасақ, Вашингтон (мұнда екі рет болдық), Нью-Йорк (онда да жиыны тоғыз күндей, екі рет болдық), содан кейін Калифорнияда, Лос-Анжелос және сол штатта Фресно графствоы, одан әрі кезегімен штат Аризона, оның орталығы Феникс қаласы. Осыдан қайта оралғанда Вашингтонға кеп, содан Бостан шәһерінде бірнеше күн болып, аяғы қайтысқа бет алғанда Нью-Йоркке келіп, тағы күн түріп, жаңағы аталған Айдл-Уайлдың аэропортынан Америка жағасын артта қалдырып, Европа жағасына қарай қайта сапар тарттық.

Әзірше мен қайда болғанды ғана қысқа желі тартып, үстірт атап өттім. Ал енді қайда, не көрдік, неге, кімге кездестік, нелер есіттік, нелер айтыстық және сол көрген, естіген, айтыскан жайлардан не антарып, не түйдік, соның жайын баяндауға әуелі Вашингтонда көргеннің, естігеннің, сезгеннің өзінен бастауға аудайык.

I/VII—1960 ж.

Вашингтондағы арнаулы ұшырасудың бір түрі даралы пресс-конференциядан басталды. Бізбен сейлеске-лі Вашингтон газеттерінен он бес шамалы журналист келген еді. Кейін газетте басылған хабар қорытындыла-рына қарағанда және жалпы сұрақ-жауаптар мән-маз-мұндарын еске алғанда, бұл пресс-конференция әдебиеттік күрделі, не кең, не терен жайларға сокқан жоқ. Сонымен қатар сұрақтарда кейбір ерекше, жекеше мәселе болмаса, совет әдебиеті өкілдеріне арналған қырыс-теріс қабакты қас-қияс қөніл де біліне қойған жоқ деуге болады.

Мұндағы совет әдебиеті ретінен Америка жүртшылығы соңғы жылдары аудында көп алып жүрген бірер адамның ғана жай-жөнін сұрасты.

Біздің делегацияда бас-аяғы төрт жазушы болғанымызда, соның екеуі орыс совет әдебиетінің ірі өкілдері Леонид Леонов және өзі ақын, өзі делегация басшысы Степан Щипачев болатын. Делегацияның ендігі бір мүшесі Украина жазушылар үйімінің бастығы, белгілі роман жазушы Олесь Гончар және мен болатынмын.

Әдебиет жөніндегі нақтылы сұрақ орыс совет әдебиеттің фактілері туралы болғандықтан жауапты Леонов пен Щипачев берісті. Осы ұшырасуда американ жазушыларының қайсылары Совет Одағында көбірек оқылып, көбірек мәлім екенін сұрасқан еді. Оған біздің тараптан айттар, келтірер дәл-деректер мол еді. Бір ғана орыс тілі емес, Одақтағы көп туысқан елдеріміздің көптен көбінің тілдеріне Американың Марк Твендер бастаған классиктерінен бері қарай бүгінгі Хэмингуэй, Митчел Уилсон, бүгінгі карт ақындар Роберт Форст, Карл Сендберг, негр ақын Ленгстон Хьюз, бүгінгі Америка драматургтері Лилян Хильмен, Артур Миллер, сияқты көп адамдарды советтің елдері, оқушылары бір орыс тілі емес, өздерінің ана тілдерінде де оки білетіндері айтылды.

Бізбен әнгімелескен бүгінгі журналистер антартаң

бір жай болды. Ол — Америка оқушы көпшілігі совет әдебиеті дейтін көп үлтты, көп тілді туыстас әдебиеттер қатары мол екенін біле қоймайтын тәрізді. Сонымен қатар және орыс совет әдебиетін де бірен-сарап өкілі болмаса, көпшілік жазушыны, көп ірі шығармаларды білмейтіні байқалды.

Біз онын себебін де кейін көре-журе, кездесе, кенесе жүре анықтанып білгендей болдық. Кейбір журналистер біздің әдебиеттің тарихындағы ең соңғы жылдарда болған бірлі-жарым жеке жазушы жөніндегі оқшау оқыс күй болса, сол жөніндегі сұрақты қайталап тықпалай береді. Осы бір жай бүгін кездескен журналистер ғана сұрауы емес, өзге алдағы талай әңгіме, кездесу, ұшырасу, дискуссиялар тұстарында да қайталай берген еді. Бұл жөнінде жолдас Полян~~ский~~ идің бір топ американ азамдарына берген бір жауабы әр кезде көніл ашар, тапқыр жайлар еске түсе жүрді. Оның тобына, өзіне де Америкада жүргендеге Венгрия мәселесін, оқиғасын қайта-қайта атап, тын сұрау етіп алдарына көлденең тарта беріпті. Соған бірнеше жауап бере жүріп, ақыры бір кезекте жолдас Полянский:

— Сіздер Венгрия оқиғасы тұрасындағы сұрақты біздің Отаннан келген адамдарға жылдар бойында қайта-қайта бере бересіздер. Кімдерден неше рет сұрамады-цыздар осыны? Ая енді осы сұрақтың тозатын кезі жетпелі ме? Жоқ әлде бұл сіздердің шайнап жүретін резиника сағыздарының ба? Шайнай-шайнай жүргенде не жұтып та қоймайсыздар, не түкіріп тастауға мұршаларының болмайды. Венгрия мәселесі де сіздер үшін соған айналған деп білемін,— деген екен.

Біздің жоғарыда атаган әдебиеттік бірер фактіміз жөнінде соны айтуға мейлінше боларлық. Бұл конференция соынан Американың үлкен газеттерінің бірі «Вашингтон пост» ұстамды, қыскалау ғана тұжырымды акпар берді. Осыдан соң Вашингтонда біз көбінше астана қаланың өзгеше орындарын аралаумен болдық.

Сол қатарда Америка Құрама Штаттарының үкімет үйі Капитолиде болдық. Мұнда Американың конгресі — сенаты мекен етеді. Сенаттың мәжіліс залында болған шағымызда Құрама Штаттардың онтүстік штаттары атынан бір сенатор сөйлеп түр екен. Соңғы кезде терістің штаттар мен үкімет басшылығы онтүстік штаттары негрлердің праволарын көнегейтуді макулдайтын жаңа заң

жобасын — «Билль» енгізген. Негрлердің теңсіздігі әлде орасан күйде Құрама Штаттардың оқтұстік штаттарында мол орын алады. Сол заңға сөйлем тұрған сенатор оқтұстік штаттары атынан қарсы сөйлем тұр.

Мәселеде, тартыста сырт көзге елеулі, оқшау көрінгенмен залда отырған сенаторлар қатары өте сирек. Спикер (бастық) болса іші пысып, қажыған адам қалпында зорға тәзіп отырғандай. Бірақ тындаушы ажарына қарап тұрған сенатор жок, ол өзінің қарсы пікір жобасын мол қағазға жазып алған қалпында саспай, баппек баюлап оқып, мәлімдеп тұр.

Сенат залының қонақтар отыратын жоғарғы орындағында әр түста, әр топ адам байқалады. Ол — жай халық. Бұлардың арасында негрлер, индеецтер бары байқалады. Солармен қатар католик дінінің ресми қара киімдерін, ак астарлы қара жаулықтарын жамылған екі сопы әйел де отыр. Капитолидің ішінде конгресс залында көрдік. Ол алдыңғы сенат залынан сонағұрлым көркем дерлік. Жалпы Капитоли сұлу үйдің бірі деуге болады. Қазір оның төбесіне жаңғырта түзету әрекеті істеліп жатыр екен.

Бір кезек біз Вашингтон қаласын араладық. Вашингтонда толып жатқан министрліктер үйлері бірінен-бірі басымдай түскен әралуан архитектуралын жасалған. Бір көшелер тегіс, тұтас шетелдер елшіліктерінің ғана көшесі. Америка президенті тұратын «Ақ үй» айналасындағы паркімен оқшауланып тұр. Бұл үй-ымырттардың бәрінен биік шашыла біткен ак обелиск — президент, ертеде болған, осы астана соның атымен аталған. Американың атақты президенті Вашингтоңға арналған ескерткіш. Вашингтоңда үйлер көбінше төрт-бес этаждан артық емес. Үйлер арасында дуал, бөлік, жік жок. Бір үйге бір үй өзіне бөлек қайталамайтын қызық іздену бойынша қалыптасқан стилі, архитектура өрнегімен қатарласа, жалғаса тұра беріседі.

Вашингтонда ағаш та, көк те мол. Ағашының дейін зәулім биік, мол бұтақты, тармақты, алып платан ағаштары тәрізді. Сырт шолып, қаланы аралап танысада біз Вашингтон Нью-Йорктан мұлде бөлек екенін аңдардық. Бұл және өзінше өте сұлу қаланың бірі. Ал Нью-Йорк екеуін ешбір жағынан салғастырып, қатарластыруға келмейді. Және екеуі де мұлде екі, бөлек-бөлек басқаша

мемлекеттердің бірінен-бірі аулак, ала-бөтен екі астанасы тәрізді.

Вашингтонда мұсылман елдерінің елшіліктері көп болғандықтан, мұсылман мешіті де бар екен. Жұма нағазына 17—18 мемлекет елшілері, елшілік қызметкерлері осы мешітке келеді екен. Вашингтонның өзінде де шамасы 500-дей ұдайы түрғын мұсылмандар бар десті. Мешіттің имамы Мысырдың арабы екен. Мен мұнаралы мешіт болғандықтан, мұның мәзіні азанды қалай шақырады екен деп сұрағанымда, мешіт адамы құлді де: ол жөнінде қазіргі радиотехниканы пайдаланамыз,— деді. Азанды запасқа шақыртып, пластинкаға түсіріп алады екен де, бес уақыт намаздың азанын Вашингтон мешітінің мұнарасынан радиорепродуктор арқылы қышқыртып шақыртып алады екен.

Вашингтонды аралау үстінде мұндағы мәдениет ес-керткішінің ең зоры дерлік екі жайда болдық. Біреуі — Конгресс кітапханасы, екіншісі — Шекспир кітапханасы. Конгресс кітапханасының аты болмаса, іс-заты жағынан Америка конгресіне байланысы жоқ кәдімгі мемлекеттік кітапхана. Бірақ дүниедегі ең бай кітапхананың бір деседі. Мұнда он бір миллион кітап бар екен. Ішінде 21 оқу залы бар. Жалпы құрылымы жағынан Англиядағы атақты Британский музей үлгісінше қалыптасқан. Сұраған кітапты ең ұзағанда 20 минут ішінде әзір етеді.

Мұнда славян белімі деген белім бар. Ол өзіне белек мол ымырат. Кітапхананың үлкен үйінен славян белімінө жер асты көркем туннельмен қатысады. Бұл белімдегі орысша кітаптың саны екі жүз мың десті. Осы күндерде жылына сегіз мыңдай кітапты Совет Одағынан алдырып тұрады екен. Сол қатарда Украинадан жылына бес жүздей, Қазақстаннан қазақ кітабынан жылына елу шамасын алдырып тұрады екен. Кезектескен кітап аудису әрекетінде Тбилисімен байланысымыз айрықша мол деседі.

Осы кітапхана ішінде төрт жазушы біздің төртеуімізге де өз кітаптарымыздың конгресс кітапханасындағы бар тізімнен каталог жинап берісті. Менің кітабым орыс, ағылшын тілінде болумен қатар сол менің енбегім туралы жазылған Кедрина, Айқын Нұрқатов енбектері де бар.

Вашингтондағы екінші бір ерекше мәдениет орны де-геніміз Шекспир кітапханасы. Шекспир заманы мен ең-

бектеріне арналған кітапханалар ішіндегі дүние жүзін-дегі ең бай кітапхана осы десті. Бұған дүние жүзінің шар тарапынан Шекспирді зерттеушілер көп келеді екен. Қебінше сол келгендердің жол қаражаттарын да бұл кітапхана өзі төлейтін дәстүр бар екен. Мұнда жалпы Британия тарихының XVI—XVII ғасырларынан да көп деректер бар. Кітапхананың ішінде тап ортада атақты Шекспир театрының өзін де қаз-қалпында орнатып, музей етіп қойған. Бұл театрда сахна екі этажды. Шымылдығы да екеу. Эрине, мұндағы айырмасы — Шекспирдің өз театрында төбесі ашық, шатыр болмаған болса, мұнда төбесі жабық, шатырлы. Осы кітапхана мен театр да түгел бір ғана адамның — Фоулджер деген кісінің жеке бас өз қаражатына салынған. Қазіргі салт дәстүрі бойынша Шекспир кітапханасы баяғы Шекспирдің өз заманынан бастап бүгінге дейін қай жерде Шекспир спектакльдері қойылса, қай тілге аударылып, қай мемлекетте ойналса, соның бәрінен суреттер, документтер, деректер жинап отыруға құмар екен.

Мен «Асауға тұсауды» қазақ сахнасында қою үстінде Шәкен Аймановтай СССР халық артисінің, Хадиша Бекеевадай Қазақ ССР халық артисткасының үлкен данқ-қа ие болғанын айтып ем, кітапхана директоры «Асауға тұсау» туралы менің көп мәлімет суреттер жіберуімді талап етіп қалды.

Бұл кітапханада Шекспирдің өз мұраларынан басқа Шекспир заманында белгілі болған атақты жазушы, ғалымдар еңбектері мол. Шекспир оқыған кітаптар тобы бір бөлек болса, оның окуына мүмкін деген кітаптар да болек жиналған. Және Шекспир трагедияларына, комедияларына себеп, сілтеу саналатын тарихтық, архивтік, әдебиеттік көптен-көп деректері мол жиналған.

Сол қатарда Англияның Елизавета королевасының, король Яковтың дәүір документтері, Мария Стюарт уақытының документтері, философ Бэконның еңбектері, Макиавелли аудармасы немесе 1616 жылғы карталар бар.

Тағы бір ерекше жай — Шекспир театрында болған сүфлер қайдаланған пьесалар нұсқалары және де көп жиналған.

Вашингтондағы мактаулы өнер орны — ұлттық галерея. Біз онда тек жаңа сурет-живопись бөлімін толық қараған өдік. Америка мұмкіншілігі бұл галерея қолына

ескінің де, жананың да көп қызықты, елеулі үлгілерін мол жиған. Соңдықтан жана сурет өнерінің шеберлері деп саналатын Сезан, Ренуар, Моне, Яманэ, Поль Гоген бәрі бар. Мұнда өзгеше бір үлгіні танытады деп сана-шылдық жолдагы Мексиканың күшті шебер суретшісі Сальвадор Дали салған «Тайная вечеря» діншілдік на-ымның бір сәтін баяндайды. Мұнда Файсаның екінші тірілуінің символы буалдыр-бұлдыр қалыпта бейнеленген, Америка буржуаздық эстетикасы үннататын суреттің тағы бір алуаны осындай мистикалық ізденгіштік болса керек. Бай галереяда, әрине, Пикассо да бар. Атакты француз шебері Жан Люрса кездеседі. Сол қатарда Матис Маркей, Андре Дерен тәрізді көп бір арадан қата-рымен сирек ұшырайтын көп суретшілер еңбектерін көрдік.

Вашингтонда кешкі бір шақта үлкен орталық көшесінің біріндегі киноға барып ек, онда Жак Кроштель — «Қырғын Жак» суретін көрдік. Қырғын десе дегендей, бұл тек қана қантөгістің сүмдышқ бір сорақы қылыштары. Бір адам бір әйелден сон бір әйелді пышақтап өлтіреді. Әрқайсысын бейуак шақтарда қараңғы, қалтарыс, адам жоқ шолақ орамдарда кездестіреді. Эр құрбандығын белгілі бір пышақпен жүрекке сүккан жалғыз жарамен құртып, жойып отырады. Суретте терең, қын оқиға, өз-геше мән-мағына да жоқ. Бірақ барлық «қызығы» дерлігі қанжар, қан, өлтіру, жою, өлу-өшу жөнінде болуында.

Америка өнері дейтін өнердің қалың ел, мол қауым-ға, кәрі-жасқа түгел тарайтын бір саласы кино мен телевизор болғанда, олардың ең мол ақша табар тартымды үлгілері осындай қан төгіс сүмдыштарға толы оқиғаларда, суреттерде, кино әнгімелерде болады екен. Соның басын осы суретпен бастап біз Вашингтонның орталық көшесіндегі жақсы жайғасқан кинотеатрының біреуінен көре бастадық. Мұндай көркеменер, болмыстар — бүгінгі Американың әрі шындығы, әрі соры. Мол соры, сүмдышқ. Бұл жайларды келесі қалаларда және де еске ала отырармыз.

Вашингтонда көрген, естіген, түйген жайларды әзірше осымен аяқтай отырып, енді Нью-Йоркке аттанайык.

Нью-Йоркке біз поезбен келдік. Бұдан соң да бірнеше қалалар арасында Америка Құрама Штаттарының әр жолдағы поездары мен әр алуан вагондарына мініп жүрген көздеріміз болды. Сондықтан жалпы поезбен жүретін жүрістер туралы кейінірек қорыта сөйлерміз. Эзір біз Нью-Йорк қаласында сегізінші авенюдегі үлкен гостиницаның бірі — Барбизон Плаза отельге кеп түстік.

Нью-Йорк көпшіліктің естуіндегі дүние жүзінің бар қаласынан бар үлгісі бөлек қала. Бұл көлемі тарлау тас арал Манхеттенге орналасқан, көп заманнан бері қала есіп, халық көбейіп, аралдың жері таршылық ететін себепті бірінің үстіне бірі салынатын көп қабат тас үйлер мезгілден-мезгіл өткен сайын биіктей берген.

Сонымен, біздің ғасырдың алғашқы он жылдардың шамасында Нью-Йоркте жиырма этажды үй бар деген ертегідей көрінген шақ болып еді. Одан бертінде отыз этажды үй, кейін қырық этажды үй де зәулім ғаламаттай саналды. Одан бері келе елу этажды үй ең биік үй саналды. Тағы бір кезекте жетпіс этажды үй тұрыпты деген аңыздай анықтан туған лақап кетті. Ал міне, біздің ғасырдың қазіргі орта шенінде Нью-Йоркте жұз екі этажды Импайэр Стейт Билдинг әлемге әйгілі ең зор небоскребтың езі бол тұр.

Нью-Йоркте дәл саны есімде болмаса да, сегіз миллион халық бар дегелі көп болды. Ал мұның айналасына топталған әлденеше қала және бар. Осылардың тобын алганда 14 миллион халық бар деп саналады екен. Американың тегінде мәдениетті үлкен қаласының көбінің айналасында әлденеше топ-топ кіші қалалар қоршап тұтасып кетеді екен. Мысалы, кейін біз барған Массачузед штатының үлкен қаласы Бостонда сегіз жұз мың тұрғын бар. Ал, айналасындағы қырық қаланы қосып санағанда екі жарым миллионнан артық тұрғын жүрті бар бол шығады. Ал, әлемдегі ең үлкен қала саналатын Нью-Йорктың көше пландауы өте ұқылты бір есеппен тұрғын, келгін адамға оқай ұғылып анғарылатын қалыпта жасалған. Мысалы, терістіктен онтүстікке қарай қаланың ұзақ бойында он екі ғана авеню бар да, көлденен шығыстан батысқа қарай жұз елу алты стрит аталатын көшелер бар. Барлығы номермен аталатын болғандықтан, есте қалу да оқай және қаланы білмеген адамның

адаспай жүрі де өте оңай. Соған қарап Маяковский Нью-Йорктың планына сүйсіне тамашалагандықтан: Тулада адасу оңай болса да, Нью-Йорк көшелерінен адасу мүмкін емес,— деген.

Қаланың ортасында аса үлкен парк бар. Содан басқа, өзге көрікті үлкен қалалардай, Американың өзінің де өзге қалаларындағы емес, Нью-Йорктың көшелерінде кек жоқ. Жалпы Нью-Йорк жайлы ойлағанда озғын адамзат цивилизациясы жиырмасының ғасырдың орта кезінде осылайша қалыптап келген анық мәдениеті зор, анық зәулім алып қала осы дейсің.

Мұндағы бір көпір — аспалы Бруклин көпірі жөнінде Маяковский айтқан еді: Бруклинский мост?

Да, это вещь! — деген. Ол дүние жүзіндегі төменгі тірексіз істелген аспалы көпірлердің ең үлкенінің бірі екен.

Он екі авенюдің біреуі атақты Бродвэй, оның қала бойындағы ұзындығы отыз үш-отыз төрт километрдей саналады. Жұз елу алты стриттің біреуі атақты Уолл-стрит Нью-Йорк биржаларының, банктерінің тар үясы. Жұз екі этажды Импайэр Стейт Билдингті алғашқы салдырыған иесі бір жылдың ішінде жиырма алты миллион долларға түсірген екен. Қазіргі екінші иесі елу миллион долларға сатып алышты.

Біз осының басына шыққанда сексен бес этажға бір жарым минутта көтерілдік. Қалған он бес этажына да сондайлық шапшаңдықпен көтереді. Зәулім биік мұнарасынан бар айнала атырапты толық көрсетеді екен. Ең жоғарғы екі этажда Нью-Йорктағы телевизиялық он компания өздерінің теле биіктерін орнатыпты.

Түнгі Нью-Йорк әсіресе, толып жатқан мол бояулы өте жарық сансыз көп машиналарға толық қайнаған қызу тіршілік белгісін білдіреді. Жұз бояу десе болғандай реклама, вывеска, жаналық хабарлар, кинолар мен театрлардың, ресторандардың үлкен жарықтары, магазиндердің әр бояулы жарықпен буландап шакырып тұрған витриналары, көп қабатты үйлердің терезелерінен төгілген жарықтары, көшелерде жүрген машиналардың фарлары, әртүрлі сигналдар — бәр-бәрі қосылғанда, мың бояудың той-тоғысы дерсің.

Бродвэйдің отыз километрден асқан ұзын бойы дәл осындағы қайнай жайнаған қан базар, бояулы жарықтар атойларын салады. Оснайдай Нью-Йоркті бүгінгі бар

Байлық, барлық ірілік-модығымен еске алумен бірге көңілге қатар өзге де занды ой келеді. Рас, капиталистік мәдениет жиырмасының ғасыр ортасында бүгінгі ең бай мемлекет, ұлы мемлекет Америка Құрама Штаттарында өзіне осындай ескерткіш түрғызған екен. Жә, бұл Американың мұндай мәдениет жасауындағы жағдайы қандай еді десек, ол екі жұз жыл бойында өз жөнінде соғыс атаулыны көрмеген екен. Баяғы шакта Терістік пен Түстік соғысы, азаттық үшін соғыс дегендердің бәрі шын мәніндегі үлкен соғыс бол көрген емес. Сөткесіне жүзден қана саналатын винтовка оғын шығарған соғыс бүгінгі адамға қандайлық баланың аударысында болымсыз әлек. Және сол екі жұз жылдан бұрынғы Америка мәдениетіне ірге негіз болған мәдениеттерді еске алсақ, ол да бір алуан нық ойландыратын жай.

Ол замандағы мәдениетті Европаның ең алдыңғы қатар өнері бар англо, саксон, роман, герман және басқа да солар шендерес елдердің өз заманындағы білімі, техникасы, мәдениетті қару-құралы — бәр-бәрі де Америкаға әр саладан өз сайының өнер суларын құйған. Америкаға мұхитты басып озып баруға жараган кеме қандай мығым еді. Барған соң кемінде жұз жыл бойы соғыса жүріп, тұқымын құртқан, Америка байырғы жүрттары индеңтерді қырып-жойған отты-окты соғыс құралдары қандай тигіш, қандай қырғын, өртегіш еді. Жердің тереңін қазса, түбіне дейін бойлай алатын, бетін жыртса, нелер дәмді өсімдіктер шығара алатын, дәрмені мен пәрмені бірдей, ықпалы қатал көбекен мәдениеті өзі ба-рып сол екі жұз жыл бұрын-ақ көптен ориаган өлке кейін осы бүгінгі Нью-Йорктай мәдениет ескерткішін туғызатын тарихтың төркіні зор мәдениет болатын.

Осыны ойлап, Нью-Йоркке барған әрбір біздің Отан адамындағы, мен өзім де өзіміздің системаның бүгінгі капиталистік мәдениетпен бүгіннің өзінде-ақ жарыска салар, жарқырап шығар талай жайларын ойға алдым.

Ең әуелі Ұлы Октябрь туғаннан бері был қырық үшінші-ақ жыл. Жалғыз адамның толық өмір жолы да емес болғанда, әуелі біз үш үлкен соғыс бейнетін көріп-піз. Үш соғыстың жарасын, жаракатын көтере жүре, сонда біз бүгіннің өзінде-ақ нелер істеп үлгірреміз деп ойласам, көз алдынан біздің Ұлы Отан тудырған, жана жасаған тың тәңіздер шалқиды. Батпакты сор өлкелерді ырысы мол өлке ету, сан шөлістанды нелер мыр-

застан етуде, сахраларды дәндендіру, үлкен аймак ғылмердің қайта жарату (өзгерту), жүздеген халықтар тағдыры мен тарихын бақытты етіп жаңғырту — осылардай кереметтерді тудыра білген құдіретті күш тек спутниктер ғана жасап отыр ма, тек баллистикалық ракеталар беріп қана қоймақ па еken,— деп салғастыра ойлай бастасан, өз ішінде өзгелердің де кейбір жақсылығын, жалпы адамзат қорына олжа боп қосыларлық техникалық цивилизациялық табыс жаңалықтарын көңілмен де әділ сынап алуға, талғап-тандауга боларлықтай.

Қазіргі әлемде дүниежүзілік екі ұлы мемлекет бетпебет тұрған шақта сол бәсекедегі мемлекетке барраныңда іліп алары немене еken? Біздің кезінде керегімізге жаратарлықтай жалпы адам баласының құнделік тірлігіне жааралық жаңалықтар бар ма еken, қандай еken деген тұрғыдан қарау біздің де Нью-Йорктегі жүргендегі мақсатымыз болды. Эрине, бұлай толғап қараганда Нью-Йорктегі бардың бәрі ауыздың сүнн құртып тамсаныра берген жок. Жоғарыда біз атаян бізден бұрынғының да, біздің замандастарды да сүйсіндіретін кейбір ірі жайлармен қатар Нью-Йоркте капиталистік системаның нелер өрескел сорақсызы, ойсырап жатқан олқылық аз емес.

Американың бізге дос бейілі бар орта адамы көпшілігі десек, сонымен қатар Америкада ірі капиталистер, неше алуан империалист, милитаристер жайлаган дүние мол. Сондықтан өз еңбегімен күн көретін Америка адамын орталық американец, анық халық өкілі дейтін орташа көпшілік солар дедік. Біз осылардың көбімен ұшырасу, кездесу қалпында істес болдық. Бірақ осы топтың өзі де тіпті бізге деген көңіл, бейілдің өзінде де бір қалыпты емес, капиталистерге қызмет етіп жүрген, өз еңбегімен күн көретін орта буын адамдардың ішінде де доспен қатар біздің Отанымызға қастық ойлары жойылмаған жандар да көп. Бізге көп ұшыраған орта буын американец дегендер кім десек, олар — журналистер, жазушылар, оқымыстылар және әр алуан мамандықтары дәрігер, оқытушы, университет профессорлары және сол университеттердегі қалың қауым, жас қауым — американ坎 студенттері.

Нью-Йорк бар Америкадан іздейтін адамдардың әралуан ерсілі-қарсылы жайлардың, ерекшелік болмыстардың бар қайшылықпен қын-қияс және оқшашу, өзге-

ше қызық, тамаша жайлардың да тоғысдан ордасы. Сондыктан да біз Нью-Йоркте өзге қалалардын барлығынан көбірек болдық. Америка жаңалыры дейтін жайлардың бірталайымен осында молырак таныстық деуге болады.

Эуелі Нью-Йоркте көргендерді санап етсек, ең басы біз жазушы болғандықтан, жазушы, журналистер топташына, жеке жандарына көп үшірастық. Бірнеше ірі жазушы, ірі журналистердің немесе сыншылардың ез түрмін үйлерінде қонақта да болдық. Сол қатарда бұлтыр біздің Одаққа келіп қайтқан Альфред Кейзи сыншының үйінде қалада болдық және Америкадағы ең бір мол тарайтын данкты журнал «Сатердэй-Ивнинг» журналының редакторы біздің Отанға достық бейілі бар Норман Казинс шақыруы бойынша Нью-Йоркте алыс миль жердегі тогайдағы үйіне қонаққа барып, көп басқа шақырылған әдебиет, мәдениет қайраткерлерімен бірге тулас бір күнді сонда еткіздік.

Бірнеше белгілі романы бар, езі халыкаралық жазушылар үйымы мен клуб мүшесі миссис Женузій үйінде қонақта болдық. Мұнда да едәуір мол жазушылар, сыншылар, журналистер болды. Пенклуб жазушыларының қоғамына да қонаққа бардық. Америка жазушыларының лигасы аталағын жазушылардың авторлық правосын корғайтын қоғамда болды.

Сонымен қатар Американың кітап баспасы орындағының иелері жиырма шамалы капиталист кітап басушылармен үшірастық. Атакты жиырма бірінші клуб дейтін клубта Нью-Йорктің кейбір жазушылары мен журналистері шақырған арнаулы мәжіліс кеште болдық. Нью-Йорктағы осы сапарда бізге бүрүн келіп қайтқан қадірлі қарт ақын Карл Сэндберген жеке арнай үшірасып, аса бір бағалы сәттер еткізді.

Дал осы күндердің кештерінде мен Бродвейдегі белгілі еші театрдың биылғы сезонда аса өмінді данкты бол түрған екі спектаклін көрдім Тобымызбен жүріп Вашингтонда бастағандай тек Американың езінде Раиза № руге болатын еткен жолда біз атаған Американың кейбір сорақы суреттерін де көре жүрдік. Номерінде телевизор арқылы әрбір демалыс сөтінде жүртіштылықта Америка телевизиясы не беріп жататынын көріп, танумен болдық.

Келелі бір әнглийден «Сатердэй-Ивнинг» журналының

редакциясында көлемді бір дискуссия ретінде өткізістік. Осы күндерде біз ООН-ның мекен-жайын түгел арада, бір түскі асты соның ресторанында іштік. Ал, Нью-Йорктің өзінің ішінен аралап көргөн ірі жайларды атасақ: Метрополитен-музейі аталатын Кұрама Штаттардың ұлы музейінің бірінде болдық. Осындағы аса даңқты университет — Колумбийский университеті аталағы. Оның славян филологиясы белімінде украин мәдениетінен басқа біздің Одақтың бірнеше елдерінің де тілдері оқылады екен. Соға катаarda өзбек, азербайжан, армян тілдері оқылатынын білдік. Колумбийский университетте жақын заманда «Қазактың батыр жырлары және оның өзге эпостармен жалғасы» деген тақырыпта магистрлік диссертация қоргалынты. Және сол белімде «өзбек эпосы» туралы да ариаулы докторлық диссертация қорғалған екен.

Осы күндерда біз атақты Нью-Йорк биржасында да болдық. Нью-Йорктің кешкі қызық сауық орындарының бірі саналатын Мюзик-холлды да көрдік. Онда «стандамалы шолу» ретінде әр алуан өнер көрсетілді. Жиыны екі жарым сағаттық уақытта мұнда әр елдің билері де, цирк ойындарының үлгілері де, ковбойлар биі де, симфония оркестріне жалғас киносурет те — бәрі де Мюзик-холл атына сия беретін аламыш коспалар көрінді.

Мен бұл шаққа шейін мол Нью-Йоркте бірнеше күн көргендердің аттарын атаң өттім. Енді осы көрү, кездесу, кейбір кеңесулердің ішінен ерекше бол ойда қалған біздің окушыға керек боларлық кейбір жайларга қайта оралайык. Рас, бұл қалада көргеніміз көп болғандықтан, аз да болса рет катары кезектессін деп бірнеше топ тақырып атайдык. Соның бірі — Нью-Йорктегі көркем өнер орындары, екінші — ғылым тәрбие орындары Үшіншісі — жазушылар ортасы, төртінші — журналистер топтары болын.

Көркемөнер, сурет ажерінен зор, мол қазынасы жиылған Американың атақты Метрополитен-музейі, Нью-Йорк театrlары, Нью-Йорктары кино, телевизор өнерлериңін бізге көріген көріштерін еске алайыц.

Ен алдымен көркем сурет, живописьтің мол ортасы — Метрополитен-музейге біз тек қана жана суретшілер үлгілерін, туындыларын ғана көруге бекіндік. Есқі классикалық сурет, скульптура қазыналарының нелер сирек, бай үлгілері бұл музейде мол екені күмәнсіз. Себебі ол

бұл дүние жүзіндегі ең бай музейдің бірі. Ал, жана сурет өнері десек, оның да бар дүниедегі нелер ірі суретшілері өздерінің неше алуан жана туындыларымен, әрки-лы ізденулермен сол музейдің жана бөлімінде мол көрсетіледі. Біз мұнда, мысалы, Роденнің көп еңбектерін — эскиздерін көрдік.

ХХ ғасырдағы Американың реалистік мектебі дейтін топқа қосылатын Реджинальд, Гирш, Марш сияқты суретшілер еңбектерін көрдік. Сол қатарда Ричард Липпольд жасаған «Күн» аталған бір жана еңбек көрдік. Ол алтын өрмектен және жалпақ жалтыраған алтын табақшаның өзінен бояусыз жасалған бір өриек (конструкция). Бұл әдеттегі суреттер сияқты жақшага бөлениген емес, қабырғаға да ілінбеген. Аспаннан төмен қарай асулы түр. Өзінде өрмекші өрмегіндегі әлде жұлдыздай ма әйтеуір тірі жәндік қозғалыс бар сияқты. Бұл жана суретшілік ішінде конструкционизм үлгісінің бір алуаны.

Осы суреттер қатарында Джим-Эрнестің «Тыныштық» деген бір суреті бар. Бұл да өзінше бір алуан ізденуді антартасты. Сенімді батыл бояумен қап-қара көк түн ажары берілген. Соның атын «Тыныштық» қойған. Сол қатарда өздерінің әртүрлі даулы ізденулерімен көнілге қонымсыз, кескін-кейіп түрпаттарды аламыштай араластыратын жана бір суретшілер тобы — сюрреалист атаптын суретшілердің де еңбектері бар.

Осы жаналықтар арасында Иван Лелорен Олбраун салған бір алуан жұмбақ сурет бар. Фаламат жүзді бір карт отырады. Қолындағы қолғабына қарағанда жүк тиесінше тәрізді. Қарттың жүзі көп ой салатын мағыналы жүз. Осы суреттің аты — «Откінші заман, мені картаю үстінде сактағайсың» делінеді екен. Эрине, бұл бөлімде Пикассоның бірнеше көрнекті туындылары бар.

Ван-гог, Моне, Гоген көп суреттерімен осында тоғысқан екен. Ван-гогтың «Кипарис» және «Күнбарыс» атаптын суреттері анық қызық ескерткіштей.

Жалпы алғанда Метрополитен-музейіндегі жана суреттердің көпшілігін көргенде түсінейін десен — дауласасын, сүйсінейін десен — әсірелеген жасандылығын ойлап ызалаңасын.

Жоғарыда біз атаған бірнеше көз тоқтатар нәрсөлдер ол көп ішіндегі төбелдей, көл ішіндегі ұсак-ұсак аралдағана көз тартып, көніл тоқтатар сәл-сәл жайларғана.

Нью-Йорктің көркемөнер қатарының бірі, тағы бір

молы театрлары. Эдette кино көбейгелі театр азая түсті дейтін жалпы бір сөздер қай жақта болса да естіле жүретіні мәлім. Ал Америкада осы күнде киноның өзіне де зәулі шыққан, ол — телевизор. Бірақ осыларды айтумен қатар Нью-Йоркте театрлар аз емес екенін арнай, атай кету керек. Бір күнгі кешкі газеттегі жарнамаларға қарағанда, Нью-Йорктегі жалпы театр саны отыздың ішіне жететінін оқыды.

Ал Бродвэйдің бір өзінің бойында талай белгілі театр бар көрінді. Жазушылар мен сыншыларға сұрақ беріп байқатанда, биылғы жыл репертуарында талантты, көркемдік қасиетімен тартымды жаңа пьесалар жоққа тән дескен еді. Соңда да Бродвэйдегі театрлардың ішінде биыл халық әсіресе, көп баратын екі спектакльді екі театрдан өзім көрдім. Біреуі былтыр Совет Одағына келіп қайтқан Америка сценарист-драматургі Пади Чаевский жазған «Оныншы адам» атты пьеса. Екінші — «Фажайып жасаушы» деп аталатын Гипсонның пьесасы.

Осы екі спектакльге де халық аса мол барады екен. Бродвэйдегі өзі атакты театрлар болса да, мұнда театр үйлері үлкен емес. Залдары драма театрларының ыкшам залдары. Сыртқы киімді көшілік қолдарына үстаған бойда орындарына ала отырысады.

Бірінші спектакль күлдіргі болранмен жазушылық соншалық терең табыстай боп танылмады. Құлкісі жеңіл, адам басындағы күй жайы, тартысы үстірт, жеңіл. Мұнда бір жас қызға жын қонады. Соның жынын күшін жою үшін еврейдің намаз жайы — синагогасында арнаулы намаз-дүға оқылып аластау керек. Ал синагогада намаз, қауым боп оқылу үшін, ең кемі он кісі сапта тұруды шарт етеді. Мұнда әңгіме сол оныншы кісі тұрасында, өзге тогызы бар, бірақ оныншы жоқ. Сол оныншы кісіні синагога телефонмен алдаумен, айламен, әр алуан құлкі себеппен шақыру болады. Ақыры қыз дін адамдарының намазынан жазылмайды. Дінгө наанбайтын көлденең бір жігіттің көлденең әсерімен жынынан жазылып шығады.

Құлкінің көбі ерсі, қайшы жайларды оқыстаи тоғыстыру себебінен туады. Мысалы діндік ескі шарт, қафидан қатарына бүгінгі Нью-Йорктің дәл қазіргі болмысы, фактісі оқыс қосылып кетіп отырып, ойда жоқ болымсыздан да құлкі тудырады. Бірақ шынға келіп, ойға салғанда бұл спектакльдің құлкісі де, тартысы, бар болмы-

сы да адамдың көркем келісті шындықтан туран күлкі емес, көпшілікті зорлап, қытыктап күлдіргендей. Эр-алуан ерсілікпен күлдіруге арналған.

Мен көрген екінші спектакль бұдан әлдеқайда мәнді, келісті де. Онда Америкада тірлік еткен Хеллен Келлер дейтін өзгеше бір әйелдің кішкене қыз балалық шағы суреттегіледі. Хеллен Келлер тегінде туғанда соқыр, санырау, мылқау болып туған. Он екі жасына дейін ол сол меніреу, есалан қыз бала бол өседі. Мынау пьесада үш акт бойынша сондай жарым ес мүгедек әйел баланың ең алғаш есін кіргізіп, мылқаулар ымымен сөйлетуге үйрете бастаған мықты тәрбиеші әйелдің тартысы, еңбегі, табысы танытылады. Осы спектакльде он екі жасар Хелленді ойнаған кішкентай қыз артистка және оның тәрбиеші әсі де кезінде жас күнінде кем-кетік бол өскен тәрбиеші әйел рольдері аса шебер орындалды. Сол тәрбиеші болған артистка шын ғажайып жасаушы жанның бейнесін ішкі-тысқы құбылыстарымен, мын сан әрекетімен көнілге аса қонымды етіп бейнеледі. Біз Америкада жүргенде осы әйел актрисаның суреті сан газет-журналдарда, киножурналда, телевизор экрандарында аса көп көрсетіліп алғыспен аталып жүрді. Оның күйініш, умті, іздену, қиналу, кулу, жылау, оңаша күнірену, қайнаді жігерлену, гаріп жан үшін тұтанып жану сиякты ішкі көніл күйлері қырлаған алмас құбылыстарындағы көнілге оттай басылды.

Мен өз байқауымша, Американың сахнасы мен экрандарында бұл жолы да осы актрисадай үлкен шебер енері артқан суретші қуатын көрмесем керек.

Нью-Йорктегі көркеменерден енді бір мол көргеніміз, эрине, кино мен телевизор экрандары. Америка киностудияда, эрине, «Жағада» атты дүниежүзілік бейбітшілік үшін күресудің жолында туған атақты зор жана фильм бар. Осындай бірен-саран өзге де халықтар достығына демократиялық сарындағы өз идеясы әсерлерін қосатын аздаған санаулы суреттер жоқ емес. Сонымен қатар ескі дінге байланысты әсіресе, христиан дінінің азыздарынан, яңуди дінінің азыздарынан алып жасалған мол-мол суреттер бар.

Біз қере алғанымыз жоқ, бірақ естуімізше «Сүлеймен пайрамбар мен патша қызы Савская» жайындағы сурет мол болып жасалған деседі. Ал біз көрген сондай суреттің бірі «Венгур»— Римнің Палестинаны өзіне ба-

рындырған отаршылдық, басқыншылдық дәуір тартысын көрсетеді. Бұл суретте Файсаның пайғамбарлығы, кейін көрген ғажаптары, жарымжандарды жазған мұғжидалары және өзінің дарға асылуы да баяндалады. Сурет үш жарым сағат жүреді. Мұнда ескі Рим әдеті бойынша қос дөңгелекті Рим ~~күй~~ месіне төрт-төрттең жегілген бәйге аттардың Рим циркінің аренасында көп қатарлармен жұмыла жарысқан өте қызық бәйгесі көрсетіледі. Жиңрма минуттай созылатын осы жегулі бәйге аттар жарысының үстінде кейбіреулер күйме астына түсіп күйрей күлап қан болып жатса, суреттің бас геройлары қатты жаулық бәсекеге түсіп, жарыс үстінде қан төгіседі.

Сейтіп діншіл тақырып діндар көңілмен жасалған калпында кейбір бүгінгі заманның отаншылдық, отаршылдық сияқты бүгінгі адамға түсінікті әсерлі қалыптарында да уақыға арқауына араласады. Суреттің аса мол шығын шығарылып, қымбатқа түскен сурет екені байқалады. Осындаі ескі тақырыпта діншілдік қалыпта жасалған суреттер Американың қай зор қаласының болса да үлкен экрандарын, үлкен залды кинотеатрларын үзақ мекендейтін көрінеді.

Сонымен қатар енді, әсіресе, мол және өте бір залалды ықпалы көп Америкадагы жас буын атаулыны анық, айқын жаман аздыратын мол бір суреттер тары бар. Олар бұзықтыққа, қан төтүге, адамды адам иттей талауға арналған және сол жайлар өзінше көрер көзге қызық, қыздырмалы оқиға болып қалыптанатынын көрсіз. Бұлар нағыз Американың көп айтылатын «Комиксы» дейтін кино суреттерінің, телефильмдерінің (телевизор) мол-мол тобына жатады.

Ол ~~суреттердің~~ кейбір Америка емес, европалық басқа елдердің ескі әдебиегінен, көне дроникаларынан, аңыздарынан алғынған сүмдүк мазмұнды қантөгіс, әңгімелері болады. Ал көшілігі Американың ез болмыснан алынып қойылып жататын сансыз көп бұзықтық жайындағы суреттер. Мысалы сондай суреттің бірі біз ез көзімізben көрген «Бір шелек қан» атаулы сурет. Онда бір жолы болмай жүрген скульптор-мүсінші әуелі андаусызда қанжар сілтеп бір мысықты өлтіреді. Кейін сол мысықты қанжармен қоса гипспен сылап мүсін етіп қалыптаиды. Өзінің басбұзарлау, іркіштеу тобына көрсеткенде, олар бұл мүсінді табыс деп таниды. Содан кейін жаңағы мүсінші өзіне келтеген бір адамды үрып өлтіріп,

соның өлген қалпында өне бойың, басы-жүзін туғел гипспен сылап-сылап тағы үлкен мұсін жасайды. Оның жолдастарына және де үнайды. Кейін бұған келген бір жас әйелді мойнындағы шарпысымен буындырып өлтіріп, одан тағы да жаңағыдай мұсін жасайды.

Содан кейінгі бір мұсінді өзі алысып өлтірген негрдің басынан жасайды. Негрді өлтіріп, оның басын айналма араның астына төсеп кесіп алыш, шелекке салып алады да, үйіне әкеп жаңағы өлі бастың мұсінің қалыптайды. Осыдан кейін жолдастары оған жасаған өнерінің көрмесін үйістыр дейді. Көрмеге мұны тәуір көретін және бұған тигелі жүрген бір жас қызы да келеді. Ал көркемөнердің сыншылары болса, мына мұсіндерді көріп, жаңа бір шыншыл өнердің жолы басталды десіп зор баға беріседі.

Бірақ көркемеге келген қалындық қызы суретші өлтірген әйелдің бір тырнағы гипспен сыланбай қалғанын байқайды. Ол тірі адамның тырнағы екенін түсінеді. Сейте тұрып жаңағы әйелді де таниды. Шошыған, түршіккен жүрекпен айғайлап, мұсінші суретшіге: «Сіз қанішер, кісі өлтіруші!» — дейді.

Суретші бұған үмтүлады, қызы одан қашады. Жетсе өлтірмек. Бірнеше қысталан-киын саттер өтеді. Қызды өлтірмек бол куып жүрген суретшінің сонынан өзге адамдар жүгіреді. Соларды андаған суретші өзінің енді әшкере ленгсінің біліп, өзі үйіне қашып келеді де, дереу асылып өліп қалады. Осы суретті біз жұма күні — мектеп балалары сабактан ерте шығатын күні көп балалар мен бірге көрдік.

Сахнада бір сүмдүк болып жатса, залда отырған балалар мінездері мен қылықтары одан да өткен сүмдүк тәрізденді. Бұл балалар толған зал әрбір өлім түсында шулап, мәз бола күлісіп, қол соғып, аяқтарымен тактай тәпкілеп, өлтірушінің ісіне қызырып, кәдімгі қоянға тазы итін қосып айтқаттаған аңшылардай болысты.

Барлық өлім оларға киносуреттің тапқызбас қызындағы қызу әсер етті. Ірку, іркілу, қорку-жирену жок, қызығу да қызықтау — жас балаарға бүгінгі Американың көп кино суреттерінің беріп жатқан жан жәмі осындағы болды да, оны қабылдау да жаңағыдай. Және балаарға сол кинодағы жаңағы суретке билет арзандаған бағамен сатылады.

Бұл көргеніміз, мұндағы еріксіз сезгеніміз бүгінгі

Американың бүгінгі бар мәдениетінің сыртқы көркі, техникасы, барлығы, байлығы қатарында мынадай жас буынды жабайылық, қанқорлық, жыртқыштық бағытта баулығандай сұмдық анғарылады. Солай болмасқа, ойламасқа шара да жок. Өйткені бұл біздің көргеніміз бір суреттің түсінда, бірер кинотеатрда ғана емес, ол Нью-Йорк, Вашингтон, Лос-Анжелос, Бостон сияқты үлкенді-кішілі қалалардың бәрінде, барлық кино мен телевизорның бәр-бәрінде жүріп жатқан күндегі көптен-көп шығармалар. Оларды жасаушылар арасында үлкен конкуренция — бәсеке де бар. Сондай суреттерді туғызумен үлкен капиталдар құрап жатқан компаниялар да бар. Олар Америкада не жазса да болады, не туғызса да болады, қандай кино жасаса да бөгет жок, цензура жок дегенсем мақтарды сылтау, арқа тіреу етеді. Сөйтіп, жас буынды жаман, сұмдық, бұзықтық, жыртқыштыққа көзін үйретіп, көнілін көндіріп, әдейілеп бастай баулиды.

Міне, Америка көркемөнері аталатын әлемнің ішінен осындағы да өнер болмыстың пішінін көрдік.

Ғылым-тәрбие орындарының Нью-Йорктары тобынан біздің ерекше көніл бөлгөніміз, арнау танысқанымыз Колумбийский университет болды. Бұл — Американың ең даңқты үлкен ғылым ордасының бірі. Бұл университет 1754 жылы екінші король Георг заманында әуесіндегі коллеж болып құрылған. Алғашқы ашылған жылында сегіз студент оқыған екен. Бүгінде отыз жеті мың студент бар деп саналады. Мұның негізгі тұрақты тобы жиырма мың студент көрінеді. Америкада студенттердің бір қаладан бір қалаға ауыса жүріп оқитын дағдысы бар екен. Ол студенттердің өз бетімен жеке тұрар тұрмысқа дағылануы үшін кірген әдет көрінеді. Жалпы студенттер бұл университетте жылына оқудың өзіне 500 доллар төлейді. Жатақханаға 475 доллар төлейді екен. Бұл үлкен университет тегінде мемлекеттік емес, жай адамдар мәншігіндегі университет саналады. Студенттердің біраз тобы ерекше жақсы оқыған үздік бағаларына қарай стипендия алатыны да бар. Университеттің қітапханасында уш миллион кітап бар деп саналады. Мұнда өр ғылым саласына арналған факультет саны мол. Эр факультеттің үй-жайлары бөлек-бөлек болғанда Колумбийский университет қаланың көп аумағын алады екен.

Мұндағы ғылым дәрежесі — бакалавр, магистр, док-

тор. Профессорлық өзі үш саты. Толық профессор кітаптар, еңбектер шығарған соң берілетін атақ көрінді. Тегінде профессорлық үш саты дареженің зорлік төрт жылда ауысып отыратын өзгерістері бар.

Филология тарауын алған кеп тілдер оқылатын көрінеді. Сонда славян бөлімінде орыс, украин тілінен басқа да біздің Одақ елдерінің бір топ тілдері оқылады. Өзбек, азербайжан, армян тілінің курстары оқылады екен. Бұл университетте монгол тілінің, жалпы тюркологияның, аравистиканың, угро-фин тілдерінің белгілі мамандары бар.

Орыс әдебиеті үш сала курстарга бөлінеді. Олар екі семестр бойында XIX ғасыр әдебиеті, содан кейін XX ғасыр әдебиеті және өзіне белек совет әдебиеті оқылады екен. Осы бөлімді басқаратын профессор Стильман славян тілдері мен әдебиеттерінің тобын басқарады. Ол бірге осы бөлім студенттері сіздермен ұшырасуға аса құмар, кездестір деп маза бермей жур десе де, кейін дәл студенттермен кездесетін сафатта сол студенттер жылнады, біздің байқауымызша, бұл бөлімдер студенттерінің біздермен ұшырасуын факультет басшылығы онша тілемеген сияқты. Ал, кездескен аз ғана топ ішіндегі студенттеріңіз қияс сұрақ болмаса, совет әдебиетінің бүгінгі шындық табыс, өріс есуін біле қойғысы келген жастарға үқсамайды.

Жалпы университеттен, әсіресе, славян факультетінен алған аз әсерлерге қарағанда Одақтың бүгінгі әдебиет табыстарына, түрлерін арнаулы славян бөлімдерінің өзінде де ойдағыдан деуге болмайды. Оқушылары орыс тілін жақсы біletін тәрізді. Әсіресе, әткен дәуірлер әдебиеттерін және тыңғылықты танып біletіндей. Ал совет әдебиетін бірен-сарапанада адамдар жайлы болмаса, көмілік шындықты біле қоймайды. Бұған екі түрлі себеп бар сияқты: ең ауділ Америка жоғары оку орындарында славян мәдениетін, соның ішінде бүгінгі Одақ мәдениетін, әдебиетін оқытатындар көбінше ертелі-кеш мәттілдерде Россиядан ауып кеткен аурын-көшкін адамдар жорінеді.

Олардың көбі ерте кеткені, кейін кеткені бар — бәрі де біздің Отан жаңалықтарына, әсіресе, социалистік әдебиет, мәдениет табыстарына қигаш қарайтын адамдар. Олардың аузымен айтылған социалистік совет әдебиеттері жолаңдегі шындықтар Америка студенттеріне

оншалық қызықты, тартымды, қымбат дүние боп атамайтын болу керек.

Сөндүктан бір Колумбийский университет емес, кейін біз ұшырасқан Лос-Анжелос университеті, Бостон университеті (Гадвард университеті), Фресснодагы коллеж — бәр-бәрінде де тіпті, славян бөлімінде оқып журген американ студенттерінің де көптен-көбі білсе орыстың есі әдебиетін біледі, ал совет әдебиетінен, совет жазушыларынан білетіндері өте аз анғарылды. Оларға совет жазушыларының шығармалары үдайы біріне-бірі үқес және тек соғыс пен колхозды ғана айтатын сүркай, бірыңғай іш пыстырар әдебиет деп танылатын көрнеді. Эрине, бұл жаулық тілмен баяндалатын өте кияс, теріс мінездемелер біздің әдебиет өрнектерін танытуға көмекші емес, кедергі. Кепіл емес, кесір, совет әдебиетінің Америка оқушысына жету жолындағы кедергі, кесірдің бір улкені.

Сондай негізгі қаскей көзқарас бір бұл жер емес, идеология жағын билейтін баспа, ғылым, зерттеу орындарының кебіне тараған әдіс-тасіл болғандыктан, совет жазушыларының шығармалары Америка тіліне аударылып, басылып та шыға бермейді. Бұл — екінші кедергінің бір түрі. Эрі кітаптың өзі жетпейді, әрі оның жеміндеғі дұрыс әділ таныту, талдау білімі жетпейді. Сөндүктан Американың бүгінгі студент жастары ғана емес, көптен-көп окушы қауымы да совет әдебиетіннің табыстарын, түрлерін, жазушыларын танымаиды екен.

Біздің көп атақты жазушыларымыздың аттарын алғаш қана естіген құлакпен одырая, жатырқай қарасады. Ал сонымен қатар бұрынғы әдебиеттерімізді, өткен дәүірлер жазушыларын едәуір жақсы біледі деуге болады. Сөндүктан да өзге-өзге емес, сол Колумбийский университеттің өзінде жоғарыда біз атап өткендей, өзбек әдебиеті мен қазақ әдебиетінің ауызша үлгілері, есік әпостары туралы екі американ жастары ғылым дәрежесін ала диссертация корғасыпты. Бұл жай бір ғана осы әдебиеттер емес, туысқан азербайжан, армян, грузин әдебиеттері туралы да болатыны күмәнсіз.

Сейтіп халыққа, кепшілікке біздің мәдениеттерімізді білдіру, таныту жолдарын қысан, тараң ұстаумен қатар халықтың сыртында арнаулы арналар мен арнаулы бізге қастан адамдар арқылы одактас елдеріміздің бұрынғы мәдениеттерінің жайын сырттай шолып, акпар жасап

біліп отыру арнаулы керектері үшін біліп отыру олқы емес, бар көрінеді.

Ол жағынан қарағанда Американың үгіт-насихаты үшін, мемлекеттік департамент керегі үшін немесе Американың барлаушы орындарының барлаушылық деректері, әралуан керектері үшін әр жайдан хабарланып отыру мол тәрізді.

Студенттерге кездестік те университеттің бірнеше көрнекті жайларын көп араладық. Сол қатарда оқытушы, профессорлар демалатын клубтары бір алуан көрінді. Сонда ас ішетін залдары, демалыс жайлары көп екен. Профессорлар кей орындарда биллиард, тағы бір жерінде шахмат, енді бір бөлмелерінде карта мен бридж ойнайды екен. Ол ауыр, кын ойынның бірі саналады. Ермек үшін аз-аздап ақша салысып та ойнайды екен.

Ендігі бір айтатын дәл деректі әңгімелеріміз Америка Құрама Штаттарының бірнеше жоғары оку орындарында болатын кейбір қолайсыз, ерсі мінездер жайынан білгеніміз жөнінде болсын. «Нью-Йорк таймс» газетінің 26 февральда шыққан санында Солсбери Харисон жазған жоғары оку орындары жөніндегі бір мол мақала шықты. Мақаланың аты — «Жасырын жазушылар әшкереңеленуі». Мұнда Солсбери бір аудандық прокурор Френк-Хоган өзі әшкереңелеп тапқан бір топ жұмыстар жайын баяндайды, прокурордың анықтауы бойынша, жоғары оку орындарында студенттер үшін емтихан беріп, жас ғалымдар үшін диссертация жазып қорғайтын бірнеше топтар болады. Олар өзі тәрт агентстваға бөлінеді.

Магистрлік диссертация үшін үш мың доллар алып жазатын болады. Студент үшін емтихан тапсырған ақысына елу доллардан бес жүз долларға дейін алатын болады. Кейбір сондай жалдамалар емтиханды студенттер үшін бір емес, бірнеше университеттерде беріп жүреді. Сол қатарда Колумбийский университетте, оқытушылар колледжінде емтихан табыс еткен жалдама адамдар жайы аталады.

Вір газет тілшісі прокурор Хоганның рұқсаты бойынша өзі қырық долларға келісіп, студент үшін емтихан өткізіп, кейін сол ақшаны прокурор Хоганның kontорына қайырады. Солсберидің жазуында оқытушылар колледжінің президенті доктор Кәсуэлдің бүл жөнде көп қынжылып сөйлегенін келтіреді.

Сандары көп болмаса да, бүндайлардың оқытушы-

лық құлық-тәрбиеге адамгершілікке жат мінез екенін айта кеп, өз колледжінде мұндай мінездерді жоюға серт бергенін айтады.

Сонымен қатар Чепмэн дейтін Нью-Йорк университетінің профессоры ғылым дәрежесін қорғау түсінда мұндай жалдама адамдардың болуы сенімсіз, өйткені бірнеше рет консультация болады, зерттеу материалдарын қайта жазғызу, талқылау болады. Сондықтан біреудің орнына біреу жалданып өту оңай болмас, дегенді айтқан еді. Бұған қарсы студенттер газетінің директоры Тони Пинта сондай жалдама жазушылардың проценті өте жоғары екенін айтқан.

Психология жөнінен үш жұз елу долларға Иешив университетінің жас ғалымына диссертация жазып бергенін Бенсон өзі мойындайды.

Түстік батыс университеттерінің біреуінің профессоры докторлық диссертацияны қайта жазып берген адамға қорғауышы бір мың екі жұз доллар төлеп және сол адамға кейін алғыс айтып хат жазғанын да келтіреді.

Колумбийский университетте Елизавета дәүіріндегі драма жайлы диссертация жазып, екі мың долларға жалданып, сол акшаның жарымын алды, кейін қашып кеткен бір жасырын жазушыны еске алады. Иешив университетінің профессоры доктор Самуэл Белкин сол университетке докторлық диссертацияны жалданып жазып берген адам жайын айтады. Бірақ диссертацияның қоралған, қоргалмағанын атап айтпайды, деп осындай дәл айқын анық өрескел фактілер жайын Американың ең мол тарайтын газеті «Нью-Йорк таймстың» бетінде сол газеттің жауапты қызметкері Солсбери жазды. Эрине, бар университет тәрбиесі бұл емес те, барлық ғылым дәрежесін қорғаушылар бұл аталғандар емес, бірақ сонымен қатар Америка жоғары дәрежелі оқу орындары мен ғылым ордаларында кейде осындай да сорақы мінездер сойдия, жарыққа шыға жүретіні бар көрінеді.

Нью-Йорктағы ұшырасулардың бірқатары жазушылармен кездесу түрінде болды. Мол бір кездесу Пенклуб одағының мол тобы — көп жазушылар жиылған бір жайда болған еді. Онда жеке-жеке әрқайсымызben топ-топ жазушылар әр жайларды сурастыра өнгімелесті. Мұндайда біз әрқайсымыз өзді-өз әдебиетіміздің, респуб-

жикамыздын табыстарын, жазушыларын, шығармаларын айтуға арнаймыз. Пенклубтың қатарында әралуан, әр жасты және әр үлтты жазушылар бар көрінеді. Сол қатарда біздің досымыз шер ақыны Лейстон Хлоэ да болды.

Мұнда үлкен газеттердің сын белімдерінен кейір бастықтары үшінрасты. Сол күші меншік белгілі жазушы айел, біргеше романы бар Жекуэй дайтін жазушы зейлдің үйінде конакта болдык. Мұнда күшінде жазушылардан, журналистерден, сыйышлардан көп адам жиналды. Жынын уш жарым сағаттай отырысқан үшінрасуларда көп әңгімелер сөйленді. Кейір сұрақтарда сирғы аң-қаулау көрінгенмен, іштей дау, сын — бізге ариалран сын — аңғары да танылмай қалған жок. Мысалы, «тақырып бәріне ортақ болғандықтан, барлық әдебиеттердің із біріне-бірі үксас емес де?» — деген тарілді дау сұрақ болды. Оның ар жағында «барлық советтік тұсынан үлттар әдебиеті бір гана озғын әдебиетке еліктеуі емес де?» — деген де дау, күдік сезілуді еди.

«Сіздің әдебиетіңде психология бола ма, терен бе?» — деген сұрақ та болды. «Журналдарыныздың бәрі бір-ақ орталықтың тілі емес де?» — дейтін де сұрақ болған еди.

Осы мажілісте есі драматург және драма сыйынсызы, сонымен катар Пенклуб одағының Нью-Йорк белімінде бастық орнабасары бол істейтін Райс болған еди. Ол 1957 жылы Токиода болған Пенклуб одағының жиналысы жайни баяндады. Сонда жағыны Шығыс елдері жазушыларының Европа, Америка әдебиетшілеріне қойран талантарын айтты. Токиоданы калыкарадың жазушылар жиылдысы тек аударма мәселеңін сөз етілті. Сонда Шығыс әдебиет үлгілерінің Европа тілдеріне аз аударылышы, Европа жазушыларының, Америка жазушыларының шығармалары Шығыс тілдеріне алдекайда көп аударылатыны айтылыпты да, сол жөніндегі темесу шарттың сөйленіпті. Жалпы Пенклуб одағына дүниежүзілік слуаллұпсыз мемлекет жазушыларының әралуан топтары касысады екен. Сол жайни баяндаган еди.

Нью-Йорктегі журналистер, жазушылар топтарымен үшінрасудың молырак бір кездері «Сатердей-Ивнинг» журналының басқарушысы — редакторы Норман Казинс

үйнестірган шактарда болды. Жекелебі күні біз қала сыртында алпыс миль жердегі Норман Казинстің өз үйінде қонақта болды.

Тогай ішіндегі ұлкен одаша үйге жиылған қонақ кең екен. Бұлардың арасында журналистік жауапты қызметкерлері және көркеменер қайраткерлері, әр сала мақадық адамдары, осы үйдің көршілері, достары да жиылған екен. Мұнда күні бойы болған шакта көп жайлардан алма-назек сұрасу, білсуз мол болды. Осы үшінрасуда да біздің әртайсымыз, әр белек тол американ адамдарының ортасында болып, езді-өзі түсінілізда әралуап этигімелер жүргізген еді.

Мен озіміздің республиканый ғылымдары, шедевретегі, әдебиеттегі, жалпы социалитеттік деңгөрдегі табыстары жайын баян еткен едім. Кейін үбесі мен қонактардың отініші бойынша, көшіліліктің бірін отырып этигімелескен иең мәжілісі болды. Одан жалпы совет әдебтің кейбір жаңалықтары туралы берілген сұрақтардың болды да, соған берген жауаптарымыз катарапша Американың Хьюингузі, Митчел Уилсон сияқты жазушыларының Совет Одағында данкты болуының себептері тураған еді.

Бұл жәнінде бірақ жауаптарды мен сіктің едім. Кейін «Сатердей-Ивенингтің» біздің келуімізге арналған жалпы мақаласында сол мениң берілген жауаптарым жазылғав еді. Осы Норман Казинстің шақыруы бойынша келер күндердің бірінде Нью-Йорктың сезінде сол «Сатердей-Ивенинг» журналының басқармасында едәүір елеулі екі жақты тамызу этигімелері болды. Бұл жыныда Щиплачев келелі көп этигімелері болып, Ол совет әдебиетінің барлық ұлкен тобы атынан сол әдебиеттің жауаптың екілі ретінде сөйлей білді.

Жалғыз орыс әдебиеті емес, жалпы туысқан одақтас әдебиеттердің берінің көриекті үлкен ұлғашерінен мысалдар келтіре, келелі мәжіліс бастаған еді.

Сол қатарда, біз — толған мол әдебиеті бар Отанбыз. Біздің жазушылар, қадағтарымы да кең. Талантты жазушыларымыз да, әлем жүртімдердің әрләрі зор шығармалары ен атақты болған адамдарымыз да көп. Бірақ айдауынша, американ журтшылығы соңдай әдебиеттен хабарсыз. Оның орнына бір ғана оқынуш мінез, әңбекпен, шығарашын Отанында сыйға үшінраган мінді еңбек жазған бірлі-жарым жазушы болса, солар

ды ерекше білмекке тырысу, данқтандыру Америкадары бірталай топтардың әрекетіне айналған.

Қөп әдебиет туралы бұл әділетсіз мінез. Бар совет әдебиетіне деген баспа әрекеті, қаржы-қаражаты болса, соны бір-ақ адамның еңбегіне арнау тәрізді нәрселер қандай сыңаржақ, әділетсіз теріс мінез болар еді деген сыйнды да орынды етіп айтты.

Норман Казинс тегінде біздің Отанда бұрын болып қайтқан адам. Өзі бірнеше иегізгі ойлары, ізденулері, еңбектері жөнінде біздің салт-санамыздан, философия-мыздан шет шалғай ойлайтын адам болса да, екі ұлы мемлекет арасындағы қарым-қатынас татулық шеңберінің ішінде қалыптасса екен деп шын тілейтін, едәуір әрекет ететін де адам көрінеді.

Ол өзінің серіктегі атынан сөйлеген жауап сөзінде едәуір дұрыс пікірлер таратты. Бүгінгі күн мен болашақ туралы да біздің бәріміздің екі жақты жауаптылығымыз мол екенін, татулық үшін әрекет ету бар әрекеттің зоры екенін көң таратып айтты.

Өзінің үйінде болған мәжілісте Леонов пен мекің айтқан кейбір пікірлерімді де еске алды. Жалпы «Сатердэй Ивнинг» журналының осы екі ұшырасуда болған адамдарының анғарында біздің екі мемлекеттің ара қатынасына татулықты өткел ету мақсатын көбірек ойлайтын адамдар тәрізденді.

Осы күндерде біз және американ жазушыларының лигасы дейтін бір тоң жазушылардан құралған жиынның ортасында болдық. Ас үстіндегі әңгіменің кешелер Норман Казинстің үйінде бізбен ұшырасқан жазушы Рекс басқарған еді. Ол қазіргі Америкада детектив роман (қызық, шытырмаи оқигалы роман) жазушы қала қайраткерінің бірі екен. Оның түсіндіріл бойынша, бұл лига жазушы атауларының бәрін де өз қатарына талғамай ала береді. Бұлардың тобында республикашыл, демократ жазушылармен қатар анархист, консерватор, саясатсыз коммунист жазушылар да бола алады дейді.

Бір шакта біздің ортамызда фашист жазушы да болды деді. Қімін үнені, қалай жазғанына біз үкімші-сот емеспіз. Бәрі де өз білгенінше, өз еркінше жазсын дейміз деген еді. Бұл жиында біздің тобымыздан Олеcь Гончар жақсы сөйлемді. Ол:

— Мен өзім соғыста болдым. Жұзба-жұз жаумен үшірастым. Сол жаумы фашист еді. Ол майданда қы-

лыш жүзіндей өткір, ыстық майданда жазушы-фашист ұшырасса да, біз оны жыраққа жіберер едік. Осы жай саясат болса, біз шынымызды жасырмаймыз. Ол — біздің шындығымыз,— деп баяндады.

Нью-Йорктағы күндерде біз әрбір күндізгі сағатты, кешкі шақты не қылса да үлкен Нью-Йорктың мол жаңалыктарының, оқшау өзгешеліктерінің әр бөлегімен танысуға арнаған едік. Сол қатарда Нью-Йорктың атақты Уоллстрит көшесіндегі құмырысқадай қайнап жатқан бәсеке, жанталас, әралуан тайталас үстіндегі доллар табу қызу базары аталатын «Нью-Йорк» биржасында да болды.

Енді бір кезде Нью-Йорктың кітап баспасын басқаратын жыныма шақты капиталист байлардың тобында да болды. Олармен өткізген жеке мәжіліс екі жаққа да ырза қыларлық жаңалық қосқан жоқ.

Совет әдебиетін социалистік мәдениет үгітшісі деп біледі де, олар өздерінің таптық қаскей салт-санасы бойынша, біздің кітапты американ тіліне аударып, өз пүлдарымен бастырып, халыққа таратуды оғаштық санаға еді. Сондықтан жалған, жасанды дәлелдей айтқан бол, сылтаулар санайды. Американ оқушысы совет әдебиетінің ірі шығармаларын оқудан қажиды. Себебі ол әдебиетте колхоз өмірі мен соғыс жайы үдайы бірыңғайғана жазылады-мыс,— дейді.

Бұл жөнде олар, әрине, жалған айтады. Өз бастары шындықты бүрмалаудың үстіне Американың көшшілік оқушысы туралы да жалған айтады. Себебі біздің салт-сананы үгіттейтін көркем шығарманың ол оқушыларға жетуіне қазан аузында отырған бұл капиталистердің, әрине, бейілі жоқ.

Ал, дәлін айтқанда, жақында Америкада Шолоховтың екі романы — «Тынық Дон», «Қөтерілген тың» — аударылып басылғалы жатыр. Американың көшшілік оқушысы бұл кітаптарды оқымақ түгіл, ынтық бола, сүйсіне, барынша биік бағалай қарсы қабыл алатынына күмөніміз жоқ. Өйткені олар американ оқушыларының көшшілігіне біздің дәуір шындығын кен көлемде көркем де, терең де бейнелейтін шығармалар.

Адамзат көркем өнер қазынасына қымбат қасиет қоса алатын шығармаларды Американың орта көшшілігі, халқы сүйсініп оқымасқа шаrasы жоқ. Ал Шолоховтың

сол атапындың екі кітабының біреуі соғыс жайында болғанда, екіншісі колхоз тұрасында.

Мен 1957 жылы Жапонияда болғанымда Осака қаласында жапон жүртшыларының бір үлкен тобасын үшінрасын, совет әдебиетін туралы әңгіме жүргізген штагында бір энергетик-инженер жапон айтып еді: «Мен бұрын роман деген әдебиет түрін үзатынушы ем. Оның рәсми оқыттымын. Тек бір шакта қолыма Шолоховтың «Тынық Дол» атты романы түсін, соны осын алғаннан кейін романның қадірлік үшіндым. Енді романында көп оқылым. Эдебиеттің бұл түрін маған сүйгізген совет жазушысы Шолоховтың романы болды», — деген еді.

Нью-Йорктағы тағы бір еске алатын үшінрасу «Жиырма бірінші клуб» атапталған Нью-Йорк адамдарына аса мәлім қонақжай бір клубта болған еді. Онда жынырыда атапталған «Сатердэй-Интил» журналының бас кызыметкерлері, атакты «Нью-Йорк таймс» газетінің Солсбери сияқты ірі журналисттері, әмбіде атапталған Пеннилуб мүшелері, жазушылардың американцы лигасының мүшелері тәрізді иені адам жиналған еді. Соңда бір кезең Совет Одагынан келген жазушы қонактардың сейлеудің талап етісті. Біздің Америкадан алған әсерімізді сурасқаң еді. Мен ез кезеңімде Нью-Йорк қаласы тұрасындағы ойга келген бір тенденция таратып айттың шықтым. Мұны түрнікті ету үшін алдын ала бір-еңі деректердің айта көтейді.

Ен әуелі Нью-Йорк қаласының Манхэттен деңгелі аралда тұрғандыры есте болсын. Екінші — бүтінгі америкаи поэзиясындағы олек жолы бір алуаді. Бір жолы үзин, бір жолы қысқа келеді. Ол үйкес қуалашының ыңғак ыңғрайымен жазылады.

Мен Нью-Йорк қаласын Маяковскийдің кейбір бағаларын еске ала отырып, езімше бір, акынша, акын болмасам да, метафора, тендеу айтайын дедем. Соңғы айтқапым: менің көзімде тастан салынған небоскребтардың қуалған қала сипаты бейнебір Манхэттен аралының аспанына таспен жазылған поэма бол көрінеді. Ол поэмалының әрбір жолы — әрбір небоскреб (әзулің тас үй). Соңда американ елени бір жолы үзин, бір жолы қысқа болғанында, небоскребтардың да біреуі үзин, біреуі қысқа. Және сол жолдардың ішіндегі екі үзин, еді мазмұн жол — жүз екі этажды Импазайр Стэйт Билдинг. Ол козманың бұл жолын дүние жүзі халқының борі біледі, борінің де жадында деген едім,

Мәжілістің бастығы доктор Хитсиг маган әзілмен күрмет мероетің алпысының жылы жазда болатын осы клубтың юбилейіне екі шақыру билет сыйлашып болды да, әмбем мем мекенде жолымызды Норман Камис қамтамасыз етсім деп бұйырды.

Кейін ез жолдастарымыздың арасында осы жай сез болғанда, калірлі дос Степан Петрович Щипачев маган бір достық серт айтты. Ол «Нью-Йорк» деген өлец жазып, сонысын маган ариамақ болды. Мұндай уәделердің айнан ыстық шарында дегендегі орындалуы қандай қымбат. Сол Нью-Йоркта жүрген күндерде жаңағы тақырыпқа жазған өлеці, Щипачев біз Америкада қайтқан соң «Прауда» газетінің бетінде маган ариап жазғанын атағ, «Нью-Йорк» деген өлеңін жариялады. Оның көп тәселеулерінің катарында Нью-Йорктың небоскребтары тасқа айналған өлеңнің жолдары деп бейнеленген еді.

Бұл жөнде мемің көнілімде Маяковскийдің Нью-Йорктагы бір көпір, үлкен аспады көпір — Бруклин көпірі туралы және Бродвей көшесі туралы өзінше бір алуан акынша тапшылай айтқан сездері болған еді. Оның үстінде көзірі алем жүзіндегі екі зор мемлекет — біздің Отан мен Америка Құрама Штаттары болса, екі елдің де қаранайым адамы бейбітшілікті тілеген көнілмен қатар бір-біріндегі зор мәдениет, ғылым, техника табыстарына сүйсіне де біліседі. Өзінде бар ұлы табыс, ескерткіш, қасиеттерін болалай отыра езгедегі XX ғасыр ортасындағы енергеттік адамзат жасаған цивилизацияның жаңықсыз көрініске үлгілеріне әділ бағасын беріседі.

Бұл жөнінде біз революцияның ұлы ақыны Маяковскийнің қарау, таңу бүгінгі совет қалқының қалың көпшілігінің жүй-көніліме лайықты, заңды жай деп білдік. Сонымен, ертінде, Американың екі шыңы жылдың тыныштықта өткен мәденинегі бүгінгі шакта Нью-Йорктай үлкен енергеттік зор ескерткіш тудырса, біз ез Отанымыздың адамзат жас тарихының ішінде зөгер тажайып ғаламаттар түріндегі ғылымдық, техникалық, шаруашылық, қоғамдық, тарихтық ескерткіштер тудырғанын еске алмай ошыра алмаймыз.

Бүгінде алем таныған иеше алуан континентаралық ракеталарымыңа, аралуан Жердің жасанды серігі, Айдың жасанды серігі тәрілді бар енергеттік адамзаттың алдина ұзақ озын түсken дәуірлік табыстарымызды атауғана

жетпейді, соларға барабар Ұлы Отанымызда күрғақ да-ла, шөлістандарға біздін Отан тудырған теңіздер, бат-пак-сорды құрғатып, көгерту, ұлан-ұзақ шөлдерді иеле-ну, ұшы-қыры жок дала-сахараларды дәндендіру, ұлы өлкелерді өзгерту, жүздеген халыктар тарихтарын, тағ-дырларын қайта жаңғыртып, жасарту — осының бәрі сан Нью-Йорктей ұланғайыр, әрқайсысы әрбір заманың ұлы ескерткішіндегі ғаламаттар.

Нью-Йорктай қаланы сыпаттағанда, біз өзіміздегі осындай сыпаттарымыздын да баршасын еске ала, бу-лар да XX ғасыр ортасындағы адамзат цивилизациясы-ның сан алуан сенгірлері деп танимыз.

Нью-Йорктағы ұшырасулардың тағы бір өзгеше есте қалған сәті Американың атакты қарт ақыны Карл Сэнд-бергке ұшырасу болды. Жасы сексен екіге келген, өлі қапсағай бойы тік, сергек келген қызыл жүз, ақ шаш, ақ мұртты карт сырт пішіні жағынан өз Отанымызда ұшырасатын кейбір әдебиет, ғылым адамдарына үқсайды. Бұл кісі өткен жылды біздін Отанымызға келіп қайткан. Москвада болған, ауыл шаруашылық көрмесінен казақ, өзбек павильондарын жақсылап аралағандарын да айтады. Бұған Щипачев орыс тіліне аударылып, ба-сылып шыққан карт ақынның кітабын бәріміздің аты-мыздан тарту етті. Аға ақын үлкен ырзалақпен қабыл алған еді. Ол өзіне сүйікті кейбір өлеңдерін орыс тілінде сыртқы дыбыс жағынан қалай шығатынын андамақ бол, Щипачевқа әдейілеп оқып беруді тапсырған еді.

Щипачев оқып шыққан соң ол орыстың тілінің естіліүі үнге сұлу тіл бол шығатынын айтты. Дыбыс үйлес-тері күйлі тілдің бірі, өзім мағынасын білмесем де, орысша сейлеген сездерді үйлесімді дыбыстар келісіміндегі тыңдаймын дей отырып, Москвадағы бір сәл жайды еске алды.— Мен «Москва» гостиницасында этаждағы кезек-ші әйелдің қасына кеп отырғанда, кейбір қызыметкер кү-туші әйелдер соның қасына кеп сейлеседі. Сонда бір жиі естілетін «ага-ага-ага» дейтін демеу, леп дыбыстарының өзі де сол әйелдер сездерін әнге айналдырғандай болады,— деді...

Әз өміrbаянын айтқаңда ауыл шаруасының ортасы-ны шыққан балалық, жастық, тіпті жігіттік кундерінің көпшілігі жоқшылықта, қыншылық кезбе жайда өтке-нін айтады. Темір жолдарда билетсіз жүру, аштық күн-дерін кешу, енбек етер, күшін сатар орын таппай мүк-

таждық күйзеулікте көп айлар көшү — бәрі де өз басынан атқарып өткен ауыр өмір естегілері екен. Соның бәрі қазіргі карт көңілінде тасқа басқан бедердей көз алдында айқын тұрғанын анғартты. Барлық әнгіме үстінде бұл дос карттың пішінінде мен көз алдында осындай кәрілікке жеткен жас шағында осы кісі айтқандай ауыр өмір, у зәрін ішіп-кешіп өткен Америка жазушысы, біздің халықтарға аса мәлім Джек Лондонды көріп отырғандай болды.

Ол кісі Джек Лондонды еске ала кеп, оның қырық екі жаста өлгенін, көп жасағысы келмей, ішкілікке жеңгізіп, кейінгі өмірін уланып өткізгенін айтты.

Біздің Отанымыздың американ халқы арасындағы тұрақты, сенімді досы карт ақын Карл Сэндбергтің қасында болып, дос-жар ұзақ әнгімелерін тыңдал өту бізге Америкадағы ұшырасулардың ішіндегі ең бір қымбат сағаттардың бірі болды.

Осындай танысу, кездесу, білісу, ұшырасулар үстінде біз Нью-Йоркты бір жұмадай аралаған едік. Ендігі біздің сапарымыз Күрама Штаттың екінші шет жақ шегі — Тынық мұхит жағасына қарай беттейтін болды. Біз карлы, жауын-шашиңды, әлі қызы аяқталмаған Вашингтон, Нью-Йорк тұрған Атлантик теңізі жағасынан бұл мемлекеттің маужыраған жылы жағы — Тынық мұхит жағасындағы Калифорния штатына ұшуға беттедік. Алдымыздың ендігі біздің көңіл қиялымызды тартқан үлкен қала — Лос-Анжелос.

1960

ИНДИЯ ОЧЕРКТЕРИ

(Көріністері)

1. Азрана алғысөз

Индия сапары жөні-жолы бөлек оқшау бір сапар болды. Тек осы жайды баяндай бастаудан бұрын окушының көңілін сәлғана бір халді айтумен аз алан етейін.

Индияра жүрерде мені жора-жолдас, дос-жаран, ағын-туган дегендей көп жақын жандар ұзатып салмақ

болып жиылған еді. Бұл жыныда ерлер, әйелдер, үлкен-кішілер, жазушы, артист, ғылым адамдары тәрізді әр сала тірлігіміздің әралуан көрнекті жандары болған.

Мен қайтып келгенде, дәл сол жыны, дәл сол қалиммен, түгел тобымен қарсы алғы, тағы да қонақ-жай қалыпта сол бір стол айналасында бас қосыпты. Менің көніліме сол шақта өзгеше бір хал аңғарылды.

Жүрт жүзіне қарай-қарай андасам, сондағы күлкілі көнілді, шырайлы жүздері, сондағы киген кнімдері. Қонақ жай бөлме ішіндегі барлық зат-бүйім атаулар да сондағы қаз қалпында. Дәл сол мен кетердегі сөттей, тағы бірнеше айрықша көріністер ерекше көзге де, көңілге де ыстық тиеді.

Стол басында мәжіліс ағасы — тамада Сәбит көнілді жарқын тілекестік сезін сөйлем түр. Дәл кетердегі жай осылай еді. Сондағы тартылған ас та дәл сол қалпында, әлі суып үлгірмеген сияқты. Тамаданың сондағы достық тост түрінде сөйлемеген сезі әлі бітнеген сияқты. Тіпті сол шақта мен журерде шампанский бөтелкесін ашгамың да тез аша алмай, ариалысып жатқан бір жас қонақ қазір де және де сол бөтелкені дәл сол орнында тағы да сондағыдай әлі аша алмай, ариалысып жатыр.

Осы адамдардың жүзіндей, көңіл-жайындағы барлық болмыс та өзгермей, қозғалмай тұрган тәрізді. Бейнебір мемін қырық бес күндік сапарым болмаған, оқшау, оқыс, дағдыдан тыс хал-халет сияқты. Бейне мезгіл өткен емес те, өмір, тірлік тынысы үзілмеген, өзгермегей. Сол хал еске келгенде, мен бір баларап шағымда естігеп бір аныз ертегіні еске алдым. Ол былай еді.

Ертегі геройы жас жігіт өмірде өзінің бір оқшау жайына, кез-кезеңіне жетеді. Ол сол халінде заманының данасы бір ақылқой карт-карнига келеді. Содан өмінін өмір тағдырын айтып, ашып беруді өтініш етеді. Ертегілік өзгеше жайда бір өзі ғана отырған қария жаңағы жасты тыңдайды да, дәрет алғалы отырған ыстық суын құманымен шетке қояды. Жігітті қолынан ұстап үнсіз жетелеп кеп, бір шүнег тегененің қасына әкеледі. Сөйтеді де: «Мынау тегештегі суға беті-жүзінді түгелімен батырып көрші», дейді. Жігіттің суға беті-жүзі батуы ғана мүң екен, содан кейін ол жас мүлде басқа бір халға ауысып кеткен өз күйін көреді.

...Енді ол үзак бір сапарда, бұрын өзі баспаған, бармаған бөтен жайда. Өзі біліп, көрмеген жан иелерінің

арасында. Неше түрлі ертегілік ғажайып халдерге ауысып жатқан күйлерге ұшырайды. Оны алып қарақұс қашатына мінгізіп, талай таулардан, әлденеше мұхиттардан алып та өтеді. Ол жер астына да түсін шетеді. Эр агуан жат жынысты аң атаулы, жан-жануар, өзгеше есімдіктер арасында жүргенін көреді.

Сол шактың бір кезеңдерінде бұның өмірі өзгеше шұғыл өзгерген, ойда жоқ кын жай қысталан халге ұшырайды. Бұл тұғрик түбіне кеткелі тұргандай, не әлдекалай қафарлы айдаңар жұтып тартып бара жатқандай болады. Қарсылық етер қауқары жоқ, ажалда аял жоқ. «Енді жеттім-ау!» «Енді өлдім, біттім-ау!» деги барынша бір үркे сілкініш, тулай түршігія қалады. Сол халде шұғыл өзгеріс тағы жегеді де, бұның калі басқаша бола береді. Қазін ашын алғандай хал болады. Сейтсе сол жас, бағанағы беті-жүзін батырган судан басын жаңағана көтеріп алған екен.

Кария алғашқысындағы өз орында сабырлы, салқын тыныштықта тасбиғи тартып отыр. Қасында дәрет су құйған құманы әлі түр. Тіпті ішіндегі сұы да әлі сұып болмаған екен. Эрине, бул сонғы әңгіменің менің әңгімеме сырты ғана ұқсайды. Оны еске алдыратын бір ғана сырттай ұксас сипаттар.

Индия сапарында қырық бес күн бойында мен көрғен, сезген, білген жайлардын бірі біздің өз Отанымыз, өз халқымыз, өз шадыман күндеріміздің қалынан мүлде белек, басқаша да ерекше. Қырық бес күн бойында менің онда болып көрген-білгенім өзімнің қауымым, калқым, Отаным ортасындағы тірлігім, дағдылдан сонша басқа болғандықтан жаңағы ертегі жай еске түсті. Уақыт сараты бір орында сал дамыл алып тұргандай да, мәнің көріп-білгенім «смырудын» таңғажайып халдері болмаса да, сондай бір бүйрек, өкшашу жайлар еді.

Енді сол қырық бес күндік ұзақ сапар салқар көшіне аудысайык.

II. Ұшқыр қанат астында

Индияға аттанған сапарды біз Мәсквадан бастасақ та, зүслі оңтүстікке қарай беттемей, көрісімшіе, тұра теңістікке қарай жөнелдік. Халықаралық әуе катиас жолы біздің Ленинградты, Хельсинкиді басып, Стокгольмге баруымызды қажет етті. Стокгольмнен бүкіл Еуропаны аралап, Африка жағасын жағалап, Токиодан барын шы-

ғатын төрт моторлы үлкен самолетке мінетін болдық. Бұл «САС» деп аталатын Скандинавия компаниясының самолеті. Ол төрт моторлы, 62 кіслік ірі самолет, шашаң да үшады.

Алғашқы үш тәулік шамасында біз сол самолетпен көп елдер мен қалаларды басып өттік. Жолда Норвегия астанасы — Осло, Дания астанасы — Копенгаген, Батыс Германияның үлкен қаласы — Дюссельдорф, Швейцарияның — Женевасы, Италияда — Рим — біздің орбір екі-үш сағат өткен шакта тоқтап, түсіп отырған жеріміз болды.

Римден Африкаға қараң Каир (Мысыр) қаласына тартқан жол бес сағаттық, ұзақ сапар болды. Астымында таулар, теңіздер. Әсіресе Орта теңіз сұлары шекой ұзақ кек толқын да, кек жайқын бол кең жосылып жатты. Таң ата біл Мысырға кеп түстік. Бұдан кейін атақты Суэц каналын басып, Арабстан шөлімен ұзақ сапар кешіп, жеті сағат үшкандан кейін Пакистанның Караж қаласына келдік. Осыдан кейін соңғы самолет жолы бізде Делиге әкеп түсірген еді.

Бұл жолда біз Стокгольмде екі тәулік тұрдық. Кара чиде екі күн болдық. Қайтыс сапарда да көбінше осы жолмен жүріп, Римде екі, Стокгольмде және екі күн болғамыз. Сонымен Индияның өзін көріп, кезіп танысу жайларынан басқа жолдағы Стокгольм, Римде болған күндерді де мен сәл кейін баян етпекпін. Бірақ олар жайын Индиядан кейін осы енбектің соңғы бөлімдерінде, жол баянын аяктай келе айтқанды макұл көрдім.

Әуелгі мақсат — Индияда көрген мен білгенді, сезген мени ойлағанды өз оқушымызға жеткізу. Ең басты мақсат осы болғандықтан әнгімені тезінен, төтесінен сол Индияның өзіндегі жайларға арнайық та, тез баурайық.

Осы аталған жайға төтелей кірісер алдында бір-ак қана түсінік сөз айтылғаны макұл. Индия жеңіндегі осы кітапты мен, әрине, роман, повесть тәрізді дағдылы керкем қарасез жанрларының оқушыға мәлім түрлеріне ба-ламаймын. Индия ғажайып мол тарихты терең, зор сипатты ұлы дүние. Оның тарихы да жұз жылдар емес, әлденеше мың жылдармен өлшеніп, мөлшерленеді. Соңдықтан сол Индияға ариалған енбекті мен тек қана көрғенімді айтумен тұжыра отырмақпыш. Болмаса Индияның тарихын білгей, білгір маман есебінде сөйтімекші емеспін. Халқы мен қауымдарының бүгінгі ғасіт, көп

буындарының өмірлік, психологиялық шындықтарын да терең таныған автор емеспін. Осындай бір-екі іргелі се-бептерді еске ала отырып, көрген мен сезгеннің нақтылы шындығын дағдылы «жол баянын» өз тіліммен баяндаپ көрмекпін.

Бұл дәмесі зор кітап емес. Білген, көрген болмысынан туған шындық кітабы болып шыға алса, автордың содан арғы зорғы мұраты жоқ.

III. Делидегі күндер

Дели қаласы екіге бөлінеді. Ескі Дели, Жана Дели (Нью Дели). Бүгінгі Индияның ең зор шаһары болмағанмен, Дели көп заманнан бергі Индияны билейтін орталық шаһар бол келген. Қазіргі азат Индияның да орталығы осы қала. Біз, он шакты адам, совет мәдениет майданының өкілдері Индия үкіметі тарапынан шақырылған қонақ делегациямыз.

Индияның республикаға айналған тойының мерекелі күніне шақырылған едік. Делиге біз келген күннің ертеңінде, 26-январьда халық мерекесі, салтанат күні басталды. Өзіміз түсken көркем сарай — Хайдарабадхауздан орталық алаңға біз қалып шұбар топ, жаяу жүртпен аралас бардық. Демонстрация басталар алдында бізді бастаған достарымыз, сыртқы істер министрлігінің өкілдері, біздің тобымызды бүгінгі салтанатқа келген сый қонақтардың тобына апарып қости.

Кен көгал, бақшалы аланға кілем жайылған, орындықтар қойылған екен. Трибунаның орнына осындай жай жасалған. Тек онаша, оқшау қызыл жібек коршау бар бнік тақ Индияның президенті Прасад отыруға әзірленілті. Біз сол тақтың он жағындағы катарланып қойылған орындықтарға орналасқан шағымызда, қасына қызы Индира Гандиді ертіп Неру келді.

Төрт-бес қатар орындықта отырған әр елдік қонақтардың бәрімен Нерудің өзі де, қызы да жарапай жүріп, қол беріп амандасып шықты.

Жалпы салтанатты салт аттылар тобы бастады. Ықшамдау келген өншең торы әдемі араби атқа мінген, ~~ле-~~ ней қызылт киімді, әсем кавалерия өтті. Эскердің бәрі сақалды, бастарында сәлде тәрізді жұқа бас киім, соны бастыра киген. Бұлар Индияның өзгеше жауынгер халқы — сикхи затынан. Осылардың артынан жаңағыдай

араби керторы алты сәйгүлікке алтындаған күйме жегіп, соған мініп Индияның бүгінгі президенті Раджендр Прасад шықты. Күймеде өзі жалғыз еді. Тақтың тұсына тақағанда аттар тоқтап, президент күймеден түсіп кеп таққа отырды. Осы шығыспен парад бастады.

Индияның әміршісі болған бұрынғы шахтар, кейінгі вице-корольдер көрнекке шығатын дәстүр осылай болса керек. Индияның тағы бір көне дәстүрін, әсіресе осындай шактағы салтын біз енді келесі секундтердегі көріністерден таңырқай андадық.

Парадтың алдын бастап пілдер тобы келеді екен. Тәя салмағымен аяқ басқан, төрт-төрттен катар түзеп келе жатқан бір топ ~~пілдер~~. Бұлардың ұзын тұмсықтары, бас-мойны жотасы екі жақ қабырға аяқтарыңа шейін алтындаған қызылт кежіммен жабылған. Устерінде, мойын тұсына таман топтала отырған бірнеше әскерлер бар. Қолдарында ескі соғыс құралдары, киім бейнелері де бұрынғыша. Осындай бір қалың шоғыр оқшау топ бүгінгі салтанат жүрісін бастап кеп Прасадтың тұсына жеткінде сал баяулап тоқтай берді. Енді біразда барлық пілдер бірден алдыңғы аяқтарын тізерлей бүгіп илді де тұмсықтарын тегіс аспанға көтеріп үн салды. Бұлары падаты бастап, өзінше құрмет көрсету нышаны. Пілдер өтіп кеткен соң енді бір толқын бол бұрынғы дәстүр бойынша ескі әскерлердің бір түрі — түйелі кавалерия жылжып келе жатты. Ол өңшен ақ түйе, нарлар екен. Әр түйенің үстінде екі кісілік ерлері бар. Сол екі-екі әскер мінгескен түйелі кавалерия да өзгеше бір ұлғі аңғартып өте берді. Ал соның артынан бары ғасыр мен біздің XX ғасыр ортасы контраст күйде тоғысқандай бол, тағы бір ойда жоқ қозғалыс аңғарылды. Ол келе жатқан танкалар, мотопехота, бүгінгі артиллерия, аспанада осы шактарда лек-легімен реактив самолеттер көтірлесінде анықтады.

Осылайша басталған парад енді ұлы Индияның қөп уәлляттарын өзді-өз салты, көркі-көрнегі, өнері, кәсібімен, оқшау қызық ұлгілерімен ұзақ күн бойында үздіксіз көрсетіп өтіп жатты. Осы күні түстен кейін біз президент сарайына Могол паркі деп аталатын салтанат бағына президент қонағы бол шақырылдық. Бұл бақ біздің бала шағымыздан ертегіде естітін Иран бағы «бағиран» десе болғандай. Салтанатты сарайдың бұл бағы аса зор. Индиядағы ұлғі бойынша мұнда су мен гүл ағаш, гүл же-

містер ұдайы кездесіп отырады. Үйстүк жақта салқының қажеттігі осы бақшалардың күрылышынан көрінеді. Бұнда айнадай көк мәлдір су әдемі қызыл тасқа бөлеңеді. Одан кейін гүл мен жемістер кезектессе, біраздан соң тағы да жаңағыдай мелдір айнаулар үширап отырады. Ағаш, жеміс, көк салқыны мен су салқыны мыйвау баққа басқаша бір жайлы рахат көрік те, күй де береді.

Индияның барлық қалаларында әрбір күтімді бақта, сарайларда қадірлі, салтанатты асем жайларда ерте заманнан осы күнге шейін дәл осы алуандас бақтар жи кездеседі. Паркке құндізгі сағат төртте Индияның ұлы мерекесіне жиылған қонақ атаулының бәрі президент қонағы есебінде шақырылып, жиналған еді. Бұл сағат көп жандардың бір-бірімен жұз көрісуіне, танысуына арналған сағат болды. Оты сейілде біз Прасадтың өзімен таныстық. Тағы да біздің тобымызды бастап жүрген дөстар сейіл үстінде әдейілеп алып кеп бізді Нерумен таныс етті және Индияның ең көрнекті мемлекет басшыларының бәрі вице-президент Радхаришнанмен де біз осы сәтте алғаш таныстық.

Жаңағы аталған уш үлкен адам біздің тобымызды жақын иүндерінде өздерінің резиденцияларында қабыл ететіндерін айтты.

Делидегі келесі күн әрбір Индияға келуші делегацияны, қонақ атаулының ең алғаш қадам қоятын құрметті бір жеріне қарай беттеуімізден басталды.

Біз тобымызбен Гандидің құрметіне арнап венок алып сапар шегіп едік. Қаланың орта тұсына Жұмна езенінің жағасында Гандидің қаны төгілген орында, Индия дәстүрі бойынша Гандидің сүйегі құрметпен өртеген жері бар. Сол орында әсемдеп оқшауланып қызыл гранит таспен биіктеле мұсінделген бөлекше бір дөңгелек жай тур. Соның биік басына шығар алдында тас басқыштар түбінде біздің бар тобымыз аяқ киімдерімізді тастанап, гүл-венокті көтеріп, жоғары бастық.

Январьдың 27-сі болғанмен, Делиде анық дағдылы қыстың күні деп саналғанмен, бұл күн әдемі маужыраған қоңыржай. Мысалы Алматының сентябрь күніндегі. Айнала есімдік дүниесі бір жапырағын тастанаған, жалғыз тал шебі қурамаған, жасмин гүлдеп, мандарин бітік есіп пісіп түрған кез. Бірак біздің жатын сараймызда камин жағылады. Эр бөлмеде қонақтар тоңбасын деп үйді әлектр отымен жылтырып отыр. Бізге өзіл ретінде

айтылған бір сыр бар: «Сіздер индустарды ренжітпей мін десеңіздер өздеріңізге қанша жылы көрінгенмен де, қашалық пысынап жүрсөңіздер де қазіргі күн «қыс» десе, сіздер «рас, қыс» деңіздер, олар «суық» десе, сіздер де «рас, суық» деңіздер. Болмаса дос-жар, мейман-дос үй иелерін ренжітіп алуыңызға болады» дейтуғын.

Көнілімізде Гандидің аруағына арналған құрмет шын болғандықтан, біз жаңағы айтылғандай «қысқа» қарамай-ак, тас басқыштарды жалаң аяқ басып, гүл көтеріп жоғарыдағы көлбей түскен бір дәңгелекше тас төсөнішке жеттік. Соның үстінде жас гүлмен һинду тіліндегі жазылып қойылған бір ауыз сөз бар екен. Жумна өзені жағасындағы храмнан шығып осылай келген жерде дүшпаидар атқан оқтан жарадар болып қансыраң жығылған Ганди дәл осы арада үзілер шағында айтқан бір ауыз сөз бар. Жаңағы жас гүлдер мен тасқа жазылған жалғыз сейлем сол: «Қуат еткенім өзін, Рама», деп үзіліпті. «Сол үні, сөзі, тілегі әлі қаз қалпында» деген нағыммен бүгін де күнбе-күн жаңағы мирас тастың үстінде жаңа гүлмен осы сөз жазылып отырады.

Біз өзіміз апарған венокті салдық та, үнсіз қозғалыспен қайта бастадық. Осы жүрісте енді біз ескі, жаңа Делидің неше алуан, әлденеше ғасыр айғақтары болған өзгеше ескерткіштерін аралап кеттік.

Индияның өз тарихынан қалған аса қымбат бір ескерткіш бірінші ғасырда орнатылған обелиск — зор тас діңгек. Бұл обелиск индия халқы үшін аса қымбат ескерткіші саналады. Ол діңгек ғасырлар айғағының ішінде бағы заманда Индияда болған ұлы патша Ашока атымен байланысты. Индияның ұлы патшасы Ашока біздің әрадан бұрынғы III ғасырда тіршілік еткен. Аның бойынша ол арғы-бергі бар жер жүзіндегі патша атаулының баршасынан бөлек жол ұстанған. Жаңа обелиск тас діңгекте сол Ашоканың үгіт-өснеті, өзгеше жолы әдикт¹ бірінші ғасырда осы діңгек тасқа шабылып жазылған. Ашока өзі буддист. Ол таратқан үгіт-өснет болыңша «қан тәкпеу керек, ешбір жанмен соғыспау жөн» деп осы жайдары үгіттерін кейінгі наслілге әрі діндік, әрі адамгершілік үгіт-өснет етіп жаңағы тас діңгекте өзінен кейінгі заман адамдары қашап жаздырған.

Делидің ескі шаһарында бұдан кейінгі біз көрген ра-

¹ Эдикт — пагшалың арнайы шығарған төтепші мәнді указы.

жайып ескерткіштердің бәрі де арғы-бергідегі мұсылман патшалары салдырыған ескерткіштер. Осы ретте Деліде XII ғасыр ішінде араб затты Құтбиддин патша салдырыған «Құтбинар» деген ғажайып мұнара бар. Биіктігі 73 метр. Бұл ең бір сұлу мұнаралардың сирек сұлу белгісінің бірі. Мұнара терістік Индиядағы көшілік ескерткіштер қатарында жоса түсті қызыл тас, қызыл пәсчаникten¹ салынған. Мұнара көп қырлы. Төменінен ең жоғарғы биік ернеуіне шейін жанағы қырлы мұнараның сыртын айналдыра құраның аяттары, ғажап сұлу хат ретінде тастан ойылып жазылыпты. Сөйтіп мұнар биік басынан етегіне шейін бір жеріне бір жері ұқсамайтын айнала шырмаған әсем ою араб жазуы аят жолдарымен безелген. Осы мұнара жанында ерте заманда салынып, жартылай құлап қалған «Қуатұлислам» аталған ескі мешіт бар. Сонын жанында тағы да Индия тарихының аса ғажап сырлы бір ескерткіші көрінді.

Аспаннан түскен метеорит темірінен жасалған, индия шеберлері мың жылға жуық, ескі заманда осы араға орнатқан темір діңгек түр. Бұл діңгек темірдің дүниe жүзін таңқалдыратын тамашасы сол: өзі таза темір бола тұра мәңгі-бақи өнбойында тат басып көрген иненің жасуында жері жок. Тат баспайтын темір діңгек бұ да өзінше Индия өнерінің таңқаларлық бір ерекше бітімі, ғылғасы. Құлаған мешіт өз заманында аса зор шеберлікпен орнатылған ескерткіш екенін аңғартады. Бұның да қабырғалары ішкі-сыртқы жағынан түгелімен аят жазуға толы. Өрнек нақыс есебінде тек қана тастан ойылған.

Мешіттің ішкі жақтары толған оюлы діңгектер. Кей тұста жартылай аман қалған күмбездер бар. Осы бөлімдердің бәрі де оюлы, нақысты дүғалықтарға толы. Құлаған мешіттің жоғарғы күйсі койнауының бәрінде да-мылсыз ұшып-конып, қытқылдан үн салып жүрген көп түсті көк-жасыл тотылар көз тартады. Бір араға топта-лып жиылып, бей аа үн салып жиілеп ұшып-конып жүрген шактарында бұлар да біздің өзіміздегі сауысқандардай мезі қылуға жааралық екен.

Дели шаһарының ендігі екі түрлі ғажайып ескерткішін біз асықпай молынан араладық. Оның бірі Бабур патшаның немерелері Шахжиһан салдырыған Жұма-мешіт² және патша сарайы — Қызыл сарай (Редфорт).

¹ Песчаник — құнтарас.

Бұл екі имарат¹ та осыдан 300 жыл бұрын қызыл пес-
чаник тасынан және ақ мрамордан союланып салынған.

Жұмамешіт ұлы мейрам күнінде 50 мың адам салқа-
турдып намаз оқитын жай. Мешіттің алдыңғы саптар ту-
ратын жері және міхрап² түсі төбе жағынан да коршау-
лы. Ен артқы қатарда ерлерден болек жиналыш намаз
оқитын әйелдерге ариалған болімі де биік қалмында ме-
шіттің орта түсінан боліне коршалған. Ал екі аралық
биік көтеріліп ақ мрамор төсөліп қойылған төбесі ашық
кең алан. Бұрын намаз сәттерінде осы аланың төбесіне
мол шатырлар тартылады екен.

Жұмамешіт ішінде біз осындай дін орындарының
біразында кездесетін шарлатандықты да көрдік. Бір бұ-
рында боліне коршалған кішкене киоск тәрізді бояулы
жайға бізді алып келісken еді. Іші қаранды, шыны қа-
быргасы бар үйшіктің ортасында сәл қозғалыс байқала-
ды. Аздан соң кішкене терезе сәл ғана ашылып, жоғары
көтерілді де біздің жакқа ысырылғы шығарылған ете
көне кітап беті көрінді. Пергамент қағазына жазылған
кесек, сирек жазу — араб жазуы. Үлкен кітаптың бір бе-
тіне қызығылт-қоңыр болу төгілген тәрізді. Мәлім етулері
бойынша бул белгілі «төрт шариярдың» бірі Ғұсманның
қаны төгілген құранның езі бол шықты. Тегінде мұсыл-
ман әлемінде Ғұсман да көп, Ғұсманның қаны төгілген
құран да көп екенін білуші едім. Өз тіршілігінде менің
езім ғана үш шаһарда осындай үш құран көргенім
бар-ды.

Жұмамешітке әлдеңе заманнан бері сол жалған қан,
жалған Ғұсман құраның әлдебір алымпаз да жемпаз
жемсау бүйрығы қалдырғанда кондырған екен. Ол
ғана емес, құранды көріп бола бере ол әрі жыл-
жып кетті де, енді бір сопақша шыны сауыт шықты.
Төбесінде күмістеген бұрандалы қақпағы бар. Қакиак-
ты, беті-жүзі бізге көрінбейтін бір жанның катып қалған
комірдей қара жіңішке саусақтары бұрап ашып алыш,
әрі қарай тарта берді. Сауыт ішінен біздің көзімізге ті-
тік бол қарайып, сауыттан боліне сорайын тұрған жіңіш-
ке проволка талы көрінді. Мәлім етулері бойынша бұл —
дәл Мұхаммед пайғамбардың дәл өз сақалының бір
талы екен.

¹ И марат — сәулетті сарай, мешіт үгымында.

² М іхрап — мешіт ішінде мекеге, құблага нұсқаудың ойык-
муйісше.

Осындағай «ертең», Жұмамешіт күмбезінің астына тағы да біраз «естегілер» әкеп орнатылып. Мұнда Мұхаммедтің сақалынан басқа, түйе терісінен тігілген тағы сол Мұхаммедтің башшагы да бар. Қасындағы таста Мұхаммедтің табавының ізі де бар. Бұл екі белгіні багы заманда Индияны шаумиң алған сапарында Самарқандан әдейілеп Ақсак Темір өзі әкеліп қалдырган дейдіміс.

Шахжиһан салдырган арғы-бергі Делидің ең көркем де көрнекті әсем ескерткіші «Қызыл сарай» маңына да келдік. Біз бұл сарайға ескі Делидің Лахор атты дар базасынан келіп кірдік. Аса білік ~~ерін~~, ақ мрамор мен үсақ көп күмбездер жасал, қызыл қабыргаға шатырлар дай алпақ бол ориатылған төбешіктер, бейнебір алым-тан көрінгеч, жілі қояған ақ отаулар төбесіндегі. Қызыл сарайдың өзіне бағтар дарбазаның бір өзінік көркі де өзгеше бол көз тартады. Ал патша сарайы, жалпы Имдиядағы сарайлардан мұлде басқаша бір ерекшелігін байқатады.

Жаз ыстық, қыс жокқа тән. Қарлы суық мұлде болмайтын себепті бұл жақтарты сарайлардың бірі жылы болу ниетімен салынбайды, қайта соған қарсы неқылса салқын болу, тіпті қолдан келсе суық болу шақстап ойлап салынатын тәрізді. Сарайлардың елшілер қабылдайтын, зор мәжілістер куратын қонақ жайлары, патшаның арыз қабылдайтын тағы түрган орындар, тіпті ас ішетін, үй ішімен жатып-туратын, шомылып-жуынатын немесе намаз оқып, мінажат қылатын мешіт жайлары бәр-бәрінің де қабыргалары тас болудың үстінде, асты-үстінде де әр түсті оюлы әсем тастандаған ~~кашап~~ жасалған.

Елшілердің қабылдаған, үлкен ~~мажілістер~~ куратын зор, әсем болмелердің оюлы тас еденидерін бойлады мәлдір сулы бұлақтар ағып етіп жатады екен. Сейтін болмелердің төрі, отырыс, турыс, ~~жатын~~ жайлар болғанда, ейінші шетінде лотос гүлдерінә жайқалғып мәлдір бұлақ, су ағарлар сылдырап жатады. Тас сарай қаидай ыстық ~~шын~~ болса да, қоныр салқын бейжай бір жайынан, жайма-шуак қалпынан қые та, жаз да, күн мен түн де бірдей ауыспайды. Ешқашан өзгермейтін болып салынған. ~~Сол~~ әртүрлі тастан оюласу-қиболасуынан құралған әсем сарайдың алтынмен, күміспен, асыл тастанмен безелген тақтары, тесектері, сандықша отырыс күрсілірі ~~жеп~~ бояулы көріктерімен көз түнжыратады. Бунда да, әл-

денеше салтанат жайларда, әралуан асыл тастармен оюланып жазылған аяттар, дүралықтар көзге түседі.

Аса сәнді биік күмбезді бір-екі бөлменің арасындағы мандайшаға тағы да көз тартар көрікті тастармен оюла-нып жазылған бәйітке көзіміз түсті. Осы сарайдың көр-кін мадақтаған қошеметші ақын парсы тілінде:

«Әгәр Фердауси бәруи замин ест
Һәмин ест, һәмин ест, уа һәмин ест!»

депті. (Егер жәннәт (Фердауси) жер жүзінде бар болса, ол осында, ол осында, дәл осында!) — деген екен.

Заманында индия халқын өздеріне зорлықпен, шабуылмен бағындырып қаратқан могол нәсілді патшалар құдіретімен салынған ен зор ескерткіштің бірі — Қызыл сарай осы ақынның мактауында бар бағасын алған. Сол қошеметші қонақ ақынмен мактау сөзге жарыспай-ак бүл сарайдың жайын жанағы жолдармен біз де доға-райық.

Делидегі алғашқы күндерді күндіз қала ескерткіштің аралаумен өткізсек, кешке біз әр уақыт қонақта, көп жандармен әралуан көнілді күйлерде кездесу үстінде өткіздік.

Бір күнгі салтанатты мол мәжіліс Индия-Совет дос-тырының комитеті жасаған жиын еді. Бүл жиылысты Джавахарлал Нерудің туған апасы ақ шашты, карт Неру ханым баскарды. Жиналыста индия адамдарынан сөйлеушілер ғылым адамдары, өнер мен әлеумет қоғам-дарының қайраткерлері болатын. Олар аузынан шыққан сөздер мен біздің өкілдеріміздің сөйлеген сөздері де индия халқы мен советтің ұлы халықтары араларында туып келе жатқан шынайы, тұрақты және ұзак өрісті, ігі достық турасында болған еді. Сонымен қатар екі ұлы Отаның дүниелік екі үлкен халқы бірдей, бір ғана ниет-пен бар әлем жүзінде бейбітшілік болуын тілеседі.

Жақын заманда болып откен адамзат апаты, қырғын соғыс тажалы қайта оралып келмесін деп мақсат етіседі. Тегі Индия-Совет достығын нығайтушы осы комитет барлық Индияның көп орталықтарында аса мол әңбек ететін тәрізді.

Англия әкімшілігінің замандарында, бүгінгі Советтік Отан былай тұрсын, тіпті бұрынғы Россияның тарихы-наи, мәдениетінен барлық индия халқына түк білдіргісі келмейді, топас әрекет откен отаршылдықтың із-айғары

бұнда аса айқын сезіледі. Біздің Отанымызды жаңада азат болған индия халқы әзір аз біледі. Сол ретте мынау Индия-Совет достығының комитеті істеп жатқан істер, бүгінгі күнде көп жеміс беретін анық тарихтық істер болып отыр. Қейінгі күнде Индияны аралаған айдан артық сапарымызда әр үлкен қалада біздің ең алдымен жылы ұшырасып, ескі көз таныстай кездесіп отырган топтарымыз комитет қайраткерлері болатын. Сондықтан Делидегі достық кеші, анық қымбат, қажет кездесу кешіндегі бол ойдағыдай өтті. Қатарымен үш күндей президент Раджендр Прасадтың, одан кейін Нерудің, соナン кейін вице-президент Радхакришнанның өздері тұрған резиденцияларында, особняктарында визитте болып, қабылдау кездесу шақтарын атқарды.

Бүгінгі Индия тарихының ең көрнекті және жауапты басшылары бұл үш адамның ауыздарынан естілген сөздер бізге қажет те, қымбат та еді. Эрине, аз кездесу үстінде сыпайылық; құрмет сөзден басталатын мәжілістер сол сыпайылық түрінде жалпы ретте ғана кейбір үлкен үлкен жайларға мезгел өтті. Мысалы, президент Раджендр Прасад бүгінгі Индияның саясатындағы бір ерекше жол жөнді түсіндіре сөйлемді. Ол кісі Индияның үкіметінің ешбір зорлықты сүймейтіндігін айта келіп, Индияда республика жасау жолында болған өзгерісті айтты.

«Біз көп князьдікке бөлінген құрама Индиядан біртұтас республика жасадық. Сонда қан тәкпей, қарулы күрес жасамай, тыныштық жолмен осыған жеттік»,— деп өз партиясының программасынан сәл дерек бере айтты.

Ал президенттің орынбасары Радхакришнан: өздерінің осы саясатын бір Индия үшін емес, бейбітшілік пен тыныштық үшін де пайдалы, жемісті саясат деп атады. «Дүниежүзілік бейбітшілікті жактап-көксөуші есебінде біздің Индия саясаты сіздің отаның бейбітшілік саясатына да кәмек етіп отыр» деген жайды аңғартты.

Эрине, бұл екі басшының да сөздерінде даусыз, тарихтық шындық бар екені рас. Бірақ сонымен қатар бұлардың революцияны да зорлықсыз тек қана құрғак үтіпен жасау керек деген тәрізді көзқарастары, Индияның өте көне күндерінен бері қарай келе жатқан: діндік, гуманистік және гандильтық негіздерінің сарыны тәрізді аңғарылып еді.

Шынайы, дәл тарих шындығының өзіне келсек, жоғарыда аталған көп кіязъдіктің басында түрған ескі туқым кіязъдері жаңа республикаға жол бергенде текке берген жок екен. Олар соғыспай бағынса да бұрынғы әмір-құдірет, таж-тағын республикаға аса қымбат ақыға сатыпты. Оның анығын кейін біз Индияның көп штаттарын аралағанда көріп өттік.

Осы күндерде Индияның, қала берсе астана Делидің ұлы мәдениет орындарында да болдық. Мысалы 29-январьда біз көне Азия мәдениетінің музейіне бардық. Одан соң Индияның үлттық архиві музейінде болдық. Үлт музейі деген мемлекеттік музейде тағы да болған едік. Енді бір шакта бүгінгі Индия мәдениетінің зор ділгектерінің бірі саналатын Дели университетінде болдық. Жалпы Индиядағы 32 университеттің бірі осы Дели университеті 1922 жылы ашылған жас университет саналады. Тегі тарихтан естуімізше жер жүзіндегі ең ескі университет те Индияда болғаны мәлім. Ұмытпасам бұдан көп заман бұрын ойран бөй кеткен бір шаһарда осыдан екі мың жыл бұрын Индияның ең зор университеті болған. Ол университетте барлық Азия көне мемлекеттерінің жастары тәрбиеленген екен. Бүгінгі Индиядағы 32 университет, әрине, багы заман Индиясының ғылым ордаларынан бөлек. Бұлар бар мағынасында, ал тіл жағынан алғанда әсіресе түгелімен европаланған, соның ішінде ерекше «ағылшындалған» университеттер.

Мысалы, Дели университетін, Англияның вице-королі Лорд Маунбеттен 1947 жылра дейін өзінің қамкорлығы астында ұстаған. Қазір университет ие болып түрған 550 акр¹ жер, бак, өлке де сол вице-корольдің мекенжайы болған. Ол өзінін әйеліне үйленген кезін 25 жыл өткен соң тойлағанда, күміс той дейтін той жасап, сол күні университеттің 25 жылдығын да менің 25 жылдық неке тойыммен бір шықты деген. Университеттің мереңесі шағында ол 25 аудиторияны, менің әйеліммен ең алғашқы махабbat білдіріскең бөлмеміз еді депті.

Индияның университетіне Англияның тәқаппар, кердеп көкірегі өз әмір-құдіретін көп жүргізген. Осы айтылған жайдың өзінің де андаған көңілге осал емес екені

¹ А кр — Ағылшын тілінде сөйлейтін бірқатар елдердегі жер елшемі, 1878 жылдан бастап, Англия мен АҚШ-та, 1 акр — 4,047 шаршы километрге тең саналады.

мәлім. Дели университеті Англия лордының ашса ала-қанында, жұмса жұмырында болып жүргенін ағартады. Соның салдарынан, біз кейін көрген бар ірі университеттер тәрізді, Дели университеті де аты Индияғының орны болғанымен, оқыту тілі мен көп-көп заты жағынан анық ағылшын оқу орындарын еске түсіреді.

Дели университетін біз мол араладық. Бұнда 8 факультет көлемінде 8 мындағы студент оқиды екен. Эйелдер оқитын бөлек колледж және бар. Индиядағы барлық оқу орындарынан басқарап тек осы Дели университетінде ғана орыс филологиясының бөлімі ашылған екен. Онда 100-ге жуық индия жастары енді-енді ғана орыс халқының тілөнерін оқи бастаған. Кейін біз көрген кітап көрмесінде одактағы туысқан елдер әдебиеттерінің орыс тіліне аударылған көрнекті үлгілері де осы бөлімде оқылыш тексеріледі екен.

Дели университетінің Индия тарихын оқытатын бір профессорымен сөйлескен аз бір жайларымыз айтуға тұрарлық көңес болғандықтан осы әңгіме сонында еске ала кеткенді лайық көрдік.

Тарихшы профессор Индия тарихы әлі дүниеге бар Индияны танытып болмағанын дұрыс айтты. Тыңдан жаңаша тарих жазу қазіргі республика тарихшыларының ардақты міндеті екенін сөйледі. Соны айта келіп профессор Сурков екеуімізben жасаған мәжілісінде Нерудін тарихшыларға беретін мол мәслихаттары бар екенін айтты. Осы орайда мен профессордың пікірін қостай отырып, жалпы шығыс елдерінің тарихтары туралы бір дерек айтуды лайық көрдім.

«Орыстың XIX ғасырда өткен үлкен демократ ойшылы және жазушы адамы Герцен деген кісі болған. Сол адам «Шығыс елдерінің тарихтары драмалық, трагедиялық оқиғалары болғанмен де, жалпы алғанда іш пыстырарлық» деген екен. Менің ойымша тарих іш пыстырарлық емес, тарихты жазушылар сондай іш пыстырарлық етіп жазған. Бұл ретте барлық европалық халықтардың ырысына қарағ сол Европаның, мысалы ескі Грецияның ең алғашқы тарихшылары Геродот пен Қсенофонт аса қызықты тарихшылар болғанға үқсайды. Анында олар тек қана тарихшы емес, соның үстінен өздері және тамаша талантты беллетрист-әңгімелі, жазушы болған. Соңдықтан оның екеуі де көне грек тарихын іш пыстырарлық емес, қайта аса қызықты, қызғылықты етіп жаза-

білген. Солар үлгісі кейін барып Римнің, одан әрі ортағасырдың, одан кейін бар Европа халықтарының тарихтары көнілді, қызықты бол жазылуға себепші, жетекші болған деп санаймын» деген едім. Менің бұл ойымды Сурков та, Дели профессоры да қостағандықтан «мен Индияның тарихы жаңадан жазылғанда солайша қызықты, есте қалғыш тарих бол жазылса әсіресе бағалы болар» деген көлденен бір ой айттым.

Енді бертін келе ойласам, өз тарихтарын жаңадан маркстік-лениндік ұлы ғылымдық негіздерге сүйеп жазып жатқан өзіміздің отандағы советтік елдеріміздің бәрінің тарихтары мен тарихшыларына да осындаі талаптар қойылса теріс емес, занды болар еді-ау деп ойлаймын. Сол катарда Советтік Шығыстың бір елі — «қазақтын, Қазақстанның тарихы да қызықтылығымен де талантты бол шықса-ау» деген орынды арман ойға оралып еді.

Төрт сөтке Делиде күні мен түні бірдей, ескілі, жаңа тарих ескерткіштерімен, өңбектерімен таныстық. Бүгінгі әр сала өңбек иесі жандарымен де білісе жүріп, біз гажайып Индияның алғашкы елесін кеудеге қондыра бастағандай болдық. Соңан соңғаған енді кең, мол мемлекет Индияның Делиден өзге үәлаяттарын, шаһарларын үзак жүріп аралап көруге аттандық. Алғашкы сапарды арнағанымыз тарихтық ескерткіштері өзгеше Удайпур, Жайпур шаһарлары еді. Біз Делиден аттанған күн ең алдымен сол Удайпурға келіп түстік.

IV. Үәлаяттар ғаламаттары, Удайпур, Жайпур, Аграда

Бүгін Удайпурға қарай тартқан жол бойында бидайдан басқа қант қамысының өлкелері де үшырай бастады. Поезд енді тау аралай түсіп Удайпурға тақап келеді. Бұл тау аты Аравали. Тоғайлы, құйқалы, сай-сайында қалың пішенді көк өлкелер, тоғайлар кезігетін тау бол шықты. Қалаға тақау ең жақын биік таудың басында аппак бол ақ мрамордан салынған бір ерекше үйжай көзге түсті. Оны замок деп ойласақ, бекер екен, кейін бар Индияда әр қаланың қасындағы таулар басына аппак бол орнайтын мінажат орны — темпилдар екен. Индуизм дінін тұтынған қалың индус жүрті бұл шакқа дейін ерекше діндарлығымен мәлім болған. Сол ретте мінажат орнын адамның тұрғын жайларынан

алыстып, кейде елсіз, биік шоқының дәл басына апа-
рып орнату дәстүр болған.

Удайпурда бізді қарсы алған достар қаланы арала-
тып келіп, үлкен мөлдір көл жағасына салынған аппак
тас сарайға, салтанатты қонақжайға әкеп түсірді. Бұл
мекен гостиница емес, әр шаһарда үкімет бастықтары
мен үкімет қонақтары түсіп жүретін, әрі сарай, әрі жа-
тын жай «гастхауз» дейтін салтанатпен салынған үйлер
болады.

Удайпурды билеп тұрған бұрынғы заманнан келе
жатқан әмірші кәрі князь — махараджаның өзі. Мынау
біз түскен жай қарт махараджаның сый қонақтар қа-
былдайтын сарай.

Әсем сарай өзінің тас шілтерлі, асты-үстілі балконда-
рымен, верандаларымен жақын көрініп тұрған көк
мөлдір көлге мінбелей салынған. Көл айналасы тасты
біктері бар қоныр адырлар. Қелдін аргы шеті үзай тү-
сіп, тау сағалап шығысқа қарай айналып кетіп жатыр.
Бұл жерде екі көл қатар екен: Фатей, Пичула қөлдері
аталады.

Біз түскен сарайдың қонақ бөлме, ас бөлмелері түге-
лімен осы уәлаят, осы шаһарды билеген, өзіне бағын-
дырған князьдардың барельеф, суреттерін мол жиган.
Мысалы, ас бөлмесінде алты тармақ күміс табақ
бар. Осы алтындаған табақта бүгінгі махараджа Бупал-
сингінің өз барельефи жасалған. Қатардағы бөлмелердің
бәрінің қабырғаларында өңшең жолбарыс терілері кері-
ліп ілінген. Бәрін де бүгінгі махараджаның өзі атқан
деседі.

Алғашқы асқа мынау көлден бүгін ұсталған балық-
тар әзірленген екен. Индияда ағаш басына, кіші-гірім
қауындай бол өсетін папайя деген жеміс бар. Ағашы да
солай аталады. Бүгін біз алғаш рет жол бойында көрген
ұзын сары құйрығы бар үлкен сүр маймыл да көрші
қыстақтың бақтарынан үрлап әкелген дәл осы папайя-
сын жеп отырғанын көріп ек. Біз де алғаш дәмін бүгін
таттық. Тәтті құмар маймылғана емес, біз де ұнатып,
өзіміздің кейбір жемістерімізге дәмін ұқсата отырып,
сүйсініп жестік.

Тұс шағында бізді қонақ етіп отырған махараджа-
ның өз сарайына келдік. Бұл аса үлкен, қабат-қабат,
қатар-қатар ақ мрамор сарайлар екен. Тау етегіндегі
көлге іргесін батыра және биікше тауды орлай салын-

ған. Архитектуралық зор ерекшелігі бар қызық сарай. Бізді қонақ залына алып келді. Залда мозаикамен салынған тауыстар суреттері көп. Бояулы барельефтер көп реңімен көз түнжыратады. Осы залға келе жатқан бойда, сарайдың көрнекті салтанаты мол күмістен істелген күн құдайының бейнесін көріп өттік.

Осы махараджаның ата-тегі, тұқым-тұқиянының же беуші аруағы (покровителі) сол күн құдайы саналады екен. Жаңағы қабылдау залдың төбесі ашық. Зәулім биікке бірнеше қабат болып мрамор балкондар кетіп жатыр. Айнала жоғарғы жақтың бәрі оюлы мрамор. Ара-ара да алтындаған кішкене шашақ күмбездер көз тартады. Бір ғажабы, машиналарымыз сарай корасына қеліп тоқтаған асфальтті аланда кедімгі снырлар жатыр. Бұл тегі қартайған шағында, храмдарра тапсырылған дәстүр бойынша күнәсіз саналатын әулие снырлар болу керек.

Сарай балконынан барлық қала алақандағыдан көрінеді. Айналадағы биіктегі де жақындай түскен тәрізді. Төменіректе, сарай бағының ішінде өншең ақ қабырғалы тас үйлер жиі байқалады. XVI—XVII ғасырлардан бері қарай біріне бірі тізіле, косыла жалғаса салынған көп сарайлар тегіс мрамордың өсем, молдығын анғарлады.

Біз ілгері жылжи түскенде махараджаның әкесіне мекен болған айналы палатаға кірдік. Бұның да қабырғалары суреттермен bezelgen. Осы уәлаят Раджестанның өзіне тән акварель бояулар осы тұқымның жебеуші аруақтарын суреттеген. Есіктегіде піл сүйегі, кейде едендер айна боп кетеді.

Жолдағы қызыл-жасыл әйнектер мен терезе, балкондардың аралығынан кек мөлдір көл көрініп қалады. Махараджа атаулы әрі әкім, әрі өскер басы саналатындықтан бұлардың сарайларының белгілі бөлімдері соғыс құрал-аспалтарына арналған, (құрал палатасы) оружейная палата болады. Мынау сарайда алтын қылыш, сапы, қындар мен қалқандар мол. Тегінде ешкім әкесінің қаруын ұстауға болмайды екен. Сол себепті бұл музейде әркімнің өз қаруы сақталған. Бұнда әсіреле тапаншалар мол. Бір тапанша әрі мылтық, әрі сапы болып жасалыпты. Бас қалпақ, қалқан, әртүрлі телпек, туляры мол жиылған.

Осы махараджаның кейбір аталары монументтерге қар-

сы ерен ерлік көрсетіп, өмір бойы алысқан. Сондағы көп туларында жоғарыда аталған күн құдайының суреттері сақталыпты. Ер махараджаның бірі Претап моголдар бітім сұрап, өзіне әкімдігін береміз дегенде де көнбей алысып, басқыншы жауларға қатты соққы беріпті. Соның аты мен ісіне байланысты аңыздар аса мол. Махараджаның өзі мінген ерттеулі аппак атының тұлрасы тұр. Әскері пілдерге мінген махараджа сол пілдері қорықпасын деп өз атының тұмсығына пілдің тұмсығын суреттеп орнатыпты.

Карт махараджа бұл күндерде ауру екен. Бізді тесегінде жатқан қалпында қабыл алды. Арнаулы қонағы болғандығымыз себепті ауру болса да, алдана кіріп көріп шыруымыз қажет екен. Біздің тобымызды бастаушы Алексей Сурков аяқ үзіре тұрып, төсекте жатқан картқа «Ваше величество» деп сез бастап алғыс айтты.

Карт қулағы мүкіс екен. Ағылшынша сейлемейтін көрінеді. Сурковпен екі арасындағы сыпайы сөздері орышадан ағылшынға, одан һинду тіліне тасымалдаш аударылды. Бір жақсысы, сөздер қысқа еді. Біз махараджаға көп бөгелмей, оңай өттік. Қарі адамның маңайын қоршаған охрана-күзет аз болғанмен сарай ішінде нөкер көп-ақ. Бірақ дәл қарттың өз қасындағылары болмаса көп есік балқондардан қараган жүздер, киім кескіндер, бар бейнелер мүлде әскерше емес. Жұпның, нашар киінген жандар.

Бұл махараджаға қарайтын уәлаятта 15 миллион 300 мың халық бар. Бұрын барлық Индия аса көп беліктерге болініп, князьдар, махараджалар сол үсақ беліктерде аса көп болған. Қазір көптен көбі бұрынғы орын дәрежесінен айрылып, жай адам бол қалған. Бірақ сонда осы манда республика әкімшілігімен келісім бойынша Удайпур мен Жайпурда бір кәрі, бір жас махараджа орындарында қалысқан.

Раджестан штатында халық ағарту ісі мен геология және гуманитария колледждері бар. Күндізгі сағат төртте осы штаттағы жаңаша оку орны эксперименталь (тәжірибе) колледжіне келдік. Барлық Индияда осындағы колледж саны бесеу екен. Бұнда оқытушылардың өз мамандықтарын арттыра түсетін тәжірибе оку жүреді. Әр өлкеге қажетті шаруашылық қызметкерлерін және оқытушыларын толық маман етіп шыгаратын тәжірибе оку. Еңбекке құнықтыру, аудан кәсіпшілері мен ауыл-

шаруа халқына ғылымға сүйенген еңбек тәжірибесін егіп баулуды мақсат етеді. Бұл колледждердің мұраты халық мәдениетіне ғылымды жақыннату, жаңадан халық мәдениетін жасау. Бұндағы оку тілі — һинді тілі.

Әрбір шетелге барушылар дағдысы бойынша біз бір күн ішінде әлденеше жайларды, қауымдарды, ерекше орын құрылыстарды көріп өтеміз. Удайпурдағы архитектура ескерткіштері Индияның соңғы ғасырлардағы аса бағалы белгілерін, мұраларын аңғартады. Сондыктан бізді бастаған достарымыз енді бір көзек көл үстіндегі «Жазғы сарайлар» дейтін әсем бір ескерткіштерге қарай алып жөнелді.

Біз мотор қайықпен көл бойын көп жүздік. Айнала тау, жақын жағаларда бақша, қала жакта жартасты биік құздар. Сол жартастың кейбіріне дәл көлдің өз жағасынан басталып, өрлей, жағалай келістіре салынған мол мрамор сарай. Әлденеше буын, әмірші махараджалардың бірінен соң біреуі ұлғайтып, әсемдеп салдыра берген. Индияның бұрынғы әміршілері бағындырған еліне өз құдіретін танытып, танырқату инетімен салдырған сән сарайлар. Жасыл әлем, мөлдір көл, жартасты таулар қоршауындағы көп этажды ақ мрамор мол сарайлар шынында көлденен қараған көзді еріксіз танырқатқандай.

Құндіз біз болған бүгінгі кәрі махараджаның өзі тұратын мекен-жай осы сарайлар еді. Көл үстінде жүзгендеге біз ол сарайларды бұрын өзіміз көрмеген көл жағынан аңдал таныдық. Енді осы сарайлардан оқшаулау апарып, көл ортасындағы аралдарға қоңырған жазғы сарайларға қарай жүздік. Алғаш көрген жазғы сарай ішінде зал шебер жасалған екен. Әсіресе төбе жағы плафон¹ өнерінің әр бояулы өрнектерін танытады.

Қонақ қабылдау жайы өзінше безенген. Терезелердің дәл түбінде сарай іргелері терең көлдің өз ішінен көтеріліп тұрғандаі. Сарай иелері тіршілік ететін интим² бөлмелердің жатын жай, ас ішетін, балалар тұратын бөлмелердің бәрі ыкшам жасалған.

Қабыргалар мен тәбелер айнала мозаика мен айна, бояулар. Кей қабыргаларда кейбір әйел суреттері өнебойымен алтындал bezelgen. Сарайдың тап ортасы дөн-

¹ П л а ф о н — сурет өнерімен безендірілген үйдің ішкі төбесі.

² И н т и м — оңаша, құпия мағасында.

гелек мөлдір сулы бассейн. Екінші жағы сарай «Сүтстіндегі сарай» деп аталады және сол сарайды «Серіз пілдің сарайы» деп те атайды екен. Бұл да тегіс ақ мрамордан салынған. Бір жақ бөлімінде бактар. Зәулім же міс ағаштары бар. Қазірде де мандарин өсіп тұр. «Серіз піл сарайы» дейтін себебі кіре беріс дарбазаның екі жағында кәдімгі пілдің өз бойларындағы етіп ақ мрамордан ойылып, екі жаққа төрт-төрттен беліп қатарлап тұрғызып қойған сөгіз піл бейнелері бар екен.

Мрамордан қоршалған орталық аланның дәл ортасында сарай иесі князь отыратын тастан ойылған тақ бар. Бұл екі сарай да әсем, мөлдір көлдің аралындағы. Тапқыр, шебер хиял тудырған самалды салқын, сөнді салтанат орны.

Удайпур шаһарында өткізген екінші күннің кешкі шағында біз XVI ғасырдың Кришинаға арналған храмы — мінажат үйіне келдік. Бұндай жерлердегі дағды бойынша аяқ киімдерімізді төменге, тас басқыштың түбіне тастап жалаң аяқ шықтык. Дәл храмға кірерде нағаз кезі екен, жрец¹ қарсы шықты да бізді сәл бөгей беріп бәріміздің мандайымызға қызыл бояулы мең орнатты және сол бояудың тап ортасына бір-бір күріш дәнін қондырып берді. Оны бізге «сәлемдесу, жақсылық тілек тілесу, адал бейілмен көрісу белгісі» десті.

Храм ішінде тұтас коладан құйылған жарқырап тұрған браманың зор мүсіні бар скен. Тегі бұл храм XVI ғасырдың ғажайып ескергіші саналады. Ең тамашасы сыртқы бітімі. Сыртқы ірге етегінен бастап, ең биік үшпа төбесіне дейін храмның бар сырты мифологиялық мазмұнды барельефке толы. Онда пілдер соғысы, аттылар майданы, неше алуан билер де, сауық-сайран да тастан ойылып суреттелген.

Бұкіл храмның сыртқы мол бойында ою, нақыссыз бір жері жоқ және сол оюлардың бәрін де ұдайы мрамордан қыстырып қашап келістіріп жасаған. Индуизм дінінің бұл ескерткіші Делидегі араб әкімдері орнатқан «Құтбминар» мұнарасынан да аса түскен деуге болады. Тек ол мұнарадан бірнеше ғасыр кейін салынғандығы ғана еске алынуға мүмкін. Болмаса Индия мәдениетінің архитектуралық өнерінің анық индус халқының

Жрец — бірқатар шығыс елдерінде ертеректе болған дін басылары.

өз шеберлері тудырған ғажайып ескерткішінің бірі осы деуге болады.

Әзірге ойнызыға келгені Удайпурда жиылран ескілікті Индияның өзіндік ескерткіштері молдығына қарап, егер Удайпурға келмесек, Индияны түгел көрдік дей алмасақ керек. Бұнда соншалық көп, тамаша дүние жиылран тәрізді.

Түй бола бере біз өзіміздің жатын сарайымызыға қарай дағдылы бес-алты машинамызбен Удайпур қаласының кейде бұран, кейде тар көшелерін аралап тартып келе жаттық. Осы жүрісте бір пүшпактан айналғанмызда тар көшені түгел қаптап, баяу жылжып, мол музыка күйіне бөленіп бара жатқан, аса шұбартқан айқын түсті киімдері бар қалың топ көрдік. Андасақ ойда жок оқиғаға кездесіппіз. Біздің дәл алдымызда үйлену тойының бір қызық сәті көшеге көрік ендіре шыққан екен. Машинамыз жүре алмай қалды.

Біз жағу түсіп топқа араласып қозғала бердік Топтың көпшілігі тотыдай бол неше алуан сәри (әйел киімі) киген әйелдер екен. Көшені лық толтырған жаяу әйелдер тобының қалың ортасында, аппак атқа мінген бала, бозбала көрінді. Оның өзінің де үстіндегі киімі аппак жібек. Белін қынай буынған, басына ақ сәлде ораған. Сәл алдарап жерде бір топ күймелер кетіп барады. Музыка — оркестр баланың айналасында. Жас әйелдер тобы да бала, бозбаланы қоршаган. Күйеу бала осы екен. Үлкен шүғлалы, әсем қара көзді бала-күйеу ешбір қысылмай, аппак тістерін ақсита айнала күле қарайды. Элдекаңдағы еркін, ерке кескіні бар. Тегі күйеушілеудің ең қын кезеңі бұдан бұрын өтсе керек. Үлкен тойы кеше болты да бүгін мына жүрісте күйеу жігіт қалыңдырының үйіне кешкі асқа бара жатқан сапар екен. Барлық қала халқы ондай тойға кезіксе ере түсіп шығарып салысады. Міне Удайпурда біз көрген ғаламаттар қатарында осындаидай да бір суреттер өтті.

Келесі күнгі ерте сәске шақ, ғажайып бір тыныш кез еді. Біз жатқан сарайдың жоғарғы этаж биік балконын тамаша суреттер көрінеді. Иек астында көл, арыда қоңыр таулар, дәл арасындағы ең биік қара шоқының шанышылған басында жоталанып созыла салынған аппак храм көрінеді. Көл ортасында тоғайлы арал айқын байқалады. Ол тас қорғанмен қоршалған. Қөл бетінде ауық-ауық ұшып-қонып жүрген аппак-аппақ құстар бар.

Енді бір шақ қара қаздар сияқты бір топ ірі құстар шалқып үшып өтті. Қөл беті тып-тыныш, сәл аксүрләнеп, бір сәт қызғылттанып, сәт сайын реңі өзгеріп келеді. Қазір күн шығады. Ол қоңыр тауларға да болар-болмас білінген қызыл арай рең алып келеді. Жел белгісі жок. Сол жақта төменде аппак мрамордан салынған және бір шағындау особняк байқалады. Биіктен қараганда оны қоршаған банан жемістері, папайя жеміс ағашы, мандарин, инжир жемістерінің бақшалары танылып тұр.

Қатарда жап-жақында қызыл жартасты төбелер қаланың ішіне сұғынып кіріпті. Қөл жағалай көбінше тас қорған. Оны айналған асфальт жолдар буралып оралып жатыр. Осының езінде де әдейілеп ориатқандай сән бар.

Удайпурда болған күнделіктің ең мағналы, мәнді бір кеші біздің Удайпур халқымен кездескен кешіміз болатын. Біз жазушылармен кездеспек болып, атаған жайға барсак, бірнеше мың халық жиылған екен. Бар көшшілік астарына кенеп жайып жерде отыр. Тығыз отыр. Солар сыртында айнала сығылысып сыймай қоршал тұрган ер мен әйел қалың тобы. Жиын үлкен бір ашық ауланың бәрін алышты. Сахна жақта жапырақты ағаштарды кесіп әкеп ориатқан бугафор задник бар. Сыймай, ентелеген қалың жұрт сахнаны басып кеткендей. Бұл кездесуде әндер мен билер де көрсетілді.

Жергілікті қайраткер Нагар деген бізді қабылдаушы адам жан-жақты шебер кісі бол шықты. Ол жазушы, театршы және конгресс шешені де екен. Әуелі бізден Сурков сейледі. Кейін Қазақстан халқы атынан айтылатын дос сәлемді мен де айтып шықтым.

Удайпурдан кетер күні тұнде махараджа сарайында біз жиыннан қайтқан соң тағы үлкен құрмет болды. Бұл штаттың әмір иесі барлық бектер, прокурор, уәзір, бүрын әскер басы болған адамдар тобының қоршауында махараджаның күйеуі және немере інісі де болды.

Біз сарайға келгенде үш оркестр қатар ойнап қарсы алды. Тыста ак, қызыл киімді гренадер¹ тәрізді әскери оркестр — махараджаның өз оркестрі болу керек. Сарайға, қонақ белмеге кіргенде, әйелдер билеп, кіші оркестр ойнай қарсы алды. Тамакқа отырғанымызда махараджаның өз әншісі өз оркестрімен қосылып ән салып,

¹ Гренадерлер — еткен ғасырларда жаяу әскерлердің ірік-теп алынған толтарты.

ұдайы ойнап отырды. Келгеннен бергі күндіз бен тұнді еске алсақ, мұнда көрген тамашалар Делиден де қызығырақ тәрізді. Қош, қала, сарайлар, көлдер, таулар, тұрғын жайлар, кешкі үйлену тойы, бізді аулада қабылданған халық — бәрі де өзгеше бір динамикалы құбылыстар. Кейде соңғы театр көрінісі, адамдары, халқы өзіміздегі революция басындағы политпросвет пен ұлттық театр көріністерін еске түсіреді.

Енді поезбен қайта жүріп келеміз. Кешегі жолдың өзі. Дәл кеше көріп өткен жерімізде, тау арасында, дәл сол орында жайғасып отырған үш маймылды көрдік. Бәрінің де құйрықтары ұзын, ак-сарылау түгі бар. Ең үлкен маймыл тағы да папайя жеп, жолға тіпті жақын келіп, жерде отыр. Осында папайяны өзіміз түскен әсем сарай Лакшми вилас ішінде кешелер біздің де жеп отырған кездерімізді еске түсірді.

Удайпурдан біз Читоргар қаласына келдік. Ол осы Раджестанның орталығы, Удайпурға бағынатын ескі қаланың бірі. Бұнда терістік Индия тарихының ерекше бір ескерткіштері бар. Индия халқының багы заманнан бергі сан толқын басқыншы жауларына қарсы алысан қайсар қайратын танытатын, отан тарихына қымбатты ескерткіштер бар.

Читоргар жаңында сондай қымбат, зор ескерткіштің бірі тау басына салынған ескі крепость-камал. Осы қамалдың сыртқы, тас қабырғасы мен ішкі барлық ымырттары түгелімен жиылып тұтас бір балық бейнесін танытады. Бұл қамал биік тау басына салынған.

VII ғасырдан бері қарай Мейвар корольдерінің байтағы да болған, тек XVI ғасыр ортасынан бері қарай Удайпурға бағындырылған осы камал талай қырғын қан төгістің де, ғажайып ерліктің де бәрін көрген. Бірнеше рет күшті жаулардың қолына да өткені бар. Бір шакта араб-~~мұ~~сылман әмірлері бағындырып алған. Бір уақыт Иран шахтары қатты шабуылға ұшыратқан. 1567 жылы Бабур патшаның немересі Акбар және келіп осы қамалды шауып алған. Тау басындағы қамалдың биіктей асқындал, аспандай салынған екі ғажайып мұнарасы бар. Бұның ең үлкені «Женіс мұнарасы» деп аталады. Оны 1448 жылы Кумба атты Раджа Махмуд сұлтанды жеңген майданының ескерткіші етіп салған. Биіктігі 120 фут, жеті қабат боп жасалған. Иіріліп оралып шығатын басқышы төменинен мұнараның төбесіне дейін жетеді,

Жоғарғы жақ сырты Индия мифологиясының мол оқиғаларын оюлы тас суреттермен танытады. Тері Индияның иконографиясының зерттеушілерге бұл мұнараның берер дерегі аса мол. Ең ғажабы — сол мұнара тұтас, шебер, сәнді ішкі-тыскы қалпымен, бір ғана түп-тұтас жартастан шабылып, қашалып жасалған.

Биік тау басындағы қамалдың екінші ғажайып мұнарасы «Данқ мұнарасы» аталады. Бұл да жеті қабат, биіктігі 80 фут. Қамалдың өзін аралағанымызда неше алуан аныздар естідік. Осы қамалдың әр түсімен, әр бөлімдерімен байланысты аныздар. Жалпы қамалдың айналасы 13 миль саналады. Моголдармен соғысқан Удайпурдың ер маҳараджасы осы арада өзінің астындағы ақ атынан айрылған. Інісі өз атын беріп, өзі жаяу қалған жерді көрсетіседі.

1333 жылы Аладин шах осы қамауда тірлік еткен бір сұлу әйелдің атағына ынтық болып, соғыс кезінде сол әйелді қамаудан шығарып, өзіне сыйлауды шарт етеді. Қала халқы әйелді бермейді. Ол біреудің жұптісі екен. Сонда Аладин патша егер әйелді көзіме көрсетсе, қала халқын қамаудан босатамын деген. Аңыз бойынша көп айналар жасап, бір айнадан бір айнаға әйелдің жүзін түсіріп көрсеткен екен. Ғажайып сұлу әйелді көрген Аладин: мынадай ғажайып сұлу әйелді құр көріп қана кетпеймін, менің алдыма келіп көрінсін, деген. Сонда сұлу әйел көп киім қабаттап киіп, паланкин² астына тыбыла бүркеніп шыққан екен де, қала қамаудан құтылған екен деседі.

Бұнда XI ғасырда салынған, бір жағы құлаған аса қадірлі бір храм да бар екен. Дәстүр бойынша барлық Индияның жаңа ўйленіскең жастары осы Чоури храмына келіп, тізелерін бұту қажет болған. Некелері содан кейін ғана берік болады-мыс екен.

Бұл храмның архитектурасы және де Индияның өз шеберлерінің өзге ешбір елден көшіріп үйреніп алмай, өздері тудырған классикалық көне архитектура үлгілерін танытады. Бұның да іші-сырты толған мрамор. Су-

¹ Иконография — сурет, графика, мүсіндеу өнері шығармаларында белгілі бір адамның, оқиғаның немесе орынның реттілі бейнелерін зерттеу, жазу.

² Паланкин — бірката шығыс елдерінде атакты бай адамдар мен әкімдерді көтеріп алып жүру үшін жасалған шығык кол-куйме.

рет, оюлы кескіндер адам бейнелерін, мифология заттарын, пілдер мұсіндерін толып жатқан порталдарда шебер нақысталған күйде көрсетеді.

Осы храм бір жағынан бұрын жаудан қорғана соғысудың тәртібін де танытады. Әуелі пілдер соғысады, содан кейін әскерлер, одан әрі құдайлар араласады екен. Сол реттер айқын танылып тұр.

Камалдың тағы бір орны жер асты қатнастың кең бір жайы екен. Бір жолы жаулар қамалды кеп алған шақта 16 мың индия әйелі жаңағы храм астындағы жайда ғаздерін тегіс тірідей отқа, өртке тастап, қырылып өлген екен дейді. Тағы бір аңызда махараджаның әйелдері махаранилер тұрган бөлімде болған бір оқиға баяндалады. Жау қаптап келгенде бір күтуші әйел шахзаданың жанын қорғап, жас шахзаданың орнына өзінің кішкене баласын салып қойыпты. Сондай құрбандықпен шахзаданы құтқарған екен. Бұл сарай сол күтуші әйел атымен Памнадай деп аталған екен деседі.

Патша сарайларының жақын жанында соғыс пілдерінің піл қорасы қатар тізілген. Кәрі піл, жас пілдер қоралары есіктерінің биік, алласасына қарай бөлінеді. Осы қамауда тағы бір өзгеше ғимаратқа келдік. Бұл жиырма жеті намаздың мінажатханасы аталады екен. Сырттан қараңда иықтары түйіскен толып жатқан мраморлы мұнаралар бір араға тоғысып үйіріле қалыпты. Сол мұнаралар саны 27 екен. Осы саңға қарап «Жиырма жеті намаз мінажатханасы» аталыпты.

Храмның ішінде жеке-жеке мінажат жайлар бар. Эр есіктің аржағында қара мрамордан әулиелік бейнелер, мұсіндер салынған. Енді бір храм — храм Мирай аталағы. Бұл сұлу қызы храмы. Аспан құдайы өз құшағына алған жердің қызы екен. Өзі ақын қызы болған. Сурет икона төрізді салынған. Қыздың қасында өзі жоқ болса да оның оқытатын молдасының орны тұр. Төбеде бес деңгелі бір құдайдың бейнесі салынған. Осы қамау ішінде баяғы толып жатқан соғыстардың тағы біреуінің кезінен қалған, сұнқарында тары бір аңыз естідік. Қатал жаудың қамал ішінде салған қыргыны сонша қатты болғандықтан, тас қабыргалар арасымен адам қаны сел бо-

¹ Портал — әсем сарайлар мен әкімшілік үйлеріндегі салтнұтты кіреберіс есіктер.

лып ағыпты. Қан толқынының молдығы сонша, буйвол өгізді ағызып әкетілті дейді.

Кейінгі шақта сол қалың қан төгілген жерде бұрын адамзат білмеген басқаша бір жеміс шығыпты. Рені қара бужыр болыпты. Ол адам қанынан шыкқан жеміс болғандықтан аса тәтті жеміс болыпты-мыс, дейді.

Осы тау басындағы қамал толы храмдар неше алуан құдайлар бейнелерін, іс-әрекеттерін көрсетіп түр. Бар храмда индуизм дінінің қадірлелер, қастерлеп жасатқан ғажайып бүт құдайлары.

Осы қамал биігінең айналға кез түскенде, кең дүние көркем кесіле түскендей еді. Атырап кең ашылып, кекшіл мұнар ішінде жыраққа, алыс-алыс қиянға кетіп жатады. Тұман ішінде көк қырқалар, жасыл жайқын да-лалар, тоғайлы, жемісті қалалар жайыла, шашырай шырқап кетіп жатыр.

Осы храмдарды, сарайларды аралай жүрген шақта біз сол мекендердің іргелерінде, есіктер тубінде тірлік еткен әлденеше кедей, жудеу жандар көрдік. Кейде үлкен, әдемі сарай коридорынан жүгіре басып бара жатқан жалаң аяқ, аш-жалаңаш, қап-қара, кір-кір қайыршы балалар көрінеді.

Тағы бір аңыз бойынша 500 жыл бұрын осы қамал және бір кезек жау қолына түскенде қаланың өскеріне қару сокқан ұсталар ант беріп, осы туған жерлерінен дүние кезіп көшіп кеткен екен, дейді. «Ешбір мекен-жайға орынқтаймыз. Осы туған өлкеміз азаттық алып, тыныштық тапқан шақтағана оралып келеміз» деп әлі күнге мекен таппай, дүние кезіп маңып журіседі деседі.

Біз Индия шеберлерінің өнерін тамашалап, ғажайып қамалды ұзақ көріп болған сон кешегі махараджаның осы қамал қасына салдырған жазғы сарайына келіп, тыным алып, ас ішуге жайғастық.

Осы сапардан қайта беріп Читоргарға кешке оралғанымызда бізді тағы бір орында тосып отырған жүрт бар екен. Ол — Индияның өзгеше бір медресесі. Индуизм дінінің болашақ ғұлама жрецтерін әзірлейтін мемлекет қарамағындағы аса қадірлі мектеп —«Брахман-чарилар» мектебі деп аталады. Біз осы мектептің бар шәкірт атаулысы кешкі намазда отырған шағына кеп іліндік. Дағды бойынша есік алдына аяқ киімдерімізді тастанап кірсек, кең, биік залдың тас еденінде, жерде малдас құрып отырған қалың топ жандар бар екен. Тап ор-

тада, кірер өсік жаққа бетін беріп, ұзын бүйра ақ сақалды, кесек жүз, ірі келбетті үлкен жрец өзі намаз бастап отыр. Алдыңда үлкен жez ілегендей ыдысқа май құйылып, соның ортасында лаулап жанған білтелі шам шалқып тұр.

Имам даңғырлап, әндете үндеп санскрит тілінде ескі дүре оқып отыр. Үлкен зал толы осы медресе шәкіртінің бәрі де жүздерін батысқа қаратқан қалпында әрқайсысы өз алдына жаңағыдай білтелі шам жағып қойып, ішгерілі-кейінді ырғала түсіп, дабырлап әндептіп, мақамдастып саңғырлаған үнмен намаз оқып отыр.

Біз тізіле жүріп, жағалай келіп имамға тақау жерге отыра жайғастық та, намаздың соңын тостық. Осы кездесуде мен Алексей Сурковтың тапқырлық орамдылығына сүйсіндім. Ол үзіліс шарында орнынан тұрып на маздағы сопылардың сырласындаи сөйлей жөнелді.

Бұл медреседе тілек, тілек-ау, бірақ өртеніп жатқан өмір бары да шын. Шәкірттердің бір шеті қара сақалды, қаба сақалды 40-50-ді кусырып қалған карт сопылар болғанда, енді бір жағы және көпшілігі 9—10-нан жастары бар үл балалар. Осының бәрі де өздерін дін жолы на ариған, бар тілегін бағыстаған сопылар. Балалардың көбі, әрине, аталары әкеп бергеннен гөрі жетімдік, қайыршылық, бишаралық әкеп айдалып тыққан жас нәреселер тәрізді.

Діннің болашақ қазірет, сопылары бұлар, осы діннің шарты бойынша өздерін тәркі дүние, катал сопылыққа бүйіргандар. Олар үйленбек емес, олар ата болма емес, жар болмақ емес. Өртеніп жатқан жас өмір осы Алдарында алакөлеңке бейіуакта лапылдан шалқып жаңып жатқан шырактар қызуымен біртіндеп өртеніп, күй бол жатқан өмір, тағдыр қазасын танисың.

Екінші февральда біз Жайпур қаласында қолөнер шеберлік музейіне барған едік. Жайпур тегінде Индияның көне замандарынан келе жатқан қолөнер шеберлік тарихтық орталығы саналады. Музейде ескілі, жаңалы экспонат үлгілер бір Жайпур ғана емес, барлық Индияның көп жерлеріндегі қолөнер табыстар жиған. Бұнда бронза, эмальмен оюлаған шыны, күм шапқан темір, піл сүйегінен қара ағашқа қондырған мозаикалы инкрустация.

Майсур штатының инкрустация өнері, Клишмирдағы лак (сыр) шеберлігі де осында көрсетіледі. Сурат пен

Жайпурдың шеберлері тудырған ойыншықтар. Тоты, куыршак, әралуан маскалар суретін кондырган Раджестан қобдишалары, Бомбейдің құмыралары бар. Россия, Қытай, Япония, Венгрия, Англия керамикасы да осында.

Жайпурдың өзінің күміс заттары, тоқыма бүйімдары асқан шебер ұсталықты танытады. Фажап бір топ экспонаттар Индия музыкасының ойналып түрған шағын бейнелейді. Бояулардың алтынды, әртурлі келісім күйі өзі де бір сорғалап тамылжып түрған күйдей. Эн салып түрған қыздар үніне сиқырланғандай тақырқай қарап қалған киіктер көрінеді.

Кейде күй, мінажат дүғаға мұлгіген қияппаттарды аңғартады. Кей күйлер героикалық сарында майданның, қаһарлы соғыстың ішкі сипатын ашқандай болады. Осы музейде Индияның 250 жыл бұрын тоқылған кілемі мен XVI ғасырда тоқылған парсы кілемдері бар.

Кришна тәрізді құдайларды қоршаған әнші қыздар тобын көрсеткен скульптура, былғары мен теріден оюлап жасаған фрескалар, нақыстар мол. Бұл музейдің барлық Индия үшін қымбат, асыл орын екені күмәнсін.

Жайпурда Индияны билеген мұсылман патшалардың сарай салдырған бір ескерткішін көрдік. Оның атакты «Ауамахал» (Дворец ветров — Желді сарай) деп аталу себебі сарайдың сырт¹, терезелес² түптері ұдайы көл бетіндегі көбіктей бөртіп, қаптаған мол күмбезге толы екен.

Индияның көп жерлеріне сарай, мешіт, мазарларды көп салдырған арыдағы араб, берідегі түрік, монгол әкімдерінің кейбір архитектуралық із-ескерткіштері осында творчестволық қиял-фантазияны аңғартады.

Жайпур³ 1729 жылы салынған өзгеше бір обсерватория бар. Осы обсерваторияда заманы үшін өте тапқырлықпен, шеберлікпен жасалған күн сағат бар. Бұл мезгілді ғана көрсетпейді, күннің көтеріліс, тұрыс бијктігін де аңғартады. Жайпурдағы біз көрген елеулі ескерткіштің бірі махараджаның сарайы еді. «Чандра махал» (Лунный дворец¹) аталған мол белімінде бұл сарай тұтас қызыл тас (қызыл песчаникten) салынған. Осы сарайда XVI ғасыр мен XIX ғасыр аралығында тұн акварель сурет өнерінің мол байлығы өте қымбат, сирек коллекция ретіндегі жиналған екен.

¹ Лунный дворец — Ай сәулелі сарай.

Жалпы бұл сарай музейінде нәзік мозаика өзгеше шебер оюлармен алтындан безелген. Атакты Махабхаратада дастанының көп оқиғаларын баяндайтын өзгеше шебер суреттер де мол. Қабырғада акварель мен сүйк алтын бояудың қосыла келіскең нақыстарымен Кришна суреті салынған. Бір топ ақын қиялды әсем акварельдер музыканы тақырып етіп алғанда желілі, узақ оқиғаларды баяндайды. Құй сонда өзі ер жынысты бір зат болады, оның алты әйелі бар. Әр әйелдің бес-бестен өз күй әуендері «рагани» аталатын нақыстары бар. Осы жайларды шебер акварель суретшілері баяндағанда музыкатауның ғылыминың дәл деректері тәрізденеді.

Жаңағы нақыс рагани құйлердің әрқайсысы бір күннің әрбір шағына ғана нақтылай арналған болады. Тағы бір акварель, миниатюрада Шива тәнірі суреттелген де, соның нақ төбесінен атакты әулие су Ганг дариясы аға бастап жатқаны танылады.

Енді бір суреттер гүлдер мен бояулар мерекесін, дән жинау мерекесі түрін де баяндайды. Бұл музейдегі мифология тақырыбына арналған акварельдер де ғажайып. Бұнда әртүрлі тастандардан алынған бояулар да бар. Жалпы осы музейге жиылған бай коллекция барлық бүгінгі Индияның мактанышы саналады. Әсіресе акварель қазналығы дүние жүзінен табылмастай, Индия тақырыбын бояулы шеберлікпен бейнелеген, ғажайып сиқыр қиял танытады.

Бұл музейдің сондайлық қымбат қасиеттерін танып тұра, енді бір шындықты білгендеге таң қалдық. Осы сарай барлық музей сирек байлығымен бір-ақ адамға, тіпті бүгінгі махараджаға тиісті екен. Мына сарайда махараджаның үлкен әйелі де тұрады. Зор ғимараттың үлкен бір бөлімдері сол махаранидің — бәйбішениң өзі мен некерлері тұратын жайлары көрінеді. Және бір ғажабы бұл махараджаның кіші әйелі, екінші сүйіктісі бөлек бір сарайда мекен етеді. Мынау сарайдың ендігі бір мол бөлімдері жаңағы махараджаның қару құрал жиған палатасы десті. Бұл бөлімде Индия картасын өткір пышкетардан жасаған бір көрініс көзге түсті. Мылтық атауларының молдығы мен маркаларында шек жоқ деуге болады. Дәрі салатын оқшантайлар да мол жиылған, көбі перламутр кондырған мүйіздер. Қанжар, семсер, қылыштар да сансыз көп.

Бұл сарайлар XVIII ғасырда салынғанмен, бағы за-

мандардағы (XI—XII—XV ғасырлардағы) соғыстарда ойран болған храмдар мен сарайлардың орына тұған Жайпурдың бұрынғы бай тарихын танытатын ескі орталығы. Осы сарай маңында жарымы құлаған көп ескі ғимараттар байқалады.

Бүгін түстен кейін біз штаттың өкіметі — министрлер қонағында болдық. Эдемі бақша ішінде барқыттай, пүліштей тығыз майда өсірілген Индияның қалың жібек көк шебінің үстінде ас аралас мәжіліс болды. Қоленке-лі баққа дивандар қойылған. Аласа столдарға шай, тамак жасалған. Қоралай отырған жұрт үйірім-үйірім кішілеу топтарға белінді. Құрметті кездесуде жалпы мемлекеттеріміз арасындағы достық қатынас жайы айтылды. Халықтарымыздың бірін бірі алystan сыйлай сүйетіні сөйленді.

Сонымен қатар біздің тобымызда ақындар мен көркемөнер қайраткерлері болғандықтан, әрбір кездесуде Индияның дағдысы бойынша әр тілде ақындары өз өлеңдерін әндеп оқып шығады. Мынау кездесуде және де бірнеше дос ақындар өз өлеңдерін әндеп айтып шықты. Бір қарт ақын өлеңін санскрит тілінде оқыды.

Осы күні кешке біз Жайпур махараджасының өзі тұратын сарайына қонаққа шакырылдық. Бұл махараджа Удайпур әкімі мен екеуі бүгінгі республика басшылығымен келісімге келіп, бұрынғы орындарында әкімдік қалпын сақтап қалған ескі бекзадалардың бірі. Қазір жасы 43-те болғанда, 12 жасында таққа отырған екен. Бұл, мейлінше европаланғанда, әсіресе ағылшынданған бектің бірі. Оның сарайында әуелі бізді ақ шашты, ағылшын мәнерлі келісті ханым қарсы алды. Бұның өз қасында да ер, әйелдер қоршаулары бар. Аз уақытта жастокалы, кіші әйелі махарапиді қолтықтап европа салтынша киінген махараджа шықты. Биік бойлы, қап-қара шашы бар сұлу жігіттің үстінде ақ кителі, қара шалбар, лактенген етігі бар екен. Қасындағы махарапиді¹ біздің достарымыз, индия адамдары «Бүгінгі Индиядағы ең сулу ханым осы» дескен.

Махарапи шашын америка үлгісінше, ең жана машиқ бойынша, бұйраламай, иыққа ғана түсіріп, ұзындау етіп өсірген. Шашты бұлайша ұстаура дәл сол махарапидей үнемі қолы бостық керек деседі. Өйткені ол

¹ Махарапи — махараджаның әйелі.

кісі үзынша сәнді саусактарымен әрдайым, тынымсыз күйде төмен төгілген шашыранды шаштарын ылғи ғана қолымен сыртына қайыра салып, ұдайы біралуандас қозгалыстар жасаумен болды. Ханым Индияның көп әйелдерінен бойшан екен. Тегінде біз көрген индия қауымдарында сұлу әйел мен сұлу ерлер аса көп еді. Бұл әйел ете ұнамды, сүйкімді жүзді болғанмен «Индия әйелінің баршасынан асан сұлу» дегізе қойған жок.

Әйел оқымысты, европаша мейлінше білімді, тәрбие-лі адам тәрізді. Бұның қалпы-қабілетімен тоқалдық халі ерсі бір қайышлыктай көңілдея кетпей тұрса да, махарани қымсынбастан әнгімеге араласты. Біздің 14—15 кісілік тобымызды махараджа мен махарани екі бөліп алып жана сарайларының ішін қыдырта жүріп әнгімелесумен болды.

Сарайдың жақын белмелеріндегі қымбат, асыл бүйымдарын көрсетіп әнгіме етті. Парад белмелерде өзінше кішігірім көрмедей сирек заттар бар екен. Сол катарда бір ағылшын суретшісі салған осы махаранидің портреті айрықша кез тартты. Әдемі инкрустация үлгілерін бұл сарай иелері артығырақ бағалайтын тәрізді. Сондай бүйымдар көзге көбірек түсті.

Ханым біздің топпен әнгіме үстінде маған бір оқыс сұрақ беріп қалды. Қазақ екенімді білумен қатар, көшпелі тіршілік таусылды ма деп сұрады. «Ол қазірде жоқ» дегенімде «Бәрекелді-ай, қандай романтика өшіп кетті екен» деді. «Сіз айткан романтиканың орына бүгінде жаңа романтика орнап та болған»—дедім.

Ханымның сұрағында Фенимор Куперден, Луи Жаконидан, Киплингіден бері қарай көп жайылған, татымал болған «жабайы елдер жайындағы романдардың романтикасы» аңғарылып еді.

Бұл әйел Англияның отарларды менсінбейтін пацсалтын андамаған. Соны қайта бойына сініріп өскен. Өз үлтynan ғорі, сол «ағылшын мәдениетінің өкіліміз» деңгісі келетін Индия оқымыстыларының кейбір үстірт сипаты бұл ханымнан да аңғарылғандай еді.

V. Ақын Аймен араздасты

Жайпурдан Аграға қарай тартқан сапарда біз автомашинамен жүрдік. Бұл жолы да біздің жағымызда кездеспейтін әралуан андар, хайуанаттар көрінді. Бүгін,

өсірепе, маймылдар көп кезікті. Ағашты, таулы жерлерде бойшаң, ірі маймылдар болса, кейбір қыстақтар шеттерінде, адам жайларының жақын аралығында мысық тәрізді, ұсақ бітімді маймылдар жиі көрінеді.

Бар хайуандар мен жалпы жан иесіне индуизм діні бойынша қастық етпеу шарт. Маймылдарды көре отырып сол жөннен бірталай қызық жайлар білдік. Кейбір жылдарда, кейін өлкеде маймылдар аса көбейіп, өсіп кетіп, маңындағы кедей қыстақтардың жеміс бақтарын талап, көп кесел келтіретіні бар екен. Бірақ сонда да бірде-бір маймылды индустар өлтірмейді. Оған ескі діндік бір аңызы себеп етеді. Атақты «Рамаяна» дастанының қаһарманы Рама әрі поэзиялық дастанның геройы, әрі дін үғымы бойынша құдай сипатты зат. Сол Раманың сүйікті сұлу жас ғашығы Сита қызды демон (бізше айтқанда «жын») Равана алып қашып, Цейлон аралына өтіп кеткен екен.

Жының соңынан қуран Рамага теңіз суы бөгет болғанда, маймылдар көмекке кепті. Маймылдардың бастығы Гануман бар маймылды жиып, Индия жағасынан Цейлон аралына дейін теңізді жарып, тас өткел жасапты. Рама сол өткелмен өтіп барып өз жары Ситаны аман айрып алып қайтыпты. Кейін жау қолында болған қызды ағартып, актығына көз жеткізіп алу үшін лаулап жанған оттың ішінен журіп өтуге бүйірған екен. Сита қалың өрт-оттың ортасынан өзінің актық, амандырын танытып, күйместен аман-есен өтіп шыққанда бұрынғысынан да сұлуулығы аса түсіп, ғажайып көркемдік тауып, алтын лотостай боп шығыпты дейді.

Міне, сол заманнан бері қарай Ситаның әзабы, Раманың драмасы, маймыл Гануманның достық жақсылығы дәл осы бүгінгі күндерге дейін Индияда музыканың, поэзияның, сурет өнерінің, архитектураның және сахналық искусство өнерінің бәрінің де қызықты, қызғылықты және сүйікті тақырыбы болып индия халқына түгел мәлім. Сол себепті де Гануманның бүгінгі наследілері — жемқор маймылдар қыстақтар қасындағы бақшаларды мейлінше талаумен болады.

Бүгінгі жолда пілдер де ұшырады. Пілмен байланысты бір аңыз жақында болған құлқі бір жайға соқты. Тегінде піл атаулы өзінің үйдей үлкен бойымен, әлде-қалай кішкене хайуанға дос, тату болуды дағды етеді.

Ескі піл қорасында көптен өмір сүрген үлкен пілдің кішкене есек досы болты. Сол есекті ағылшын жүргінші келіп жалдап алып, ерттетіп мінеді де жүрмек болады. Бірақ есек ерінеді де баспай қояды. Ашуланған ағылшын есекті ұрып-соғып қинай бастайды. Біраз қамышалап сабап алып, енді қайта міне бергенде, әлдеқандай ғаламат күш бұны жаурынын тарс етіп қысып қымтып, есектің үстінен жұлып алып, қол-аяғын сербендетіп аспанға қотереді. Аңдаса бұны есек үстінен тұмсығымен жұлып алған жаңағы есектің досы үйдей қоңыр піл екен. Ол ызакор ағылшынды біраз аспанда ұстап, сілкілең қорқытады да, кейін жерге түсіріп босатып жібереді. Намыстанып ызаланған ағылшын тапаншасын сурып алып, пілді атуға оқталады.

Сонда көлденен тұрған бір индус бұған жай ғана үн катып сабыр қылуды мәслихат етеді. Ағылшын ойланады да басылады. Енді өз мінезін өрескел көріп, сол арадан бір булка ақ наң сатып алады да, жаңағы пілге ұсынады. Піл пандық жасамайды. Нанды тұмсығымен алуын алады да, сол сәтте өзі жемей жаңағы есектің аузына апарып, соның алдына тастайды. Өте бір айқын достық белгісін анғартады. «Сенің ренжіткенің есек, сенің наның соған тиісті» деген тәрізді. Жаңағы ағылшын кейін осы жайды өзі әңгіме етіп айтумен бірге «Мені піл адамгершілік мінезге үйретті» депті.

Бұл жолда біз соқа тартып жүрген бірен-сарап сиырды көріп, соған таңырқаған едік. Сиыр Індияда тегінде, киелі, әулие мал саналады дейтіні қайда? Аңдасақ, ен әуелі біздің сиыр дегеніміз қодас боп шыкты. Оны әртурлі пайдалануға болады. Сонымен бірге аяқтап андауымызша сиырдың өзін де салғаннан әулие санамайды екен. Сиырдың сүтін пайдалану, жас кезінде күшін пайдалану, оны бұзаулату, өсіру бұнда да өзге елдегідей. Тек сиырды соймайды. Бұзаулардан, сүт беруден мұлде қалып, картайған сиырды алып барып храмға береді. Содан кейін бүндай сиырлар өле-өлгенше храмның сактауында, қарамағында болады. Махалла¹ халқы күтеді. Көбінше ол кезде сиырдың жапасын сатып, сонымен өзін асырайды деседі.

Сейтіп картайған сиыр ғана әулие сиыр саналады. Индия халқы өзінің пайдаланған жануарының көбіне

¹ Махалла — қала, шаһар деген үгымда.

солай қарайды. Пілді де сою, өлтіру әдетте жоқ. Эбден картайып, күші біткен пілді жайын пілдер жүретін джунгли тәрізді елсіз мәңреулерге апарып, азат қып коя береді.

Машина үстіндегі сапарда біз индия халқының тарихынан, діндік дәстүрінен, елдік салт-машығынан біраз жайларды ести отыра Агра қаласына келдік. Барлық Индия үшін аяқ киім өндірісі, кілем току өнері және мраморды іске жарату, ұқсату өнері күшті болған қала. Аграның бүкіл дүниеге мәлім ғажайып ескерткіші бар. Ол — ұлы Моголдар патшасының бірі болған Шахжихан салдырган «Тажмахал» атты («Сарайлар тәжі») әрі мазар, әрі мешіт — ғажайып күмбез. Шахжихан патша бұл күмбез мешітті, таңғажайып мазарды өзінің сүйікті ханымы Мұмтазбегімге арнап салдырган. Кейін сол ханымның қасына осы мазар ішіне Шахжиханның өзі де қойылған.

Агра қаласы мен ондағы дүниежүзілік ғажайып ескерткішті ауызға алумен қатар, біз енді жаңағы аталған Шахжиханның өзімен, ата-тегімен байланысты Индия тарихының бір ерекше кезеңін, сол кезеңдер әкімдерін еске алып өтейік.

330 жыл бойында, Индияның көп жерлерін билеп тұрған бір патшалар нәсілін дүние тарихында «ұлы моголдар нәсілі» деп атайды. Жаңағы Шахжихан сол нәсілден шыққан патшаның бірі. Бұл патшалардың ең біріншісі, Индияны ең алғаш басып алушы Ақсақ Темірдің немересі Захириддин Бабур болатын. Ол Орта Азияда Фергананы билеп тұрған жерінен Ақсақ Темір нәсілдерінің қым-куыт тартыстары кезінде өз тәж-тағынаи айрылып, Индияға қарай қашып шыққан. Сонда өзіне ерген әскерімен барып қорғану мұршасы, әзіrlігі болмаған Индияның терістік жағын, мол өлкесін басып алған. Бұдан бұрын ол жерлерді ауған хандары билеп тұрған.

Индияға Бабурдың соғыспен кіріп, осы Дели қаласына шейін өзіне қаратып алған жылы 1526 жыл еді. Индияны бағындырып, патшалығының орталығы етіп Делиді белгіле алған соң Бабур өзі торт жылдан кейін қайтыс болады. Бұл атакты «Бабурнама» дейтін тарихтық мемуар қалдырган және газелдер жинағын тудырган, өзге де бірнеше кітаптар жазып кеткен өнерлі жаның бірі болған. Осы Бабурдің баласы Хумаюн, оның баласы Акбар, оның баласы Жиҳангір, оның баласы

Шахжихан, онын баласы Аураңзеп — барлығы да жауынгер, күшті патшалар болыпты.

1526 жылы Индияны өзіне қаратқан Бабурден бастап, 1707 жылы өлген Аураңзепке дейін жаңағы шынжырқатар бір топ патшалар сол ұлы моголдар нәсілі дең аталады. Заманында Европа тарихшылары Бабурді мұндырмектен түсінгендіктен, мұнғылды және «могол» дең жаңсақ атап, жалпы тарихта жаңағы топ патшалардан басталған Индия әкімдерінің нәсілін жоғарыда айтқандай «ұлы моголдар нәсілі» («династия великих моголов») дең атандырыған.

Осы нәсілдің ең соңғысы ағылшындардың соттауы бойынша тәж-тағынан айрылып, Рангунге айдалған Баҳадүршах болатын. Соның орнынан куылып, айдалған жылы 1858 жыл «ұлы моголдар нәсілінің» әмірі, әкімдігі мүлде сарқылған, біткен жыл дең саналады. Сонымен Бабурден бастап Баҳадүршахтың кұлағанына шейін санағанда 332 жыл бойында, Индияның тәж-тағыты жаңағы патша тұқымының қолында болған.

Біз келген Агра қаласы ерекше тарихтық ескілікті еске түсіретін тағы бір себебі бар. Бабурдың ең мықты немересі шах Акбар. Сол кісі оны Агра қаласын өздерінің патшалық тұқымына орталық етпек болған. Қазір Агра үлкен қала. Бұнда 500 мындағы халық бар. Аграның жаңында біз жарым күндей аралаған Акбар салған үлкен сарай түр. Бұл күнде ол сарайда жан жоқ. Қызыл песчаник тастан салған ғажайып үлкен, мол сарай қағірі шақта тек келуші, көрушілер ғана согып өтегін етсіз, жансыз қаңырап түр.

Замандарда Индия жүртүшін тери мен қанын көп төктірген, күші мен мүлкіп көп шаштырған қатал қуди-рет, аяусыз әмір тудырып қалдырыған тас тылсым, зор дүниесі өткен замандардың зорлық дүниесінің өшпес айғағы боп қала берген.

Агра қаласына тегінде әрбір келуші баршасын тартатын ол сарайлар емес. Бұнда бізді де келтірген сарай емес, жоғарыда аталған «Тәжмахал». Сикыр сарай — мазар «Тәжмахал» 18 жыл бойында 20 мың жұмысшының қолымен Шахжихан патшаның бүйрұғы бойынша 1632 жылдан басталып, 1650 жылға дейін салынған. Бұл ғажайып жайды салушы ұста Иса дең аталады.

«Тәжмахал» тек аппак мрамордан ғана салынған. Іші ою нақыстармен көп безелген, тас кестелі кейір-

әсем бөлімдерін безендіруге ақ мрамордан басқа 18 түрлі түсті тастар қолданылған. Астыңғы платформасымен саналғанда ең жоғарғы үшпа басына шейін 78 метр деп мөлшерленеді. «Тәжмахал» дүние жүзіндегі адам қолымен тұрғызылған жеті гажайып архитектура ескерткішінің біреуі саналады деседі. Бұған қосылатындар: Стамбулдағы Айя—София мешіті, екінші — Венециядағы әулие Марктің соборы. Үшінші — Афинадағы Парфенон. Төртінші — Франциядағы Реймский собор. Бесінші — Москвадағы Василий Блаженный шеркеуі, алтыншы — осы «Тәжмахал», жетінші анық есімде жоқ, ұмытпасам баяғы Кордово халифатындағы Альгамбра сарайы болса керек. «Тәжмахал» жөнінде жұрт аузында: «калып қиял ойға алғанды — анық зергер орындаған» дейтін нақыл бар.

«Тәжмахалды» біз күндіз бір көргенге қанағат қылмай, кешке астан кейін тағы бардық. Оның өзгеше бір себебі және бар. Аппак мрамордан салынған «Тәжмахалдың» үлкен күмбезі түнде жарық ай астында өзгеше көрінеді деседі. Төрт бұрышына салынған төрт биік мұнара және кіші-гірім ақ мрамор күмбездермен біtedі. Екі шеттегі қатар тұрған мешіттердің де ақ мрамор күмбездері бар. Барлық осы өзгеше құрылым — ұлы ескерткіш өзі көрінудің үстіне, етегіне тасқа бөлеп ағызып қойған айнадай мөлдір суға сәулесі түсіп, тағы да бір төңкерілген, екінші дүние жараптығын танытып жатады.

Аграфа келген кезімізді біз сәтті кез деп санадық. Себебі айдын 13—14 жаңасы еді. Егер Индияның бұлтсыз, мөлдір көк аспаны бүгін әдейі бір себепсіз қырсығайын демесе, біз таспен жазылған сикырлы, мраморлы поэманиң жарық ай астында бар гажайып көркімен көрсек керек. Бірақ машиналарымыз «Тәжмахалдың» алдындағы өзі де әсем тас қақпаға келіп тоқтай бере-ақ аспанымызға қарасақ, кесек-кесек сүр бұлттар айды қоршай қапты. Жауын да, дауыл да жоқ. Сөйтсө де осы бұлттар айды тұтқын қып алды да, біздің жазықсыз көңлімізді жазалағандай түн болды. Жарты сағат күттік, бір сағат, бір жарым сағат тостық. Ай жаңағы алашибыр кесек-кесек ақ бұлттардан күтылсыншы. Біреуінен бір шеті қылтиып шыға берді-ақ мрамор күмбездер ойда жоқ әдемі окшау хал-қалатқа ауысып, ағарып нұрлана бастайды. Бірақ шегіне жеткізбестен-ақ жартылай ғана көрінген, сәл уақытқа ғана ашыла түскең ай, енді

бір шекесінен барып екінші бұлтқа кіреді. Ай батты болды, аспан да сұрланып, күмбездер де қоңыр тартып, жүдеп сөне қалады. Тағы «кішкене көріне ме, жоқ па?»— деп аспандары бұлт пен айдың оған қарай жүрген жол межесін аныра қарап, антарыла тосумен біз тұрамыз. Таңтертең ерте ұшымыз да керек. Күндіз көп жүріп, тыным алмай шаршағанымыз да бар. Ұйқының түні жарық ортасынан ауып, таңға тақап барады. Ал айымыз болса бірсеке шекесін, бірсеке тәменгі шетін көрсете береді де, тағы бір бұлтқа кіріп кетеді.

Бар тобымыз «шіркін-ай», бір үш минутке толық ай көріне тұрса етті. Мынау үлкенді-кішілі, бір ұя гажайыш көп күмбез қандай тегіс, жан біткендей жарқырай жөнелер еді»,— деп қызығып-ақ, шыдастып-ақ көрдік.

Ерген жолдастарымыз бер қонақ етіп жүрген достарымыз енді айдан күдер үзіш, қол сілке бастады. «Кайтайык, кетейік, қашанғы тосамыз»,— деген қүнкіл де көбейді. Бірақ арамыздары жазушыларымыз бея көркем-өнер шеберлеріміз болып кеткіміз келмей көп қадалдық. Ай құбылмалы, алдамшы бір мінезге табан екіжарым сағат бойына түсіп алды да, күмбездерді бар сұлулығымен анықтап көрсетпей-ақ қойды. Мениң сонда да кеткім келмей, ең соңғы шаққа дейін шыдауға бекінген табандылығым да тоза бастап еді. Сонда да Сурков екі рет келіп: «кетейік» дегенде, «тұра тұр, тоқтай тұр» деп бөгеп тұр едім. Енді соңғы рет сәл дәме қылған ойны, алдындағы аланға шықпай, егескендей қисая жалтарған дай болып, шеті көріне бере тағы бір сүр бұлтқа батқаны. Сонда айды сүйгіш шабытты ақын Сурков маған келіп: «Бұл айдан не күтесің»,— деп бар ызасымен және барынша орынды бір тенеу жасап «сатымсақ әйелдей осы айдан бүгін көресіні көріп болғамыз жоқ па»,— дегені.

Мен ақын емес, прозаик болғандығымнан тез көндім. Өмірімде бірде-бір рет ақынның аймен араз болғанин көрген жерім сол Аграда, сол «Тәжмахалдың» жанында болған еді. Тегі ақын атаулы «ай көрсе болды, ағынан жарылып, актарыла береді» дейтініміз бекер екен. Кезегі жетсе, ақынның айыңызға да кешпес кінәсі болатын көрінеді.

VI. Жаңа Индия жақалықтарынан

Бүгінгі Индияның соңғы жылдарда жүріп жатқан ең үлкен бір құрылышы Нангалстройға біз б-февральда түн ортасында Делиден поезден аттандық. Нангал құрылышы Делидің терістік жағында Гималай тауының етегіне жақын. Өзге Индиядан салқыны, көгі, сұзы да мол, Кашмир тәрізді қызық өлкенің біріне бұл құрылыш жақсы орнаған.

Бүгінгі сапарда біз басқа бір үлкен вагонға міндік. Екі кісілік жұмсақ купелеріне қос-қостан жайғасқан едік. Тек коридоры ғана тарлау болмаса, өзі аса жайлы да жақсы вагон екен. Едені кілем, есігі кең күйінде туласа әйнек, ішкі жағын шымылдықпен қоршапты. Аса ықшамды, әдемі шкафы киім ілуге де қолайлы. Купе ішінде қол жуғышы да ұнамды орналасқан. Вагон шеттерінде оп-оцай етіп орнатылған душтар бар. Тегі вагонға душ жасаудан онай, аз орын алатын ештеңе жок тәрізді. Эр купеде вентилятор бар. Вагон ішінде конденсир ауа үнемі бірқалыпты температура сақтайды.

Түнде ыстық-сұықты сезбей жақсы тынысып, таңертең жай оянып, жолға көз салумен болып ек. Поезд терістікке, салқынға таман келеді. Таулар көбірек көріне бастиады. Бір сұық тамаша кесіліп ойылған қызыл жартас арасынан өттік. Шығыс жағымызда үлкен бір тау ілесіп, сәт сайын біктеп тұтаса қалындал, көгі де молая түсіп, еріп келеді. Аңгары, Гималайдың сілемі болғыдай. Сол тау жақтан кейде торайы мен жап-жасыл далашығы бар әдемі жанды өлкелер көрініп қалады. Даала мен өлкеде және тау жақта таңертеңгі көкшіл мұнар, жеңіл тұман бар. Ол кей жасыл далада түн тұмандың сезіледі. Салқын түннің жер бетінен әлі көтеріліп болмаған, енді-енді, сәл-сәл үзіле бастаған буындар, әлде салқын деміндей. Шық аралас дымқыл тұман анық осы өлкенің таңғы лебі, тынысы тәрізді. Кейде жап-жақында тасты таулар, бөлек шоқылар туда қалып, жарысып кетеді де және сондай тез, шұғыл үзіле қалады. Оқыс басталып, шұғыл үзіліп тікейіп, шашылып қалатын өңшөң бөлек биіктегі, жоталар, тас серектер ажары, көбінше қызығылт шақат. Біраз жоталарында сирек түктей селдір ағаштар бар. Тастар аса қызық бейнелі. Кей жері мұнарадай, кей тусы пирамида, тағы бір кезі конус тәрізді тектүрлар бол, көбінше қызылша жа-

лаңаш көрінеді. Тағы бір шақта әдемі, тегіс көк майса шалрын шөп алаңы мен қалың жыныстай биік, зәуліш ағаштар қыстақтар маңынан бой көрсетіп қалады. Жолдың бір жағында 25—30—40 шақырым шамасында қатарымызда үдайы үзілмей қалың таудың өзі ілесіп келеді.

Біз Нангалга жеткенде қарсы алған дос топтардың көбі инженер, мамандар тәрізді көрінді. Біздің Орта Азия, әсіресе, советтік Тәжікстан географиясынан белгілі Пенджаптың бес өзенінің бірі — Сетледж осы тұста ағады екен. Соны ойда бөгеген үлкен бір плотинаны біз жолай басып өткен едік. Осы Сетледж өзені өлкесінің картасында Нангал плотинасының құрылышы бар. Сол зор құрылыштың бас инженері, конгрессистер партиясының мүшесі Кунгар мырза бізге бар құрылыш жайын өзі мәлімдеді.

Жаңа құрылытаң орнатылатын дамбаның биіктігі 265 метр, ұзындығы 108 метр болмақ. Тауды тесіп екі туннель жасалған. Жоғарыда тау ішінде мол көл жасалады. Қазір 360 қыстак тұрғыны 30 мың жан сол көл табанынан көшірілетін болады. Бұнда 6 мың адам жұмыс істейді екен. Қаналда екі электр станция әрекет ететін болады. Гидротурбиналы құрылытаң он генератордың әрқайсысы 90 киловатт-сағат беретін болады. Нангал плотинасы Бкара каналы бүгінгі Индияның мактандырылған ең зор құрылышы.

Көлге су толтыру ісі 1958 жылда орындалмақ. Барлық осы ұлы құрылыш ісі 1959 жылда аяқталмақ. Энергия Делиге, Раджестанға 300 миль шамасындағы ұзактықта тарап бөлінетін болады. Жалпы қуат-күші бір миллиард киловатт-сағат шамасындағы болады. Әзір бүл құрылытаң істеп жатқан машина, сайданның, қару-аспаптың көпшілігі Америкадан келген. Осы құрылыш бойын тау саrasына кірген соң өрлей аралап жүріп кеттік. Асфальтті жолмен тартқан машиналарымыз ғаламат биікке бұралып оралып барып, занғар жотадан асты.

Біз әуелі инженер Кунгардың картага қарап отырып баяндаған жер жайларына енді қадам басқан едік. Жаңағы жотадан ойға қарай құлап келіп, акыры тау ортасымен акқан, плотина жасалатын Сетледж өзеніне қараң еңкейдік. Жолдың қалтарысы да, енісі де әрі жиі, әрі қауіпті болғандықтан, екі жағадағы жартастар мен тактайларға өншең есте қаларлық лозунгтер (ұрандар) жа-

зылыпты. Айқынырақ болсын деп сары бояуға қарамен жазған. Бұл ұрандар өзге емес, тек машина жүргізуші шоферлерге нақтылай арналған ақыл-насихат сөздер екен. Мысалы: «Сақтық сактайды!» немесе «Сақтық жөнінде корқақ атанам деп корықпаныз!» және де «Сақтықты өз әдетіңіз етіңіз!» немесе «Үй ішіңіз қоса сорлайтынын ұмытпаныз!» деген тәрізді ақыл жазулар созыла келіп, жол тағаны жазық жерге түскенде соңғы тақтайда: «Жақсы жүргенізге рақмет!» деп қойыпты. Қасындағы бір шофер емес, бар шоферге арналған есте қаларлық өмір кітабы тәрізді.

Біз кейін болатын көлдің аумағын шолдық. Отырған қыстактарын да білдік. Болашақ көл табанында түрдүк. Әуелі жұмыстың сондай төріне жетіп тоқтап, содан соң кейін қарай басып, барлық жұмыс шебін, ауқымын анғарған едік.

Қасымызда үлкен өзен ауғарылып екі туннельге, айналма каналға түскен жерді көрдік. Плотина табанынан ең жоғарғы жотасы болатын биікке шейін көп белгілер салынған. Жалпы бұл плотина биіктік шамасына қарағанда дүниедегі екінші орындағы биік плотина деп саналады. Бірінші орындағы ең биік плотина Америкадағы Гувер плотинасы деседі.

Жоғарыдан қарағанда, бүгінгі Индия құрылышын үлкен өнерлі техника қолға алып жүргені айқын байқалып тұр. Плотина табанын таптап, ұзын тісті катоктар жүр. 25 тонналық самосвалдар жана Индияның жаңа пілдері сияқты. Экскаватор, бульдозер, скрепер, самосвалдар — бәрі де бағы заманда Индия сарайларын салған күштердің экесіндей. Дәл осы сәтте біздің көnlімізге Индияның екі заманы — баяғысы мен бүгіні кезіккендегі сезіледі. Кешелер бір көрген сарайлар мен бүгін мына XX ғасыр ортасының тепкісі зор техникасы тоғысипты. Индия өмірінің өзінше бір алуан түрде екі шеті, екі тарихы — баяғысы мен бүгінгі түрінде түйісіп тұр. Кол-күші мен электр, балға, сүймен мен зор технология бетпе-бет келіскендей.

Әр жерде, екі жағадағы биік таудың көлбеген бетінде, немесе тікшіл жартас бойында, әр сатыда ақ басты адамдар көрінеді. Әдай сур тас арасында сүр киіммен жүрген адамдар айқынырақ байқалу үшін бастарына актан киеді екен. Бұл жұмысшылар арасында Кашмирден келіп жалданған топтар да бар. Жоғары, төмен екі

зор биік жағаларда адам саны өзгеше мол. Сол адай бейнебір ақылды құмырыска тәрізді. Бар сайдагы, бет кейдегі адам атаулы мен машиналар топтарының жұмыстары бір бағытқа жүмылған, бір ыргакқа бағылған. Бейне сағат механизмі тәрізденіп, әрі сау, түзу сергек ритммен қыбырлап қозғалғандай. Саз илеудің құмырсықасында десе болар.

Кейбір жартасты қарсы бетке, заңғар биікке қадала жабысқан адам топтары көз тартады. Онда шпур, перфоратор, динамиттер әрекет етеді. Тасты қашап, жерді асап кеміріп жатқан диюлар да алыптар. Бұндағы ең үлкен экскаватор 5 тонналық еken. Бізде 1955 жылдан бас кезін алсақ, үлкен экскаватор 15 тонналық болған-ды.

Америка техникасы араласса да, тегінде көп жайда бұл құрылыштың қолына біздің техниканың зорында зор құралдар түсे қоймағаны да анғарылады.

Бір жерлерде насостар жер асты суын тартып жатыр. Бірер сағат жүрген соң біз тау ішіне молынан кірген едік. Бұл — Шивалик аталатын тау еken. Түске тақаған бір кезекте динамитті жарылуды тостық. Аздан соң біз түрған бнік тас жағаны солқылдатып, атылған мылтық түтініндей шаң мен тасты бір-ақ бүрк еткізіш, жарылу болды. Біз түрған биікті өзінше мол, темір техникалық құрылышы бар бетономешалка әрекет етіп жатыр. Арғы жағаға аспалы көпір арқылы бетон бермек.

Қасымызда зор транспортерлер де үздіксіз әрекет етеді. Біз ілтері басқан сайни тау іші тамаша болып, есімдігі молайып, көркейе бастады. Қелбекен беттерін, бнік жоталарын түгелімен қалың ағаш, жыныс тоғай басқан. Қел тұсында аз да алан жоқ. Осы биік бір саты таудан алыстағы Гималайдың қарлы биік жотасы көрінді. Онда Симла деген қала да бар. Эзірге көрінген Гималай жотасы Алатаудай үзак бір ирек жон.

Тебедең, плотинаның ең жоғары иығы тұсынан қарғанымызда бір сәтке төменгі саты-саты жолдардың бірінің бойында үзыннан-үзак тізілін, созылып бос машиналар самосвалдар түрүп қанты. Жарылуды тосып, сактық етіп тоқтап қалған болу керек. Тізіліп түрүп қалған анық енбекші құмырскалар.

Мемлекеттік зор құбылыс бүгінгі Индияның техникалық мәдениетін бағалатады, Өнерлі топ интеллигенция-

сы арқылы да жақсы аңғар байқатады. Осыншалық білім, техникаға құрылған ұлы құрылыштың барлығын жүргізіп жатқан индия халқының өз инженерлері. Бұл құрылышта кешегі Индияның әмірші-құдіретшісі болған ағылшындардан бірде-бір инженер жоқ. Тек бір ғана неміс пен екі американдық консультант есепті инженерлер, бөгде мамандар бар екен.

Рас, ағылшындардың жақын белгісі мулде жоқ емес. Сонау Гималай салқын тауының етегіне салтанатпен салынған Симла қаласы сол кешегі құндерде қожа болған ағылшын байлары мен әкімдері тынығатын санаторий есепті қала. Бұнда саушилыққа жақсы бау-бақша мол, салқын таза биіктің ауасы бар. Және бұнда сол ауаны асылдандыра түсетін қарағай текті әдейі егілген ағаштар, тоғайлар бар.

Бұл келісте, бүгінгі жүрісте біз Индостан жарым аралының ең терігі терістігі — Гималай тауы етегіне жеттік. Кейін бұл жарым аралдың оңтүстік теңізге тірелетін ең шеткі қыры шегін көрсек керек. Соңда Индияның өткені мен бүгінін — екі дүниесін көргеніміздей, жер мекенінде екі шеті, шырқау шегі бізге малім болардай.

Осы жолдан қайтыс сапарда біз жаңа қала Чандогарх вокзалына келіп тұстік. Бұл тұтасынан жаңа үлгімен салынып жатқан, көп жерлері салынып та болған қызық қала. Осы уәләятын бұрынғы орталығы Лахор қаласы Пакистанға кеткендіктен, қазір осында мулде жаңа қала орнаған. Бұл қаланың салыну үлгісі бар Европаға мәлім, өзінше оқшау жаңалықтар ізdegіш француз архитекторы Карбузьеңің жоспары, үлгі-нақысы бойынша құрылған.

Әрбір кеңсеге, өндіріс үйлері мен түрғын жайларға ариалған үлгі - анық конструктивизм¹ үлгісі. Үйлер кірпіштен салынғанмен лықын түрған стандарт. Бұнда кейбір үйлер куб, призма, кесілген конус сияқты геометриялық фигуralарды аңғартады. Кейбір үй выставкалағдағы (көрмелердегі) стендқа ұксап, бітеу, тұтас қабырғалар ерекшелігімен көз тартады. Сол қабырғалар көк, сары бояуларға малынып, кейде бір инженерлік чертеждер бетінде үксайды.

Бұл қалада, Индияның бағы заманнан бергі талай

¹ Конструктивизм — буржуазиялық өнерде бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған формалистік ағым.

бай архитектуралық стильдерді шеберлеген халықтың отандық дәстүрінен ныспы белгі жоқ. Оның орнына жаңа қалада самсаған космополитизм десе боларлық.

Осы шаққа шейін біз көрген Индияның ескі, жаңа ымырттарының бәрі күн көзінен, күн өтінен сақтанып салғанды көрсетіп еді. Енді мылау үйлер сол Индияның шыжыған күніне жалаңаш түсін егесіп «шқандай Бірақ «кейбір үйлер әдейі қырын салынған, бұған таңертең болмаса, өзге кезде күн түспейді» деп актағысы келген сөздер, дәлелдер естідік.

Қаланың бөгде құрылыш жайын бас инженер бізге жайлап, көп таратып ұғындырмақ болды Бұның әнгімелісінде жана қала салудың жаңаша ойлары, өзінше іздең нулері, дәл-дәл леректері болғандықтан кейбір сөздерін еске алайық.

Лахор қаласы Пакистанға кеткен соң жаңа жерден орталық қала салынбақ болды. Соран Гималай тауының етегі осы орын әдейі белгіленді. Бұл араға Пенджап уәләяттарының бар тарау өлкелері тоғысады. Өзі географиялық орталық болғанда уәләяттың ең алыс шеңбері 150 километр. Ауа райы Делиден 5—6 градус салқынырақ Орталық қала 500 мың кісі тұруға арналған. Әуелгі көзекте 150 мың халық тұра бастайды.

Инженердің айтуынша қаланың өз жоспары болашақ түрғындарға өте қолайлы. Мысалы, сауда жайлары қаланың нақ ортасында. Экімшілік орындары тау жақ жағарыда. Университет өзіне бөлек оқшау бір шетте.

Әуелі осындағы орындар белгіленген соң түрғын жайлардың көшелері жоспарланған. Түрғын жайларға көз аудандарда сауда дүкендері, мектеп, аурухана атаулі жақын жайғасқан.

Қаланың әр секторында бос алаң бар. Онда спортивные жайлары, парк, газон, мәдени-ағарту орындары болады. Қаладағы қатнас жайын ойлағанда, автомобилдер жүретін көшелер бар да, жаяуларға жана жүретін, автомобилдер баспайтын қауіпсіз көшелер және бар.

Көнсе үйлерінің бірі есепті болған соттың үйін тольғырақ аралап ек. Бұл үйдің сыртқы көрінісі бізге ғаламат сорақы тәрізденді. Оны үй деуге де, элеватор деуде, кейде ангар немесе үлкен склад, әлде тіпті баржа деңесе де сиярлы. Түстік жағында «солнцерез» деп аталын күнқағары бар.

Сотта жауапкер тұратын орны жазудағы үтір сия-

ты. Қабырғадағы панно¹ мен кейбір суреттер футуристік мотивтер тәрізді. Сырты конструктивизм болған соң ішінде кубизм, тағы өлдене өзге «изм» болмасқа не? Мысалы, бір валда тек адамның екі табаны ғана қара кестемен шегіліп, ғлініп қойылған.

Кітап шкафтары залдарды іргелей тұрганимен аласа ғана. Бұнда толған ағылшын тілінде жазылған заң кітаптары. Индия соты тегіндегі әлі күнге тергеу, соттау ережесін Англияның ескі заңы (кодекстері) бойынша атқарады.

Бұл қалада жорарғы оқу орны — колledge де бар. Онда стипендия болса да, ең жақсы оқитын азғана топ, озын, зейінді окуышыларға ғана тиеді екен. Кейін оқу бітірген соң он жыл ішінде стипендия үкіметке қайта төленеді. Колледждің студенттері арасында кебінше осы Пенджап үәлаятының мол халқы сикхилар бар. Олар әйел шашындағы ұзын етіп өсірген шаштарын төбесіне жиып түйіп, соны бастыра сәлде тәрізді женіл бас киім киеді екен.

Осы қала адамдарының шақыруы бойынша біз қала сыртындағы 18 шақырым жердегі өзгеше бір баққа бардық. Тағы да бұрынғы махараджаның мүлкі. Өзінше тамаша бір паркі екен. Бұнда бақтың сұы алты саты бол құлданған агады. Бақтың өзінің өлкесі де саты-саты бол кетеді де, бүтін бақ күрылышына аса сәнді өзгеше көрік, көрініс береді екен. Бұл бақта қипарис ағашы және әдемі бол күзелген түя ағашы өседі. Қегал шәптің өзі де орылған емес, өзгеше бір алуан түрде күзелген. Бұнда Лічи деп аталатын біздің жаққа мәлім емес, мол бұтақты, үлкен жеміс ағашы көз тартады. Экзотикалық ыстық жақ жайын айтатын әндерге араласқан магнолия ағашы да осында өседі.

Біз кешкі шайды және кешкі ас — динерді тас канал жағасында, әдемі павильон алдында іштік. Батыс жақта көрікті бір ирек жотадан асып, күн батып барады. Қарсыда үлкен қара таудан асып ай туды. Толған ай. Ол аппақ салқын саулелі туды.

Тау басы қалың араш. Батыс жақтағы әдемі таудың да өнбойы әсіреле жотасы қалың торайға толы. Віз отырған бақ «Пенджу» деп жақындағы қыстақ атымен атал-

¹ Панно — үйдің ішкі қабырғаларының бейнелеу немесе мүсіндеу өнері шығармаларымен, әртүрлі ою-өрнектермен безендірілген жорарғы шеті — төбемен астасатын бөлімі.

ған. Кеш қоңыр тартқан сайни күнбатыс айыны өзгеріп келеді. Онда тоғайлы, ирек жоталы қара адырдың тесінде кекшіл-жасыл оттар жанды. Қоңырқай, қара-кошқыл дүниен арасында машиналы ендіріс мұржасының тутиңі будактап тарап жатыр. Сәл тұман, мұнар құрсаған онтүстік кеші әдемі, болу ғана батып барады. Беріде біз отырган биік павильон түбінен темен қарай ылдилай, сан жерде көп фонтандар ұрып тұр.

Биік бойлы, қызыл тармак ғұлді ағаштар мен жемісіңіздейтін жаңа қара биіктен көп жоғарыласа да, тек енді енді ғана, ымырт жабыла бастағалы ақ саулестің ұлғайтыңыздан келеді. Енді өзге бар ағаштан биік кеудесін базып озып шықкан пальма ағаштары ереуілдеп, қараштып ай, түш аспанына айының ою-өрнек беріш тұр.

Біз қайтар шакта биік аспанда бас жақтары бытырай тармакталған сол пальмалар онтүстік кешін ерекше ойлатып, ескерткендей еді.

VII. Діндар қала Бенаресте

7-февральді біз Чандигар мен Бенарес арасындағы жолға бердік. Тәулікке жуық поезден жүріп келіп, Монгол сарай деген станицяға тоқтадық. Бұдан әрі машинаға міншін, 30 минуттай жол жүріп Бенареске жетуге болады. Тәуліктік жол бойында біз тағы да Индияның қалың орталықтарына кіре түсіп, жол бойында сансыз көп жандар көрдік. Қорғаннен талай ойлар оралды.

Индия халқы рет, тәртіпке өзгеше бір момын тарбие лілікпен бой ұсынған халық. Жол бойындағы қай станицяда, қай қалада, қай базарлы жынын немесе қыстак жайда болсны адамның қалындығы бірде-бір сиримейді деуге болады. Ерсілі-қарсылы жол бойында жүрген топтар үздіксіз ағын судай. Бірақ бірде-бір жерде алдың жұлды дескеп қатты даурық, қактығыс, эсте үріс-тобелес дегенді көрмейсін. Мас атаулы мүлде жоқ. Бейніл ауыз, ұят сөз сойлеушілер де сезілмейтін тәрізді. Біреу-ге біреудің түс шайғаны, док қылғаны да білінбейді. Көп адамның жүзінде сәл түйілген жүдеулеу ажар, үнсіз, қоңырқай қабақ қана байқалады. Ыстықтан, жоңыштықтан, бәлки аштық, панасыздықтан да қажыған жандар көп шығар. Жали-жалл қағылған үзын кірпіктер,

жаудыраган үлкен қара көздерді үдайм бір ажарлы мүнген, үзін сирмен танытқандай болады.

Читоргар деген қалада Раджестан ұлалятында біз индия жастарының спортшыларын көріп ек. Соңда қалың қайнар жігер месі аса мол спортшы жастар тобы от ажарлы тоғтың езі еді. Солардың мындаған жиыны біздің машиналарымыз тақай бергенде, селдей ағылны келіп, тоқтай берген машинадарымызды еителей қамап алдысты. Күн кешкіріңкіреп қалған шак болатын. Бар спорт түрінің жарыстары аяқтаған болып, енді бәйгі үлестіру қорытынды көзі қалған екен. Сол «бәйгілер совет елінен келген сый қонақтар қолымен тапсырылса екен» дег біздің елді дос тұтқан қалың жастар жиыны, спортшылар өздері өтініш етілті. Біздің машинадарымызды сондай бір жақсы тілек, достық сеніммен, өтінішиен кеп қоршаған екен.

Енді бір сәтте бізді ортаға алған сансыз қалың топ үлкен аланға қайтадан оралды. Орындықтар жок, алан тек қана ашық кең майдан. Бәйгі үлестіру үшін қалың жиын топталып, ортасынан алаң жасап, деңгелей отырыш-түрү сияқты қатар түзеу керек болды. Міне, осы шақта жалғыз ғана еғде жасты бір адамның бінктеу жерге жетеріліп, даурығын: «Рет түзе, қағыл!» деген тәрізді нұсқауы жетті де қойды.

Сан мындаған жұрт қағылып, қатарларып айнала қоралап, балаларды ортаға, алдыңғы жаққа қарай шығарып, деңгелек үлкен алан жасап, тұра қалысты. Содан кейін бір місі «олай тұр, былай тұр» десспеді.

Сан көп қалың топ қалықтың сол көптігінен туатын тартіптілігі азгеше болса керек. Эр жеке адам езі үшін, көп ішінде ретті тірлік жасауы үшін және жөпке де сол көп құйінде бір реттілік беру үшін мүмкіндік жасауға тырысып, үлкен жауаптылық ретін сактайты. Эр адам езі үшін сондайлық тәртіпті болмаса, жалғыздың да, көптің де тірлігі онбас еді. Осындай қалың қоғамның әр мүшесінің бойына сілген өлшеу мерзім жас баладан үлкенге дейін түтел тараган мінез. Қолқе ортақ өлшеу, жемшер тәрбиесі әр адамның ез ішінде нық орнаған таразысы тәрізді. Осы қалыққа өнер, білім берілсе, басқа да зор үлкен адамдық идеалдар, қоғамдық үлкен, жана құрылыштар мүмкіндігі жасалса, мындар, миллиондар реттілігі тәрізді, халықтық аса бір қажет каснеттер сарай-ақ қалыңтасып, орнай алатын сияқты. Кей халық-

тарға көп тәрбиемен, аекумен, занмен, тіпті жазамен кіргізетін тәртіп мұнда сондай өздігінен орнарады ұсынып түрган төрілді. Бұнда кісінікін кісі іліп-қағып кету, үрлық-қарлық төрілді осалдықтар да жоққа тән деседі.

Ұзақ тарихындары мемлекеттік мінез дағдысын аңдап қарасақ, Индия ешбір көрші, қоңсы халыққа басқыншылық жасап, өктемдік етіп, шауып-жаншып соқтықпапты. Қайта бұның дін кешілігін, момындық тәрбиесін, мінезін пайдаланып мойнына міне бергендер аса көп болған. Бергі замандарының өзін алғанда: арабтар, ирандықтар, ауғандар, моголдар, арылшындар — сол толқын-толқын басқыншылар болатын. Қазірде де индия халқы негізгі дін тәрбиесі, моральдық қағидасты бойынша жан иесін өлтірмейді. Тіпті утызы зор айданар жыланды да маймылша, пілше, снырша «өлтірмейтін жан иесі» деп санайды.

Моғол сарайдан Бенареске қарай машинаға мініп шыға берген жерде біз оқшаша бір адамды көрдік. Қап-қара шашы ұзарып, дудырап кезіне түскен. Өзі қатқан-семген, қап-қара. Аяғы, борбайы жап-жалаңаш. Өнебойы сыйдиган ұзын, иығындаған кір-кір жыртық лыпа-дхоти. Қолында шошайта ұстаған қысқа таяқша. Қабак түйілген, түс жүдеу, сәл білінген сақал-мұрты бар. Бенареске келе жатқан индия аскет¹. Ваяғы заман сопысынан, тақуасынан, не дәруіш тәркі дүниесінен шыққан құдайы жолаушы. Бұрын мұсылмандардың Мекеге тауап қылғанындаи немесе бар христиан әлемінің Иерусалимге (Құддұска) құдайы жол тартқанындаи, Бенареске барлық Индияның діндар жандары әулие қала санап тауап қылыш келеді. Бұнда индуизм діні ғана емес, буддизмнің де әулиелік орталығы бар. Сол себепті Бенареске жан-жақтан, шар тараптан, нелер алғыс киян-қиядан, шырқау шеттен құдайы жолаушы боп тауап қылуға жол тартып келе жатқан жанағы біз көргендей жандар аз емес.

Бенареске кіретін жол және де басқа қалалардай аса көп лавкелерге толы. Ұсақ сауда дүкендері сыйылысқан тар да қисық көшенні бойлап, ұзақ арапап келдік. Тегі халықтың көбі кәсіп етер өндіріс болмаған соң, жер де жетпеген соң осы ұсақ сауданы кәсіп ету шарт болран

¹ Аскет — о дүниенің ракатын көру үшін, бұл жатық дүниевің кызығынан біржола безген діндар сопы, дәруіш, дуана магнасында.

тәрілді. Бұл базарда сатпайтын нәрсе жок. Бірақ сол сататын орынның көптен-көбі-ақ өзгеше ренсіз, кір, көне де күйкі.

Көп өзге қалалар сиякты бұл қаланың да қалың ортасына кіргенімізше көшелерде сиыр, ешкі, қой, ит те көп ұшырайды. Есек пен қодас та жиі кездеседі. Машиналар да аз көрінбейді. Осы көріністер арасында жаңу-көлк боп жалданған рикшалар¹ жеңіл арбаға қос-қос адамды отыррызып ап, жінішке дертелерін екі қолтығына қысып, қап-қара аяқтарын жүгіре басып, ерсілі-карылы ағылып жүр.

Бенарес Индияның ең ескі қаласының бірі. Әулиелік қасметке ие болғанына үш мың жыл толған дейді. Өзі ешуюқтта Индияның саяси орталығы болған емес. Индуизмнің рухани орталығы саналған. Сидхарта Будда ең алғашқы пайғамбарлық үгітін осы Бенарес қаласында сөйлеген. Будданың да, Шиваның да аттарымен байланысты әулиелік орындар Бенаресте осы күнге шейін күрметпен сақтаулы. Будданың «зан тегершігі айналғаны» деп аталатын бірінші өсietі (проповедь) осында айттылған.

Ашока патшаның тұсында Бенарестің қадірі қатты асқан деседі. Ол бұнда құлшылық ететін 80 мың гибадат орнын, жайын салдырған. Тегінде индуизм, буддизм екеуінің де ескерткіші мол болған Бенаресте кейінгі жат дінді жаулардың салған ойраны да аз болмаған.

XII ғасырда бірталай ірі ескерткіштерді моголдар ойрандаған. Келесі төрт ғасыр бойында тағы бірнеше толқын ойрандар болып өткен. «Ұлы моголдар династиясынан» шыққан Акбар Бенаресте Шиваға арнап храм салдырған екен. Бірақ бұның ерекше діндар, фанатик немересі Аураңзеп өзге талай ескерткіштерді булдіртумен бірге, жаңағы өз атасы салдырған храмды да ойран еткен.

Бенареске осы күнге шейін бір жылда үш жұз мыңдай тауап қылышылар келеді екен. Жағасында Бенарес қаласы түрған Ганг суы — әулие су саналады. Эрбір индус бұл сура тұсуге құштар.

Жалпы бұл өлкө Шиваның өлкесі. Сондықтан әулие деп саналады. Бұнда өлген адам турға жұмаққа не то-

¹ Рикша — кейбір ұлкен буржуазиялық шығыс елдерінде, қалаларда жолаушы таситын қоларбага жегілген адам.

закқа барады. Бірак ол қайта, екінші жубилыс (превращение) өмір сурмейді. Тегінде адамзат оол адамдың сипатынан ауысып, басқа екінші сипатта қайта туады деу — мұдунам дінінің шанымы. Ал Гангінің жағасында олған адам оол қайта жағаралысса қоюлмайды. Гангінің жағасында әмбіц, осы қалада өртепу арман.

Біз қайыншын ақырап, Ганг өзенін бойлап, қаланды жағалап келеміз. Жағаның бір түсі әндік шынылу орындары. Сондай орындар Бенареске алпыс. Осы жағавада жақеңдер аса көп. Ол қарван тартқан байлардың осында тұрып, осында өмірнің сәңвы шақтарым еткеріп, осы әрада өлдірмән арман етіп салдырып жайлары. Сол үйлер саты-саты әдемі қатарлар жасай, жағадағы тас қабактарды жаба түсіп, біршің шығынан бір аса мөрінш, білктай береді.

Бұндағы оң ғлекен білік имарат Акбар салдырып жай. Акбар бұны мұндустар храмы етіп салған екен. Ал немесе! Аурангаев мемітке айналадырынан. Әрірек қатарларда тамаша қып салынған ақ үйлер бар. Олардың кей болімдері жасылмен, көпкен боялып өзгінген. Әр үлпілі кестедей өшекейлі балкондары, саты-саты құрылыштары тамаша үйлескен. Бізді бір сэтте, өзен бойында тек күннен гана қалқан жасалған үсак палаткалар — көнег шатырлар жетті. Бұнда мұдунам дінінің дінбасылары — жрецтер тұрады. Олар сандал¹ майын әзірлейді. Осы жрецтер Индияда «вайдит» аталауды.

Бұл қалада жанназ храмы да бар. Ол Индия дінінің бір саласы. Жанназ үғымынша қордайдың біршілгі көп сипаттылығымен аралас. Сондықтан әкүдей біреу бола тұрып, «көп сипатта көрінеді» дерен шаным иман есепті болады. Олардың храмы кебінше алтынмен бекелген, мұнаралары көп келеді. Қызыл алтыннан жабыныш жақпқан храмдар да бар. Жалпы аякнанда Бенарес храмдар қаласы деп аталады.

Біз су жағасында лаулап жаңып түрган оттар да кердік. Қастарында өлген адамның денесі жатыр. Сөнни қағиәт Ганг сүнина шемындырады да өртейді. Құйделі өлген адамды өртейтін кремацияның ариаулы орны осы түс болады. Жағамың бәріне бірдей кремация орны жайылмаған.

Әдетте өлген адамның үлкен ұлы, не кенжесі отты

¹ Сандал — тропикалық ағаш.

өзі жатып қойтып, суға да өлікті өзі шомылдыратын болады. Жалпы Бенарес түрған өлке — Шиваның өлкесі дедік. Шива жарты айды жақсы көреді екен, сондыктан Ганг суының әулиелік орны жарты ай тәріздешіндей ойысады. Кремация жасар алдында өлікті шомылдыратын қасиетті (шомылу орны) купальня әр жерге қойылған. Эр купальниның ариаулы аты болады. Не сол орынды салушылардың атымен, болжаса Шива құдайдың, көп атының бірімен аталады. Қасиетті купальня жанында ұсақ қалқан шатыр көп. Вұл жерде намаз, мінажат, әз-зуәт рибадат жолында отырған ақ қас, ақ мұрт, жалаңаш шалдар көп. Екі қолдарын алақандарымен туїстіре косып, маңдайларына сүйеп мінажат соңында сарылый отырған қалыптарын аңгартады.

Нелер байшардың Индияның әр шетінен келіп, Ганг жағасында соңғы ай, күндерін өткізіп, өлмек талабы болады дедік. Су жағасы суду жаға. Осы жағада атақты «Рамаяна» әулиелік дастанының бір шырарушысы, жаңа вариант авторы түрған дейді. Соның ескі, үлкен үйі көпкө көрсететін ескі белгінің бірі бодран.

Әулие қала Бенарестің буддизм дініне, индуизм дініне қадірлі болған діндік ескерткіштері, храмдары, көркеменер үлгілері Бенаресте аса мол саналады. Эсіресе сол діндар тақырыбына арналғын, өте ескі замандарда ойылған тас мүсіндер, бұт құдайлар саны көп. Сол тақырыптарға арнап Индия шеберлерінің өнері тудырған қабырға суреттері де (фрескалар) көп. Бенарестің ең қасиетті ескерткіштері Будданың атымен, ісімен, пайғамбарлық үрітімен байланысты келеді.

Будда Индияда, осы Ганг бойында, дәл осы Бенарес түсында 2 мың 500 жыл бұрын дүниеге келген дейді. Біз сол Будданың храмына келдік. Бұнда Будданың тұғанынан өлгеніне шейін басынан кешкен таедыры, хал-акуалы, эпітіме-аңызы, дін-парызы, жай-жапсары аса ірі шеберлікке жасалған суреттер арқылы баяндалады.

Мысалы, храмда Будданың турал шабы ділдік азыз бол суретте алынған. Махамана деген патша эйелдің туғисе Будда ақ піл болып кіреді. Уақытындағы жрец жорығанды: «Ұл табасын, ол әулие ұл болады» дейді. Қейін будда аталатын Сидхарта деген бала солай туған.

Ендігі бір суретте Будда дүниені тану үшін сіңа отырған күйде суреттеледі. 29 жасқа жеткенде Будда адамзаттың бәрінің басынан кешетін сорды көреді.

Оның біреуі — науқас, екіншісі — кәрілік, үшіншісі — елім. Осы халден сырт қалатын адам жынысты, жан иесі болмасын білген Будда өзгеше азап шегіп, ауыр қасірет ойлармен тебіренеді.

Тағы бір суретте Будда башын ағашының түбінде ой соңында (созерцаниеде) отырған болады. Бір қыз ағаштың қасына дұға окуға келіп, Будданы сол ағаштың рухы екен деп қастерлейді. Тағы бір фрескада Будда жан-жағын қамаған жаулар ортасында отыр. Жаулардың жауыздықтың рухтары. Ішіндегі ең қара ииет қаскрай өзгелерді Буддаға өшіктіріп беттетіп, өзі окшау, қырын отыр. Будданың құмырадан жасаған және алтында жасаған мүсіндері өралуан шеберлік танытады. Бір сурете Будда ауру адамның жанында отыр. Бұл суретпен байланысты айтылатын Будданың еснеті бар: «Кім ауруға жәрдем етсе, сол маған да жәрдем етеді» деген екен.

Будда 80 жасында өлген. Сол өлім сағаты да суреттеген. Өз заманындағы қанішер жауыздардың бірін Будда жолға салмақ ииет етеді. Анау адам мың кісіні өз қолымен өлтіріп, алақандарынан алқа жасамақ болған екен. Енді өзінің туған шешесін де өлтірмек болады. Сол адамды Будда жолға салып, жөнге бастап өзіне дос қыл алған. Сурет осы жайды баян етеді.

Индияның Пенджап деген уәлаятында археологиялық зерттеу жасалып, 2 500 жыл бұрын Будданың дүниеде болғандығы анықталған деседі.

Бенареске келушілерге екінші көрсеткіш орын — әулие ағаш, Будданың ең алғаш өснет айтқан жері осы ағаштың түбі екен дейді. Бұл ағаш үш есе әулие саналады. Себебі Ашока патшаның қызы әкеп орнатқан, өзі пәлен мың жыл жасаған ағаш деседі.

Осы тұста атақты мінажат орны «ступа» өзгеше көзге түседі. Бұл да өте ескі діндік ескерткіш. Біздің әрадан 250 жыл бұрын іргесі қаланып, VII ғасырда салынып болған екен. Бұндай әулие орынды салдыруыш Ашока патша. Сол ступаны біз көруге келгенде, сонау Тибеттен жаяулап «қажылық сапарға» келген пилигримдер көрінді. Олар үстеріне қызыл киген, араларында әйелдері де бар. Ступаны айналып, намаз оқып жүрісті.

Ашока заманынан қалған тас қоршау обелискілер де музейлік ескерткіштердің ірі бағалы белгілері. Әсіресе біздің әрадан үш ғасыр бұрын жасалған «төрт пілдік түрпаты», «львиная капитель» бар. Төрт басты, бір де-

нелі арыстан. Арыстан Будданың өзінің белгісі деп саллады. Будда суреттерінің көбі Гупта заманынан қалған деседі. Бірақ күні бойы біз көріп жүрген әулиелік орындардағы сол Будданың, Шиваның (болмаса басқа құдайы бүттардың) — бәрінің де бет-бейнесі әдейілеп шұқылған, сындырып күйретілген, кем-кетік етілген көрінеді.

Бір мұсіннің мұрны шабылған, біреуінің көзі ойылған немесе бас, құлағы шабылған бол шығады. Осындай ескі ескерткіштерге жаңағыдай қаскөй әрекет етіп құлатушылар өзгелер емес, тек қана мұсылмандар. Мұсылманның діндар патшалары, қазірет, ғұламалары әр заманда «пәтуә» беріп: «Ойран етсен күнәсіз боласың» дейді. Сондай қаскөй, өшіктіргіш фанатик сөздерге еріп мұсылман әскерлері ескі ескерткіш, мұсін атаулының бәрін ақаулы қып қалдырған.

Будданың тағы бір суреті гректің Антей жайындағы аңызына тап келеді. Бұл суретте Будда жерге қол тигізіп, содан күш алып отырған жайы бейнеленген. Будда өмірін суреттеуде дағдылы төрт кезең көп ұшырайды: туғаны, оқи бастағаны, үгіті, өлгені сияқты төрт буын өмір шақтары көрсетіледі.

Біз көрген Бенарес, дін орталығы болғанмен бұндағылым, өнер қазнасы тағы да мол. Бенаресте үлкен университет бар. Онда 8 мың студент оқиды. Ер, әйелі арасында оқиды. Университетте 14 колледж бар. Университеттің өзіне бөлек госпиталі, мейманханасы да бар. Жалпы университетке мол бақшалы жер берілген. Сол жер атаулыға салынған үй-жайлардың бәрінде жарым ай тәрізді, жартылай дөнгелей салынған көрініс бар. Жалпы университет жайлары үш имек қатарға бөлінеді. Алғашқы қатарда техникалық, механикалық, ауылшаруашылық, дәрігерлік, гуманитарлық праволық, Индияны зерттеушілік, Шығысты зерттеушілік ғылым орындары жайғасқан. Екінші қатар — спорт аландары мен жатақханалар. Үшінші қатарда — профессор, оқытушылар үйлері, деканаттар мен ректорат, кітапхана тәрізді жайлар салынған. Барлық бөлінген жердің дәл ортасында жаңа храм салынып жатыр. Ауылшаруашылық фермасы, сүт шаруасы, су шаруасы — бәрі де бөлек-бөлек өз жайын тапқан.

Әйелдер колледжінде оқытылатын ғылымдар: психология, политика, социология сияқтылар болады екен.

350 қыз оқиды. Қалған қалың көпшілік, студент ерлер. Жылдың университетті 1 500 маман бітіреді. Студенттердің бес проценті ғана алады.

Інженерлік колледждің мастерскойларында әртүрлі двигатель, дизельдер бар. Окуйшылар темірді қамап, аралуын тақирибелерді өз қолдарымен атқарып жатыр. Мұнда токарьлық, слесарьлық, үсталық, модельді ағаш үсталығы — барі де үйретіледі. Студенттердің бассейні бар. Салынып жатқан имараттар ішінде храмның үлгісі мен молдығы өзгеше. Ол алға бірнеше жыл бойы салынбағы. Студенттер азарте қаланың храмына барып на- маз оқиды дейді. Бұл храм «Құттық шарлаудан» биік болмак. «Бар залының өзіне 10 мың студент сиятын болады» деседі.

Діндар университеттің кітапханасы да мол. 200 мын- наң аса кітап қоры бар. Университет үйлері мол бақтың ішінде таретыла салынған, бір араға үйілген емес. Бар үй савы 35—40 шамалы. Жеке-жеке үйлердің екі этаж, үш этаждан салынғандары көп. Эр үйдің архитектура- сы стандарт емес, өзінше оригинал сұлу келіп, бір үймен бір үй үлгісі жарыса, таласа салынған тәрізді. Бұл жа- фына келгенде университет жас болса да, талай ескі оку- орындарынан асып түскен.

Кешкі сағат бі-да біз осы қаладағы «Теософическое общество» дейтін бір алуан қоғамның қонағында бол- дык. Бұл еркек, әйел тен араласқан қоғам тәрізді. Негізінде діндік қоғам болғанимен бұлар ағарту, мәдениет, өнер істерін қатты ескереді екен. Менің есіме Иранда XVII ғасырдан басталып тарап жүрген бежанстер қоға- мы түсті. Омар да ағарту ісін өзгеше жоғары бағалан, дін қарызындағы санайтын. Жаңа діндердің тегі жана заманға өзгеше үйлесу, қабысу есебі соны талан ететін шығар. Бұны олардың кейбір тобы шырыста, фанатизмге жетізге көтеру көрек. Бар нәрсені дін күйінде қабылдай- тын болғандықтан, мына жайды қолға алғанда да дін- дік мұтамам алады.

Индияның мынау қоғамы әйелдердің тендік, азатты- ғы деген жаіды әсіресе ескеретін тәрізді. Жиынның қак жарымы әйелдер. Бірақ екі бөліне отырған жерінің бар, залдың бір жағы әйелдер де, екінші жарты жағы ериек- тер. Бар жиын жерде отыр. Төрде кішкене сахиба бар. Соның еті жағынан әймі, күйші, бишілер шығады. Өнер- паздар арасында баладан үлкенге дейні әр жастың

екілдері түрел. 7—8 жасар мектеп оалаларымен қатар, ақ шашты шалдар, қарт аналар да сауыққа араласады. Әйелдер ішінде 3—4 европалық әйелдер де болды. Олар да жерде, қалың кілем үстінде отыр. Қыздардың би кришинаға (кұдаға) арналған би. Екі қызы алақандарын, табандарын қызартып болы алған. Сурме «көздеріне жағылды» деуге келмейді, қайта көздері сурменің ішінде қалқып жүргендей.

Тағы бір кезек сегіз кісі биледі. Біл де, әні де соңдай үзак, бірқалышты болудың үстінен көбінше монотон қалпымен үйқынды келтірердей.

Осыдан кейін біз жаэуышлар тобына бардык. 140 шамалы жазушы, сынны, әдебиетшілер, философтар жиылыпты. Мәжілісті философия докторы анты. Бурыл шашты, мұртты, үзын бойлы семіздеу келген, күрен бешпет киген адам. Жүргі жерде кілемде отыр. Зал төріне өзбектің сыласы сияқты жалпак, кен, биік орын жасапты. Онда да кілем. Алда аласа стол. Біз, Сурков екеуміз бен профессор үшеуіміз сол аласа стол айналасында президиум бол отырдык. Әуелі профессор сейлейді. Ол һинді тілінде сейлей, ағылшынша аударылып, одан біздің тілге қотарылды. Бул жыныда отанымыз, халқымыздың достық бейілін айттып Сурков екеуміз сейледік. Көз алдымызда алақандай жаудыраған қара көздер көп. Аппак бол әңсия күлгөн тістер, қап-қара шаштар жас қауымның жақсы бейілін біз арқылы, біздің халқымыз бен Отанымызға ариғандай. Бұнда әредіктे бурыл шаш, ақ шашты, қасқа басты қартан адамдар да кездессті. Жалпы көшілік интеллигент жүзді. Осы кездесуде Индия газеттерінің тілшілері де болған еді. Бул сағатта біз Индияның әдебиетші, журналистер тәрізді мәдениетті интеллигенциясымен кездескен едік. Түн жарымында Бенарестен қайтып Могол сарайға машинамен жеттік те, аздан соң бұрынғы вагонымызға мініп, Калькуттага қарай жол тарттык.

Жолдың жарымы етті, бірақ әзірше тамаша Индия республикасының бірде-бір көріністері қайталанған жок еді.

VIII. Ұлы қалалар мен ұлы қайшылықтар

Калькуттага біз поезбен тақфа жуық тақтаған едік. Ерте оянып, Бенгали үәлаятының көрінісін тамашалап келеміз. Оитустікке қарай ауыса түскендіктен болу ке-

рек, Бенгали штатының табиғаты қатты өзгере бастағанын байқадық. Бұнда ең әуелі егін-тегін даласы басым. Варлық Индияда адамы тығыз өлке осы. Бенгалиде әрбір шаршы километрге үш жұз адам келеді дегенді естідік. Дүние жүзінде ең халқы жиі өлкенің бірі — Индияның осы үәлляты болса керек. Соның орайына жердің беті-жүзі адам еңбегінің әсеріне мейлінше берілген.

Бұл өлкеде бұрынғы үәлляттардан әлдеқайда көп қыстактар кездеседі. Үй шатырлары ерекше тігірек болып сопайып салынады. Жауын несері көп болатын шақтардан сақтанғаны болу керек. Пальманың жапырағынан жасалған салам тәрізді сүр шатырлар. Үйлер сүр балышқтан қаланған. Кей шатырлар ғана оқта-текте қызыл қыш черепицамен жабылған. Үйлердің көбі ыстық күннің өтінен қашып, ағаш-ағаштың көлеңкесіне тығылған. Бұнда ағаш та қызық боп өзгеленіп ұшырай бастады. Қазір көзге пальма ағаштары көп кезігеді. Кейде пальманың тоғайы да кезігіп қалады. Жалпы пальманың тегі әлденеше: сагалық, какостық, құрмалық, олифтік пальмалар болады екен. Бар пальма үзак жасайтын, мықты ағаштар. Рас, тағы бір ерең мықты ағаштың бірі — бамбукты мен алғаш рет кешегі Бенаресте көріп ем. О да зәулім биік бол, бас жағы майыса, жайыла шашырап өседі. Үлкен топ боп шоғырымен өсетін тәрізді.

Индияда, әсіресе оның оңтүстік жақтарында бамбук ең қымбат, ең берік ағаш. Салынып жатқан үйлердің басқышы мен үлкен құрылымдың сыртындағы ағаш коршау, жетек пен үй тірегі болсын — бәрі де бамбуктен істелетін көрінеді. Бамбуктың бітісі қамыс тәрізді, буын-буын, өзі тастай қатты, әрі жеңіл, әрі мықты. Қазақ сол қамыстың жарып иген түрін бұрын mestelі шайдың сыртқы құрсауынан көрген болатын.

Калькутта маңында бамбук зангар биік, Алматының ақ терегіндегі аспанга құлаш ұрып тұрады. Қоленкесі аз, зәулім ұзын ағаш бамбук пен пальмалардан басқа Калькутта маңында тағы бір ғажап мангу ағашы да молайды.

Бенаресте Будданың храмына бара жатқан жолда біз сол мангу ағашының аллеясымен барғанбыз. Мангу ағашы қазір де қалындал, молайып келеді. Бұл аса зор, бұтақ-тармағы көп, қоленкесі өзгеше мол, бір өзі жарым

кварталдай орын алып, жайылып тұратын ағаш. Өзі көп жасайды.

Мен біздің тілімізде «ұзақ заман» жайын «мәнгі» деп ататын сөзді «осы ағаштың атынан тұмады ма екен» деп ойладым.

Калькуттаға жақындай түстік. Міне енді біздің одак-ка осы онтүстіктен апарылатын белгілі жеміс банан бақшасы да көзге көріне бастады. Өңшең банан ағашы мен жемісінен құралған бақша өзі де оқшауланып ерекше болады екен. Жалбырап, құрақтай толқып, биік, мол ағаш бойында жапырактары сілкінеді. Солайша тармактанып өскен банан жапырағының әр саласына, кең саясына тығыла жабысып, үлкен-үлкен банан жемістері өседі. Олар жүзімнің тобындай боп шоғыр-шоғыр бітеді.

Қалаға кіре бере, біз зор қала Калькуттаның үлкен өндіріс пен мол сауда майданы екенін сезе бастадық. Калькутта тегінде Индияның ең жалқы қалын үлкен қаласы. Бұнда 6 миллион адам тұрады. Дүниедегі үлкен порт қаланың да бірі саналады. Калькуттаның атақты ұзын көпірін де көріп еттік. Қала ішіне кіре бере, Индияда бірінші рет жаяу извозчик-рикшаны көрдік. Қара жылтыр, әдемі екі аяқ күймеге екі дертені көтеріп жегіліп алған рикшалар. Қап-қара борбайлары дедектеп, жалаң аяқ, жалаң бас күйде елбек қағып ұшып жортып жур. Оның күймесіне отырған жүргіншілер арасында сақалды, ерлі-зайып, салмақты, паң жүзді адамдар да ұшырайды.

Қала орталығы төрт-бес қабат тас үйлер. Бірақ көшелер тарлау. Ерте сәске шағы болса да халық жапыржұпты, сендей соғылысады. Жүргіншісі аз, қағаберіс алаңы мулде жоқ. Сол көшелерде қайнаған адам селінің арасында тағы да буйвол, есек, сипар, рикшалар қактығысып жур. Бұл қала байлықпен, барлықпен қатар барынша сорлаган жоқшылық, қайыршылықтың бетпе-бет кезігіп тоғысқан жері. Қошесін қайыршы еркек, әйел, қара борбай балалар жалаңаш, аш күйде қаптап жур. Шаштары кірлеген, дудыраған, ауру екені, көрі екені белгісіз, беті қатпар-қатпар болып қатып қалған қайыршы әйел қолына емшек баласын ұстап, машинаға үміткер қолын созып жүргізбейді.

Бұл қалада тілемсектердің көптігі адамды шошыгарлық деге болады. Сол қайыршылармен қатар Калькуттада үйсіз, панасыздар да көп. Кей ағаштар түбінде,

әлдебір алақандай көгал аланда немесе тас үйлөрдің тас іргесінде ап-ашық көшеде жыртық, жұқа лыпасына шала оранып, буралып жатқан адамдар талай жерде жиі кездеседі.

Индияға келмес бұрын Индия тұрасында оқыған бір кітапта «Калькуттадың үйсіз, панасыз жандары біриеше жүз мыңда да жетеді» деп жаған еді. Сан мөшерін білмеймің, бірақ бұл шакқа шейін өз тірлігімде жөзбек жақындастырылады. Сондай-ақ индийлердің көзбекінде көзбек көздесіп жерменен қалып жоқшылық, жүдеулік басқан мол жүртты, әр-айелді, кәріжасты, өсірсе, тілі жаңа шыққан жас саби қайырышыларды көргенім өсі. Өнебойын тітірейді. Ал «сол жандар қайда түр?» дегенді ойласаң, дәл қасында сұлу ясобынктар, бай мейманханалар, дүниелігі тіреліп түрған мын сан магазиндер, бай банктер, асфальтті көше, арылып жатқан американ, англия автомашиналарының нелер санді маркалары. Мұнда «шевроле», «додик», «бынок», «фнат», «форд» дегендің машиналар жалтырай әүсіп, өзендей агады. Жаңары жоқшылық, қайырышылыш жағасынан шүйлер иүнірентіп атеді.

Калькуттада Индия халінің мол қайшылыры бетпобет торысып, қактырықтандай дедік. Сондай қайшылықтың бірі көркеменер атаулының иейбір сала майданында тағы айқын көрінеді. Мысалы, Фылым академиясы, көй университеті, бай поэзиясы бар. Индияда кино өнері де, әндірісі де аса қатты өсіп молая түскен. Ал сонымен қатар өзге елдер тарихында кинодан әлдекайда бұрын туатын біздің бүгінгі ғалымының үғымыниша танылатын театдр өнері бар емес де? Индияда сол театр мәдениеті ете сәд, солрын. Мысалы, бар Индияда бірде-бір мемлекет театры жок. Біз көрген Дели, Бенарес тарізді ұлы қалаларда және одан бақса екілікті қалаларда та театр жок.

Бүгін білді Калькуттада бірінші рет Индия театрына алып барысты. Аңдасақ, бұл сол өнердің сүйестін бір ғана адамның өз пұлнаға ашқан театры екен. Алты миллион халқы бар Калькуттада осындағы төрт театр бар, барі де жеке адамдар үстайтын театрлар. Біз көрген театрдың артистарі түрлімен арнаулы окуы жок, театрдың маманы емес, тек жай өнер сүюшілерден құралған артистер тобы. Бірақ араларында халық ортасынан шыққан анық талантты, өнерлі бірен-саран артистердің бары байқалады.

«Шемали» деген пьеса, сол Шемали атты мылдау қызыдың драмасын көрсөтеді. Бірақ пьеса мен жалпы театрдың мәдениеті дәрежесі де профессионал мәдениеті таныта қойлан жок. Барлық мазмұн да, нарийстер де орташа клуб спектаклінің дәрежесінде. Соган қарамай осы спектакльдің есі де екі жылдан бері жүргіл леледі деседі. Бұның театрдың залындағы жүрт та ызызы. Онда оқыған, зиялышармен қатар театрды «жай қызық» деп бағалаушы халық та за болмау керек.

Залда, көрушілер арасында емшектегі бұлжысның ала келген әмелдер де бар. Спектакль кезінде сол балалар шырылдан, жылап та қойысты. Зал дабырлат, наразылық айтысын жатты. Дәл революция басындағы біздің ең алғашқы үйірмелеріміз клубтарға қоятын сауда кештерінің айнымаган есі.

Калькуттадан Мадрасқа біз самолетпен ұшатын болып ек. Аэропортқа қарай ерте, сәскеде бұрын біз жүрмеген көшелермен жүрдік. Қаланың ішін, жіресе сұрықсыз бір шетін осы жолы молынан көрдік. Тегі Индияның үлкен қалаларының орталық тұстары бай болып, мәдениетті ағылшин үлгісімен салынған. Анық XX ғасыр оргасының европалық қаласы болып келеді. Бірақ осы Калькутта, кейін Мадрас, Бомбей және Делидің есі, онан соң жіресе Пакистаның астанасы — Караби тарізді қалаларда тарихтық мәдениеттік, қоғамдық ұлы қайшылықтардың айқын бейнесіндегі бол қаланың өзгеше бір бөлімдері кездеседі. Ол — ең жүдеу де жадау, барынша жабайылық пен жоқшылық, сорақшылыққа толы, Қайыршылықтың жүдеу тонын жамылған шеттер, шеткі аудандар мен көп кварталдар солар. Бұларды әрбір жаңағы атаған үлкен қалаларда «жергілікті елдің тұрғын бөлімдері», туземный кварталдар деп атандыраған.

Қаланың көрікті, тас сарайлы, мәдениетті баліктерінен бұл кварталда тұратын адамдар кебірек. Анаң бөлімдерде, жарастықты орталықтарда шетел байлары, фабрикант әкімдері; келейн, саудагерлері тұрады және Индияның өзінің ішінен шыққан азғана топ байлары, әкім-төрелері, саудагерлері мекен етеді. Осы орталық пен жаңағы шеттер арасында ғасырлар жатқандай. Барлық күй-жай соншалық көреғар — жұмақ, тозақ арасындағы бітімсіз қайшылықта.

Біз Калькуттаның орталығына етіп, қаланың сондай

бір шетіне тақай бере үйлер нашарлай бастады. ~~А~~уелі аласа, жалғыз қабат үйлер молайса, содан әрі неше алуан қоқсық, жыртық лашыкка ұқсас жүдеу жайлар молайды. Жаман баспана, шоқпыт күркө тәрізді күйкі панасым актар молайып кетті.

Содан да әрі шыға, шөтіректе және де ағаш көбейе бастады. Бұның көбі мангу ағаштары тәрізді. Кейде төртеу-бесеуі тоғысса толы тоғайға бергісіз. Біраз жерлерде жеке ағаштың өзі де ғаламат зор сая жасайды. Кейбір мангу ағашы сонша кең айналып, жайылып түсін. Қекшіл аспан жүзінде дөңгеленген, өзінше бір молда, әдемі қоңыр кестедей. Ол кестенің өзі де өрнекті, мың нақысты, тас оюлы ескі храмдар мен сарайлардың кестелері тәрізді.

Мадрасқа біз Дуглас маркасына ұқсайтын шетел самолетімен үштық. Жол алты сағаттық. Қөрген мен сезгенді жайлы отырып, жаза түсуге бұ да бір окшау жағдай дерлік. Сол жолдың көрінісін оңаша сырлас дос «күнделікке» жаза бастадық.

Әуе кемесінің трассасы (жол аңғары) Индия мұхитының Бенгал қойнауын басып өтеді. Астымыз теңіздің ең жайқын, анық «ұшан-төңіз» дейтін шексіз де түпсіз тау толқындары. Окта-текте жер жағалар көріне түседі де, сәлден соң көз үшінан үзіліп, жоғалып кетеді. Ол шақта көп ертегілердегі бір жай еске түседі. Самурық құс қанатында кетіп бара жатқан ерден құс: «жер қандай?» деп сұрағанда ол: «жер тоқымдай» деп бір айттын. Тағы бір сұрағанда: «жер тенгедей» деуші ~~елі~~.

Сол жай еске түсіп, мен осы бір сапарымның өлін самурық құс қанатына мініп ұшқан ертегі ерінің ~~куйін~~ дей көремін. Рас, менің самурығым нақтылы маркасы бар, мынау самолет емес. Ол, өз жайымды тәңеумен мегзеп айтқан сөзім. Ойдағы шешуім — өзге. Менің шын самурығым: қазіргі социалистік Отанымдағы алтын заманым, шат-шадыман шағым. Мені де, менімен қоса елімізді де алып, қанатынан мінгізіп ұшқан самурық бар. Ол бұрынғы дүниеге де, ертегі қиялға да сыйып, келіп көрмеген ұлы самурық. Ол — Октябрьден басталған сәулелі социализм дәуірі.

Сол Отанда еңбек ету, өмір өріне жету, табыспен, адаптациянан қанағаттану және Отан сенген, құрметтеген қадір көру — барлығы сол самурық қанатына мініп

ұшқанмен тек деген ой келеді. Мына сэтте ассоциация жөнінен қоңлғе оралған осы еді.

Жол бойында, алты сағаттық сапар кезінде біз екі жерге түсіп, дамыл алдық. Бұл орындар қала емес, шамасы қыстак көлемінде бір алуан көрініс жайлары. Текіз жағасында тұз сүзіп алыш, соны сорғытатын шақпак тақталар жасаған бір өлкелер. Осы жайға самолет қонарда біз теңізден, бұлттан, сан биіктен асып ұшып, сұнгіп шығып оқыс кеп жеттік. Дәл қонар кезіміз, жерге жетер шағымыз қызық болды. Теңізден жағаға қарай беттей бергенімізде, қалың, биік, қоңыр тау көрінген. Сол тау ұзак, қыртысты емес, үзік-үзік. Эр бөлегі әр бітімді таулар екен. Бәрінде де өсімдік қалың. Кейбірінің төбесіне дейін қара жол жеткен. Үйлер де, храмдар да аз емес. Жалғыз ғажабы, бір араға жылғалы, тоғысқалы тұргандай әр бөлек: қырқа, шоқы, серек, дон-рал, занғар, тектүр, шақпак, керегежал — бәрі де оқшау-оқшау, бітім жаратылыс танытады.

Шапшаң ұшқан самолеттің тездігімен шолғанда жаңағы таулардың бәрі де бір араға тоғысқан да, осы өлкеге тамаша биіктеген тасты жүндес таулармен әдейі безелгендей. Сирек қызық бір ерекшелігі, самолет жақын таулардың көрініс пейзаждарын тез құбылғыш динамикалы күйге айналдырады екен. Таулар аралары сәл үзіле береді де, әредікте пальма, мангү, банан атаулының әлденеше топтары, бақтары өз сорттарымен көріне қалады. Және де шақпақталып бөлшектенген көгалды да-лашықтар ұшырайды. Оларды суаруға арналған бөлек-бөлек сулар ыдыстарға құйылған арнаулы, сақтаулы үлес-сыбағадай. Жаңағы таулар мен осы көріністер кейде өте шапшаң ауысып, үйтқып өзгеріп қалысады.

Енді бір шақта осындағы қызық жағалардан тағы да үзіліп алысталп, ұлы теңіз қиянына жеттік. Осыдан Мадрасқа жеткенше жер-жаға жогалып кетті де, біз тек қана теңіз үстінде болдық. Бір уақыт астыңы жағымыз көбінше өркештелген, будаланған ақ бұлт екен. Сол көріністің арасында бір шақта ойда жоқ тамаша сэт туды.

Жыракта, төменде теңіз сұы жасыл-көк бол жаңылғанда, соның бетінен біткен жеке-жеке кішкене ғана ақ бұлттар түгеленіп, шашырай қапты. Фаламат бір хал байқалды. Енді астыңғы жағымыз кәдімгі ашық күнгі үшпа бұлты бар, кең, көк аспанның өзі болып апты.

Мулде аспан тәннегеріліп астымызың түскендей. Осы шоғта кей жолдастар үйлерін хат жағын, адресі: «Калькутта — Мадрас самолетінен, Индия төңірінен» деп атасты.

Осы жүні танартып біз Мадрасқа жедім. Қарсы алған жүргө көп еді. Барі де Индия интелигенциясы. Бұлардың киғен күйіндері төліс ақ түсті. Аның жағдын жөніл күйіндері. Коштом киғен кісі жокда таң.

Индияның терістігінен бұл жақта үлкен айнымалы бары байқалады. Февральдың 11—12-ші бойы да біз анық ыстық жаңқа аудысып қаптыз. Бұл жолры түснен мейманханамыз қалынғын темір жаң жағасында екен. Бір жақта мол теніз, екінші жақта үйлерден бойы біншіл асқан тек қана тамаша, азулім сұлу пальмалардан күралған бақша. Бұл анық кокос пальмасы болу керек. Өйткені биік кеуде тұсында шокпарлавып, жұз-жұздан үйілісіп екін тұрған кекшіл, жылтыр жаңғақтары бар.

Жайғасқан болменің екі жағындағы теребелдерден көп бояумы сулу құстар көрінеді, дамылған үндөрі естіледі. Аңдасам: барі де бірде бажылдаш, бірдесе бақыра түсіп, немесе сыңырлап, тынымсыз үн салып жүрген тоғылар екен.

Осы күні түste біз Мадрас губернаторшының қонағында болдым. Мұндаға аса көп жан жылған екен. Мадрастың башши әкімдері мен көрнекті зияялылары келіскең. Аラларында оқымыстылары, дипломат, министрлер шетел елшілері, дін үстаздарымен қатар анил, киношы ер-айелдер живиляпты.

Екінші Индия үлкінінде жырлайтын атақты әнші айел концерті болды. Сахна ашық, айнала ғулдер мол. Жүртшылық қатты қадірлайтін әнші айел екі көмекші қалпынанымен, соң оркестрімен тегіс сахнага шынты да, тұра жерге отырысты. Сол қалпында ұзақ уақыт жырлады. Индияның көп күйлері мен әндеріне де діндік, поэзиялық мазмұн, сарын айнымас дәстүр болып мол жайған. Мынау әнші айел сондайлық үлгідегі иүйлі жаңарлар орындалды. Осы жиында біз Индияның көпие мәлім, қар дипломаты Раджагопала Чариямен кездестік.

Ең алғаш ол кісімен Делиде, президенттің сарайы қасында Могул парижінде танысан едік. Сурков екеуін аз қалжынмен дағысып отіскең болатын. Бұл жолда және де ав әншіме үстінде біз ол адамның үнемі сирек ойлы, аса тапқыр және оте айтқыш, қазақша суретте-

кенде анық «өт ауызды, орақ тісті» кісі екенин байқады. Өзінің сырт бітімі де еріксіз көз тарғады. Тақыр, бұрыл басының бет жағы қойбаспау желген. Үлкен, ұмыдау имек тұмсыры, сирек сары тісі, үлкен аузы — барі де ілтеріләй, үстемла білген. Арық, денесінің әсірлі, тарамысты бітімі, ұзын саусақтары, мойны, ишкірдегі де әлдабір тұмсықты, тұяқты жағі қырандарға ұнсатады. Ажынды жұа, ашан бойы әлсіадік, қажығандықты білдірмейді. Қайта шісіп, қатып қалған қауылез, алрың қырғын қабілет танытады.

Ол бір тенеу сез сейледі. Біздің елдің соңысты, жаулықты сүймей, тыныштық, бейбітшілікті сүйеттін Сурков айтқанда жауап етіп, жанағы тенеуді айтқан теді. «Әр мемлекет әрбір үй қалушы тарғаді. Үйді жүймамен қоршайды әй. Өзін сақтау, сақтану үшін солий етеді. Бірақ сол өзін сақтау инстинкті кейде шектен исип, агрессияға айналады. Эсре, байларада солай болады. Мысалы, Америка бай, сол байлыры үшін жорқады да әндерден «сақтанамын» деп пәлеге әзі ғас болады. Мысалы, Индия кедей, сондықтан ол қоршайды да, сақтанбайды» деп күлді. Сол фэйлге орай кедейлер жақсы болатынын, әділ болатынын айта бастаған Сурковтың сезін белді де, қарт дипломат өзінің таптық құбылышына қарай шұрыя бұрылды. «Кедейлік мактарлық, түсінерлік күй емес, ал кедейлер ызақор, ғотқар болады», деді.

Бұрын Англияның Индиядагы аватық қоғалысына қарсы жасап жүргін әрбір айланер саясатының бір шағында осы карт дипломат сол Индияра вице-король болта сайланған-ды. Ерінде, сондықтан бұның қоямдық мөңарасында неше алуан ойқышойқы оқаптар да жоқ емес болу мерек. Сонымен қатар әт әуымады, айтқыш, алғыр осы дипломат жақын шакта Американың сонысқараларын сынап сейледі. «Егер Америка бейбітшілікті біз де тілейміз дейтің сезді шын иштімен айтса, соған бір-ақ дәлел өтінуге болады. Осы жұнға шайқан жасап алған атом бомбаларының бәрін тендең тастасын да, құрастын. Әйткені дүниe жүгінде бір мемлекетке соныс қашпі жоқ болса, соның бірден-бірі Американың әзі. Құралды тастасуға желтінде, ен алдымен Америка тастаса әділет бол болады. Әзегелеркे үллі кепіл де сол болады» дегендегі сез сейледен. Индия дипломатының осы алуандас сыншы, тапқыр сезі біз Индияда жүрген шактарда дүниe жүзіндегі сан тілдердегі баспасөз жүзі-

не түгел тараған болатын. Өткір тұмсық пен салалы көк темір түяқты әп-сәтте жарқ еткізіп жұмсап жіберіп, бүрк еткізіп қан төгіп тастайтын қыран бар. Қарт дипломаттың сол кәрі қырандай бір алғыр мінезі, қимылы Американың бүлігі мен бұзарларына қарсы солай жұмсалған екен.

Осы күн кешке бізді тамил тілінде жазатын жазушылар мен ғалымдардың оқшаша бір жиынысына шакырган еді. Бұл жиынға белгендегі жазуларды шешкен Губернатор да келіпті. Жиналыс осындағы екі кәрі оқымысты филолог, жазушы адамдарға жасалған юбилей мерекесі екен. Бұның бірі, Пиллай зерттеуші, тамил әдебиетінің классикасы үғынуға көмек еткен, арі журналист, әрі ақын карт. Екіншісі, тас жазуларды шешкен Айвангар атты карт екен. Бұл кісі Мадрас колледжіндегі тамил тілінің профессоры. Оның жақындары да тамил әдебиетінің өсуіне көп еңбек еткен. Бұрын тамил тілінің сөздігі туралы Чандлер деген ағылшын жазған еңбек бар екен. Сөйлеуші шешендердің бірі, сол еңбектің тамил тіліне конбайтын, жанаспайтын одағай, теріс шалалықтарын ашып, көпті күлдіре сөйлемдеді. Мынау оқымыстылардың бұл жөнде ғылымдық зерттеуді дұрыс жолға бағыттағанын айтты.

Жиында Мадрастың губернаторы екі картты күрметтеп сөйлеп, екеуіне арнап сыйлар ұсынды. Бірақ бұл әкімнің өзі тамил тілін білмейді екен. Сол себепті өзі индус бола тұра ағылшын тілінде сөйлеуге тұра келді.

Индияда 60-қа жуық тілдер бар деп саналады. Соның ішінде 15 тіл ірі тілдер. Ол тілдерде көп халықтар сөйлейді. Сондай тілдер: һинді, урду,ベンгали, тамил, марати, гуджарати, ассам, канери, малаялум, пенжап тілдері сияқты топтар. Бұл тілдердің ішінде һинді тілінде сөйлейтін халық барінен де көп саналады. Сол себепті Индия үкіметі енді 15 жылдан соң Индияның мемлекет тілі етіп һинді тілін кіргіземіз деп жариялаған. Бірақ мынау тамил тілі сияқты ескі тілдердің арасында: 10 миллион, 20 миллион, кейде, 30 немесе 40 миллион халық сөйлейтін көне тілдер бар. Ол тілдерде бірнеше жұз жылдарда бері туып өсken көркем әдебиет және өз классикасы бар. Толып тараған, дамыған әдебиет тілі қалыптанып отыр. Енді ағылшын әкімшілігінің заманында барлық пәлен жұз миллион индус халқына тек бір гана отаршылар тілі — ағылшын тілі бол жүрген болса, бұл күнде жана-

ғы жергілікті үлкен тілдердің бәрі де жойыламыз деп ойламайды. Ол тілдерді тұтынған халықтар топтары да өз тілдерінен не қып оп-онай айрыла қояр екен.

Әдебиеттік, ғылымдық және көркемдік сапа жағынан салысқанда, жанағы аталған тілдердің көбінің жазушылары өз тілдерін һинді тілінен әлдекайда «мәдениетті, өнерлі тіл» деп санайды. Осы тілдер таласы бүгінгі Индиядағы аса бір үлкен қайшылықтың тағы бір алуаны тәрізденді.

Бір жағынан қарасақ, әрине бүгінгіше, барлық азат Индияда қуылып кеткен отаршы ағылшының тілі ғана мемлекет тілі, ғылым тілі, жас буынның жоғарғы оқу орындарындағы тәрбие тілі болып отыруы жол емес-ақ. Ағылшындар саясаты өздері билеген 100 жыл ішінде сондай қаскөй, қatal айламен ұлы халық Индияға ағылшын тілінен басқа бүкілхалықтық, мемлекеттік бір тілді жасаттырмадан. Сонымен бүгінгі республика болған азат Индияда көп тілдер қатар жасап, таласып отыр да, әзіргі барлық Индияның баршалық оқыған, көзі ашық мәдениетті қауымына түгел ортақ жалғыз тіл, ағылшын тілі ғана болып отыр. Бүгінгі кейір индиялық тілдердің өкілдері — индустар өзара ұғысқанда тек ағылшын тілінде ғана тіл қатысып, ұғыса алады. Өзі индус, өзі Индияның отанышл партиясы, конгресшілер партиясының көрнекті мүшесі. Мадрас губернаторының өзіндеги индус оқымыстылары туысқан тамил тілінің зерттеушілері алдында тек қана ағылшын тілінде сөйлейді. Осы ерсілік, қайшылықтың себебі шынайы бүгінгі Индия болмысының терең қынында жатқан қайшылықта.

13-февраль күні біз Мадрастың маңындағы жана үлгі-жоспармен құрылған ауылшаруашылықтың бір зор құрылсына қарай аттандық. Тәжірибе ретінде Индияның көп жерлерінде Индия өкіметі көп күш жұмсап, бейіл беріп жаңадан үйістырып жүрген үлкен шаруашылық үйірмелер бар. Оларды «Жалпының жоспары» (Общинный проект) деп атайды. Бұл жолы біз сондай шаруаның екінші бір түрін көруге бекінген едік. Осы алуандас шаруалы құрылстының біреуі «Санипатыны» біз Дели маңынан көргенбіз. Қазіргі біз баратын сондай тәжірибе шаруасының аты — «Кульпаттандалам». Сол шаруага жеткенше жол бойында біз егіс даласын ара-лай жүрдік. Бұндағы егістің көбі күріш. Мадрас маңын-

да ол жылына екі рет орылады. Бұдан арғы солтүстікке жылыша үш рет орылады екен.

Біз жана тәжірибе шаруашылығының орталығынан жеткенімізде, қыстактардың көп үлкендері мен балалары алдыннан шығып, достық, күрмет, бейіл көрсетілті. Қыстактардың жастары концерт жасап, азық сақтада өз өнерлерін танытты. Ұсақ балалар деңірек болған концерте Индияның әндере, билері орындалды.

«Жалпының жоспары» дейтін шаруа көш жаиды үйыстырыған қоғам. Мысалы, осы бір шаруашылықтың өзінде халық саны 2 миллион екен. Бұндай шаруаларды үйыстыру жөнінде жоспарларын бекітіп, қаражат жардемін беру, құрал-сайманды қамтамасыз ету жөніндегі үкімет көп көмек көрсетеді. Осындай шаруашылық ауданның басына үкімет тарағынан жіберілген басыны үйыстырушы — инспектор болады. Сол инспектордың бұл шаруа жөнінде берген мәліметтері, ауыл шаруашылығына мәдениетті басшылық пән үйыстырынтық жұмысы ойдағыдай жақсы жемістер беретінін аңғартады.

Мысалы, мынау шаруашылық ауданында күрімтің есімін үш есе арттыру мақсат етіледі. Сол жөнде 30 акр жерге күрішті японша егу тәжірибесі қолданылып жатыр. Бұнда ағаш есіру жоспары да бар. 5 мың туи ағаш орнату жоспарлық тапсырма екен. Соның 4 мың түбін орнаттық, дейді.

Қыстактарда көшілік пайдаланатын мол сулы терең екі құдық қазылты. Мал қора салыныпты. Халик күшімен жол салынты. Көпір жасапты. Жаңағы екі миллион халық тұратын осы бір шаруашылық ауданға қаралған қыстактар саны 110 екен. Соның әрқайсында жаңағы әралуан жұмыстың арнаулы тапсырма табликасы бар. Орталығында мәдениет үйі де бар. Үш айлық жоспар бойынша жеке шаруалар тұратын үйлер түзелік салынып жатыр. Олардың шатырлары салам орнына черепица болған. Соңдай үлгілі боп салынған бір үйде тазалық, тәртіп айқын байқалады. Еден қірпіш, жатын үйден ас орны бөлек, корасында өз құдығы бар, ретті үй. Осындай үйді көбейтпекпіз деседі.

Инспектордың әр қыстакта алты қызы, алты жігіт кемекшісі бар. Ерлер мен әйелдер арасындағы жалпы шараларды жүргізуғе көмек етіседі дейді. Қыстактың шаруалардың деңсаулық, тазалық қамдарын ойлау ретінде

әр қыстакта көншілік пайдаланатын әжетхана жасауды да осы жоспарларына кіргізіп, колға алысыпты.

Бұл саларда біз баяғы замандағы көне Индияның мықты порты болған бір жайға соқтық. Ол жерде және де тұтас жартастан шауып қантап жасаған «Махабали-пурам» атты жартас храмы бар екен. Бұл храм VII ғасыр есіреткіші. Осында шөне түсін жатқан бұқаның тас бейнесі бар. Адам мұсіндерінің ішінде әрі ерек, әрі әйел бейнесі, екі жыныс қақ бөліп алғандай, адам тұлғалары да морінеді. Жаңағы храм осы мұсіндермен тегі Шивага ариалған ескертіш. Жауын мен жайдың құдайы пілге мінген қалпында бейнеленген.

Бұған біз бір топ қыстак адамдарының өлікті экеле жатқан шағын көрдік. Өлген ерек екен. Аузына кептеуіш тығып, биік көтергішке салын, үстіне шатырша жасап, қалқалап алыпты. Бойына жібек жабылған. Ең алда қартан, сұық түсті адамдар келеді. Солардың қасында жастау бір адам оқтын-оқтын әндетеуді. Жоқтау айта ма немесе дұғаны әндетеіп айтып келе ме, айыру қын. Алдыңғы тоятың артын ала үш кісі келеді екен. Олар шөңкеде тутіндең от-шаланы көтеріп экеле жатыр. Сол отты үстап келе жатқан — өлген жігіттің экесі екен. Өзі өртемекші. Табыт артынан 30—40 шамалы жартылай жалаңаш еректер келеді. Әйелдер жок. Өнікті жағатын жерде оларға болуға жол жок.

Біз келген аудандық өлкे шаруасы осыдан 5—6 жыл бұрын үдайы құрғақшылыққа үшірай берінгі. Бар дүние күйіп, түк шықпай қейыпты. Тек сонғы жылдар жауын жақсы бол, жаңаша үйисін аудан едәуір күшейіп қалмыты. Сонда да инспектор ауданды «кедей» дейді. Бірақ Калькутта қаласы мен Мадрастың жергілікті халық тұратын аш кварталдары бұнда жок. Біз болған қыстаңтардағы адам ажары ондайлық аш, жүдеу, бұрлық-қан сияқты емес. Кайта көзілді, қайырышы мұлде жок. Бала мен үлкен бәрі де сергек, қызыққұмар, шының тірлігі тәуір, деңі тетік елдің қас-қабабын байқатады.

Мадрастың өзінде келесі күні таңертең және де Индия архитектурасының үдайы аталатын мактаны ерекше бір храмды көрдік. Салығанына мың жылға жақын мезгіл отмен «Кабалиширатем» атты храмының алтындаған күмбезшелері бар. Сыртының бәрі барельеф, скульптура. Бұнда гранит тасы молырак қолданылған. Эр

этажда тастан қашап, ағаштан оюлап істеген нақыстар мол.

Екі миллионға жуық халқы бар Мадраста және де храм аралауды жеткіліксіз көріп, бір жолдасден жеке белініп, қаланы еркімізше аралауға кірістік. Сөйтіп бі ұлы теңіз жағасында кәсіп еткен Мадрастың балықшыларына келдік. Бұл тұста теңіз жағасы толып жатқа жүдеу, жыртық кішкентай ғана күркелер мен қір басқа балағандарға толы екен. Ерлерін тосып теңізге қар тұрган әйелдер көп. Кешеден кеткен бірен-саран балықшылар тұманды теңіз толқынынан үзіліп шығып, біртіндеп қайтып жатыр.

Бұнда келерден бұрын біз жол бойында қаланы тағы да тамаша үй-жайларын көргенбіз. Сол қатар үкімет үйлері, сот көшесі, сауда орталығы, мол сау көшесі бар сәнімен, байлығымен жарқырай көрініп Енді жұмысшы қаласына, жергілікті халық тұраты қала шетіне келсек, сәл түзелген аз жерлері болғанын масқаралық, бишарагалық қарғысын мойнына қыген күде, барынша жүдеу-жадаулықта тұрган үйлер, кварталдар көп екен.

«Бұрынғыдан ондала тұсті» дейтін жұмысшы қаласының бір бөлімі бар екен. Онда су бар, әжетханалар салынған. Жұмысшы қаласы Рагнер дейтін жазушының атындағы қала екен. Сондағы бір мектепке кіріп ек, бірінші класта 60 бала оқып жатыр. Класс іші еріксіз түршіктіреді. Жаңағы 60 шамалы ұсақ балалар азғантай жерге бүрісіп, жұқа бойра үстінде, жерде отыр. Бөлме төбесі шошак, өзі қамыспен жабылған. Оқытушы жалан аяқ. Бұл тұста тек көше ғана кеңейе түскен. Бірақ сол араға жақын тұрган нелер сорлы жыртық лашықтарды көрдік. Кейбіреулері ін тәрізді. Ішіне кірсек қап-қаранғы, ыс басқан. Адам отырар орын — тек күргак кара жердің өзі. Масқара түрдегі бағы заман жабайылығы дәл осы Мадрас қаласына көп орнағандай.

Ұзак жүргенде жаңағыдан біраз түзеліңкірей түскен, бірақ сонда да адам шошырлық жұмысшылар үйлерін көрдік. Мадраста да үлкен қаланың үлкен қайшылық, ерсіліктері Калькуттадағы қалыпша бетпе-бет үшырасқан. Бір жағынан қарасақ бұнда уәлаятты билейтін парламент бар. Оның басында отырған Индияның өз қайраткерлері. Қалада ең зор университет бар. Жалпы қала байлығына қарасақ, бір жағынан шалқы-

ған мәдениет байлығымен келісімі, әсемділігі аңғарылады. Екінші жағынан қарасан, жанағыдай бишаралық қорлық пен масқаралық халдең кедейшілік, құлышлық бадырайып тұрып, бетіне оттай басылады. Бұнда рикшалар да жөтеп-көп. 2 мын 500 шамалы рикша бар деседі. «Қалькуттадан Мадрас рикшаларының артыкшылығы бар» деп ақтау айтysады. Себебі сырт көзге орынды да сияқты. Бұнда жүргіншілерді мінгізетін екі аяқты күймені рикша жаяу жүгіріп тартпайды, велосипедке мініп ап жегіліп тартады. Бірақ, ол да женіл енбек емес. Велосипедті рикшаның өз жүгін тартқанда, артын басып отырған біреуін көрмейсіз. Жүк ауыр болғандықтан бәрі де түрегеп тұрган бойында тағы сол сорлы екі аяққа күш салады.

Біз көрген кедей кварталдар, жыртық балаған, жарты лашықтар, әралуан жер үйлер — бәрі де сондай рикшалардың, сондайлық жалышылардың, қара жұмышсы мен сорлы кедей қызметкерлердің, малайлардың, қайышылардың балағандары, баспанасымағы болса кепек.

Енді бір кезек көп уақытымызды атакты Мадрас университетіне арнадық. Бізben әңгіме жүргізген бұл университеттің нағыз басшысы вице-канцлердің өзі еді. Университет ен алғаш 1857 жылы ашылыпты. Бірнеше колледжі сонда туған. Қазір гуманитар ғылымының өзінен 30 кафедра бар. Бұл қатарға шығысты зерттеушілер колледжі мен көркеменер колледжі де қосылады. Мамандық жақтан: технологиялық, мал-дәрігерлік тәрізді колледждер де бар. Шығысты зерттеу ғылымдарының ішінен санскрит, араб мәдениетін, парсы мәдениетін, тілдерін зерттейтін белімдер бар.

Мадрас университеті өзі тұрган штатқа кең жайылып, мол тарап орналасқан. Жиын саны, бір осы университеттің 35 мын студенті бар. Қазіргі дүниеде окушы саны ен мол университет осы болса керек. Бұнда Сияман, Африкадан, Бирмадан да келіп оқып жүрген студенттер бар. Жиынын санағанда университетте 60 шамалы колледж бар екен. Эр колледже 80 не 100-дей ғалымдар келеді. 35 мын окушының жеті жарым мыны өйел. Олар бар факультетте де оқиды. Бұнда көп колледждің бастықтары әйелдер.

1957 жылы осы университеттің 100 жылдығы болмақшы. Университет басшылығымен әңгімелесуде, ағыл-

шын тілі жөніндегі қайшылық үлкен де қоюй проблема екемін айтыстым. Бұл мәселе көп түріндермен байланысты. Оңай шешілетін мәселе де смес. Эзвіре ғылым құралы, іститутар тегісі ағылшын тілінде. Азғана кітаптар һинде тілінде жазыса, ол тек гуманитар ғылымдары жөніндегілер ғана. Ал осы үәлдемін тілі тамил тілі болғандық ол тілде 30 миллионға жуық халық сөйлесе де, бірақ ицим шешім университеттің бірде бір лекциясы тамил тілінде оқылмайды. Ніті есім санскриттің жалпы сабакы да ағылшын тілінде оқылады екен. Тек арнаулы нұурс қалыпта, санскриттің өз текшерін окуда ғана ағылшын тілінен салу үзілдегі көрінеді.

Бұл университетте оның үшін ақын төленеді. Аз улттар өкілдері ақыны жартылай толейді. Коремдық ғылыми дар фемультеттерінде оқу ақыны 150 рупи болғанда, профессионалдық факультеттерде 250 рупи екен. Университеттің бітіруге торт жыл көрек. Оны тамамдарап кісі міністер болады. Доктор дәрежесін үшін 5—6 жылдар көрек. Бұл университет жады Британия бірлігіндегі университеттері тобының толық мүшесінің бірі.

Сол күн кешке біз Гопинахтың би өнерінің үлкен шебері Гопинахтың үйі мен студиясында болдық. Бұнда Мадрасасты Индия-Совет достығы қоғамының жиынысы да болған еді. Гопинахтың шәкірт қыздары — студия онушымалы болып саналады. Банан мен бамбук өскен кішілген бақмалың ішінде Гопинахтың өз үйі бар. Бақша ішінде сырты бойрамен жабылған, асты жылтыр тас жабық сакы бар. Сол саңнада шәкірт қыздардың би өнерлері норсетілді. Бұндағы оркестр де Гопинахтың езінін.

Бүгінгі сөйлеген қоғам мүшелерінің достық иштері өзгеше. Олар нақтылы, айқын бір тірлік арманын айтты. Олары — орыс тілін білу жөніндегі. Тым құрыса бір дұрыс онытушы белсенді, бір жылдан соң жүз кісі жаңа онытушы шығар еді. Орынша жазылған кітаптар да біз үшін аса ділгір. Индия тілдеріне орыншадан көп аудару көрек. Өйткені бұрын заманда Совет кітабы түгіл, есекі ғалымының классикалық әдебиетінің өзін де Индияның бүрмінші тәжікшілер, пан қожалары — ағылшындар индия тәжікке аударылған. Қайта бөгет жасан, кедергі бол келген. Сол себепті бүгінгі Индияда орыс тілін білушілердің саны ете азғана. Тегінде орыс тілін индия халқының білуінен бері индияның негізгі екі тілі — һин-

ді мен урду тілдерін біздің одекта оқып білу әлдекейда молырак деуге болады. Достық ишт мол, барыша адал, шын болудың жағдайында біздің халықтарымыздың тілдерін білмег және бір қайшылық түрі. Бірақ бул жолдағы қайшылық пен қыныңдық өзге жоғарыда аталған қайшылықтардың барінен де тезірек жениіл, жойылатып қайшылық деп сенеміз. Себебі барлық Индияның қалалары мен қыстактарында совет халқына, социализм отанына деген ынта-бейіл соншатық адал да зор болғандықтан, біздің индиялық қалың достарымыз біздің тілдерді — орыс тілін тез заманда-ақ мол білетін болады деп нык сенеміз.

PX. ҮІСТЫҚ ТҮСТІКТЕ

Мадрастан біз және де самолеттен үштық. Араға екі рет тоқтап, әлденеше таулардан асып үшып, теңіз жағасындағы кернекті бір порт — Kochin қаласына жеттік. Жолдағы таулардың иеншілігі білік екен. Өздері тегіс ағашты, қалың жыныс есімдігі мол, сайлары, беттері де қалың құйқалы. Анық жолбарыстай жайын андар жүретін әртурлі жыныс тогайлар мейреулер болғыдай. Таулар арасы үзіліп, алаң бола қалса, үнемі қалың егіс байқалады. Алакандай төріне шейін тегіс су жайған, шақпак белікті, еңбек — өзім далалары, өлкелері гүл жайнайды.

Бұл жакта күн ыси түскен. Делидегі күндер әдемі қоңыржай, самал салқын жайлы күндер екен. Мадрасқа келгеннен бері енді міне бүгендер біз жазғы күйінде ең бір женелін — женсіз жалғыз қабат, жібек кейлек киүгө ауысқанбыз. Қазір біз Индияның онтүстік-шығысына қарай өтіп, теңіздің екінші жағасынан — батыс жағынан кеп шықтық. Шағын қаланың бар бойына, қалың ортасына дейін теңіз суы ойысып мол кірген. Жарымы суда түрған өлке тарізді.

Теңіз суы қойнау-койнау бухта болғанда, араларындағы құрғақ жер көтерінкі. Қаланың су аралас белімдері жемісті, бақшалы. Әсіресе пальма бақшасы тәрізді есімдіктерге толы. Кейде арал, кейде тубек тәрізденген бақшалы құрғакта пристаньдер. Теңізге сұғына, созыла төніп түрған әдемі үйлер кеп. Сол үйлердің қак қастарында, кек мөлдір терен суларда пароходтар, қайықтар, желкенмен жүрген кемелер көп-ақ.

Біз тағы да жақсы бір қонақжайға орналастық. Әр номер бірнеше бөлме. Төрінде кабинет, алдыңғы бөлме әдет бойынша жатын орны — екі төсек болады. Әдемі, сырланған биік жабыншы бар. Өзіміздің Орта Азияда аты белгілі «масақана» дейтініміз бұнда төсектің тәбе жағындағы сәнді жабыншыдан төмен салбырап тұратын аса жұқа ақ шымылдықтар болады. Үнемі айналып, зырлап тұратын электрлі желліпіуштер бөлменің төбесінде. Ең рақаты, еңбек бөлмесінің терезелері көнекелі үядан, тұра тенізге қаратып шығарылған.

Маган тиген бөлмелердің терезе тубінде қайықтар, жекенді кемелер жақынға жерде мөлдір жасыл су бетін үнсіз сыйып жүр. Тенізден самал соғады. Дәл теніздің жақын кемерлері таспен көмкерілген. Бұл шақта біз Индияның онтүстігіне мейлінше жақын тақап келіп отырмыз. Енді машинамен 65 мильдей жер жүріп, осы үзлайтың атақты қарт жазушы-ақыны Валатхолоға бармақшымыз.

Үзлайтың тілі малаялум деп аталады. Халықара-лық лауреаттың сыйды алған Онтүстік Индияның қарт ақыны Валатхоло сол малаялум тілінде жазады.

Біздің Делиге келгенімізді естіп делегация ішінде бірнеше жазушылар барын білген соң қарт ақын сол Делиге хат жазып, біздің делегацияны өз мекеніне шакырған болатын. Ол — Траванкор дейтін кішілеу қала. Ыстық, анызақ шақта, түскі сағат үштің шамасында біз карт ақынның қаласына қарай бірнеше машинамен жол тарттық. Жол бойында пальма бактары кейде қалын-дап, тұтас тоғайдай боп аспан атып едәүір созылып кетеді.

Вұл пальмалардың жапырактары молырақ. Тоғайдың саясы да көбірек. Адам жайы, кішкене үйлердің бәрі де сол ағаштардың саясына, баурайына тығыла түскен. Анық Индияның жер дүниесі, жаратылыш, күрілыш қалпы осы алуандас деуге болады. Бүгіндер бізше 40 градустан асқандай ыстық леп соғады. Машинаға қызыл жел, пештің жалыныңдағы боп кейде кеулеп, тұншықтыра ұрып кетеді.

Осы жолда біз өзенге кездестік. Көпір жок, та паром әр машинаны жекелеп өткізетін болды. Бір тәуірі екі паром қатар әрекет етеді екен. Паромдарды көп жалаңаш адамдар бамбук сырғыпен итеріп айдайды. Кейде жеңіл паромдарды суға түсіп ап сүйреседі.

Кеш батар шакта біз карт ақынның дөң басыңдағы үйіне тақап келдік. Біздің осында көлөтінімізді естіп, 350 шақырым жерден Индияның одактағы елшісі Менон мырза да осында келгендегі екен. Карт ақынның дос халқы бізді аса зор күрметпен қарсы алды. Үйден жарты шақырымдай жердегі ойға машиналарымыз келіп тоқтағанда, шұбыртқан қалың топ алдымыздан қарсы шықты. Машиналар тоқтаған, біз түсे бергенімізде екі зенбірек атылып, салют берілді. Мойындарымызға Индияның дағдылы гүл гирляндалары көп-көптеген киілген еді. Қарсы алған жүртпен бірге қанғыр-күнгірі күшті музика ойнала отырып, жалулатай басып тәбе басындағы лекен үйге жеттік. Жолданғыда жанында да халық қаптап түр екен. Валатхоло тегі үлкен кем-кетік бол қалған адам. Екі құлағы тарс біткен санырау. Аузында бір тіс жок. Бірақ сақал-шашы тегіс қырылған. Қозғалыстары әлі де өте шираж бойы сып-сыйда, арық келген ұзын бойлы, қаратаныр кісі.

Осы кеште, біздің делегацияға көрсетуді Валатхоло арман еткен театрын көрдік. Ол өзгеше, барынша ескі классикалық тақырыпты баяндайтын Индияның ескі дәстурлі театрлық, музикалық өнерінің бір алуан түрі екен. Театрга халық аса мол, тығыз жиылыпты. Залдағы жүрт жerde отыр. Сыйыса алмаған көвшілік қабырғаларды айнала түрегеп түр. Сахна аласа ғана. Оны аинала кептей жабысып, жас балалар мен өңшең жастар отыр. Әуелгі көрсеткені ескі үлгідегі билер еді. Таус бол биледі. Жыланды арбаушы бол та бір қыз биледі. Содан кейін пьеса басталды. Бұндағы көріністер біздің түсінігіміздегі театр спектаклінен мүлде өзгеше де, басқаша. Кейіпкерлердің бәрі де маскамен ойнайды. Олар бағы заман тақырыбынан алынран діндік, эпостық анызды баян етеді. Аныз-спектакль «Рамаяна» эпосындағы құдайдың бірі Рама мен оның қалындығы сұлу Сита жайындағы әнгімеден алынған.

Бірақ осы оқиғалар қанғыр-данғыры, барабандары есті шығарғандай боратып сокқан, қалың шу, тарсылғұрсіл арасында жүріп жатады. Сол күйлердің шарылдаған, бажылдаған, данғылаған қалпындей: ағайы, бақыруы көп демон жыны шығып отпен алысады. Жеңе алмайды. Қыз рендерес маскалар шығады. Жын буларды бағып, тоғайдан баспалап қарап жүреді. Жаңа қыз рендерес екі жас, Ситадан туған егіз бала болады. Солар-

дың тоғайда, елоіде жыныа кездескені және маймылдан бастыры Гануманға кездесіп, сөдан достық көргеніңгіне етіледі.

Эрине, бұл театр, маскалар театры болғанда европалық үлгімен, біздің ғылғындағы мұмым-түсімдіктерімізге қабыспайтын ете көне үлгілі, сәйкес болек шартты «шартты театр» деп айтуға болады.

Осы кештеге біз малаялум тілінде жазатын бір тоң прогрессілік жазушыларға жолыктық. Бұл мәдесу ғылған шейінгі барлық жолнымыздары кездесулердің ішіндегі ең бір естен көттес ыстық, достық ұшырасуы болды.

Валатжолоның айналасына үйрілген жаңашыл жазушылардың сәйкес болек үйнімі бар екен. Онда малаялум тілінде жазатын 150 шамалы жазушы мүшелері бар. Бұлардың көпшілігі көркем проза, новелла жазушылар. Позитивистікта бұл жылдардағы ең басым тақырыбы – бейбітшілік тақырыбы десті. Талантты топтың жарымынан көбінің шығармалары баспа жүзінде мәлім екен. Бүтінгі тақырыпқа жазылған пьесалары да сакнана шығады деседі.

Бізге оңаша кездесіп, аса жақын дос бейілін білдірген жазушылар: Мұнждассери, Рамамирам, Валатжолоның баласы Эмпинавудранат сияқты революцияшыл бағыттағы жазушылар еди. Осылармен кездесудің аяғы тамаша бір жайға ауысты. Өздері бізben кездесуге ынтық болған ешбек калқын алдын ала, жолдағы бір қалаға әдейі толтап азірлеп жойыпты. Делегацияның көпшілігін түнде Кочинге қайырып жіберіп: «жазушылар мен жазушы бол қана кеадесеміз» деп, Сурков екеуіміз ғана жолдағы бір уәделі қонақжайға келіп токтаған едік.

Біз жеткен шакта бул гостиницамың асты, үсіні, бар маңайы толған, әдігімен жылған қалың ел емей. Бізге ерекше тілеудес, дос жүрт екемі салғанинан білінді. Жарыда аталған жазушылармен біз мейманхананың көн хол залында әңгімелесе бастап ек. Айнада кірер есіктер көп екен де, шетінен көп екен. Жазушылармен сейлесе отырып, аңдасақ сол есіктерден қаптал келіп ауелі жырарып тұстап үнсіз қарасын тұрып, кейін тәпіс еденге кел бізді қоршап, қалың жүрт отырыса бераді.

Аадан соң дарлалы әкелген гүлдерін үнсіз келіп моянындарымыңға асты. Бұл қалық жым-жырт қана кимылдарымен ақуреккөрі жақын, тамаша дос жандардай

сөзледі. Бір алуан, есіміздің қауым-жалыныздай та-
ныла берді.

Сурков екеуміз де сөз сейлеп ек. Біздің отан халық-
тарынын Индиядағы дос жүртка, енбек еліне жалынды
достық әлемдер жолдайтынын айттыц. Солан әрі жүре-
рімізде, бізді осында тамак ішкізүге алып келген же-
текші доссымыз мына жүрттың бізге деген бейілі күнде-
лік программадан тыс, басқаша демонстрацияға айна-
лып бара жатқанын сезді. Осыдан көркүп енді бізге
тамак ішкізу түріл, мынау жүрт қасында азантай аял-
далап бөгелуден де еескенді. Асықтырып, сағтырып не-
кылса бізді мынау өзі ойламаған, күтпеген қалың жүрт
арасынан жылдам ала жөнелді. Біздің қозғалғанымызды
көре бере жаңағы маңымызға тыңыздап үйрілген
жүрт біздің Отанға дос неше алуан ұрандар тастап, ай-
ғайлас, шүлап коя берді. Эрқайсымыздың қолдарымызды
кем қойса 20—30 қолдар катарынан қысып, басқышы-
тан түсменше, машинамызыға кеп мінгеше аса жалынды,
қошемет көрсетісті. Тыстағы тұрған қалың жүрт дал осы
шақта, ойда жоқтан, жарқ еткізіп қызыл туды көтеріп
алды.

Сыртқы істер министрлігінен бізге ерген жетекші
доссымыз енді бізді шапшаң ғана машинаға отырғызып
алған еді. Жаңағы қалың жүрт сейілместен машинаның
алды-артын, айналасын тығыз коршап, дамылсыз тама-
ша ұрандар айғайлас айтысып тұрды.

Біздің отанды, бар халқымызды сондайлық бір сүй-
гени сонша көксеп, аңсаған елді көрдік. Олар үшін біз-
дің атымыз қажет емес. Жазушы ма, басқа ма, ол да
есеп емес. Біріміз орыс адамы, біріміз советтік одакта-
ғы туысқап ел ~~сінім~~ болғанымыз және де сінға алынған
жок. ~~Бұл~~ халық үшін бір-ан қана шындың қылбат. Ол —
біздің Советтер Одағынан келгеніміз. Социализм ота-
нының өкілі болғанымыз жеткілікті. Жекшілікші
кутылыш азаттық, тәндікке жеткен енбек елінен келле-
німіз жетті, болды.

Армандары, аңсағандары, кияндары мен жүрек
ныңын ыстық соғып, тілел еткені ~~сонау~~ ырың жағынан
келген жалғыз бір белгі иші ғана леп болса жетер-
лік. Соған арналған дәстүртари, тілектерін, сәлемде-
рін, жалын сәлемдерін жолдайды. Осыны түсінген сайын
біздің көзімізге жас келгендей шақ болды. Өзіміз көр-
ген барлық аштар, жалаңаштар, панасыздар еске түсті.

Үнсіз бір момын топтар көз алдымызға келді. Енді міне солардың мындарының, сан мындарының кеуделері бірлесіп «аһ» дескендей. Алыс аспанда наизағай жалт еткендей.

Отаның үшін мақтаныш еткен куаныштың бір тамаша ыстық жасы көзге еріксіз іркілді. Бұл кездесу, бұл түн біздің Імпергі-соңғы бар сапарымыздан өзгеше ыстық еді. Себебі, ғажап ыстық, достық түні болды. Анық ұлы халықтар достығының, жаныңды шарпығандай ыстық демі бойды алды. Осы кездесуді өздігінен үйстырып, анық халық әкілдері, біздің аяулы достарымыз еді.

16-февраль күні таңертең ерте Кочиннен машинамен шығып, 80 миль жердегі Тривандум қаласына қарай жол тарттық. Бүгін жол ыстық болған жок. Сәтті күн, өзінше самалды салқын болғандықтан онтүстікке тұра тартсақ та, әлі әзір шыдатпайтын ыстық сезілген жок. Жол да жақсы, шаңсыз еді. Түскі сағат екіде Тривандумға жеттік. Бұл да үлкен қаланың бірі. Тағы да ғажап жақсы қонақ-жайға орналастық.

Жол бойында ойға оралған бір жайлар түнде бізді қарсылаган тамаша топтың турасында болатын. Сол ыстық, жалынды достар тобы міне бүтін де көп нәрсені оғра алғызады. Бойды сергітіп, ой еңсені көтеріп, бұл халықтың тағдыры, тарихы туралы көтерінкі уміт бітіреді! Біздің тәрбие, біздің салттың қалың елді, халықты қамқорлықпен еске алатын дәстүрі, идеялы ендігі ойынды бастайды. Сол өзімізге қанықты санамен болжап, осы елдің хал-жайын ойға алсан, көп шақта жаның қаты толқиды.

Кедейі мен аш-жалаңашы, қараңғылық-надандық қоршауындағы қайыршы жас, кәрісі, үйсіз, күйсіз, панасызы соншалық көп ел осы. Бір жағынан ойласаң дүниедегі ең ұлы ел. Бүгінде өзінің азаттығы — республикасы қолында тұр. Ешбір дүниеде дәл осындағыдай көп контраст қайшылығы болмастай. Өзі кедей, жоқ-жітік, ғадері аш және соншалық құмырсқадай қайнаған мол бола тұра араларында үры жок. Ондайлық бұзық, үрдыханың қылмыстар мүлде жокқа тән. Қісі өлтіру, кан төгу былай тұрсын, айға жуық мезгіл бойында вокзалдар, аэропорттар, базарлар, халқы калың көшелер, аландар атауларының күндіз-түн аралап жүрген шактарымызда бірде-бір төбелес, қақтығыс, мастық-накұрыстық, неме-

се шанкылдастып ұрысқан, былапты сөз естіп көргеміз жок.

Соның орайына өкпесі тесілгенше еңбекке қадалған көнпіс. Жоқшылықты, ауыр бейнетті өмір қамыты етіп ап, еті өліп көніп кеткендей. Сақал-шашы, қасы, мұрты аппақ бола тұра жаяу жортып журген момын кедей, жоқшылықтың үнсіз құлдары тәрізді. Ол жарынан қарасан, бағы заманнан бері осы күймен келе жатқан осыншалық момын еңбекші ел әралуан сопысын, апостолын¹, неше алуан тариқат қауым-діндерін, пайрамбарын көп шыгарды. Солардың момындық пен қорлық, тірлікке көнгіштік жөніндегі угіттерін тындаумен, бағынумен келген миллиондарды көресін.

Екінші жағынан, өзінше адамгершілік, моральдық, тазалық дәстүрі сондай мол елдің арасына қофамдық шын әділ, жана жол идеал тараса, орнаса, жаңары дәстүрлері керекке қаншалық жақсы жарап еді деп ойлайсын.

Бүгінгі жол бойында тағы да пальма бақшалары мол кездесумен бірге, банан, мангү және ардақты асыл жеміс — ананас ескен орындарды көп көрдік. Қазіргі шак, тегінде, оңтүстікте кокос пальмасының дәнін жинау кезі болу керек. Жол бойы толып жатқан керуендер, арбакештер жарылған көк жұмыр кокос дәнін тау-тау қылып тиеп алып тасып жүр. Анық қазіргі науқан осы.

Бірақ оңтүстік табиғат жағдайымен ауа райын пайдаланып, қымбат өсімдіктер жағына көп орын беріп, көп көңіл, күш бөледі. Бұл жақтың калың елінің қанықты қымбат кәсібі шай өсіру, күріш егу, каучук ағашын өсіру болады. Шай плантациялары көбінше таулы жерлердің беткейлерінде молырақ тәрізді.

Оңтүстік, кешегі Kochin, мына Триవандрум уелаяттары адам тірлігі жағынан аса жайлы, бай да ток, жақсы өлкелер тәрізді. Эрине, қалың қыстақтар манында әлдекалай машина тоқтай қалса, үлкендер болмағанмен бала-қайыршылар айналанды бүнда да камай қалады.

«Раша», «Rossия» десен болды, жүздері жиіліна жадыrap, «коммунист» деп сөз қата бастайды. Женіл-желлі мінездер, өсірсек бейбастақ сөйлеген бірде-бір жас, кәріні көрмейсің. Қайта нұрлы қара көздер мол

¹ Апостол — Файсаның дін таратушы шәкірттері.

шұғыла атып, жайнай қадалады. Жүздер жылышып, қуле қарап, соңша бір ынталы бейіл беріп ентелейді. Бұл түстікте, тегінде, халық төрістік Индиядан әлдекайда қалын, молырақ. Осындағы және бір көзге түскен жайлы өзгешелік — бала оқыту ісі жақсы үйстырылған төрізді.

Жол-жолдардың бойында, қыстактар ішінде, қыстактар арасында мектепке бара жатқан немесе қайтыш келе жатқан балалар мен жасөспірімдер көп. Кей уақыттар олар үзілмей ағылып, мол көрініп отырады.

Тривандрумда бізбен әңгімелескен бас министрдің «бұл үәлляйтта оқу жасындағы балалардың 95 поршеннің қамтылған» деген сөзі рас болуға үксайды. Бұл жакта халық саны молырақ, мекен-жайы жиірек екені соңғы 2—3 күн бойындағы жүрісте айқын байқалып қалып еді. Бұгін сол көріністер тіпті үдей түсті. Бірнеше сағат бойында машинамен келе жатқан сапарда адам жайлары мүлде үзілмей қойған кездер болды. Соңшалық үшандың елі мол, анық ұлы мемлекет екені орталықтан жағарырақ, осындай өлкө-үәлляйттардың өздерінде де оподай байқалып тұр.

Түсте бас министрге визит жасағаннан кейін біз Тривандрудидағы сәнді гостиницаға келіп түскеміз. Енді чөмодан, сырт киім атаулыны номерлерде қалдырып, тағы да сапар шектік. Бұл жолы 50 миль түстікке қарай тарташып, біз Индияның оңтүстігіндегі ең шеткі шегі Қаморинге бармақпаз. Қаморин мүйісі Индия мұхитына молынан суғылып тұрған, ыстық үйекке (экваторға) өте жақын, жер шегінің өзі.

Бұгін күндіңде сағат тәртте шықсак та, біздің ырысмызға қарай жол оншалық ми қайнар, шыжыған ыстық бола қойған жок. Қайта өзінше жайлы бір қоныр жай рақат болды. Таза, салқын дем білінеді. Ал айналғанда табиғат көрінісі көз тұнжыратқандай көркем. Пальма тоғайлары, бақтары жолдың екі жағында үаілмей, ұдайы созылып, мол көленцелі саясын үзбейді. Және де Индияның халқы тудырған қасиеттің бірі еске түседі, көзге оралады. Тұтас тоғай, қалың жыныс өсімдік тегінде адам тіршілігіне қолайы жоқ таулы немесе мәніреуджунгли өлкесінде болмаса, адам мекен еткен дала, сала, өлкө-өнірлер де жоққа тән.

Бірақ сонымен бірге ағаштан құры, жалаңаш тұрған жер, алаң және жоқ. Соның орайына бұндай иен өлкесінде

лердің бәрінде әр ағаш адамның өз қолымен орнатылған. Баршасында не заманнан бері қарай сүйіп, күтіп, баптап-сақтап өсірген аталардың, насылдердің еңбектері, өзгеше айнымас мәнді мінездері, қамқор қасиеттері танылады.

Бұған болса күн ұзын ағашы үзілген анық екі километр жер көргеміз жоқ. Өз жер-мекенін, өлке-отанын қандай күткен, сүйген адамзат бар мұнда. Бұл халықтың адада еңбекке табанды, беріктігі бар халық екенін мын мәртебе есіне алғызатын күй-көріністер байқалады.

Осы жол бойында ұзаққа созылмаса да ілесе түсіп қалып отырған бірнеше таулар көрдік. Олар кейде білік шоқы болып, кейде қызық бітімді жартастары бар сенгір боп көрінеді. Қөшшілігінің есімдігі мол таулар. Едәуір жүргеннен соң қазір ағаш рені өзгерे бастады. Пальмалар сирей түсіп, жай жапырақты ағаштардың көрінуі жиілій берді. Ең ақыры біздің жол тенізге тақай бергенде өзгеше бір ғажайып ағаш кездесе берді. Бұл — соншалық бір сұрықсыз араш. Өзі қықы-жиқы кәрі бітімді анғартады. Бірсеке жапырақсыз күйде тарбиған-талтиған, бұқшірейген тәрізденеді. Сонымен қатар бұтақтары, тармақтары сұп-сұр боп жыртылғандай. Бар көрінісімен таң қылады, әр нәрсені ойға салады. Ең биік бағдарындаған азғана шоқталған жапырақтары бар.

Тенізге тақаған жерлерде Каморин мүйісінде көбірек кездесетін осы ағаш баян аталады екен. Оның кейбір төмөнгі жуан бұтақтарынан, жапырақтан басқа жерге қарай шоктай боп салбырай созылып қалың тамырлар кетеді. Бара-бара сол тамырлар — бұтақтардың тамырлары жерге жетіп, жердің өзіне терендеп батып, жуан ағаштың өзімен қатар тағы бір тың ағаш тәріздешіп жуандап, нығая береді. Сонымен бір шоқ жапырақтың астында ағаштың түбі біреу емес, кейде екеу, кейде үшеу де бол аралары жыртылып, үзілгендей таңғажайып түрге аудысады екен.

Сол баян ағаштарын аралай келе жатып бұтақтарының арасынан теніздің сүни да көріп қалдық. Аздан соң машинаның бір жағы емес, екі жағынан бірдей ұлы мұхит — Индия мұхитын көре бастаған едік. Осыдан әрі басқан сайын құрғакшылық азайып, тарылып, сүйірлене келіп аяқтал, тенізге үшкірлеу тұмсығыған сұғына бере тоқтаған екен.

Сонымен біз осы сәтте Индияның ең шеткі түстігіне

жетіп, теңізге машина тұмсығын тіреп кеп тоқтадық. Каморин мүйісі тегінде, ең шетін алғанда, Цейлон ара-лының орта тұсынан асыңқырай барып шендер келеді.

Біз бір шақта Индияның ең төр терістігін — Гималайды көріп ек. Ендігі сапарымыз бұл кезеңде онтүстік шегіне жетті. Каморин мүйісінде әлемге ортақ үлкен, мол күніміз теңізден туып, теңізге батады.

Біз күн батардан бір сағат бұрын жетіп, дәл теңіздің өзіне сүйірленіп кірген құрғаққа салынған үкімет қонақ-жайына — «Гастхаузға» кеп түстік. Номерлеріміз үстінгі этажда. Айнала терезелері мол, асты қалын кілем қаптаған сұлу жайлар. Терезелер де үш қабыргадақ, теңізге үш тарапқа қарайды. Бенгалъ шығанағы мен (залив) Арабстан теңізінің сулары екі жағадан келіп тоғысып, араласып жатады. Индия мұхитының жайкыны осында.

Сәлғана бір сәтсіздік болды. Күн батар шакта аспан ашық болмай, батыс жақты қонырқай жүқалан бұлт құрсады. Құннің теңізге дәл барып батқан жерін көре алмадық. Соның орайына танертең құннің теңізден туғанын көрмекті ниет еттік. Кеш әбден батқанша теңіз жағасынан кеткеміз жок. Баяу соқкан жел білінеді. Жайлар, салқын самал бар.

Теңіз суы күн барда жасыл-кекшіл жақсы бір көнілді ренді болатын. Толқын көз тартатын. Теңіздің ұлы толқындары ұзын жал боп кезектеп жақындай беретін. Байсалды ауыр салмақпен жағаға, тас жағаға оқтын-оқтын құрс-құрс беріп ұрылып жатыр. Теңіз суының дәмін татып көріп ем, тұздық деген аз сез, одан әлде-қайда абы. Өзі глаубер тұзы десе болғандай.

Кас қарада жатын жайға кеп шайға отырдық. Бұғін шайышыл емес достарымыздың бәрі де осы шайды дағдыдан үш-төрт есе артық ішті. Анық Цейлон шайы болу керек. Қант салу түгіл әзір түрған қаймактай қою сүтті де бұл шайға құюға кимадық. Шайдың өзінің дәмі мен исі соншалық тартымды да жүғымды еді.

Устінгі үйдің өдемі, сәнді орталық бір жайы шынымен қоршалған кең, биік балкон екен. Ендігі дүниені осы балкон терезесінен көз алмай қарап болжаумеп болдық. Астыңғы этажда қаланың жас күйшілерін әкеп, кей жолдастар күй тартқызып, ән айтқызып жатысты. Күй туралы айта кету керек.

Кеше Валатхоло аулындағы күй тәрізді бүнда да

соншалық ерекше бір қатты шаңыр-шалдыр, даңғаза тарсылдақ көп. Беймазалығы естен тандырады. Мен өзімше жорығанда, кем қойса айдаһарды арбайтын, не- месе жынды қуатын күй — осы түстіктің күйі шыгар деп ойладым. Мынау күй де кешегі театрдағы Рама жөніндегі азыз — мистерияға сай, мазмұнына барабар. Ол театр болғанда өте ескі, екі-үш мың жылдардың дін биімен, күйімен байланысты туған көне театр дәстүрін танытады. Биі де, ойны да аз. Сөзі де сол құдайлар мен жауыз күштер арасындағы тартысты мифология қалпында баяндайды.

Музыкасында күйлілік, жайлыштық аз. Оның орнына арбасу, арпалысу, айдау мен көшіру тәрізді оқиғалық оқыс, сара мазмұн болу керек.

Осылай ойлармен қатар бұл халықтың поэзиясы, музыкасы, театры, сурет өнері, архитектурасы (сәулет өнері), бәрі туралы қорыта келген бір түсінігім бар тәрізді. Соны айта кетейін.

Жаңағы аталған өнердің бәрі Индияда біздің түсінігімізден басқаша саналық, тарихтық, эстетикалық өзгеше жайда. Және сол өнердің бәрі де өздерінің терең тамырларын аса ескі, терең, ағығасырлардан алады. Сонда бұл елдің дінінде поэзия көп, ал поэзиясында дін көп. Дінінде би көп, бінде дін көп. Осылайша сурет өнерінің де діні көп, діні суретке көп түскен. Дәл сол тәрізді пәлен мың жыл, пәлендей жұз жылдар бұрын салынған храмдарда, сарайларда, қысқасы, сәулет өнерінде тағы да дін көп, дінінде сәулет өнері көп. Осылайша бар өнерлері діндік бай азыз, әңгімелері қарға тамырлы боп, айқыш-үйқыш үйыса байланысып жатады. Және сол қалыптары дін мен өнер, өнерге бөлениген дін тек браминдер, жрецтер, діндерлар-ортасының ғана мүлкі, мұрасы емес. Қалың жүрт, халықтың мұрасы боп кеткен. Міне сол себепті де адамы сирек азғана мүйіс, әлдекайда Камориннің әлдекалай жастары жиыла қалып, сауық көрсеткісі келсе де, сол жаңағы діндік мазмұнды, ескілік үлгілі музыкалық мұралар орала кетеді.

Әрине, бүгінгі европалық көркеменер үлгілерін алғанда, «дүниежүзілік, мәдениетті өнөр өлшеуі сол» деп межелейтініміз бар. Ол тұрғыдан қарағанда Индияда сол европалық, халықаралық өнерлердің кейбіреулері алынған да, кейбіреулері мулде аз қабылданған, сәл ғана

қонған деуге болады. Мысалы Индияда бүгінгі европалық архитектуралық да нелер көркеменер туындылары бар. Индияның кино өнері де күшті. Үлкен қалаларының бәрі де Европа мәдениетін мейлінше жиған да пайдаланған. Фылыми, техникасы да зор деуге болады. Бірақ анық көркеменерге келгенде, кино болмаса, театр, музыка, би тәрізді жайлардың бәрі де бөлек, өзінше ескілігін нық сактаған. Біздің кезіміз үйренген XX ғасыр өнерінен әлдеқайда жырақ жатыр.

Өздерін билеген европалық халық — ағылшындардың ол жөндегі ұлгілерін, әдей егескендей, алмай қоған, қабылдамаған тәрізді. Бұның себебі де түсінікті сияқты. Ағылшындардың ұзак уақыт тәндікке алмай, түрпайылықпен басып қорлап, таптап келген зор халықтың өнері, енді сол халықтың азат өріске шығып, жаңадан өсөр шағында әуелі ескі тамырларымен ез байланысын ықтап тұрып тұтастырып, жалғастырып алмак шығар.

Осы күйді ойлай отыра, кешкі теңіз көрінісіне көз, қөніл қадаумен болып ек. Күн бата бере теңіздің түсі де ертерек және төзірек суын берді. Күндіз жасыл-кекшіл көрінген су енді аспан райы сұрланумен қатар бозғылсағыш тартқандай.

Ал алыстағы «ұшан-теңіз» дейтін қырысyz, шексіз шалқыран өрі қорғасын ренденіп, ауырлай сұрланды. Авық қорғасын теңіз бетіндей. Жақыннан жыраққа дейін тек өр тұстан туған әлсін-әлсін ақ көбіктер жуған салмақты толқын қепіршіп барып бүрк-бүрк етіп қалауды. Енді анғарсақ түн тастай қараңғы тартыпты. Анда-санда жырақта наизағай жарқылдайды.

Теңіздің түсі түнде де қызық өзгереді. Ол көбінше қорғасын тәрізденсе, кейде қалайы, кейде күміс атып қалғандай да болады. Алыстан жақын жағаға қарай жедел келе жатқан толқындардың ақшыл жалындан көбіктері, кейде әлдеқалай от жарығы жалт еткендей жарқыраған күмістей рендер, ажарлар атып қалады. Сиқырылы суық толқынды, суық мұхит жүрекке ыстық сезімдер толқындары.

X. Ескі Индияның ескі мұра мерзімдері

Тривандрум маңында біз XIV ғасырдың ескі бір сарайын көрдік. «Подбанабапурам» дейтін бұл сарайдың жарымы осыдан 700 жыл бұрын, жарымы 400 жыл бұрын салынған. Анық Индияның өз шахтары салдырған, өз стиліндегі сарай болғандықтан бұның мұсылман (араб, иран, ауған, моғол шахтары) салдырған сарайлардан әрі көнелік, әрі индиялық өзіндік өзгешелік стильдері бар. Сол өзгешеліктер есігінен төріне дейін, төменінен төбесіне дейін басқаша бол байқалады. Кірер есікте салт атты аиши-бала пілді найзамен шанышқылап барады. Ағаштан салынған екінші есікте аюды шанышп бара жатады.

Арырақ басқанда сарай ауласында тас темпл (храм) бар. Соның колонналарында әйелдер мен құдайлар бейнелері тастан ойылып, барельефше жапсырылған. Бұнда қоладан құйылған білім несі — әйел құдайдың бейнесі бар. Осы храм сарай түрғындарының намаз оқитын орны екен.

Әзге Индия сарайларынан бұның бір ерекшелігі — ағаштан істелген бөлімдері көп ұшырайды. Сарайдың көриекті бөлімі салтанатты жиындарға арналған зал. Бұның едені қап-қара бол тұтас құйылған, жарқыраган қара тұсті мұз тәрізді. Кокос майын құйып қатырып, біртұтас етіп салынған колонналары цементтен істелгендей. Бәріне салынған сурет-бейнелер бірінен бірі белек тапқырлықпен жасалған. Жатын жайлар мен веरанданың бағаналары гранит тастан қашалған.

Бөлмелер көлемдері шағын. Жатын-түргын жайлар жоғарыда екен. Патшаның жатын орны ағаш ойма тесек. Заманында португал елшілері тартуға тартқан дейді. Төбенің бәрі де ойма ағаш.

Екінші, үшінші этаждарда тағы да сондай өзгеше әсем ойылып қойылған тесектер, қабырғаларда фрескалар толы. Бұл сарайда Индияның өзіндік ескі дәстүрі сақталған. Сол ретте патшалар тесектері «құдай жайы» есепті саналады. Себебі бұл патшалар өздерін әрі құдай текті, әрі тірі құдай санаған. Сондықтан бұл тесектер жанында үнемі өшпей жанып тұратын от (шам) болады. Мысалы қазір де үшінші этаждағы алтындаған тесектің жанында сол шам әлі жанып тұр. Осы шам 500 жыл бойы өшірілмеген деседі. Тесектің төбе жағы

балдахин. Фрескалар аса мол болып, кебінше ұлы құдай Браманың өмір жайын баяндайды.

Тегі индуизм діні көп құдайға илану діні болғанда сол құдайларға байланысты аныз, әңгіме атаулыға асқа бай. Сол ретте үш алуан құдай өздерінің махаббатымен, қаһарымен, тартыс-талаптарымен, қайрат-құдіреттерімен аса көп әңгімеленеді. Олар: Брама, Кришна, Шива. Браманың өзге көп сипатымен қатар ең зор сипаты: ол — жаратушы. Кришна — көгертуші. Шива — құйретуші.

Патша ерлермен қатар патшаның әйелдерінің тесегі де өзгеше қастерленген. Соның белгісі осы сарайда айқын көрінеді. Мысалы, патша ханымының бір тесегі әл-пеншек тәрізді ілулі, асулы түр. Жатын жайдың биік төбесінен салбырап түрган бұрама, өрме ағаш тәрізді төрт салма бар да, солар кең, әсем ағаш тесекті жоғары асып үстап түр. Бұл жатын жайдың қабырғаларында ілулі миниатюралар көп. Сүйектен, ағаштан шілтерлі бол ойылған бүйімдар мол.

Осы сарайда XIII ғасырда «тик» дейтін Индия еменінен ойылып жасалған тамаша өрнекті колонна бар. Тик ағашының қаснеті сондайлық, ол бұл шакта шіріп тозу орнына мұлде қатайып келіп, тасқа айналып қалған деседі. Сарайдың терезелері әр бояулы слюдадан істелген.

Каморин мүйісіндей, бұл тұста және де кешегі башын тәрізді тамаша қызық «жыртық ағаш» бар. Индия халқы оның атын Альмаралар дейді екен. Баньянның бір түрі тәрізді, бірақ одан гөрі де оқшауырақ. Осы ғаламат ағаш көп қайышлыктың жиын бейнесі тәрізді. Бұны көргенде ауырған, кем-кетік болған, әлдене ғазап кешкен, апattан қалран, бірақ қалса да талқан етіліп жыртылып жеткен әлдене бір кескіндер еске туседі. Кейде кәрі қайрышының жыртық жудеу шоқптыңдай жалбыраған, кейде ажымды жүзді жара-жаракат басқан, жегі жеген, сорға қамалып құрыған пішін бейнедей.

Осы ағаштарға мұлде ерсі, қарсы біткендей ғажайып бір сұлу ағаш Тривандрумда біз жатқан гастихауз, ко-вакжай жанынан әсем көрінді. Ол бір ақбоз ағаш. Өзі өдәүір биік болғанда сол кең жайылған, балғын бол мол біткен барлық түрган тұлғасымен түгелдейған гул ағашы бол шықты. Қазір тамаша жайнап гүлдеп түрекен. Бар бұтағы кең, зор тармағы түгелімен табақтай-табақтай аппак гүл атып, еміреніп түр.

Оңтүстік уәлаяттың әкімі де бұрынғы бекзадалардың бірі еken. Біз онымен аз уақыт көрісп, сыйайылық алғыстар айтысып, тез айрылыстық. Осы күні түste самолетпен ұшып, сағат төрт шамасында сәл терістік жақтағы үлкен қала Бангалорға келдік. Бұл қалада бізді қаланың мәрі қонақ етті. Кейін журналистермен кездестік және осы түнгі кездесу үстінде бізге арнап үлкен концерт берілді. Тағы да билер, күйлер, әндер — барлығы да жыланды арбау, пілдөр мен арыстандарды бағындыру биі ойналды. Қыз билері, құдайлар басыңан кешкен хал-халаттарды баяндады.

Дәл сол күні түнде біз Бангалордан поезбен жүріп, таң ата Майсурға келдік. Майсур атымен бұл уәлаят штаттың да аты аталады. Бангалор қаласы осы штатқа қарайды. Майсурда 250 мың адам бар еken. Бангалорда 800 мың халық тұрады.

Майсурдың да бүгінгі әкімі — Рачпромук махараджа затынан. Бұл қаланың ерекше орындарын күні бойы аралауды мақсат етіп ек. Сонда өзгеше бағалы, көрикті орын саналғандықтан біз Майсурдың сурет галереясын көруге кірістік. Бұнда мифология мазмұнына байланған суреттер көп болумен қатар, бүгінгі мазмұнды және сурет өнеріндегі жаңа үлгілер бар еken. Мысалы, бұнда піл аулаудың көрініс суреттері мол кездеседі. Жалғыз жергілікті суретшілер емес, терістік Индияның суретшілер мектебі бүгінгі суреттерімен жиналғаны бар. Онда темпера, акварель мол көрінеді. Лахну мектебі, могол мектебі, Раджпур Бенгал мектебі және ұлы Рабиндрнат Тагор бастаған Шантиникетан университетінің суретшілер мектебі де өз үлгілерімен көрінеді еken.

Бұл аталғандар ішінде Раджпур мектебінің суретшілері көбінше халық өнерін баяндайды. Могол мектебі сарайлар өмірін көп тақырып етеді. Лахор мектебінің мұсылман суретшілері индия халқының арғы-бергі өмірін индуизм тақырыбы етіп суреттейді еken.

Бұл көркем жайда металл, ағаш атаулыдан істелген көрікті заттар да аз емес. Майсур тоғайында атакты сандал ағашы көп өседі. Сол сандалдан ойылған құдайлар суреттері женіл де көркем боп шыққан. Өте шебер, күрделі түрде үйлестірген ою, нақыстар мол. Піл сүйегінен соңғы заманда шебер ойылған құлу бүйімдар да көп. Қара жаңғақ ағашынан әсем жасалған вазалар, ағашқа сүйектен ойып қыстырылған аспаптар көп. Піл сү-

йегінен ойылған үлкен мұсіндер, әртүрлі стиль, әралуан ұлы шеберлікті байқатады.

Бұнда қытай шеберлері перламутрдан жасаған бейнелер бар. Резинкадан япон суретшілері жасаған үлгілер де кездеседі. Қыскасы, бұл көркемшінер жиыны бір ғана Майсур уәлаяты емес, басқа да мол Индияның талай жерлеріне үлгі берерлік, мысал боларлық асылорын екен.

Майсурда жайын піл жайынан көп жаңалықтар білуге болады деп естігеміз. Бұл уәлаяттың кей шеті мениреу — джунгли боп біtedі екен. Сол өлкелерде Индиядан әлі арылып болмаған жайын пілдер ұсталады дейтуғын. Біз пілдер жайын сұраған соң қасымызда еріп жүрген достарымыз бізді енді арнаулы жайын пілдер корасына алып жүрді.

Пілдер туралы, әсіресе жайын пілдер туралы біз біраз әңгімелерді алдын ала естіп келе жаттық. Жайын пілдер арасындағы бір мінездер бойынша топ алдында кәрі піл мен жас пілдің алысатын шағы болады екен. Олар аса ұзақ алысады. Ақырында женилген піл топтан жарылып, жалғыз қаңғып кетеді екен. Бірақ ол осы кеткенде қатты сотқар боп кетеді дейді. Өзге жан несі, мақұлық атаулы былай тұрсын, әдамға да қас етеді. Осындай пілдер шаруалардың мүлкіне де залал келтіреді. Дәл соңдай пілді тегінде атуға да рұқсат беріледі екен.

Жалпы Индияда ніл — жүк көлігі саналады. Үлкен пілдің құны аз емес, ол 3—5 мың рупий тұрады. Сол себепті жыл сайын жайын пілді аулау әрекеті болады. Мысалы былтыр осы Майсур уәлаятында 75 жайын піл ұсталыпты. «Был ұсталған піл бар ма? деп сұрағанымызда бізге еріп келе жатқан жолдастарыныз: «Қазір сол, бын ұсталған асау пілдердің біразын көрсек керек» десті.

Сонымен біз жаңағы аталған асау пілдер корасына келдік. Бұнда бын ұсталған нілдердің ішінен оннан аса жастар жағы түр екен. Тегінде пілдің көп жасайтыны жүртқа мәлім. Жиырма жасқа шейін піл атаулы адамша жас болады, жиырмага жете бере ғана толады. Үлкен піл қатарына қосылады. Жас ніл мен үлкен нілдер арасы аса керегар. Мысалы, осы корада да айқын байкалып түр. Тері піл корасы тым үлкен, кең, мол қора екен. Соның шетін ала бар кораның ішінде, өзіне бөлек

бір төбе болып үлкен қара піл тұр. Бұның ұзын имек тісінде —«бивияларында» үш-үштегі жез сақина бар. Қең жасағаннан ба, басқа себептен бе, бұл дәу қара пілдің басы, тұмсығы, әсіресе көз тұсы, алдыңғы жағы қызығылттау тақыр тартқан. Осы таудай піл 60 жаста екен де, салмағы 300 пүт екен. Бір орында тапжылмай тұрған алып жануар салмақпен пішен жеп тұр.

Осыдан жырактау аланда, қораның әр түсінда біріне бірі қашаңдау қойылған көп жас пілдер бар. Қейбіреудерінің азуы ескен, бойлары да жас дегенмен едәүір зорайып, дүңкіп биіктеп алған. Бұл жақтағы барлық піл жақында үсталған асаулар. Сондықтан мынау 5 жасар пілдің кеудесінен арқан шалма орап, артқы аяғын тас бағанаға керіп, байлап тастаған. Алдыңғы аяғы ала-са, жуан шойын бағанаға шынжырмен тартылып байланыпты. Алдыңғы екі аяғынан және артқы екі аяғынан да жуан кендір арқанмен нық дінгектерге керіліп байланған пілдер бар.

Өте асау, төбелескөй бір жас піл өнебойынан тұтас байланып, оқшау қойылыпты. Бір жас піл тыным алмай екіре ақырады. Бұны кейін балаларды мінгізуге әдейі үйретіп жүр дейді. Барлық пілдердің алдына қант қамысы мол тасталған, жейтін жемдері сол. Кейбір тентек пілдер сол жемді жеудің орнына айналға тұмсығымен лақтырып шашып тұр. Әрбір байлаулы пілдің белінен бұылған екі қабат кендір арқан бар. Соның ұшы темір ілгек. Анау бөлек тұрған үлкен қара піл адамға көйтеп қызмет етіп үйреніскең жуас піл. Мынау жастармен салыстырганда ол бір момындық пен даналықтың үйінді жыны тұлғасы, тұтас тұлға символы тәрізді.

Сол пілдің де белінде жанағыдай екі қабат белбеу арқан бар екен де, соның ұшы және де ілгекпен бітеді екен. Анау асау пілдерді қораның ортасындағы үлкен құдыққа апарып суарып тұру керек. Сол міндетті бұл корада атқаратын жанағы үлкен пілдің өзі. Ол асау пілге тақап келгенде жанағы екі арқан белбеулдердің үштарындағы ілгектер қосылып, жалғасады, содан кейін жас, асау пілді кергіден босатады екен. Енді оны үлкен піл құдыққа қарай белуарынан тарта жөнеледі. Асау піл көнбей, қиястанса үлкен піл тақап келиш өзінің берендей жуан қоңыр аяғымен анау жас пілді көз келген жерінен «старс» дегізіп сылқита үрәтын көрінеді. Сөйтіл біраз сабап оқытып алып, жанағы құдыққа сүйреп эке-

ліп су ішкізеді де кейін алғашқы орнына және де соқ-қылай, сүйреткілей түсіп апарып, байлатып қояды. Сейтіп адаммен достасып алған 60 жасар ақылы кемел дәу қара піл, адамның молдасындаі, жаңағы топ пілдердің бұл қорадағы ұстазы боп апты.

Жас пілдердің арасында ең кенжесі билік туған, уш айлық кішкене сүр піл бар. Оны ұстаганға бір жарым-ақ ай бопты. Шешесі қашып кетіп, өзі қолға түсіп қалған екен. Бала пілді емізікпен сүт беріп асырайды. Сүт болмаса күтушінің жұдырығын еміп, жуасып үйренісін алған. Бірақ жиі-жиі үн салып, жылағандай белгі етеді. Жалпы пілді айдағанда кішкене қолшоқпар тәрізді багормен айдайды. Біз кете бергенде, бір асau пілді күтушілер жығып салып, керуге кірісті.

Осы күні тұс шағында біз Майсурдың атакты үлкен плотинасына келдік. Плотина тұрган өзеннің құдай әйелінің 'суреті электр жарығымен плотина қабырғасында әсем жарқырайды. Жалпы плотина ұзындығы 3 километрден артық. Соның ұзын бойына қос-қос шамдар тізіліп жағылған.

Біз ағылшын үлгісінде зор әсем етіп жасалған паркте, шебер стильмен безентіп салған үш этаж оңаша сарайда отырмыз. Ең биік верандасынан кеш мезгілін аңыстай бастадық. Жаңа біз аралап қайткан плотинаның бар суреті төменде, алдымызда тұр. Сол төменде көп фонтандар мен әсем ағаштар кезектеп көрінеді. Неше алуан қызық бояулы жарықтар көзге жайтай басылады.

Канал саты-саты боп біткен. Қызыл тас пен қызыл топырақ тәрізденіп аспан бұлты да кеш бата бере ғажап қызылт сирень ренге ауысты. Плотинайың екі жағасы ете бір әдемі бақ-парк. Онда қазір нелер ғажап өрнектермен топталған, бояулары әр басқа қызық оттар жанды. Бұл парктің аты — Бриндаван. Ол Кришна құдайдың жеңіл сотқарлық жасайтын бағының аты екен. Жарықтар біресе үршық тәрізді, павильон үлгілі, дарбазалар бейнелі қалыптанады да жасыл, қызыл, көк, қызыл-сары, ақ-қызыл түстермен құлпырады. Жағалай төменіректе кипарис ағаштары, түя ағаштары жаңағы қызыл-ала бояуларды жасылмен көмкерген тәрізденеді.

Біз отырған «Кришнараджсагар» отель ертең болатын мейрамға әзірленген қалыпты көрсетеді. Ертең сенбі күн қыс пен жаздың ауысу мейрамы. Эдеге ол күні жүрт бірін бірі қызыл бояумен бояйды екен, Осындай

мейрамның бірінде Нерудің де үсті-басын тойдағы халық қызыл бояумен бояпты деседі.

Кеш батқан сайын біз отырған сарай мен төменгі плотина бойы, парктер өлкесі, мындаған шам иллюминацияға бөлөне берді. Халық мейрамына қарсы жақсы салтанат жасалып жатыр. Алтын сары электр сәулестіңде, кейбір иіле құлаған фонтан сусы алтын арқан тәрізденеді. Бір жерлерде шошак біткен түя ағашының төбесінде көк шырақ жанады. Самал салқын, рақатқа айналып келеді. Жел лебі әсте жайсыз емес, желпи ғана жұмсақ еседі.

Парктың екі шеті өзеннің екі жағасына көтеріле қайқая біткен. Ортасы еніс. Екі жақ каналы, фонтаны, жарықтары жарыса құлай барып, ортада, төменде түйіседі. Плотина үстімен созылып, алыс жыраққа шырқап кетіп жатқан алтында жарық кос-кос фонаръ әлдекалай жортып кеткен мифологиядағы әулиелік аңдардың ізіндегі.

Тұн бола берді. Енді айнала бақша қап-қара барқыттай болғанда, жарықтар, фонтандар мүлде ертеғідей сиқыр сәнге ауысты. Раждайып ертеғінің сәнді бағы — «Багиранның» өзі осы тәрізді.

Жарық верандадан, биіктен қараған сайын тұн аспаны да жердің өзіндегі қап-қара бол тұтасып, тұнғық тартады. Сол тұнжыраған дүнне арасында төменгі парк сэт сайын сиқырлана, құбыла түседі. Бұл парк тегінде Майсурдың мактанышы саналады екен. Өзі Англия үлгісінде жасалған парк. Осы өлкениң ағаштары тағы да басқаша қызық көрінеді. Жуан біткен, тармағы көп, түстері бозғыл, биік ағаштың жапырактары үп-үсак кестедей. Ол да төменнен қарасаң ажур нақыстай.

Бұл өзен бойы тірі зат деп танылу себепті иесі — құдайы бар делінеді. Өзен аты Кавери, сол өзен иесі құдайы әйелдің аты мен аталған екен.

Түнде біз плотинадан Майсур қаласына қайттык. Алда, тау басында ерекше бір әсем көрініс байқалды. Тоғай мен бақ басқан қоңыр таудың дәл биік төбесінде бір үлкен үй-жай аппак бол жарқырап тұрды. Ол жалғыз оқшауланып, төбеге шығып, биіктен бойлап, аса карап тұрған махараджаның осындағы үлкен сарайы екен.

Қоңыр таудың жотасындағы бар ағаштың төбе жағынан тартылған электр жарықтары үзын жалдың қыр арқасын көктеп өткен тәрізді. Сол түнде біз Банголорға

қайта келген едік. Осы үәләяттың орталығы 800 мың халқы бар Банголор да ешкімнен сорлы емес. Қай мемлекеттің болса да астанасы болуға мейлінше, осы тұрған қаз-қалпында жарай аларлық. Өйткені бұнда салынған сарайлар, әсем имараттар және біріне бірі үқсамайтын ХХ ғасыр ортасының әрі жеңіл, жайлы, көзге көрікті, көңілге қонымды реалистігімен үйлескен. Сондай боп жарасқан имарат жайлар көп. Әсіресе оңаша үй — особняктар жақсы.

Кейде бір қабат, кейде екі қабат болса да, үйлердің әрқайсының өзінің сол бір қабаттығы немесе екі қабаттығымен әдейілең оқшаулана білген. Дүниеде бар қала да бір қабат, екі қабат үй деген соншалық мәлім, көз таныс құрылыштар болса да, мынада сол аласа үйлер өздерінің дәл өзіндік қалыптарымен айрықша сәнделеді. Осы жайларға қарап, бұл жақтың үй салысында сондай ізденгіш, мәдениет талғағыш, сән түзегіш келісім көрсін.

Бір ғана Банголор емес, тіпті Пакистаның Караби-дегі дипломаттар кварталынан бастап, Делиде, басқа да біз көрген бірталай қалаларда көзінді еріксіз қызықтыра тартатын үй көріністері бар. Бұл стандарттан қиялы аспайтын архитектор атаулығы еріксіз ескерерлік жай есепті.

Банголорда біз телефон жасайтын заводта болдық. Және біздегі қолөнер мектебі тәрізді, тәжірибе мектебін араладық. Бұл қалада жоғарғы оқу орны — үлкен университет те бар. Қаланың ортасындағы ең биік көтеріңкі мол өлкені тек сол университетке арнап бөліп шығарыпты. Банголор көшелерінде тағы бір тамаша гүлдеп тұрған биік ағаш көрдік. Ол көк ақация екен.

Біздің ендігі арнап оралғанымыз Индияның атақты ғалымы профессор Раменниң физика институты болатын. Рамен жалғыз Индия емес, бүкіл жер жүзіне аты мәлім карт ғалым, бүгінгі Индия академиясының президенті де осы кісі. Ол дүниежүзілік Нобель бәйгесінің лауреаты. Зерттеудің — гауһар бастаған асыл тастардың сыр-сымбаты екен. Біз сол ғалым Раменге келдік.

Екі қабат бөлекше сұлу тас үй профессор Раменниң лабораториясы мен тұрғын жайы тәрізді. Төменгі қонақ бөлмеде профессор өзі бізді қарсы алып, аты-жөнін айтты да: «Мен осы институттың директорымын, ал мына кісі,— деп қасындағы орта жасты, сәл бурыл шашты

индия әйелін көрсетіп,— мына кісі директордың директоры,— деді. Ол — әйелі де, көмекшісі екен.

Жоғарғы этажға шыққанда кең терезенің алдына бізді алып келіп, айнала Банголор қаласының бақтарына қол созып, шолып өтті де: «бар Банголор төменде, тек мына институт және біз бар орыннан көтеріліп, төре шығарып қойылғанбыз. Біз тұрған орынның биіктігі мың фут, осы маңның ең биік шүкіресі»,— деді

Өзі қөңілді, күлдіргі қарт әлі ширақ, мығым. Құлғенде аузын алақанының сыртымен басып күледі. Оның мұсылманиның есінегенде ететін әдетіне үқсайды. Құле тұрып кейде өзінің де өлең жазатынын айтты. Сәлден соң бізді «чертеж залы» деген кең бөлмеге әкелді. Алда қара тақтай бойына әралуан есептер жазылған. Орындық молына қарағанда, бұл бөлме кейде аудитория болса да керек.

Неше алуан асыл тас қатарында: меруерт, алмас, гауһар, лағыл, опал — бәрін де зерттейді екен. Жолай бір мұсінші жасаған өзінің бюстін көрсетті. Соның төрг жағында, төрт тілде аты-жөні жазылыпты. Жазулар өртурлі. Профессор соған байланысты Индияның бүгінгі тілі жөніндегі қынышлықты айта келіп, қалжындағы қойды. «Бұнда ағылшын, санскрит, канери, тамил тілдерінде жазылған сөздер тұр. Солардың ішінде тамил тілі өзелікмен сөйлесуге қолайлы тіл»,— деп күлді. Кейін бізді әралуан өзі зерттеп жүрген тастар мен кристалдар тұрған бөлмеге әкелді. Бір уыс кристалды қолына алып: «Югославиядан келген аметист тастар еді. Бәрі тұтас өзі бір поэзия»,— дейді.

Аметисттің қызыл-қөктеу өзгеше ұнамды түсі шынында аса бір келісімді еске түсіргендей болатын. Толып жатқан қоңыздар мен ғажап көп түсті көбелектер коллекциясын көрсетіп өтті. Қітапханаға кіргенде осы лабораторияға өзі сыйлаған коллекциямен таныс етті. «Бар мамандық жайы осында бар» деді. Содан кейін аса бір сұлу сый бөлмеге әкеліп: «жақсы бөлме, магараджаның бөлмесінен кем де емес» деп күліп қойды. Осында оқшауырақ жатқан бір кітапты алып ашты да, белгілі бетін біздің аударушыға көрсетіп берді. Сейтсек бұл кітап 1932 жылы Англия оқымыстысы Дюран жазған «Тіршілік мәнісі туралы» деген кітап екен.

Сол ғалым өмірдің мағынасы туралы белгілі ойлар айтуды Гандиден, Неруден және осы профессор Рамен-

мен өтінген екен. «Ганди сонда ғалымша жауап беріпті» дейді Рамен. Дін мен еңбек арасында адамның адамгерлік қасиетін арттыратын байланыс барын сөйлеген екен. Өзі мен Нерудің жауабына профессор токтаған жок. Бірақ оқшаша бір жай ретінде Дюран кітабының тағы бір бетіндегі екі-үш сөйлемді көрсетіп еді, онда шын қызық жай бар екен.

Осыдан 23 жыл бұрын, сол 1932 жылы профессор Дюран сөугегелік айтты. «Жақын заманда Индияда зор атақ алып, абырой табатын екі адам бар. Біреуі — Ганди өлгеннен кейін Индия халқына басшылық ететін Неру депті. Екіншісі — ғалым есебінде үлкен дәрежеге жететін Рамен» деп жазыпты.

Асыл тастардың толып жатқан коллекцияларын көрсетіп кеп, ақыры қарт ғалым бізді үш-үштен бөліп, көзектеп отырып, өзінің қаранды лабораториясына кіргізді. Бұнда физиканың қызық табысының бірі люменсценция «Сиқырын» танытты. Ультрафиолет шұғыласының ұзынды-қысқалы толқындарын көзектеп пайдаланып отырып, талай тастарды қарандыда жайнатып, ғажайып ертеғідей, тылсым шешілгендей, сырларын ашты.

Бул ғалымның жасы биыл 66-да екен. Элі қажыған, қартайғанның ешбір белгісі жоқ. «Жасымда істеген істердің бәрін осы күні де істеймін» дейді. Қөмекшісі де көп емес.

Оқи біле түскен сайын дүниедегі бар сұлулыққа құмарлығы арта түскенін айтады. Бірақ сейте келе рең сұлулығындаі, молдығындаі сұлулық таппаған тәрізді. Ол физиканың өзі туралы бір-ақ ауыз жиынтық сөзінде «Мен үшін физика өзі де рең» (цвет) деді.

Біз кетер алдында ол кісі және де қалжың аралас бір шындық айтты: «Келгендерінізге қатты ырзамын, егер оқымыстылар болсаныздар дәл осындаі ырза болмас едім. Себебі оқымыстылар бірдеме іле кеткісі кеп, есеппен кіреді. Ал сіздер қалтқысыз, ашық қөнілді, сүйікті қонақтарсыз» деп бізді дән ырза қып жөнелтті.

Осы күні біз уәлаяттың бас министрінде болдық. Со дағы кейін «Көркемсөз қорамы» дейтін қауымның мәжілісіне бардық. Бұнда ең әуелі концерт болған еді. Бірақ концертті ақындар өз өлеңдерін әндесіп окудан бастады. Микрофон алдында канери тілінде дін тақырыбына жазылған, мақам сарынды үнмен әуелгі ақын жиылдықты б...тады,

Татар молда халпесі тәрізді киінген бір ақын мангу ағашы жөнінде лирикалық өлең оқыды. Субраманьян Шастри дейтін бұл ақын ескі санскриттен канериге өлеңдер аударады екен. Осы жиылыста проза шебері, қысқа әңгімелер авторы — Виси де болды. Ағартушы мәдениет ісінің бастыры әйел, әндегіп өлең оқыды. Эні бақырауық боп естілді. Қоғам мүшелерінің арасында аударушылар бар екен. Қөшшілігі ағылшын тілінен осы үзілдіктердің тілі — канери тіліне аударады. Раджама дейтін әйел ақын да әндегіп, күй салып өз өлеңін мақамдағы оқыды.

Бұл жиылыста едәуір кенеулі сөзді Виси сейлеген еді. Ол біздің еліміз бен бар делегациямызды өздеріне қатты дос санайды. «Бұндағы біздің академияға осы қонақтарымыздың келгенінің өзі де жақсы белгі, құрмет нышаны» деді. Академияның жайынан біраз хабар айтып, оның мүшелері мол екенін білдірді. «Индияның барлық ғылым, өнер қайраткерлері Совет Одағында болып жатқан жаңалықтардың баршасын зор ықласпен ұғынуға тырысамыз. Білмекті мақсат етеміз. Біздің оқымыстыларымыз бен әдебиетшілеріміз орыс мәденистін, әдебиетін де соншалық білгісі келеді. Пушкин, Гогольден соң өскен орыс әдебиетіне біз өте зор құрметпен қараймыз. Революция алдындағы Блокты да біз білеміз. Орыс музыкасын қатты сүйеміз. Кино-суреттерін әсіре-се жақсы білеміз де, бағалаймыз. Одақ табыстары кімге мәлім емес. Бұгін ортамызға сол одақ өнер қайраткерлерінің арасынан төрт лауреаттың келгенін шын дос құрметпен қарсы аламыз. Бұл арада, осы жиында бір үзілдіктердің ғана мәдениет қайраткерлері отырған жок. Бар Индияның әдебиет пен өнер майданындағы білікті адамдары отыр, деп білініздер. Және баршасы түгел сіздерге берік дос деп түсінүлерінізді өтінеміз», деді.

Осы күні кешке әуелі қаланың мәрі қонақ етіп, содан кейін түн бола бергенде біз Индия-Совет достығының қорамында болдық. Бұнда сұрақ-жауап ретінде берекелі, кең кеңес болған еді. Біздегі гастролер, жазушылар, тілдер, кітап пен білім-өнер тарату жөніндегі көп нарықтарді индиялық достар көп-көп сұрады да, біздің бәріміз кезектеп көп түсініктер беріп, жауаптар айттысық.

Банголордан соң самолетпен ұшып келген қаламыз атақты Хайдарабад болатын. Бұнда да ең әуелі бас ми-

нистрде аз әңгімеде болдық та, соナン соң қаланы ара-
лауға аттандық.

Алыстан атын естіген зор имараттың бірі «Чарми-
нар» төрт мұнара мешіті болатын. Бұл XVI ғасыр
тыңдысы. Индиядағы дін-мінажат орындарының шебер
сәнді жасалған ескерткішінің бір зоры деп саналады.
Төрт мұнара мешіттің төрт шетінде болғандықтан айна-
ласының бәрі әсем де тең безелген. Кірер арқа есіктер-
дің мандайларында мұсылманша каллиграф жазуме-
аят-сүрелер қашалған. Хайдарабадта ескілі-жаңалы
лу ескерткіштер аз емес, әлденеше. Бірақ солардың бә-
рінде де күмбез үлгісі әсіресе мол көрінеді. Ескі има-
раттар ғана емес, жаңа салынған жоғарғы сот үйі сияк-
ты жайлар, үлкен бақтарға кіретін дарбазалар және
басқа да әлеуметтік үй-жайлар тегіс ақ күмбезді стиль-
мен безелгенді. Бұл, әрине, ісләм архитектурасының әсері
деседі.

Хайдарабад тегінде Индиядағы мұсылмандардың мо-
лырақ тұратын қаласының бірі. Бұнда қазірде де 18
процент халқы мұсылман деседі. Тіл көбінше «үрду»
тілі. Жергілікті халықтың бұл қаладағы тілі сол «үрду»,
болғанда, ол тілде тек мұсылман индустер ғана емес.
Жалпы индустер де сол «үрду» тілімен сөйлейді. 80
процент халқы индуизм дініндегі индустер. Ал Хайдара-
бадтың бұрынғы заманнан келе жатқан және бүгін де
еміршісі бол тұрган әкімді Хайдарабадтың «низамы»
дейді. Ол қарт әкім ескішіл көзқарастардың адамы.

Индия республика жариялар қарсанды бұл өз әкім-
ділі үшін осы уәляйтта ереуіл жасап, көп алысқан. Ке-
лісім бойынша ол рачпрамук, бекзада әкім, мұсылманша
«низам» қалпында осы уәлятты билеп қалған. Бұл
адамды сыртынан естіген қысқа хабарда аса бай және
ете сарап, соның үстінен өзін және ақын дейді.

Хайдарабад қаласында рикшалар жок. Жаяу рикша-
ның орнына велосипед мініл адам таситындар көбірек
кездеседі. Жалпы осы қалада велосипедпен жүрген
адамның қалыңдығы ешкідей өріп, қаптап жүр. Бұнда
зурухана «Осман» деп аталады еken. Себебі низамның
аты Осман Алихан болғандықтан соның атымен аталған.

Қаладағы колледж, кітапхана, «Тажмахал» деген
гостиницаны қаламен таныстыруышылар ең алдымен
ауызға алады. Низамның сарайы өзінен белек болғанда,

бірнеше үлдары, қыздары тұратын сарайлары жана үлгіде жеке-жеке салынған.

Ірі феодалдар сарайлары, бірнеше фабрика, үкімет қонақтарының үйі, министрлер үйлері — барлығы да жана аудан — Банжара дейтін қаланың жана бөлігінде орналасқан. Бұл қаланың тұрган жері бір жағы көңілдегі жартасты төбелер болады екен де, соның көл жағаларына, тас үстімен араларына сәндеп салған ақ сарайлар әр түстен әсем көрінеді. Көл айналасында деңсаулық министрінің өз үйі, низамның үлкен ұлының сарайы ерекше көзге түседі. Бұндағы аурухана емес, университеттің аты да «Осман» екен. О да низамның атымен аталған.

Қаланың көлді айнала салған бөлімдері байлар мен министрлер, басқа әкімдер сарайлары болғанда кейбіреулерінің аз да болса әдемі бақтары бар. Ал кейбір тамаша жаңаша стильдегі сұлу үйлер көк өспейтін қойтас, шоқыр тастандардың ортасына әдейілеп салынған тәрізді.

Хайдарабадта да біз Индия-Совет достығының қайраткерлерімен жақсы кездестік. Кейбіреулерінің үйлеріне барып, индия орташа семьяларының тұрмыс жайын, үй мекенін, тұрғын орнын көрістік. Соңғы соңғы мол бір уақытты Хайдарабад университетімен танысуға арнаған едік.

Бұл университеттің бастығы вице-канцлер өзі де академия мүшесі екен. Рамен туралы қысқа ғана ойын түйіп: «Ол кісі натурфилософ. Аңсағаны, баққаны — көбелектер мен рендер» деді. Бұл адам университеттің жайын әуелі өз көңсесінде отырып үзақ баяндаған соң, бізben еріп жүріп, көп колледждерін, мәдениет орын-жайларын мол аралатты.

Бұл университетте 12 мың студент оқиды. Соның екі мыңды қыздар. Факультеттері көп сала ғылымдарға бөлінген. Университет 1918 жылы салынған екен. Профессорлары Индия мен шетелдерде білім алған адамдар. Англияда, Францияда, Германияда оқып қайтқан ғалымдары бар екен. 200 профессордың 50—60-ы доктор наук дейді.

Университет кітапханасында 111 мың том кітап бар. Бұндағы бір ерекшелік кітап қоятын стеллаждары тегіс темірден істелген. Гуманитар бөлімінде философия, лингвистика, нақтылап айтқанда: санскрит, араб, парсы,

ұрду және қазіргі индия тілінің біреуі оқылады екен. Арнаулы әйелдер колледжі де бар көрінеді. Стипендия ең жақсы оқитын студенттерге беріледі. Қөшілік өзі төлеп оқиды. Жылдық оку акысы 120 рупий.

Тұс ауа бергенде біз қала бастықтарымен ұшырасқытын құрмет мәжілісте болдық. Ас үстінде бөлек-бөлем топтар боп әңгімелесіп ек. Менімен жергілікті екі-үш министр бір мәжілісте болды. Сол адамдардың бүл уәлаят туралы берген деректері еске аларлықтай. Осы уәлаяттағы тіл саны төртеу екен. Олар: ұрду, телегү марати, канери. Ал кеңсе қағаздары барлық министрлікте, жоғарғы орындарда тек ағылшын тілінде жазылады. Аудандар кеңсе қағазын өз тілдерінде жүргізе де, орталықпен қатынаста көбінше ағылшын тілін қолданады.

Сот орындарының бәрі де үкім, тергеуді ағылшын заңы бойынша жүргізеді екен. Эрине, ол ағылшын заңдары бүл елдің діні, ғұрыптары, семьялық-моральдық, ескі феодалдық әдет заңының бәрін еске алған. Ағылшын заңына бүл жақтың діні мен әдет-ғұрпымың ерекшеліктері қосымша бол араласса керек.

Сонымен, мысалы, ісламның шариғаты төрт әйелмен некелесуге мүмкіндік берсе, индия мұсылмандары үшін британия заңы сол мүмкіншілікті қостай, құптай қойған. Өзге діндер шарттары, елдер салттары және осылайша британия заңына қосымша бол тіркелген болады. Сол себепті де Англия заң кодекстері әр саты сот кенселерінің негізгі тірегі бол отыр. Бұнда тіл жағынан алғанда мектептер арасы да қым-қиғаш қызық. Ағылшын тілінен құтылу онда да оп-онай емес. Себебі мамандық білім беретін жоғары дәрежелі мектептер ғана емес, орта мектептердің де көбінде оку құралы, оқыту ағылшын тіл болып жүр.

Министрлердің айтуы бойынша бүл уәлаят халқының көбі сауатсыз. Сауаттылар саны 12 процент болғанда ағылшын тілін білетін анық халық бір проценттен аспады деседі.

Хайдараабадта болған күндердің ең бір есте қаларлық өзгеше күні біздің Аджента мен Эллора ескерткіштеріне сапар шеккен күніміз болды. Аджентаға біз автомашинамен елсіз тауларды аралап, үш сағат жүріп жеткен едік. Бүл арада Вагора деген өзен бар. Марати тілінде «ваг» деп жолбарысты айтады екен. Бүл тауларда жолбарыс әлі де бар дейді. Өзен аты содан аталған.

Жол әуелі бірқалыпты тау жоталарын басып өткен жүріспен өтті. Кейінірек Аджента қыстағынан соң ғана жол көріністері жиі өзгере бастады. Ендігі жолымыз тауларды айналып, бірде өрлеп, бірсесе құлдай түсіп көп оралды. Бік құз жағадан карниздей кенерे жолдан оралып, шимай салып жүрдік деуге болады. Кейін Аджента ескерткішіне жеткен жерде, жүргіншілерге арналған азғана үйлер жанында машиналарды қалдырып, таудың биік бетіне қарай жаяулап шықты.

Жаяулар жолы асфальтталған, тасты қашап басқыштар орнатқан өте жайлы, жақсы жол екен. Қын қияда, жол жағасына жактаулар жасаған. Ауыр өрге тас басқыштар құрған. Тек жаяулар ғана жүретін осындай жақсы соқпақпен шұбыра жүріп биік таудың иығына шыққанымызда арғы ой-қойнауда Аджентаның барлық үнгірлерінің кірер ауыздары көрінді. Біздің бұл келген жеріміз қалың таудың бір қойнауын үнгіп қазып, қашап шауып жасаған толып жатқаш ескі храмдар орны болатын.

Бізбен бірге барған археолог енді әңгіме бастады. Бұл үнгірлердің храмдары Индия мәдениетінің алып тарихының ескерткіші деп саналады. Осы қойнауда тауды үнгіп, тасты шауып жасаған 29 храм бар. Олардың ең ескілері біздің әрадан бұрынғы II ғасырда салына бастаған. Ең соңғысы біздің әраның VII ғасырында кеп жасалған. Қазір біздің көретініміз сол торыз ғасырдың туынды ескерткіштері.

Индияда VII ғасырдан бері қарай буддизм діні әлсірей бастайды да, бұл үнгірлердің храмдары тозып кетеді. Соңан соң көп ғасыр бойында дәл осы гажайып орындар ұмытылғандай бол еске алынбай қалады. Тек 1819 жылы бір топ әскери адамдар аңға келіп, осы үнгірлерді табады. Кейбіреулерін аралап ішіндегі суреттерін көріп, «Ост-Индия компаниясына» білдіреді. Содан кейін Англияның «Королевское общество» көніл аударады. Фергюссон, Гриффит, Леди Херинген снякты бір топ адамдар зерттеулер жазады.

Оксфорд университетінің еңбектерінде бұл үнгірлердің жайынан мәліметтер жарияланады. 1914 жылы Хайдарабадта осы ескерткіштерді молырак зерттейтін археологиялық қорам жасалады. Кейін 1950 жылы барлық осы ескерткіштер мен олар тұрасындағы қам түгелімен Индия үкіметінің өзіне көшеді. Содан кейін республика

үкіметі бул орындарға аса көп көңіл боліп, мол қаржат шығарады. Сейтіп қазіргі күнде 29 үнгірдің көбінің ішінде реставрация істері жүргізіліп жатыр. Қопсы бастаған ескі фрескалар ондалып келеді. Италиядан келген тәжірибелі мастерлер мамандық көмек етіп жүр.

29 үнгірдің бәрі де адам қолымен қазылған да көбінің ішінде сонау ескі замандардың шеберлері салған ғайып суреттері бар тас мұсіндер мол. Бұлардың ішінде онай тозарлығы сурет фрескалар десек, соның да өздері әлі 100 жылдай ізі жоғалмай сақталуға жарап, лық еken. Бірақ соған қарамай, енді оларды ондау ісі шындал қолға алынған.

Осы ғажайып ауыр істі алыштар қажырымен мойныға алып үзак жылдар бойында бір ғана үнгірдің бірер ғана тармағын қазуға, әсемдеуге өзінің түгел өмірін берген, бар тірлігін сарп еткен адамдар болған. Ал олар — діншіл сопы, монахтар. Барлық осы 29 үнгір храмды қау羞шылар өзге емес, дәл сол монахтардың өздері дейді.

Монахтардың ішінде наесілден наесілге, заманинан заманға өнер қалдырып, әртүрлі сәүлетті көркем шеберлік таратып, үстаздық етіп кеткен ірі суретші скульптор, архитектор, эстет өнерпаздар болғаны даусыз. Солардың 900 жыл бойындағы еңбектерінің нәтижесі мынау бір кең сайдагы бүкіл бір дәңгелеңген үлкен тауды үнгі қашап жасаған мынау 29 ескерткіш. Таудың тасы жай тас емес, әлдене замандарда болып өткен вулкан әлегінен туып қалған біртұтас порода (тас бітімі) еken.

29 үнгірдің бесеуі Будда дімінің анық храмдары. Қалғандарында монахтар, сопылар өздері тұрған еken. Бірақ бар үнгірдің әрқайсысында сурет бар. Солардың ішінде ең жаксылары: бірінші, он алтыншы, он жетінші номерлер еken. Ескі үнгірлер сегізіншіден он үшке шейінгі үнгірлер саналады. Оларда архитектура, скульптура және сурет (живопись) бәрі бар. Бұлардың тақырынтарын, мазмұнын алсак, ол декорация немесе портрет, немесе белгілі бір оқиғаны әңгіме еткен фреска. Солардың ішінде декорация ретінде ғүлдер мен ағаштар сиякты есімдіктер салынады. Портреттерде Будда мен оның шәкірттері және солардың бастарына кешкен неше алуан қалдері баяндалады. Әңгімелі мазмұн да Будданың өміріне байланысты туған оқиғалар болады.

Біз осы «үнгір-ескерткіштердің» көбін араладық. Со-

лардың ішінде бірінші үнгір храмда нелер ғажайып жай-
лар көрдік. Сыртынаң білік таудың кеуде тұсындағы,
кендігі дарбазадай ғана бір үнгір басталады да, ішіне
кірген соң бар дүние мұлде өзгеріп, басқаша бол кетеді.
Кірген жерінде таудың іші үнгір екенін сәтте ұмытасыз.
Әйткені алдымында үлкен дөңгелек зал тәрізді бір жай
басталса, соның төбесі қоңыр тартып, қарауытып зор
биікке кетіп жатады. Содан әрі тағы бірнеше, төрт бұ-
рышты дөңгелек, ұзынша үй-жайлар кетеді. Бұлардың
бәрінін орталарында ғажайып шебер жасалған тас мұ-
сіндер, барельефтер жоғарыда аталған дін хикаяларын
баяндайды.

Кейбір қалтарыстарда биік иыққа кетіп жатқан әде-
мі, жайлы басқыштар бар. Едендер жалтырап, мұлтіксіз
сұлу қашалған. Айнала қарасаңыз, жоғары біктен тө-
менгі етектерге дейін қабырғалардағы фреска суреттер
бірімен бірі жарысқандай. «Мені көр» деп тайталасқан-
дай болады.

Көп суреттер фрескалар және скульптуралар Будда-
ны танытады. Бұнда ғажайып бір фреска Будданың ең
алғаш биік ағаш түбінде өзіне әулиелік даритын шағын
«просветлениені» тосып отырған кезді көрсетеді. Сонда
демон-әзәзіл оны инетінен аздырып, алаң етпек болады.
Көп сұлу қыздарды әкеліп жанынан, алдынан бұралтып,
оралтып қызықтырады. Аздырмақ болады. Өзінің сүм-
пайы, қорқынышты ажарымен шошытпақ та болады. Бі-
рақ Будда азбайды. Тұған анасына да сырт беріп, сол
ақтыққа, игілікке берілген бетінен қайтпайды. Кейін осы
тақырып христиан дінінің үгымы бойынша болатын мак-
шар күнін суреттеген Микельанджело ғажайып фреска-
сынан, Римдегі Сикстинская капелласынан еске түсті.
Алдыңғыдан соңғысы кейбір тақырып, мазмұн жайларды
үлгі етіп алған ба, қалай деп ойлайсын.

Бұл мәселеге кейін Римді аралаған күндерді жазға-
нында айрықша тоқталмақшымыз.

Будданың айналасында қыздардың неше алуан сәні,
сұлы жасалғанда, шаш тарау, шаш түюдің (прическа-
ның) өзінің де неше алуан үлгілері бар. Бар үнгірлерді
санаганда әйел прическаларының 240 түрі бар екен де-
седі. Будданы азғырушы әзәзіл-жынының өздерінің жүзі
де қорқынышты құбыжық қалыпта, сан алуан бол са-
лынған. Міне 29 үнгірдің бәрі де осындағы таңғажайып
өнер іздерін, ескерткіштерін танытады.

Бізді ертіп жүрген маманың айтуынша Будданың ең өзгеше ұлы бейнесі жасалған бір фреска Будданың қолына лотос үстап отырған күйде бейнелеген. Бұл фресканы «дүние жүзіндегі сән артық, асыл» санайды екен. Осындағы ғажап бір ерекшелік Будданың көзін суреттеуде. Эуелі Будда бейнесіне алдынан қараган едік. Онда бар жүзі, денесі тұра бізге қарап түрған сұлу жүйе болатын. Кейін біз тобымызбен он жақ бүйірге шығын қараганымызда Будда бар денесімен бізге бұрылғандай болды. Содан екінші қарсы бүйірге шыққанымызда тағы да бар денесімен бізге бұрылды. Осы жайды ескі шеберлердің өзгеше өнерпаздықпен жасаган «сикірлең» қасиеті есепті бағаласады.

Барлық үнгір храмдар мен жатын орындар толған неше алуан көркем өнер тұндылары 900 жыл бойынша сансыз көп монахтардың қолымен жасалған дедік. Ол монахтар осы істерін өздерінің сопылық, тәркі дүниелік, діндарлық, құлшытырып ретінде орындаған. Осы істер олардың өзінше намазы, оразасы есепті болған. Рас, әрине, шеберден шебердің айырмасы бар, таланттан таланттың озғыны мен бәскілі бар. Соған орай кейбір фрескалар жаңағы бірінші үнгірдегі тәрізді ғажайып көркем болумен қатар, кейбіреулері әлдекайда төмен, орташа боп шыққаны да бар. Ол сол замандар мен таланттар араларындағы айырмыстардың айғағы есепті танылуға лайық.

Осы күні түстен кейін Аурангабад деген қалаға қайта оралып келіп, тағы бір атақты, зор ескілігі көп Эллораға карай өттік. Бұл жерде және де храм тәрізді ескілік имараттары өте көп. Анығында Индияның көне өнерінің шын ғажайып үлгілерін атағанда, алдымен аузызға алатын орындар Аджента мен осы Эллора деседі. Эллорада буддистердің, индуистердің және сол діннің бір тарауы болған «жайнізм» діннің ұлы ескерткіштері бас қосқан.

Осы қатардан ерекше оқшау бөлініп түрған бір галамат храм бар. Бұл Эллораның үлкен бір таудан шауып, қашап жасаған ұлы храмы. Өзі VIII ғасырдың ескерткіші. Бұны жасаған монахтар емес. Тегі индуизмда монахтар болмаса керек. Ол буддизмің белгісі, ерекшелігі. Мынау храмды салдырған бір махараджа дейді. Өзінің қоластына қараган халықты үнемі айдалап салып отырып, үлкен бір таудан сол таудай үлкен храм шап-

тырып жасатып шығарған. Осы храмды 70 жыл бойында еңбек етіп, бір уәлаяттың халқы бірнеше буын адамдарының, өнерпаздарының өмірін сарп етіп жасапты.

Индустер дінінің храмы болғандықтан бұнда Шиваның және басқа сол дін құдайларының жайлары тас мүйін суреттермен баяндалған. Тау-тастан жасалған храмының сырты мен іші бірдей тан-тамаша етерлік өрвек пен суреттер, келісті шебер құрылыстар. Анық, үлкен мол өнер, өнімді өнер мен шеберліктің жыны кескіні, тұлғасы осыдан танылғандай.

Храмның төменгі жақтары өншең ірі айуандардың кескіндерін бейнелейді. Бұнда пілдер, арыстандар молырак көрінеді. Кей жерлерінде су ағар арықтар жасалған. Оның өзі де сол жаңағы біртұтас тау-тастың өзінен шабылған.

Осы храмның елесін көкейге қондыру үшін мысалға бір үлкен тектүрді алуға болады. Соның сыртының бәрін осы күнгі кірпіштен, ағаштан салынған шеркеулер, мешіттер тәрізді безендіріп жасайды. Соның үстіне жаңағы мұнара, күмбез, карниз, қабырғалар болса, соның бәрінің сырты неше алуан құдайлар бастарынан кешкен хал-жайларды, соғыстарды, ғаламат орасан қырғын қактығыс-тартыстарды сол тастың өзінен суретпен қашап шығарған. Сейтіп жартас храмның есіктері, терезелері, балкондары және сансыз көп діңгек (колонналары) туғелімен тастан қашалып жасалған қызық оқиғалы әңгімелерге толы. Бұл жағынан алғанда мысалы, тәрт-бес қабат үйдің биіктігіндегі болған тау храмның ене бойы өзі бір кітап оқығандай әңгімелерге қандырады. Бейне бір бүкіл жартас туғелімен үзак дастанға ғажайып турде ауысып құйылғандай. Анығында Эллорадағы «Шиваның жұмағы» аталатын осы храмның көп оқиғалары Индияның әрі дін кітабы, әрі ғажайып дастаны — Махабаратаның әңгімелерін баян етеді. Әр белімдерін бірде соғыс, бірде басқа тартысқа арнайды. Соңда құдайларын, пілдерін, арыстан, аюларын, ат тәрізді көліктерін туғел араластыра отырып, сол ескілікті білген жандарға күй күніренткендей болады.

Бұнда скульптура, бәрельеф, орнамент — бәрінің де өнері түгел өз өрістеріне жеткендей. Сол сырттағы күйлер әңгімесі біріне бірі байланысты көрініс-тартыстар-

дың барлығы — бұл тау храмың ішінде және де үдей түсken.

Храмың есіктерінен аттап ішіне кіргенде, тұтас тастан шабылған орын-жай деп ойлау әсте мүмкін емес. Қәдімгі үлкен мешіт, зор шеркеу, сәнді сарай ішіне кіргенде кірпіштен, тастан, ағаштан қызып жасалған келісті залдар, басқыштар, балкондар, колонналар бар емес пе? Мұнда солардың барлық қалпын бұлжытпай құйып қойғандай дәл келтірілген. Ішінен қарағанда да храмың төбесі шырқау биікке көтеріліп кетіп жатады. Анық, кеп шебердің қолымен қаланып, сыланып жасалып шыққан ұлы сұлулық құйылсынайдай.

Бұл храмың айналасы және де толған мінажат орындары, зор ескерткіштер екен. Осында Аджентадағы тे-різді 12 ұнгір храм буддистердікі. Мынау үлкен храмнан басқа тастан ойылып жасалған үлкенді-кішілі 17 храм индуистердікі. Және 6 храм жаннистердікі екен. Бұлардың ішінде буддистер храмдары ең ескілері саналады. Қазіргі күнде қайран қалдыратын — сол замандағы адам өнерінің шеберлігі. Салдыруши, катал әмір иесі раджамахараджалар болғанмен, осындағы өнер үлгісін ойлап тапқан бай қиял, орындағы білген шебер қолдар — барлығы да бағы заманда анық халықтан шыққан өнер-паздардікі. Солардың ұлы өнерінің ажалдан тыс мәнгілік ұлы іздері тәрізді. Тас храмдардың бәрі де өздерінің өзгермес мығым тілі мен сондайлық өнер түрін жырдай етіп, бүгін күні бойы өздері үн салып баяндағандай болды.

Аджента мен Эллораның «тас дастандарын», эпопеяларын оқып шығып, ойға алған таңдануыны қиялдың бағалары осындағы еді.

XI. Тағы да үлкен қала болмысынан

Біздің ендігі сапарымыз Индостан жарым аралының батыс жағын орағын түсіп, терістікке қарай қайта өрлей бастаған-ды. Бір шакта Индияның шырқау терістігінде Гималай түбінде болғамыз. Одан беріде шығыс жақ шегі Бенгал қойнауы Қалькутта қаласында болдық. Оңтүстіктің құрғактағы ең шеткі шегіне Каморин мүйісіне соғып еттік. Оңтүстікте Кочин, Тривандум, Траванкур, Банголор, Майсур атауларының айқыш-үйқыш жүріспен тегіс кезіп еттік.

Хайдарабад, Аджента, Эллора баршасы оңтүстікten терістікке қарай беттеген жолымызда болатын. Енді Хайдарабадтан үшқанда, біз Бомбейден кеп шыктық. Бұл, Индия мұхитының бір қойнауы — Арабстан теңізінің жағасында тұрган аса зор қаланың бірі. Бомбейде уш жарым миллион халық тұрады. Қалькуттадан соңғы Индияның ең үлкен қаласы осы.

Теңіз жағасындағы порттың бәрі дүниежүзілік порт болғанда, Бомбей қаласы сол порттардың анық дүниежүзілік ең үлкен, ең атақты портының бірі саналады екен. Сондыктан да бұл қаланың тарихында дүниежүзілік сауданың орны өзгеше. Бомбей қаласы бүгінгі тұрган анық европалық көрікті құрылыш атаулысының бәрінен өте жас қала, жана қала. Мысалы, бүгінгі Бомбейдің осы тұрган орында 80 жыл бұрын қала болмады. Бомбей өзі аралда тұр. Ені бір-бір жарым миль, ұзыны 11 миль арал бүгінгі Бомбейдің тұрган жері. Осы арал мен құрғақтың екі арасын бөліп тұрган бұғазды қазір үлкен көпірмен басып өтіп, арал мен құрғақ арасы білінбей қосылып кеткен. Қала бұл атыраптың аралы мен құрғағының бәрін қаптай басып-қосып, аса жайлы мекен тапқан.

Бомбей қаласында біз өзге қалалардан гөрі көбірек тоқтап, қала тіршілігінің бірталай жайларына молырак қанықтық. Айдан асып бара жатқан сапарымыздың аяқтап келген кезі осы күндер, Бомбейге жеткен шактар болған соң да, біз асыққамыз жок. Ал Бомбейдің бөгде қонақ білсем дейтін өзгешеліктері, әрине, және де аса мол еді.

Біздің Бомбейден соңғы қайтып оралатынымыз Дели. Осы жайлардың бәрін еске алғып, ұзақ жолдың соны өзгеше үлкен қалара соққан соң, біз бұнда бірталай жайларға үңіле қарай түстік.

Бомбеймен танысуымыз Бомбей губернаторымен кездесуден басталды. Бомбейдің губернаторы кофе мен шай үстіндегі аз мәжілісте біздің топқа жақсы бейіл көрсетті. Шыншыл жұзбен елеулі бір сез айтты. Тек мактап, кетере сәйлемей, ұлы қаласының жайын еркін сыншы оймен сипаттады да: «Бомбейде жақсы да көп, жаман жай да көп» деді. Кейін өзі өртіп жүріп парламент залини көрсетті. Сол парламентте өзі отыратын жоғарғы орын — ложа бар екен. Біз сол арадан кеп, төмендегі парламент залинда жатқан мәжілісті сыртынан

шолдық. Бұнда, жоғарғы палатада жарыссөз жүріп жа-
тыр екен. Зал дөңгелек болғанда, оц жағы және көп жа-
ғы үкіметтік партия — конгрессистер партиясының оты-
ратын жағы. Сол жақта оппозиция — қарсы партиялар
депутаттары отырады екен.

Үзіліс кезінде тәменгі палатаның мәжіліс жайларын
да аралап таныс болдық. Губернатордан кейін біз кино
өндірісі ең күшті қала осы Бомбей болғандықтан, бір
мезгіл документалды суреттердің студиясына келдік.
Тегінде Индия кино-суретті аса мол шығарады. Жылы-
на 200 суретке шейін шығады деседі. Сол кино өндірі-
сінің Индияда екі үлкен орталығы бар. Біреуі — Мадрас,
екіншісі — Бомбей. Бомбейде кино өндірісінің бір тобы
үкімет қолында және бір бөліктері жеке капиталистер
өндірісі саналады. Бұнда тұтас киностудияның иесі бол
отырған фабриканттар да бар.

Индияның киносы тегінде өзге кино суреттерден ұзын
болады. Мөлшері орта шамасы 3000 метр суреттер бола
береді. Ондай ұзын суретті индия көрушілері кәдімгі
театрға келгендей үзіліс (антракт) жасап, үш-төрт са-
ғаттай қарайды. Театры болмаса да кино өндірісі мен
өнері индия халқын өзіне түгел қызықтырып, бұрып ал-
ған деуге болады. Бір ғана көркемөнерлік жағы емес,
тіпті әдебиеттік шығармалық еңбектердің де бірталай
жақтары киноға қарай көбірек ауысып, ойысып кеткен
тәрізді.

Осы туралы біз кейінірек сөз ететін бір жайлар мез-
гілімен айтылатын болғандықтан, әзірше үзап сөз ет-
пейміз. Жалғыз ескерте кететініміз, Индия көркемөнері
мен әдебиет өнерінің ортасында кино-өндірісінің тара-
зысы анық басыңы. Бейілдің, күштің, қаражат көмек-
тің көптен көбі осы салаға сынаржақ болса да, сайып
кеткенге үқсайды.

Документалды суреттер студиясы бізге бір топ сурет-
тер көрсетті. Бұнда Индия өмірінің әр сала, әр киыр
шеті жан-жақты көрінгендей. Мысалы, Непалда, тауда
ғылымдық экспедицияда жүрген бір топ адам журісі
өзінше қызық мазмұнды болып көрсетілген. Зерттеуші
топ қарлы қалың таулар арасында тұратын буддистер
ортасында соғады. Сол елдің музыкасы, биі, неше алуан
цирк өнеріндей, адамды таң қылатын көріністері сурет-
теледі. Аузын, үртyn бізben тесетін артистер көрінеді.
Немесе би үстінде аузына өткір қылыштың ұшын сақ

еткізіп сұғып жіберіп, бір жақ үртyn сол қылышпен бұлтита керіп, тіреп қоятын ойыншыларды көрсеткен.

Этнографиялық жайды, деректерді экзотикалық қалыпқа айналдырып еріксіз көңіл бөлгізетін, көз тартатын елеулі документалды сурет жасаған.

Екінші бір документалды сурет — терістік Индияда тауды жарып, тасты қашап канал, плотина, электр станция, су қоймасын жасап жатқан машиналы, техникалы тегеуріні күшті еңбекті баяндайды. Үшінші бір сурет — оңтүстік Kochin, Тривандум, Траванкур тәрізді өлкелердің неше алуан байлықтарын бояулы суретпен көрсетеді. Соңғы бір суретте Индияның әулие қаласы Бенарестің ерекшеліктерін жинай баяндапты. Бар оқиғаны Қытайдан келген монахты жүргізіп отырып, соның аралап көрген дүниесі ретінде кезегімен тізіп көрсеткен.

Сөйтіп документалды сурет өзінің желілі идеологиясымен қоса жасалған. Кейін де біз Бомбейдегі кино өндіріс орындарында бірнеше рет болып өттік.

Кешкі шакта бар тобымызбен Индия-Совет достығы қоғамының үлкен жиналышында болдық. Бомбейде, тегінде, мәдениет қайраткерлері арасында біздің Отанда дос адамдар көбірек. Бізге белгілі Индия қайраткерлерінің бірталайы осында тұрады. Мысалы, Индия-Совет достығы қоғамының бастығы доктор Балига, бізге дос үлкен жазушы Мулк Раджинан осында тұрады. Одак халқына аттары белгілі кино қайраткерлері Радж Капур және басқа бір топ Индия суреттерінің ер-әйел артистері осы Бомбейде тұрысады. Жазушылардан Индиядагы кино-суреттердің бір тобымынң сценарийін жазушы біздің дос адамымыз Ходжа-Ахмад Аббас осында мекен етеді. Ақындардан: Али-Сардар Жафри де осы Бомбейде.

Үлкен зал мол толған жиында сол Балига, Мулк Радж, Али-Сардар сөйледі. Біздің тобымыздан да Сурков бастаған бірнеше жолдастар шынайы, қымбат достық — халықтар достығы жөнінде орынды, елеулі ойлар айтысып еді.

Бомбейде болған күндерде біз қаланың сыртында, дачалы жерде өз үйінде тұруши — әрі жазушы, әрі режиссер Ходжа-Ахмад Аббастын үйінде қонақта болдық. Бұнда адам көп жиналышты. Бомбейдің «үрду» тілінде

жазатын жазушылары, ақындары мен кинорежиссерлер, артистер, артикалар болған еді.

Одақ еліне мәлім болған суреттердің геройлық рольдегі еркегін, әйелдерін ойнаған артистер де болды. Бір топ ақындармен әңгімелесе отырып, одактағы біздің жазушы ақындарымыздың шығармаларын білетін, білмейтін жайларын сұрастырып ем. Жалпы одактық жазба поэзиядан Маяковскийдің атынан басқа ақындарымызды ауызға алысқан жоқ. Бір шакта қайтер екен деп «Жамбылды білесіздер ме?» деп сұрап ем, бастығы Али-Сардар боп үрду тілінде жазатын маған жақын отырған үш ақын өзара өздерінше бірер ауыз сез қатысып алды да, сол арада әндептің тұрып, бәрі қосылып Жамбылдың «Жана заң» туралы шығарған жырын айтты та берісті.

Тегінде Индиядағы ақындар жайы түрмис жағынан жеңіл болмау керек. Осы ақындардың біреуі маған сырқылып, бір-ақ ауыз сез айтты. Соңда барлық жайлар мәлім болғандай еді. Ол: «Қазір мен үшін ең үлкен қам — наң» деді. Басқа да көп ақындары сондайлық мұқтаждық күйде екен. Қарасөз бен қыска әңгіме, новелла болмаса, кино керегіне жарайтын оқиғалы әңгімелер жазатын, немесе сценарийдің өзін жазатын проза жазушылары күйлірек көрінеді де, ақындар жағы жүдеулеу. Олар да кейбір күннөріс қамын кино айналасынан табамыз деседі.

Ал үй иесі Аббастын жайы өзгеше. Оның жақсы бағы бар, үйі екі қабат, бөлмелері үлкен, келісті көрінді.

Осы кеште түн жарымына тақау қонақтан қайтын, қаланың ішіне кеп кірген едік. Біздің бір топ машиналарымыз Бомбейде біз тұрған үлкен сұлу отель «Тажмахалға» қарай беттеп келе жатты. Сол шакта үлкен көшениң бірінде ең алдыңғы машина — Сурков екеуміз бен Мұлк Раджинан үшеуміз отырған машинаны полиция тоқтатып алды да, тінтуге кірісті. Машиналың артқы бағажнігін сатырлатып ашып, жөнін айтпастаң біз отырған ішкі орындарды тіктіш, тіміскілей қарай бастады. Біз амалсыздан Мұлк Раджинаннан: «Бұ у несі?» деп сұраған едік. Жазушы досымыз қысылған жоқ екен, күлді де жауап берді: «Бұл құрғақ законның іске басқан әрекеті» деді. Сейтсек Бомбейде үш жарым миллион халық тұратын ұлы қалада «құрғақ закон» (сухой за-

кон) дейтін тәртіп бар екен. Бұл қала ішкілік атаулының бірде-бір түрін ешбір кісіге ішкізбейді. Бұнда, әрине, ондай ішкілікті саудалау да жоқ.

Шеттен келетін қатнас түрлерінің бәрі де қаланың ішіне кіре бере тінтіліп, текоеріледі, арак-шарап атаулы кімде болса да конфискациянеді екен. Біздін машиналарымыз қаланың сыртындағы дачалар ауданынан шыққаның қала шетіндегі полисмендер орталық аудандарға білдірген екен де, бір топ бол тізбектеліп келе жатқан біздің машиналарымыз сезікке алынған екен. Біз бұл тінтуге шынын айту керек, жөнін түсінген сон наразы болу емес, іштей қатты ырза болдың.

Жалпы ішкілік Индияда тегі жоққа тән болғанмен өзге қалалардың бәрінде де «ішем» деушілерге сатылатын әр елдің мындаған сортты арак-шараптары болатынын. Ал Бомбейдің қала басшылығы халықтың спущылығын, тазалығын сақтау қамымен мүлде арак, атаулыны сатуды тыйған да, өзінің жаңағыдай қатал законын кіргізген екен.

Бомбей қаласын түн ішінде аралау жолында, біз досымыз Мулк Раджинаннан қаланың өзге жайларын да аздал естіп келе жаттық. Орталық көп аудандары теңес-бес-алты үйлерден ғана құралған жөне әр үйлері өзіне белек көркем стилемен салынған қаланың көп өлкесі шынында сұлу, сәнді, мол мәдениет астанасын танытады. Теніз суы қойнау болып, қаланың бір шетінен кіре түскенде, қала көшелері мен жарагалау жолдары деңгелей иліп, айшық жасап ойысып келеді екен. Гүнгі мол жарық тәғілген осы айналма үлкен муйіс өзі бір үлкен бриллиант алқадай жарқырайды. Соған орай осы жағаны «Англия король ханымының алқасы» деп атадты.

Мулк Раджинан қаланың үлкен порт, аса зор сауда орны болып тұрған қалпын еске салды. Сейте тұра бұл қаланың үлкен обырлық капитал майданы екенін, қомағай қазан тәрізді сырьы, шыны барын да ашып айтты. «Мынау сіздер көріп келе жатқан Бомбей дәл осы түсінда ақша жасаушылардың қаласы. Вұнда сол ақша жасаудан басқа арман да, мүдде де, қасиет те жоқ жөне бұл қала сол сипатымен дүниежүзілік талаушылардың, сома жиょшылардың Индияға кіретін «есігі» деп салқын ойлы, сыншы адамның тенеуге толы шешен сөзін айтты. Бомбейдегі күндерде Индияның бізге шала таңыс өзге жайларын да анық достардың шыншыл, сын-

шы пікірлерінен жақсы үғындық. Бір дос жазушының өз отаны туралы айтқан әділ сыншыл шынға толы деректерін Бомбей болмысымен байланыстыра еске алғы өтейік.

Ең әуелгі бір мәселе Индиядағы «касталар» (ата-тегі, дәрежесі бойынша екшелетін қорамдық топ) жөнінде индиялық достар не дейді? Соңғы кездегі өкімет талабы, конгрессистер партиясының мақсаты бойынша, әсіресе Нерудің айтуы бойынша Индияда касталар жоғалу керек, жойылу шарт деседі. Бірақ сол жойылу ісі оңай емес болса керек. Касталар Индиядағы халықтың қорамдық тірлігінде талай мын жылдардан, бағы заманнан келе жатқан қорамдық жіктер. Бұл күндерде, әсіресе, жана Индияның жана қорамдық, тарихтық тірлігіндеңі үлкен дерптің бірі осы. Индия шындығын сәл бүркемелеп айтатын адамдар «каста» саны төртеу ғана дейді. Ол төртеуі: бірінші — браминдер (жрецтер) дін басылар тобы. Екінші — әскери қауым; үшінші — сауда қауымы; төртінші — қара жұмыс халқы. Бұлай санаушылар Индиядағы қалың топ, есесіз құл-қүң дәрежесіндеңі — аласталғандардың (неприкасаемыйлар) қалың тобын еске алмайды. Оларды касталардан, қала берсе адамдық қатардан төмен санайды. Ал осы аласталғандардың өзінің де молдығы ешкімнен олқы емес. Бұлар Индияда ешбір орынға, ешбір мұлік-жайға ие емес. Адамдық өмір, тірлік қатарына кірмейді. Қөшеде қаңырған иесіз жәндіктер тәрізді. Олардың есесіне тиғен жалғыз ғана арнаулы жұмыстар болса, ол — көшени сыпypyру, су шашу, лас-нас заттарды жинау, тазалау ғана.

Осы аласталғандар бүгінгі Индияда әлі бар. Джавахарлал Нерудің жазуы бойынша Ганди өз өмірінің көп кездерін, көп үгіт-өснегін аласталғандарды қорғауға арнаған. Индияның өзге барлық қауымдары, халықтары арасында Ганди жаяу жүріп, өзінің үгіт-өснег сөздерⁱⁱⁱ, әдейі осы есесіздер (индияша айтқанда хариджи) қауымының қамына арнаған. Оларда адам қатарында санап, халықтың үл-қыздарының қатарынан адамдық орын, дәреже правосын беру керек деп үгіттеген. Ал осы есесіздер бүгінгі республикалық Индияда өлі де бар. Қалада қайышылар, жоқ-жітіктер, жудеп солып сорлағандар тобын молайтумен жүр.

Касталар жөнінде біздің бұл айтқанымыз: шактап, жеңілдетіп, шындықты бүркенкірей сөйлеген адамдардың дерегі. Ал сыншы, сергек ойлы жазушы достың ән-

Гімесі бұл айтқаннан әлдекайда ауыр да, қын түйін жайлар есепті. Ол адамның айтуыша кастаның күші де, көбі де қалада. Қыстактарда ол жайлар басқаша. Ал қаладагы күйді алсақ, каста ретімен жіктелудің барлық Индияда бұл күнге шейін шынайы өмір тірлікте қаймағы бұзылған жоқ.

Өкімет касталар жойылсын дегенмен, ол әлі жойылған жоқ, жойылуы оңай да емес. Себебі индуизм дінінің өзі қофамдық құрылыштың касталық жікке бөлінуіне сүйенеді. Барлық діндік ресім салт-қағидалар өзі сол касталық жіктер бойынша қалыптанған. Қасталар арасы соншалық бітімсіз жырақ, шалғай да керегар. Мысалы, екі кастаның қызы мен жігіті бірін бірі сүйіп, үйлену былай тұрсын, тіпті екеуі бір ыдыстан ас іше алмайды. Біреуі ішкен ыдыс, екіншісіне арам есепті. Қөшілік санаында осы жіктер нанымды дін де, иман да тәрізді.

Біздің дос осыдан үш ай ғана бұрын болған бір оқиғаны, сол касталар мен ресім қағидалар, салттар тура-санағы түсініктің, нанымның беріктігіне дәлел етіп әңгімеледі. Газеттерде жарияланған оқиға бір семьяның трагедиясы жайында. Үш ай бұрын бір индус генерал қайтыс болған. Ресім бойынша соның өлігін отқа өртеген шақта жаңағы генералдың әйелі, былайша айтқанда көзі ашық, мәдениетті дейтін семьяның әйелі, күйеуі өртеген отқа өздігімен атылып, күйеуінің өлігін құшақтап бірге жанып өлген. Осы оқиғада жаңағы касталық, діндік, қофамдық шындықтың барлық дерегі мен айғағы айқын тұр.

Индия әйелінің қөшілік санаында, бұрынғы әйелдердің дін салты бойынша істейтін қарыз міндеттері бұлақта да сакталу керек болғаны. Ресми түрде ғана айқын, үлкен топтар болғандықтан, барлық индия халқынан төрт кастаны жоғарыдағыдай бөліп атасады. Анығында діндік, қофамдық, шаруашылық, кәсіптік, қандастық деген сияқты талай түрде сан алуан касталар толып жатыр деседі. Және сол касталық жіктердің бәрінің жайын материалistik дүние тану негізімен баяндап отырган жазушы досымыз, осы жіктердің бәрі және де түгелімен таптық қофамның қалпынша бөлініседі дейді.

Касталық түсінік, нанымдар әр бөлек кастаның өзінің ереже, заңымен, үғым-түсінігімен бүгінгі Индияның барлық жеке қофамдарында, семьяларында, жеке мүшелерінде әлі күнге жойылмаған. Әлі күнге күшті, құдірет-

ті қалпында. Сондыктан, біздің досымыздың айтуы болынша, оның өзімен бірге туысқан ағасының әйеліне шейін қан жағынаи, туыс жақтарынан бойларына сінгеш жол-жораны бірде-бір уақыт ұмытпайды, қаза қылмайды, деп сөйледі.

Бүгіндегі Индияның әралуан мәдениет салалары турасынан сөйлегенде біздің досымыз және де «Индия мәдениеті дінге көп байланысты мәдениет» деді. Ал ғылым мен көркемөнердің кино сиякты кейбір саласы Европаға еліктеу ретінде дамыды дейді. Индияның өзіндік жолын табу керек еді. Оның орнына еліктеу молайған жақтар көп. Сонымен мәдениеттің кейбір саласында Европаның декаденттігі де әсер еткен болды, дейді.

Ағылшындар Индия тарихын орыс мәдениетінен өте жырақ ұстаған. Сол себепті, мысалы, біздің досымыз өз басының білім іздеу жолын айтқанда: Маркс пен Горькийді мен тек ағылшының абақтысында отырған шактағана оқып, таныса алды. Ағылшын мәдениетін Индия тарихы сыңаржак, кейде біржактығана алған. Кей салаларда, мысалы, ғылым мен жоғарыдағы айтқан көркем-өнер көлемінде кейбір кезде барынша европалану болады да, екінші бір салаларда Индия мәдениеті талжылмай, өспей қалады. Ешбір жаңалық болмай, тумай, екі жүз жыл бойында бір күнде қалып қойған, кейіндеп қалған хал де бар, дейді.

Осы жөнде ойлағанда Индия әдебиеті көп өзгешеліктерді молырақ сактап қалған тәрізді. Соның орайына бұл әдебиет аморф күйде, шабандыққа түсіп қалған. Бұл ретте тілдердің жайы да Индияның жауапты жазушысын қын ойларға салатын көрінеді. Ол өзі ағылшын тілінде жазатын және пенджаби тілімен жазатын жазушы. Сондыктанғана емес, тарихтық сыншы, дұрыс кез-қарас бойынша ол ағылшын тілі арқылы белгілі дәрежеде Индияға әдебиет мәдениетінің келгенін даусыз деп санайды. Сондай Европа жаңалығы келмесе, біз үдайғы феодализм қалпындағы әдебиет өнерінен аспай қалуымыз мүмкін еді, дейді. Оның үстіне ағылшын тілінің өзі де тек жаудың тілі емес, мысалы Говард Фаст пен Фостердің тілдері екі басқа. Говард Фаст артық тілмен жазады, дейді. Индияның өзінің қайраткерлерін, халық басшыларын алғанда: Ганди, Неру, Кришан Чандр бәрі де ағылшын тілін қолданған. Олар сол тілде білім алғып, сол тілде өз халқының тарихы, тағдыры турасындағы

қамқор ойларын таратты. Бірақ сонымен қатар Индияның өзінің тілдерін де бұл күнге шейін өсіп келген дәрежесіне, мәдениетіне сай етіп дамыту керек, дейді. Сол жөнде және де сыншыл ой тарататынып, һинді тілін «көркемдігі аз» тіл дейді. Үрду олай емес, ол XVI ғасырдан бері ғажап бай классикалық поэзия тудырған. Бенгал тілі де сондай. Һинді тіліндегі сұлу әдебиет туындысы жоқ. Сол себепті өкімет ойлағандай 15 жылдан соң барлық Индияға һинді тілін жалғыз тіл ғып кіргізу оқай емес. Әдебиет тілі бұрын өркендеп өскен, нәзіктеіп өнерленген өзге Индия тілдерінің өз дәстүрін тастап, һинді тіліне ауысумен тумайды. Және онтүстік тілдері санскритпен байланысты емес. Олардың тіліндегі де һинді тілінен өте жырақ жатқан жайлар көп, дейді.

Сонымен бұл жазушы әр тілдер өз мәдениетін өсіре отырумен қатар ағылшын тілінен қол үзбек керек дейді. Бүгінгі тілдер ішінде ілгері мәдениетті бойына молырақ сіңірген тек Бенгал тілі. Ол тілде Рабинранат Тагордың ғана шығармалары емес, басқа да төрт-бес жаңа бағыттағы, ірі жазушылар шығармалары туған. Ол тілде роман жанры сияқты Индия әдебиетіне, тарихына мүлде жат жанр да туды.

Өзге тілдерде ондайлық дәрежеде әдебиеттің жаңа жанры өсіп дамыған жоқ. Бұлардың бүгінде де ең өскелең жағы тек поэзия. Оған да жаңа ырғак, үйқас пен өзге құрылыш жаңалықтары енген жоқ. Әлі де көбінше екі жолды мәснауи, бәйіт, разел, рубаги өлшеу ырғактары басым болып жүр.

Сондықтан ақындар жазып шығарудан гөрі, жырлап шыгуға көбірек беріледі. Әлдеқандай «мүшәйрада» бес мын, он мын жүрттың алдында өлеңдерін әндептің айттып, соны қанағат қылып жүр.

Бұл қалыпта көбінше мазмұн орнына орындау, айттып беру өнері көбірек алға шығады. Сол өлеңдердің 80 проценті тәмен сапалы бола тұрып, құлакпен қабылдауға, әнмен қанаттануға бейім келеді. Бұлай тірлік етуде поэзия үшін жарыс, өріс жоқ. Сын атаулы Индияда мүлде жоққа тән. Сондықтан әр тілдердің өздерінде өсіп жүрген, қолданылып жүрген поэзия шағын, шамалы өнерді андатады деуге болады. Оның орайына европапалық әсер, мәдениетті үлгі бойынша туған прозалық жаңалықтар өнімді, көңілді әсер етеді.

Қазіргі Индияда жаңа үлгіде өскен әдебиетті алсак,

соның көбі көркем проза мен қысқа әңгіме новелла түрінде туған үлгілер. Осы қысқа әңгіме мәдениеті біздің Индияда европалық дәстүрден ауысты. Журналдар әңгімелерінен үлгі алу нәтижесінде туды. Сол қатарда Индия новеллаларының 30—40 процентің анық реализм дәстүріндегі шығармалар деуге болады.

Осы жайды айта келіп, біздің досымыз жүйелік аса даулы бір мәселені сөйлемді. Ол, Индияда роман жок, роман тууға бұл күнге шейінгі Индия тарихында жағдай, болмыс шындығы және де жеткілікті болған жок, деді.

Индия әдебиетінде роман болмауы рас, ол өзі біздің көңілімізде үлкен бір қайшылық та олқылық есепті сезілуші еді. Қазір мына жауапты ой жазушының аузынан романның болмауын естудің үстіне «бұл шаққа шейін болуға мүмкін де емес еді» дегенді түсіну оңай емес еді. Оған көну әсіресе қын. Дәлелдерін сұрап едік: романның Индияда туатын шағы болған жок, жеткен жок, себебі, біз феодализмнен әлі шығып болғанмыз жок. Дін, каста, қоғамдық үй-ішлік түсінік жайлардын бәрі қат-қабаттаған шытырман күйде. Бұларды романмен су-реттеу оңай емес. Қалындал кіруге мүмкін емес. Сондықтан тіршілікті шеттеп жазатын, аз-аздап көрсететін күрь-лысы жеңіл, шешімі оңай әңгімелермен қанағаттану бұл шаққа шейінгі Индияның әдебиет мәдениеті көлемінде орынды болса керек. Осы пікір шынында аса даулы пікір болғандықтан дәлел ретінде біздің досымыз қанша даулар айтса да біздің илануымыз, күптауымыз қын болды.

Ол бір жазушы басындағы қыншылықтың мөлшерін шамалағанда мысалы: Диккенс, Лев Толстой, Шолохов үшеуінің бар сипаты бір жазушыда болса ғана бүгінгі Индияның шытырман шындығын роман жанрымен жазуға болады. Эйтпесе мүмкін емес, деп дәлелдерін аяқтаған еді. Мен осы жөнде бұл жазушымен де және кейін әңгімелескен ақын досымызben де біраз даулы болдым.

Даудың үлкені роман жанры турасында еді. Индияда феодализм басым болғандықтан, романда жанрында буржуаздық күрь-лыс кезінде гуатын жанр Индия топырағында тауарлық тарихтың жағдай таппаған тәрізді.

Мен осы жайды жеткіліксіз дәлел санадым. Себебі, бүгінгі Индияның өзге жерлерін қойып, тек қана үлкен қалаларын алса, XX ғасыр ортасының барлық машинз техникасы түп-түгел өз жағдайымен, бар дүниедегі шы-

тырман шартымен келіп орнап отыр. Орнауғана емес, миллиондар өмірін, еңбегін өзіне баурап билеп отыр. Бұл урбанистік, (қалалық техникалық мәдениет) әрине, өзіне лайыкты, өз заманының қоғамдық орталарын жасап, қоғамдық қарым-қатынас күйлерін молынан туғызып отыр.

Сол себепті буржуаздық-капиталистік дәуірден бастап, дүниеге келді дейтін роман жанры туарлық жағдайлардың бәрі де қасымызда, көз алдымызда, осы Индияның бар қаласында сықап толысып тұр. Шаруашылық, тарихтық, қоғамдық, сондай жағдайлардың бәрі өзге емес, бір ғана осы Бомбей қаласында, жеке көшесінде немесе бір квартал көлеміндегі талай бес-алты қабат үйлерінің іштерінде бар жағдаймен әзір тұр. Тілесеніз, сол үйлерде, кварталдарда, Бомбей кешелерінде тірлік етіп тұрган бүгінгі Индия адамдарының семьяларының, қоғамдық орталарының неше алуан қым-куыт қайшылық, тартыс, тайталас жағдайларын сан алуан роман етіп жазуға болады. Дәл бүгінгі шындық пен болмыстың осы айтылғандай жағдайларына сүйеніп, Индияның қай тілінде болса да: тарихтық, салттық, психологиялық, индустрілік, қоғамдық роман үлгілерін мейлінше туғызуға болады. Романның Индияда өспей қалуы тарихтан емес, сол өсүдің тағы бір алуан өзге жайлардағы сыңаржактық қайшылығы, олқылығы деп есептеуді менін көнілім дұрысырақ деп байлаған еді.

Осы пікірлер жолдасша іштесіп сөйлесу үстінде ашып айтылды. Қалай да болса даусыз бір шындық дос жазушымыз айтуынан тағы анықтала түсті.

Индия халқына сауатын ашумен қатар кітап, кітап, кітап керек. Әсіресе, дұрыс тәрбиелейтін кітап керек. Болмаса бүгінгі қалыпта Индияның сауаты бар адамдарының арасына ең көп тарайтын Америка макулатурасы — кітапсұмактары екен. Онда үрлых пен қылмыс, бұзық пен бұлік әрекеттер «қызық әңгіме» болып жазылады. Неше түрлі осалдық, осалқұмарлық түрлері, қылмыстары, қылыктары әңгімеленеді. Сондай кітаптар қазір Индияның барлық тілдерінде оңай аударылады. Бұрын американдар, ағылшындар жазатын болса, енді сондай кітаптарды пұл табу үшін Индияның көртартпа жазушылары да халтура түрінде жаза беретін болды. Осы кітаптар қазір Индиядағы ең арзан кітai. Өздері ерекше мол тиражбен шығарылады. Бір кітап бағасы бір

рупийден артық болмайды. Қейде төрт-бес ан (16 ан – бір рупий) тұратындары да болады.

Сондайлық «арзан, қызық», мазмұны бүлік кітапсымақтар атаулыны американдар мен ағылшындар Индияға өлердей тырысып, мол жайып жүр. Индияны осындаң кітаптардың селімен бастырғандай да боп кетеді. Ал жалпы Индия әдебиеті қолемінде сын деген мұлде жок, немесе жоқтың қасы. Олай болса жаңағы үдайы тараپ жатқан залалды кітаптардың сырны, шынын көпшілікке түсіндіру де жок. Міне осы себепті де бүгінгі Индияға кітап керек болғанда, өмірдің шынын, сырны терең ашатын реалиzm жолындағы, анық дуниежүзілік әдебиет мәдениетінің үлгісінде, дәстүрінде туған әнгімелер, по-вестер, романдар қажет.

Бомбейде біз қаланы көп араладық. Сол қатарда Махин аталатын ауданында бойня бар екен. Және де Қалькутта, Мадрастағы тәрізді нелер соракы жүдеулікті осы бойня маңынан көрдік. Бойня жұмысшылары тұратын кварталдар, жеке үйлер мен өте жүдеу жырым шоқпыт лашықтар бірі артынан бірі тізіліп, ұзақ қатарлар бол созыла берді.

Қаланың талай ауданы сауданын, банктердің, порттардың, заводтардың орналасқан тұстарында өте сәнді де сұлу. Бай қала, толған, болған қала деп ойлайсыз. Бірақ сонымен қатар бүл қаладағы жоқшылық та үшан-төңіз. Бұнда да үйсіз, панаңыз жандар жалғыз ағаштың түбін мекендереп, жалтаң көз, аш бала, жалаңаш әйел, жарымжан ерлер түрінде жиі кездеседі. Сондай жандары көп жерлерде машинаң токтай қалса қайыршылар қамап алады. Біреуіне бір тын берсең болды, сәттің ішінде жан-жақтан шулай топырлап, жалына үн салып, қамап келіп қозғалтпай қоятыны болады. Аш, жүдеу-жыртық, қайыршы балалардың өздерінен жылдатын топтың өзінен де құтыла алмайсың. Сондай жоқшылықтың ауыр ойға салатын сорлы ажарын бүгін күндіз, жаңағы бойня маңында анық көрдік.

Ондағы бірнеше кварталдай ұзын бойға және бүйір жақтарға созылып кетіп жатқан лашықтар қатарлары есінді шығарғандай. Жыртық жабу, шоқпыт жамау, қорда қоқсықтан құрылған пана болмыстардың реңінен адам шошырлық.

Кешеден бері бізді сұлулығымен, байлығымен, сан алуан сәнімен қайран еткен Бомбей, «Индияның өзге бір

қаласынан басқаша» дегізген Бомбей енді өзінің арқасын, екінші бір қырын көрсетті де, сол екінші жақ шегі, шеті де оқшау сүмдыштай аса жат көрінді.

Бомбейде жоғарыда біз айтқан әлденеше касталардың талайы бар. Сондай бір алуан дағды-дәстүрі бөлек Бомбей тұрғындары «парсы» дейтін жүрт екен. Бұлар көбінше саудагер. Қаланың көп үлкен үйлері, талай магазиндері біз тұрған «Тажмахалдай» гостиницасы — қысқасы, көп байлығы сол парсы байларына тиісті. Бұлар өздері үйымшыл, бірін бірі сүйегіш, ынтымақты. Өзгелерден өз тобын бөлек үстайтын халық көрінеді.

Әйелдері «сәриді» (әйел киімін) ұдайы актан киеді. Жиектері күміспен, алтынмен жиектелген сулу «сәрилер» көбінше сол «парсы» әйелдерінің үлгісі. Осы парсылардың өлген адамды қою дәстүрі Бомбейге жана келген жанның бәрін түршіктіргендей, өзгеше болады екен.

Естіген оқшау жайды анықтап білу үшін біздің біразымыз Бомбейдің тағы бір бөлімі — Малавар тауының етегіне бардық. Бұл арада «Үнсіз мұнара» дейтін биікше, ерекше орын жай бар. Парсының өлген адамының бәрі осы «Үнсіз мұнараның» түбіне арнаулы жабық машинамен күндізгі сағат 4—5 шамасында әкелінеді екен. Бұл араға еркектер ғана келеді. Содан кейін өліктің денесімен жаңағы мұнара түбінде жақындары коштасады да, өлікті сол мұнарадағы зияратшы күзетшілерге береді. Олар құлыша тиғен өлікті мұнараның басына шығарады. Бар киімін шешіндіріп жалаңаштайды, қолының буынын кесіп, аяғының буынын кесіп, әр жерінен қан шығарады. Ішін жарып, кеудесін ашады. Сөйтеді де мұнараның жайдак, жазық тәбесіне салып қойып, әуелі тауысты жібереді. Ол барып өліктің екі кезін шоқып жейді. Содан кейін өлген адамның жасына қарай, мұнараның тәбесіндегі жазықтың әр жеріне қоятын болады. Үлкен кісі болса мұнараның шетінде қалдырады. Эйел болса мұнара алаңының ортасына тақау қояды. Бала өлсе дәл жазықтың ортасына апарады. Ол арада құрқұдық бар, соның қасына қояды.

Осылай қалдырып кеткен өліктерге тұс ауа бере, қаптаған қаракұстар ұшып келеді. Бұл қаракұстар таңертенгі кезде бойнялар манында жүреді. Ал түстен кейін ұдайы мерзім алған дағдысымен жаңағы «Үнсіз мұнара»

үстіне келеді. Содан қаптай жабылып, жаңағы жалаңаш жатқызып қойған өліктің етін жейді. Сондай өліктерді осы орында қолынан атқарып жүрген күтуші-зияратшының өз әңгімесі бойынша: «екі сағаттан кейін өліктің қақ сүйегінен басқа бір жапырақ еті, бір тамшы қаны қалмайды». Осылайша етінен арылған адам сүйегі — қанқасы және біраз уақыт ыстық күн астында кеүіп жатады. Ал «Үнсіз мұнара» басында өзіне бөлек міндетті атқаратын диірмен бар. Өліктің сүйегі әбден кепкен соң, жанкүйер жақындардың ішіндегі ең жасы кіші еркегі келіп, сүйекті жаңағы диірменге тартқызып үктіреді де сол үгіндін жиып апарып, жаңағы «Үнсіз мұнара» төбесіндегі құр құдыққа төгіп кетеді. Жауын суы оны шайып ағызып, теңізге әкетеді. Міне «касталық», «дін-дік» дәстүрлердің бір алуаны «парсы» атты халықтың арасында осындағы ескі занды танытады. Парсылар отқа табынатын, ете ескі, зәрдүшт (зороастр) дінін тұтынған, ескі замандарда Ираннан осы Индияға ауып келіп орналасқан халық деп саналады.

Бомбей қаласында жақсы да, жаман да көп деген сөзді ең алғаш Бомбейге келген сағатта естіген едік. Бұрыннан атағы бізге мәлім Бомбейде аспалы бақша бар. Бір уақыт біз сол аспалы бақшаны көруге келдік. Бұл бақша қалаға тұщы су беріп тұратын мол бір көлдің үстіне салынған көпірге орнатылған бақша. Бірақ көпір сияқты болғанмен бұл кең де, мол жай. Үстінде жүргениңізде табан астындағы топырағы, тығыз өскен шебі, әсіреле гүлдері, ағаштары кәдімгі жерде өскен бақшадан айнымайды.

Сөйтіп үлкен судың үстінде анық асылып тұрған бақша бар. Бірақ қызығы ол ғана емес, сол бақшага егіп өсірген гүлдер мен кішілеу ағаштардың кейіптерінде. Индияның бағбан шеберлері осы баққа егіп өсірген кішілеу ағаш гүлдерден неше алуан хайуандар мен аңдардың анық, айқын суретін тудырып қойған. Бақшага кіріп, айнала қарап тұрсаныз мұнда тамаша болып, ұлғайтылып салынған, әсем құйрықты таусы тұрады. Бір жерде зор болып дүңкіген піл, буйвол сізге қарап қалады. Таяғы бір тұста бір буйвол соқа тартып келеді де, оны бір адам, диканшы жүргізіп келе жатады. Осы ғажайып бейнелердің бәрі гүл мен ағаштың дәл бүгін жап-жасыл бол, немесе жарқырап әр түспен жайнап тұрған, қысы-

жазы сарғаймайтын, сембейтін қалпының өзінен құрал-ран.

Бағбан шеберлікпен күзей біліп, өз қиялынша ма-йыстыра түзей біліп, бір өсімдікке бір өсімдікті құрай жүріп, сондай ражап түрде, қиялға келимestey жан иеле-рінің кейіп-кескіндерін бір алуан мұсін өнеріндегі ка-лыптап шығарған.

Бомбейде, қаладан сәл жырактау жерде, теңіз ішіне жартылай шомып тұрған жартасты тау бар. Ол тауды пілдер үнгірі дейді. Таудың ішінде адам қолымен жасалған үлкен үнгірде және де бағы заман шеберлері сол тау-тастың өзінен шығарып, қашап шауып тұрғызыған тас пілдер бар. Сондықтан терең теңіз ортасындағы жалрыз тау «Пілдер үнгірі» деп аталады.

Бомбей губернаторы бізді ертіп журген достарымыз-ра «Бомбей қаласын түгел аралатып», ерекшеліктерді көрсетуді тапсырган. Сол сезінде ол кісі, бізді «Бомбей сыртындағы сүт шаруасына апарып көрсетіндер, таныс-тырындар» деген еді. Жарым күнді біз сол Бомбейдің сыртындағы сүт шаруасына барып аралаумен откіздік. Бұл шаруа, қыскасын айтқанда, дүние жүзінің қандай зор қаласы болса, соның бәрінде «қалага сүт беретін шаруа құрылышы осындағы, Бомбейде құрылғандай болса екен» деп айтуда татитын шаруа екен.

Біз біргеше сағат аралап көрген осы шаруаның бар құрылышын, рет тәртібін, машиналанған өнерлі тазалық қағиеттерін айрықша әнгіме етіп айтуда мейлінше тұ-рарлық. Дәл бұл жолы ол шаруа жайына ұзак баяндап тоқтамаймын. Себебі басқа бір орайда ариап жазура тұрарлық тақырып деп, кейінге қалдырамын.

Бомбейдегі күндер бізге шынында жақсы мен жаман жайлардың талайларын танытқандай болды. Және осы Бомбей қаласында біз өзімізге көп шындықты ірікпей айтып, анық шыншыл достық бейілмен білдіре түскен достықты да көрдік. Сол достарға алғыс айта, іштей мол ырзалық білдіре біз қызық қала Бомбейден Делиге қарай самолетпен тартқан едік.

XII. Соңғы жаңалықтар

Делиге біздің қайта оралып келген кезіміз өзіміз үшін елге қайту сапарының жарым жолы откендей се-вілді. Дағдылы эсем сарай Хайдарабадхаузға келгенде

үйренишікті мекенге келгендей болдық. Бұрынғы бөлмелерімізге жайғаскан едік. Алғаш келіп тұрган күндерден басқа Делиге жолшыбай тағы бір соғып, келіп кеткен бізді. Енді міне үшінші рет оралып келдік. Осы бетпен елге қайтамыз. Сол жайдың үстіне әр номерде қалдырып кеткен киімдеріміз, жүктөріміз бәрі де біздің қайтыс сапарымызды тосып тұргандай, көзімізге жылы үшырады. Бұл қалғандар: пальтолар, жылы бас киім, аяқ киім, қыскы костюмдер болатын. Біз онтүстікке, жазға қарай бет алған ретте жеңіл, сыйбай-салтаң кеткеміз-ді.

Делидегі соңғы күндерде біз және де қаладағы бір неше елеулі орын-жайларда болып өттік. Соңан соң қонағуар, досжар, сыпайы жүзді күтуші достарымыз бізге біраз кеншілік берді. Онысы, бұл күнге шейін үдайы расписаниемен, жоспармен жүретін жүрістерді «енді бітті» деп жариялағаны. Қалған күндерді «тек тынығуларынызға, ұзак жолдан соң демалып, жайланып жату-тұруларынызға арнайық» деген-ді.

Бұл шынында сағынарлық және куантарлық кеншілік. Әдетте шетелге сапар шеккен жүрттың бәріне ортақ мәлім бір жай бар. Шеттен келген қонактарды әрбір отан, әрбір шаһар әрбір қоғамдық орта өздерінің сирек ерекшеліктерімен таныстыруға тырысады. Сонымен біздің Индияда болған қырық шакты күндей уақытымыз әр күні ерте сәскеден ымыртқа дейін тек жүру мен көруге ариалған. Әр кезі сағатпен өлшеніп, күнделік расписание өзен сумен төмен жылжып аққандай. Тоқтаусыз ағымы бар бір өмір жай болады.

Әрине жүрмек қызық, көрмек қымбат. Сондай енбекпен білмекке келдік. Бұның бәрі даусыз шындықтар. Бірақ апта жүріп, ай жүріп, тағы талай тәзіліктер жүріп, қайтар сапар алдында аса жақсы қонағуар достар арасында өдемі, өсем қонақ жайда өзіңе өзің еркін тиіп, тынығу да қызық.

Ғажайып Индиядары біздің соңғы күндерімізде барлық көнілді, көтеріңкі сезімдермен қатар іште жарқын сезіліп жүрген асыл сарын бар. Ол — елге қайту, жүртқа жету мақсаты. Ұзақ жүрісті жүріп келіп, енді мынау әз күндердегі кеншілікке, жайбақат жайға шыққанда менің тағы бір сезімім болды. Ұзақ уақыт жегінде жүріп-жүріп келіп, енді жүген-құрық сыпрылып, қамыт-

дога қалып, жайылысқа босатылған аттай көрініп сім ез-өзіме.

Еңбек күндері ретінде Делиде біз және бір рет астана қаласының университетіне әдебілел шақырылған едік. Оның гуманитар колледжінің бір жақсы ісі бар екен. Совет кітаптарының көрмесі ашылмақшы. Соған біздің қатысуымызды талап етісті. Бұл колледже соңды жылдарда ашылған орыс тілі мен әдебиетінің бөлімі бар. Сол бөлімде жүзеге жуық индия студенттері орыс тілін, тарихын, мәдениетін оқып жүр. Жалпы Индия университеттерінің тарихындары ең үлкен жаңалықтың бірі осы іс.

Индияда, тегінде, біз бұрын айтқандай азаттық алғанша орыс мәдениеті мүлде оқылмаған, ескерілмеген. Сондыктан өзіргі Индияда орыс тілін білушілер, орыс мәдениетін толық таныған адамдар жоқтың қасы. Мынау бөлім сияқты жорарғы мектеп көлемінде орыс тілі мен орыс әдебиетінің оқыла бастауы зор иғлікті ғылымдық, тарихтық, мәдениеттік және саясаттық жаңалық.

Біз ойлағандай совет кітабының көрмесі аса көп кітап жиган екен. Және тек орыс совет жазушыларының кітаптары ғана емес, орыс тілінде шықкан барлық советтік туысқан елдер әдебиеттерінің үлгілері де мол жиналышты. Орыс совет әдебиеті атынан Сурков сейлемендеге, туысқан елдер әдебиеті жайынан мен де сейлеп шықтым. Университет пен колледж басшылықтарына біз жазушыларымыз атынан достық пен құттықтау сездер айттық.

Делидегі бұл жолғы тағы бір кезіктірғен жаңалығымыз — жазушылар тірлігімен, еңбегімен байланысты елеулі бір оқиға еді. Біз Бомбейде болған күндерімізде Индия-Совет қоғамының көрнекті мүшелері — бір топ ірі ақындар бізben қоштасарда: «мүлде қоштаспаймыз, жақын күндерде Делиде және көрісеміз. Себебі онда «мүшәйра болады» дескен еді. Бұл индия жазушыларының тіршілігіндегі ең үлкен оқиғаның бірі. Мысалы бұл жолы «ұрду» тілінде жазатын ақындардың «мүшәйрасы» болады. «Мүшәйра» дегеніміз — қалың жыны алдында кәрі-жас, ер мен әйел ақындардың бөрі жиылып, өздерінің соңғы табыс шығармаларын оқиды. Басында біз бұны қазақтың ақындарының айтысы тәрізді жарыс жыны ма деп сұрастырып едік. Бұнда жарыс деп ай-

туға да толық келе қоймайтын, бірақ өзінше аса көп ерекшеліктері бар қызық жыны болады екен.

Тегінде қыстакты жерде, анық халық арасында «мұшәйра» болса, онда расында да казак, қыргыз ақындарының айтыс, жарыстары сияқты, сынасу түріндегі жырлар болады екен. Бұрынғы дәстүрлерде халық білген «мұшәйра» көбінше сол ақындардың жарысы есебінде болған. Ал мына, қалалы жердегі, мәдениетті ортадағы жазушы ақындар жынында болатын «мұшәйра» басқа болады. Бұнда әр ақын өз шығармаларын тек қана өндептіп, макамдап, жақсылап айтып шығады. Сонда жынының әр шығарманы өр түрде, өралуан қабылдауының өзі белгілі дәрежеде, жарыс жайын аңғартқандай болады. Аскан жыр, асқақ талант соның өзінде де салғастырумен сыналып, екшеліп қалады.

«Мұшәйрада» біреу жасайтын баяндама, тағы біреулар айтатын сын сөздер, немесе жөне біреу қорытатын екшемді сез мүлде болмайды. Жыны басталғанда да «мұшәйра» жайын, жиылған ақындар женін бұл жынының бұл жолғы мақсат, мәнін ешкім алдын ала ауызға алмайды. Бұл жағынан қарағанда біз ойлаған ақындар жарысы айтыска да немесе жазушылардың өралуаша өзара жылыстырына да мынау үрду ақындарының «мұшәйрасы» үксамай шыкты. Сол аталған «мұшәйра» орталық қала Делиде Индияның бар тараптарынан жиналған ақындардың салтанатты кеші есебінде ашылған еді.

«Мұшәйрага» Сурков екеуімізді Али-Сардар Жафри ертін барды. Жыны ғаламат мол екені көшениң өзінен-ақ байқалған еді. «Мұшәйра» болатын жайдың көшесінде, бұрыштарында, парк алдында түрган машиналар саны өзгеше мол. Жыны үйде емес, кең парктің ішінде жасалыпты. Бұнда өншең бояулы кенеп шатырлардың құрастырып жасаған мейлінше кең зал бар. Төрдегі сахна да жаңарайдай шатырлардан құралған. Кешкі жемін бірге толқып түрған төбелер байқалады. Сахнашы биік етіп, нық жасаған. Оран кілемдер жайылып, қалың көрпе, жастықтар салынған. Бірнеше микрофондар қойылған.

Жыныиды басқарушы азгана топ сахнада көрпелер үстінде, жерде отыр. Сахна биік болғандықтан жүрт оран басқышпен шығады. Сахнада малдас қурып отырған басқарушылар да бар. Залға мейлінше мол көрівің

түр. Тегінде халықтың көптігін еске алып, Индиядагы мәдениет орындары өз залдарын өзгеше үлкен жасайтын тәрізді. Мынау шатыр — зал жарығы да аз емес. Бұндағы жарық «күндіздің» жарығы. Залдың шатырдан құралған құранды төбелерін айқыш-үйқыш көктеп өткен аппақ оттар көз тартады. Кей тұстарда бұл жарықтар үзын сзық боп тартылып, айқын ақ сзық есебінде залды үзыннан да, көлдененін де сәулесімен сзып тұргандай болады.

Осы кеште саҳнага кезектеп шығып, микрофонның алдына тұрып ап, өз өлеңдерін жырлап, макамдап айтп шыққан ақындар аса көп болды. Бұнда ақ шашты, атакты Жигар сияқты үлкен лириктер де шықты.

«Ұрду» ақындарына тілі түсінікті болғандыктан Иранның елшісі әрі ақын адам бұл «мұшәйраға» өзінің парсы тілінде жаған өлеңін оқып берді. Қөп ақындар арасында салмақты ақын әйел де «мұшәйраға» катнасты. Ол европаша ақ сүр ренді пальто киген. Васына ақ жібек орамал салған. Қен, ақ жібек шалбары бар сұнғақ бойлы сұрлау әйел екен. Өлеңін әндептің оқыды. Қысылған, іркілген, қымсынған кезі болған жоқ. Бұндай жарыстарға дардыңға өнерлі адам тәрізді. Саҳнага тақап басқышпен көтерілерде о да басқаларша аяқ киімін тастап, микрофонға жалаң аяқ барды.

Залдағы жиын егде тартқан жасамыс аталардан, аздаған аналардан құралған. Киім-салымдары, бет-ажарлары өнерлі қауымның сыр-сипатын байқатады. Соған орай орта жасты, келбетті оқымысты ақындар өз міндеттеріне зор мән беріп, залға мейлінше құрмет, ықлас көрсетіп, өлеңдерін бар өнерлерін сала жырлап айтты. Бұнда кемірек болғанда, жас ақындар жағы аз көрінді. Жырлап айту, макамдап бар үнімен баптап жеткізу, әршіне, өте ескі дәстүр. Тыңдаушының көбі хат-танимайтын болған замандардан кete жатқан өмірлік анық болмыстан туған орынды өнер салты деу керек.

Зал да ақындардың тырысуларына орай әр ақынға өте көнілді, құрмет бейілді аса жақсы аңғартып отырды. Үш мың шамалы адам сиятын ерекше мол, зор залда даурығу, шулау болған жоқ. Тек қана өлең жақсы болып сүйсіндіре шыққан кездерде барлық индия көрушілерінің дағдысы бойынша әр түстен «вава», «вава» деп үн берісп қояды.

Бұл кештің барлық ерекше жарастығын, рет-тәрті-

бін, көркем көрінісін бір ғана сәт, аз уақыт бұзған бір ақын болды. Тегінде ақындардың жастары, киім-салымдары, өлең оқыс өнегесінде әралуан жайлар болғаны бар да, ол занды да еді. Бірақ аса қайран қалдырган бір ақын залдан саҳнаға жеткенше аса сезікті көрініп қалды. Ол микрофонға тәлтіректеп зорға жетті. Басына киғен бөркі де жолшыбай бір құлап түсіп еді. Өлеңін оқығанда көзін ежірейтіп, бақыра жырлай бастағаны сорақы көріне бастады. Әр-берден соң даусы бақырудан қырқылдауға ауысып, сүйретілген тілмен көп сөзін былдырлай сейлеп кетті.

Индияда мас болған жанды мүлде көрмегендіктен мынау адамның өзін нақұрыстау көріп отырсақ, анырында кәдімгі өзімізге үйреншікті қып-қызыл маstryн өзі екен. Сейтіп, барлық Индияда бір ғана мас көріп ем, оным да ақын бол шыққаны жүрекке «тық» етіп тигендей болды.

«Мүшәйра» екі-үш күнге созылады екен. Келген ақынның бәрі де өз өлеңдерін орындаپ, өнерлерін көрсетіп, жүрт алдына түгелімен көрінекке шығады. Соған орай залдағы жиын аса бейілді, дос-жар ажарларымен, әдет-мінездерімен бұл ақындарды анық суюші де, сүйеуші қауым тәрізденді. Соның үшін де жиылыштары бірнеше күнге созылмақшы.

Делидегі тағы бір күнді біз «мүшәйрага» жиылған бір топ ақындармен жолдастық түрде кездесу мәжілісіне аринастық. Бұнда Сурков екеуміз совет әдебиеті, туысқан әлдер әдебиеті жөнінен де Индия ақындарының біраз тобына түсінік әңгімелер, жолдастық тілек-талаптар айтысқан едік.

Кетер күндердің тағы бір кезеңінде Делидегі ұлы моголдар салған және бір күмбезді көрдік. Ол Бабурдың туған баласы және оның орнын басып, Индияға патшалық қурған Ғұмаюнның мазары. Бұл күмбез де сирек ескерткіштің бірі деп саналады. Ол тұтас қызыл тас-песчаникten істелген. Ақ мраморды қызылға оюлап қосып, қыстырыпты. Төбедегі дәл күмбездің өзі тұтас ақ мрамордан жасалған. Заманындағы ауызша нақылда: «Тажмахал» әйел көркін көрсетсе, Ғұмаюн мазары ер көркін танытады» дейді екен.

Индияда, Делиде болған көп күндердің соңы біздің соңғы рет Джавахарлал Неру мырзаның кабинетінде болуымызбен аяқтады. Сурков ол кісіге бар көнілімізде-

ГІ шынайы мол алғысымызды айтты. Шамамыз келгенше өрқайсымыз өз өнерімізбел Индия-Совет достығына қызмет ету ииетімен қайтып бара жатқанымызды айтты. Бәрімі дің атымыздан Сурковтың берген серті: «Қолымыздан келгенше Индияның ұлы халқы туралы өзіміз танып білген шындықтардың бәрін совет халқына жеткізіп айтпақ ииетіміз бар. Сонымен Индия-Совет қымбат достығының түсуге кемекші болсақ деген асыл тілектеміз. Сондайлық жақсы бейіл, алрыс қоңілмен аттанғалы отырмыз» деген еді. Осыран орай Неру мырза анық, үлкен мемлекет адамының сөзін айтты:

«Бұл бейілдеріңізге мен де ракмет айтамын. Анығында халық пен халық арасында жүруші жандардың асыл міндепті, қымбат қарызы осылай ғана болу керек. Адал бейіл адал бейілді шақырады. Шын достық шынайы достықты шақырады. Халықты халықтың білуіне ең қажет жайлар сол. Катнастың ең үлкен жолы да сол», деді.

Біздің Индияда болған күндеріміздің ең соңында ала кеткен сәлемдей бір сыйымыз осы еді. Соңан соң біз қайта тартқан ұзақ сапарға аттанған едік.

XIII. Қайтыс сапар

Бұл жолы Делиден Москваға шейін қайтыс сапарымыз бес күнге созылмақ. Қелісіміз де осылай бес күн болған. Қелерде біз екі тәулікті Стокгольмге берген едік. Қайтыста екі тәулікті атакты Римде өткізетін болдық. Ол жай, қайтыс жолының ырзалықпен қабыл етерлік сыйындаі сезілді. Сонымен біз ендігі жүрер жолымызды атасақ: Делиден Бомбейге соғып, содан 11 сағат тоқтамай ұшып, Каирге бармақпаз. Одан бес жарым сағат ұшып Римге соғамыз. Римнен кейінгі жол Женеваға тоқтайды. Одан Батыс Германияның Дюссельдорф деңен қаласына соғады. Содан кейін: Копенгаген, Осло, Стокгольм болады. Осы қалада біз мініп ұшатын төрт моторлы үлкен самолет тоқтайды. Кейін біз өзге самоләгке мініп, Стокгольмнен Хельсинкиге соғып, одан Ленинградқа түсіп, содан кейін Москваға жетеміз.

Осындаі ұзақ жолдың бойын да айтпай қойсан, жазбай кетсең сараптық есепті, кешірмес кінә боларлықтай көріністер болды. Соның бәрін болмаса да, кейбірін самолет қанатының астынан көрінген қалпында болса да

негесе көздің қынымен бір сәтке асығыс қана көрсөд
де айта кетуді қарыз білдім.

Рас, бұл жөндегі топшылау, бейнелеу сөздер, көрініс
сипаттар бәрі де сол елді, жерді, қала жайды қадағалап
білген, жете таныған адамның әңгімесі емес. Аз көрген-
нен, үстірт шолғаннан алған өсерін айтуши ғана әңгімесі
болады. Осы жөнде он бір сағат үдайы жерге қонбай
ұшқан Бомбейден Каирға шейінгі сапар, жер суретін кез
алдыңдан кетпестей етіп, есте қалдырыпты.

Бомбейде түн ортасында ұшып, қалғумен танды
әтырган едім. Енді андасам таң жаңа атып келеді екен.
Төменге көз қадап, алыс жерді болжаумен үзак уақыт
кештік. Бір шақта күн шықты. Енді андасақ астынғы
жагымыз бүйра күм, анық Орта Азия зостарында,
қыссаларында көп аталатын «шөл биябан» болмаса, на-
рыз аты мәлім — Кербаланың шөлінің өзі екен. Кейде
өте сирек қана қаратасты шоқылар, қырқалар көрініл
қалады. Күмның жатысы да тегіс емес, көбінше тау-тау
күм болу керек. Орай-орай, кейде бүктетіліп, кейде те-
ңіз толқынындағы қат-кабаттап, тағы бірде күм қырқа-
лардың кула сүр, бозғыл жүдеу ренін танытады.

Ойың да жүдеу бір шындыққа еріксіз ауады. Тері¹
дүниe өзі де бұл тұста өзінің тозғанын, картайып рені-
нен жаңылғанын байқатады. Ешбір қыбыр еткен тірлік
белгісі, нышаны жок. Жым-жырт құлатуз өзінді сиқыр-
лағандай, өзіне таң қылумен қадалтады. Анық әлгі ер-
тегіңіздің: «Ұшқан құстың қанаты күйетін, жүгірген ан-
ың тұяғы күйетін» құлан жортпас ку дүниесі. Ат көрт
етіп шеп жемес. Ер қылқ етіп су ішпес «шөл биябан»...
Тағы да ертегінің от дариясы осы дейсіз. Бұдан талап-
ты ерді бағы замандарда тек самурық құстың қос қана-
ты ғана алып отетін. Анығында өзі ұшатын кілем, са-
мұрық құс, ұшып жүретін перілер, үзак ұшатын дио-
лар, бәр-бәрін осындағ ғана шөлдерді мекен еткен
адамзаттың қиялы тудыруы ғажап емес. «Мын бір түн»
толған сол жаңағы ертегілік персонаждар еді ғой.

Мынау қарғыс дүниесіне мың мөртебе лағнат айтып,
өреуіл жасаған ер азamat қиялы сондай құдрет қуатын-
дай қуатты көксегенде Маркс айтқандай қиялмен болса
да меніреу тылсым дүниесін женген жайды әңгіме ет-
кен ғой.

Күн көтеріле түсті. Қөлбеп шыққан күннің сәулесі-
нен жер бетіне қатпарланған қоленке түссе керек еді.

Ол да жок. Тек бозбұйра құмның арасында қонырқай, қарабаркын жінішке иректер: өзек тәрізді, қолат бейнелі ойды-ойдым байқалып қалады. Кейде созалаң таңбалар көрінеді. Оқта-текте әлдекашан солып, қатып қалған сордың, қақтың жалаң тегіс тақыры танылады. Тағы бір шақтарда бірқалыпты теп-тегіс сүр дүние, шек-сіз қу дала, қу медиен кетеді. Тағы да Кербаланың анық өзінің шелі. Тарихтың шелі, заман шелі, жер жүзінің көрі көңіл шері — сүмдүк шелі. Осыған адам тұтқынға түсіп қалса не болмақ?

Тағы бір ой аударсан, аспанда келе жатқан біз бер миңау шошытарлық жер тозағының арасы ап-азғана. Бір серпіп үшқан бүркіттің шырқауындаған. Бірақ шел үстінен үшып еткен гана емес, сол сонау бір шел расырлар үстінен де шолып үшқандай боламыз.

Сағаттан артық ұша түстік. Енді жер-жер дегенім шел — рең жағынан өзгеріп көрінеді. Кейде ол булт ренденеді. Анық бояулы сүр бұлт, көкшіл сүр бұлт реңіндей. Кей уақыт жер ажары біз басып үшқан Арабстан тенізінің ажарындаған боп та кетеді. Тек анда-санда сол ай бетіндей сұық, жансыз сүр мұнар арасында, қарайған үшкір шоқы жеке қара биік байқалып қалады. Әлі шел, әлі құм кешу.

Енді Каирге дейін бір сағаттан азырақ үшамыз. Сол шақта гана төменде жер ажары өзгере бастағы. Қазір кебінше тасты тау, қатпар-қатпар қара адыр байқалады. Аralары үзіле түсіп, қайта қосылып, кейде жықпыл сайлы, қожыр тасты таулар көріне бастағы.

Әлі де адам жайы біліне қоймайды. Астары елке¹⁶ енді бір шақ алласа адырлар араларында кейде қан та-мырдай, әк тамырдай тараулар тармақтанады. Тегінде өлдебір мезгілде болатын жауындар тусында сол жауын селі ағатын суағарлар осы тарамдар болуға мүмкін.

Міне енді біз Каирге жетуге 25 минуттік жол қалғанда гана, ең алғаш, тақыр қула өзектердің кейбірінде азғантай (жұка журындағы) көкшіл бүйра өсімдік көрініп қалды. Шашыраған түп-түп ағаш, оқшау-оқшау, шұбартып қалады.

Сонымен қатар тағы да аппақ құм кетеді. Әлі құм. Бірақ соңда да осы тұста ең алғаш шойын жол көрдік. Астымызда Суз қаналы жінішке созылып, көгере берді. Оны бойлап көп кеме келеді екен. Содан еткен соң тағы да миқы-миқы тақыр адыр кетті. Вытқыран қатпарлары

адам миының бітімі тәрізді. Бұжыры, ой бытқылы, жіктері сондай жұмбак, бірақ сүк.

Біз Каирге келіп түстік те, таңертеңгі асты ыштік. Осыдан соңғы сапарды Орта теңіз үстімен Римге қарай тартып ек.

Жол Грецияның шетінен Пелепоннес жарым аралының түстік жағын көртіп басып тартады. Содан Италия жарым аралына іліне жүріп, Римге барады. Міне, біз жаңа Крит аралының үстінен үштық. Самолет ішінің өз репродукторында хабар жарияланды. Біз осы шақта 7 мың метр биіктікке келеді екеміз. Ал самолет ішіндегі әуе салмағы 3 мың метрлік биіктің ғана шамасында, Температура самолет ішінде 20 градус жылы болғанда, тыста 14 градус аяз екен.

Төмендегі дүниені біраз қарап аңдасам мүлде басқаша жайқалады. Крит қалпынша тау тәрізді. Бірақ бұл берекелі тау. Өнебойын тоғай ағаш басқан. Кейде сиректеу бол шашырап көрінсе, көп жерде қалың жыныс дүм тоғай бол кетеді. Қарауытып анық мол көлемді бол келеді. Тасты таудың бойларын, ылдын, сайд-саласын, жұқа бетіне шейін ұзын жіптей сыйылған иір-іір аппақ жолдар торлаған. Сайд-салаларда адам жайлары. Өзгеше дүние, сүйсінерлік жақсы мекен тәрізді.

Біз Европаға қарай ауысып келеміз. Соған орай бар дүние, жаратылыс, әуе райы да анық, айқын өзгеріп келеді. Сондай сапар кешкен қалпымызда екінші март күні сағат екіден қырық минут кеткенде біз Рим аэродромына келіп түскен едік.

Римде болатын күн саны көп емес. Сондықтан біз қомағайланған асығып, екі тәулік ішінде көруге боларлық жайлардың бәрін күндіз-түн тыным алмай араладық. Келген сағатта әуелі Римнің сырттай, көшеде көрінетін атақты орындарын машинамен бір аралап алдық. Улкен қалаларды бүгінгі шақта аз уақытта жедел аралауға машиналың көмегіндей көмек бар ма! Римдегі пар ат жеккен жеңіл арбаның, күйменің өзімен жүрсөң де аралап шығуға бірнеше күн керек болатын орындарды біз жарым күнде жортып көріп оттік. Сол қатарда Санта-Мария храмы, атақты Виктор Эммонузл ескерткіші, қадірлі Гарибальди ескерткіші, баяғы бағы-бағы заманынан, «қайсаррумдар» заманынан аргыдан да қалып келе жатқан атақты Колизей қалдығын, сондай атақты, данкты Форумның қалдықтарын көрдік.

Дүниеге аттары мәлім Римдегі әулие Петрдің атакты соборы — «Санжиновани» храмы, Сан Пьетро Инквиролылы (шынжырлаулы Петр) храмы сияктыларды аралап өттік. Ватиканды көрдік. Бұғынгі кешке шейін аралауда тағы бір көрген жерінде Варгеза паркі.

Осы күні түнде сәтімен театр өнерін суюші үш жолдас боп, шаршағанымызға қарамай, Римнің операсында да болдық. Оnda екі актылы «Бөтен адам» атты Бизеттидің операсын тыңдадық. Опера сонынан көрсеткен пантомим балет еді. Рим операсында болу өзі де біраз күтпеген жаңалық, ойда жоқ сыйдай болды.

Келесі күні біз алғаш жортып өткен жерлеріміздің кейбірін анықтап, асықпай әңгіме жайларын ести отыра аралауга кірістік. Осы ретте көргеніміз әулие «Петр шынжыры» дейтін храмын ішінде Микельанджело жасаған Гажайып, көркем скульптура болды. Ол Мұсаның мүсіні. Осы тұста христиан дінін тұтынған бар әлемге аса қадірлі «әулиенің әулиесі» дейтін шеркеу бар. Бұл шеркеуде «әулие баспалдақ» өзгеше. Соның қасиеті бойынша шеркеу де «әулие» саналады.

Осы шеркеу XIII ғасырда салынған екен. Ал «әулие баспалдақ» Иерусалимнен (Құддустен) IV «Крестовый поход» (Крест дін жорғы) уақытында осы басқышты Құддустен әдейі алып келіп, Римдегі дәл осы шеркеуге бұйырған да орнатқан деседі. Бұл басқышта Файсаның дарға асылған күні қаны төгілген дейді. Сол себепті басқыш та, шеркеу де әулие. Осы басқышты аяқпен басып жүру жоқ. Тауап қылышының бәрі басқышпен тек тізерлеп шығып, тізерлеп түседі. Бұған кірген жан атаулы жұпның, жұдеу киім киіп, мұләйім боп келу керек. Соңда Файсаның қаны ақталуға, әркімнің дүға, намазының сыйыну, мінажатының шарапаты тиеді дейді,

Біз осы шеркеуге кіргенде кеп жандар көзімізше, жаңағы айтқандай тізерлеп, еңбектеп жоғары көтеріліп жатты, біреулер тізерлеп ылди төмен түсіп жатты. Бұғын және де Колизейдің, Форумның қулаган қалдығын көруге барып ек. Форумда мрамор колонналар, биін сұлу шабылған қалпында тікейіп тұрып қалған жерлер бар. Заманындағы трибуна орын да көрінеді. Шешендер содан сейлекен. Атакты Юлий Цезарьдің өз заманынан қалған белгі де бар. Одан сол бері Октавиан Август түсінде салынған весталкалар (құдайы әйелдер) храмының да белгісі қалған.

Римге келген жолаушы атаулыны ең алдымен өзіне тартатын ғажайып жай — «Әулде Петрдің» соборы. Оның ішіндегі өзге қөрік, қөркемдік өнер зоры шеберлік атаулының бәрін айтпай-ақ бір ғана Микельанджело қолынан туған атақты құдайы — скульптура «Пьетаның» өзін айтса жетерлік. Пьета (орысша сострадание) мүсіркеу деп аталатын скульптурада: дардан түсірген өлі Гайсаны анасы Мариям-ана тізесіне көлденең салып құшып отыр. Сүйек-сүйегі салдырап арыған, сіңірлері ет атаулыдан арылып, үзіле созылған Гайсаның денесі кішкене бол жүдеп, солып біткен. Бұл күйді қөргенде, адам қолымен тудыран скульптура өнерінің ішінде бұған тең нәрсе бар деу қыны. Анығында өнерлі әлем жүзіне возрождениенің ең шебер классигінің бірі — Микельанджело тудырған бұл ескерткіште, діннен бұрын ең алдымен адам жаратқан өнер құдіреті тәңірініздің өзі жаратқан талай туыстан бірде олқы емес. «Анық мәңгілік шеберлік осы» десен ауыз тола айтқандай.

Төбедегі фрескалар, алтындаған мозаика, айнала түррән скульптурадары өулиелердің, папалардың мүсіндері өзгеше салынған. Бірінен бірі асқан шеберлікпен істелген.

Уақыт тырыз болғандықтан ғана қарай алмасақ та, бұл «собордың» іші діндар жүрттың келетін орнынаң көрі музейлерге, өнер коруге келетін жүртқа лайық орындай көрінді. Бұдан кейін біз Ватиканның музейіне келдік. Ол қисап жоқ, мол қазна. Бұнда скульптуралы атаулы үшан-теңіз. Эсіресе живопись — сурет одан да мол. Музейлік ескі бұйымдар, ескі Египет скульптурасы, гобелен атаулы, есіресе фрескалар сансыз көп.

Ватикан музейінің ең асыл, атақты болімі «Сикстинская капелла». Онда Микельанджелоның Рафаэльдің, Ботичеллидің, тары басқа осылардай даналардың фрескалары бар. Осы орында бұрын барлық сурет өнерінің құдайындай саналатын Рафаэль қолымен жасалған атақты «Сикстинская мадонна» болған. Ол суретте жас жалаңаш емшек баласы Гайсаны құшағына алып, адам-ватқа қарай ғайыптаң келе жатқан жас Мариям-ана көрінеді. Бұлардың айналасын аспандагы тенге-теңбіл бұлттай қаптаран көкшіл сәуле коршаган. Сол бұлттарда мың періштeler — бала періштeler суреттелген. Бұл сурет дүннедегі ең қымбат заттың бірі болса да, өткен ғасырда Германияның бір патшасы Италияның королі-

нен сатып алды Дрезденге, сондайы немістің атакты «Дрэзденская галерея» деген музейіне қойған.

Кешегі Ұлы Отан соғысы кезіндегі, біздің өскер сол «Дрэзденская галереяны» қолға түсіріп алған. Мен Индиядан қайтқан соң Москвада аз уақытқа ашылған осы «Дрезден галереясына» әдейі барып, жаңағы «Сикстинская капелладан» бір заманда көшіп кеткен Рафаэльдің ғажайып шығармасы «Сикстинская мадоннаны» өзіміздің Москвадан көрдім. «Сикстинская капеллада» ендігі қалған дүниенің ішіндегі ең тамашасы төрде тұрған фреска — Микельанджелоның «сиқыр» өнері тудырған «Макшар күні» («Страшный суд») суреті. Ол жалпы сурет өнерінің алды деуге болады. Бұнда да айтып жеткізе алмастай шеберлік, шабыт бар. Өлмес нәсілге өшпес мұра. «Тәнірдің өзі жаратқан» дейтін жарастылыспен тайталаса алатын туыс, бітімдер бар.

Бірнеше белмелердегі Рафаэльдің фрескалары тұрған жайларды толық қарай алмадық. Борджия белмелеріне де көп тоқтаура уақыт болмады. Бұдан кету алдыңы «Петр соборынан» кетуден де киын болды. Бірақ амал жоқ, күн санаулы, сағат одан да сараң өлшеулі. Сондықтан өзімізге өзіміз «мынау жүріс қылмыс, одан басқа сез жоқ» дедік те кете бардық.

Кейін біз Гарибальди ескерткішіне тағы бардык. Бұл жолы күндіз, ашық кезде анықтап көрген едік. Гарибальдидің астына мінген аты да сұлу, кез тартар керікті бол жасалған екен. Бірақ бу да өрі үлкен, қаз мойны, құлары шашылған қалыммен аса сөнді болса да, үстіндегі Гарибальди одан сонағұрлым келісті, салмақты да зілді. Бар бойымен өзгеше қасиет месі сұсты, маңызды жан бол шыққан. Бұл ескерткіш биік тас постаментке аса үлкен бол орнатылған. Өзі Римнің ең биік төбесінің бірінде. Тегінде Рим жеті төбеге салынған дейді. Соның бірі осы болса керек. Ескерткіш сондай биікті, өзі үлкен болғандықтан (биікке салынған соң үлкен болмасқа мүмкін де емес) аса маңызды болып айналадан өктеп асып түр. Өсіреле Рим қаласының өнерлі мәдениетінің жаксы бір қасиеті осындайда байқалады екен.

Гарибальди ескерткішіне жол екі жақтан келеді. Сол биікке шығар жолда жорарыдан төмен құлдай көп ак мрамор бюстер қойылған. Екі жақтары жалпы саны елгуалпыстан кем емес. Бұның бәрі Гарибальдидің жорықтас серіктері: жұз басы, мың басылар деседі.

Римде не көп, мүсін (статуя) көп. Және бәрі де шеңберліктің ақсан төріндегі. Сондыктан да көп ғасырлар бойы Рим мәдениетті Европаның мектебі, академиясы болған. Әсіресе Милан, Венеция, Флоренция — бәрің қосып алғанда тұтас Италия, Европаның анық үстазы болып келген. Көп елдер «үдеу дәуірінен» («епоха возрождения») қалған мұраны осы елден оқиды. Болашақта да сол тарихтық қаснеті тез жойылу оңай болмас. Музыка, сурет, мүсін, сәулет өнерлері көп өнерпаздың кезін тартпай тұра алмайды.

Сонымен қатар осы Рим, дәл өзі барып тұрган кертартпа діннің қырсыққан мекені. Бұнда көшеде кім көп десең, ең алдымен мол ұшырайтын монахтар, католик дінінің монахтары. Қара киімді кәрі-жас монахтан, монашка әйелден аяқ алып жүре алмайсың. Жұздері қыпқызыл, ажарлары ауқатты тоқтық танытады. Сопылық киімдері су жаңа, өзінше сәнді. Монахтары шарап сататын дүкендерге шейін сумандап кіріп жүреді. Ерлері, әйелдері де мүләйім, сопы түсті емес, кәдімгі жай қызметкерлері тәрізді дағдылы әрекет адамының сырт ажарын байқатады. Рим қаласы — өндірісі аз қала, сондыктан жұмысшылардың үлкен коллективтері бұнда жоққа тән. Оның есебіне банктер мен сауда, саясат, соның ішінде дін саясаты әсіресе және партиялар әрекеттері мол болады. Осында жауыз фашистік қоғамдар да қазіргі күнде ашық тіршілік етеді дейді.

Біз бір кезде приют балаларының ойнап жүргенін көрдік. Бұл жетім балаларды Ватикан асырап өсіреді. Жетім-жесір, жоқ-жітік адамдардың балаларынан оқыған адам шығармайды. Жасынан жұмысқа салып, енбекпен жанышып, құл етіп, күн етіп өсіреді. Бала күнінен істейтіндері қара жұмыс. Кейде сол жұмыс соишталық ауыр болғандықтан балалар кішкентайында жанышып езіліп, науқасты боп, сорлап өледі деседі. Рас, Ватикан тәрbiесінде әлді, капиталды адамдардың балалары да болады. Оларды оқытқанда: ақсүйек тәре, ұлықтар және сопылар мен ватикан кайраткерлері етіп өсіреді. Ватикан тегінде есепсіз бай орын. Ол бүкіл Италиядан да бай болуы мүмкін. Себебі оған дін жағынан бар Батыс Европа бағынады. Тіпті Америка да дін жағынан осыран табынады. Вір ойдан біздің сапарымыз Индиядан тұра Италияға бір-ак ырғып түскені аса мәнді, желелес бір жайға қолайлы шыққан екен.

Тарихтык, мәдениеттік, өнерлік жалғастарды алғанда мол бір астарлы аралас осы екі ел арасында анық байқалатын тәрізді.

Ескі Мысырды, Грецияны қосып және ескі Римді алсак, ортағасырды ескерсек, Индия мәдениетіне көне замандарда бұл жағалардың өсері болмай қалған емес. Соған орай Индия өнерінің бұл жағаға үлгі-өрнегі келмей қойған емес.

Аджента фрескаларын бізге баяндаған Индия маманы бірнеше рет Ботичелли фрескаларының, Аджента тақырыптарымен бірнеше үлгіде үқсас шығатының ескерткен-ді. Сондағы Будданың дүниелік ең ғажап сымбат, көркем, шебер деген суреті, Италиядагы әлденеше жандардың суреттелеу үлгісіне үқсап кетеді. Микельанджело жасаған «Мақшар күнінің» суреті, Будданың ең алғаш «уахи» тосып, ойға беріліп, безіну, тазару ниетінде отырған суретіне көп жағынан қатты үқсайды.

«Мақшар күнінде» Файса өзінің анасы Мариям-ана-ны да сырт серпеді. Бар апостолынан да (шэкірттерінен) баз кешеді. Құнадан аман адам текті зат жоқ екенін көрсетеді. Тіпті бейістің кілтін өзі үстатқан «Әулие Петр» осы кілтті созып, Файсаның ғлтифатын тілегенде де, Файса одан тартынып, үркіп, аулақ болғысы келеді. Ал Будда ең алғаш әулиелік сипатқа аударылғанда осындай әйелінен, бауырынан, бар жақынан солай безініп тұрады. Содан кейін барып жаңа сипатқа аудысып, өз үгітін бастайды, дінінің шарттарын белгілейді. Бірақ жаңағы сын сәтте оның қасына әзәзіл келіп азғырмак, шошытпақ болады. Және сол аздыру ниетімен сайқал сұлу әйелдерді жұмсайды. Олар неше алуан хикая, көлгір құбылыстар жасап, Будданың қоңілін ақ жолдан, ақ ниеттен алаң етпекке тырысады. Дәл осы тақырып христиан дінінде қандай көп. Будда болса, сол жаңағы қас ортасын бәрінен асып есіп, биіктеп, тазарып шығады. Осы алуандас тақырып «возрождение», «дедеу дәуірінің» ұлы суретшілері жасаған суреттерде және бергі дәуірлердің ұлы ескерткіштерінде аса көп қайталайды.

Индия халқы ерекше зер салып, өз дінін ақындық күйлерге көп аудыстырған. «Махабхарат», «Рамаяна» тәрізді анық көркем, өзгеше мол, мұхитттай мол эпостық шығармалары болса, солары өрі дін, дұғалық мінажаттын, қысқасы, құдайылық сипаты мол ескерткіштер.

Олардың берген тақырыптары, жырлаган оқиғалары мүсін өнерінде, суретте, музыкада, сөulet өнерінде, Индия театрында шексіз мол тақырыптар тудырып, бәрінен де басым орын алған.

Дін өзі тудырган, қиялдаған нанымын кейін, бергі замандардағы бар өнермен еңбекпен тары да қайта жаңырта, тамашалай берген. Ұзақ замандар үзбестен зауқ еткен. Ал дәл осыған үқсас хал Европада жоқ па? Гректің діні діндердің ішіндегі о да қиялшылы, суретшіл еді. Сол сөulet өнерінде, әсіресе мүсін өнерінде, суретте және поэзияда қашалық мол, қандайлық ғажайып іздер қалдырыды. Фасырлардың наследие айнымай, талмай талайға дейін талшық еткен жоқ па. Рим және сондай. Кей-кей басқашалыры болса да, бұл да солай беттеді. Әсіресе, «үдеу дәуірі», орта расыр солай шықты.

Ол екі ел (Греция, Рим) екі қабат, қат-қабат әсерін етіп, кейінгі бар дүниені өз сондарынан еліктіріп ертті. Ең әүелі классика мәдениеті, кейін христиан мәдениеті бол бар Европаны, жас Европаны жабыла еліктетіп, ықпалына алды. Бергі Европада сөulet өнері, мүсін, сурет, музыка, поэзия, театр — баршасы грек мифологиясы мен әпости, Рим сән-салтанатын — Италия «үдеу дәуірін», қысқасы христиандық саналық тақырыптарды жүзтілдермен мадактады. Элденеше жүз жылдар бойларында, көп тарихтарда қайталап, қызықтап тамашалаумен құптасты. Индия осы жарынан алғанда бір өзінің бүрінші тарихымен бүгінгі жөнінде бар Европа халқының жыны тарихына үқсап қалып отырады. Айырмасы да сол үқастықтан алыстағанда шалғай, әдагай шырып, оқыс көрінгендей болады. Міне Италияра Индия тараптан кеп өткенде осындай үқастық пен шалғайлық жайларды еріксіз қатар ойлад, еске алумен боласын.

Біз Рим ескерткіштерін көргенде осындай күйлер өзгеше орала берді. Бұндағы кей дәуірлер мен Индияның арғысы, көне мәдениеті нық тайталасады деуге болады. Бергі «возрождение дәуірі» болса, рас, бул үста Индияның өз өнері, ескі өнері үдемейді де, ұлы мородар мәдениеті қатты дәуірлеїді. Бірақ оның өзінің Европада, Мысырда, Арабстанда, Иран мен Орта Азияда мол тәркіні бар еді. Мородар мәдениеті бір заманда Европаның шегіне барып орнаған Кордово халифатының мәдениетімен анық жалрас. Содан орі үдемей-ак жақсы рана еліктеу туғыза білген. Мородар шахтарының Индия-

дағы дәуірі, өнері «Тажмахалды», «Қызыл сарайды» ту-
дырганмен негізінде еліктеуші, қайталаушы мәдениет.
Өткен ізді қайта басқан сарын басым. Сол себепті
«Тажмахал» тұрасында Индияда нақыл бар: «Иранның
жаны Индияның тәніне мекендеген» дейді.

Әрине, бұл сипат та дүниеде, тарихтарда, мәдениет-
терде көп кезігеді. Өзгеше, өзінше оригинал өнер-мәде-
ниеттерден ғөрі қайталау әлдекайда жиі ұшырайтын
жай. Баршаға мәлім шындық.

Римнен ұшқан жол өзгеше көрікті де қызықты бол-
рандықтан, сол Рим мен Женевава шейін созылған са-
парды сәл айтып өтуді қажет деп білдік.

Самолет қанатының астындағы дүние кек мөлдір
төңіздің өзі. Сол төңіз ішінде жиі кездескен кішілеу
аралдарды байқаумен бірталай уақыт откен еді. Енді
қарасақ, кек жиекте, кек төңіздің көкшіл жиесінде ға-
жайып боп, аппақ қарлы қалың аскар тау «туып» ке-
леді екен. Оң жакта көрінген таулар Аппенин аралының
таулары. Сол жакта қарлы таулы қалың арал көрінген.
Содан өтіп жарты ғағаттай уақыт кешкенде, құрғақ жай-
ра шыға бердік. Жара дегеніміз енді Швейцарияның
Альпы тауы екен. Анық ұзақ уақытқа шейін үзілмей со-
зылған қалың қарлы аппақ аскар есті алғандай.

Мәнгі жатқан мөңгілері кейде күн астында күмістей
жарқырайды. Таулар, қабат-қабат, қат-қат шындар,
қыр арқалы құздар... «Адамзат аяғы баспаған» дейтін
жайын шындар. Нелер қын тас, занғар биік қын асқар
жалтырлар бар. Қазір соның бәрін қалың сіреу қар
басқан. «Отсель я вижу потоков рождение» дейтін Пуш-
кин жолы еске оралады.

Швейцарияның мол бақты, кек қайсалы, жылы, жай-
лы өлкелерін суарған мол сулар, өзендер, арындар, бұ-
лақ-бастаулар — баршасы осы өңірден өзек жарып шы-
гады. Бір таудан бір тау биіктеп барады. Міне осындағ
ғана қалың қарлы аскарға, шексіз кең кек төңіз кең
толқынын үрып тоқтады рой. Сол көрініс күй асіресе
естен тандырғандай. Тау, торай, төңіз мол су бір арага
торысқанда, бұл дүниенің бар астам сұлулығы, алып
сұлулықтары қатарласып, тайталасқандай болады. Мы-
салы, Алатауды жайлараи, көріп білген жанның бәріне
бір-ақ мысал айттар ем: егер Алматы қасындары Талгар,
кіші Алматы биіктегінің тұстарына осы күнгі дала жа-
распай, кек жайқын жасыл төңіз тіреліп толқын үрып

жатса, бір жағы ана тау — Алатау, екінші жағы — жағасы жайқын, бетінде кеме сыңсыған теңіз толқып жатса, қандай ғажап көрініс болар еді.

Біз үзақ ұшып отырып, қалың қабат тауды кездік. Таулар қалындаپ, қындаپ, тек қана жақпар тас пен мәңгіге айнала береді. Осы кезде самолет дикторы баян етті. Біз өзіміз де сұрастырып тосып отырған бір жай бар еді. Соның үстінен түсті: «Қазір біз Монблан тауынан өтеміз» деген еді. Айтқанындағанда енді біразда барлық Альпы тауының ең занғар бүйі — Монбланың жанынан, анадай жақын жерден өттік. Осыдан кейін біраздан соң тау ажары өзгере берді. Аласара түскен болу керек. Қарағай, қалың қарағай көріне бастады. Тау болса да өр жақтан шұбырған жол байқалады. Үлкен суық қарлы жоталарда тұтіні бурала шықкан жалғыз-жалғыз кішкене үйлер көрінеді. Енді біразда адам жайлары көбейе түсіп, кішкентай қыстактар білінді. Бар тұста жолжолдар жиіледі. Тағы біразда ылдида, сайдарда, кей үнгірлерде әжептәуір қалашықтар, қыстактар шықты.

Содан әрі тау қызықтыратын, қызғандыратын да күйге, өнерлі көрініске ауысты. Бұл тұста жол-жолдар өзгеше. Енді біразда біз Женева көлін көріп қалдық. Самолет оны ұзынынан бір бойлап, ортасына дейін шүйіп барып, кейін кайта орап, жағасын баса айнала берді. Біз Женевага келген едік. Көлдің айналасы қызық. Бір аттам жері бос болмау керек. Женева қаласы сол көлдің қасында. Аэродромға қонған соң кейінгі жаққа қайта қарасақ, Монблан енді барлық Альпы аскарларынан асып шығып, басымдағанда өктелеп тұр екен. Қатарында тең бүйі үнгіфрау және де зор қеудесі асқан бойда эсем көрініп тұр. Қайтыс сапардың Арабстан шөлінен осы Европага кіре беріс теңізі мен аскар тауы естен кетпестей. Бірі күйкі, бірі көркем, қайшылықты көріністер еді. Сапар соңын осы жайларды айта кетумен аяқтамак болдық. Осы жолдың бас кезінде, сонында да біз екі-үш күндей Стокгольм қаласында болғамыз. Сол қала жайынан да осы әңгіме аяғында аз сез айта кетейік.

Біз Швецияның қонағы емеспіз. Сондықтан қаланы өз еркімізбен, өр түсүн таңдал араладық. Өуелгі келгениміз Стокгольмнің ескі қаласы. Мұнда кейбір тамаша көшелер бар. Тамашалыры — бағы замандардағы қала салу тәртібін танытады. Ал «тамаша» деген көшелеріміз өзгеше тар, тек қана жаяулар жүрмесе, өзге көлікті

адам өсте сыйып жүретін көшелер емес. Өздері тар болудың үстіне қысық та, бұран. Сонымен қатар осы көшелерде үш қабат, төрт қабат үйлер де бар. Бұл мекендерге күн өсте түспейтін болу керек. Өсіресе тәменгі өтаждағы пәтерлерге күн дегеніміз — ол дүниө уәдесіндегі. Әр діндердің жұмақта уәде қылған рақатындағы алыс, қол жетпес қиялдай болу керек. Аты бар, өсте кезге көрінбес, ғажайып сикыр сырдай десе де болады. Сол тар көшелердің де ішінде біреуі кеңірек болранда, біреулері өзгеше тар бол қалыптанран.

Қаланы аралай отырып, біз корольдің сарайын көрдік. Сол сарайда қарауылдың ауысуы өзінше бір ескіліктің сәнін көрсетеді еken. Сарайдың қорасына кіріп тұрып, қарауыл өскердің әрекеттерін андадық. Бұл өскердің жүрістері де қызық көрінді. Бішінде адымдашады. Аяқтарына ақ киген, бастары да ақ киімді. Осы қалыптары өскерден ғөрі, өлімге ұсынран жандардай, не жаназашылдардай қалып танытады. Баставы Америкадан ауысқан ақ каска, бас киім емес, төңкере салған шөңкедей, ерепейсіз. Вар топ сарбаздардың алдында салмақты күміс таяқ (жезл) ұстарған бастықтары колындағы таяқпен артисшө ойнайды. Кораздана, қырлана басқан құбылыстар жасайды. Бұл қозғалыстардың әр сәті осы қарауыл ауысудың мерзіміне сіңген, өзінше бір қырлы көрініс, сән саналса керек.

Сарай өзі төрт қабатты сүрқай, жансыз-қыбырсыз қатып тұрган салқын қабакты, абажадай үлкен үй. Сәнсалтанат сезілмейді. Тіпті король сарайы еken деп сезіне алмайсын. Қайта «осында тұратын жан бар ма, жоқ па?» деген сұрақ оңай оралады.

Сурков қалжындағы: «Бұл жақтағы сарайлардың есікіргені, сәні кеткені соншалық, Норвегиядағы король өйелдің осындай сарайын ақша алғып, билетпен көрсетеді де содан шыгарған пұлды сарайдың керегіне — мысалы, отын сатып алуына жұмсайды еken» деді. Біз мына сарайдың биігінен қаланың орталығын, өсіресе әкімшілік орталығын көрдік. Сол жақта келісті ғана парламент үйі. Сөл жырақта үш айыр алтын гербі бар қала әкімшілігінің мекені — ратуша тұр. Оның төбесіндегі үзын шошақ айдары (шпилі) айқындағы жарқырап көз тартады. Алдағы аланда екі мусін ескерткіш бар. Бірі — атты мұсін, атақты Густав Вазаның. Екіншісі — жаяу король, белгілі XII Карлдың мұсіні.

Бұл Карл баяғы Петр I-мен Полтавада соғысшың женіліп қайтатын шведтің королі. Қаланы аралай түсіп, орталығына да жеттік. Ол сауда орны. Ал сауда бұндағы тірліктің бары. Барлық кешелер түгел, тегіс толып жатқан дүниелер саудалайды. Витриналар жанталаса шақырады. Жарық рекламалар түнде ғана емес, күндіз де бадырайып жанады. «Маган қара», «Мынаң қара», «Бері қара», «Бәлі, мені айт». «Қайтіп қарамайсың?» «Негіп жанамайсың?» дескендей бедіреп, өзіне қарап безеріп, қадалып қалған тәрізді. Бірақ қозғалып тұрган жарықтың reklamasы жоқ. Оның есебіне күндіз де, кеште жарық реклама қаланың бояуын құтыртып тұрады, құбылта құлпыртады.

Стокгольмде тоқтаған сағаттарымыз және де аяктап келді. Енді міне Москваға қарай үшқалы келеміз. Осыдан 15 күн бұрын тағы да бір елге қайту жайы сез болғанда өзілдеп айтысқанымыз бар еді: «Осы журген онымыздың (біздің жиын санымыз он кісі болатын) тегіс кеудемізде құпия түрде сан мәртебе бір қалыпта оралып, бір ғана қиял жүр. Оның атын атасақ, жақсы бір сөт-сағатта Москва аэродромына біз мінген самолеттің аман-есен қонған сәті» дескенбіз.

Енді көптен көксеген Москваға —ez Отанымызға жетсек деген ииет көнілді қатты толқытады. Бұған барлық журген, үшқан ұзақ сапарымызды километрмен жиып өлшеп Москвадан шығып, Москвага қайта келіп қонағын сапар соңымен жинап санап едік. Біз самолетпен, поезден, машиналармен жиыны 52 мың километр жол журғышіз. Бұған менің Алматыдан үшып барып, Алматыра қайта келген тағы бірнеше мың километр сапарымды қосқанда 57—58 мың километр шамасындағы жол болған екен. Әзілдеп айтқанда: «бір жыл ішінде аспан қыраны «ақ иық» бүркіттің де үшып тауса алмайтын сапары тәрізді».

Осындағы ұзақ жол журдік. Журген жақсы, кеп дүннені көрген жақсы. Бірақ соның бәрінен де тары бір жақсы бар: көре біліп, жүре-жүре келіп, ez Отаныңа қайтқан сәт бәрінен де жақсы. Сол көксеген сәтімізге анық сөтті сағатта жеттік. Жайлы күнде Москвандың Внуково аэродромына жайбаракат келіп қонған самолеттен сағынышқа толы көнілмен кеп тускен едік.

ТҮСІНІКТЕР

«Жуалы колхозшысы»

Мұхтар Эуесовтің 1933 жылы жазда қазіргі Жуалы, Түлкібас аудандарына алғаш рет жасаған творчествомың сапарында жазылған шығармаларының бірі — «Жуалы колхозшысы» очеркі еді. Жазушы Жуалы ауданына бір жылда екі рет, бірі — жазда, екіншісі — күзде барған. «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған редакциялық «Қызыл кітап» деп аталатын макалада: «Мына жолдастар 24 октябрьде колхоздарга журіп кетті... Эуесұлы Жуалы ауданы «Красный восток...» колхозына барады», — деп хабарлаған. Міне, осы жолы жазушы Жуалы, Түлкібас ауданындағы еңбекшілер өмірінен, колхоз түрмисынан мол деректер жинап, екі зәгімде, торт очеркін жариялады та үлгереді. Осы сапарда жиғанс деректері негізінде «Колхоз үшін күрес» деген атпен роман жазуды қолға алады. Мұхтар Эуесовтің колхоз өмірінен алып «Колхоз үшін күрес» шығармасын жазуға кірісіп кеткен, тіпті, «Социалды Қазақстан» газетінде 8 жазушы қол қойып жариялаган «Мирзоян жолдасқа ауылға барып қайтқан жазушылардан хат» деген макалада да аталып етеді.

Очерктері оқыра мен кейіндерлердің бәрі де өмірде болған шындықтар. Осы сапарда жазушы қаламына тұран шығармалардың бәрі де қайнаран өмір шындығына алынғаны М. Эуесовтің әдеби-мемориалды музейінде сакталған «Жолдан» деп тақырып қойған қойын дәптерінде де (ЛММА, папка № 476, 1-44 бет) орынша, қазақша жазылып, жинастырылған мол деректер тобын үшіраратымыз

[қаралызы: Тұлкібасылықтар — М. Әуезов шығармаларының кейін-көрі. «Оңтүстік Қазақстан», 1978, 11 февраль].

Бір ғана мысал келтіреік. Очеркің сонында баяндалатын Сапар туралы қойын дәптерде мынадай деректер бар.

Салар Телеуімбетұлы:

«Красная звезда» колхозы 104 үй едік, соның 24 үйі қазақ, ер рудан. Былтыр бір сиыр алдық, 10 пүттан жүгері, 16 пүттан тары алдық. Енбек қүнім 335 күн, ер күнгө 1 кг алдым. Ақшалай 180 сом алдым. Мен ертеден орысқа жақын журуші ем. Әкем Ақтөбеге алып кетіп еді, шешем қайта әкелді. Қекіреклен екі арада жаяу жүрдім.

1928 жылы қазақ колхозына кірдім. Кейін орыс колхозында болдым. Шошқа бакқанды кім жемейді. Енді қоян асырайын деп журмін. Пошта істеуші еді рой, онда Масат еді, енді Қекірек (Ванновка) аралас. Ерісте, қырианды премие алдым. Балам бар, он жаста... Заем оқып біле алады. Өзім оқынадым» (ЛММА, папка № 476, 81-бет), — деген Сапар сезін жазушы өте қысқа түрде, керектін мәлімет ретінде қойын дәптеріне жазып алған. Кейін осы дерек түгелдей толықтырылып, осы очеркте творчестволық жолмен пайдаланғанын көреміз. Очерктең кейінкерлердің бәрі де осындай нақтылы, деректі адамдар.

«Жуалы колхозшысының» асыл түпнұсқасы сакталмаған. Осы себепті бұл очеркің 1938 жылы 20 ноябрьде «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған нұсқасы түсфын рет жазушы шыгармаларының жинағына ендіріліп отыр. Бұл шыгармасында да жазушы жергілікті сейлеу тіліндегі ерекшелікті сактауга тырысканы, тіпті, шыгарманың кейінкері мұғалімнің сезі арқылы — «Пеш салынып біткенше кімі жұқа балалар жаурап қалмасын деп, әз үйіме жатқызып журмін. Бурын бірталайы ат-кешиңкітің балалары дейді осы араның тілімен сейлейтін осы жерлік мұғалім», — деп ескертүінен-ақ көрініп түр.

Көктемнен бері

Бұл очерк те жазушының Жуалыға алғаш рет барған сапарында жазылған. Асыл түпнұсқасы сакталмағандықтан, 1933 жылы 27 ноябрьде «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған нұсқасы түсфын рет жазушы шыгармаларының жинағына ендіріліп отыр. Бұл шыгармасында да жазушы жергілікті сейлеу тіліндегі ерекшелікті сактауга тырысканы, тіпті, шыгарманың кейінкері мұғалімнің сезі арқылы — «Пеш салынып біткенше кімі жұқа балалар жаурап қалмасын деп, әз үйіме жатқызып журмін. Бурын бірталайы ат-кешиңкітің балалары дейді осы араның тілімен сейлейтін осы жерлік мұғалім», — деп ескертүінен-ақ көрініп түр.

«Сөз алған — таусагыз бен кексағыз»

Бұл очеркің асыл түпнұсқасы жазушы архивінде сакталмаған. Очерк 1933 жылы 30 ноябрьде осы аталау бойынша «Социалды Қазақстанда» жарияланған. Очерк «Социалды Қазақстанда» жарияланған нұсқасы бойынша 20 томдыққа алғаш рет ендірілді.

«Істері сөйлейді»

Бұл очерк те жазушының 1933 жылдың жазында Жуалы ауданын (қасірі Тұлкібас, Жуалы аудандары) аралау сапарында жазылған «Жуалы колхозшысы», «Көктемнен бері», «Сөз алған — таусарыз бен көксарыз», «Білекке — білек», «Іздер» шыгармаларымен Қатар бір тұста дүниеге келген туынды. Осы аталған шыгармалардың бәріндегі де жазушы халықтың сойлеу тіліндегі жергілікті ерекшеліктерге айрықша дең кояды. Осы ерекшелік «Істері сөйлейді» очеркіндегі кейіпкерлер тілінде де айқын сезіледі. Жазушы архивінде бұл очерктің де асыл түпнұсқасы сакталмағандыктан, 1933 жылды «Социалды Қазақстан» газетіндегі нұсқасы бойынша осы томра алғаш рет енгізіліп отыр. Бірді-екілі сөздерге редакция жүргізілгені болмаса, сол күнінде жіберілді.

Қарғалы совхозында откізген торт күн

Бұл шыгарма Мұхтар Әуезовтің астана мәңгілігінде Қарғалы совхозына барған сапарында жазылған. Осы очеркте көтерілген мал тұқымын асылданыру жөніндегі тақырыптың соңынан жазылған «Асыл наслідер», «Шқоңыр жайланауда» дең аталатын шыгармаларына арқау болғандағы байқалады.

Очерк алғаш рет «Социалды Қазақстан» газетінде (1934 жыл, 30 ноябрь) жарық көрді. Асыл түпнұсқасы сакталмаған. Жазушы шыгармаларының жинағына бұл очерк түсіріш рет осы газеттің нұсқасы сол қалпында өзгеріссіз ендіріліп отыр.

Баймұқаметұлы жолдас

Очерк Алтайдағы Ақжай алтын қазу кешіндегі партия өкілі Жанай Баймұқаметұлының үйіндестіру-төрбелік қызметін суреттеуге арналған. Бұл очерк жазушының шыгармалар жинағына түсіріш рет ендіріліп отыр. Шыгармалық асыл түпнұсқасы сакталмаған, бірақ 1935 жыл 26 октябрьдегі «СК» газетінде жарияланған. Бұл томга осы газеттегі нұсқасы сол қалпында өзгеріссіз жіберілді.

«Ол күнгі Алматы»

Жазушы архивінде бұл очерктің асыл түпнұсқасы сакталмаған. Очерк алғаш рет «Ол күнгі Алматы» деген атпен 1936 жылдың 29 наурыз мес 4 декабрьдегі «Қазақ адебиеті» газетінде екі санында түсіріш рет жарық көрді. Жазушының кеп томдың шыгармалар жинағына осы газеттегі нұсқасы негіз ретінде алынып, алғаш рет жарияланып отыр. Бұл томга очерктің «Қазақ адебиеті» газетінде 1936 жылы 4 декабрьде басылған нұсқасы ғана ендірілді. Өйткөн

очерктиң «Қазақ әдебиеті» газетінде 1936 жылы 29 науябрьда ба-
сылған нұсқасы табылмауы себепті толық түрде бере алмады.

Мәдениетті Қазақстан

Очерк өуелі «Мәдениетті Қазақстан» деген атпен «Әдебиет және
искусство» (1940, № 10—11, 93—101 бет), «Халық мұғалімі» (1940,
№ 19—20, 26—36 бет) журналдарында толық түрінде басылды.
Кейін Қазақстан жазушыларының күшімен республика тойына ар-
насы шығарылған көркем очерктер жинағында («Қазақстан» көркем
очерктер жинағы. Алматы, 1940, 453—466 беттер) тағы да жарық
көрді. Вул көлемді очеркті Мұхтар Әуезов көрнекті ақын Калижаң
Бекхожинмен бірлесіп жазған. Огеркі «Қазақстан» жинағындағы
нұсқасы бойынша жіберілді. Бірлі-жарымды сөздерге аздал редак-
ция жүргізілді.

Әр тынысың «Отан» дәйтін күн бүгін

Бұл очерктің асыл түпнұсқасы жазушы архивінде (ЛММА,
папка № 59, 25—30 бет) «Әр тынысың «Отан» дәйтін күн бүгін»
деген тақырып бойынша сакталуда. Жазушының он екі томдық
шығармалар жинарының екінші томында (176—180 бет) жариялан-
ды. Бұл жолғы басылымы жазушы архивіндегі автограф нұсқасы
негізінде, кейбір сөздерге ғана аз-кем жаңа ғана жасалынып, сол
калпында жіберілді.

Ерлік — елдік сыйны!

Жазушы бұл очеркін Ұлы Отан соғысы басталған суралып
күннің қарбалад шарында жазып, «Социалистік Қазақстан» (1941
жыл, 9 июль) газетінде жариялаган. Газеттегі нұсқасы біршама
қысқартылып берілген. Бұл жолы жазушы шығармаларының жина-
рыка түркыш рет ендіріліп отырган «Ерлік — елдік сыйны» асыл түп-
нұска (ЛММА, папка № 59, 1—6 бет) негізінде өзгерілген, толық
куйінде жіберілді.

Конвейерде күй мығым

Очеркте Ұлы Отан соғысы басталып, сұрапыл дабыл қагылған
тұста Қарағанды, Балхаш төрлөді кен орындарындағы жұмысшы
қауымнами ата жауға деген ызалы да кеңті көніл күйі суреттелген.
Очерк алғаш рет 1941 жылы 16 июльде «Социалистік Қазақстан»
газетінде жарық көрді. Вұл шығармалының машинкада басылған жол-
жазбасы мен қолмен жазылған асыл түпнұсқасы екеуі де жазушы
архивінде сакталуда (ЛММА, папка № 59, 1—5, 18—24 беттер).
Очерктің тақырыбы өуелі «Қарағанды мен Балхаш сейләйді», «Қай-
саар қайрат шахтада» деп қойылған. Бірақ бұл атаулар жазушы

жөнліне үаламауы себепті, оларды өшіріп, «Конвейерде күй мығым» деп жаңаша тақырып қояды.

Очеркітің бұл жолғы басылымының негізіне жазушы архивіндегі колмен жазылған асыл түпнускасы (ЛММА, папка № 59, 18—24 бет) сол калпында өзгеріссіз алынды.

Жазушының шыгармалар жинарына «Конвейерде күй мығым» очеркі тұнғыш рет ендіріліп отыр.

Женеміз біз, жеңеміз

«Женеміз біз, жеңеміз»— 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған түста шабытқа толы сеніммен жазылған. Бұл шыгарма соңына Мұхтар Әузов, Габит Мұсрепов, Ралих Орманов үшеуі кол койған. Шыгарманы «Женеміз біз, жеңеміз»— деген атпен 1941 жылы 20 июльде «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған нұсқасын сол калпында ұсынып отырмыз.

«Асыл елдің алып ұмы»

1942 жылы 23 февральда «СК» газетінде жарияланған нұсқасы беріліп отыр. Біреп-сараи соғдерге ғана редакция жасалды.

Шабдар «ерге» май не дер!

Публицистикалық сарында жазылған бұл шыгарма алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінде (1942 жыл. 1 май) жарияланды. Осы нұсқасы өзгеріссіз, сол калпында жіберілді.

Ақын елінде

Бұл очеркті Мұхтар Әузов «Абай» романының екінші кітабын жазу үстінде солы деректер іздестіру мақсатымен 1943 жылы жазда Абай ауданындағы ғылыми экспедицияның басқарып берген сапарында жазған еді. Жазушы осы жолы да көкірті тарих-шежіре, тірі архивке айналған ел карииларымен сәлімелесу үтінде Абай ғұмыры, заманы, жасаган ортасы мен бастап кешкен сан қылы оқиғалар, жайлым мол сырға қанырып, көптеген солы деректер кезіне жолырады. Осы сапарда табылған солы деректер көзі кейін роман жөлісіне арқау бол ерілген әрі оны Абайдың ғылыми өмірбаянын үшінші рет (1945) қайта жазған нұсқасында молынан пайдаланғанын көреміз.

Романға дерек ідеу жолында жазушы Абай өмір кешкен, ақын омірінің көп күесі болған елді, мекендерді өзі аралап, көзбен көріп, хөніліне түйгөн табиғат көріністерін, өзен, тау, елке, койтао, күркә, булак, шалғындарды яғни улы ақын олендерінің турағ үя, тербелген бесірі болған жерлерді ой қиялына қайта оралтады. Кейін

асы көріністердің бәрі де өзінің аталуы бойынша роман жөлсінші шеді. Бұл очеркі жазудагы мақсатын Мұхтар Өзевов 1943 жылы 11 шіненде майданда жүрген Мәлік Рабдуллинге жазған хатында да: «Абай ауданына жүреін деп отырмы... Бұл барыста романың екінші кітабына керек пейжаз көріністері, табиғат ерекшелігі сияқты болулады, әсіресе, айрықша жик қайтармын. Вурын роман жазбай жүргендеге өз ауданымызды жалпы біліп жүргеніміз жеткілікті сияқты еді. Арнап, қадағалап суреттеуге кірісем дегенде, қайта қарап сол Жидебей, Түбесөркештерді қайтадан көріп алу сияқты мақсаттарым бар», — деп білдіреді.

Бұл очерк әуелде «Ақының ауылында» деген атпен «Социалистік Қазақстан» газетінде (1943, 17 октябрь), кейін «Қазақ елі» журналы (1945, № 6—7, 14—16 бет) мен «Совхоз туы» газетінде (1967, 3, 5, 8, 15 август) жарияланды.

Жазушының тұғанына 80 жыл толу карсаңында асыл тұпнұска негізінде текстологиялық жағынан қайта салыстырылып, «Ақын еліндегі» деген атпен «Мәдениет және тұрмыс» журналында (1977, № 6) қайта жарияланды. Очерктың о бастағы аталуы «Романға деректер Іздеу жолында» делінсе де, шыгарманы қалың оқырмаш пазарына ұсынуға байланысты жазушы бұрынғы аталуын өзгерти, «Ақын еліндегі» деп тақырып қойған. Осы аталуы бойынша жазушының жынырақ томдығына алғаш рет ендіріліп отыр. Жазушы архивінде (ЛММА, папка № 353, 1—19 бет) очерктың асыл тұпнұскасы сакталуда. «Ақын еліндегі» очеркі сол асыл тұпнұска қалпында өзгеріссіз берілді.

«Жыр жалауы — Аманкелді»

Халық батыры Аманкелдінің қайтыс болуына 25 жыл толуына байланысты өрі майдандагы жауынгерлерге рух беру түрлісінан жазылған. Бұл шыгарманың да асыл тұпнұскасы сакталмаған. Осы томга бұл очерктың 1944 жылы 18 шіненде «Теміржолшы» газетінде жарияланған нұсқасы сол қалпында беріліп отыр.

Қазақ белімі

Бұл очерк Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде де партия мен үкіметтің үлт мәдениетін өркендештүгे үнемі көзіл беліп отырғанына әйгакты далел ретінде өзі дәріс оқытты С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ тілінде ашылған филология-тарих, журналистика факультеті сез етіледі.

«Мұндағы қазақ белімінің ірі қасиеті, зор ерекшелігі — қазір негізгі ғылымдардың көпшілігі қазақ тілінде оқылады», — деп, осы арқылы қазақ әдебиеті, тілі туралы окулықтар даярлау мен жас кадрларын өсіру міндеттерін алға қояды. Бұл шыгарманың да асыл

түниускасы сакталмауы себепті 1944 жылы 26 наурызда «Социалистік Казакстанда» жарияланған нұсқасы ұсынылып отыр.

Ер сепігі — сергек ой

Бұл шығарма алғаш рет 1945 жылы «Қазақ елі» журналында (1945, № 2—2, 8—9 бет.) машинкага басылған нұсқасы бойынша (ЛММА, папка № 233, 1—11 бет) жарияланған. Жазушы архивінде бұл шығарманның (ЛММА, папка № 233, 46—53 бет) колжазба автографы да сакталған, бірақ толық емес. Соңғы беттері жок.

Очеркте суреттелген оқиғаның желісін жазушы 1942 жылы-ақ есітіп білгені — жазушы архивіндегі (ЛММА, папка № 106, 24—25 бет; ЛММА, папка № 107, 61 бет) нактылы деректер көзінен де анық байқалады. Ал, кейін полковник Бауыржан Момышұлы майданнан Алматыға келіп, Қазак ССР Фылым Академиясында бір топ рымым, өнер қайраткерлеріне 1944 жылы 19—25 январьда откізген әңгіме-лекциясында атальмыш шығармада негіз болған бұл оқиғаның желісі 1942 жылы 7 февральда болып откені толық баяндалған (Гвардии полковник Баурджан Момыш-ұлы. Стенограммы речей, докладов, лекций и выступлений в годы Великой Отечественной войны 1943—1944 гг. Архивный материал Академии Наук Каз ССР, том I, стр. 291—304; том II, стр. 557—559). Осы әңгіме-лекцияға алты күн бойы үзбей катысады Мұхтар Эуесов тындағандарын түгел жазып алды, конспектілеш отырган (ЛММА, папка № 409, стр. 1—66. «Бауыржан. Его беседы, лекции читанные в течение 6 дней января 1944 г.» Осы әңгіме-лекциядан естіген көнтеген оқиғалардың біреуін, яғни қолбасшы Б. Момышұлының 1942 жылы 7 февральда майданда бастан кешкен ерлік хикаясын көркем очеркке айналдырыған.

Бұл очерк жиырма томдыққа жазушының жорарыда атальған колжазба-автографы бойынша ендірілді. Машинкада басылған нұсқасы да кося пайдаланылды. Асыл түниускара сүйене отырып, біршама текстологиялық өзгерістер де ендірілді.

Халықтың ғасырлық жыры

Қазақ халқының ұлы ақыны Жамбылдың қайтыс болуына байланысты жазылған. 1945 жылы 24 шілдеде «Социалистік Казакстан» газетінде жарияланған нұсқасы қаз-қалпында жіберілді.

Үшқоңыр жайлалауда

Жазушы архивінде сакталып жатқан бул очеркің о бастагы аталуы «Тау жайлалауда» деп берілген. Кейін автор машинкага басылған осы нұсқасына (ЛММА, папка № 56, 1—11 бет) өз колымек олеулі өзгерістер жүргізіл, қайта редакциялайды. «Тау жайлалауда»

деген атын өзгертеді де, оны «Үшқоным жайлауында» деп береді. Редакциялауда отіп, машинкага бастырган осы жаңа пұсқасы да жазушы архивінде сакталған (ЛММА, папка № 58, 12—21 беттер). Жазушы бастапқы асыл түпнұсқасына текстологиялық жағынан көптеген өзгерістер ендіріп, ширата түскен. Бірде тұтас сейлемдер бүтіндегі алынып тасталса, кейде көптеген сездердің орнын ауыстырып, жаңа сез, оралымды соны үримдармен толықтырып отырған. Бірер мысал көлтіре кетейік «Биіктөбенің басынан ой жақта кекжиең шексіз жиһан бар екенін танытады» (ЛММА, папка № 58, 1-бет), — деген сейлемін кейін қайта редакциялаш, былайша өзгертеді: «Биіктен қараганда кекжиең шексіз бол кеңейіп, жырақтаран» (ЛММА, папка № 58, 12-бет). Немесе «Қыбырлап мал, үн катып адам, манырап-кісінеп қой-қозы, ат-айғырлар тыныш жайлауды жағыртады» (ЛММА, папка № 58, 4-бет), — деген сейлемін де қайта қарастырады. Бұл сейлем де осы калпында құнارлы да жаңы көріністі бере алған. Бірақ әр сөзіне сергек талғампаздықпен қарайтын жазушы бұған да тоқталмай іздене түсіп, оны «Мал қыбырлап, адам үн катып, қой-қозы манырап, ат-айғырлар кісінеп, тыныш жайлауды оятты» (ЛММА, папка № 58, 15-бет), — деп, көзбен көріп сезінерлікте жанды көрініске ауыстырады. Мұндай шеберлік танытар өзгерістер қолжазбада көтеп үшырасады.

Очеркте әдемі суретпен берілген қыран құс жайлар Түрекен әнгімелі кейін «Абай жолының» үшінші кітабындағы эпилогка арқау болған оралымды еріле ташқанын сезінеміз.

Бұл очерк алғаш рет «Әдебиет және искусство» (1948, № 7, 22—26 беттер) журналында жарияланған. Осы басылымды асыл түпнұсқамен салыстыра қараганда, шығарма текстологиялық жағынан көптеген өзгерістерге түскені байкалды. Осы себепті бұл очерк жазушы архивіндегі асыл түпнұска негізінде жиырма томдық шығармалар жинағына тұнғыш рет ~~ендірілді~~. Бір сөзге ғана редакциялық өзгеріс жасалынды.

Ворошилов атындағы колхозда

Бұл шығармада соғыстан кейінгі жылдардағы колхоз өмірі, ел онбеті көрсетілген.

Жазушы архивінде очеркін түпнұсқасы сакталмадындан «Социалистік Қазақстан» газетінде 1946 жылы 20 октябрьде жарияланған пұсқасы беріліп отыр.

«Оның аты скінші»

М. О. Эуэзовтің әдеби-мемориальдық музей үйінің архиві. (ЛММА, 1, 352 папка, 1—49 беттер).

Бұл шығармадан алған үзінділер алғаш рет 1940 жылы

«Екпінді» газетінде (6, 14 июньде) басылды. Кейін «Социалистік Қазақстанның» сол жылғы 19 июль мен 18 августағы санында «Майдан» деген атпен жарық көрді. Жаңаша ішінде: «Шығыс жолы» жайынан жазылған үзақ очеркten үзінді» дедінген. Бұдан соң «Лениншіл жас» газетінің 1940 жылғы 29 авгусында тағы да біраз тараулары басылды. Онда: «Алтын жұзік» («Шығыс жолы» туралы повестен үзінді) деге беріліпті.

Kasir M. O. Өүезовтің әдеби-мемориальдық музейінде бұл по-вестің екі варианты сактаулы. Оның біріншісі — латын әрпімен жа-зылған автограф (ЛММА, 51 папка). Қолемі — 56 парап, торың тараудан тұрады. Автографтың басында «pooves» деге жазылған. Екіншісі — таспен (машинкамен) басылған түрі ЛММА 1, 352 пап-ка). Қолемі — 49 парап. Бұл да торың тараудан тұрады. Бұдан бас-қа автордың ез қолымен жазған орыс тіліндегі аудармасы және бар (ЛММА 1, 352 папка, 50—103 беттер). Вірақ мұның таспен ба-сылған түрінен ешбір айырмасы жок.

Рас, жоғарыда аталған автографты машинкаға бастыру тусында автор тағы да біраз түзетулер жүргізіпті. Мысалы, автографтың 1-бетінде: «Аудан колхоздарының бірсыппасы келіп орынқаға еді. Барлық салқар үзак жұмыс бойында: болашақ үзак жол бойында, облыс штабы белгілеген тәртіп бойынша, ер колхоз бір бригада бол-мак.

Сол колхоздар — бригадалар Шар сұнының кең шалғынын, бу-раң бойын қуалай қонран» — деген жолдар соңы, таспен басылған түрінде: «Аудан колхоздарының бірсыппасы келіп орынқаған. Шар сұнының бураң бойын, кең шалғының қуалай қонран еді». (352 пап-ка, 1-бет) болып езгерген. Осы секілді 21 беттегі: «Колда молырак қару күрек болған соң сонымен қымылдаш жатқандар кеп, бірақ ал-майды... Қерініп түр. Өнім аз. Қирка, лом елі аз... Ынта көрінсе де аспан аз, дермен жетпей түр» деген жолдар кейінгі түзетіліуінде: «Қолдагы молырак қару — күрек болған соң сонымен қымылдаш жат-қандар кеп, бірақ ол күрек батпайды. Қерініп түр. Ынта көрінсе де аспан аз, дермен жетпей түр» (352 папка, 19-бет) болып жөнделген.

Шығарма ішіндегі кейіпкер характерінде дәл ашылып, дұрыс да-ралануына лайықталып алмынған езгерістер де жок емес. Айталық, автографтың 80-бетіндегі: «Туды... Туды...» — деген Ильиных диало-гы кейінгіде: «Алғашқы үміт туды білем». (352 папка, 127-бет) дег дұрыс жөнделген. Бұдан Ильинихтың сабырлы, салиқалы ой несі скендігі қерініп түр.

Ал, жазушы шеберлігін танытатын мына терізді тілдік түзетулер ер жерде-ақ көзігіп қалып отырады. Соның бірағы мынау.

Автографтың 27-бетінде: «Екі ауданда облыстың бар колхоз-шысы ауызга алып келген бір үран бар» деген сөйлем соңында:

«Екі ауданың аузында да облыстың бар колхозшысы көніліне алғын келген бір үран бар» (352 папка, 24-бет) деген езгертуілікті.

35-беттегі: «Итемгенов, Эуезеков деген сиякты бригадирлер. Тағы сондай аттары жаксы, нәрлері тәмен колхоздар» деген жолдардағы: «тағы сондай» сөз тіркесі соңғы түзетілуінде сыйылып қалған. Бұған себеп — алдыңғы сәйлемдегі «деген сиякты» сөздердің түргандығынан болар деген шамаладық. Сондай-ақ 31-беттегі: «Сондыктан осылай өлшеулі тәртіп алған бригадалар Омаровқа алғыс айтты» дегендегі «алғыс айтты»— «әдән ырза болды» (352 папка, 28-бет) делініп, 39-беттегі: «Бірнеше күн бойында тіс тырақпен жабысканы осы еді» дегендегі: «тіс тырақлен»— «тес табандап» болып езгерген.

Автографтың 8, 15-беттеріндегі қысқартулар да жазушының шеберлік жолындағы ізденістері оқеидігі даусыз (140).

Бұл повесть жазушының 12 томдық шығармалар жинағында алғаш рет толық қалпында жарияланды. Бұл жолы да жазушы архивіндегі екі нұсқасы қатар салыстырылып, бірлі-жарымды түсіп қалған сөздер мен сәйлемдер бастапқы қалпына келтірілді. Кейбір атауларға аздаған редакция жүргізілді.

«Әйел жолы»

Очерк типтес бұл кино-әңгіме 1952 жылы жазылған. Жазушы музейіндегі архивінде кино-әңгіменің машинкада басылып, автор қолымен үстіне түзетулер жүргізіп, редакцияланған асыл түпнұсқасы (ЛММА, папка № 162) бар. Осы түпнұсқадан машинкаға басылған екі нұсқасы (ЛММА, № 161) және тақырыбы «Бакталай» (ЛММА, папка № 117), «Ворталай» (ЛММА, папка № 153—156) деген аталағын басқа нұсқалары да сакталған. Жазушы бұл шығарманы орыс тіліне аударып, машинкаға бастырылған нұсқалары: «Ее доля» (ЛММА, папка № 163—164), «Большая судьба» (ЛММА, папка № 150, 151, 153), «Из дали веков» (ЛММА, папка № 147), «Путь женщины» (ЛММА, папка № 157, 160), «Такой не бывало» (ЛММА, папка № 159) деген атпен сакталуда.

Осылардың ішінде жазушы редакциясынан өткөн ең соңғы нұсқасы (ЛММА, папка № 162), 12 томдықта жарияланған түрінде (2 том, 236—343 бет) М. Эуезов шығармаларының жиырма томдық жинағына енгізіліп отыр.

«Америка әсерлері»

1960 жылы февраль, март айларында совет жазушылары С. Щипачев, Л. Леонов, О. Гончар және М. Эуезов Америка Куралма Штаттарына барып қайтты. Онда совет жазушылары бүкіл елді аралап, американ халқының өмірімен, мәдениетімен кеңінен таныс-

ты, әр түрлі алеуметтік топтар өкілдерімен кездесіп, пікір алысты. «Америка әсерлері» жазушының осы сапардан ангарып, тұйген жай-жағдаяттарды баяндайтын очерк.

Жазушының қызы Лейла Әуезованың айтуыша, автор бұл еңбегін 1960 жылы жазда, Шоллан-Атада демалып жатып жазған. Бірақ жазушы кенет науқастанып қалып, жоспарланған үлкен очерктің тек алрашқы бөлімін ғана машинкаға диктоват етіп үлгерген. Бұл очерк жазушының өзі қайтыс болғаннан кейін ғана оның архивінен алынып, алғаш рет «Қазак әдебиеті» газетінің 1964 жылғы 3, 10 17 және 24 июль күнгі номерлерінде жарияланды. Бұл жинаққа очерк жазушының 12 томдық шығармалар жинағында (3 том, 358—391 бет.) жарияланған нұсқасы бойынша жіберілді.

Индия очерктері

Мұхтар Әуезов — Үнді-Совет достығы қоғамының Қазақстандық бөлімінің председателі еді. Жазушы ежелгі шығыс елдерінің бірі саналатын Индияда екі рет болды. Алғаш рет ол Индияға 1955 жылы Совет Одағы мәдениет қайраткерлері делегациясының курамында барды. Үлттық көне мәдениеті, дәстурі, әдет-тұрпы взгеше тажайып бұл ел жазушыға ерекше әсер етті. Жазушының сол алрашқы сапарының нәтижесі ретінде «Индия очерктері» жарық көрді. Мұнда жазушы өзінің Индияда көрген-білген, ангарып тұйген жайларын очерк сипатында баяндайды.

Очерктің «Діндар қала Бенаресте», «Ескі Индияның ескі мұра мерзімдері», «Сонғы жағалықтар», «Кейтыс сапар» т. б. жекелеген тараулары 1956 жылы «Қазак әдебиеті» газетінің беттерінде басылды. Жазушы кейін бул тарауларды толықтырып, тың тараулар косып 1958 жылы «Индия очерктері» деген атпен жеке кітап етіп жариялады.

Жазушының әдеби-мемориальдық музейінің архивінде бұл очерктің машинкаға басылған қолжазбасы сақталған (папка б1. 1—110-беттер). Жазушының қызы Лейла Әуезованың айтуыша автор очерктің алрашқы вариантының өзін машинкаға ауызша айтЫП отырып баstryран көрінеді. (344)

М. О. Әуезов Индияға екінші рет 1960 жылы барып қайтты.

Жазушының 20 томдық шығармалар жинағына М. Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағында жарияланған нұсқасы бойынша (2 том, 344—473 бет) ендірілді. Кейбір атаулар мен сездерге тусліктер берілді.

МАЗМУНЫ

ОЧЕРКТЕР

«Жуалы» колхозшысы	5
Кектемнен бері	15
Сөз алған — таусарыз бен көксарыз	18
«Біз эткөшнекпіз»	22
Істері сейлейді	24
Қаргалы совхозында өткізген торт күн	30
Ваймұқаметулы жолдас	43
Ол күнгі Алматы	47
Мәденитетті Қазақстан	51
Мәденитет, соулет қаласы	56
Білімнің түркіш ордасы	78
КазПИ-дің жемістері	64
Цифрлар сейлесе не дейді?	66
Әр тынысын «Отан» дейтін күн бүтін	68
Ерлік — елдік сыны	73
Конвейерде күй мырым	77
Жекеміз біз, женеміз	80
Асыл елдің алып ұлы	81
Шабдар «ерге» май не дер	86
Ақын еліндегі	87
Жер өнгімеші	90
Кохоз әнші	95
Жыр жалауы — Аманкелді	99
Қазақ болімі	103
Ер серілі — сергек ой	105
Халықтың ғасырлық жыры	113
Үшқоңыр жайланауда	116
Ворошилов атындағы колхозда	123
Оның аты екінші	127
Әйел жолы (кино аңғіме)	165
Америка зорлері	274
Индия очерктері	309
Түсінктер	445

Мухтар Омарханович Ауэзов

**СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В ДВАДЦАТИ ТОМАХ**

ТОМ VIII

Очерки и кинорассказ

(на казахском языке)

Ответственный за выпуск *М. Мырзагметов*

Редактор *К. Узакбаев*. Художник *Т. Мухатов*. Худож. редактор *Б. Машрапов*.
Техн. редактор *С. Лепесова*. Корректор *Ж. Нурахина*.

ИВ 1770.

Сдано в набор 01.12.80. Подписано в печати 08.06.81. Формат 84Х1084 $\frac{1}{4}$ ». Бум.
бум. № 1. Литературная гарнитура. Высокая печать. Печ. л. 14,28. Усл. печ. л.
83,9+0,25 вкл. Уч.-изд. л. 25,1. Тираж 30 000 экз. Заказ № 1410. Цена
2 руб. 50 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам
издательства, полиграфии и книжной торговли, 480048, г. Алма-Ата, пр. Абая,
143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий
«Китап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства,
полиграфии и книжной торговли, 480048, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.



М. Эузов және Н. Тихонов қазақ әдебиеті декадасы кезінде (Москва түбіндегі орманда) 1949.



М. Эуезов сүтегі, атом бомбаларына қарсы III халықаралық конференциясы күндерінде. Токио. 1957.



О. Гончар, М. Эузов, Л. Леонов, С. Щипачев, С. Кручерская Америка журналистерімен кездесу кезінде. Нью-Йорк. 1960.



М. Эуезов мәдениет кайраткерлерінің совет делегациясы құрамында
Чехословакия. 1956.